

2  
TOM

ТОҚАЕВ

ТОҚАЕВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Кемел

Кемел



Кемел  
ТОҚАЕВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

**2**  
ТОМ



АЛМАТЫ  
"АНА ТІЛІ"  
ЖШС БАСПАСЫ  
2018

ӘОЖ 821.512.122  
КБЖ 84 Қаз-44  
Т 52

*Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрлігі  
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату  
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен  
насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін  
арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды  
түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші  
бағдарламасы бойынша жарық көрді.*

*Құрастырған Жақау Дәуренбеков*

Т 52 **Тоқаев К. Шығармалары:** (роман)  
– Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС,  
2018.

ISBN 978-601-251-137-6

Т.2. – 2018 – 384 бет.

ISBN 978-601-251-126-0

Көрнекті қаламгер Кемел Тоқаевтың бес томдық шығармалар жинағының 2-ші томына «Соңғы соққы» романы берілді.

Туындыда Жетісу өңіріндегі жиырмасыншы жылдардың от-жалынға оранған күреске толы күндері кеңінен сипатталады. Ширыққан сюжетке құрылған кең ауқымды шығармада ел мен жер үшін күрескен тағдырлар тұлғасы дәуір мен деректің шындығы тұрғысында көркемдікпен суреттеледі.

Романның оқырманды бей-жай қалдырмасы сөзсіз.

ӘОЖ 821.512.122  
КБЖ 84 Қаз-44

ISBN 978-601-251-126-0  
ISBN 978-601-251-137-6

© Тоқаев Кемел, 2018  
© «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2018

## *Аты да, таланты да Кемел*

– «Ұнатқан қызыңды бетінен сүйіп көрдің бе?

– Былай қолынан ұстағаным болмаса, сүюге ұялатынмын...»

Бұл диалог әскери училищені бітіруіне оншақты күн қалғанда емтихан тапсыруларына да рұқсат берілмей майданға аттанып бара жатқан екі қазақ жігітінің арасында болған әңгімеден. Бірінің есімі фамилиясымен аталатын – Мейірманов, екіншісі өз атымен аталатын – Мұхамед. Жазушы Кемел Тоқаевтың «Солдат соғысқа кетті» деген романының (1983) кейіпкерлері.

Кемел Тоқаев 1923 жылы 2 қазанда туған. Соғыс басталған 1941 жылы жайнаған жас – он сегізді қаусыруға бет алған-ды. Менімен бірге орталау мектептің 5-інші класында Мүшән деген бозбала жігіт оқып жүрді. Бойы сырықтай, бұзау ортасында жүрген өгіздей көрінетін.

Бұның да жасы Кемелге қарайлас, он сегіз, он тоғыздарда болатын. 1941 жылдың маусым айында оныншы класты бітірген қыз-жігіттермен бірге түні бойы той тойлады да, ертеңіне военкомат повесткасымен соғысқа аттанды. Кемекең романынан жаңағы диалогты оқығанда оның өзі де, жаңағы Мүшән туыс та ғашықтық жұмбағын шешу былай тұрсын, бар жастығын окопта, қан кешіп жүріп өткізді-ау деп ойлайсың. Жас Кемел болса, «жығылсаң нардан жығыл» дейтіндей ала-бөтен қырғын – Сталинград окопынан бір-ақ шықты. Сондықтан орыс жазушысы Виктор Некрасовтың «В окопах Сталинграда» деген романы сияқты Кемел Тоқаевтың соғыс туралы туындысы окоптан жазған репортаждай оқылады.

«Оңтүстік батыс жақ тұтасқан қызыл тозаң...»

(«Жазушы», 1983, 49-50 беттер). Жас солдаттың Сталинградтың алаулаған қызыл жиегін көрген алғашқы күннен алған әсері. «Солдат күнделігінен» деген романға арнайы қосымшада суреттелген.

Белгісіз солдаттың беймәлім күнделігі соңында 18 октябрь 1942 жыл деп қағазға түсірілген мерзімі көрсетілген. Соған қарағанда бұл күн Кемел Тоқаевтың алғаш майдан шебін көрген мезеті болар деп жорамалдаймыз. Екі күн өткен соң алыстан қып-қызыл болып тозаңданып тұрған көкжиек, тақап келгенде қанды реңінен айырылып, қараңғы түнекке айнала береді.

Сталинград! Мұхамед, басқа да бірқатар солдат, бұйрық бойынша 0,85 биіктікке бекініс жасауға тапсырма алады. Оққа ұшқандары оққа ұшып, қалғандары биіктікке өлдімталдым дегенде жетеді. Дөң басында қираған танк тұр. Танк асты кісі бойы қазылған терең ор. Бұрышта бет-аузын қалың тікенек сақал-мұрт басқан, пилоткасын төбесіне жарбита киген біреу отыр. Түрінен кісі шошырлық. Бір жақ көзі орнында бармақтай аппақ жұмыр нәрсе ағараңдайды... «Қан қатқан кірпігі әрең қимылдайды. Оң қолына гранатаны қысып ұстап алған. Оның желке тұсында, суық окоптың қабырғасында өлген адамның екі аяғы салбырап тұр. Басы, кеудесі шынжыр табанның астына жаншылып қалған. Жаралы солдат кезерген ернін жалап:

– Құдай үшін, бір жұтым су беріңдерші! – деді.

Жүрек суырар, әрі қарапайым сурет. «Шошиды» деген сөз болмаса, жан құбылыстарына тереңдемеген. Иштегі бұрқазған сезім әдейі бұқтырылған.

«Солдат соғысқа кетті» романына тән қатқыл стиль. Ондай стильден шығарма ұтпаса, ұтылып тұрған жоқ. Кейде дуылдасып отырған адамдар үнсіз қалғанда да бірталай нәрсе айтылып қалады ғой. Мынау соның бір түрі. Соғыстың қатал шындығын қатаң да қарымды жеткізудің тәсілі. Тек қанды көйлек досы өлім аузында: мамам байғұс зарығып, мені босқа күтіп, екі көзі төрт болады-ау деп өзінен гөрі анасын қимайтын жерінде роман әңгімешісінің тамағына тас тығылып қалғандай қалпын сезінесің. Кемекеңнің досы, отставкадағы полковник, «Тоқаевтың үш сыйлығы...» деген мақала жазған («Қазақ әдебиеті»,

23 қазан, 1998 жыл) жазушы Қалмұқан Исабаевтан осы психологиялық көрініс жайында пікір айтуын сұрағанымда былай деп еді: соғыста қатты жарақаттанып әл үстінде жатқан жас солдат үнемі «мама!» – деп шешесін шақырып айқайға басып жатады. Ал, мосқалдаулары тұңғыш баласының атын атап қоштасады...

Сталинград шайқасының аяқталу қуанышы үстінде күнделік иесі түюлі қабағын аздап жазғандай болады. Әйтсе де бастапқы сараң, сығымды стилінен жаңылмайды.

«Үштен-төрттен сап түзеген неміс тұтқындарының ұшы-қиыры жоқ. Әппақ қар басқан жазық даланың үстінде ирелеңдеген қара жыландай шұбатылады.

Күн сондай ашық, шуақты жылы боп тұр».

Сталинград шайқасының жеңіспен аяқталған қуанышын өстіп табиғат құбылысы арқылы шым-шымдап қана жеткізген. Бұл оқиганың мерзімі күнделікте: 6 февраль, 1943 жыл деп көрсетілген. Келесі беттері сонау Тула жақтан жазыла бастаған... Тағы да сол қысқа қайырылған қоңыр әңгіме. Мұхтар Әуезов «оқ тілі – шолақ тіл» дегенде осындай стильді айтқан болар.

Бірсыпыра соғыс тақырыбына қалам тербеген майдангер, майдангер емес жазушылардан айырмашылығы, Кемел Тоқаев соғыс романтикасына берілмейді.

Шығармасындағы адамдар арақатысы жәй кәдуілгі қарабайыр өмірдегідей: жақсылық, жамандықтары аралас-құралас жүреді. Бір минуттық зұмыры бар ма, жоқ па, онымен санаспайды. Біреуінің атып түсірген самолетін екіншісі иеленіп кеткісі келеді. Ұрыс-керіс, жау тұрсын, бір-біріне қараптан-қарап өшігетінін айтсаңшы.

Әрине, адамгершілік қасиеттері, жаумен жолбарысша алысатыны, бір-біріне қиын сәттерде көмекке келуде жаңылмайтыны – ол жағы басымырақ. Өйтпесе, Жеңіс күні туар ма еді, тумас па еді.

Соғыс уақытының күнгейі де, теріскейі де романда бірқалыпты басыңқы сарында жазылуы тегін емес. Автор сол кездегі баспасөзге тән даңғазалық, бос шелектей қаңғырлаушылық, қызыл сөзділік, жағымпаз жылмақайлық әуенге қарсылық білдіргендей. Жазу мәнеріне аға газет

«СК»-дан бастап көптеген баспасөз органдарында қырық жылға жуық істеген журналист қызметі зәредей ықпал етпегеніне қайранмын.

... Кемекеңмен өз басым Баспа комитеті жүйесінде қызмет етіп жүргенде таныстым. Оған дейін сырттай есіміне қанық болатынмын.

Қазақстан Жазушылар одағы мен Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі кеңес милициясы мен чекистерге арналған шығармаларға бәйге жариялағанда бірінші бәйгені қатарынан төрт рет алып, қайран қалдырған лауреатты ол кезде білмейтін адам кемде-кем еді. Және детектив жанрына шеберленіп алған жазушының «Көмескі із», «Түнде атылған оқ», «Қастандық», «Арнаулы тапсырма» повестерін кітап сөрелерінде шаң қауып жатпай тез арада өтіп кететіндігінен, баспа орындары пайда табу мақсатында әлденеше рет қайта басып шығарғанын да білетінмін.

Сырттай сыйлап жүретін адамыңмен кездескенде қалай сөйлесіп шүйіркелесетінің белгілі. Оның бер жағында кешегі Ұлы Отан соғысында тарихтың ең ауыр жүгін арқалап, қазақтың абырой-даңқын аспанға шығарған, «Мен – қазақың» деп кеудеңді тік ұстауға жол ашқан жауынгер ұрпақтың өкішесін баса өскен біздер сол ұрпаққа ілтипатты, махаббатты боп өстік... Осы бір орта бойлы, қапсағай денелі, толқынды қою шашын солжақсамайына құлата қайыратын, үстіндегі киімін бипаздап, қыл жұқтырмай ұстайтын, әрқашан сабыр суын сепкен орнықты адаммен арамызда жылы шырайлы сыйластық қатынас орнаған.

Есте қалған бірер жәйтке оралайын. Кемекеңнің Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі «Жаршысының» Бас редакторы кезі. Бір күні маған «вертушкамен» телефон шалды.

– Бірер минутқа кіріп шығатын шаруа бар еді.

– Сізге есігіміз әрқашан ашық.

Келген шаруасы өзінің сөйлесіп бер деген адамымен ақылдасып тынған соң рахметін айтып орнынан көтеріле берді. Сол арада мен сәл аялдай тұрсаңыз қайтеді дегендей белгі бердім.

– Көптен көкейімде жүрген бір сұрағым бар еді. «Атаманның ақыры» деген фильмге байланысты. Шәкен Айманов



ағамыз ерледі-ау! Қазақтың детектив киносын Одақтық биікке бір-ақ ырғытты. Ал бұл керемет қызықты оқиганың кітап бетіне күні бүгінге дейін ізі түспеген...

Кемекең жайдарлана жауап қатты.

– Түпкі ойыңыз түсінікті. Шытырман тақырыптың хал-қадары менен сұралатыны қызық... Қытайдың Іле округында тұрған атаман Дутов әскерінің жалғыз-жарым оқпен-ақ тарағанынан мен де хабардармын. Жаркент уездік милициясының нәшәндігі Қасымхан Чанышевтің Жетісу облыстық ревкомына жазған хатымен, өзге де материалмен таныстым. Оқиға фильмдегіге ұқсайды да, ұқсамайды да...

Көпті көрген ысқаяқ қаламгер көкейіміздегі ой желісін оп-оңай ұстай қойды. Қалайша риза болмассың.

– Кемеке, – дедім мен, – өзіңіз білесіз, үш-төрт жылдан соң, бұйырса, Советтік Қазақстанның 60 жылдығын тойлаймыз. Соған даярлық ретінде «шабан үйрек бұрын ұшады» дегендей, жоспар жасау үстіндеміз. Көркем шығарма жоспар дейтінге көндіге бермейтінін түсінемін.

Дегенмен, «нет правила без исключения» деп тегін айтпайды ғой. Жаңағы таныспын деп отырған материалыңыз мереке тақырыбына дөп келеді...

Кемекең біраз үндемей отырды да, басын шайқады. Бірақ онысы, сәтін салғанда, ұсыныстан бас тарту болмай шықты. Кеудесін кере дем алды да:

– Ойланатын мәселе... Бала-шағаның нәпәқасын айырып отыратын мекемеміздің ілуде бір қолқасын жерге тастауға болмайтын шығар, – деп күлімсіреп орнынан тұрып қолымды алды. Уағдалы уақытта қолжазба да қолға тиді.

Әлде бір өндірістік себептерден аз кідіріс тауып, республика мереке күнінің аяғын іле-шала «Соңғы соққы» деп аталатын, целлофанмен жабылған қызыл мұқабалы кітаптың сүйінші данасы столымның үстінде жатты. Қат-қабат жұмыстардың арасында жаңа роман беттерін парақтаймын. Кей кітапты киносын көргеннен кейін самарқау оқисың ғой. Бұл жолы олай емес. Әу дегеннен-ақ қызықтырып тартып әкетіп барады. Бір жағы кино былай басталып еді, бұл қайтер екен дейсің. Романның бірден қызықтыратыны – тарихи құжаттарды ұтымды пайдаланғанынан ба деймін.



Оқиға жеделқабыл басталады. Қауырт жағдай телеграф стилінде баяндалады. Бірден бір оқиганың мән-жәйіне қанығасың.

Детектив мініскері кейіпкерлерінің Жаркент пен Верный арасына алмасқан телеграммалары арқылы сол кезде Жетісуда орын алған қиын-қыстау жағдайды алақанға салғандай етіп бейнелеп береді. Атаман Дутов армиясының Жетісу өңіріне қара шегірткедей қаптамақ қаупі төнген. Бір бандысы шекарадан жасырын өтіп үлгіріп, жергілікті халыққа қанды шеңгелін сала бастаған.

Верныйда – бүлінішілік. Кеңес үкімет орындары жан ұшырып қарсы әрекетке кіріскен. Сюжет бірден ширығып, оқушы назарын тасқын суға іліккен жаңқадай жұлып ала жөнеледі.

Мен телефон шалып, Кемекеңді шығармашылық сәтті табысымен құттықтадым. Жәй шығарып салма, көңіл жықпас сөз болмасын деп, өзіміше «Соңғы соққыны» орыс кеңес жазушысы Дмитрий Фурмановтың Жетісу өңіріндегі дәл осы Азамат соғысы кезеңін суреттейтін атақты «Бүлінішілік» романымен және Шәкен Аймановтың «Атаманның ақыры» атты көркем фильмімен салыстырып, қазақ жазушысы туындысының ерекшеліктерін ашуға тырыстым.

Дмитрий Фурманов Жетісу аймағында не болып, не қойып жатқанымен жолшыбай кезіктірген жергілікті адамдардың әңгімесін тыңдау тәсілі арқылы егжей-тегжейлі таныстырады.

Қазақ жазушысы бұдан өзгеше детектив жанрының табиғатына сәйкес апыл-ғұпыл ахуалды тұжырымды тілде сипаттап береді. Есесіне «Соңғы соққы» романының композициясы кинофильмге қарағанда әлдеқайда кең пішілгені байқалады. Шығарма екі бөлімнен тұрады. Бастапқысында дутовшылардың «қыран ұясы» қалай талқандалғаны суреттеледі. Атаман Дутовтың құрмалдыққа шалынған бейкүнә жан болып көрінбеуі үшін шығармасының идеялық бағытын ширату мақсатында детективтік жанрдың әлеуметтік құлашы кеңейтілген. Банды жергілікті халықты атып, шауып қан қақсатады. Бұл жағдай романда ұлттық тақырыпты қозғауға

мүмкіндік туғызған. Автор роман идеологиясын кинода жоқ Ораз Жандосов бейнесі негізінде дамытады.

– Жетісуде қан төгілді, – дейді Ораз Жандосов. – 1916 жылдың дүрбелеңінен қанжоса боп босқан халық көп ұзамай атаман Анненков пен генерал Дутовтың ызалы ақ бандаларының қанды қылышына ілікті. Олар үшін адам тағдыры ойыншық болды. Басын шауып тастау, қылышпен кесіп қорлау, жүкті әйелдердің қарнын жарып, ішіндегі баласын найзаның ұшына қадап қою түкке тұрмады. Кейбір ауыл мен қыстақ түгелімен жойылып кетті.

Кең дала сасық өлікке толы. Ескі тәртіп қайтып орнаса, бұл өңірде қазақ атаулы жойылып кетуі әбден мүмкін... Атамандардың халық алдындағы қылмысы шектен асты, қайткенде бұл қанішерлердің көзін жою керек. Қазіргі өтпелі шақта Азамат соғысы жайында кітап оқып отырып, ақ, қызылдың қайсысының жағына шығатыныңды айыра алмай дал болатының бар. Бір ғана Мағжан мен Сәкен арасын түсініп, зерттеудің өзінің қиындығы қанишама...

Бір көңіл аударарлық нәрсе, заман ауысып кеткеніне қарамастан, Кемел романының әу бастағы көркемдік бағыты еш күмән туғызбайды. 1916 жылы қазақ халқы ұлт-азаттық туын көтерді. Кемел құбыланамасы – осы шындық. Дутов, ақ гвардияшылар Фурманов романында – езілген пролетар жауы. Қазақ жазушы шығармасында – қазаққа төнген қатер. Автор өзінің қай идеология жағында екенін жасырмайды. Қарсы жақтың көзқарасына да қиянат жасамайды. Оған Садық дейтін байдың мына сөздері куә.

– Басымызға бақ-дәулет қонғаны Алланың әмірімен деп жүрсек, құтымызды жасаған малшы-жалшы секілді құнсыздар екен де. Бізге кісілікті танытқан, бай-манап қылған солар көрінеді, солардың арқасында жетіліппіз. Енді сол қарашаның арқасында ел боп отырмыз дейміз де!

Жеке меншік психологиясы дәл түсірілген. Құт-береке жасау адамның өз қолында. Жазушы осы шындықты айтқысы бар. Мұқабасы көрікті «Соңғы соққы» романы су жаңа күйінде үйдегі кітапханамның сөресінде тұрғанына жиырма шақты жылдың жүзі болып қалған екен. Кітаптың бұл данасы Баспа комитетінде оқылған сүйінші дана емес екенін айтуым керек. Менің қолымдағысы – автордың

өзі сыйлаған данасы. Маржандай жазуымен мынадай автограф қалдырыпты.

*«Осы кітаптың жазылуына себепкер болған қадірлі Шериаздан Рүстемұлына – асыл азаматқа. Автордан. К.Тоқаев. /қолы/. 25 январь, 1982 ж. Алматы». Жазушының маған арнаған жылы сөзін жоғарыда баяндалған әңгіменің рас-өтірігін анықтайтын факт ретінде келтіріп отырмын.*

Ретін тауып ардақты ағамызға мақтатып ала қояйын деген арзан пизылдан аулақ екенімді кешірімі мол оқырман түсінер деп сенемін. Сонсоң мына жәйді де ұмытпайық. Кемел Тоқаевтай талант иесінің, ер де өр ұрпақ жазушысының қаламынан туған әр жол енді тіптен қымбат.

Мен қазір М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының тапсырысы бойынша 1960 – 1980 жылдардағы осы заман тақырыбына жазылған жарты жүзден астам қазақ романдарына шолу іспетті зерттеу жазу үстіндемін. Сонда Кемел Тоқаевтың «Ұясынан безген құс» атты соңғы романын да талдадым. Биыл тірі тұрғанда сексеннің басын қайыратын жазушының ол шығармасын да еске ала кеткен жөн бе деп ойлаймын.

«Ұясынан безген құс» туындысы да шытырман оқиғалы роман жанрында жазылған. Осы жаппай оқылатын жанрдың майын ішкен Кемел Тоқаев енді детектив формасын ар-ождан, құлық тақырыпты проблема көтеру мақсатына пайдаланған.

Әдетте бөгде әңгіме шытырман оқиғалы шығарманың заңына қайшы келіп, шиеленіскен жұмбақ жағдайлардың шешілуі қарқынын бәсеңдетеді. Детектив шығарманың шеңбері қылмыстың жасалуы мен әшкереленуі шеңберінен аспауы тиіс. Сонда да Кемел апас-құпас оқиғалары шапшаң алмасып, тартысы қатты бұралған домбыра ішегіндей шертіп тұрған сюжеттен саңылау тауып, ұлы Абайдың: «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деген ойын дамытатын тақырыптың жаңа бір қырын тауып, үлкен әңгіме қозғайды.

Туындының соңына дейін қайталанып отыратын бұл әңгіме жетпісініші-сексенініші жылдар үшін тосын тақырып еді. Ол кезде ұлт мәселесі тек ұлы халықпен

достық, интернационализм төңірегінде ғана ұйытылатын. Таптық принцип тіпті ұлттың бүгінгісі тұрсын, кешегі жайын жазғызбайтын.

Жаза қалсаң өткенге үңіле береді деп қамшысының астына алатын. Ал, мына романда сол ұлт мәселесінің маңызды бір тармағы – ағайын ала болмауы мәселесі өрісті әңгімеге беттеп, детектив құпиясының бет-пердесін жыртуға атсалысып, өзінше бір амалға айналып, оқиганың тұтас арқаулы сюжетін ширата түседі.

Шегебай дейтін сауда қызметшісі колхозшыларды таразыдан жеуі үстіне, ішіне пышақ айналмайтын қызғанишақ. Қызғаныш құрты жегідей жеген қара ниет, ақыры жақын туысқаны өсіп кетеді деп пышақ салуға дейін барады. Сол Шегебай тағы да бір жақын туысының тойын тоз-тозын шығармақ боп байбалам салады. Анасы Ләтифаға, әйелі Жаңылға тойға қатыспайсыңдар деп үзілді-кесілді тыйым салмақшы болады. Ләтифа тоқтау айтады:

«Балам, мынау білгеннің ісі емес, пейілі шикі, ақылы күйкі пенденің бишаралығы дер ем. Бауырыңды, жақын жұрағатыңды жат көріп, ортаңнан, жұртыңнан алыстап қайда барасың? Кімнен тірек таппақсың? Ұясынан безген оңбайды...» («Солдат соғысқа кетті» кітабында. Романдар. Алматы. «Жазушы». 1983, 307б). Роман шытырман оқиғасынан бір сәт ауытқымай, көлденең соқпаққа бұра тартпай-ақ осы ойын жеріне жеткізе пісіреді.

Шегебай – күрделі характер. Қомағай, сумақай, сенің атың тоқтай тұрсын, менің атым жүре тұрсын ғана емес. Өзгеден сыбағам артық болсынды еппен істейтін айлакер алаяқ. Айналасын арызбен де, өзге қулық-сұмдық істермен де таптап, өшіріп құртуға дайын тұратын «таныс бейтаныс» ағайынның бірінен. Жаңадан алған әйелін жасытып алмақ ниетте өтірік мас боп, шөлмектесіне небір былапыт сөз айтқызғанының өзі не тұрады. Ар-ұяттан ада зинақор да.

Өзінің бала таппайсың деп тастап кеткен әйеліне тағы да аяғын артпақшы боп жан ұшырады. Шегебайдың ағайын ортасына сыймай саяқ жүргенде тапқаны маскүнем басшысы. Сонымен және кісі өлтіріп түрмеден қашқан Ноян Тайшықовпен ауыз жаласады. Ақырында қолы қан

қылмыскерге айналады. Қазақы ұямыз – таза, пәк ұя. Содан безсең – азғындайсың деген идеяға Шегебайлар қылмысын ашып, жазықсыз Қаражанды түрмеден босаттырып, Шегебай мен Нояндардың жымын білдірмейтін жылан жүрістерінің бәрін әшкерелеген милиция қызметкерлері Тайжан мен Майралар да қатысты. Олар бар жұмысын халықтың қалың ортасында жүріп атқарады. Не шаруасын тың тыңдау үшін емес, қазақ ұлтының ар-ұятты мал-жаннан биік қоятын мораліне сүйеніп істейді.

Көріп отырғанымыздай, жазушы енді таптық таптаурыннан бойын аулақ салып, ұлтының көкейтесті проблемаларына бұрылған. Ол көтерген мәселе әлі шешіле қойды дегуге келмейді.

Демек, маңызын жоғалтқан жоқ. Ел бірлігін, ынтымағын, ұлт ұясын қадірлеп-қастерлеу – тәуелсіз Қазақстан үшін ең абыройлы міндет.

Естияр кезімде жауынгер ұрпақ кеудеме ер Төлеген бейнесінде ұялады. Қаһарман ағаларымызды мақтан тұттым. Есейген шағымда қазақ ұлтын ер жүрек ұлт атандырған осы Ұлы Отан соғысы ардагерлері деп басымды идім.

Соғыстан аман-есен оралған сарбаздар еңбекте де ерлік көрсетті. Жас ұланды тәрбиелеуге, ел-жұртын рухани көркейтуге қаншама тер төкті. Аспаннан түскен десетін Таурат, Зәбур, Інжіл, Құран кітаптары ықылым заманнан бері адамзат рухани әлемін байытудың сарқылмас қайнар көзі болып қызмет етуде. Қалған кітап қазынасының бәрін Тәңірі қалауымен ғалымдар, жазушылар, өзге де қаламгерлер мен баспагерлер жасаған.

Кемел Тоқаев – даңққа бөленген солдат, қаламы жүйрік жазушы. Рухани асыл қазынамызда оның да мол үлесі бар. Біз сол ер ұрпақ өкілдерінің Отан, ел алдындағы адал, ардақты, жанқияр еңбегін әлі жете бағалай алмай келе жатқан сияқтымыз.

**Шериаздан ЕЛЕУКЕНОВ,**

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,  
профессор

# СОҢҒЫ СОҢҒЫ

*роман*





## БІРІНШІ БӨЛІМ

### ОҚШАУ ХАБАРЛАР

«Тоқтаусыз жіберілсін!  
Жаркент қаласы, Уездік милицияға!  
Чанышев жолдасқа!

*Жетісу облысы территориясының ақгвардияшылардан біржөла тазартылуына байланысты мынаны есіңізге саламын:*

*Қызыл Армияның ойдағыдай шабуылының нәтижесінде атаман Анненковтың қарақшы қанішер тобы толық талқандалды. Ақгвардияшылар тізе бүкті. Осыған байланысты Түркістан майданының революциялық Соғыс Советінің бұйрығы бойынша Жетісу майданы жойылды. Соғыс кезінде өз еркімен қарсылық жасауды тоқтатқандарға, соның ішінде офицер құрамының адамдарына олардың өмірін сақтауға және бұрынғы кінәларын ұмытуға кепілдік берілді. Бұйрықтың негізгі мәні ақгвардияшы ақсүйек топтың азғыруына еріп, жұмысшы-шаруа мемлекетіне қарсы күрескен еңбекші қазақтардың Совет өкіметіне өздерінің көзқарасын өзгертуге бағытталған:*

*Осымен байланысты көптеген офицерлер, атаманға қызмет еткен қазақтар қайта оралды. Бұл Совет өкіметіне іштей наразылығын түйіп, жауығып, өшігіп отырған бай-кулактарды, бұрынғы би-болыстарды үміттендіретіні даусыз.*

*Уездік милицияның міндеті:*

*Бай-кулактардың, олардың құйыршықтарының бас*



көтеруіне жол бермеу; барлық билік Советтердің қолында екенін бұхараға ұғындыру; Советтер ауылда, селода және станция мен деревняларда билік жүргізетін бірден-бір орган екенін, оның бұйрығын орындау барлық азаматқа міндет екенін түсіндіру;

Уездік милицияның, оның қызметкерлерінің жұмысын Совет өкіметін нығайтуға бағыттау;

Қызыл Армия талқандаған генерал Дутовтың, атаман Анненковтың және Бакичтің ақгвардияшы-бандалар тобының қалдықтары қашып, қытай шекарасынан өтіп Шәуешекке орналасты. Қытай өкіметі оларды ұстап, қарусыздандырған боп көрінгенімен, ақгвардияшылар іс жүзінде жақсы жарақтанған отряд күйінде қалып қойды. Бұл бандалардың Советтік Жетісуға қауіп төндіретіні айқын. Елдің тыныштығын сақтап, бандалардың тіміскі әрекеттеріне барынша соққы беріп отыру милицияның негізгі міндеті деп танылсын.

Уездік милицияның қолданған шаралары және Жаркенттегі жағдай туралы дереу хабарлаңыз.

Жандосов, Жетісу облыстық  
Революциялық Әскери Комитеті.  
Верный қаласы. Май, 1920 жыл».

«Тоқтаусыз жіберілсін!  
Верный қаласы, Жетісу облыстық  
Революциялық Әскери Комитетіне!  
Жандосов жолдасқа!

Уезде жағдай өте қиын. Жаркентте және оның аймақтарында Верныйда 4-5 июньде гарнизон солдаттардың көтерілісі басталды. Қала бүлікшілердің қолында деген әңгіме тарап кетті. Бұл ел арасында қатты даурығу, әбігерлік тугызып біздің жұмысымыздың берекесін кетірді. Бұрынғы ақгвардияшылардың арасында толқу бар.

Дутовшылар қайта жорық жасайды деген дәмеленушілік күшті.

*Верныйдағы шындықты дереу хабарлауыңызды өтінем. Мұның шекара шегінде отырған біздер үшін ерекше маңызы бар.*

Чанышев,  
Жаркент уездік  
милиция бөлімі.  
Жаркент қаласы.  
Июнь, 1920 жыл».

«Токтаусыз жіберілісін!  
Жаркент қаласы,  
Уездік милицияға!  
Чанышев жолдасқа!

*Советтік Жетісу облысының орталығы Верный қаласы — Түркістан облысының шығыстағы тірегі, алдағы уақытта да солай боп қала бермек. Ақсүйек ақгвардияшы топтардың тіміскелеу әрекеттерінің қандайына болса да большевиктер, еңбекші бұқара, оның жауынгер қызыл Әскерлері пәрменді соққы бере алады.*

*Шекара шегінде тараған лақап ақгвардияшы бандаларды қолдап, дем беріп отырған шетел разведкасының әрекеті деп білем.*

*Уездік милиция өз жұмысын Түркістан майданының Революциялық Соғыс Советінің бұйрығына сәйкес жүргізісін. Жаркенттегі жалпы жағдайды хабарлаңыз. Мұның Ревком үшін ерекше маңызы бар.*

Шагабутдинов, Жетісу  
облыстық Революциялық  
Әскери Комитеттің тапсыруы  
бойынша Верный қаласы,  
Июнь, 1920 жыл».

«Токтаусыз жіберілісін!  
Верный қаласы,  
Революциялық Әскери Комитетіне  
Шагабутдинов жолдасқа!

*Уездік милиция өзінің барлық жұмысында Революциялық Әскери Комитетінің бұйрығын басшылыққа алып отырады. Уезде алашұбар қиын кезең. Ақгвардияшы солдаттарға, офицерлерге кешіріммен көп кеңшілік берілуі жұмысты мүлде қиындатып жіберді. Мұндағы жағдайды Әскери тіркеу бөлімінің бастығы Давыдов жолдаспен ақылдаса отырып өзіңізге жеке баяндаймын.*

Чанышев, Уездік милиция бөлімі.  
Жаркент қаласы. Июнь, 1920 жыл».

## ТҮНГІ КӨЛЕҢКЕ



Шырт ұйқыда жатқан Садық мырза шошып оянды. Басын шапшаң көтеріп, жастығының астына тығып қойған наганын суырып алды. Ұлпаштың да көзі ілініп кеткен екен. Ол да оянды. Төсек үстінде есеңгіреген күйде шоқайып, бүрісіп отырған күйеуіне қарай ыңырана аударыла түсіп, қолын созып оның жүндес кеудесін, тақыр қарнын сипалады.

— Бүгін әбден мазақ кетті. Жөнді ұйықтамадың ғой, — деді.

— Қатын, біреулер шиқылдап дыбыс бергендей боп еді. Естімедің бе?

— Жоқ-ә? Немене, үйге кісі келетін бе еді?

— Итті байлап па ең?

— Әлгінде өзің айтқан соң күрекшікке қамап қойғам.

Садық наганын кезей ұстап аңырын ептеп басып ауызғы үйдің есігін ашты. Дала шырттай қараңғы. Аспанды қалың бұлт басқан. Жауын сіркіреп тұр. Жиектегі ауыл ұйқыға кеткен. Үй сыртында күйіс қайтарған малдың дыбыс-

тықырынан басқа, бөгде үн естілмейді. Көкмойнақ төбет мырзаның сыртқа шыққанын сезді ме, аяғымен тақтайды тырмалап жалынышты үнмен қыңсылай бастады.

Садық мырза үстіне желбегей жамыла салған шапанының омырауын бүре ұстап, алға ұмтылыққырап қараңғылыққа үңіле түсті. Осы бір кезде Іле бойындағы қараша ауыл жақтан лап еткен ақ жалын көрінді. Үшкір қызыл тілді жалын көкке өрлеп барып өршімей өшіп тына қалды. Әлден соң шашыраған қызыл ұшқындар атылды. Садық қасына тақала кеп тұрған Ұлпашты шынтағымен түртіп қап:

— Анау кімнің үйі? — деді.

Ұлпаш өкшесін көтеріп мойнын созды.

— Қане, қайсы? Садық ызалы үнмен:

— Көзің ағып кеткен бе? Түн ортасына дейін сөнбейтін, өшпейтін неғылған от! Кімнің оты? — деді.

— Әлгі Желескеннің үйі шығар.

— Оның кім? Қайдағы Желескен!

— Әлгі Ұрқияның байы ше!

— Аңызға па? Атын айтсаң атасы өле ме?

— Құдалары, әрі күйеу баласы келеді деп естіп ем.

Соған малын сойып қам жасап жатқан да.

— Қайдағы құда? Күйеуі кім?

— Кешегі босағанда жүрген құлың бүгін кісі боп қатарға қосылғанын білмей жүрсің бе?

— Ахмет пе?

— Иә! — деп Ұлпан қызғаныш оты ішін күйдірсе де онысын сездіргісі келмей жақтырмаған пішінмен жауап қатты.

Ахмет 1918-ші жылдың көктеміне дейін Садық мырзаның жылқысын бағып келген-ді. Қызыл Армия әр жерде тұтанған бүліншілікті талқандап, ауылдарда, қыстақтарда Советтер құрыла бастаған соң енді кедей теңдігі орнайды, малшы-жалшыға бостандық беріледі, жаңа өкімет езілгендерді қолдайды, бай-манаптарға болыспайды дегенді естіп Ахмет әкесімен ақылдасып кеп шұғыл шешім жасады: «Тағдыр бізді Садықтың босағасында жазып

қойған жоқ шығар. Апам екеуің бар өмірді осының малын бағып, үйін күтумен өткізіпсіңдер. Мен де қысы-жазы мырзаның қалың жылқысының соңында келем. «Түбің бір туыссың. Бақсаң, жаудың малы емес, өз ағайыныңның, өз бауырыңның малы. Менің ырысым тасыса, сен де кенде қалмайсың» дейді. Жақын боп жарытқаны қайсы? Сауынға ауысқан ешкі-қойы мен үстімізге жапсырған ескі-құсқысы ма? Байға тіленбей-ақ жатақтағылар күндерін көріп жатқан жоқ па? Бәлшебек кедей атаулыны кенелтеді деп жатыр ғой. Түймебаймен сөйлескенімде, ол да солай дейді. Ел ішінде отырып аштан өле қоймаспыз», деп Садықтың қалың малын тастап, бір күні Асыдағы орыс селосын паналаған жатаққа көшті де кетті. Майлыбайдың көшкені мырзаның үйіне қиын тиді. Садық ең сенімді, сергек жылқышысынан, малшысынан айрылса, Ұлпаш соншалық ыстық ләззатпен сүйген ашынасын жоғалтты. Мырзаны құшақтап, сипалап жатқанмен көңілі алыста, әлде кімді соншалық елжіреп еске алып, таусыла сағынады. Бәрі бұдан бірер жыл бұрын төркіндеп келе жатқанда жолда, жылқышының күркешігі ішінде басталған еді. Күн шыжып тұрған. Лып еткен жел жоқ. Ат соқты боп мазасы кеткен Ұлпаш аздап тынығып, сусындап алмақ боп өзен бойындағы жылқышыларға бұрылған. Ахмет жылқыны Көксазға айдап тастап, өзі терек түбінде жатыр екен. Көзі ілініп кеткен бе, қасына келіншек таяп келгенде де қозғала қоймады. Кеудесі, қарыны жалаңаш. Ұлпаш алаңсыз албыраған жігіттің жатысына қызығып кетіп, аттан қалай түскенін де білмей қалды. Кеуде мен кіндік тұсына ши жүгіртіп қытықтай бастады. Ахмет инеше қадалған тікенектен шошып оянды. Өткір тырнағын шаншып жорғалап жүрген кесіртке ме деп жалаңаш денесін қатты сипалап тітіркеніп, сілкініп тұрды. Қасында Ұлпаш отыр. Аса бір мейіріммен ынтық, телмірей қарайды. Бетінің қуырмаш шұқырында күлкі белгісі бар. Ахмет те жымыды. Ұлпаш құшағын жайып ұмтыла берді.

...Енді сол Ахметі өзінен төмен, күң есепті сарыетек кедей қызына үйленбек. Мырзаның бұрынғыдай әмірі жүріп тұрса Ұлпаш оны Аңызакқа өшіктіре айдап салып

мына ұшқын атқан отқа Ұрқияның қызы Шарбанумен қоса өртеп жіберер еді. Қазір кедей бас көтеріп келеді. Қит етсе бәлшебегіне арыз айтады. Сол кезде қаладан мылтық, қылыш асынған милициясын да шақырта қояды. Дымы құрып іштей өртеніп-өшіккен Ұлпаш:

— Желескенді бүйтіп есіртпей, елертпей, асып-тасытпай баяғыда-ақ қызын Өтеміс шалға тоқалдыққа бере салатын кісісің ғой. Сонда сенің қолыңнан кім қағатын еді. Енді міне терезесі тең кісідей үйіміздің тұсынан отын ұшқындатып, шалқып отыр, — деп ызамен булығып шыққан жалғыз тамшы жасты жаулығының ұшымен сүртті.

— Сен де байғұс екенсің, — деп Садық күйіп кетті. — Аңызақтың қызын аяды деймісің. Анау атаманның тілмәші Абылайханов «әскер боламыз деп әбден сіңіріміз тартылып бітті. Алдағы күніміз не боларын кім біледі. Қызылдар қысып барады. Алда-жалда Қытай асып кете қалғандай болсақ қасында шүйкебасың болғаны жақсы ғой» — деп қолқа салған соң Аңызақтың орыс школындағы қызы соған лайық-ау деп жүретінмін. Мына қилы заман мұрша берді ме оған! Жан-жағымызды айнала қармап, окшаулап үн шығартпай тастаған жоқ па?

— Бұғып өт, өлсең де үнің шықпасын дейсің ғой!

— Қайтесің, — деп бір сәт үнсіз тұрды да. — Аңызак қызым оқыған, өнері көп, қалың малын түгендеп алмай бермеймін, деуші еді. Майлыбай баласына қатын әперетіндей соншама дүниені қайдан таба қойыпты?

— Ахмет әкесімен екеуі қысы-жазы орысқа жалданып көп мал тауыпты деседі.

— Немене, орыс қыз алатындай қарық қылып па?

— Онысын ит біле ме? Селодан бір орыс тауып, Желпілдек қайнағамыз сонымен тамыр бопты деседі. Көп кездеме-пұлды несиеге сол берген көрінеді. Ахметтің қайын енесінің үйіне әкелген тай-тай кездемесін мына біздің Жарықбас көріпті. Ішінде қымбат жібегі де бар, құлпырғанда көздің жанарын алады, деп аузының суы құрып келді. «Мына біреуі Ұлпашжанға лайық екен» — деп қызыл шайының шетінен ұстаған екен. Ахмет қатты

зекіп «Мырзаның қатынынан басқа кесе иығынан түсіп қала ма? Сандалмай аулақ жүр» — деп, қолынан жұлып алыпты.

— Тегі орысқа сүйеніп, бәлшебекке жағынып қияға шығам, өсем, өрлеймін деп жүр ғой. Осы жолы мойны қиылып қыршын кетпесе жарар!

— Сенде бір байғұссың. Өзіңнен өзің айдалада жүріп құр кіжінесің. Сол кәрінді жанға батырып қан-жоса ғып шындыққа айналдырып жібермейсің бе?

— Асықпа, қатын!

Осы кезде найзағай оты жарқылдап қара бұлтты тіліп өтті. Жер беті аламыштанып жарқ ете қалды. Қора сыртында бүкшендеп жүгіріп келе жатқан кісілердің көлеңкесі көрінді. Алғаш көріп қалған Ұлпаш:

— Ойбай, біреулер жүр ғой! Жазым боларсың, үйге кір! — деді.

Садық тістеніп:

— Дымыңды шығарма. Дос па, дұшпан ба, көріп алармын. Сен үйге бара бер? — деді.

Аздан соң ақырын ептеп басқан аяқ тықыры естілді. Садық салмақты зілді үнмен:

— Бұ қайсың? Кімде болсаң бері кел! — деді.

Біреу тамның қабырғасын сипалай, ақырын жылжып тақала берді. Қырылдаған үн естілді.

— Мырза, сенбісің? Мен Шорманмын ғой.

— Шорман? Адастыңдар ма, бұл қалай? Кешіктіңдер ғой.

— Жанымыздың қалғанына шүкір де. Шекарадан өткенде күзетшілер байқап қалып ұзақ қуғынға ұшырадық. Қалың құмды, шатқалды паналап жеткеніміз осы.

— Жә, үйге кірген соң сөйлесейік.

Шорман бөгелді.

— Мырза, мен жалғыз емеспін. Қасымда кісілер бар. Әукен де осында.

Садық алақтап шырт қараңғыға тесіле қарады:

— Әукен бе? Қайда?

Әукен жаны қиналғандай ыңырсып:



— Аяғыңмен жер баса алмасаң дүниедегі қорлық осы екен, — деп жалғыз аяғымен шоқандай түсті.

Садық қыбырлаған қара көлеңкеге қолын созып алға ұмтыла берді.

— Садаған кетейін-ай! — деп құшағын жайған кісіні баурына басты. — Тірі ме едің? Бар ма едің?

— Бармын, мырза! Тірімін!

— Арысым-ай, өзіңді көретін күн бар екен-ау!

— Үй-іші, мал-жан аман ба? Ұлпашжан қалай? Дені-қарны сау ма?

— Құдайға шүкір, бәріміз аманбыз. Бәле-жаладан саумыз. Садық шапшаң есікті ашып:

— Үйге кір. Бөгелмей терге шығындар, — деді.

Ұлпаш сыртқа құлақ түріп пештің түбінде қолын кеудесіне қусырып тұрған. Апыр-топыр кірген еркектерге кезек қарап Әукенді жақсы таныды.

— Кенжетай? — Таңқалған пішінмен состиып қарап қалды. Сол сәт ұмтыла кеп, — тірімісің, жаным? — деп қолтығынан демей берді.

— Аяғыңа не болған? Мерттіккеннен саумысың?

— Шекара асқанда қызылдар жолымызды кесті. Ат оққа ұшқанда омақаса құлап ем. Алғаш ет қызуымен байқамашпын. Сіңірім тартылған ба, білмеймін, аяғым бастырмайды. Шаншығанда төбеке жетеді! — деп төрге шоқандап барып ала сырмақ үстіне жайылған шайы көрпенің үстіне қисая кетті.

— Ұлпашжан, өзің қалайсың? Күйлісің бе?

Шапшаң қозғалып төсек үстіндегі мамық жастықтарды жерге құлатып Әукеннің қолтығының астына тықпалап жатқан Ұлпаш:

— Шүкіршілік, ел ішінде бізге кім тиюші еді? Алыста, жат жерде жүрген азаматты ойлап қамыққанамыз болмаса, басқа уайым жоқ. Бұл қазақ өсексіз отыра ма! Қытай асқанда қара санынан оқ тиіпті, жарасы асқынып, қаны бұзылып қаза тауыпты деп зәремізді алған жоқ па? Сол әңгімені аузы-басы қисаймай мына қайнағамыз да айтып келген болатын, — деп Шорманға ала көзімен қарады.

Шорман:

— Бәсе, келіннің кәріне ілінерімді өзім де сезіп ем, — деп ерніндегі насыбайын бармақ ұшымен іліп алып бұрышқа ытқытып жіберді де бұрыла шырт түкіріп, малдасын құрып оңтайланып отырды.

— Ұлпашжан, мен арада жүрген барып кел, айтып келдің адамымын. Әукеш не айтса осыныкі жөн ғой деп жүре берем. Сөзін бұрмалап, қисық жеткізген жерім жоқ. Неге олай дейтінін қайдан білейін!

Ұлпаш Шорманның ақталғанын жақтырмаған пішінмен:

— Туысына, жақынына «өлдім» деп айт демеген шығар! — деді.

— Ұлпаш-ай, мені бекер кінәлайсың-ау!

Әукен ауырсынған қалыппен етігінің қонышынан ұстап, ақырын өзіне қарай тартып оң тізесін бүгіңкіреп алды.

— Шорманда жазық жоқ, Ұлпашжан. Бұл қызыл бәлшебекпен ашық айқаста оны күйрете алмаған соң астыртын бұғыныс тәсілге көштік. Олар ақ патшаға қарсы күрескенде астыртын күшті ұйым құрып ақыры құлатып тынған жоқ па? Біз бәлшебектің сол тәсілін өзіне қолданбақпыз. Мұндай көрінбес майданда жауды ізіңе түсірмеймін десең, кейде сондай амалсыз жалған амал қолданасың, — деп Ұлпаштың бетіне тесіле қарады. — Ұлпашжан, өзіңе сеніп құпияны ашып жатырмын. Осыдан опық жеп жүрмеймін бе?

— Өзіңізді көрген соң ол құпияңнан қандай қасиет қалмақ. Зәуеде сол тәсіл жөн десеңіз, бұл үйде бөтеніңіз жоқ. Мырза екеуіміз сіздің тілеуіңізді тілеген жанбыз, — деп үй ішін жадыратқысы келді ме, қайнысына жеңіл әзіл айтты. — Соншалық сағындырып кеп көріскенде, торға түскен күйкентайдай бүрісіп, бүкірейіп қалғаныңыз қиын екен! — деді де, әлде нені есіне алғандай көз астымен күлімдей қарады.

Садық жымың етіп:

— Ей-й, пендешілік-ай, айнала анталаған қалың жаудың ішінде оққа оранып, күні-түні жортуылда жүргеннен бұлардың ісі жоқ. Қазір әзіл-күлкінің уақыты ма? — деді.

Ұлпаш ерке үнмен:

— Қойшы, өлді дегеніміз өшпей тіріліп кеп отырғанда қуанышымызды, сағынышымызды қалай жасырып қалайық! — деді.

— Жә, шаршаған кісіні мазаламай, тамағыңды қамда. Етің, шайың дайын ба еді? Тез әкел! — деп Әукендерді әдейі күтіп, ас қамдатып қойғанын сездірді.

Етті айтқанда тамаққа өлгенше ашқарақ Шорман жадырап көңілденіп кетті. Қозғалақтап:

— Құдайдың күдіреті осы үйдің табалдырығын аттасам таңым атып, күнім шыққандай болады. Шекара күннен күнге қатайып барады. Бұрынғыдай кесе-көлденең өте алмайсың. Салым суға кеткендей қажып, таусылып келген сорлы басым келіннің Әукенжанға айтқан әлгі әдемі әзілін естігенде тынысым кеңейіп қалды. Баяғы қызық дәурен, мол тыныштық бұзылмай сол қалпымен тұнып тұрғандай. Әлгі шошақ төбе бәлшебек иттердің жабыла қуған жәбірін ұмыттырып жіберді. Өйтпесең, Ұлпашжан, ерке Ұлпаш аталармысың, — деді.

Әукен Құлжадан шыққанда екі топ болып аттанған. Өзімен бірге еріп шыққан топта Шорман мен Петрден басқа тағы бір орыс жігіті бар еді. Шекарадан өткен кезде оқ тиіп жараланды ма, ілесе алмай қалып қойды. «Қалдыра көрмендер, бауырлар!» — деп түнді жаңғыртқан жалынышты үні естілгендей болды. Мылтық тарсылдап, оқ жауып тұрғанда оған бұрылып қарауға мұрша келмеді. Екінші топты жүз басы Козлов басқарды. Шекара тұсына дейін қанаттаса қапталдасып келгенін біледі. Онан кейін қалай жалт бергенін байқай алмай қалды. Жүзбасыға жүктелген міндет қандай? Шекараға дейін екшелеп келген себебі не? Ол жағы Әукенге мәлім емес. Ал бұған берілген тапсырма қысқа да анық: Әукен Жаркент уезінің жігіті. Руы суан. Елі, жері таныс. Шекара бойын жайлаған негізінен қазақ ауылы. Қайткенде де Петр Жарковты Подгорный селосына аман, бүтін, сау қалпында жеткізіп тастауға тиіс. Алтын Емел асуынан асырып салатын кісіні ол өзі тауып алады. Жарковтың Верныйға жеткен хабарын алғанша бұл

Көксайда қала тұрады. Мұнда бос жатпай жаңа өкіметке кектеніп, өшігіп дымы құрып жүрген би-болыстардың, шабарман әкімдердің басын қосып, астыртын топ құрады. Оларды «Қыран ұясы» аталатын бандалар тобына қосуға үгіттейді. Бұл үшін ең алдымен жиналып бас қосатын сенімді кісінің үйі болуға тиіс. «Ондай адамың бар ма? Қане, кімді атайсың? Өзіңді іздей қалған күнде онай, әуреленбей табайық!» дегенде, Әукен Садықтың атын атаған. Басқа ауыл қазағына қарағанда көзі ашық, бұрын татар медресесінде оқығаны бар. Сөзі өтімді, алғысы келгенде алдай да, арбай да алады. Әукеннің бір сескенетін кісісі Ұлпаш. Мырзадан жиырма жасы кіші, биыл он тоғызға қарай кетті. Садықтың қос қатын үстіне алып отырған тоқалы. Сырттай мырзамен тату, ұғысқан секілді көрінгенімен осы үйдің жылқышысы Ахметпен астыртын әмпей деп естігені бар. Әукен Ахметпен Ұлпаштың арасын анықтап алғысы кеп, Садыққа бұрыла отырып сөйледі.

— Таң сәриден жүріп кетеміз, — деді Ахметтің кетіп қалғанын білмегенсіп. — Ахмет өзі осында ма? Бізге жүріске мықты ат дайындасын. Тіпті оған қазір тапсырып қойыңыз.

Садық шынтағын екі тізесіне қойып бүгіле түсіп шоқша сақалын саусақтарының ұшымен талдай отырып:

— Өзіміздің қолымызда өсіп, ығымызда жүрген момын бала еді. Мына өкімет естіні де, есерді де азғырып, құтыртып жатыр ғой. Өздерің Қытай асып кеткеннен соң-ақ Советіне сенді ме бізден іргесін ажыратып жатаққа көшіп кеткен. Соны іздеген, сұраған кісі жоқ. Қадір-қасиетті білмеген шірік немеге дәрі дейсің бе! — деп менсінбей сөйледі.

Ұлпаш дөңгелек пәс столға дастарқан жайып, бауырсақ салып, тамақ тасып жүрген. Босағада сәл кідіріп тұрып, кекті долы үнмен:

— Жатаққа барып, орысқа жаққалы бері жетісіп қалды деп естиміз. Көп мал тауып, әуелі қатын алғалы жатыр! — деді.

Әукен жас келіншектің Ахметті қимайтынын сезді.

Ұлпашқа сүзіле қарап, шынтағының астына басқан жастықты сырғытып үстелге жақындай түсті де, басын шайқап мырс етті.

— Осы үйде жүргенде сол Ахмет ішім-жемнен кенде болған жоқ-ау. Мырзаның жылқысын бақса, таңдаған қысырағын мінді, тәтті тамағын жеді. Ағайынның адал асын аттаған адам оңа ма? Өршіп, өрге басамын деп жүріп, байғұс бала өшкенін білмей қалады ғой, — деді.

— Мырза да, сіз де сырттан кіжініп жұдырық көрсетуге әуес екенсіздер. Ал жылқышы оларыңа пысқырып қарамайды, — деп Ұлпаш екі беті қызарып, булығып, долданып кетті. — Жасай алмайтындарың бар, бекер даурығып қайтесіңдер. Қатын екеш мен де үйде отырып кектене алам.

— Осы сөзінді бұйрық деп білейін, сәл асықпашы! — деп Әукен қартаның майлы құрышынан қолын толтыра асап жіберді.

Шорман қалтасынан өткір қара бәкісін алып етті жапырақтап турап жатқан. Мырза да, Әукен де етке қол салып дәм татпаған соң жеуге бата алмай жалтақтай берген, Әукен қартаны асап жатқанда бәкісімен қазының майлылау жерінен қалыңдау ғып тіліп жіберіп:

— Бұ жарықтық жесең тісіңе, жемесең түсіңе кіреді. Қазақ тамағының ішінде жылқының еті мен қазысынан асылы жоқ, — деп аузына қағып салды. Екі ұртын бұлтындатып, көп шайнамай қылқ еткізіп жұтып жіберді.

Жарков төралдында, бетіне кепкасын жауып шалқасынан түсіп жатқан. Әукен оны ұйықтап кеткен шығар, демалсын деп қозғамап еді. Үй ішінің дәмсіз уақ сөзі мезі етті ме, ол басын шапшаң көтеріп Әукенге қарап шытынай сөйледі.

— Ертең жүру жарамайды. Ол ошибка. Шапшаң, қазір кетіс керек. Мырза ат, мықты ат берсін! — деді.

Садық мойнын бұрып, одырая қарады.

— Өй, мынауың мұсылман ғой, қазақшаға жылмайды ғой! — деп өзінше орысшалағансыды. — Садық бар, жақсы ат бар. Ат много. Сенікі мала-мала отдыхайт керек. Қазы кушат. Құрсақ болшой болсын. Сонан соң пошел кетесің!

Жаркоз тыжырынып:

— Қазақша жылмайды, сылмайды не знайт, — деп  
колын сермей сөйледі. — Тоқтамайық! — Быстро кетіс  
керек, Гапаров мырза!

Шорман күңк етті.

— Мына шіркін, кісіге тамақ жегізбейін деді-ау!

Әукен Жарковтың күйгелектігін орынсыз көргендей  
шынтағымен оның тізесін ақырын басып:

— Бекер әбігерленесің, Жарков мырза. Біз сенімді  
жақсы үйде, өз үйімізде отырмыз. Мырза внеподозрении.  
Бұл жерден ешқандай жау алмайды. Анау-мынау болса,  
жауапты мына мен беремін, — деп өзінің дәрежелі,  
маңызды кісі екенін сездірді.

— Гапаров мырза, сен бдительность дегенді  
жойғансың. Сенікі бас істемейді. Қазір шекарашылар  
милициясымен қоса өкшелеп қуып келсе не істейсің?  
Ондай безответственный жауабың керек емес. Тез тауға  
кетейік, — деп орнынан атып тұрып наганының бірін  
қалтасына, екіншісін беліне қыстырды.

Көз алмай отырған Ұлпаш:

— Мына орыстың үсті-басы толған тапанша, темір  
екен! — деп таңқалғандай ернін сылп еткізді.

Осы бір сәтте сырттан қалың дүбір естілді. Тасырлатып  
шауып келе жатқан аттылар сияқты. Үй іші түрлігіп,  
үрейлері ұшып бір-біріне қарасты. Жарков ашуға булығып:

— Мелшиіп неге отырсың, сен ит! — деп Шорманды  
бүйірінен теуіп жіберді.

Домалап түскен Шорман:

— Әй, мынау қайтеді, жазығым не, тақыр? — деп  
қисалаңдап тұра берді.

— Үніңді өшір, сволочь! — деп белінен наганын суырып  
алып бұйыра сөйледі. — Гапаров, терезені бақ! Мен есікті  
аңдимын! Без моего приказа не стрелять! — деп пілтелі  
шамды төбесінен үрлеп жалп еткізіп өшірді. Босағаға кеп  
наганын шошайта ұстап, сүйеніп тұрды. Сыртқа құлақ  
түрді. Әлде кімдер жауаптасып сөйлескен секілді. Біреу  
үйді айнала шауып, қораға кіргендей болды. Сәлден соң

дабыр басылды.

Садық кең тыныс алып, ақырын сыбырлады:

— Кетті білем.

Ауызғы үйдің есігі қағылды. Жарков Садықтың иығынан нағанмен түртіп қап:

— Сұра, кім екен! — деді.

Садық ұйқыдан оянған кісіше есінеп керілді.

— Ей, бұ қайсың? Жау шапты ма, кісіні түн ішінде мазалағаны несі!

— Мырза, бұл мен. Жарықбаспын!

Садық есік ашты.

— Не көрінді саған! Мал аман ба? Қасқыр шапқаннан сау ма?

— Бәрі аман, мырза. — Жарықбас жан-жағына алақтай қарады. — Әлгінде бір қора мелица келіп кетті. Бәрі мылтық, қылыш асынған. Тіпті зәрем қалмады. Сорлы басым, дәл сол кезде дәрет сындыруға шыға қоярмын ба? Біреуі мені көріп қалып «Әй, бері кел. Кімсің өзің?» — деді. «Мырзаның малайымын, Жарықбаспын» дейін. «Жалшы екенсің ғой?». «Иә!» «Бұл тұстан атты кісілер өткен жоқ па, байқамадың ба?» — деп қадала сұрады. «Жоқ» дейін десем, «Неге көрмедің?» — деп тергеуге алатын түрі бар. Құтылайын деп «Әлгінде біреулер шауып өткендей болды» — дедім. Бұл кезде екінші бір солдат сіздің қақпаны ашып, қораны қарап жүрген. Ол қасыма жетіп келіп «қанша адам өздері?» — деді. «Үшеу-төртеу ме, қалай?» — деп аузыма келген санды айта салдым. «Тап солардың өздері!» — деп жиекте ұшқын шашқан отты көріп солай қарай шаба жөнелді.

— Бозаға бөгіп алған солдаттар шығар. Еріккен соң далақтап шауып жүрген де. Малыңа сақ бол, жарқыным. Мұндайлар қолға іліккенін алып, оңайда тұрғанын айдап кетеді, — деп далаға шығып, қора маңын байқаған боп үйге қайта кірді. Босағада состиып тұрған Жарковқа:

— Қуғыншылар білем. Жарықбас оларды Ілеге, құм жаққа қарай сілтеп жіберіпті, — деді.

— Солай болатынын білгем! — деп келістіре боқтады.



— Из тастамай, шапшаң кету орнына бұл иттер жылқы жейді. Неғылған топас, қамсыз, сорлы жандар десеңші! Ат, ат қайда? — деп Садыққа ақырды.

— Ақырда байлаулы тұр, тақсыр.

Әукен қабағын шытып:

— Үрей жарамайды, Жарков мырза. Ашу серік емес бізге, — деді де тапаншасын қалтасына салды. Шорман, сен тоғайдағы атты әкел. Мен Жарков мырзаны шығарып салуға тиіспін.

Жарков ашуға булығып:

— Боқтан өзгені шатпа! Ешқайда бармайсың, осында қаласың! — деді.

— Штаб бұйырған. Өзгерте алмаймын.

— Ондай бұйрық берген адам нағыз дурак! Мен оны трибуналға берем. Бүкіл строй алдында атып тастаймын.

Әукен шошып кетті. Штаб бастығының көмекшісіне жағынып және Жарковтың аса құпия тапсырмамен бара жатқанын сезіп, осы тұста көрініп қалғысы кеп, бұл ұсынысты айтқан өзі еді.

— Айыбы не? Бар жазығы сені қорғаштап жүргені ме?

— Кто придумал эту дурацкую затею? Біздің әділ де ұлы ісімізге қастандық ойлаған, атаманға дұшпандық жасаған адам дәл осылай жасайды. Сенің алаш партиясының белсендісі, қашқын екенінді бүкіл Жаркент уезі біледі. Бәлкім, сені милиция іздеп жүрген шығар. Сені ұстаса, мен де тұтқындалам. Ұқтың ба, енді?

Әукен маңдайының терін сүртті.

— Онда Шорман барсын. Серіксіз сені жалғыз жібере алмаймын.

— Шорман жарамайды. Ол белгілі ұры, контрабандист, — Садыққа қарап. — Ал мынаның малайы он есе ақылды. Аты кім дедің? Жарықбас па? Қарай гөр, Жарков және Жарықбас! Ұқсайды. Сол адам маған серік болсын.

Садық ебелектеп қалды.

— О, не дегеніңіз, Жарық мырза. Малайдың бірдемесі кетеді деймісің, ерсін, барсын.

— Онда тыңда: уезді аралап жүрген землемер боп

Жарықбасқа барам. Лау сұраймын. Әрине, ол дәнеңе шешпейді. Екеуіміз осында келеміз. Мені танымаған бол. Ұқтың ба?

— Ей, ондай қитурканы білеміз ғой.

— Топтасып жүру қатер, біз Қаратау асуымен кетеміз. Ал, мырза, сен етектегі айналмада, Подгорныйға бұрылатын жолдың бойында, өзен жағасында күтесің. Біз шыққан соң көп аялдама, ертең күн бата сол жерде табысатын болайық.

— Айтқаныңыз болсын, — деп Садық қолын төсіне қойып басын иді.

Аздан кейін апалақтап Жарықбас жүгіріп келді. Жарковты бармағымен нұсқап:

— Мына бір қаңғыған орысы тағы келді. Жер өлшегішпін дейме, жөнді ұқпадым. Лау сұрайды. Түн ішінде бұған атты қайдан тауып берем. Жылқының бәрі жайлауда, — деді.

— Қит етсе, осы немелер салпандап жетіп келеді. Бізден басқа жұрт құрып қалып па екен? — деп Садық кейігенсіді.

— Бәсе десеңші! — деп Жарықбас өңештеп қостай түсті. — Ей, анау Аңызакқа барсаңдар қайтеді. Жерге қарап отырған кедей емес. Жақында жайлаудан тоқпақ жал торысын алып келді. Нағыз жүйріктің өзі. Шабысына күйін жетпейді. Лауға мінетін лайықты ат сол!

Жарков:

— Жеті түнде кімнің босағасын сипалап, есігін қағып жүрем, — деп еді. Жарықбас өршеленіп:

— Бұл үйге қалай келсең солай барасың да! — деді.

— Сен килікпе, мен мырзамен сөйлесіп тұрмын, — деді де Садыққа, — Шұғыл жүруім керек. Ат табыңыз! Мына жігіт бірге жүрсін. Келесі ауылдан атыңды қайтарып жіберем, — деді.

— Советіңнің әділеті қайда? Әнеукүні астық жинап жүргендер биені алып еді. Әлі қайтарған жоқ.

Жарков момын пішінмен қолын жайды.

— Басқада менің жұмысым жоқ, мырза. Маған өкімет жұмыс тапсырады. Мен орындаймын.

Садық Жарықбаспен ақылдасқан боп:

— Жареке, не істейміз? Бір амал тапсаңшы, — деді.

Жарықбас кісімсініп көтеріліп қалды.

— Ертең бәлшебегіне айтып жүрсе айрылмас бәлесіне калармыз. Сары атты ерттеп берейін. Соны мінсін.

— Үркек неме мертіктіріп жүрер. Қой, азды қызғанамыз деп көбінен айрылып қалмайық. Анау қасқа айғырды ерттеп бер. Өзің ілесе барсаң, алып қайтарсың, — деді.

Сәлден соң сырттан ат дүбірі естілді. Садық та көп ұзамай жүріп кетті.

Ұлпаш ағаш төсек жанында кеудесіне қолын қусырып, үлкендердің жалған амал-тәсілдерін көзімен көріп, әңгімесін үнсіз тыңдап тұрған. Әукен қасына кеп иығынан құшақтап бауырына қысқанда:

— Дүние шіркін, алдамшы, жалған екен ғой, — деп күбірледі.

Әукен естімеді. Қарулы қолымен жас келіншектің о жақ, бұ жағын қомағайлана бүріп ұстап аузынан, көзінен, тамағынан құшырлана сүйді. Ұлпаш балқып, қалтырап кетті. Әукеннің омырау түймесің ағытып:

— Шешінбейсіз бе? — деді...

## ҰТЫС «ШЫТЫРДЫҢ ТҰЗЫ»



Аспан төрі түйдек-түйдек жөңкіген қара бұлт. Жауын айығар емес. Бір қалыпты себелеп жауып тұрып, жел ескен кезде жер-дүниені селдетіп, тасырлап құйып өтеді. Жарков қара жотаны қиялап етекке қарай түсіп келеді. Қасқа айғыр ылдига келгенде төрт тағандап тұра қалып, қамшыласа да жүрмей, басын теріс бұрып желе жөнеледі. Жүрісі өнбей қажып, шаршап келе жатқан Жарков алыстағы жазыққа, бұрылыстағы жол үстіне көз тастайды. Түнгі уәде бойынша Садық сол тұстан күтуге тиіс. Біраз жүріп, үйдей жалтыр көктасты айнала беріп тағы қарады. Қалың бұтақты

жалғыз теректің түбінде тұрған жалғыз салт аттыны көзі шалды. Тұла бойы мұздап, қалтырап кеткендей болды. Аттылы адам омыраулы, дөңкиген, семіз денелі Садыққа ұқсамайды. Шымыр, сидаң біреу. Иығында асып алған мылтығы бар. Жарковқа мынадай ой сап ете қалды: Садық қайда? Милиция оны ұстап алып, шынын айтқызып, мұны күтіп тұр ма екен? Не істеу керек? Төс қалтасын сипалады. Оның астарында су өтпейтін жылтыр қағазбен қапталған, қазір әскери бөлімде жауапты қызмет істейтін бұрынғы Войсковой старшинаға алып бара жатқан құпия хат бар. Қолға түспей тұрғанда ол пакетті жойған жөн бе? Мынадай жауында тауға өрлеп, тығылып қаша алмайды. Амалсыз жүре берді. Қолын пенжегінің ішіне тығып, нағанын оңтайлап ұстап келеді. Қызыл әскер анадайдан қолын көтеріп айқайлады.

— Ей, тау текедей тауға өрлеп кетіпсің! Немене, адасып жүрсің бе? — деп ақсия күледі. Жаулық ойы жоқ, бейбіт тұрыс.

Жарков та еріксіз қолын көтерді.

— Қызыл әскерге сәлем!

— Тас шатқалдан не іздеп жүрсің?

— Землемер едім. Облыстан келем.

— Ә, бәсе, солай болар, — деп қызыл әскер басын изеді. — Қызыл керуен тартып жұрттан азық-түлік жинап жүр ек, Жаркенттен шыққанымызға бірталай боп қалды. Сенің таудан түсе алмай қиналып келе жатқаныңды көріп тосайын дедім.

— Күткеніңе рақмет. Мына тау арасының жолы ирелендеп таусылмайды екен. Жақын маңда ауыл бар ма екен, білейін деп мына төбенің басына шығып едім. Шығуын шықсам да, түсуі азап екен, — деді де жайдарлана күлді. — Жолдас, қызыл әскер онда танысып қояйық. Атым Андрей, фамилиям Жарков. Облыстың земелькомның қызметкері.

Қызыл әскер күліп тұрып оң қолын шекесіне апарды.

— Мұбарак Нариманұлы.

— Қалай, Нариманов жолдас, жиын-терің мол ма?

Қызыл керуеннің салқар кеші қайда?

— Байларың әлі әл бермей тұр. Көзіне шұқып, көрсетіп отырмасаң дым татырмайды. Ыңғайын тапса баяғы сорлы кедейді қау жап қалғысы келеді. Мына Жыланкөз аулындағы азғана кедей үйіне Совет бидай бөлген екен, — деп алыста бұйраланып көрінген қалың төбені көрсетті. — Ауылнай оны мырзаның меншікті астығы ғып бізге өткізіпті. Мұны біліп қалдық та, бай мен ауылнайды шақырып алып, мұның қалай? Кедейдің астығына неге тиесің? — деп сұрайық. Бай не айтты десеңші! «Бұл ауыл қаймағы бұзылмаған тұтас бір ел. Бәлшебегің жік шығарып арамизды ажыратпаса, бұрын бөлініп көргеніміз жоқ. Барын ортаға салып, бөлісіп, ішіп-жеп жататынбыз. Қызыл керуенге бидай берсем, оны осы ауылдың азығы, астығы деп құйдым» деп отыр. Ал өзінің үш ұра астығын ортаққа салғысы келмейді. Көрдіңіз бе, осындай да қызық әңгімелер боп жатады, — деп қалтасынан дорбасын алып, махорка орап тартты. — Нешеуа, соның өзі маған сабақ болды. Жаңа тәсіл ойлап таптым.

— Оның қандай тәсіл? Құпия санамасаң айт.

— Дәнеме құпиясы жоқ. Бұлардың Қызыл керуенінің қарасы көрінгенде «дымынды шығарма, үніңді өшір. Бұл сен араласатын жұмыс емес» — деп малшы-жалшыны ұрысып, үркітіп ұстайтынын білем. Енді алданбаймын. Қызыл керуен келерден бұрын алдағы ауылдарды жай аралап өтем. Кімде қанша астық, мал барын астыртын сұрап білем. Қызыл керуен келгенде көріпкелім бар кісідей «Пәлен ұраға көмген астықты әкел» деп сайрап, сөйлеп тұрам. Пысықсынған байың жалтара алмай қалады. Міне, біздің жұмыс солай, землемер, жолдас.

— Амалды асырған екенсің. Ендігі беталыс қайда?

— Алдымызда Подгорный деп аталатын орыс селосы бар. Соны шолып шықпақпын.

— Подгорныйға барсаң, жолымыз бір екен. Жолшыбай соға кетсем деп ойлап ем.

— Сендердің мұндағы бауырларыңмен сөйлесу өте қиын екен. Бірақ менің Иван дейтін жолдасым бар. Өзі

еңгезердей дәу жігіт. Нағыз большевик, Атаманшыл ақтардың әкесін танытып, Қытай асырып тастағандардың өзі. Соғыста көрсеткен батырлығы үшін қызыл комиссар аты жазылған сағат сыйлаған, — деп мақтай жөнелді.

Жарков сөзін бөлді.

— Сен бәлшебек емессің бе?

— Бәлшебек болу үшін көп сыннан өту керек. Әзірге, жай тілектеспін. Ал біздің Иван кәрленгенде жуан қарын, қаба сақалды салмақты байлардың зәресі кетіп, оның алдында құрдай жорғалайды.

— Жауығып, өшігіп қарсылық жасап жататындар бар десеңші!

— Өкіметтен қорқып дымы құриды. Әйтпесе, түтіп жейтін түрлері бар. Ар жақтағы атаманына арқа сүйейді білем. Астықтарын алып жатқанда «күнім туса, маңдайыңа қылышпен бесжұлдыз оярмын-ау!» — деп кіжініп қалады. Мейлі айта берсін. Біздің Қызыл Армия ешкімнен осал емес.

— Әрине, солай! — деп Жарков қостағандай басын изеді. — Қызыл керуендерің бұ жаққа қашан келмекші?

Нариманов атын тебініп, шаужайлай түсіп Жарковқа қатарласа берді де:

— Қызыл керуен жолын әркімге айта бермейміз. Бірақ облыстан жүрген өкілден жасырғанымыз әбестік болар. Құдай сәтін салса, бүрсігүні кеште осында болады. Азық-түлік тиелген атты-арбалы, түйелі ұзын кештің өзі де сәнді ғой. Осы жолы 200 пұт астық жинамақ ек. Оны артығымен орындайтын шығармыз, — деді.

— Жолдағы Қызыл керуенді жұрттың бәрі көреді. Оны жасыра алмайсың, — деп Жарков әлгі сұрағына мән бергісі келмеген-ді. — Мұнда тұрған ешқандай құпиялылық жоқ қой деймін.

— Әскер қатарында қызмет етіп пе ең?

— Өкпең дымкес деп алмады.

— Әскери өнерден махрұм екенің көрініп тұр. Мұнда бауырым, маршрут деген болады, — деп Мүбәрак білгішсіне сөйледі. — Керуеннің тоқтайтын, қонатын

жерін контрлар біліп қойса ісің оңбады дей бер. Бір айғы есіл еңбек зая кетеді. Біздің алдымызда шыққан керуенді бандалар талқандап кетті.

— Қылмыстыларды тапты ма?

— Бір-екеуін ұстады. Қалғандары Қытай асып кетсе керек, — деді де Жарковтың астындағы атына көз тоқтатып бас-аяғына мойын соза қарады. — Мініп келе жатқаның кімнің айғыры? Таныс мал секілді.

— Асудағы ауылдан лауға деп мініп ем. Кімдікі екенін сұрағам жоқ. Маған жүріске мықты көлік болса болды да!

— Әрине, байдың малын аяйсың ба? Қолға ілінгенін міне берген жөн, — деді де селоның үйлерін көріп, үзеңгіге аяғын тірей көтеріліп алға мойнын созды. — Подгорный дегеніміз осы. Мұнда таныс үйің бар ма?

— Бұл жаққа бірінші рет келуім. Таныс қайдан болсын.

— Осында орыс тамырым бар. Өзі шошқаның етін жейді демесең, нағыз қазақы жігіт. Кісі келсе қуанып қалады. Қазір марканың майланған кезі. Мал сояды, бас тартады. Ұзақ жолда ат соққы боп қажыған шығарсың? Бір-екі күн жатып тынығып алғын, — деп досын мақтай жөнелді.

Жарков алақанымен төсін басып:

— Көп рақмет, Нариманов жолдас. Қонақ үстіне қонақ боп қайтем. Селода жолаушылар түстенетін бекеті бар шығар. Сонда тоқтармын, — деді.

— Онда бекет емес, кәдімгідей жолаушылар тоқтайтын әдемі үй бар. Тәуліктің қай мезгілінде барсаң да төсек-орны, тамағы дайын тұрады, — деп қонақ үйдің иесі жөнінде қысқаша әңгімелеп өтті.

Наримановтың айтуы бойынша Зоя Крутикованың күйеуі Қапал маңында «Қызыл қыран» партизан отрядында болып, атаман Анненковқа қарсы соғысқан. Ауыр жараланған соң осы селода тұратын қарындасынікіне келеді. Зоя Крутиковамен көңіл қосады. Өзі шебер, шаруаға епті болса керек. Аз уақыттың ішінде келістіріп үш бөлмелі үй салып алыпты. Бұдан екі ай бұрын белгісіз жұмбақ жағдайда күйеуі Ілеге кетіп өлген. Зояның ағасы бұрын Анненковтың отрядында болған екен, өшігіп



жүрген солар кек алыпты деседі. Анығын ешкім білмейді. Күйеуі өлгеннен кейін бар малы мен ақшасын үй салуға жұмсаған жесір әйел күн көріс қамын жасап, екі бөлмесін ары-бері өткен жолаушыларға жалға беріп жүреді. Табыс көзін тауып, дәндеп алған соң үш үйді де қонақ жайға айналдырыпты. Верный мен Жаркентке сапар шеккен, мал айдаған қыр қазақтары, Шонзаның саудагер шонжарлары бұл үйге тоқтамай өтпейді. Мұны Жарков қонақ үйге келгенде өз көзімен көрді. Үйге кіргенде ортадағы бөлменің бұрышында үш адам шай ішіп отыр. Жалпақ бет, дүрдік ерін семіз қазақ үсті басы су-су боп келген Жарковқа алара бір қарап, қасындағы қара қатпа жігітке:

— Жә, шайынды ішсең, малға бар. Түнде ұйықтап қалып жүрмендер, — деп жұмсап жіберді де өзі төсекке қисайды. Жеңіл ала шапан киген, белін жібек орамалмен байлай салған екінші жігіт шапшаң қимылдап стол үстін жинай бастады. Тегі мұнда келген қыр қазақтары мен тараншылар қонақ үйдің тамағын арамсынып, шайы мен арағынан басқа тамағын ішпейтін секілді. Ала шапанды жігіт қалған бауырсақ пен етті қоржынға қайта салып жатты.

Қонақ үйдің иесі Жарковты көп жолаушылардың бірі секілді қабылдады. Жарков елермесі барын, қасында кісі жатса ұйықтай алмайтынын айтып жеке орын сұрап көріп еді. Крутикова сабырлы, салмақты үнмен:

— Менде ондай оңаша бөлме жоқ. Бір-екі күн қонатын адамға қандай сән жай керек? Сіз мұнда мәңгі тұрмайсыз. Бірер түнге шыдап бағыңыз, — деп қос төсек қойылған шағын бөлменің есігін ашты. — Тәуірі осы. Түнде жолаушылар көбейіп кетсе үстіңізге кіргіземін. Ренжімейсіз. Ақшаны кімнен алсаң да арамдығы жоқ, со секілді қонақты алалау пәтер ұстаушы хозыякаға келіспейді, — деп қатты ескертіп кетті.

Жарков одан әрі сөз қозғамады. Сыртқы киімін шешті де терезе тұсындағы төсекке құлай кетті. Шекарадан өткенде күзетшілер ізіне түсіп зәрені алғаны болмаса, бұл сапар сәтті басталған сияқты. Қуғын кезінде поручиктің оққа ұшып өлгеніне, Гапаровтарды Көксайда қалдырып

кеткеніне, тіпті бүгін Садыққа жолықпағанына іштей қуанады. Нариманов мұның мырзамен келе жатқанын көрсе бұлай сыр ашпақ түгіл, Жарковтың өз басына кәдік еді. Полковник Янчис «Ұтыс шытырдың тұзы» операциясын талқылағанда «Капитан мырза, сіздің бұл сапардағы қауіпсіздігіңізді ойлап қасыңызға топтап кісілер қосып беріп отырмыз. Бұлардың қаншалықты пайда тигізетінін анық білмеймін. Жағдайға қарай өзіңіз байқарсыз. Егер кедергі келтіреді-ау, қатер төнеді-ау десеніз, сол сәтте құтылудың амалын қарастырыңыз. Олардың өмірінен гөрі сіздің амандығыңыз артық. Есіркеу, жан ашу, алаңдау болмасын. Сізден айырылсақ үмітіміздің үзілгені, бізді де өлді дей бер. Өзіңізге жүктелген міндеттің соншалықты маңызды екенін осыдан аңғарасыз», — деп ерекше ескертіп еді. Полковниктің айтуына қарағанда Подгорныйда астыртын жұмысқа жіберілген адамдар бар. Олармен Жарковтың кездесуі шарт емес. Тек ерекше бір жағдайда ғана, тапсырманы орындауға қатер төнген күнде ғана көмек сұрайды.

Полковник Янчистің тірек пункті Подгорный селосы ғып алғаны кездейсоқ емес екен. Село уезд орталығынан шалғай жатқанымен оның әрі-бері өткен жолаушыларға қолайлы жақтары көп. Бұл тұстан Іле алыс емес. Өзеннің арғы бетіне өтсе Шонжаның керуен жолы жатыр. Сол жолмен Кеген кетіп, Саржас бектерін қуалай Нарынқол асуға болады. Немесе, Торайғырдың кең жазығына қарай бұрылып, Верныйға баратын тура жолға шыға алады. Сол жағында қазақ-орыстардың станциясы Үлкен Жалаңаш жатыр.

Алатаудың қарлы жоталарын кесіп өтетін Алтын Емел асуы да Подгорныйдан алыс емес көрінеді. Асудан асса Қоғалы-Сарыөзек — Арқалы арқылы Верныйға төтелеп барады. Бұл тұстан барлық жол Верныйға апарады. Тегі полковник Янчис әбден ойланған секілді. Қай жолмен кетсе де Жарковтың өз қалауы біледі. Қайткенде қатерсіз жақты қарастырған жөн. Әзірге беталысы дұрыс, бәрі сәтті басталған секілді.

Жарков талып барып ұйықтап кеткен екен. Қатты айқайлап шошып оянды. Жастық астында жатқан нағанға жармасты. Біреу есікті жұдырығымен тоқпақтап тұр. Жарков қатқыл үнмен:

— Бұ кім? — деді.

— Ей, жолдас, аш! Біз жолаушымыз!

Жарков есікті ашқанда босағада тұрған кешегі семіз қазақты көрді. Тершіген денесінен арақ иісі мұңкіп тұр. Аузы көбіктене сөйлеп:

— Сен мемлекет адамысың ба? Алдымен соныңды айтшы! — деді.

Жарков тістеніп:

— Болсам қайтеді? — деді.

— Сен өйтіп, сыздана қарауыңды қой. Ұқтың ба?

— Оны білем.

— Білсең, бұрынғының төрелеріндей жанына жан жуытпай бөлектеніп, шіреніп жатқаның қалай? Мұнда жұрт орын таппайды. Ал сен шалжиып жалғыз жатасың!

Жарковтың көзі бұрышта, самаурын қасында отырған Садыққа түсті. Танымаған кісідей бетін шұғыл бұрып:

— Мұнда менің кінәм қайсы? — деді жайдарылана күлген боп. — Орын берген соң келіп жаттым. Мен хозаяка емеспін ғой.

Крутикова келді. Семіз қазақ Садықты бармағымен шошайта көрсетіп:

— Мұнда бүкіл суан жұрты қадірлейтін Садық мырза, өзіміздің Сәкең отыр! Бұл жатпаған төсекті күл ғып өртеп жіберем. Ұқтың ба? Мен полукұрсақ крестьян. Бәлшебек полукұрсақ шаруаны қолда деген. Мұны уездік милицияға айта алам. Бастығының өзі менің тамырым. Ол үшфу десе, бәріңнің күлің көкке ұшып кетеді!

Крутикова кейіді:

— Сен полукұрсақ болсаң, мен жесір қатын. Милиция жесірге тимейді. Өйтіп, сандалма! — деді де самаурын түбінде шоқиып отырған Садыққа, — мұнда келіңіз. Бір орын бар, — деп Жарковтың қасындағы төсекті көрсетті.

Екеуі оңаша қалғанда Жарков:

— Әлгі шұбар қазақ кім? Милицияның агенті ме, не оттап жүр? — деп кіжініп нағанын жастықтың астына тықты.

— Милицияның агенті ме, жоқ па, онысын білмеймін. Менің білетінім, Жаркенттің шолақ купесі. Жұрттан тері-терсек жинап бақалшылық етеді. Аракідік мал саудасын жасайды. Қалада көк дүкені бар.

— Саған немене жаны ашып қалды?

— Сауда-саттық кәсібіне аздап көмектесетінім бар. — Садық оң қолымен бүйірін таянып, еңкейе отырып сөйледі. — Сіз мініп келген айғырдың менікі екенін танып отыр. Байқамасаңыз енді қиын!

Жарков ойына күдік алды.

— Не оттап отырсың! Сенің жылқың екенін қайдан біледі? Мұндай қасқа айғыр аз ба екен? Пасық ит, өзің айтқансың!

Садық салмақты үнмен:

— Жарков мырза, бекер жазғырасыз. Мен сізден мал аямаймын. Аяп қайтем, ертең бәрібір қазынаға түседі. Қасқа айғыр өзіңізде қала берсін. Ойыма күдік алған соң алдыныздан өтейін дедім. Ар жағын өзіңіз біліңіз, — деді.

Жарков ойланып қалды. Кеше Қаратауды асып келе жатқанда Жарықбас та бірдемені пықсытып еді. — «Мырза қасқа айғырды малымның құты, тәтті ырысым деп жүруші еді. Қалай қиып бере қойғанын білмеймін. Сірә, сізге борышты-ау. Әйтпесе бүйтпес еді. Әлде...» — деп, сөзін аяқтамай қулана күлді. Байға қарағанда жалшысы ақылдылау секілді. Ал мұндай куәні тірі қалдыру өте қауіпті. Қыл көпірден секіре бергенде Жарықбас атматымен шыңырау түбіне, көз жетпес тереңге, тау табанына құлап түсті. Зәулім, заңғар, найзалы, көк тасты шатқалды жаңғыртқан даусын ғана естіп қалды... Бірақ қатер мұнымен жоғалмаған секілді. Мұның Садық мырзаның атын мініп жүргенін көре тұрып, Верныйдан келе жатқан өкіл едім дегеніне кім сене қояды. Садықтың ауылы Верный жолының үстінде емес, бір қияда, шалғай шетте жатыр. Мұны о баста неге ойламаған?! Өзі кеп ұрынған

бұл тордан шығудың қандай жолы бар? Ол үшін не істеу керек? Әлде полковник Янчистің адамдарымен байланыс жасағаны жөн бе? Жарков бұл адамдарға жолағысы келмеп еді. Бірақ, басқа амалы жоқ...

Жарков таң ертемен ерте тұрып дүкенге барды. Дүкеннің қай сағаттарда жұмыс істейтіні бұған айтылған. Есік алдында сәл бөгеліп, ескі шіркеуге қарай беттеді. Орта жолда қайта қайтты. Дүкенге кіріп бір қорап көк махорка алды, оны шыға берісте сол жақ қалтасына салып, бос қорапты мыжғылап лақтырып жіберді. Бұл кездесудің алғы шарттарының бірі еді. Агент мұны байқаса, өзі сылтау тауып Жарковқа жолығуға тиіс.

Жарков дүкен маңынан қонақ үйдің қызметшісі Егордан басқа еркекті көре қоймады. Хозяйка тапсырған болу керек, дүкеншіден қолдан жасалған сабын сатып алып жатты. Өзі үсті-басын жөндеп күтпейтін салдыр-салақ бингара секілді. Көнетоз пенжагының омырауы мен етек-жеңі кірмен сіркеленіп, жылтырап көңделіп кеткен. Кеше Жарков жауын астында қалып малмандай су боп келгенде қарсы алып, атын ақырға апарып байлаған осы Егор болатын. Жұрттың өтінішін сылбыр, баяу қалыппен тынымды, бапты орындайды, сауалға жауап қатпайды. Жарков мұны соғыста тілінен айрылып, зақымданған ғой деп ойлады.

Жарков өзінің жатқан бөлмесіне кеп, жайласып отырып сақалын алды. Жуынды. «Бұлар таң ертеңгі асты кешіктіргені несі?» деп терезенің пердесін сәл сырыңқырап Крутикованың үй жағына көз тікті. Егор дәу сары самаурынды буын бұрқыратып көтеріп келеді екен. Ортаңғы бөлмеден тықырлаған дыбыс естілді. Аздан соң біреу есік қақты.

Жарков көтеріңкі ширақ үнмен:

— Кіре бер! — деді.

Егор кірді. Есікті ақырын, қымтай жауып:

— Көршіңіз қайда? — деді.

— Көрінбейді. Кетіп қалған-ау деймін.

— Оның тезірек құрығаны жөн. Сіздің қасыңызға әкеп жатқызғаннан шошып ем.

Жарков таңқалған пішінмен иығын бүлк еткізді.

— Түсінбеймін. Не сөйлеп тұрсыз?

Егор тесіле қарап:

— Мені танымадыңыз ба, капитан мырза? — деді.

— Кімсің өзің? Бірінші рет көріп тұрмын.

— Олай деп ойламап ем. Есіңізде ме, былтыр қыста Қапал қамалындағы солдаттар бүліншілік жасағанда сіз атаман Анненковтың көмекшісі полковник Асанов екеуіңіз келген болатынсыз. Ол күнді ұмытпаймын. Бәрін қылышпен сыпыра шапқылап тастадық емес пе? Сондағы рота командирін есіңізге алыңызшы. Сол мына мен. Сіздің қылыш сілтеу тәсіліңізге рақаттана сүйсінген ем!

— Сіз мені әлде кіммен шатастырып тұрсыз!

— Поручик Мухин әзір есінен айрылған жоқ, Волков мырза! Мен Петр Волковты жақсы танымын.

— Мен Волков емес, Жарковпын!

— Мухиннің қонақ үйдің қызметшісі боп, Егор деп бүркеншік атпен жүргені секілді ғой?

— Не айтып тұрғаныңызды ұқсам бұйырмасын, — деп қалтасындағы ойын картасын тумбочканың үстіне тастай салды.

Егордың көзі жайнап кетті.

— О, байқаймын, карта ойынын жек көрмейтін секілдісіз. Жиырма бір ме, әлде...

— Жиырма бірді ойнамаймын. Анда-санда төртінші қол боп преферансқа отыратыным бар.

— Менде преферансты аздап ойнаймын. Бірақ қолыма карта шықпайды.

— Мен сияқты екенсіз ғой.

— Қолыма қарғаның мәткесі келгенде аянбай-ақ кетем. Қара түс маған жағады.

— Менің ұтысым «шытырдың тұзы»!

Мухин құшағын жайды.

— Кісіні күпті қылмай манадан бері солай демейсіз бе?! — деп бауырына қысты. — Ондағы жігіттер қалай? Бәрі аман ба? Атаманымыздың көңіл-күйі жақсы ма? Мен жарқылдата сілтер қылышты, суысып аққан жылы қанды

аңсадым. Мына қапаста өзімді қоярға жер таппай өле жаздаймын.

— Полковник мырза ерекше сәлем айтты сізге.

— Саламат болсын! Солай айтып барыңыз, — деді де екі алақанын тізесіне салып еңкейе түсіп, — қазір хозайка келсе мені жұмсап жіберуі мүмкін. Бәлкім кездесе алмай қалармыз. Екі құлағым сізде, капитан мырза. Қандай тапсырма бар? Айтыңыз, — деді.

— Үй иесі қандай адам?

— Қалай дейін, ақшаға жақын жан. Онымен сыр ашпауға тырысам.

— Сенуге болмайды, солай ма?

— Шіркеудегі әулие әкенің сөзіне ден қояды. Селодағы сыйлайтын адамы сол.

— Мұны сұрап отырған себебім, мұндай көпшілік орынды милиция өзінің әжетіне жаратып қалуға тырысады. Бұл большевиктердің ежелгі тәсілі. Барынша сақ болғайсың, — деді де Мухиннің бас аяғына көз жүгіртіп «саған да мұнда оңай емес екенін түсінем. Бізге тиген үлес осы. Бекем бол» дегендей ақырын күрсінді. Төсқалтасынан қатталған қалың ақшаны Мухиннің алақанына салып, — қайткенде бүгін кеште жүріп кетуім керек. Мініп келген қасқа айғырды осында қалдырам. Егер хозайка сұрай қалса, «аты осында. Селоға таныстарына кеткен шығар» дегейсің, — деді.

— Сіздің бұл жерден көзге түспей кеткеніңізді өзімде тілеймін. Әйтпесе, Садықпен екеуіңіздің бір бөлмеде жатқаныңызды көргенде басқаша жоритын еді.

— Оның кім?

— Осында большевиктің өзі болмаса да, оның агенті бар.

— Аты кім?

— Тимофей деген орыс, фамилиясы Иванов.

— Таныс есім, естіген секілдімін. Оны масайратып жүргендеріңіз қалай?

— Иванов елге жұғымды, қазақ-орыстардан, қыр қазақтарынан тілектестері көп. Құр қолмен ала алмайсың.

Оған тисең қалың жұрттың кәріне ілігесің. Қорқыныштысы осы. Әйткенмен, әулие әкемен ақылдасып бір амалын табармыз деп жүрміз. — Мухин орнынан тұрды.

— Сізге сәтті сапар тілеймін. Көріскенше күн жақсы болсын!

Сол күні ымырт жабыла Волков-Жарков Алтын Емел асуына тетелеп баратын жолға түсіп, Солтүстік батысқа қарай жүріп кетті. Бұл тұстан Верный қаласы үш жүз шақырымдай жер еді. Шонжа жолы оған жайдақ, панасыз, қатерлі көрінді.

Бұл күні Садық Қаратаудың қия шатқалдарын өрлеп, қиялап жатқан жайлау жолымен аулына оралған. Таң алдында Жарковпен қоштасып жатып «осы күні тау арасы мазасыз. Ұры-қары көбейіп кетті. Жалғыз кісіге қауіпті. Жарықбас жардай қорған еді. Бекер жібергенсің», — деп Жарықбастың қайда екенін білмек боп жұқалап сұрап көріп еді. Жарков жөнді жауап қатпады. «Қаратаудан асырып жолға салған соң қайтып кеткен. Өзі ынталанып, ықылас білдірмеген соң, жүре ғой деп айта қоймадым», — дей салды. Садық ойына күдік алды. Бірақ онысын Жарковқа батып айта алмады. Кешке Жарықбас жүрген жолға түсіп жүріп кетті.

Қаратаудың қатпар-қатпар найза тасты қос шыңы бар.

Оның бір өзгешелігі жарыса, қабаттаса көкке өрлеп барып, ұшар басының сүйір-сүйір азу тастары бір-бірімен қиюлана қиысып кеп жалғасқан. Жомарт табиғат көшпелі қазақтың көп азабын көріп, көмектескісі келгендей қос таудың басын қосып көпір жасап берген. Қалың ел жайлауға үдере көшкенде Қаратаудың осы көпірінен өтеді. Оны қылкөпір дейді. Олай атауының себебі көпірдің ені өте тар және екі шыңның түйіскен жерінде қаратастың арасында күн сәулесі түпсіз құзға бөгелмей түсіп жатқан арса тесік бар. Қыста қауіпті. Ал жазда мал да, адам да секіріп, аттап өте береді. Садық қылкөпірден өте беріп төмен қарады. Алыста, үй орнындай көгал үстінде қарайған бірдемелерді көрді. Бірінің үлкендігі жотасымен аунап жатқан төбеттей, екіншісі жарғанаттай ғана. Сары атының қасында жар-



қанаттай боп жарбиып жатқан Жарықбас екенін білді.

Садық бетін сипады.

— Алда иманын берсін!

Үрейі ұшқан ол етекке түсе беріп ауылға қарай шаба жөнелді.

## ОҚШАУ ХАБАРЛАР



«Токтаусыз жіберілсін!  
Верный қаласы,  
Революциялық Әскери Комитетіне!  
Шагабутдинов жолдасқа!

*Мынадай төтенше жағдайды хабарлаймын: өткен жексенбіде (дүйсенбіге қараған түні) бір топ бандалар шекараны бұзып өткен. Уездік милицияға хабар берілісімен апиынмен (опиум) сауда жасап жүрген контрабандистер ме деген оймен оларды ұстап зиянсыздандыру үшін соңынан қуғын жасадық. Бірақ қараңғы түнде Іле бойындағы қалың құмға тығылып ұстатпай кетті. Апиынмен астыртын сауда жасайды деп күдік алған кісілер бар. Соларға қайткенде соғар деген ниетпен алдын тостық.*

*Сөйтсек бұлар генерал Дутовтың әдейі тапсырмамен жіберген тыңшы-байланысшылары боп шықты. Шекарашылар банданың бірін ауыр жараланған жерінен тауып алған. Оның мынадай жауапқа гана шамасы келді: о баста ақгвардияшы бандалар төрт-бес кісіден екі топқа бөлініп шекараға келген. Шекарадан өткенде екпіндеп келе жатқан бірінші топ кейін сырғып артта қалғанда, соңында келе жатқан екінші топ шекараны бұзып өте берген. Бұл кезде кейін қалған бандалар мылтықтан оқ жаудырып шекарашылардың назарын өзіне аударған. Бандалардың тылға өтіп кеткенін кеш біліп қалдық. Шекарадан кемі үш адам өткен. Оның екеуі қазақ, біреуі орыс. Ерекше белгілері: ішінде жасы үлкені, жол көрсетіп*

жүргені қара мұртты қатпа қазақ. Бадырақ көз, астыңғы ерні дүрдек. Ұстарамен алған шашы тікірейе қалың өскен. Үстінде түйе жүн шекпені бар. Екіншісі етжеңділеу, орта бойлы. Танауы астында тырнақтай мұртты бар. Көз еті томпақ, қысаңдау. Иек ұшында қуырмаш шұқыры бар. Үстінде пенжагы көнетоздау, бірақ сәнді. Орысша жатық сөйлейді. Лақап аты — Гапаров. Орыстың белгісі: көк көз, қыр мұрын. Шашының толқыған бұйрасы бар. Сақал-мұртын бір қалыпты тұтас өсірген, онысы түрін аздап кәртеміс етіп көрсетеді. Бірақ өзі жас. Денесі мығым қайратты. Үстіне кигені мәуіті пенжаг, аяғында бәтіңке. Сырт пішіні момын, жуас интеллигентке ұқсайды.

Іздеу жұмысын жүргізіп жатырмыз. Нәтижесін қосымша хабарлаймын.

Чанышев, Уездік милиция  
бөлімі. Жаркент қаласы, Июнь, 1920 жыл.»

«Токтаусыз жіберілсін!  
Жаркент қаласы, Уездік  
милицияға! Чанышев  
жолдасқа!

Ақгвардияшы бандаларды іздеу жұмысын тоқтатпаңыз. Ізін білдіртпей жылысып кетуіне қарағанда мұнда олардың жасырын ұялары бары байқалады. Бандалардың шірік ұясын табуға қам жасаңыз. Бұл жөнінде Әскери тіркеу бөлімінің бастығы Давыдов жолдаспен кеңесіңіз. Сізге көмек көрсету жайында ол Верныйдан тиісті нұсқау алады. Банданың ұясы әшкереленіп белгілі бола қалған күнде өз бетіңізше әрекет жасамаңыз. Нұсқау күтіңіз!

Шагабутдинов,  
Революциялық Әскери Комитеті  
Верный қаласы, июнь, 1920 жыл.»

## ҚАПТАҒЫ ҚАН

Надежда түн қараңғысында көк қасқырдай жортқан бұл адамдардың арасынан бір кісіні таныған еді. «Шал» — деп бүркеншік атпен атап жүргені басқа емес, өзінің туған әкесі болатын. Бандалардың қарасы үзіліп, тоғай ішін мол тыныштық басқанда екеуі қол ұстасып, алды-артына қарамай ауылға қарай тұра жөнелген. Әнуар әлде нәрсе есіне түскендей жолда тоқтай қалып:

— Бұлардың арасында сендердің селоларыңның орыстары жоқ па? — деп тағы сұраған.

— О не дегенің, болса айтпаймын ба? — деп тітіркеніп кетті. Біза боп жылап жіберді. Өзінің ең сүйікті жақын адамына «Ол менің әкем еді» — деп айтуға аузы бармады. Бұл тіршілікте арым, барым алдында, ақ пейілімен айнымаймын деген жігітіне алғаш рет өтірік айтты.

— Неге жылайсың? Әлде мен жаман сөз айттым ба?

— Жо-о-қ, жәй қорқып кеттім.

— Анау «адвокат» — деп жүргеннің сөзін мұқият-ақ тыңдадым. Бірақ шырамыта алмадым. Біздің жатақта ондай адвокат жоқ.

Бұлар тоғайдан шығып қырға көтерілгенде село мен жатақтың арасындағы қара жолдың үстінде лапылдап жанған көп шырақты көрді. Қастарына тақап келгенде байқады: ағаштың басына ескі-құсқы шүберекті добалдай ғып байлап алып, оны қарамайға малып шам жасап алған. Жеті-сегіз адам жиналыпты. Орыс-қазағы аралас. Әнуар шалқыған жалыннан Тимофей мен өзінің ағасы Ахметті көріп қалды. Жүздері суық ашулы, кекті секілді. Жолдан жырақтау бұлақ басына орналасқан керуенді айнала кезіп жүгіріп жүр. Қап-қап астық тиелген түйе мен аттың шегі жоқ. Арасында екі-үш арбасы, есегі де бар. Шам ұстаған адамдар қалай жүгірседе қастарынан шөгіп жатқан түйе, басын салбыратып мүлгіп тұрған ат көрініп қалады. Ұзақ салқар көштей тізіліп шұбап жатыр. Шет жақтағы бір-екі

түйенің жүгі жоқ сияқты. Сол тұстан біреу айқайлайды. Қияс екенін Әнуар даусынан таныды.

— Ау, бері келіндер! Бермен қарай жүріндер!

— Немене, таптың ба? Қайда екен?

— Бәсе ол итгер алысқа ұзай қоймаса керек еді. Қаптағы қан кеппеген!

— Анау қарайған солар емес пе? Байқашы, қыбырлайтын секілді.

— Қиястың көзі қырағы-ау! Қараңғы түнде алыстағыны шалып қалған.

— Қалтасында тапаншасы болса атып жіберер! Өлгі күзетші қайда?

— Сақ болындар. Әй, Қызыл әскер бері кел! — деп жиналып қалған екі-үш қазақ күзетшіні шақырды.

Шошақ шлемді орыс жігіті далақтай жүгірді.

— Қане, қайда? Бұл иттерді табанда атам! Өлтірем! — деп жыламсыраған қалыпта сілтеген жаққа тұра жүгірді. Қазақтар да қоса жүгірді. Қарайғанға тақала беріп бәрі серпіле кейін шегінді.

— Өй, мынауың адам емес, есек қой!

— Не дейді?

— Көзінді ашып қара! — деп біреу Қиясты боқтап жатты. — Сен доңыз, хайуан мен кісіні ажырата алушы ма ең?!

Екінші біреу кейіген кейіппен:

— Жарқыным, осы сен жұртты бүйтіп әуре сарсаңға салмай шырайлы аяшыңның қасында жатсаң қайтеді! Ол бейшара, Қиясым қашан келеді деп ұйықтай алмай тыртыр қасынып жатқан шығар, — деді.

Жұмақұл:

— Бәрінен бұрын мына Миколайдан ұят болды. Мазактағандай, мылтығын шошайтып жүгіртіп қойдың, — деді. Қиястың әйелі кембағал жан. Жасында аттан құлап, бір аяғының сіңірі тартылып қалған. Оның үстіне шешектен қалған кесел бар. Аяғын басқанда бүкіл денесі бір жағына ауып шойнаң ете қалады. Сол кезде оң көзінің ағы шодырайып шарасынан шығып кете жаздайды.

Қатынының осы мінін айтқанда Қияс шала бүлінетін. «Мен тілеп пе екем. Құдайдың берген кеселі де! Алланың кәріне ілексең аяқ түгіл басыңды алар. Соншама пысықсып, о несі-ей!» — деп намыстанып өле жаздайтын. Бұ жолы жұрттың сөзі шымбайына тисе де, өз кінәсін сезіп, оны елемей ақталған болды.

— Қараңғыда қайдан білейін. Дөңбектей боп қыбырлаған соң үйіріліп тұрған адам екен деп қалдым.

Бұлардың қасына екі-үш адамды ертіп Тимофей мен Ахмет келді. Тимофей шырағын көтеріп жан-жағына қарап алды да:

— Николай Шестаков, сен бері келші, — деп баяу үнмен ақырын сөйледі. — Бүйтіп бекер әуре-сарсаңға түспейік. Бандалар бізге ұстатпайды. Уақыт оздырмай Жаркентке дереу хабар беру керек. Мықты аты бар біреу аттансын. Қане, қайсың барасың?

Ивановтың мына сөзін естігенде манадан бері белсеніп, екпіндеп, өршеленіп жүрген қазақтар үнсіз тына қалды. Қияс мұның себебін түсіндіргендей боп:

— Жаркент мына тұрған жер емес. Жол болса қиын. Қараңғы түнде тастақ соқпаққа аттың аты ғана шыдайды. Ондай мал бізде жоқ қой. Мына орыстарда семіз, тың аттар бар. Сен, Түймебай, орыстарыңның бірін жібер, — деді.

— Қиястың айтқаны қисынды-ау. Бүгінгі көп сөзіңнің ішіндегі татымдысы осы болды, — деп Жұмағұл қостап қойды.

— Біздің селоның кісілері бұған не дейді? — деп Тимофей қасындағы орыстарға қарады.

— Киргиз ит сүмелектігін қашан қояды, — деп Усковский орысша-қазақша сөздерді араластырып киліге кетті. — Қит етсе орыста семіз ат бар, астық бар, картоп бар, шөп бар деп шыға келесіңдер. Сендердің сөздеріңе ілесіп Совет салығын бізге аударады. Сен сволочь, қашан жарисың? Соны айтшы!

Қияс күйбектеп:

— Құдай бермесе қайтем! — деді.

— Сенде ар жоқ. Құдай бәрін береді, жақсы жылқы да

береді. Сен сволочь, семіз атты жеп қоясың! Сонан соң мықты, жүйрік жылқы бітпейді!

Иванов кейіп:

— Сен, Яша, жай сөйлесең қайтеді? Боқауызға үйірсің! — деді.

— Немене, боқтасам қағанағы жарылып кете ме? Боқтаудан өлген қазақты көргенім жоқ! Біліп қойсын, бізде жарамды ат табылмайды. Жаркент жердің түбі емес пе?

— Басқада жұмысың болмасын. Өзің үшін жауап бер.

— Барам дегенге жол ашық. Жүре берсін!

Үйіріліп тұрған адамдар осы бір жайсыз әңгімеден құтылғысы келгендей бытырап, қолдарындағы шамдарын топыраққа аунатып та өшіріп кетуге ыңғайланды. Шестаков ашуға булығып айқайлап жіберді.

— Қайда барасындар! — деп мылтығын аспанға көтере атып қалды. — Мұнда қызыл әскер қанжоса боп жатыр. Қызыл керуенге шабуыл жасады. Москва, Петроград жұмысшыларына, аш-жалаңаштарға жіберілетін астық жолда қалды. Ал сендер, ат аяйсындар!

— Сабыр ет, Шестаков, — деді Тимофей күзетшінің білегінен ұстап. — Оқ керек боп қалады, ысырап етпейік.

— Кімде жақсы, жүйрік ат бар? Соны айт! Бермей қикалақтаса, заң атынан табанда атып тастаймын!

— Қазір словоданың заманы. Көлігін бере ме, жоқ па, әркімнің ықтияры өзінде. Большевиғіңнің бұл қағидасын бұзғаның жөн болмас, — деп Усковский кекете сөйледі.

— Сен сволочь, контр, большевиктен садаға кет! Осыдан мыңк етіп дыбысыңды шығарып көрші. Ішек-қарныңды найзамен түйреп ақтарып түсірем!

Иванов та қатты зекіп:

— Яша! Усковский! Салғыласар, керісер жер тапқан екенсің. Ешкім көмек сұрамайды сенен. Көлбеңдемей жоғал! Қаранды өшір! — деді.

— Жау шапты деп шақырған өзің емес пе ең!

— Бүйткен көмегің құрысын! Аулақ жүр!

— Құдай күнімді саған салмай-ақ қойсын! — деп Усковский қорбандап, қараңғыға сіңіп бара жатты.

Иванов әлден соң Шестаковқа бұрылып:

— Бұл жақтың жолы өзіңе мәлім. Қалың шатқалдардан, киын қиялардан өтеді. Қараңғыны жамылған біреу-міреу кездесе қалса, қайта айналып қаша алмайсың. Қайратты екі-үш жігітті қаруландырып қатар аттандырмасаң жалғыз адамның Жаркентке жетуі неғайбыл, — деп ойындағы күдігін айтты.

— Өзім-ақ барар едім! Мына керуенді қалай тастап кетем?

Ахметтің ашық үні естілді. Ол омыраулай тақап кеп:

— Мен барамын! — деді.

Тимофей таңғалып:

— Жалғыз бармақсың ба?

— Иә!

— Мінетін атың қайсы?

— Құдам келген. Соның бәйге торысын сұрап мінем.

Шестаков қуанып кетті.

— Нағыз жігіт! Бауырым, атың кім?

— Ахмет, Майлыбай баласы.

— Көп рақмет, Ахмет, — деп қос қолымен Ахметтің қолын алып қатты қысты. — Бұл жақсылығыңды ұмытпаймын. Егер аттың иесі қиналса, атының майына жарты қап ұн берем. Солай деп айт. Әуелі бір-екі қадақ тұз бере алам!

— Құдам ондай кісі емес. Мұны естісе ренжіп қалады.

— Онда тіпті жақсы. Жағдайды өзің көріп тұрсың. Қалай болғанын баяндарсың.

— Бәрін айтам.

Ахмет көп ұзамай жүріп кетті. Жүрер алдында Иванов Ахметтің иығына қолын салып:

— Әйткенмен жалғыз кісіге қауіпті. Қарсы болмасаң, мен ерейін, — деді.

— Мұнда Қызыл керуен бар. Шестаков жалғыз. Қауіп сейілген жоқ. Мен Қаратаудың қылкөпірі арқылы асып, төте жолмен кетем. О жақта мені ешкім тоса қоймас.

— Жолың болсын, бауырым!

Бұл жақта осындай төтенше бір жағдаймен болмаса,

село мен ауылдың орыс-қазағы бұлай топтасып бастары қосыла қоймайды. Ондай жиынның шырқын Усковский сияқтылар ұрыс-керіспен бұзып жібереді. Бұлар Әнуар мен Надежданың жарым түнге дейін қыдырып жүргенін көзі шалса қып-қызыл жанжал сонда болар еді. Орыстар қызының қайдағы қазақ баласымен қол ұстасып жүргенін қорлық көрсе, қазақтар Әнуардың кәпірдің қызымен әкей-үкей болғанын сұмдық санар еді. Мұның арты бітпес дау-жанжал, жаулыққа айналып кетуі де ықтимал... Әнуар мен Надежда Усковскийдің айқай-боқтығын естігенде-ақ алды-артына қарамай зытқан. Надежданы үйінің тұсына дейін шығарып салып Әнуар таң ата оралды. Бибіжан түнде атылған мылтықтан шошып ұйықтай алмай жатқан. Есіктен ақырын кіріп келе жатқан Әнуарды көріп:

— Балам-ау, қайда жүрдің? Үрейімді ұшырдың ғой! — деп баласын құшақтай алды.

— Ақсүйек ойнадым, апа! — деп төсекке құлай кетті.

Әнуар ат тұяғының дүбірінен оянып кетті. Түс мезгілі боп қалған. Бетін суық суға шая салып далаға жүгіріп шыққанда мылтық, қылыш асынған атты милицияның ауыл тұсында шапқылап жүргенін көрді. Түнде өздері көрген керуен тұсында көп адам жиналып қалған. Әнуар солай қарай жүгірді. Шеткі қара тамның тұсынан өте бергенде көлеңкеде отырған кемпір айқайлап тоқтатты.

— Ей, бұ қайсың?

— Мен Әнуармын ғой!

— Ағаң уезден мелице әкепті деп еді. Нариманның баласын бауыздаған кісіні тауып па?

— Қатша апа, не дедіңіз? Мүбәрак ағам өлген бе? Кім айтты?

— Е, қайдан білейін. Жұрт солай деп жүр ғой. — Қатша Әнуардың жарытып әңгіме айта қоймайтынын білгеннен соң «сен шіркін, не білуші ең, жолыңнан қалмай жүре бер» — дегендей теріс қарап ернін сылп еткізді.

Атты әскердің бірі ұзақ керуенді айнала желіп өтіп қатты қорып жүр. Кісілерді маңайлатпайды. Кіре тоқтаған бұлақтың арғы бетінде кішкене төбенің үстінде селоның



орыстары үйіріліп қарап тұр. Бер жақ бетінде жатақ пен жақын ауылдың қазақтары жиналған. Әнуар адамдардың арасымен сығылыса керуенге тақай түсті. Керуен шетінде бір ат пен түйе теңкиіп жатыр. Іштері кеуіп кеткен. Алдыңғы жақта да дәу атан серейіп қалған. Жер-көктің бәрі шашылып жатқан бидай, тары. Керуеннің орта тұсында Тимофей мен ағасы Ахметті көрді. Екеуі жал-құйрығы қара сары қасқа ат мінген әскери кісімен сөйлесіп тұр. Сары ат өзгеше сұлу жаралған. Аяғымен жер тарпып басын шұлғып қалғанда күміс жүгенінің сағалдырық тоқа басы сылдырлай түсіп, қара жалы талданып шашақталып түндік ашылғандай желп ете қалады. Тегінде милиция әлгінде ғана жеткен секілді. Сары аттың омырау, құлақ тері әлі кеппеген.

Әнуар топтан сытылып шығып Ахметтің қасына жүгіріп барды. Ахмет мұны баласынып сырын ашып айта бермейтін. Қазірде ұрысып, қуып жібермек болды.

— Мұнда неғып жүрсің? Бар үйге! Кешке дейін асық ойнап қаңғығаннан басқа дым бітірмейсің. Оданда апаңа көмектессеңші! — деді.

Әнуар ағасынан қорған таппаған соң Иванов пен сары атты кісіге жалтақтай қарап:

— Сіздер керуенді қиратқан қарақшыларды іздеп жүрсіздер ғой. Біз оларды көрдік. Өздері алтау болатын, — деп сөзін аяқтатпай қуып жіберетіндей аптыға сөйледі. — Оның біреуі қазақ, оны «Адвокат» деп атап жүрді. Ішінде мырзасы бар. Бастығы сол! Бәріне әмір беріп жүрді.

Ахмет інісінің иығынан жұлқып тартып қалды:

— Әй, сен аусар, не сөйлеп тұрсың? «Адвокат», «Мырза» деген де сөз бола ма! Аты-жөнін айтсаңшы!

— Бұған кәдімгідей сөз айтсаң сөйтеді, — деп бұртиды. — Маған аты-жөнін айта қоятындай төремін бе? Оны қайдан білейін! Анау «Шал» дегені балбандап қасымызға тақап қалып еді. Мылтық атылып қалып өздері тым-тырақай қашты.

— Сенің бізің кім? Атылған қандай мылтық? — деп Ахмет тақақтай түсті. Атты кісі:

— Ахмет, сәл сабыр етші!— деп ат жалын ұстап еңкейе алға ұмтылыңқырап, — Атың кім? Кімнің баласысың? — Иванов оның Ахметтің інісі екенін сездіргенде, — ақылды бала жақсы ағаға тартады. Кел, танысайық менің атым Қасымхан. Ал енді бізге асықпай ретімен айтып бер: өздері алтау дедің бе? Кімдер олар? Егер танымасаң, онда түр-түсін, қимыл-жүрісін, киген киімін айта ғой.

Әнуар өзіне мұндай қиын сұрақ қойылатынын ойламап еді.

Қылмыстыларды қайда көргенін айтса, мына сақадай сай қарулы топ өздері барып тығылған жерінен жұлқылап тауып әкететіндей көрінген. Төмен қарап күмілжіп қалды.

— Оларды тоғай ішінде көрдік. Түн қараңғы болатын. Қорбандаған қарасын ғана байқап қалдың.

Ахмет:

— Түн ішінде тоғайда не бітіріп жүрсің? Қасыңда кім бар еді? Жаныңның барында шапшаң айт! — деп зіркілдей жөнелді.

Әнуар арғы бетте төбе үстінде үймелеп тұрған адамдарға көз қиығын тастады. Надежда гүлді орамалын бүріп ұстап, кеудесіне басып, сұрлана түсіп оқтай қадалып қалған. Талданған самай шаштарын жел сабалап, жұлқылай түседі. Қатты шошынған түрі бар. Қасымхан баланың қысылған сырын сезді.

— Тоғайға кіммен қыдырғаныңды айтқың келмесе, мейлі, айтпай-ақ қой. Ең болмаса біреуінің сырт кейпін сипаттап берші, — деді.

— Бұл шірік неме, біреумен қыдырып барды дейсіз бе? Жәй, ойынан шығарған қиялы да, — деп Ахмет қабағын шытты.

— Сеніңше мен өтірікшімін бе? Өтірік айтады екем ғой! — деді Әнуар ыза боп.

— Сенбесең, анау найзағай тілген еменнің қасына бар. Сонда «Шұбар» деген біреуін көзі ауырып ілесе алмаған соң бұтаның арасына атып тастап кетті!

Қасымхан Әнуардың басын сипап:

— Айттым ғой, ақылды бала жақсы ағасына тартады деп.

Сенің есейіп, ер жеткенің көрініп тұр. Біздің әурешілігімізді айтпай-ақ өзің байқап анық, дәл түсінгенсің. Бұл үшін көп рақмет. Ал қазір алаңдамай үйге бара бер. Мына Қызыл керуенді жөнелткен соң алдағы уақытта қандай жұмыс жасайтынымыз жайында асықпай кең отырып ақылдасайық. Мақұл ма? — деді

— Жарайды.

Әнуар ұзақ кірені жағалай ақырын аяңдай берді. Керуеннің орта тұсында арбаның қасында қызыл өгіз көзі бақырайып, тілі салақтап өліп жатыр. Өгізге артқан ақ қаптағы ұн ақтарылып қалған. Қаптың сыртына бес саусақтың таңбасы қанмен басылып қалыпты. Сол сәт «Бұл Мұбарак ағаның саусағы шығар» — деп ойлады. Ақырын бұрылып төбе жаққа қарады. Надежданы көре алмады. Төбені қиялай қара жолдан асып үш-төрт аттылы тоғайға қарай шауып барады. Алдында оқшау озып бара жатқан Қасымханның сары қасқа аты секілді. Ат тұяғынан көтерілген тозақ жерге шөккен қоңыр бұлттай шұбатылып, бұйраланып қалып барады.

## ОҚШАУ ХАБАРЛАР



«Токтаусыз жіберілсін!  
Верный қаласы,  
Облыстық Революциялық  
Әскери Комитетіне!  
Шагабутдинов жолдасқа!

*Уездегі төтенше жағдайды хабарлаймын: Алтын Емел жақтағы ауыл-селолардан мол азық-түлік жинап келе жатқан Компродтың отряды ұзақ жолдан кейін тыныс жасамақ боп Подгорный селосына аялдаған. Ел орынға отыра берер шақта қарулы бандалар Қызыл керуенге шабуыл жасап, қатты күйретіп кетті. Бандалар бір ат, екі түйе, бір өгізді бауыздап, пышаққа салды. Төрт-бес қап*

бидай мен тарыны, ұнды шашып, төгіп кеткен. Күзетші қызыл әскер Капустин жау қолынан қаза тапты. Екінші күзетші ауыр жараланды. Қазір Подгорный селосының фельдшерлік орнында жатыр. Уезден әдейі барған дәрігер операция жасады. Ауру әлі есін жиган жоқ.

Бізге мынадай жағдай мәлім болып отыр: бандалар барлығы алты адам болған. Бастығы ақгвардияшы офицер, лақап аты «Офицер мырза». Бүркеншек атпен жүрген «Адвокат» қазақ та сол банда басшыларының біріне ұқсайды. «Шұбар» деген бүркеншек атпен жүрген біреуі керуенге шабуыл жасағанда ауыр жараланған. Ілесе алмайтын болған соң серіктері тоғай ішіне атып тастап кеткен. Оның бет-жүзін село тұрғындарына көрсеткенде ешкім танымады. Бархуздарда тұратын адам ба деген жорамал бар. «Шұбардың» қайда тұратыны, кім екені жөнінде анықтама істері жүргізіліп жатыр.

Селодағы большевикке тілектес адамның көмегімен мынаны анықтадық. Ары-бері өткен жолаушыларға жалға пәтер беріп жүрген Крутикова дегеннің үйіне Жарков деген біреу тоқтаған. Сырт кескінін, ерекше белгілерін сипаттағанда өткен жексенбіде шекарадан өткен ақгвардияшы жансыздарының біріне қатты ұқсайды. Жарков өзін облыстан келе жатқан землемер етіп көрсеткен. Облыстық жер бөлімінде сондай кісінің қызмет істейтінін, не істемейтінін анықтауыңызды өтінем.

Қызыл керуенді құтқаруда және бандалардың ізіне түсуде Майлыбай балалары Ахмет пен Әнуар большевикке тілектес Тимофей Ивановтың көп көмек жасағанын атап өтем.

Қазір бандаларды табу және оны түп тамырымен жою жөнінде пәрменді шаралар қолданып жатыр. Нәтижесін қосымша хабарлаймын.

Чанышев, Уездік милиция  
Бөлімі. Жаркент қаласы, июнь, 20 жыл».

«Тоқтаусыз жіберілсін!  
Жаркент қаласы,  
Уездік милицияға!  
Чанышев жолдасқа!

*РЕВКОМ Компрод отрядына, Қызыл керуенге шабуыл жасағанына және оған зиян келтіргеніне қатты алаңдап отыр. Бұл жеке бір адамдардың өшпенділігінен, наразылығынан туған өткініші әрекет емес, түп тамыры тереңде жатқан, астыртын берік ұйымдасып ашық күреске аттанған ақгвардияшы сілімтіктердің Совет өкіметіне жасап отырған қастандығы деп білген жөн. Қызыл керуенге шабуыл жасаған, қызыл әскерді өлтірген бандаларды әшкерелеуге күш салыңыз. Үкім қан төгілген жерде, бүкіл халық алдында орындалсын. Астық үшін шайқас Совет өкіметі үшін күрес екенін ұмытпаңыз!*

*Жарков жөніндегі сұрағыңыз жұмбақ істің көзін ашуға септігі тиді. Шынында, Облземде<sup>1</sup> Жарков деген қызмет істеген. «Қызыл қыран» партизан отрядында болып анненковшыларға қарсы соғысқан. Жарков Сергей Антонович бұдан 15 күн бұрын соғыста алған ауыр жарасы асқындап қаны бұзылып қайтыс болған. Подгорныйда бүркеншек атпен жүрген Жарков шекарадан өткен Дутовтың жансызы екені анық.*

*Жарковтың уездегі байланысын анықтаңыз.*

Революциялық Әскери Комитеттің тапсыруы бойынша  
Шагабутдинов. Верный қаласы, 1920 жыл, июнь».

## АРПАЛЫС

Усковский ағаш қақпадан кең қораға кіргенде қазандықтың қасында жаңа сойған қаздың жүнін жұлып жатқан Крутикова:

<sup>1</sup> Облзем – облыстың жер бөлімі

— Яша, таң ертемен не ғып жүрсің? — деп жалаңаш білегімен тершіген маңдайын сүртті.

— Сені көргім келді.

— Мені не қыласың?

— Жалаңаш төсіме құшақтап қысайын деп ем.

— Қойшы, қайдағыны айтпай, — деп Крутикова жылы жүзбен жымия күлді. — Одан да ауырған басты айықтыруға келдім десеңші.

— Оның рас. Аздап жұтқым кеп тұр.

— Сенің Тамараң таң атпай жұртқа арақ бересің. Байымды бұзып бітгің деп апшымды қуырмай ма? Өзің кеп тіленіп жүргеніңді білмейді.

— Менің қатынымнан келер саған бәле жоқ. Қорықпа. Оның өз күйігі өз басынан асады. Екеуіміз тағы ұрысып қалдық.

— Қойшы, екеуіңе не жетпейді осы?

— Әйел жынысына тойым бар ма? Қайдағыны жыбырлап сұрап кісіні мезі етеді.

— Осында қара қазақ көп қатынның көңілін тапқанда, оқымысты саған бір қатынның тілегін орындай алмай не көрінді, — деді де қолын алжапқышқа сүргіп алып, — ортаңғы үйге барып отыра бер. Тамақ ішесің бе? Не дайындайын?

— Онша тәбетім тартып тұрған жоқ. Араққа ащы-тұщы бірдеме әкел. Сол жарайды.

Үйдің бұрышында әдеттегідей ақ подноскқа қойылған сары самаурын болымсыз ғана тызындай қайнап тұр. Оттық тесігінен майда қызыл шоқ жылт-жылт етеді. Усковский стол шетіне сұлқ түсіп отыра кетті. Әлден соң Крутикова графинаға құйылған арақ, тұздалған қияр, тоңазытылған тауық етін әкеп қойды. Өзі Усковскийге сүйене отырып:

— Яша, сен борыштар емессің бе? Өткен жолы Сигаловпен ішкен арағыңды төлеп пе ең? — деп иығына қолын салып желке шашын сипалады, — Еркектің әр жерде қарыздар боп шашылып жүргенін жаратпаймын. Тиянақты, ұқыпты болғаны жөн!

Усковский бұрылып тесіле қарады.

— Шынымен төлемедім бе? Оллаһи, есімде жоқ.

— Онда есіңе түскенде бір төлерсің.

— Кешір, Зоя. Қазір соның есебін еселеп алып қал. Көп ішіппіз ғой. Есімнен танып қаппын.

— Бұл жерден түзу шығып едіңдер. Жолшыбай дүкенге соққансыңдар ғой?

— Дәнеңе білмеймін. Түнде оянсам, ақырдың қасында, жоңышқаның үстінде жатырмын. Біреу бетімді сілекейлеп сүйіп, жалап жатқан секілді. Қатыным екен деп бәлсінбек боп қолыммен қағып жіберсем, оңбағыр сары қаншық екен. Құсығынды аяйсың ба дегендей қыңсылай жөнелді.

— Әйел байқұс сорлы ғой. Осыдан соң жиіркенбей қасына қалай жатқызады десеңші! — деп керіле көтеріле бергенде, Усковский:

— Сен, Зоя, асықпа. Айтатын маңызды әңгіме бар, — деп білегінен тартып отырғызды. Графиндегі арақты стаканға толтыра бір-ақ құйып басын шалқайта қағып салды да қиярды күтірлете асап аузын сұртті. — Мен саған келдім. Совет шақырып жатыр.

Крутикованың өңі қуарып кетті.

— Менде қандай жұмысы бар? Салығын төлегем. Аш-жалаңашқа беретін бидайын, майын құйғам. Әнеукүні жүндепті. Жұмыртқасымен қосып онысын да апарып бердім.

— Қатынның немене керек екенін өзім де білмеймін.

— Уақ-түйек іске баланы жұмсар еді. Ақтың бұрынғы білдей офицерін жібергеніне қарағанда іс күрделі болғаны ғой! Сен қалай ойлайсың?

— Білмеймін. Советтер маған құпиясын ашпайды. Сонан соң, қит етсе «ақтың офицері» — деп шыға келесіңдер. Мазақ па, бұл не? Солай деуді қашан қоясыңдар!

— Кешір, Яша, мен жақсы ниет, көңілмен айттым. Және көргені, білгені көп, біздей от басы, ошақ қасындағы кісі емес деп сұраймын.

— Адамның жауы оның қызыл тілі. Тіл бас жармаса, тас жарады. Аузыңа ие бол. Саған беретін мәслихатым осы.

— Жесір қатынға құрғақ сөз де демеу. Мұнына да рақмет. Қасымхан бүркеншек атпен өлген «Шұбар» Бархуз-

дардан деген соң оның аты-жөнін анықтау үшін со жаққа барған. Қайтар жолында Көксайға соқты. Онда Ахметтің қайын атасы Аңызқтың үйіне тоқтады. Шай үстінде әңгімелесіп отырғанда Аңыззақ:

— Бұл ауылдың сөзі өтімді, естияр, көзі ашық кісісі баяғы Садық мырза. Тіршілік дүниесінен безіп, софылық қылып дін баққан секілденеді. Сырты мүләйім, жуас, момын көрінгенімен әлі азулы, әрі әруақты. Астыртын алыс-қағыс жұмыстарына жандайшабын сап қойып, бар ісін тыныш ғана тындырып жатады. О немесі де өзіне дөп қосылған. Мырзаның ойын қас-қабағынан танып, айтқызбай-ақ лыпылдап тұр. Садыққа жақпаған кісілерді ол да өзінше иектеп, жоқтан өзгеге кінәраттап қыр көрсетіп қалады. Соңғы кезде Жарықбасы көрінбей кетті, — деп ауыл жаңалығын термелеп сөз еткен.

Қасымхан Аңызқтың әңгімесін тыңдай отырып жай сұрай салды.

— Оның кім?

— Осында сынықшы тәуіп Арынды білуші ме ең? Мынау соның Жарықбас деген үлкен баласы.

— Мырзасын тастап қайда жүр?

— Садықтың қулығына найза бойламайды. Соны күрделі жұмыс тапсырып бір жаққа жіберді-ау деймін. Әйтпесе, осы ауылды бір шаңдатпай кетпеуші еді.

Қасымханға «Бәлкім, ол шекараны бұзған дутовшыларға жол көрсетіп, солардың арасында жүрген жоқ па екен?» деген ой келді. «Бұл жаққа келмегеніне көп болды ма? Қашаннаң бері ауылда жоқ?» деген сұраққа Аңыззақ әуелі күніне дейін айтып берді. Бұл бандалардың шекарадан өткен уақытымен дәл келеді. Және сол кезде Қызыл керуенге шабуыл жасалды. Бәлкім, Жарықбас оларды Қаратаудың қиын асуларымен тасалап Подгорныйға апарған шығар. О жаққа бара қалған күнде жатақтағылар оны білсе керек еді. Әлде ол көп жолаушылардың бірі секілді Крутикованың үйіне елеусіз кеп, сол жерден қайтып кетті ме? Қайткенде де мұны анықтау керек. Қасымхан Аңыззақпен әңгімеден кейін Подгорныйға қайта оралған.



Селолық Совет Тимофеймен ақылдаса отырып Крутикованы шақырып келуге әдейі Усковскийді жіберген еді.

Крутикова селсовет кеңсесіне кіре беріп, есікті қайта шапшаң жаба қойды. Кеңседе әскери киім киген кісіні көріп шошып кетті. Осы кезде қатарындағы есіктен шыққан Иванов:

— Мұнда неғып тұрсың? Кеңсеге кір! — деп есікті ашып кіргізіп жібермек боп еді. Крутикова білегінен ұстап тоқтатып:

— Тимофей, мені председатель шақырды деп еді. Оның орнында әскери киім киген біреу отыр ғой! — деді.

— Отырса сенде жұмысы болғаны.

— Неге шақырғанын білмейсің бе?

— Зоя, саған үгіт айтпаймын. Ақылың бар қатынсың. Сен қаймығатын дәнеңе жоқ. Сұрайтыным: шындықты айт! Бүкпе, жасырма, тайсалма! — деді де есікті ашып кіргізіп Қасымханға таныстырды. — Зоя Егоровна деген осы кісі болады. Жалғызілікке карамастан шаруашылығын күйзелтпей дөңгелетіп жүр. Үйінде еркегі бар әйелдер бұл сықылды кенеліп отырған жоқ.

— Білем, мынадай аласапыран қиын кезде ондай іс әркімнің қолынан келе бермейді, — деп Крутиковаға орындық ұсынды. Кетуге ыңғайланған Ивановқа, — Тимофей Максимович, тығыз жұмысыңыз болмаса бұл әңгімеге қатысуыңызды өтінер едім, — деп қарсы креслоны нұсқады. Стол үстінде кендір жіппен буылған қалың қағаз папканы шетке қарай сырғытып қойды да Крутиковаға тесіле қарап:

— Зоя Егоровна, көптен бері үйіңізді пәтерге жалдап жүрсіз бе? — деді.

— Қалай дейін, күйеуім өлгеннен кейін алты жасар қызымыз екеуіміз қаңыраған қарағайдай үйде қалдың. О баста жаңа үйге әлде біреуді кіргізбек түгіл маңайлатам деген ой менде болған жоқ. Дүниеде өз үйіңнен өзің қорыққан жаман екен. Кеш батысымен қызымыз екеуіміз түпкі үйге

тығылып есік-терезені қымтап жауып аламыз. Кейде көз іліндірмей шығатын кезім болды. Бір жолы Шонжаның бір топ саудагерлері келді. Бұл үйге кім сілтегенін білмеймін. Күн құйып тұрған. Бұл жақтың жауыны бір жауса, аспанның түбі түскендей қоймайды, шелектеп құяды. Біреу айқайлап есік қағады. Қораға ит байлап қойғанбыз. Көп адамнан сескенді ме, үйшігіне тығылып, қыңсылап үреді. Амалсыз есік аштым: «Ой, маржа, бальшой рақмет! Біздікі маржа жақсы!» — деп топырлап кіріп жатыр. Әуелі рұқсат сұраған жоқ. Ішінде орысша шала сөйлейтін біреуі бар екен. Сол бір-ақ күн түнейтінін, ертең кететінін әрең айтып түсіндірді. Бәрінің үсті малмандай су, біреуінің көн етігі балшықпен бірге езілгендей мылжаланып қалған. Жаным ашып шай қойып бердім. Ертеңінде жүрер алдында жібек шапан киген аңсақалды біреуі қасына шақырып алып «Сен, маржа, жақсы. Бальшой, бальшой рақмет!» — деп көп ақшаны қолыма ұстатты. «Керегі жоқ, алмаймын!» — деп безек қақтым. Әлгі тілмашым: «Алмасаңыз ақсақал өкпелейді. Біз қайтар жолда тағы соғамыз. Мынаның ішінде соның да ақысы бар» — дегендей болды. Олар кеткеннен кейін дүкенге барып мол ғып қант-шай, нан алып келдім. Келе қалса дайын тұрсын деген ой болды. Бірақ Шонжа қазақтары оралмады. Олардың орнына басқа біреу кеп жатты. О баста үйге кісі жібермеуім жалғызіліктен, қорыққаннан болған еді. Аяғы кәсіпке айналды.

— Қалалық жерде мейманхана ұстағандар келім-кетім кісілерді тіркеп отырады. Сізде қалай?

— Ондай жазу жүргізбейміз. Оның қажеті жоқ. Тоқтайтындар осы өңірдің адамдары, оларды былай да танимын. Көбі осы жақтың базаршылары ғой.

— Сырт адамдары да қонатын шығар?

— Ондайлар сирек, бірақ кеп тұрады.

— Өткен аптада, дүйсенбіден бастап кімдердің келгенін айтыңызшы.

Крутикова ойланып қалды.

— Дүйсенбиде дейсіз бе? — Саусағының ұшымен ернін сызғылап, — аптаның алғашқы күні кешінде аттылы біреу келді.

— Жарков па?

— Аты-жөнін сұрамадым.

— Бет-аузын қалың сақал басқан сары кісі ғой?

— Иә, соның өзі. Оны танысыз ба? Айтқандай ол облыста істеймін деген болатын.

— Қашан кетті ол?

— Келесі күні көрінбеді.

— Көрінбегені қалай? Сізге жатқан ақысын төлемеді ме?

— Атының жайылып жүргенін көріп селодағы таныстарында жүрген шығар десем, ақшасын төсек үстіне қалдырып, өзі кетіп қалыпты.

— Оның мінген аты қайда?

— Білмеймін.

— Тағы кімдер кеп түнеді?

— Әлгі полукұрсақ крестьян бар.

— Оныңыз кім?

— Сіз танымайсыз ба? Ғажап екен! Ал ол уездік милицияға айтам. Бастығының өзі менің тамырым. Ол үшфу десе, бәрінің күлің көкке ұшады деп зәремізді алды!

— Фамилиясы, аты-жөні кім?

— Айта алмаймын. Оны жай полукұрсақ крестьян, не полукұрсақ дейміз. Мәз боп соған жауап қатады. Бет-аузы батпаған семіз шұбар қазақ.

— Түн ішінде не ғып жанжал шығарып жүр?

— Әлгі өзіңіз айтқан Жарков облыстанмын деген соң, дәрежелі, маңызды кісі санап оңаша жатқызған едім. Ол күй таңдамайтын, тиын санайтын саудагерлердей емес қой, — деп сол күні түнде болған әңгімені тап-тұйнақтай ғып айтып берді.

Қасымханның іздегені Жарықбас еді. Садық мырза жападан-жалғыз жауынды күні Крутикованың үйіне келе қояды деп ойламаған. Ол мұнда не ғып жүр? Мына тұрған ауылдағы қазақ ағайындарына тоқтамай Крутикованың үйіне түнеу себебі не? Әлде ол Жарковпен жолығу үшін әдейі келген бе? Жарықбас қайда?

Осы бір сәтте Қасымханға әрқилы ой келді. Ол

Жарықбастың сырт кейпін, түрін сипаттап, сондай жігітті келім-кетім кісілердің арасынан байқамадыңыз ба дегенде, Крутикова:

— Ондай адам келген де, қонған да жоқ, — деп сендіре жауап қатты.

Қасымхан сәл ойланып:

— Бұрын сіз мұнда келіп пе едіңіз? — деді.

— Қалай дейін...

— Усковский ертіп келген шығар?

— Иә.

— Не жайында сөйлестіңіздер?

— Пәлендей әңгіме бола қойған жоқ.

— Айта беріңіз, тыңдап отырмын.

— Соншама қажет пе?

Иванов килікті.

— Сен, Зоя, сұраққа жауап бер. Қажет пе, жоқ па, онда жұмысың болмасын. Ұқтың ба?

Крутикова әжептәуір дәрежелі, маңызды кісінің уақ нәрсемен әуестенгеніне танданғандай басын қисаң еткізіп сөйлеп кетті.

— Булығаны бірінші рет көруім еді. Бетінен майы шыққан семіз сары жігіт екен. Мына сіз отырған жерде, осы креслода отырды. Біздің келгенімізді жақтырмады. Қабағын шытып «қолым бос емес. Бүгін кісі қабылдамаймын!» — деп, дүрсе қоя берді. Усковский екі алақанын жайып «Председатель жолдас, кешір. Біз надан бұқара, Советіңнің заңына, тәртібіне үйрене алмай жатырмыз. Өкімет жетім мен жесірдікі демей ме?! Мынау Зоя сол жесірдің бірі. Бұл байқұстың мұңына құлақ сал!» — деді. Булыға «қандай жұмысың бар? Шапшаң айт!» — деп маған зеки жөнелді. Абыржып, сасып қалдым. «Налогты күннен-күнге көбейтіп барасыздар. Келім-кетім кісілерден түскен бар ақшаны қазынаға құйсам, қалай күн көрем» — деп мүләймси қалдым. «Совет жеке адамның пәтер жалдауын, жезөкше үйін ашып табыс табуын қоспайды. Саған жесір, қызы жас, сүйенері жоқ деп рұқсат еттік. Соған да рақмет айт!» — деп қатуланғанда, Усковский «мұндағы өкімет те, большевик

те өзіңсің. Бар билік қолыңда. Сен налог салуыңды қой. Пәтер жалдағанын көрмеген, сезбеген бол. Бұл ақымақ катын емес. Қарымын қайтарады. Барғанда, алдына арағын тосып, өзіңді сыйлап тұрса одан артық саған не керек», — деп көндірмесіне қоймады.

— Усковский Булығаны жақсы танитын болғаны ғой?

— Қаншалықты танитынын білмеймін. Бірақ бір-біріне «сен» деп өзімсіне сөйлеп жатты.

— Бұдан соң Булыға сіздің үйге келді ме?

— Бір жолы арақ ішіп кеткен.

— Сонау жаққа арақ ішу үшін ғана барды ма?

— Бұдан басқа қандай ойы болғанын білмеймін. Ал арақты тәуір-ақ сілтейді екен.

— Ол дәнеңе айтқан жоқ па?

— Арақ ішкен адамның сөзінде қай бір мән бар дейсіз. «Осы жұртта ми жоқ. Председатель болған соң құдай көреді. Билік те, ақша, да осының қолында деп ойлайды. Бәрі далбаса, бар билік сонау жоғарыда жатыр. Дабыратпай, жіңішкелеп нұсқау береді де, бар билік халық қолында, шешуші күш солар деп дым білмегенсиді. Ал бұйрығын орындамасаң жаусың, контрсың деп шыға келеді. Менде жалпиган мөрден басқа дәнеңе жоқ. Саған мөр керек пе? Пожалуйста, қалаған жеріңе былшылдатып басып берем. Менің күдіретім осында!» — деп әрнемені шатып отырды.

— Сізді мақтаған да болар?

— Жалғыз Булыға емес, арақ ішкен еркектің бәрі солай ғой. Тілінің ұшымен мақтап маймылша жабысады.

— Осы жолы барғанда Усковский не айтты?

— Не айтушы еді? Председатель шақырады, тез бар деді.

— Тағы не деді?

Крутикова екі иығын бүлк еткізді.

— Басқа не айтпақ?

Қасымхан күлімдей қарап:

— Адамның жауы қызыл тілі. Аузыңа ие бол деген жоқ па? — деді.

— Ғажап екен! Оны қайдан білдіңіз?

— Зоя Егоровна, сұрақты мен қойып отырмын. Тек анық, дұрыс жауап беруіңізді өтінем. Сонымен, шіркеуге жиі барып тұрасыз ба?

— Бұрын аптаны құр жібермейтінмін. Күйеуім қайтыс боп көңілді күйік басқан, өмірден күдер үзген шақта маған қол ұшын берген Әулие әке Алексей болатын. Өзін жанашыр, дос кісі деп білем.

— Сіз келім-кетім кісілерден естіген жаңалықтарды оған жеткізіп тұрасыз. Солай ма?

— Әулие әкеден жасыратын сырым болмайды.

— Алексей-әке сіздің шіркеуге бармай жүргеніңізге ренжімей ме?

— Кейбіреулер мені мол ақша тауып, қапқа салып жинап жатқандай көреді. Әуелі шолақ купес санайды. Ал мен бейнеттен басқа рақат көрмеймін. Өзіңізге мәлім, жолаушылар күн-түн демей келе береді. Күн мен түннің ұзақтығы қанша болса, еңбек сағаты да соншалық. Келген кісіге тамақ дайында, төсек-орынын ауыстыр, кір жу, үй тазалығын сақта — осының бәрі менің мойнымда, жалғыз кісіге мүлде қиын екен. Жесір деп кеміте ме, кейде ішкен арағының ақшасын төлемей кететіндер де бар. Мас адаммен қалай салғыласаңыз? Ал Егордың су тасып, отын жарғаннан басқа септігі жоқ. Есі жарымжан байқұс әйел мұңын түсіне ме? Мұрнымнан су кетіп, сүріне жығылып жүргенде шіркеуді қайтем!

— Егор сіздің үйде көптен бері жүр ме?

— Күйеуім қайтыс болғаннан кейін келді.

— Оны сізге біреу ұсынды ма?

— Жоқ. Өзенге барып бөшкеге су құйып жатқанымда қасыма кеп «кел, мен көмектесейін!» — деді. Үйге келген соң тамақ бердім. Содан бері тұрып келе жатыр. Күнделікті ішкен тамағынан басқа аптасына бір бөтелке арақ берем. Менен алатын ақысы, міне сол.

— Егордың жарымжан екеніне көзіңіз жете ме?

Крутикова шошып кетті:

— Немене, дені сау демексіз бе?

— Соны сізден сұрап отырмын.

— Егордың адам секілді рақаттана шаттанып күлгенін, не ренжігенін көрген емеспін. Өмір бойы төмен қарап тұнжырайды да жүреді. Кісілермен ашылып сөйлеспейді. Кеш батса ат қораға кіріп алып шөптің үстіне көрпесін төсеп жата қалады.

— Сізге көп рақмет. Біраз бөгеп шаруаңыздан калдырдық. Оған кешірім сұраймыз.

— Тіршілікте жұмыс таусылушы ма еді. Өкімет адамына шарафатымыз тисе, құдай да, біз де риза.

Крутикова шығып бара жатқанда Қасымхан оны есік алдында тоқтатты.

— Сізден сұрайтын өтінішім бар.

— Айтыңыз.

— Мұндағы әңгімені тіс жарып жан адамға айтушы болмаңыз. Бұл ең алдымен өзіңіздің қауіпсіздігіңіз үшін керек. Егер біреулер әуестеніп сұрай қалса, салық жөнінде әңгіме қозғады дерсіз.

— Әулие-әкеден де жасырайын ба?

— Оған да айтпаңыз. Соңғы кезде шіркеуге бармай-ақ жүрсіз ғой. Солай тұра беріңіз.

Крутикова ойланғандай шығып бара жатты.

Қасымхан сол күні Жаркентке жүріп кетті. Түн ауа қалаға оралды. Кабинетке кіргенде стол үстіндегі ақ сапты дөңкиген қара телефон дамылсыз шылдырлап жатты. Қабырғадағы сағатқа қарады. Екіден он бес минут кетіпті.

— Чанышев тыңдап тұр.

Әскери тіркеу бөлімінің бастығы Давыдовтың дауысы естілді.

— Сәлеметсіз бе, Қасымхан. Қашан келдіңіз?

— Сәлем, Василий Васильевич. Кенсеге кіргенім осы. Қайдан телефон соғып тұрсың?

— Почтадан.

— Жайшылық па?

— Кетіп қалма, қазір келем.

Қасымхан Әскери тіркеу бөлімінің бастығы мезгілсіз кезде бекер жүрмегенін, әлде қандай бір оқиға болғанын сезді. Үлкен қатер, қауіп төнгендей тұла бойы тітіркеніп кетті.

Аз уақыттан кейін Давыдов келді. Ақшыл сарғылт жүзі сұрланып, өзінде рең-түс қалмаған. Ол кабинеттің ортасында тұрып қарсы алған Чанышевке:

— Қасымхан, Верныйда бүліншілік! — деді.

— Не дейсің?! Жандосов, Шагабутдинов және басқа жолдастар аман ба екен? Мұның бәрі қашан бол жүр? — деп шошынған қалыппен қадала сұрады.

— Бүлік бұдан үш күн бұрын, 12 июньде басталған. Ақ гвардияшылар қарауыл батальонын өз жағына қаратып, Верный камалын және қару-жарақ қоймасын басып алған. Гарнизондағы айрықша бөлімді, Революциялық трибуналды жойған. Қалада жағдай өте ауыр, — деп Түркістан майданының Революциялық Соғыс советінен келген шифротелеграмманың мазмұнын қысқаша айтып берді.

Давыдовтың сөзіне қарағанда 3-ші Түркістан дивизиясының Әскери советінің председателі Дмитрий Фурманов пен облыстық Соғыс комиссары Бари Шагабутдинов бүлікшілердің басшыларымен келіссөз жүргізіп жатқан көрінеді. Көмекке әскери бөлімшелері келіп жеткенше осылай алдандыра тұрмақ. Шагабутдиновтың сенімді, адал, жау жүрек жігіттері бүлікшілердің ішіне кіріп алып іріткі жасап, өздерін бәтуға келтірмей жақ-жақ көрістіріп ыдыратып жатса керек. Бүлікшілердің арасындағы шын жағдайды солар мәлімдеп тұрғанға ұқсайды.

— Адал аз топ қалың бандалар арасында қаймықпай жақсы қайрат жасап жатыр екен ғой! — деді Қасымхан аса бір тәнті болған шыраймен.

— Азамат апатқа ұшырамай тұрғанда бөлімшелер тезірек жетсе екен. Бүлікті бастаушы кім? Қайдан келген неме өзі?

— Кім екенін айтпаған. Сол лаңның мұндағы бай-кулактарға, ақтардың тірі қалған сілімтіктеріне дем бермесін, шекара өткелдерінің бәріне күшті күзет қойылсын деген нұсқау алдық. Ерекше жарлық алғанша жұмыс орнында болуға, қаладан ұзап кетпеуге, әскери



дайындықта тұруға бұйрық бар. Соны өзіңе айтайын деп ем.

Қасымхан қабырғаға ілінген қызыл-жасылды көк шимай картаға қарап тұрып:

— Жаркентте июннің бас кезінде Верныйда өкімет өзгерді, қала бүлікшілердің қолында деген лақап, өсек қатты тарап кетіп еді. Сонда осындай сойқанның болатынын дұшпандар күнілгері біліп жатқан екен де. Бәленің бәрі ар жақтан кеп жатыр, — деп саусағын бүге нұқып қалды.

— Сүйдін-Күредегі атаман Дутовтың шірік ұясын талқандамай Жетісу жеріне тыныштық жоқ!

— Қасымхан, сен менің көкейімде жүрген көптең бергі бір тың ойды қозғадың. Түркістан майданының қолбасшысы М. Фрунзе бүлікті басу жөнінде арнайы әскери бөлімшеге бұйрық беріпті. Верныйда жағдай түзеледі деп сенейік. Сонан соң кең отырып бұл жайында әңгіме қозғармыз.

— Верныйдағы өртті мұндағылар өршітіп жүрмесе неғыл дейсің!

Телефон шылдырлады. Коммутатордан асығыс екпінді үн естілді. Трубканы көтерген Қасымханға шапшаң сөйлеп:

— Сізде Давыдов бар ма? Шекара заставасынан, тез шақыртыңыз! — деді.

— Давыдов тындап тұр! Қашан? Қай жерде? Мен барғанша өлікті қозғамандар! Қазір келем! — деді де есіктен шығып бара жатып: — Шекарадан өтпекші болған екі адамды ұстаған. Біреуі атыс кезінде өлген. Бізден де жаралы, шетінеген кісілер бар. Тұтқыннан жауапты бірге отырып алайық. Сені қайдан табам?

— Әскери лазаретте болам. Наримановпен сөйлесем. Кейбір жайды анықтау керек. Егер кешігіп қалғандай болсам, телефон соғам.

— Жаксы, күтем!

## ДӘУІР ТЫНЫСЫ

Нариманов төсекте, биіктеп салған үлкен жастық үстінде шалқасынан жатыр. Мойын, кеуде тұсын ақ дәкемен қабаттай орап тастаған. Қасымхан есікті аша беріп қайта жапты. Коридордың екінші басында өзіне қарай шапшаңырақ басып жолығуға асыққан дәрігерді көріп бөгелді.

— Сәлеметсіз бе, Николай Акимович, — деп жылы шыраймен ұмтыла кеп амандасқан орта бойлы, дөңгелек жүзді, шоқша сақалды кісіден кешірім сұрағандай басын иді. — Сізді операция жасағалы жатыр деген соң өз бетіммен мына бір бөлмедегі ауруға жолығайын деп ем. Әбестік жасасам, кешіріңіз.

— Наримановқа келдіңіз ғой. Қайратты қайсар жігіт, операцияны оңай көтерді. Осы күні оқ атылмаса таң атып, күн батпайтын болды. Қандай қиын кезеңнің куәсі боп отырмыз десеңші! Қазір ғана бір шекарашыны алып келді. Уыздай жас жігіт. Оқ қара саны мен иығынан тиіпті. Қасындағы серігі бізге жете алмай қалды. Қаза тапты. Оқ тиген қызыл әскерге операция жасайын деп ем. Өзіңізді көрген соң бұрылдым.

— Наримановтың халі қалай? Қазір сөйлесе алам ба?

— Бағы бар жігіт екен. Село дәрігерлерінің фамилиясы кім деп едіңіз? Игнатович па? Соның жасаған көмегі болмағанда бұл жігіттің Жаркентке жетуі, тірі қалуы неғайбыл еді. Игнатович өте сауатты, аса сезімтал маман екенін танытқан. Тегінде адам ағзаларының көзге көрінбейтін қантамырларын білгендіктен енді Нариманов үлкен қатерден құтылған. Жас, балғын, сау дене бойдағы дертті дендетпес деймін. Ал менің байқауымша осы жігітті тән жарасы емес, жан жарасы қинайды-ау деймін. Онысын, бәлкім сізге айтар. Сөйлесіп көріңіз, — деп шапшаң басып операция бөлмесіне қарай кетті.

Нариманов есік сыртындағы әңгімені естіп оянып кетті

ме, Қасымхан кіргенде қозғалақтап басын көтермек болды.

Қасымхан қолын созып қысқа әмір етті.

— Қозғалма! Тыныш жатсын, әбігерленбесін деген дәрігерден нұсқау алдым, — деді де орындық алып керуетке тақау қойып отырды. — Денсаулық қалай? Жараң жаныңа батып қинамай ма? Тәуірсің бе?

— Келгеніңізге рақмет. Халім жақсы.

— Таң атпай мазаладым. Оған ренжіме. Өзің білесің, әр минут қымбат. Өлгінде ғана Подгорныйдан оралдым. Кейбір жағдайды өзіңнен сұрап анықтап алайын деп ем.

— Өзім де бүгін сізге жауап беруге барайын деп дәрігерден сұранғалы отырмын. Ай бойы мол астықпен Қызыл керуенді сақтап кеп аяқ астынан күйрегенімізге күйініп кетем, — деп жасаураған көзін қолының сыртымен сұртті. — Мен жарымес балаша алдандым. Бұлай мүләйім, момын, жуас боп көп тобымен соқтығысады деп күтпеп ем. Және тіршілік, қамымен жүрген шаруа кісісін әй-шәй жоқ атып тастауға дәтім бармады.

— Оқиға қалай болды? Соны ретімен айтып шықшы.

— Мен ол қазақтарды ауыл арасында қыдырып жүрген кісілер екен деп алданып қалдым, — деп төбеге, электр шамының лампасына қарап жатып сөйледі. — Алдағы жасаған есебіміз бойынша дәл сол күні Подгорныйта жете қондық. Село үлкен, тау жақтағы жатақ та алыс емес. Қатер төне қалса көмек алармыз деген үміт болды. Әлде біреулер ұрланып кіріп кетіп жүрмесін деп керуенді көгал жазыққа, ашық жерге қондырдық. Біз орналасып жатқанда селолық Советтің председателі Булыга келді.

— Булыга дейсің бе?

— Иә. Онымен алдында селоға барлау ретінде соққанымызда таныскам. — Нариманов күдікті сұрақты аңғарып, — Булыганың бұл оқиғаға қатысы бар ма? О да бандалармен бірге ме? — деді.

— Жәй сұрадым. Айта бер.

— Булыга кірені аралап шықты. «Олжалы екенсіңдер. Шығын шығармай аман жеткізе алсаңдар үлкен мақтау

алғалы түр екенсіндер» — деп мақтап қойды. Мен оған «аш адам мақтауды қайтсін. Оған сөз емес, нан азық. Бізге тағы екі-үш арба астық қосып аттандырсаң аш-жалаңаштың сауабын аласың» — дедім. Булыға сәл ойланып тұрып: «Осында, селода бейтаныс адамдар жүр. Сақ болындар. Ұйықтап қап жүрмендер. Түнде қастарыңа келем», — деді де, Шестаковты ертіп селоға кетті. Азығымыз таусылып қалған болатын. Су да жоқ еді.

— Немене, кіреде ұн, нан болмады ма?

— Неге болмасын. Ұн да, нан да жетерлік еді ғой. Бірақ, аш-жалаңаштардың ризығына қалай тиесің? Бізде тіпті ондай ой болған жоқ.

— Сонымен?

— Күзетте екеуіміз қалдық. Мен керуеннің аяқ жағында тұрдым да, Капустин алдыңғы жақта арбаның үстінде етпетінен түсіп жатты. Бір жолы қасына барғанымда «Осылай сығалап жатсаң айнала жақсы көрінеді. Бөтен кісіні біле қоясың» — деп қойды. Өз орныма кеп мылтыққа сүйеніп тұрғанымда маған қарай келе жатқан екеуді көрдім. Біреуінің иығында қоржыны бар. Қазақтар екенін байқап тұрмын, Әйткенмен сақтық жасап: «Әй, бұ қайсың? Жолама, керуенге!» — деп тоқтатпақ болдым. Қоржын асынған қазақ кимелей ұмтылып:

— Ей, мынау мұсылман екен ғой. Осыдан жөн сұрайық, — деп қасындағы серігін қолтығынан сүйрелей жүрді.

Көз байланып қалған мезгіл болатын. Түр-түстерін анық ажырата алмағанмен маған алғаш сөз қатқан адам қартандау көрінді. Шоқша сақалы бар. Оның мүләйім, бейбіт, аңқау кейпіне алданып қалдым ба, қасыма тым тақау жіберіп алдым. Ол ендіге сөйлеп:

— Шырағым, жатақ ауылы қай тұста? Төте шығатын жол бар ма? Сонда жиенім тұратын еді. Қараңғы түспей тұрғанда жетіп алалық. Е, өзің қай елсің? Кімнің баласысың? — деді.

Мен де сұрақпен жауап қаттым.

— Қырық рулы жатақты білем ғой. Жатақтың кімі керек еді? — Осы бір сәтте Капустиннің жанталасқан үні

естілгендей болды. «Петр!» — деп бұрыла бергенімде біреу пышақ салғалы ұмтылып келеді екен. Мылтықтың дүмімен періп қалдым. Ту сыртымнан мықты, қарулы қолдар жағамнан ұстап, қылқындырып бүріп барады. Мылтыққа жармасады. Со кезде саусағым шүріппеге тиіп қалып, тартып қалдым. Мылтық атылды. Сонан не болғанын білмеймін. Әлде біреумен жармасам ба, қалай? Өң мен өлінің арасындағы көріністей сондай бірдемелер елестейді.

— Сақалды қазақтың қасындағы «Адвокат» болғаны ғой. Әнуар соның дауысын естіген, — деп Қасымхан бір сәт шұғыл ойланып, — сол қазақтарды көрсең таныр ма ең?

— Дәлін айта алмаймын. Ал шалдың дауысы құлағымда, аздап кекештенетін секілді. Ал қанжармен ұмтылған орыстың түр-түсі көз алдымнан кетпейді, Қаба сақал, шүңейт көз, орта бойлы мығым кісі.

— Крутикованың үйінде қызметші боп жүрген Егор ма десем, Сигалов болғаны ма? Онда Игнатовичтің күдігі дәл келді, — деп Қасымхан ойланған түрмен шалқалай отырды.

— Бандалар таптырмай кетті ме деп ем. Ұстаған екенсіздер ғой?

— Олар әлі бостандықта жүр. Біз Подгорныйға келесі күні ғана жеттік. Жатақтың Ахмет деген жігіті үлкен ерлік, қайрат жасап бізге шұғыл хабар беру үшін Қаратау қиясымен Көксайға жалғыз тартқан. Жаркентке жете алмайтын болған соң Көксай тұсындағы заставадан телефон соқтырып, өзі сол жолмен кейін қайтқан.

— Азамат екен. Тау шатқалдарында атаманыңдардың ұясы бар деп естуші ем. Олардан сескенбеген екен-де.

— Қайраттыдан оқ қаймығады!

Нариманов есін жиып тәуір бола бастағалы бері өткен күнді есіне алып қатты күйзеліп кететін. «Совет өкіметі үлкен сенім көрсетті. Қызыл керуенді қорғауға командир ғып тағайындады. Ал мен қарабасып алданып қалдым» — деп өзін табалап іштей налитын. Сондай ашынған күйінішті үнмен:

— Бәріне кінәлі мен. Надан, бейшара, аңқау кейіпте келіп жөн сұраған соң алданып, қаскей дұшпаным екенін білмей қалдым ғой. Ол сұмдар керуенді талқандап құртып кеткен шығар-ау, — деді.

— Мылтық дауысы естілген сәтте селодан, жатақтан кісілер кеп қалып, бандалар еркін өрістей алмаған. Әйткенмен әжептәуір шығын бар.

— Мен революциялық қырағылықты жойғаным үшін айыптымын. Мировой пролетариаттың революциясы алдында жауаптымын! Қандай жаза кессе де әділ деп білем!

— Қазір сені жазалағанмен дәнеңе ұтпаймыз. Бізге бандалар тобын әшкерелеп, оларды түп тамырымен біржола жою керек. Қазіргі міндет осы, бауырым.

Қасымхан тысқа шықты. Таң бозарып атып келеді. Аспанда жұлдыздар сөнген. Бүкіл көкжиек көк теңіздей сәл толқындана тынып қалған. Қала тұсында мол қызғылт сәуле төңкеріле түсіп көтеріліп келеді. Қасымхан осы бір нәзік сәулеге көз тігіп тұрып Әнуармен арадағы әңгімені есіне алды. Ахмет екеуі Әнуарды ортаға алып «Тоғай ішінде кіммен қыдырдың? Атын ғана айт. Бұл сырынды шашпайық!» — деп жалынғанда да қасарысып жауап қатпады. Ахмет ашуға булығып қамшысын ала жүгіргенде: «Міне, Садықтан үйренген тәлімі бұл. О да «ой, әкенің аузы... көк милау!» деп қит етсе, әкеме қамшы ала жүгіретін. Мынау сасық Садық!» — деп мазақтай күлді. Ахмет ұмтылып кеп «қап, мына сығыр қылды-ау!» деп қамшысын лақтырып жіберіп інісін құшақтай алды. «Үлкен дәрежелі, маңызды кісі алдында ұятқа қалдырдың-ау, сен ит!» — дегенде, Әнуар «сенің аузыңда сөз тұрмайтынын білем. Жерден алтын тапқандай қуана барып әжеме айтасың. Ол ақырын кеп апама сыбырлайды. Сонан соң «ойбай, білесің бе, анау пәленшенің баласы...» — деген пыс-пыс әңгіме бүкіл жатаққа тарайды да кетеді. Ол өсекті қартаң шалдар мен қазымыр кемпірлердің аузынан қалай жинап алам? Тоғай ішінде кіммен жүрдім, қайда болыппын? Бұл өз басымның сыры, өз басымның құпиясы. Оған араласпа, кілікпе, бәрі бір айтпаймын!» — деп Ахметтің құшағынан

сытыла берген. Майлыбай баласының сөзін естіп қап «Әй, Ахмет, сен қой енді. Балалармен барып ойнап жүр де, не қыласың!» — деп шапанының етегімен Әнуардың басын жауып құшақтап сыртқа алып кетті. Қасымхан Әнуардың сыр шашпауының мәнісін енді түсініп келеді. Егер Сигалов сол қанды түні қызының қазақ баласымен тоғай ішінде қыдырғанын және өздерінің кісі өлтіріп қашып жүргенін біліп қалса өз нәсілін де аямайтыны хақ. Өлтіріп, өшіріп тастауға әзір. Әрине, Әнуар түн ішінде бандалардың арасында қыз әкесінің болғанын білмеуі де мүмкін. Білсе, дереу айтар еді. Ол қыз абыройын сақтауға тырысқан. Міне, оның сыр шашпауының сыры осы.

Қасымхан Әскери комиссариат үйінің қасынан өтіп бара жатқанда Давыдов терезені айқара ашып:

— Қасымхан, сені күтіп отырмын. Мұнда кел, — деп дауыстады. Қасымхан кабинетке кіргенде, — қазір осында екі кісіні алып келеді. Сонымен сөйлесейік. Өздері үшеу екен. Біреуі шекарадан өткен де қолға түскісі келмей, ақыры оққа ұшты. Алдын ала жауапта өздерін саудагерміз дескен. Ондай аңызға сенбеймін, — деді.

Аздан соң күзетші сақал-мұрты қалың өскен, төбе шашы түсіп, күйқасы көрінген орта жастағы кісіні алып келді. Давыдов қабағын шытып күзетшіге бара бер дегендей белгі берді де, тұтқынға ортадағы жалғыз орындықты нұсқады.

— Отыр! Тек шындықты, шындықты айтасың! Ұқтың ба?

— Ұқпайтын несі бар.

— Амал асырғың кеп алдасаң, жалған айтып жалтарсаң, кешірім жоқ! Көк желкең оқпен тесіледі. Сонымен, аты-жөніңді айта бер. Кімсің? Қайда барасың? Бұ жақта неғып жүрсің, кім жіберді? Айта бер!

— Григоренко, Аркадий Тихонович. Жетісудың казак-орысымын, — деді ол баяу үнмен. — Мен шаруаның адамымын. Ғұмыр бойы жер жыртып, егін егіп тырбанып кәсіп етіппін. Тірлікте еңбектен басқа рахатым болған емес. Өткендегі қырғын соғыс, жат жұртта қаңғып жүру мені әбден қажытты. Үйімді, бала-шағамды, кәсібімді

сағындым. Елге қайтуға бел байладым.

— Өзің қай жерденсің?

— Талғардан.

— Онда кімің бар?

— Әйелім, балам қалды. Ұлым Александр биыл он беске шығады. Інім Григорийді есепке алмасам да болады. Аласапыран соғыстың алғашқы күнінде қызылдар жағына кетті де мен ақтарға қосылдым. Енді байқасам, ол ақылды екен.

— Сені «үйінді сағынып жүр екенсің. Бара ғой»,— деп жібере салды ма?

— Ол жақтан жол кесілген. Көңілдегі ойынды ашық жарқыратып айта алмайсың. Дереу строй алдында қылышпен шапқылап, турап тастайды.

— Сені қылышпен турап тастамай шекарадан өткізіп жібергені қалай?

— Сыр бермедім. Айтқан әмірін бұлжытпай ғана орындап, түпкі ой-мақсатымды жасыра білдім. Іштен тынып жүре бердім. Мені қылыш жүзінен сақтаған осы.

— Бұ жаққа өтуді көптен бері ойлап жүр ме ең?

— Қалай дейін, қызылдар өктеп, өкшелеп Қытайға қарай ықсырған кезде маған сондай ой келді.

— Шолақ селосында атаман Анненковтың сөзін естіп пе едің?

— Әрине, ол өзінің бүкіл бөлімшесін жинады. Сөзін ықласпен тыңдадым. «Отечество үшін, әділ ісіміз үшін бүкіл Россияны шарлап қызылдармен соғыстық. Енді міне сын сағаты туды. Түбімізде Қытай шекарасын асқалы тұрмыз. Бірақ әділет жолындағы күрес тоқтамақ емес. Ал кімде-кім большевик билеген елге қайтқысы келсе оған рұхсат, жүре берсін. Жолын кеспеймін. Осы күнге дейін жасаған адал қызметтеріне рақмет. Құдай риза болса, мен де риза», — деді. Бәріміз атаман құрметіне, оның адамгершілігіне ұран тастадық. Туған елге қайтуға асыққандар қатардан топ-топ бөлініп, араларынан командир сайлап, кетуге қам жасай бастады. Кісі қуанғанда есінен танады білем. «Сендер елге қайтып барасыңдар. Біздің мекеніміз қуыс шатты шатқал



мен жат жұрт. Алдағы жақсылықты құдайдан күттік» — деген соң сорлы солдаттар үстіндегі тәуір киімдерін шешіп, қалдырып жатты. Аз уақыттан кейін алма-жұлма топ терең сайдың бойымен шұбырып бара жатты. Мен соларға қосылмағанымға тәңіріме мың да бір рақмет айтам. Өйткенде қара тастың арасында сүйегім аппақ боп қурап жататын еді.

— Немене, солдаттар қайтпады ма?

— Әңгіме сонда ғой. Мен бүкіл соғыста артиллерия бөлімшесінде қызмет еттім. Оқтаушы едім. Бөлімшеден бүлік шығып, зеңбіректерді таудан құлатқанда, біздің зеңбірек аман қалды. Бүлікшілердің бүкіл зеңбіректі қиратып қашқалы жүрген ниетін білгенім жоқ. Тегі осы себеп болды ма, бүлікке қатысқандардың бәрін атып тастады да, мені атаман полкінің І-ші жүзбасының қарауына жіберді. Барған сәтте жүзбасы Васильевке лакей болдым. Бұрынғыдай ауыр снаряд тасып, зеңбірек сүйремеймін. Мырзаның етігін тазалаймын, тамағын пісірем. Кірін жуам. Қайтатын солдаттар абыр-тобыр боп қуанысып шауып бара жатқанда Васильевтің «Атаңның басы қайтасың! Дозаққа бара жатқанын білмейтінін малғұндар» — деген сөзін естіп қалдым. Жүрегім зу етіп тастөбеме шықты. Байқұс солдаттардың алданғанын сонда білдім.

— Өлтіре ме оларды?

— Екі шатқалдың арасымен әндетіп кетіп бара жатқанда Орынбор полкінің пулеметі бәрін баудай түсіріпті. Тау-тасты паналап қашқандарды Васильевтің отряды қылышпен шапқылап өлтірген.

— Мұны қайдан білесің?

— Арақ ішіп отырғанда Васильевтің өзі айтты.

— Атаманшылардан біржола кету, қол ұзу, құтылу себебін өте нанымды ғып айттың. Сенбесіме амалым жоқ. Өйткені шындықтың өзі солай. Оны бұрмалай алмайсың, Қанды жорықтың ізі әлі кепкен жоқ. Ал бұл жаққа қандай мақсатпен өттің? Кімге жолықпақсың? Жолығатын кісін қайда тұрады? Тапсырма мәні неде? Оны айтқың келмейді.

— Азамат бастық, мені соншама дәріптеп жібердіңіз бе,

қалай? Лакейге ондай маңызды, жауапты міндет қайдан жүктелсін. Оны білсеңіз керек еді. Армияда қызметші деген басында билігі жоқ сорлы жан.

— Қайталап айтам: қандай мақсатпен өттің? Мұнда кімге жолықпақсың? Айт, кәне?!

— Қожама қандай тапсырма берілгенін білмеймін. Маған жүктелген міндет — оны Верныйға дейін жеткізіп салу болатын.

— Верныйға емес, «Қыран ұясын» іздеп бара жатқан боларсың. Верный сені күтіп отырған жоқ. О жаққа Жарков деген атпен арнаулы кісі кетті. Солай ма?

— Түсінсем бұйырмасын...

— Немене, осылай жасырынбақ ойнап отыра береміз бе? Шындыққа көшсек қайтеді?

— Барлық сұраққа жауап берген сияқтымын.

— «Қыран ұясы» деп аталатын банданы кім басқарады? Олар қайда орналасқан? Азық-түлікті қайдан алып жүр? Қарауында қанша кісі бар?

— Мен шаруа адамымын. Ешқандай бандамен байланысым жоқ.

Давыдов алдында жатқан папканы ашып қолдан салынған суретті алып Григоренконың алдына қойды.

— Танисың ба?

— Ғажап, сорлы лакейдің ұсқыны кімге керек болды екен? Кескінім оңып тұрған жоқ. Біреу қызығып ермек жасаған ғой.

— Ермекке емес, сені айыптау үшін Таяның айтуымен жасалған.

— Мені айыптауға дейсіз бе? Ғажап екен! Қолдарына түспей жатып соншалықты не жасап қойыппын? Тая дегенің кім?

— Оны білмейсіз бе?

— Жоқ. Кісіні кінәраттағанда әрнемені оспақтап сұрайтын әдеттерің болар.

— Қалайша оңай ұмыта қаласың. Тая өзің әлгі айтқан кеште хайуандықпен зорлаған, сонан соң қылышпен шапқан Вахмистр Петровтың 12 жасар қызы.

Григоренко ұшып тұрды.

— Тірі ме ол?!

— Отыр, Тихонович! Бұ жолы жасаған барлық қылмысың үшін жауап беретін кез келді. Енді бұлтара алмайсың, поручик мырза! — Давыдов қоңырау қағып күзетшіні шақырды. Оған қысқа әмір етті. — Жеке камераға апар, оған дейін бас-аяғын жақсылап тінтіндер. Киімдерінің астарын, тігісін сөгіп, бәтіңкесінің табанын қақыратып қарандар. Иненің жасуындай жер қалмасын.

— Күп болады!

Григоренко-Тихонович сүмірейіп шығып бара жатты. Қасымхан стол қасына кеп Григоренконың суретін қарап тұрып лақтырып жіберді.

— Адам азғындағанда хайуаннан әрмен екен де!

— Бұл белгілі қанқор жүзбасы Васильевтің жауыздығына жан салмаған Курапаткин деген поручик. Сыбайластары оны Тихонович деп әкесінің атымен атайды. Байқадың ба, оған Тихонович деп сөйлегенімде, еті үйреніп кеткені соншалық тіпті оны елең қылмады, бөтен адамның аузынан шыққанына таңданған да жоқ, — деп Давыдов қағаздарын жинастыра бастады. — Дутов жұртқа танымал өзінің қанышезерлерін сескенбей бұ жаққа байланысшы ғып жібергеніне қарағанда, аса сойқан іс жасауға бет алған. Шекараны талқандап лап қоймақ па, әлде жасайтын басқа сұмдығы бар ма, қалай ойлайсың?

— Әнеукүні Жарковын өткізсе, бүгін Григоренкосын жіберген. Қат-қабат асығыс айла бір дүрбелеңнің барын білдіреді. Алдын-ала қам жасамақ қирап қалуымыз мүмкін.

— Менде де сондай күдік бар. Қазір лазаретке барам. Өліктің денесін ашуды сұрап ем. Содан қайтқан соң ақылдасып, мұның шұғыл шарасын қарастырайық.

— Сені кеңседе күтем.

Екеуі асыға басып кабинеттен шықты. Қасымхан кеңсеге келгенде сағат тоғыз болмаған еді. Анадайдан, есік алдында сырыққа байлаулы тұрған құла атты көрді. Алыс жақтан қатты жүріспен келгені және мұнда тақасырып қойғанына бірталай уақыт өткені көрініп тұр. Омырау

мен сан, тілерсектері жаңа кепкен терде айғыз-айғыз боп тұр. Босағада, табалдырық үстінде дөңгелек қара сақалды, атжақты, бадырақ көз, қарасұр кісі отыр. Жүзі таныс. Қайда көргенін есіне түсіруге тырысты. Ол кеңсеге беттеп келе жатқан Қасымханды көріп орнынан ұмтыла тұрып:

— Уездік милиция осы ма, шырақ? — деді.

— Қандай жұмыспен келіп едіңіз?

— Мен бұрынғы 7-ші ауылдың болысы Садық деген болам. Кісі қайран қалатын аса шұғыл жұмыспен келіп ем, — дегенде барып Қасымхан бұ кісіні Ахметтің айтуымен сырттай қанық екенін есіне алды. Садықты бұлай өз еркімен келе қояды деп ойлаған жоқ. Бұл қай келіс? Алдын көріп алыстан орағыта кеп қармаған айласы ма, әлде тірлігінде пендешілікті қойып, көмегін ұсынып кісілік жасайын дегені ме?!

Қасымхан бас аяғына көз тоқтатып:

— Кіріңіз, — деп есік ашып жол берді.

— Рақмет, шырағым, сен бізді сыйласаң, сені құдай сыйласын, — деп столдың қарсысындағы қара креслоға көміле отырды.

— Ал, ақсақал, әңгімеңізді айта беріңіз.

Садық ақ қалпағын тізесіне қойып алақанымен басып бұрыла отырды да өтіне сөйледі.

— Ей, шырақ, текіден шыққан жақсы атаның ұлы деп өзіңе кеп отырмын. Сені жұрт ел басшысы десе, мелицанды қорғаны деп біледі. Жәбір көргеннің жәрдемшісі дейді. Көңіліме күдік жайлатқан бір алабөтен іс осында айдап келді. Осыдан, шамасы бір жұма бұрын таң қараңғысында біреу есік қақты. Таң атпай жүрген кім екен деп есікті ашсам бет-аузы тұтас сақал басқан біреу тұр. Қасында Жарықбас бар. «Жазған-ау, мынауың кім? Неғылған адам?» — дейін. Орыс қазақ тілін білетін неме екен. «Мен землемер, облыстан келем. Ат керек, мықты ат тап!» — дейді. «Қит етсе, осы немелер салпандап осында жетіп келеді. Бізден басқа жұрт құрып қалып па екен!» — деп кейідім. Оны тыңдайтын, ұғатын түрі жоқ. «Ат тап!» деп тақақтап тұрып алды. Жарықбас қолымдағы қолқанатым ғой. «Жареке, не

істейміз?» — дедім сасқанымнан. Оның мініп жүрген сары аты үркектеу болатын. Бір жерге құлатып кетіп мертіктіріп жүрсе, «Бай қастандық жасады», деген сөзден қорқып қасқа айғырды ерттеп бердім. Ертең-бүрсікүні қайтарам деп тұрған соң ол сөзіне сеніңкіремей «мына жігіттен қайтарып жібер» — деп Жарықбасты қоса ертіп жібердім. Ертеңіне көңіліме күдік алып Подгорный жаққа аяндап шығайын. Жолда жақын ағайынымыз жолығып қалып: «Мырза, сіздің айғырды бір орыстың мініп бара жатқанын көрдім. Бағыты Асыдағы орыс қыстағы-ау», — деймін деді. Подгорныйға келсем орыс әйелінің үйінде отырған Иштай Жырықты көрдім. Ол маған сыбырлап «Сенің қасқа айғырыңды осында көрдім. Қорада байлаулы тұр. Оны қайсы мініп жүр?» — деді. Мен болған оқиғаны айттым. «Бұл буржуйдың әкесін танытам. Полукұрсақ крестьянды танымай көрсінші!» — деп оңаша жатқан жерінен оятып алды. Мен «тие көрме, бәлесіне қалармыз» деп зар қақтым. Оған көнетін Иштай Жырық па?! Дала жауын, түн ішінде қайда барам, тағы бірдемеге ұрынып қалып жүрермін деп қона кеттім. Жарковпен оңаша қалғанда «әй айғырды неге қайтармадың? Өтірік айту өкімет адамына лайық па? Жарықбасты қайда жібердің?» — деп сұрадым. Сөзімді шала тыңдап, менсінбегендей қарнын сипалады. Ышқырына қыстырған нағанын көріп қалдым. Қолтығына да тығып алған тапаншасы бар. Зәрем кетті. Қорыққанымды сезді ме «әлі селода болам. Жарықбас осындағы қазақ ауылдарына кетті. Ертең келеді. Сонан соң айғырыңды содан қайтарам!» — деді. Өкімет адамына қарсы келер дәрмен қайсы! Таң қылаң бере тайып тұрдым. Содан Жарықбас қайтқан жоқ. Айғыр да жоғалды. Осының бәрін мына қағазға жаздым, — деп арап әрпімен жазылған екі парақ қағазды Қасымханның алдына қойды.

Садықтың сөзін бөлмей тыңдап отырған Қасымхан еңкейе түсіп тесіле қарады.

— Фамилиясы кім дедіңіз?

— Біздің үйдегі балаға «сен Жарықбас, мен Жарқып, қалай ұқсайды десеңші! Кедейлер осылай ұқсас болуға

тиіс!» — деп жатты.

— Алғаш ол сіздің үйге жалғыз келді ме? Қасындағы кісілерін көрмедіңіз бе?

— Жалғыз болатын. Немене оның серіктері бар ма екен?

— Оны сізден сұрап отырмын.

— Қасында кісі барын байқамадым.

— Жарков қайда баратынын айтпады ма?

— Верныйға қайтып бара жатыр-ау деймін.

— Неге олай ойлайсыз?

— Подгорныйда көрген соң Верныйға барады да. Мен Жарықбасымның хабар-ошарсыз кеткенінен қорқам. Сол өкілінің үсті-басы толған мылтық екен. Өлтіріп тастамады ма, деп қатты күдік алам.

— Майлыбай баласы Ахметті білесіз бе?

— О не дегеніңіз. Қазақ өз ағайынын білмеуші ме еді! Бәріміз бір атаның баласы, тегі бір туыспыз. Арадағы азғырындының тілі себеп болды ма, бір-ақ күнде іргесін бөліп көшті де кетті, — деп Садық қынжылған түрмен ақырын күрсінді.

— Әке-шешесімен бірге өзі де сізге қызмет жасапты. Қысы-жазы жылқы соңына сап қойыпсыз. Ал бүкіл семьяның қызметіне, ақысына көк тиын төлемепсіз. Көзін малмен ашқан қазақ оның зейнеті мен бірге бейнетін де біледі. Қойшы байқұс қоймен бірге еріп бірге жусайды. Жылқышы, күзетші дегендер де ұзақ уақыт баққан малының қамынан басқаны ойламайды. Ғұмыр бойы таусылмайтын еңбек. Сол ауыр бейнеттің қызығын көрмеген соң іргесін бөлмей қайтеді, — деп Садақтың ағайын алдында көп міні, қарызы барын сездірді.

— Қарағым, жетімек емес, жетілген жерден шыққан ұрпақсың. Дүние қалай жиналатынын білсең керек еді. Өз басым бел ауырып, ауыр бейнет жасаған кісі емеспін. Жақсы әке жаман балаға қырық жыл мұра дегендей атадан қалған мол дәулет тасымаса таусылған, тарылған емес. Майлыбайдың бала-шағасы емес, оның әке-бабасында осы үйдің малын бағып, өсіп, ұрпақтанып қанат жайған кісілер. Мен оларды қызметшім деп санағам жоқ. Тілегі бір туысым,

жүрегі бір бауырым деп білдім. Бақса, күзетсе жаттың малы емес, өз малы, өз ырысы, өз өрісі, деп ұқтым. Білсе, Майлыбай сол малдың арқасында үй боп, бала сүйіп, оны асыраған жоқ па екен? Орысқа барып мал тауып байыды деп мына жұрт көкіп жүр. Мен Майлыбай әулетінен мал аяп па екем! Іштің, жедің, мал шығындатыпсың деген жерім жоқ. Қысы-жазы алдынан ақ айран кетпеді. Мен жеген қазы-қартаны о да кесіп, кертіп жеп отырды. Жылтырап киім кимедім дейтін шығар. Қай қазақ пұлға жарып еді. Көксайдың Қарашалына бар. Бұл уезде одан өткен бай кісі жоқ. Түрін көрсен жаның ашиды. Қысы-жазы жарғақ тоны үстінен түспейді. Қала саудагеріндей, қала байындай емес мал баққан қазақтың күні осындай жүдеу келеді, — деп Қасымханның түпкі тегі аса бай саудагер екенін есіне салғандай болды. Қасымхан оны сезді. Садықтың бетіне тесіле қарап:

— Жаркент жақын. Бұ жаққа Әулиеатадан, Ташкенттен, Бұхарадан, Самарқанттан түрлі дүние тиеген саудагерлер кеп жатады. Әлгі Қарашал бұтына тері шалбар кигенше көп малын пұлдап неге сатпайды? Өзінің бишаралығы да! — деді.

— Шырағым Қасымхан, ол Қарашалдың ғана емес, бүкіл қазақ атаулының бишаралығы. Біз егін еккен, жер емген жұрт емеспіз. Біздің асымыз да, мінетін көлігіміз де, киетін киіміміз де осы мал. Саудагер қолында тиыны болмағанда қалай жұтаса, қалың қазақ малсыз дәл солай жұтайды. Ол мына көрші жұрттай тұрақтап там салып, бақша егіп кәсіп етіп дағдыланбаған. Қазақ мал өсіруді білсе де ақша ұстауды әлі білмейді.

— Байдың малына тиме дегеніңіз ғой?

— Қазақ малынан айырылса байы емес алдымен кедейі қырылады. Өкімет кедейге болысқысы келсе, оны жарылқамақ болса алдында айдаған малынан қол үздірмей жетелесін. Малсыз көгермейді бұл халық. Мен Ахметке де соны айтқам. Айналайын, алдыңдағы жылқыңа ие бол. Сені көгертетін осы тай тұяқ. Сапар шықсаң талмайтын пырағың, шөліксең сусының, ашықсаң тәтті азығың, тоңсаң

тоның деп құлағына құйып өттім. Шірік неме, сонымды кек көріпті. Тілегені мал екен ғой. Келсін де алсын, ақысына тірі әкесінің құнын қоса алсын. Қолынан қақсам, Садық атым өшсін. Адам екен, ат құйрығын кессе де өкпе-назын айтып кетсейші! Қайта сол Ахметке мен өкпелеп, өшіксем жөн еді. Пасық, кекшіл, пендешілік пейіл танытпай азамат басын жоғары қойып ем. Ахмет ақылды болса соны ұғар еді! — деп өзіне риза болған қалыппен сөзін тоқтатты.

Қасымхан сөз таластырмады. Малдан басқа қызықты, татымды, тәтті деп білмеген даланың тағы байымен айтысып жатуға оның уақыты жоқ еді. Оны қатты мазалап тынышын кетіріп отырған бандалардың «Қыран ұясы» тобы. Дутовтың арнаулы кісі жібергеніне қарағанда бұл шірік ұядан үлкен тірек тапқысы келетін секілді. Әлденбей, күш алмай тұрғанда бұл ұяны дереу талқандау керек. Ол үшін бандалардың мекенін, өрісін, кімдермен байланыс жасайтынын анық біліп алған жөн. Бәлкім, Садықтың солармен байланысы бар шығар. Мұны өз жағына тартып, араға салып көрсе қайтер еді деп тұрды да, бұл ойынан дереу айныды. Садық Қасымханның бет әлпетіндегі осы бір құбылысын сезгендей сыр тарта сөйледі.

— Шырағым, қолымызда билік болмағанымен ел арасының ісіне құлақ түріп отырған жанбыз. Кәдеге жарасаң кәрі демей жұмсай бер, — деп жауабын күтіп құлақ түре қалды.

Қасымхан сәл ғана қабағын шытып талмай тесіле түсіп, ақырында әлде нәрсеге күдіктенгендей қатқыл үнмен:

— Жарықбастың Қаратау жақта туыстары бар ма? — деп сұрады.

Садықтың сескенетіні осындай төте қойылатын теріс сұрақтар еді. Уездік милицияға келгенде Жарковты қаралайын, ұстап берейін деген ойы болған жоқ. Ең алдымен өз басын арашалап алудың қамы еді. Жарықбастың аяқ астынан жоғалып кеткені ел арасында әңгіме бола бастады. Ертең Қылкөпірдің астында сүйегі жатқанын көрсе Садықтың айтатын жауабы қайсы? Жарковтың қасқа айғырды мініп жүргені, өзінің Подгорныйға барғаны, онда



Жарковпен бір бөлмеде жатқаны — бәрі анықталады. Егер осыларға нанымды дәлел айтып, алдын ала милицияға арыз беріп қоймаса түбі тұтылатын түрі бар. Ал Жарков болса уезден кетті. Фамилиясын да өзгертіп алған болар. Енді Жарков деп айтудан оған келіп-кетер зияны жоқ. Өзірге осы бәледен басын арашалап алса, ар жағын тағы көріп алады. Осындай айла-тәсілмен келген Садық әңгіме желісінің кенет өзгергеніне қорқып қалды. Күйбектей жауап қатты.

— Жақын дейтіндей жанашыр ешкімі жоқ. Паналап келгені біз ғой. Рақайша бәйбіше екеуі қолымызда тұрып келеді.

— Үй-жайын, жалғыз шешесін тастап қайда кетпек ол?

— Соған өзімнің таңым бар.

— Жарықбас тілалғыш жандайшабың екен. Бәлкім, бір жаққа жұмсаған шығарсыз!

— Өйтсем, шырақ, ант ішіп, арыз жазып алдыңызға келем бе? Өтірік айтып итшілеген жаны құрысын. Өйткенше, хайырлы өлім тілеймін! — деп өңі бұзылып көзінен жас шығып кетті.

— Жарықбастың жоғалып кеткені бізді де абыржытады. Тағы аз күн күтейік. Мүлде із-түзсіз кетсе, не келе қалса дереу хабар бергейсіз, — деп әңгіменің тәмамдалғанын білдіргендей орнынан тұрды.

Садық та қалбалақтай көтеріліп:

— Жарайды, айтқаның болсын, — деп қалпағын кеудесіне басып тұрып сөйледі. — Өзіңді, шырақ, алаштың аруақты азаматы деп білуші ем. Алдыңа кеп бір жасарып қалдым. Сіздей ардагерлеріміз тұрғанда біз несіне қаймығып сескенейік. Мынау өкімет жетім-жесірді жеткізем, жарылқаймын дейді екен ғой. Өкімет адамының бірі мына өзіңізсіз. Бедел алғаныңыз бәрімізге абырой. Құдайға шүкір, қолда мал, ақша деген баршылық. Дәреже көтеретін дәулет бар. Күш-көлік дегендейін керек боп қалса қызметіңізге біз дайын. Қалағаныңды іркілмей, еселеп береміз.

— Совет өкіметі дәл қазір ондай көмектен қашпайды.

Өкімет кедейдікі. Ол әлі балауыз балапандай қанатын кең жая алмай жатыр. Дүниедегі бар жақсылықты, сұлулықты, әдемілікті, игілікті аштар, жалаңаштар жасайды. Және бүкіл әлемді таңғалта жасайды. Кедей табы сол үлкен мақсатқа жету үшін әзірге сіз секілді байлардан да ала тұрады. Ал өз еркімен бергісі келмесе олардан сұрап жатпайды. Өз үстемдігін күшпен жүргізеді. Дәуір тынысы солай, Садық мырза!

Садық іштей ыза кернеп ашынса да ашылған боп күле сөйледі.

— Басымызға бақ-дәулет қонғаны алланың әмірімен деп жүрсек, құтымызды жасаған малшы-жалшы секілді құнсыздар екен де. Бізге кісілікті танытқан, бай-манап қылған солар көрінеді, солардың арқасында жетіліппіз. Енді сол қарашаның арқасында ел боп отырмыз дейміз де! — деп қу тілмен қулығын бүге түсті. — Шартарапқа әйгілі әруақты кісінің баласы едіңіз. Сірә, дұрыс жол тапқансыз-ау. Хан азарында қарашамен қас болады деген. Азбай тұрғанда, есім барында кедей-кепшік жағынан табылсам деймін. Өзіңізден алған тәлім, шын сырым осы, Қасымхан!

Қасымхан мұның түптегі ойын сезді. Әбден түңіліп, торығып, наразы боп бара жатқанын да біледі. Садық секілді сахараның азулы байларының алда қатер барын сезіп тайғақтап ығыса бастауының өзі жұмысшы-шаруа табының жеңісі деп ойлады. Терезеден қарағанда Садықтың шаңға көміліп шауып бара жатқанын көрді.

## АУЫР КҮНДЕР



Верный үнсіз, әлі жауап жоқ. Қасымхан бүлік жайындағы суық хабарды естігелі бері бел шешіп жөнді ұйықтаған емес. Үсті басы шаң-тозаң боп кеңсеге кірген беті осы. Шекара мен уезд ішіндегі шиеленіскен мазасыз жағдайға байланысты ерекше тапсырманы орындайтын еріктілерден Қорғаныс отряды құрылған болатын. Оған большевиктер

мен оған тілектестер, комсомолдар мен жастар, кеңсе қызметкерлері, ынта білдірген бойдақ әйелдер жазылды. Алғаш мылтық ұстауды, сыптай жылдам әскери өнерді қызық көргендер тобымен жаттығуға құлшына кірісті де, кейін мұның кісіні қажытатын шексіз ауыр бейнет екенін көріп бытырай бастады. Әрқилы сылтау тауып жаттығу жасауға келгісі келмейді. Ревком дәрігердің рұхсатынсыз бірде бір адам босатылмасын, өз бетімен кеткендер қатаң жазалансын деген бұйрық берді. Соның өзінде оларды жинау, казарма тәртібіне үйрету, әйелдерді санитарлық мамандыққа бейімдеу үлкен күш еді. Күні бойы отряд адамдарына жаудың шабуылы кезінде тасаға бұғынып жатып ату, найзаласу тәсілдерін көрсетіп қазір ғана оралған. Давыдов төтенше оқиғамен заставаға кеткен. Телетайп аппаратын бір минут та бақылаусыз қалдыруға болмайды. Қасымхан өз орнына Шестаковты қалдырып телетайп бөлмесіне келген. Қазір ол қабырғаға тақап қойылған скамейканың үстіне құлай кетті. Қолын тарақтап желкесіне қойып шалқасынан түсіп жатыр. Тұла бойы талып, босап осы бір азғана тыныстан ләззат тапқандай. Телетайпшы Терехин салпаң құлақ шлемін столға төсеп бетін қойып бүгіле қисайып жатқан.

Есік ашылғанда-ақ оның Давыдов екенін білген Терехин сілекейін шұбата орнынан ұшып тұрды. Давыдов қолын көтеріп қасынан өте берді.

— Терехин, сенің бейқам, тыныш жатқаның маған ұнайды. Бұл төзімділік белгісін танытады.

Терехин тік тұрып кешірім сұрады.

— Көзімді жұмғаным болмаса, ұйықтамаймын, начальник жолдас! Бәрін естіп жатамын.

— Бұл жаман қасиет емес, — деп гимнастеркасының омырау түймесін салып орнынан тұрған Қасымханның қасына келді. — Оятып жіберген жоқпын ба?

— Мен телетайп бір жаңалық әкеле ме деп күтем. Мұндай сәтте ұйқы келуші ме еді? Дүниедегі ең азапты да ауыр нәрсе сарыла, зарыға талып күту ме деймін. Мұндайда уақыт та өтпейді екен. Сағат тілі әдеттегісінен әлсіз әлсіреп

соғатын секілді. Игі, жақсы хабарды уақыт баяулығы бөгеп тұрғандай көрінеді.

Давыдов Қасымханның қазіргі көңіл күйін шапшаң аңғарып түсінді. Ашық та, батыл да сөйлейтін әдетімен:

— Күте білмеген күлкіге қалады! Шын айтам, дәл солай, — деп өзін өзі құптап қойды. — Бұл өзі соншалық төзімділікті, үнсіз шыдамдылықты, салмақты сабырлылықты, әуелі қажырлы қайратты талап етер дер ем, — деді де Қасымханды қолтығынан ұстап түпкі оңаша бөлмеге алып кетті. Есікті ақырын нығыздап жауып:

— Жағдай өте қиын, шекара тыныш емес, — деп терезе жақтауына сүйене тұрды. — Ақ гвардияшылардың үлкен отряды салтанатты жүріспен тақап кеп, Харгос өзенінің бойымен әрі-бері осақтай шауып әскери жаттығу жасаған. Төрт-бес аттылы шекара шебін баса көктеп өте бергенде күзетшілер пулеметтен, мылтықтан бората оқ жаудырды. Біреуі ішке өтіп, қаланың шегінде аты оққа ұшып қолға түсті. «Кімсің? Қай жерде тудың? Мынау кімнің отряды?» дегенімде, «сен красная морда, бәрін білгің келеді екен ғой! Онда айтайын: ертең бәрінді қылышпен шапқылап қан-жоса қыламыз. Сағатың санаулы, қызыл сволота!» деп жентек-жентек қан құсып жіберді. Тегі араққа байқамай кислота қосып ішкен немесе кислота қосып берген. Одан әрі сөйлеуге шамасы келмей өз қанына өзі тұншығып өлді.

— Атаман Дутовтың солдатты кислота ішіп жүрсе, ондағы адамдардың әбден азғындағаны деп біл. — Қасымхан сәл ойланып тұрды да, — мол дүбірмен қаптап кеп нос көрсеткеніне таңым бар. Шекараның бекемдігін тексергісі келді ме, бұл қалай? — деді.

— Шекара бойында бытырай қонған ел бар. Солар көрсін, ықсын, беті қайтсын, зәресі ұшып бүкіл уезге таратсын деген айла-тәсілі шығар.

— Бүгін-ертең жойқын ұрысқа шыға ма?

— Айта алмаймын. Бірақ біз үлкен қатер үстінде тұрмыз. Соғыс кез келген сәтте басталуы мүмкін.

— Қорғаныс отряды казармада болсын деп бұйырылды. Өз бетімен кеткендер қатаң жазаланады.

— Өте дұрыс жасағансың.

— Меніңше, қатер басқа жақтан келе ме деп қауіптенем.

— Қалай?

— Шекарада жасақтанған әскер тұр. Оның артында үлкен қалқан боп қамалға айналған қала бар. Сын сағатта бүкіл еңбекші халық көмекке келеді. Дутов шекараны бұзып кіре алмайды. Ең үлкен жау тыл жақта, тау-тасты паналап, бұғынып, тығылып жатқан бандалар ма деп ойлаймын. Олардың ел ішімен, әрі-бері өткен жолаушымен қатынасы бар. Верныйдағы бүлікті естісе белең алып ду көтерілетіні хақ. Верный мен арамызды қиып тастап, күтінбеген көп елді қырып жойып кете ме деп қорқам.

— Тихоновичті уыстан шығарып алғанда ондай қауіпке негіз бар еді. Ал қазір... — Давыдов саусағымен иегін тіреп ойланып қалды.

Григоренко-Тихоновичтен жауап алу, тергеу кезінде біраз жағдайлардың беті ашылған еді. Алғашқыда ол қасарысып, алдына тартқан айғақ дәлелді мойындамай тас-түйін боп тіл қатпай қойған. Өзіне көрсетіп тұрып төс қалтасының әдібін сөккенде ақ жалаушаға қара бояумен ұқыпты салынған өткір тырнақ самұрық құстың суреті табылды. «Бұған не айтасың?» дегенде, бүгіліп бір-ақ уыс боп көп уақытқа дейін үндемей қалды. Қос қолымен шашын уыстап «Бұл жалаусыз менің құным енді бір-ақ тиын. Тағдырдың жазғаны солай шығар» — деп бұ жаққа қандай мақсатпен жіберілгенін айтып берді. Жалаушадағы самұрық құстың суреті «Қыран ұясы» бандасының атаманы Дудкоға жолыққанда генерал Дутовтың тікелей өзінен келген кісі екенін танытатын пароль екен. Дудко және оның қарауындағы адамдар мұның әмірін бұлжытпай орындауға тиіс. Бұған жаңа өкіметке наразы ел ішінің адамдарын топтастыру, оларды жарактандырып отрядқа қосу, Дутов армиясының Жетісуга жорығын оңайлатып жол ашу үшін ауыл-селоға дүркін-дүркін шабуыл жасап елдің берекесін кетіру, жергілікті Совет мүшелерін, большевиктерге тілектестерді, оларды жақтаушыларды жұрт алдында қылышпен шапқылап ашық жазалау

тапсырылыпты. Адамдар совет жұмысынан безе қашып, өз басын қорғаштайтын болсын депті.

Алғаш Қасымхан мен Давыдов бұл парольді пайдаланып Григоренко-Тихоновичтің орнына өз кісілерін жіберуді ойластырды. Соңынан бұдан дереу бас тартты. Дудко банда басшысының бүркеншек аты, шын фамилиясын Григоренко-Тихонович білмейді. Бірақ көре қалса екеуі бір-бірін тануға тиіс. Самұрық құсты жалауша тек жақын адамдар арасында жүретін пароль боп шықты.

Дудконың бандасы Қаратау үңгірлерінің бірінде, шақпақ тасты шатқал арасында. Сонда бұл банда мекенін қалай таппақ деген сұраққа да мұның жауабы әлгіндей боп шықты.

Григоренко-Тихонович, егер шекарадан сәтті өте қалған күнде кешірімге іліккен көп солдаттардың бірі боп Подгорный селосына барады. Онда Крутикованың пәтеріне тоқтайды. Сонан соң байланысшы өзі кеп тауып алады. Ол кім? Оны Григоренко-Тихонович білмейді.

Дудко жорық жасай қалған күнде Подгорныйда құрылған Қорғаныс отряды ең болмаса бірнеше сағатқа жолын бөгей тұруға шамасы келе ме? Давыдов соны білгісі кеп:

— Подгорный отрядының құрамы қандай? Онда қанша адам бар? — деді.

— Отрядқа кіруге ықылас білдіргендер көп. Өкініші, олардың көбі мылтық ата білмейді. Оларды жаттықтыруды Тимофей Ивановқа тапсырып кеттім. Оның өзі де әскери адам емес, солдаттық қызметтен өтпеген.

— Өзірге күшті ыдыратпасақ деймін де, — деп Давыдов қолын кеудесіне қусырып терезеге қарай бұрылғанда біреудің аттан асығыс түсіп жатқанын көрді. Қарагер ат тұмсығын көтеріп, құлағын қайшылап елере қарайды. Омырауы, құлақ түбі, сауырыны, екі бүйірі қалың тер, буланып тұр. Жолаушының алыстан келгені байқалады. — Мынау кім? Танысың ба? — деп Қасымханнан сұрады. Аттылыны енді ғана көзі шалып қалған Қасымхан:

— Ахмет! Мұнда қайдан жүр? — деп таңырқап қалды.

— Қызыл керуенге көмектескен жігіт пе?

— Соның өзі.

— Шынымен лаң басталғаны ма? — деп Давыдов күйзеліп қалды.

Қызыл барқытпен тысталған бөркін кеудесіне ұстап Ахмет кірді. Ол Давыдовты танымайтын. Қасымханның жүдеу түріне тосырқай тандана қарап:

— Кешір, аға, кеңсеңізге барсам осында сілтеді. Сізді мұндай күйде көрем деп ойлаған жоқ едім. Мені Тимофей жіберген еді, — деп қипақтай сөйледі.

Қасымхан жайдарылана күліп:

— Сен менің түрімді көріп абыржымай-ақ қой. Қалада да Қорғаныс отрядын құрып ек. Көп жұртты әскери өнерге үйрету онай емес. Күні бойы жаттығуда боп келген бетім осы.

Қане, нең бар? — деп Ахметтің ұсынған қағазын алып шапшаң оқып шықты да Давыдовқа берді. — Ивановтың хаты, көмек сұрайды. Бандалар шаңқай түсте көрші қазақ ауылының жылқысын айдап кеткен. Подгорныйға қауіп бар депті.

Давыдов хатқа көз қиығын тастап тұрып, елеусіз түрде Ахметке сұрақ қойды.

— Подгорныйға қатер төнді дей ме?

— Иә.

— Қатер барын Иванов қайдан біледі?

— Бұдан екі күн бұрын қылыш, мылтық асынған үш адам селоны аралап жүрді. Тимофей оларды тоқтатып «Кімсіңдер? Қайдан жүрсіңдер?» — деп сұрағанда кеудесі мен жотасын сары қайыспен шандып тастаған тапал біреуі үзенгіге аяғын тірей шірене түсіп «Уездік милициядан, Қызыл керуенге шабуыл жасаған, қызыл әскерді өлтірген сұмырайларды іздеп жүрміз. Сен жолды кесіп бөгемей, одан да көмектес!» — деп зекіді. «Документтерің бар ма? Көрсетіндер!» дегенде, «Қандай документ керек саған! Милицияны тексеретін соншама кімсің! Мұндағы Совет председателі Булыга. Керек деп тапса сол кеп қарасын! Ал сен қалақтай басынды қалқитпай көзіңді жоғалт! Әйтпесе, Заң атымен дереу қамауға алам!» — деп қорқытты.

— Сен бұл әңгіменің бәрін естіп тұр ма ең?

— Әрине, мен Тимофейдің қасында тұрғам.

— Екеуің олардан қорыққан екенсіңдер ғой?

— Біз оларға кездейсоқ, Крутикованың үйінде кездесіп қалдық. Қолымызда мылтық жоқ болатын. Және уездік милициядан деп тұрған соң жұрттың алдында кергілесіп жатуды ыңғайсыз көрдік.

— Сонан соң бандалар екенін қайдан біле қойдыңдар?

— Олар Крутикованың үйінде көп арақ ішті. Боғауыз сөздер айтып, өлеңдетті. Ал милиция олай жасамайды.

— Байқағыш екенсің. Мұндай қасиет маған ұнайды.

— Давыдов хатты Қасымханға берді де, — ауылдан шыққаныңа көп болды ма? — деді.

— Кеше кешкісін аттанғам.

— Кештегіп жүруіңнің мәнісі қалай? Қорықпайсың ба?

— Түнделетіп жүрген қолайлы әрі жеңіл секілді. Салқында, жүріс өнімді, атқа да ауыр емес. Сонан соң несіне қорқам? Қорғасын оқты қосауыз мылтығым бар.

— Жолда тоқтап па ең?

— Көксайда қайын атам бар. Сонда қонып шықтым.

— Енді қашан қайтасың?

— Тимофей «Әскери өнері бар адам берсін. Оқ-дәріні көп ала кел» — деген. Осыны орындасам дереу жүріп кетем.

— Қару да, адам да Қасымханның қарауында. Бере ме, жоқ па, оны өзі біледі. Бұл кеңседе менен басқа басы артық кісі жоқ.

— Қала тозаңын жұтып бекер сандалғанша бізге жүріңіз. Оқты шығындатпай дәл ата білсеңіз жарайды. Соған да ризамыз. Тимофей солай деген.

Давыдов Ахметтің иығына қолын салып ақырын жымыды.

— Қасыңнан қалмас ем. Шынын айтсам, сенімен жұмыс істеу маған көңілді болар еді. Жібермейді.

— Өзіңіз барғыңыз келсе, неге жібермесін. Қала үлкен. Халық көп. Мұндағылар сізсіз де жұмыс істей алатын шығар.

— Әрине, Ахмет. Аз уақыттан кейін менің керегім де



болмай қалады. Өзің қазақтың ұлт ойынынан қайсысын жақсы көруші ең?

— Қыз қуу қызық қой. Атың жараса көкпар тартқанға не жетсін.

— Қыз қууға жарай қоймаспын. Кәртайып қалдым ғой. Ал сенімен көкпар тартып додаға түсіп көрем.

Қасымхан көп күннен бері Давыдовтың мұндай ерекше елере көтеріліп, көңілі толып жадыраған мәз күйін көрген емес-ті. Қазір Ахметпен бар пейілмен ашық сөйлесіп, күлісіп тұр. Кейін өздері оңаша қалғанда Давыдовтан осы шат өзгерістің мәнісін сұрағанда, ол «Атаманшыл бандалардың жан түршігерлік ісі бұл өңірге белгілі. Ахмет одан тайсақтап қорқып тұрған жоқ. Советті қорғау өзінің үйін, семьясын, ауылын, бүкіл орыс селосын қорғау деп ұғады. Жаңа өкімет кедейдікі, теңдік әпереді, көзіңді ашады» — деп үгіттемейсің. Өйткені ол жаңа дәуірдің өзімен таза сом қалыпта бірге туған. Осындай жаны пәк жанды көргенде қалай қуанбассың, қалай жадырамассың!» — деп көп уақытқа дейін Ахметті аузынан тастамай жүрді...

Екі күннен кейін Ахмет Шестаковты ертіп аулына қарай жүріп кетті. Қасымхан мен Давыдовтың «қаланың көп халқының ішінен басы артық» — деп тапқан кісісі жалғыз Шестаков ғана болды. Бірақ Қасымхан мен Давыдов бұлардан бөлек тағы бір адамды аттандырған. Ол Махмұд Қожамияров болатын. Шекарадағы атыс кезінде Григоренко-Тихоновичпен бірге Адхамов деген де тұтқындалған. Тексеру үстінде оның атаманның байланысшысына ешқандай қатысы жоқтығы, осы өңірге белгілі бақалшы екені анықталды. Давыдов жауап алу үстінде оны жауапқа тартқысы келген кісі боп көрінді де, Қасымхан мұсылман баласына жаны ашығандай «кепілге» сұрап ала қойды. Екеуінің ойы Дутовтың байланысшысын ашу үшін Махмұдты Подгорныйға жібермек. Адхамов арнаулы тапсырмамен бара жатқан Махмұдты бандалардан бүркеуге септігі тие ме деп босатылған еді. Қасымхан Адхамовты оңаша шақырып ап «Махмұд ел арасына ұсақ-түйек шаруамен жіберіп алып тұратын сенімді кісім. Сені

бұл өңірдің орыс-қазағы түгел біледі. Көз қырынды сала жүр. Бәлеге ұрынып қалмасын» — дегенде, Махмұдты өзі секілді сауда адамы көрген Адхамов «түрім, сиқым жүдеу, қисық болғанмен дініме берікпін. Сотты болғалы тұрған жерімнен босатып, құтқарып алдың. Оның қарымын қайтармасам кісілігім қайсы! Мен тірі тұрғанда Махмұдыңның көзіне көк шыбын үймелетпеймін» — деп антын берді.

Махмұдтар кеше Ахмет келген Көксай жолымен кетті де, ал Ахмет пен Шестаков қоржындарын оқ-дәріге толтырып Борқожаның үстімен ауылға төте тартты. Көктөбенің баурайындағы жылқышыларға аз уақыт аялдап, аттарды суытып алып әрі қарай Жолбарыстың жотасын бөктерлеп тау асып жүріп кетпек.

Қаладан ұзап Көкталдың кең жазығына шыққанда таң атып қалған еді. Қызғылт сәуле шашқан көкжиекке қызыға қарап тұрып сөйлеген Ахмет:

— Николай, бүгін күн жақсы боп тұр. Таң салқынында Қарабұлаққа жетіп алалық, — деп атын тебініп қап қасындағы жолдасын асықтыра түсті. Шестаков та қапақтай қозғалып атын қамшылай түсіп желе жөнелді.

Бұл кезде Сигалов анда-санда ықылық атқандай дыбыс шығарып қойып бықсық қорылдақ ұйқыға көміліп жатқан. Не бәлесі барын кім білсін, ылғи бір сарынды, бір-ақ түрлі түс көреді. Қазірде сол түс енген. Өнеукүні түнде керуен қасында өз қолымен бауыздаған қызыл әскер өлмепті. Кәдімгідей тірі екен! Көтерілген күнмен бірге бірте-бірте өсіп, зорайып, алпамсадай алыпқа айналған. Әй-шай жоқ үйге алшаңдай басып келеді. «Өлтіре алмайсың. Өлген жоқпын. Міне, көр!» деп қолын созып Сигаловқа тақай түседі. Саусақтары сондай салалы, жуан. Кеңірдегіне тисе жаншып, езіп жіберетін түрі бар. Төсек астына қашып тығылып жасырына бергенде саусақ араларынан қызыл қан еденге сорғалап ағады. Сол қан еденге тиген сәтте қызыл жалын боп лаулап қайта көтеріледі. Үйдің ішін өрт шалған. Тығыз сары сақал басқан беті, маңдайы тырысып, ыстық от тұла бойын күйдіріп барады. Саусақ арасынан қатқан

қан еденге тамған сәтінде кесекқызыл шоққа айналып атылып кетеді де күрек тістерін опырып түсіреді. «Өлдім, құтқарыңдар!» — деп айқайлап оялды. Сөйтсе, шуақты күн терезеден шақшиып түсіп тұр екен. Өткір сәулесі тұла бойын қыздырып барады.

Сигалов қалжыраған, есеңгіреген әлсіз, сылбыр күйзелген күйкі күйде басын көтерді. Бет-аузын, білегін сипалап біраз отырды. Ызалы үнмен айқай салды.

— Қатын! Сен ит, қайдасың!

Зина ауызғы үйде кір жуып жатқан.

— Соншама не боп қалды? — деп алжапқышқа қолын сүртіп есіктен басын сұқты.

— Мына күнді шақшитпай құртсаң қайтеді!

Зина ернін сылп еткізді.

— Күнді қалай құртам?

— Сен есуас, шымшық құрлы ақылың жоқ, терезені қараңғылап неге жаппадың! Күйіп, өртеніп өл деймісің! Бұл үй ме, мола ма?

Зина безек қақты.

— Терезені жаппай ашып қой. Бір кісіге көрдің қараңғысы жетеді. Күннің тегін жарығын аяйсың ба? Тірлікте көріп қалайық деген өзің емес пе ең. Маған неғыл дейсің!

Сигалов бір жеті бойы тыным тапқан жоқ. Қазақ «Адвокатты» қайдағы бір қыл көпірден асырып салған соң, сол екі арада шіркеудегі Әулие әкенің жұмсауымен Бархуздарға барып «Шұбардың» денесін алып кеткен милиция қызметкерлерінің тексерулері немен біткенін біліп қайтты. Милиция «Шұбардың» аты-жөнін анықтағаннан басқа дәнене шара қолданбаған. Соны шіркеудің попына айтып келді. Кеше Усковский екеуі Алтын Емел асуының алқымындағы Басшы бекетіне барып одан кештете оралды. Аздап тынығып көз шырымын алған соң тоғай жаққа барып, емен ағашының түбін көріп қайтпақ еді. Үйді қараңғылап қойса ұйықтап қалармын деп терезенің қақпағын жаптырмаған. Ұйықтап қалғанына және нашар түс көргеніне ыза боп отыр. Ашуға булыққан қалпы ақырып қалды.

— Сен ит, қой, былшылдама!

— Өзің сұраған соң жауап беріп жатырмын да.

— Әр немеге бір сылтау таппасаң сайқал қатын атанармысың. Амалың тіліңнің ұшында тұрады, — деп, төсектен сүйретіле тұрды. Қабырғадағы төпкішек жәшіктің ішінен бір бөтелкені суырып алды да арақты стаканға шөпілдете құйды. Тілімен ернін жалап тамсана қарап тұрып басын шалқайта көмейіне құя салды. Тершіген жұдырығын иіскеп «Уһ» — деп демін бір-ақ алды.

Зина күрек тістерінің опырылып қалғанын көріп таңғала сұрады.

— Аузыңа не болды?

Сигалов иық үстінен шақшия қарады.

— Тістерім түсіп қалды. Жәй түскен жоқ, сатып жібердім! Саттым!

— Құдайым-ау, сатқаның не! Тісті сата ма?

— Бұл қатынның ақылы жететін іс емес.

— Не болғанын жөндеп айтсаңшы.

— Арзанға сатқаным жоқ. Саудасын тәуір-ақ келтірдім. Жаналғыш әзірейіл кеп «Әй, Сигал, саған тіс керек пе, әлде жан керек пе?» — деді. «Ойбай, тісі құрысын! Қатыным қыз кезіндегі айыбын өтей алмай жүрген момын бейшара. Ақырсам, артын қасқырға талаттырып келгені есіне түсе қалып, томпаңдай жүгіреді. Сол ботқа пісіріп берсе де күн көрем. Жанымды қалдыра гөр» — деп жалынайын. Әзірейіл: «Ой, надан, қайсап, тіс пен пышақты бекер бермейді. Сатып алады. Қане, сауданды айт!» — деп дікендеді. Мен де жармаса түстім:

«Құдайға жақын адамсың. Әділетпен бағасын өзің кес!». «Бір қалақ тұз жете ме?» — деді. Сенің үйде тұз таусылды дегенің есіме түсіп кетіп «бақандай екі күрек тіс беріп отырмын. Құдайыңа қарасаңшы» дегенімде. «Бол, бағанды айт!» — деді. «Екі қалақ тұз әкел. Әйтпесе, қатыным ұрсад» — дегенім сол-ақ екен. «Бұ, шіріктің қатын жандысын қарай гөр!» — деп күрек тістерімді қағып түсірді. Аузым қанға толып қала бердім.

Зина теріс қарап шоқынып алды.

— Бұл жұрт есінен адасқан шығар. Құдайым, өзің сақтай гөр.

— Сен милау, сөз ұғушы ма ең! Ненің жөнін біліп жатырсың. — Сигалов Надежданың бөлмесіне сығалап қарады. Төсектің бұзылмай жиналуы қалпымен тұрғанын көріп есікті аяғымен теуіп жіберді. — Қызың қайда? Үйге қонбаған ба? Тағы да қазақ күшігінің соңынан қалмай дедектеп кетті ме? — деп ашуға булығып айқай салды.

Зина сабырлы жауап қатты.

— Қазақ күшігі дейсің бе? Ойпырай, ол кім екен? Сондайды естімеппін.

— Сен қаншық, өйтіп қанымды қайнатпа! Он алтыңда бұзылып келіп ең. Сол қызда сенің құтырған қаның бар. Осыдан бір жамандықты сезсем, аямаймын. Анау Тришаның жарымес баласына қосақтап тұрып қосам!

Селода Гриша дейтін есі ауысқан жігіт бар. Әкесі маскүнем болатын. Шешесі де құлап ішіп жататын. Жұрт «Бала жатырда жатқанда оған арақтың уы тараған. Жарыместеу болуы содан» — деседі. Әкесінің аты Гриша болғандықтан баланы да солай атап кеткен. Гриша сырт тұлғасы соқталдай бүтін жігіт көрінгенімен өңі кәрі, ергежейлінің түріндей бетінде шимай әжім көп. Сары шашы селдір, иегінде салбыраған сары сақалы бар. Түнде ұйығып, тіркесіп шұбап жүрген бұралқы иттерді айтақтап, көшені азан-қазан қылады. Күн шыққанда молаға қарай кашады.

Айнаның сынығына күн сәулесін шағыстырып, темір крестер мен күмбездерге жүгіртеді. Алыстан қашқан ақжол ақжолға сәулені қызықтайды. Кейде аз уақытқа санасы ояна ма, су қараңғыдан жанары ашылған кісідей айнала төңірекке таңырқай, тамашалай қарап, адамдардың күйбең тірлігін, іс әрекетін әдемі өнердей көреді. Араласып кетуге құлшынады. Өзінің алма-жұлма түріне таңқалғандай көйлегін, шалбарын сипалап қарайды. Кәдімгідей мұңайып қалады. Сол сәтте қайтадан ойсыз түсініксіз тұңғыыққа батып кете барады...

Күйеуі Гришаның атын атағанда Зина шошып кетті.

— Не дейсің? Не деп кеттің, құрғыр-ау! Аузың қисаймай қалай айтасың?

— Солай! Қара қазаққа қыз бергенше, Гриша алсын. Оның қазақтан несі кем!

Үйге Надежда кірді. Бұрын үйде әкесі отырғанда, әсіресе арақ ішіп алғанда қатты именетін. Бұ жолы өйтпеді. Еденді тасыр-тұсыр басып өз бөлмесіне кетті. Басындағы шайы орамалын керуеттің үстіне лақтырып тастады да есікті айқара ашып екі бүйірін таянып қасқая тұрды. Әкесінің әлгі сөздерін естіген секілді.

— Мені Гришаға қоспақшы екенсің ғой? Қане, тағы кімге телісің? Қанша айтқанмен қызың емеспін бе, бәлкім есіркеп «Офицер мырзаның» қойнына саларсың. Әлде қандасым, бауырласым деп «Жиренге» таптатасың ба? — дегенде, Сигалов көзі шарасынан шығып шегіншектеп, тірек таппай төсекке отыра кетті. Екі көзі қанталап қырылдай сөйледі.

— Сен оны қайдан шығардың? Жап аузыңды! Тоқтат!

Надежда сұрлана түсіп көзі жасаурап сөйлеп кетті.

— Тоқтатпаймын, айтам. Былапыт боқтыққа, таба қорлыққа анам көнеді екен деп мені де жетекке сүйрей кетпексің бе? Жоқ! Көне алмаймын. Соншама жәбірлейтіндей бұл байқұстың жазығы не? Тер сіңген сасық кірінді жуып, тамағыңды істегені ме? Федор Сигалов дегізіп түтінінді түзу шығарғаны ма? Шошқа сарайында ес-түсінді білмей мас боп боқтыққа көміліп қалған жерінде адам кейпіне келтіргені үшін айыпты ма екен? Неге қорлайсың, айтшы! Әлде кісі бауыздап қан сасып келсең де, білдіртпей, жиіркенбей, киімінді түзеп, таза төсекке жылы орап жатқызғаны ма? Сондағы сыбағасы, алған алғысы боқтық сөз ғой!

Зина алақанымен аузын баса қолын созып жылап жіберді.

— Надя! Қой, қызым. Кісі бауыздады деген бәлені қайдан шығардың. Ол сенің әкең, ондай жаман сөзді айта көрме! — деп ұмтыла кеп құшақтай алды.

— Жылама, мама. Қасыңда, бір төсекте жатқан жарың,

өлгенше тілеулес, ниеттес адамың сыйламаса, ол ер де, әке де боп жарытпайды. Бұл үйдің сырты бүтін де, іші түтін. Өрт өршігелі тұр. Сол өртті өз қолымен қоздырып отыр. Байқа, әке, күйіп күлге айналып кетпе! Ал мен сенің өлмей қалғаныңды тілер ем. Жаны ашыды екен деп ойлама! Хайырлы өліммен кетпесін деп тілеймін. Алма-жұлмаң шығып, мойныңа дорбаңды сүйретіп келгенде үй орнында ақ селеу басқан төмпешік мола жатар. Сонда бұл дүниеде кіммен кісі болғанын білсін, есіне алсын деймін. Титтей ғана санаң оянар болса, азғана кісілік арың қалса сол Гришаның орнына молаға өзің қашарсың. Сол үшін тірі қалғаныңды тілеймін!

Сигалов екі көзі қанталап қалш-қалш етті.

— Мен бұл дүниенің қызығынан безгем! Түңілгем! Сен қаншықты қақсатқанша қаныңды ішем!

— Өлтіре алмайсың. Діндар адамға екі бірдей кісінің қанын жүктеу ауыр. Дүниеден бездім дегенің де өтірік. Қызық көрем деп арпалысып жүрген жоқсың ба? Әйтпесе, кектеніп, өшігудің жөні қайсы. Мал-мүлкің үшін бе? Кісі қызығарлық дүние сенде жоқ. Қимасаң қатын-қызың үшін бе? Бұл қасиеттен айрылғансың. Сонда кім үшін өрекіп, өршеленіп жүрсің? Әлде қазақ «Адвокатының» жырын жырлап, жыртысын қаптамақсың ба?

Сигалов дүрдие қарап, ойланып қалған секілді. Әйеліне, сонан соң қызына шапшаң қарап өтті. Керуеттің басында ілулі тұрған пенжағын жұлып алып үйден атып шықты.

Зина Надежданың шашын сипалап:

— Бала ма деп жүрсем, ақылың толып бой жетіп қапсың ғой, қызым, — деп маңдайынан сүйді.

## ҚАНДЫ КЕК

— Ойбай, аттан! Атттан! Жау келіп қалды! Жау! Жау келіп қалды! Атттан! — Ала тайға мінген жас бала жағақтың тұсындағы көк төбені қиялай асып ауылға қарай шауып

келеді. Арт жағына жалтақ-жалтақ қарап айқайын үдете түседі.

— Ойбай, аттан! Аттан! Жау келіп қалды!

Майлыбай мал қорасының үстінде тұрып ақырға айырман шөп тастап жатқан. Ол дауыс шыққан жаққа құлақ түріп, мойнын созып қарады. Жақынырақ келгенде таныды. Жатақтың азын-аулақ тоқты-торпағын бағатын Жұмағұлдың баласы Әли екен.

— Мына шіркін не дейді? Қайдағы жау! Қағынбай жүрсе қайтеді екен! — Ренішпен айырға шөпті молырақ іліп, ақырға лақтырып жіберді.

Ауылға тоқталғанда Әлидің айқайы үдей түсті

— Ойбай, аттан! Жау келіп қалды! Қашындар! Құтылындар!

Тентек тауының теріскей бетіндегі Асы алқымында кедей жатақтар отыратын. Сайдың бойын қуалай жарқабақ пен беткейге жапсарлай салған шым балшық тамдар қырық рудан құралған қазақтардың мекені еді. Жазында жайлауға жете алмай, күзінде қыстауға кете алмай қалған тақыр кедейлер көрші орыс селосын паналап жатаққа қоныс теуіп қала беретін. Қазір үй саны біразға жеткен. Терең сайдың екі жағында қарғаның ұясындай жыпырлап отыр. Әйткенмен бұл маңда ел бары байқала қоймайтын. Етектегі Подгорный селосының орыстары болмаса, жатаққа сырт кісілер жол тауып келе қоймайтын. Бандалар Қызыл керуенді талқандап кеткенде мұндағы ауыл қатты дүрліккен. Орыстардан көріп еккен азын-аулақ егінін, бау-бақшасын тастап Іленің қалың құмына тығылып көшпек болғанда, жатақтың досы боп кеткен Тимофей орыс кеп үгіт айтқан. «Жетісу жері ақтардан біржола тазарған. Қалған сілімтіктерін Қызыл Армия Қытай асырып жіберді. Дүниеде Қызылдарға тең келетін күш жоқ. Совет мықты орнады. Ол бүтіндей кедей жағында. Оған теңдік, бостандық әпереді. Байларға болыспайды. Байдың малын баққан малшы-жалшылар көп жылғы еңбек ақысын өндіріп алады. Әзірге көшіп-қонып берекеңді алмай, егін, бақшанды жинап ал» — деп дүрліккен елді басқан.



Сол сөз Майлыбайдың құлағына әбден сіңіп қалған еді. Ол Элидің жау шақырыс аттанына сенбей тұр. «Осы күнгі балалардың ойыны жаман, мылтық асынғанды, қылыш ұстағанды қызық көріп қайдағы бәлені шығарады. Тыныш жүрсе қайтеді!» — деп Жұмағұлға баласын теріс тәрбиелеп жүргеніне кәдімгідей ренжіп қалды.

— Әй, күшік, сен не тантип жүрсін? Өзің бері келші. Қайдағы жау! Кісі солай ойнай ма екен! Әй, ес жоқ, қызталақ неме! — деп ұрысып тастады.

— Ата, шын айтам. Ақтар осылай қарай шауып келеді. Қыдырбайдың ескі қыстауынан асты. Ойбай, әне келе жатыр деп Әли тайының сауырына қамшыны салып қалып шаба жөнелді.

Қыр басынан мылтық асынған бір топ солдат көрінді. Араларында жәй киім киінген кісілер де бар. Қылыштарын бұлғай жарқылдатып, қиқу салып шауып келеді. Майлыбайдың үрейі ұшып кетті. Үйіндегі келіні Шарбануды есіне алды. Атаман Анненковтың армиясы бүкіл Үшарал өңірін, Қапал бойын қанға бояп тұрғанда, оның сілімтіктері Жаркент уезінде де қатты ойран салған. Ауылға шапқан ақтың хабарын ести қалса, қыз-келіншектер бетіне күйе жағып, үстеріне жыртық-шоқпыт көйлек киіп ұсқынсыз түрге ене қалатын. Дала қазағының зорлық, зомбылыққа, азулы күшке қарсы жасайтын қайраты, амал-айласы осы ғана еді. Майлыбай келініне мына сұмдықты айтайын деп қораның төбесінен түсе бергенде, қақ жотадан тиген дырау қамшыдан мұрттай ұшты. Жерге қалай домалап түскенін сезбей де қалды. Дуылдап ашыған иығын ұстап көтеріле бергенде ауыр қамшы жотасына тағы тиді. Сүріне ұмтылып басын көтерді. Дәл төбесінде бет-аузы тығыз сары сақал басқан біреу ыржиып тұр. Бұзау тіс қамшымен дөңбектей кісіні мұрттай ұшырғанына мәз секілді. Бұрынғы патша армиясының поручигі Есютиннің бір ұнамды қаруы осы қамшы. Өріміне қорғасын сап өргізген. Соңғы бір жолы араққа бәс тігісіп, тұтқын қызыл әскердің жалаңаш басын осы қамшымен қақ айырған.

Есютин қамшысын тағы көтерді.

— Сен, киргиз ит, қайда қашып барасың?

Майлыбай иығын ұстаған қалпы:

— Менікі непонимайт. Орысша білмейді, — деді.

— Сен, киргиз ит, понимайт! Сен қусың! Сұмсың! Оны қисық көзіңнен танып тұрмын! — Есютин камшысын тағы сілтеп қалды. — Большевик қайда? Шапшаң айт!

— Әй, мынау ноқай қайтеді? Кісіні өлтіре ме? Сабайтындай не жазығым бар? — Майлыбай басын қорғаштап жүр. — Өздеріңе не керек? Соны айтшы!

— Большевик қайда? Үйі қайсы? Айтасың ба, жоқ па?

— Осында өздерің көрген әлгі Жұмағұлдың баласы орыс тіліне жылмайды. Соны шақырайын.

Есютин Майлыбайдың сөзіне түсініп жатқан жоқ. Өзіне оңай қызық ермек тауып алғанына қуанды. Оның қорбаландап қорғанғанын қызық көріп камшының астына ала түседі. Есі шыққан Майлыбай үйге қашып тығылды. Есютин атынан секіріп түсіп Майлыбаймен үйге қабаттаса кірді.

Үйдегілер даладағы оқиғадан бейхабар еді. Айғаным темір пешке қиды молырақ салғызып қойып тулақ үстінде ұршық иіріп отырған. Келіні Шарбану таба нан жаппақ боп қамыр илеп жатқан. Айғанымның күн ұзағына ермегі осы келіні Шарбану. Оған өзінің басынан өткенді жақсы сабақ қып айтып береді. Үлкенді сыйлау, оны құрметтеу жастың парызы. Кішілік жасау, зиялы болу қорлық емес. Ол тәлімділік белгісін танытса керек. Әйел жолы жіңішке деседі. Әйткенмен, осы жолдың нәзіктікпен, сыпайы сұлулықпен ұштасқан әдемілігі де бар. Ғашық машұқ отына күйген жас жігіттің арманы қайсы? Таңсық еткен әдемісіне, асылына жету емес пе? Ер азаматты құштарлыққа, құмарлыққа, тағат таппас шыдамсыздыққа, ғашықтыққа салған әйелде арман бар ма? Сайып келгенде әйел жолы жіңішке деседе екеуінің соқпағы бір екен. Зәуеде ерін сыйлап өткен жар бұл жалғанда қор болмайды. Қарт ененің өмірден тоқығаны осы. Соны келінінің құлағына құйып отырған.

Майлыбай даладан далбалақтап кіріп келгенде,

Айғаным:

— Әжесі-ау, сізге не болған? Есігінді жапсаңшы, — деді де, күйеуімен қабаттаса кіріп келе жатқан солдатты көріп, — «Көтек, мына бәле қайдан жүр? Бұлардың әлгі Қытай асып кеткені қайда? Байқұс-ау, енді қайттік? Алдын ала айта қойсаң қайтеді!» — деп қатты дағдарып орнынан тұра берді. Шарбану қамыр баттасқан қолымен бетін қалқалап енесінің жотасына тығыла түсті.

— Жаныңның барында айт! Большевик қайда? — Есютин кәрін төгіп Майлыбайға тағы түйілді. — Неге үндемейсің? Сен ит жасырып отырсың, білем! — Тақап кеп қамшымен тартып жіберді. Қамшының ұшы бетіне тиіп қан сорғалап ақты.

Майлыбай сөзінен танбады.

— Менікі непонимайт!

— Бұл киргиз иттің мылқаусуын қара! Сен ит понимайт! Түсіндің бе? — Есютин қамшысын көтере бергенде, Шарбану шыдай алмай айқайлап жіберді.

— Неткен хайуансыз! Тиме оған! — деп ыршып шығып денесімен Майлыбайды қалқалап тұра қалды. — Үлкен кісіге қол көтерген қандай ұятсыз адамсыз! Мұның жазығы не?

Есютин бір сәт аңырып тұрып қалды. Жас әйелдің батылдығына әрі таза орыс тілінде сөйлеп кеткеніне сескеніп қалған секілді.

— Сен кімсің? Не керек өзіне?

— Онда жұмысың болмасын. Бұл үйде ешқандай қызыл да, большевик те жоқ. Олар керек болса, іздеп тауып алыңдар!

— Сен мұндай іске араласпа! Бұл қатынның жұмысы емес. Бұлай тұр! — деп қолынан тартып қалып еді. Шарбану көкірегінен итеріп жіберді.

— Тимейсің оған. Тигізбеймін! Ұқтың ба?

Есютин енді ғана Шарбануға зер сала қарады. Жалак ернін жалап:

— Қандай сұлу қатын десеңші! — деп тамсанды. Сен қатын асықпа! Есютин аман болса, түбіне сол жетеді.

— Ол салақтаған сарала қылышын жамбасына қапсыра ұстап, үйден жүгіре шықты. Жатақтың шетінде қай тамға кірерін білмей үйіріліп тұрған солдаттарға қолын бұлғап, екі саусағын аузына сап ысқырып қалды. Атты бандалар Майлыбайдың үйіне лап қойды.

Сырттан аттың дүбірін естігенде Майлыбай:

— Қарағым-ай, әбестік жасадың-ау. Мен таяқтан өлмейтін едім ғой. Көрінбей тұра тұрсаң қайтетін едің. Өзіңе зақым жасайды-ау! — деп бетінің қанын жеңімен сүрте берді.

Бір топ солдаттарды үйге шұбата кірген Васильев айқайлап:

— Әлгі шақар қатын қайда? Көрсетші маған! — деп, Майлыбай мен Айғанымға кезек қарады. Енесінің жотасына тығылып тұрған Шарбануға көз тоқтатты. Сүйел басқан саусақтарымен Шарбанудың иегінен ұстап, батыра шымшыды. — Өзің тәуір екенсің. Түрің қандай әдемі. Мынадай моланың ішінен әрлі қатын кезігеді деп ойлаған жоқ ем. Қане, жалаңаштанып алып көңіл көтерсек қайтеді? — деп білегінен шап беріп ұстап өзіне қарай тартып, қалды.

— Қолыңды тарт, сұмырай! — Шарбану шапалақпен тартып жіберді.

Васильев шошып кетті. Бетін сипалаған қалпы шапшаң нағанын суырып алды. Қапыда қазақ әйелінен сескенгенін ар көрді ме, сонысын бүркемек боп қарқылдап күлді. Нағанын қолына ойнатып, сабырлы қалыппен бір шекесінен қарап иегін көтере сөйледі.

— Өліне қарамай, мұның шақарлығын қарай гөр! Білгің келсе, менде жаман әдет бар: қатын өжеттенсе аңсарым ауып, құтырынып кетем. Оллаһи, солай! Тіпті әлгіден гөрі ұнап барасың. Табанда атып тастайды екен деп қорықпа. Алдымен құмарымды тарқатып алам. Мен қатын көрмегелі қай заман! Тау-тастың арасында дені сау еркектің аңша жортып жүруі оңай ма? Айызым қанған соң пиғылыңа қарай көрем! — деп Майлыбай мен Айғанымды шошалаға апарып қамап тастауға бұйырды.

Айғаным мыналардың бір сұмдықты бастайтынын

сезді ме, екі жақтан екі адамның қолынан шап беріп ұстап сүйрелегеніне ырық бермей бұлқынды.

— Мен келінімді тастап кетпеймін. Сендей жауыздардың не істейтінін білем. Ар-ұяттан безген оңбағандар! — Айғанымның сөзін бандалар ұғып жатқан жоқ. Еркіне қоймай, мылтықтың дүмбісімен түйгіштеп, үйден алып шықты.

— Апа, мені тастап кетпеші! Апа! — Шарбану жылап қалды.

— Анисимыч, сенің бәрібір қатынға қауқарың жоқ. Бекерге тұрмай, даладағы серіктеріңді бермен жібер. Өзің әлгі маймылдарды мықтап күзет! Біз мұнда қызықтай тұрайық!

Анисимыч күйбектеп:

— Есаул мырза, біз бірінші топтан мүлде шеттеп кеттік. Әлгі «Адвокатың» орыстарға ие бола алмай, бәрі мұнда лап қойса қайтеміз. Тез кетсек қайтеді. Мұнда алатын дәнеңе жоқ, — деп еді.

Васильев ақырып қалды:

— Бар шапшаң! Сүмірейіп алып үрейшілін қарай гөр. «Адвокат» тірі тұрса, бұ жаққа тірі орысты бастырмайды. Ұқтың ба? Бар, әлгі маймылдарды мықтап күзет!

— Құп болады!

Васильев босағада тұрған Есютинге қабағын шытты:

— Сен де шығып тұр! Бәрібір саған қазір кезек тимейді.

Есютин сүмірейіп үйден шықты. Айғаным Шорманды көріп қалып:

— Әй, мұсылманның баласысың ғой. Мына тағы иттеріңе қой десеңші. Бұл не сұмдық! — дегенде, Шорман:

— Келіңіңе сол сауап, шоқынған қатынның сыбағасы сол! Өлмесе, ома қапсын! — деді.

— Ой, өңшең сұмырайлар! Азғындар! Сендерде қатын-қарындас жоқ па еді? Бұл не қылған сұмдық, тағылық! Обал деген қайда? Сендерден төрт аяқты хайуан артық. Құдай бар болса, сендердің аналарың мендей боп зарласын!

Шорман айқай салды.

— Жап аузыңды, кәрі мыстан! Ертең бәлшебек бәрін

ортаға сап, ортақ ғып жібереді. Қайта осы бастан үйрене берсін!

— Сен сұмырай, бәлшебектен садаға кет! Ахметім келсін, сенің анау сапсиган сақалыңды талдап жұлар!

Есютин көмекке кеп, үш жақтап Майлыбай мен Айғанымды мал қораға қамап тастады. Айғаным кектеніп, ашуға булығып:

— Сен сұмырай ма, бәрін бастаған сен ғой! — деп бетін тырнап алды. Есютин жұлқынып, ішіне бір тепті.

— Кәрі қарға!

Майлыбай Айғанымның иығынан тартып:

— Ей, байқұс, кой енді. Мына ноқайлар өзіңді жазым етіп жүрер. Бір құдайдың салғанын көрелік, — деп сабыр айтты.

— Зарлының мұңын көрмеген ол қандай соқыр құдай!

— Тәйт, о несі! Құдай алдында бекер күнәкар болма!

Анисымыч Есютиннің бетінің қанын сүртіп жатқанын көріп:

— Бүгін киргиз қатынынан жеген таяғың аз болмады. Еңсең түсіп кеткен бе, қалай? — деді.

— Басын шауып тастайын деп едім. Қылышымды киргиздің сасық қанына былғамайын дедім. Атып тастайын десем, мылтық дауысынан үйдегілер үрейленіп қызығынан қалдырам ба дедім.

— Біздің атаманның өзін шапалақтап жіберді-ау! Байқұсты табанда атып тастай ма деп ем. Өзін қалай тоқтатқанын білмеймін.

— Біздің Василек өз ісін біледі. Тауға тығыламыз деп тағы боп кеттік қой. Әйел жынысын көрмегеніміз қашан. Киргизканы аяп қайтесің. Денесін босатып, бойындағы қырсығын шығарып алайын деген шығар.

— Сен де осындайға құмарсың. Қалай ұялмайсыңдар?

— Менде ұялатындай ештеңе қалған жоқ. Өзің білесің, су мерез жегідей жеп барады. Осында тәуіптерге қаратып ем. Емі қонбады. Ауруың асқынып кеткен дейді.

Осы кезде Шарбанудың шыңғырған дауысы шықты. Майлыбай бетін сипады.

— Жаратқан алла, өзің жар бола гөр!

— Ой, жасаған-ай, біз не жазып едік. Ертең Ахмет келгенде не бетімді айтам! — Айғаным шашын жұлып жылады.

Подгорный селосы жақтан лапылдаған от көрінді. Қызыл жалын аспанға атылып, жан-жағын шарпып қалындап тұтасып барады. Есютин алақанын шекесіне апарып көзін күннен қалқалап:

— Анисимыч, мыналар кім? Ойбай, құрыдық! — деді.

— Үрейің ұшпасын. Бұл «Адвокат», астындағы қасқа айғыр соныкі.

Көз алмай қарап тұрған Есютин:

— Дәл солай! Басың бурыл болғанмен көзің қырағы. Жалпы, сенде байқағыштық сезім бар. Аңшы итке ұқсайсың, — деді.

— Оның күні менен тәуір ме деймін!

Ғапаровтар Майлыбайдың үйіне жақындап қалған еді. Анадайдан Есютинге айқай салды.

— Есаул қайда? Қашындар. Орыстар көтеріліп жатыр.

Есютин үйге жүгіріп кірді. Аздан соң Васильев екеуі шықты. Васильев қан сорғалаған қылышын қынабына салып жатып:

— Құдайым сені тап келтіргенін қарашы! Наганды қалай суырып алғанын байқамаппын. Сен болмасаң бұралқы иттей мені атып тастайтын еді. Мұндай мықты, ширақ әйелді көрмедім! — деді.

Бұл кезде Садық мырза Жұмағұлдың үйінің сыртында Майлыбайдың үй жағына көз тігіп тұрған. Далақтап шауып бара жатқан Шорман Садық мырзаны көріп қалып атының басын тежеп қайта бұрды. Садықтың қасына келді. — Мырза аманбысың? Келіннің әнеукүні айтқан ісін тындырдың білем, — дей бергенде Садық наганын белінен суырып ап басып қалды. Астындағы үркек ат Шорманның өлі денесін ала қашты. Көктөбеге жетпей аяғы үзеңгіге ілініп салақтаған денені тастады да кетті.

Мылтық атылғанда шауып бара жатқан Васильев бұрыла жалт қарап Шорманға көмекке келмек еді. Ғапаров:

— Токтама! Ол итке сондай қорлық өлім керек. Енді барсақ әшкереленіп қаламыз! Атыңның басын солға қарай бұра тарт. Қаратау жолы қатерлі. Ұрылардың қиян соқпағы бар. Сонымен кетеміз. Ізімізді таба алмасын. Менің соңымнан қалмаңдар! — деді.

Қарулы топ қара жарды қалқалап ескі өзеннің арасымен Алтын Емелге қарай шауып бара жатты.

Жатақтар Майлыбайдың үйінде бандалардың опыртопыр боп жатқанын көріп, бірақ үйлерінен шығуға бата алмай құлақ түріп отырған. Дүбір басылып, солдаттардың кеткенін көргеннен соң есік-терезеден бастарын қылтитып, ептеп бой көрсетіп, есік алдына, қораға шыға бастады. Майлыбайдың үйінде бір сұмдықтың болғанын сезсе де, ойындағы күдіктерін тістен шығаруға шошынып, Жұмағұлдың үйінің тұсына жиналып тұрған еді.

— Кемпір-шал аман қалса жарар еді. Бандалар ұзақ тоқтады ғой, — деді жатақтың шала молдасы Әлімқожа. — Айғаным тілінің шаншуы бар шапшаң кісі еді. Байқамай ашу шығарып алды ма екен, байқұс.

— Әй, молдаке-ай, олар кемпірдің қайбір сөзін ұға қояды дейсің, — деп Жұмағұлдың ерке қатыны Айша молданың сөзін жақтырмағандай тыжырынды. — Орыс шанағы қатқан кемпірді қайтсін. Бәрінен келініне қиын болды ма деп қорқам. Сымбатты бала еді.

— Түү, осы қатындардың артық сөзге бейімделіп тұратыны-ай!

— Молдеке, көңіліңізде күдік тұрып тіліңіздің ұшымен сөйлейтініне таңым бар.

— Артық сөз күпірлік, бекер күнәкар болмағын.

Садық мырза ата жағынан Жұмағұлға жақын ағайын саналады. Әлді ағайын алыстан елеп келгеніне кәдімгідей көтеріліп қалған Жұмағұл ескі өкпесін ұмытып, көктем қарсаңында туған дүбіре лағын сойып, жаны қалмай сыйлаған. Сүт емген жас лақтың етін бейіш асындай көп жеген Садық мырза түні бойы ұйықтай алмай дөңбекшіп, таң алдында тәтті ұйқыға кеткен еді. Сыртта тасырлаған аттың дүбірінен, адамдардың шуылдасып, үйді-үйлерге



тығылған үрейлі дауыстарынан оянып кеткен. Қара барқытпен әдіптеген шекпенін иығына іле салып тысқа шыққан. Бандалар Майлыбайдың үйіне үйіріле қалғанда кеудесі қуанышқа толып, танауы жыбырлап, жүзі жадырап кетті. Ол Шорман мен Әукенге іштей Ахметке кектеніп жүргенін жасырмай айтқан болатын. «Сіздің кегіңізді көрінгенге жібере қоймаспыз. Бір кезегі келер» деп Әукен сөзін жұмбақтамай, бүкпей, уәде бергендей боп еді. Мынау сол Ғапаровтың ісі екенін біліп тұр. Үй сыртында тұрып ат үстіндегі Шорманды анадайдан танып та тұрған. Бірақ ол мұның қасына арсалаңдап шауып келіп, сыр ашады деп ойламаған. Оның келгенін, мұның мылтық атқанын Жұмагүл көрді. Қазір Шорманның сөзін естіп қоймады ма екен деп іштей қауіп ойлайды.

Айша баласы Әлиді «Не болғанын біліп кел!» — деп Майлыбайдың үй жағына жіберген еді. Ол шешесіне келіп сыбырлады.

— Майлыбай атам далада жер бауырлап жылап жатыр.

— Не дейсің, ей?! — Айша шошып кетті. — Өзің үйге кірдің бе? Саған бәрін біліп кел дегенім қайда?

— Қорықтым, апа.

— Өй, ынжық неме, әкеңе тартпасаң қайтеді! — Айша баласын жотасынан түйгіштеп итеріп жіберді де үйіріліп тұрған жұртқа, — артыңмен бал ашып несіне тұрсындар. Қане, қайнағанікіне барайық, — деді.

Айғаным бандалардың кеткенін байқап, есікті бір теуіп жіберіп шалқайта ашты да Майлыбайдан бұрын үйге кірген еді. Тамның қақ ортасындағы темір пеш қираған. Үйдің әлем-тапырығы шығып жатыр. Жүні сөгілген құс жастықтардың арасында дәл төрде Шарбану шалқасынан жатыр. Көйлегі кеудесіне дейін қақ айрылған. Денесі жалаңаш. Есі шыққан Айғаным келінінің абыройы ашылып қалғанын көріп:

— Балам, етегіңді жапсаңшы, атаң келеді, — деп қасына барғанда Шарбанудың өліп жатқанын көрді. Әр етін жапырақтап кесіп, пештің алдындағы күлге тастай берген. Ішін жарып, ішегін ақтарып тастаған. Айғаным басындағы

жаулығын келінінің үстіне жабуға мұршасы келмей есінен танып құлап түсті.

Үйге басқа жұрттан бұрын кірген Айша жылап жүріп қасындағы қатындарға әмір етті.

— Бар, айт! Еркектер кірмей тұра тұрсын. Шапшаң шөп әкеліп босағаға төсендер, — деп енесінің ақ жаулығымен Шарбанудың бетін жапты. — О, құдай, бұл жас баланың не жазығы бар еді? Арманда кеткен есіл келінім-ай! Сені қорлаған адамның қорлықтан көзі ашылмасын. О, сұм, жауыз, өзің өскен, кіндік кескен ақ үйің басыңа мола боп құласын!

Даладан кірген үш-төрт әйел көздерінің жасын тыя алмай үнсіз жыласып, Айшаға көмектесіп жүр. Төсектің тұсында құрулы тұрған шәйі шымылдықты жұлып, дереу оң жақ босағаға керді. Шөптің үстіне Шарбанудың денесін қойды. Бұл кезде екі әйел Айғанымға су бүркіп, самайын укалап, есін жидыра алмай әлекке түсіп жатқан. Әлден уақытта Айғаным есеңгіреген қалыпта басын көтерді. Жан-жағына қарады. Өзіне төніп, үңіліп қалған қатындарға:

— Келінім қайда? Шарбануым қайда? — деді. Бандалардың ылаңы есіне түскендей аһ ұрып, дауыс шығарып келінін жоқтады.

— Ой, қу құдай, сұм заман! Біз саған не жазып ек? Айналайын, тектім-ай, атаңа араша түсем деп жас жаныңды пида еттің-ау, жаным! Сенің жолыңа мені алмады-ау, шұнақ құдай!

Далада үйіріліп тұрған еркектер дауыс шығарып үйге кіріп жатты.

— Арманда кеткен келінім-ай!

— Қыршын кеткен ақылдым-ай!

— Ауылымның гүлі едің! Асылым едің! — десіп, Шарбанудың қысқа өміріндегі асыл қасиеттерін термелеп егіледі. Ахметке адал, сүйікті жар болғанын ата-енесі алдында кесе көлденең өтпегенін естеріне алып жыласты. Әлден уақытта Әлімқожа тамағын қырнап алып үйдегілерге тоқтау айтты.

— Жә, сабыр етіндер! Көз жастан өлген оралмайды.

Құдай ақырын берсін, — деп жүгіне түсіп құран оқуға кірісті.

Құран артынан үйде отырғандар жас келіннің білімділігін, кішіпейіл парасатын сөз етісті. «Құдай жақсыны қойған ба?» — деп бір сәт тәңірісіне наразы боп қалады. Ондайда Әлімқожа «Алланың жазғанына дауа жоқ. Бастағы жазылмыш солай, дәм-тұзы таусылғанда өлім әрқилы себеппен келіп жатады» деп алласын арашалап алмақ болды.

Садық мырза жаназа малын сою қамын жасап тысқа шыққан Майлыбайға көңіл айтқаннан кейін өзінің парызынан құтылғанға санап, қи сасыған үйге кірмей, жатақтың өтімді, беделді кісілерімен көлеңкеде әңгімелесіп отырған. Етекте, тоғай бойында орыс селосы бар. Садық мырза сондағы орыстарға өлердей өш. Мына жатақтың біраз үйі жаз шықса жайлауына, қыс түссе қыстауына бірге көшіп қонып жүрген малайлары еді. Осылардың арқасында «Садықтың үлкен ауылы атанып еді. «Киімі мен тамағың менен. Енді құдайдан тілегенің не?!» — деп қысы-жазы қыруар малын бақтыратын. Егескендермен есе аларда қолшоқпары ғып сала қоятын. Қалай жұмсада таусылмайтын, сарқылмайтын мол құш еді.

Өткен қыс қарлы жауыннан басталды. Шығын көп. «Өлген малдың құнын өтемей босағамды аттатпаймын» дейтін бұрынғыдай жатақтың жалаңқайлары жоқ. Орысты паналап, өкіметке арқа сүйеп жатаққа көшіп келе қояды. Осы жатақты уысына ұстап, бүкіл орыстарды айтқанына көндіріп отырған Тимофей деген орыс бар деп естиді. «Өзі большевиктің әкесі. Баласын ақтар 1918 жылы шауып өлтірген» — деп естігені бар. Сол Тимофей мына Майлыбаймен тамыр деседі. Қазақтың діні бөлек орыспен тіл тапқанына Садық мырза түсінбей-ақ қойды. Жатақтар өз кісісіндей Түймебай деп ат қойып алған. Мана село жақтан өрт көрді. Өртенген Тимофейдің үйі болуға тиіс. Ғапаров уәдесінде тұрса осы жолы Тимофейдің көзін жоюға тиіс. Садық мырза орыс селосын Ғапаров бастаған қазақ аралас бандалар ойрандамақшы болғанын, ал жатақты

орыстар қандататынын күнілгері білген. Орыс пен қазақты өштестіріп арасынан жік ашып бір-біріне айдап салу амалы болатын. Сірә, Шорман Васильевтерге жолды көрсету үшін осы топқа қосылған секілді. Енді Садық мырза осы қанды оқиғаны үрлей түсіп, бүкіл жатақты көрші орысқа айдап салмақ болды. Ғапаровтың бүлігіне ашынған орыстар о жақта қазақтарға өшігіп отырғаны хақ. Орыстар жатақты көп қиратса, төңіректегі қазақ ауылдар жатаққа болысатыны айқын. Қан майдан басталып қалың орыспен шайқаса қалғандай күн туса, әрине Садық мырза жатақтың онан әрмен қанға бата түсуін тілейді. Жеңілген, жәбір көрген жүдеу жұртқа жаны ашыған боп қасына көшіріп ала қояды. Құм арасында жатқан көп малының соңына қайта салады. Сонда Садық мырзаның жоғы түгенделмей ме?

Ауылдың жылау-сықтауы басылған соң бұл ойын жүзеге асыруға кірісті. Қасындағы кісілерін бастап үйге кірді. Өзі төрге шықпай, есік жақта, Майлыбайдың қасына отырды. Қатты қайғыға батқан кісіге ұқсап, бетіне орамалын апарып көзінің жасын сұрткен боп күрсіне сөйледі.

— Уа, Майлыбай, сенің жаныңа батқан қаза менің шекемнен өтіп отыр. О заманда, бұ заман кінәсіз жас әйелді бұлай қорлап өлтіргенді қай атаңнан көріп едің? Мына сұмдық бәріміздің кеудемізге кек өршітіп, зығырданымызды қайнатты. Қазақ баласына бұдан өткен қорлық жоқ. Кей пысықтар: «Бұлар бандылар ғой. Солардың лаңы ғой» — деп былжырайды. Өзіміз күнде көріп жүрген орыстардан бәле-жала, бөтен ғып көрсеткісі келеді. Мейлі солай-ақ бола қойсын. Ау, ағайын, осы үйді қанға бояған, құлақ естіп көрмеген сұмдық жасаған сол бандалардың орыстың тұқымы емей кім?! Оларды ата-тегінен қалай бөліп аласың? Сен бөлсең де құдай бөлмейді. «Ерді намыс, қоянды намыс өлтіреді», — дегеннің кері келді. Азғана намысың болса, елдік арың болса қимылдар кезің келді, ағайын! — Садық шалқая түсіп үй ішіндегілерге көз тоқтатып етті. Бастарын төмен салып, сөлбіреп тыңдап қалған. Майлыбай ғана теріс қарап, бетін көрсетпей отыр. Қимыл-қозғалысынан құптағандық байқалмайды. Онысы Садыққа ұнамады.

Тағы үгіттеп бақты.

— Түтеткен түтінім бөлек алыста жатсам да, сен, Майлыбай, ағайынсың, көрмей жүрсем аңсайтын бауырымсың. Басыңа күн туғанда қол ұшын бере алмасам тегі бір туыстығым қайсы! Мұндай шақта мал мен жаным садаға мына бейкүнә келінім жолында. Қаласаң, қазір қырдағы ауылға, жалпақ елге кісі шаптырып жар саламын. Қалың суан мен жау жүрек жалайыр ұлдары, көкірегінде намысы бар албан, дулат азаматы жиналады деп білем. Мына қанды оқиғаны көрсін. Шешуін өздері айтсын. Сөзімді мақұл десең, жөн көрсең, кесіміңді айт! — деп еңтігіп барып тоқтады.

Майлыбай еті тірі пысық кісі саналғанымен үйінде артық ас, жиған мүлік бола қоймайтын. Рас, Шарбану келін боп түскеннен бері қора-қопсысы тазарып, үйі әктеліп, әжептәуір тәртіпке келіп қалған еді.

Бірақ бұл үйде былтырдан бері артық мал қосыла қойған жоқ. Тапқан малды жинап-теріп қалыңмалға өткізген. Үйде азын-аулақ астың, он шақты уақ жанын талшық қып отыр. Ірі қарадай қара інгені мен жалғыз биесі бар-тын. Ингенді керуенге қосып жіберген. Ал биесі қысыр қалды. «Бием келісті» асыл тұқымды айғырға салып, ақалтеке құлынын аламын» — деп жүргенде, айғырдың иесі биеге шабар ақысына Ахметтің құранды күміс ерін қалаған соң оны беруге қимай, ақыры биесі қысыр қалды. Қазір жатақтың қатын-қалаштары Майлыбайдың бар жоғын түгендеп, әр үйден ұн, табақ, кесе, бауырсақ пісіруге тоң май тасып өлікті жөнелтудің қамын жасап жатқан. Алда әлі жетісі, қырқы секілді парызды күндері бар. Мұның өзі кедей адамға үлкен салмақ. Әлді ауылдың мырзасы қарасын көрсетіп, күдірейтіп жүргенге кедейдің жоғын толтырып азын-аулақ мал, азық әкеп тастай ма деп дәмеленіп қалып еді. Майлыбай Садық мырзадан мұндай көмек күткен жоқ.

Айша әйбәт қайнысының сөзін үйдегілердің аяқсыз қалдырғанын ыңғайсыз көрді ме, бір тізесімен алға жылжи түсіп:

— Тегі бір туыс емес пе? Жаны ашыған соң айтып жатыр

да,— деп Садық мырзаның астарлы сөзін ұға қоймаса да, жәй қостай салды.

Әйелінің сөзі түрткі болған Жұмағұл:

— Шырағым, Садық, біз жер кезіп, ел танып жүрген кісі емеспіз. Бәріміз оқымаған жанбыз. Өзің жөн көрсен, шақыра бер, қазақ ағайынының басын қос. Бұлар сенің жөн сөзіңнен шықпайды ғой, — деді.

— Жүмеке-ай, көкейіндегіні айтпасаң да ұғамын. Мына жұрт жақыны, бауыры болған соң аға-жеңгесі боп қостап жатыр деп қалар. Қаза бәрімізге ортақ болғанымен оның шын қасіретін тартып отырған мынау аңғал ағам Майлыбай мен асыл жеңгем Айғаным. Ел азаматтары жинала қалса алдымен осылардың сойылын соғады. Сол жұртқа мына Майлыбайдың өзі не дер екен? Соны білгім келеді, — деп Садық мырза Майлыбайға түйіле түсті.

Майлыбай ойланып қалды. Жұмағұл бүйірінен түртіп:

— Ей, байғұс-ау, мына жұрт лебізінді естігісі келеді. Жөніңді айтсаңшы! — деді.

Майлыбай мең-зең күйде Садық мырзаға қарады:

— Басымызға түскен қиянат ауыр. Қайғы-қасірет үстінде, өлік басында сойыл-шоқпар жинап жатқанымыз қалай болар екен. Ақ бандаларды енді қайдан табамыз? Ауылда Ахметтің өзі жоқ. Жаркентке кетіп еді. Бүгін-ертең келіп қалар. Соның өзімен ақылдас, — деді.

Садық мырза сәтінде құбыла қалды.

— Ахмет екеуіміздей жасық деймісің. Кеудесінде намыс оты ойнаған асыл азамат. Әуелі менің азғана ұрысқанымды көтере алмай өзінді осында бір-ақ түні көшіріп әкетті емес пе? Ағайын сенің өкпең болса да менің өкпем жоқ. Әуелі анау Ұлпаш сендерді ойлағанда ішкен асын жерге қояды. Бауырсың ғой көшіріп әкелсеңші! — деп жалынып қалды. Осында келгендегі мақсатым, бір жағынан, өзіңмен, Ахметжанмен сөйлесейін деп едім. Мынадай уақиғаның үстінен кезіктік. Бұл жерде де мені шет қалды деме, сол жауыңмен алысып бақтым. Соның біреуінің өлігі сонау сайдың жағасында жатыр. Сенбейді екенсің барып көргін. Аты сол маңда жайылып жүрсе, ұстап әкеліндер. Кісі өліп

жатқанда жаудың малын аяйсың ба? Келініңнің жолына жарат. Менің қолымнан келгені осы ғана! — деді.

Жұмағұл мырзаның тасырлатып шауып келген кісіні атқанын көрген-ді. Соның мәнісін ұға алмай, тісінен шығаруға бата алмай отырған. Садықтың өзі мұны жария еткен соң күдігі сөйліп қуанып қалды.

— Біздің мырзаның сол бандалардан бөлінген біреуді тапаншасымен атып салғанын өз көзіммен көрдім, — деп Жұмағұл қостай жөнелді. — Бірақ сол қазақ-ау деймін. Дауысын құлағым шалып қалды.

— Бұл маңда жатақ барын қай орыс біледі. Сол ақ бандаларды шұбатып жүрген жансыз ба деп қалдым. Маған шауып кеп «Бәлшебектің үйі қайсы? Шапшаң айт!» — деп дікендейді. «Мә, саған, бәлшебек!» — деп мылтықпен басып қалдым. Өздерінің зәресі кетіп дүркірей қашты ғой!

— Олардың да жаны бар пенде емес пе? Өзіңіздей батырдан тайсалып қорыққан ғой! — деп Жұмағұл жандандыра түсті.

Әп-сәтте Садық мырза жатақтың намысын қорғаған, жаумен жалғыз алысқан батыр боп шыға келді. Осындай қошемет дабыр, жылау-сықтау үстіне Әнуар келді. Ол мұндағы уақиғадан мүлде бейхабар еді. Есіктен кірген бетте жыламсыраған халде әкесін құшақтай алды.

— Аға, бандалар Түймебай атамның үйін өртеп, келінін өлтіріп кетті! — деді.

— Қу құдай, бізді сорлатқан екен! — деп Майлыбай өкіріп жылап жіберді.

## МАХМҰД



Зоя Крутикова көп жолаушыны қабылдап, шығарып салып жүрген. Олардың шайын, тамағын дайындап берсе, жылы тілекпен ілтифат көрсетсе, оны пәтер иесінің парызы, міндеті деп білетін. Келген қонақты бөле-жарып алаалаған

емес. Әрқайсысы өз шаруасымен, тіршілік қамымен кезіп жүрген жан сияқты көретін де тіпті олардың сырт пішініне, кескініне назар аудара бермейтін. Қолында бес жасар қызы бар, жасы жиырма беске тақап қалған кәрі жесір кімге зәру деп ойлайтын. Есіктен жай басып кірген шашақ баулы ала қоржын көтерген, кең кеуделі, биік келген, әдемі қара қас, қара мұртты, үлкен қара көзді сұлу жігітті көргенде орнынан қалай ұшып түрегелгенін білмей қалды. Жігіттің киімі де өзгеше көрінді. Үстінде ұзын жібек шапан, аяғында қисық табан әміркен етік, белін жібек орамалмен бос байлай салған. Кеудесі, мойыны ашық, жалаңаш. Қасындағы серігі бұған мүлдем қарама-қайшы, тарамыс денелі, қатпа кәртемис кісі. Қатпарланған жінішке мойыны, сопақтау келген басы, құлаққа тақау біткен шошақ көздері құдды тасбақадан айнымайды.

Жолаушылар үйге кіргенде Крутикованың қасында Усковский отырған. Махмұд пәтер иесі жесір әйел екенін білсе де, шығыстың еркекті құрметтейтін әдетін жасап және үйдің иесі Усковский көрінгенде қолын төсіне қойып:

— Біз жолаушы едік. Бақалшылап жүрген тірлігіміз бар. Бір-екі күн қона-жатуға болмай ма екен? — деп тағзыммен бас иді.

Крутикова шапшаң жауап қатты.

— Бір-екі күн емес, бірер ай жатыңыз. Сіздей қонаққа қызмет етуге дайынбыз, — деп пәтер иесі өзі екенін білдіргендей жайдарылана күліп сөйледі.

Махмұд сол сыпайы қалыппен:

— Рақмет сізге, — деді.

— Жолдасыңыз мына үйге орналассын, — деп сол жақтағы кең бөлмені көрсетті де, — ал сіз мына түпкі бөлмеде оңаша төсек бар, соған жатыңыз. Бұрын екі төсек қойып ем, жолаушылар сирей бастаған соң біреуін шығарып тастадым, — деп жүгіріп жүріп есікті ашып көрсетті.

— Қалай, ұнай ма сізге?

— Қонаққа бәрінен үй иесінің ықылас пейілі қымбат. Тегі жерге жатсақ та ризамыз.



— Сіздей асыл кезіксе әйел байқұс несін аясын, — деп жеңіл әзілмен сыңғырлай күлді. Крутикова бұл екі жолаушының Усковскийдің қайдағы бір қазымыр бәле сөзінен құтқарғанына қуанған еді.

Усковский әлгі бір әзірде келген болатын. Оның басын төмен салып, сылбыр, жай басып келе жатқан түрін көріп күле сөйледі.

— Яша, қабағың салыңқы ғой. Немене, тағы қатыныңмен ұрысып қалдың ба? Жалғыз қатынның әуселесін баса алмай әуреленген сені көрдім, — ден қазаннан қаздың семіз етін кесек-кесегімен кепсермен іліп алып түсіре бастады.

— Мұнда кел. Сөйлесетін әңгіме бар.

Крутикова столға арақ, қаздың жас етін қойып жатып көңілді үнмен:

— Сенің-ақ сөзің таусылмайды. Ал тыңдадық, айта бер, — деп қарсы орындыққа отырды.

Усковский алақанын Зояның білегіне салып:

— Соңғы кезде тұйықталып, тас түйін боп, қашықтап барасың. Бізді жатсындың ба, мұның қалай? — деп саусағымен қысып қойды.

Крутикова басын шалқайта мәз бола күлді.

— Тас түйін боп қашықтау... Жатсыну... Мұндай бәлені қайдан шығардың?

— Күлме, шын сұрап отырмын.

— Ал сенің не айтып отырғаныңды ұқсам бұйырмасын.

— Сені сельсовет шақырды ма?

— Оны өзің де білесің. Келген сен емес пе едің?

— Онда не сөйлестіңдер?

Крутикова білегінің үстінде жатқан Усковскийдің көк тамырлы саусақтарына қарады.

— Қолыңды тарт!

Усковский қолын ақырын жиырып алды.

— Сонымен қандай әңгіме болды?

— Байымбысың тергейтін.

— Өзім шақырып келген соң жай білейін дегенім де. Тергеп қайтем.

— Айтпасам қайтесің?

— Өкінесің.

— Қорқытасың ба?

— Жоқ-ә, мен сияқты жомарт клиенттен айрылып қаласың.

— Саған өкпелімін.

— Неге?

— Неге деп сұрай қою оңай. Сен Булыга шақырып жатыр деп алдадың ғой!

— Саған «шақырып кел» — деп Булыганың өзі жіберген. Крест атсын!

— Өйтіп өтірікті соқпа, онда ешқандай Булыга жоқ. Барсам, оның орнында әскери киім киген біреу отыр. Қорыққаным сонша, жаным бақайшағымның ұшына жетті. Ашу тараған соң келдің ғой. Әйтпесе, шайнап, қыршып тастайтын едім. Түрі сыпайы әдемі көрінгенмен өзі зәрлі неме екен.

— Большевиктің түрі жылмаң. Олармен кездескенім бар.

— Әуелі маған не айтқанын тыңда. Мен салықтан жалтаратынымнан қоймай, еркектерді мас қып қойындарына әйел салып беретін көрінем, — деп Крутикова Қасымханмен шын әңгіменің сырын бүкті. — Естіп отырсың ба, жезөкшелер үйін ашыппын. Осының бәрі сендердің кесірлерің. Осында естен тана ішіп үйге барған соң қылжиып құлап қаласыңдар да қатындарың оны менен көреді. Арақ ішіп, солдырып тастағанын қайдан білсін. Бұдан былай кешкісін арақ сұрамайсыңдар.

— Милиция бастығы солай деді ме?

— Қайдағы милиция, — деп Крутикова таңқалғандай түр білдірді. — Менімен сөйлескен милиция ма еді? Құдайым өзі сақтаған екен. Қамап тастаса қайтетін едім. Бәсе, тағы осындай шағым түссе, үйіңе пәтерші жіберуге тыйым саламыз, частный қонақ үй ашуға қақың жоқ дегені сол екен ғой. Мен жәй, ауыл кезіп жүрген шекарашылар ма деп ем. Байқаймын, мені арандатқың келген екен. Келесі жолы, бұл айлаң жүзеге аспайды.

— Сен өйтіп бұлтақтап шұбар жыландай сұмандама! Айла жүзеге аспайды. Саған «арада болған әңгімені тісіңнен

шығарма, өміріңе қауіп төнеді!» — деп ескерткенін білеміз.

Крутикова ернін шығарып бадырая қарады.

— Білгіш болсаң несіне сұрайсың.

— Шіркеуге бармай жүргенің қалай? Милиция бастығымен сөйлескен соң құдайсыздар ұйымына жазылдың ба?

— Шіркеуде некемді қияйын деп пе ең?

— Әулие-әке сені аса ілтифатпен есіне алып отырады. Ұнайтын секілдісің.

— Ұнағаны қалай? Қатын ретінде жағып қалыппын ба?

— Оны өзінен сұра.

— Ұнап қалсам өзі мұнда неге келмейді?

— Әулие-әке мұндай аяқасты, былапыт жерге келе алмайды.

— Былапыт, былғаныш санаса оған менің керегім қайсы!?

— Үйінде жолаушы жоқ екен. Бүгін кіріп шық. Әулие әкеге келед деп айтам, — дей бергенде Махмұд серігімен кіріп келген еді. Усковский бұларды әңгіме шырқын бұзып, сөзді аяқтатпай қойғанына іштей кіжініп жақтырмады. Крутикованың ебелектеп есі шығып бәйек боп жүргенін де ұнатпады. Қоржынын төсектің астына қойып қайта шыққан Махмұдтан жиренгендей бетін теріс бұрып:

— Қазақтар шошқа секілді. Боқтық көрсе соның арасынан жем табыла ма деп тұмсығын тығып шарлай жөнеледі. Сасық екенін сезбейді, — деп тыжырына сөйледі.

Махмұд бір қолымен бүйірін таянып бүркіттің сом қанатындай иығын күжірейте қомдап алып тесіле қарады. Әлден соң күле сөйледі:

— Ей, әйбәт мырза, қазақ шошқа екен. Боқтықтан жем іздепті. Сол шошқаны жеген өзің кім болдың? Соны айтшы? — деп Усковскийдің тәлімсіздігін шенегендей сақсақ күліп жіберді.

Крутикова көйлегінің омырауын саусақтарымен бүріп ұстап дір-дір қақты.

— Яша, маспысың, мұның не? Бұлар жолаушылар ғой. Маған келді.

— Қойшы, сені! Ақшаның ұшы көрінсе көзің қызарып

өле жаздайсың. Төңірек толған қазақ ауылы. Сауда жасаған екен, сонда неге бармайды? Сенің үйінде тығылып несі бар?

Подгорныйға жөнелтер алдында Қасымхан мен Давыдов екеуі екі жақтап Махмұдқа көп кеңес берген. Ең алдымен сөзге, іске өте сақ, ширақ болғаны жөн. Барған сәтте ортаң қандай, соны барлап ал. Оқшау шықпай, елеусіз боп тыныш қана жұмысыңды тындыра бер. Ұрыс-керіс жанжалдан аулақ жүр, арандама. Өйтсең, оңай білініп әшкереленіп қаласың. Міне, Махмұдтың естіген нақылы осы.

Подгорныйға аяқ басқан алғашқы сәтте-ақ бұл сөзінің дұрыстығын көріп отыр. Қасымхан бұл жаққа келіп қайтқанда Иванов екеуі кейбір күдікті жәйттерді әңгімелеп, көп сөйлескен екен. Бірақ қолда айғақтық дәлел болмаған соң әзірге сырттай бақылай тұруды жөн көріскен. Дәл жүретін күні Қасымхан «осы бір кісілерді байқап, көз қырыңды сала жүрші» — деп үш-төрт адамның сыртқы түр кескінін, ұсақ әдетін сипаттап берген еді. Қасымханның суреттеуі бойынша өзінің алдында Усковский отырғанын Махмұд білді. Усковский таңертеңмен ішкен арақтың уынан ба, өз күдігін именбей ашық айтады. Шапшаң бұрылып, шатынай сөйледі.

— Саудагермін дейсің. Бұл жай, былшыл сөз. Сонау Жаркенттен шуап, сүйретіліп келетіндей ала қоржыныңның ішінде соншалықты не бар? Он шақты метр кездеме, шай-қант, орамал ма? Онымен қалың орыстың жоғын қалай толтырмақсың? Анау қазағыңа бар. Солар-ақ қарық болсын, — деді.

Махмұд сәтінде құбыла түсіп, пайдакүнем, дүниеқор саудагердің кейпін танытып:

— Аптахун-ака, қазақ ауылына жоламайық, түспейік деген сен емес пе ең. Мына әйбәт мырза күдіктеніп отыр. Осы біз қазақ аулына неге бармадық? Соны айтшы, — деді.

Адхамов шәкірт баладай қолын қусырып бүкшендей кеп Махмұдтың қасына отырды. Усковскийге шошақ қысық көзін қадап басын шайқап мырс етті.

— Қазақ ауылы хорошо, — деді орысша білетінін

көрсетіп. — Полукұрсақ болмайсың, ет көп, қымыз мол. Қалағаныңша қушай. Қазақ үйіне қонғанда оның өте жайсыз жақтары бар. Қоржынына үңіледі, дәмеленеді. Бермесең өкпелейді. Өкпе аяғы донос, домалақ арыз, бітпес дау. Аптахун таза сауданың адамы. Мұнда маржа жақсы, қоржынға қарамайды. Донос, өсек жоқ. Орыстың осынысын ұнатам, — деп сөзін шатпай қазақша бітірді.

— Аптахун-ака, қалтаңда қуырған көкнәрің бар ма? Мына мырзаға бір түйірін тасташы. Ақшасын мен төлейін, — деп сәл мойнын бұрып ақырын сыбырлады.

Адхамов қалтасынан дорбасын ап оның жібек бауын тарқатып жіберді де, түбінен бидайдың дәніндей апиынды алып Усковскийдің алдына қойды.

— Қушай, бұл апиын. Бойындағы кеселді жұлып түседі.

Махмұд ышқырына қос саусағын тығып қыстырып алған алтын теңгені Адхамовтың алдына сыңғырлата тастай салды. Теңге дөңгелеп барып Усковскийдің алдына бүгесінен түсті. Ол алдымен үңіліп қарады да алақанына салды.

— Екі басты самұрық құс. Николай ақшасы ғой мынау!

— Алтын теңгені ала береміз. Мөріне, белгісіне қарамаймыз. Күміс теңге, таза күміс болса да жарайды.

Усковский бір жапырақ ақ қағаздың үстінде жатқан апиынға тілінің ұшын тигізіп жұдырығына қатты қысты. Басын төмен салып, шекесін жұдырығына тіреп көзін жұмып отырып сөйледі.

— Әдемі гүл өскен, көк өскен жағада тұр ем. Астымдағы жар опырылып түсіп, лайсаң сең мені алып кетті. Бірде басым, бірде жотам, бірде аяғым көрініп қалып ағып келе жатқандаймын. Қайтып жағаға шыға алам ба, жоқ па, білмеймін.

Бәлкім, мына көкнәрді ішкеннен соң сол тәтті жақсылық күндерім қайта оралып, бір сәт менімен бірге болар, — деп сүйретіле орнынан тұрды. — Егер сөзім дөрекілеу шықса кешірім сұраймын. Оған кінәлі мен емес. Уақыт! Бұл дүниенің астаң-кестеңі шыққан кезде өмір сүру біздің еншімізге тиіпті. Солай, бақалшы мырзалар. Мен

қоштаспаймын. Әлі көрісеміз. Егер достарыммен келе калсам, қабылдайсың ба?

— Қазақ қонақты жатсынбайды, — деді Махмұд.

Усковский кеткен соң Крутикова оның соңынан мойын созып тағы бір қарап алды да, әлде біреу сөзін тыңдап тұрғандай ақырын сыбырлап сөйледі.

— Ұрыс-керіс туып кете ме деп қорқып едім. Бейбіт тарағандарыңа қуанам. Айқай, атыс, төбелес қайбір жақсы дейсің. Жұрт жік-жікке бөлініп, кектеніп, өшігіп кісінің зәресін алып бітті.

Бақалшы жанжал-дауды қаламайды. Саудамыз өрлеп қалтамызға пұл түсіп жатса басқамен ісіміз жоқ, — деді де Крутиковаға сәл көз тоқтатып барлай қарады. — Әлгі жігіттің аты Яша ғой? Сіз солай дегендей болдыңыз. Өзі төбелес, соғысты тілеп тұратын бұзық неме ме? Несіне қорықтыңыз?

Крутикова Махмұдтың сұрағына сауалмен жауап қатты — Қандай тамақ дайындайын? Не ішесіздер?

Махмұд үй иесінің жауаптан жалтарғанын байқады. Бұ да өз сұрағына мән бермеген кісідей екінші сөзге ауысып кетті.

— Қазақ шай ішпесең бойға қуат кірмейді дейді. Бізге қаймақ қатқан шай берсеңіз соған алла ризалығын айтар едік. Астың асылы шай ғой.

Шайдан соң бұлар басқа тамақ әзірлетпеді. Жолдан ат соқты боп шаршағандарын айтып екеуі жатуға кетті. Махмұд жатқан бөлме, шынында шағын екен. Ол қоржынын қойғанда байқаған. Көк сырмен боялған қалың есіктің іштен салатын салмақты шойын ілгегі бар. Ілгекті жақында ғана орнатқан секілді. Жылтыр көк сырға қабыспай, баттыып бөлек тұр. Бөлменің жалғыз терезесі қора жаққа қараған. Терезеден ат қора, сырттағы қазандық, Крутикованың қызымен екеуі жатып жүрген «Времянкасы» анық көрінеді. Тегінде о баста үйді салғанда қора жайын көріп отыру үшін терезені әдейі осы жақтан шығарған секілді.

Қасымхан осы үйдің шаруасына қолқабыс жасап жүрген

Егор Мухиннің барын айтқан. Сельсоветте Мухин «ауыр жараланып аттан құлаған. Миына зақым келген» — деген куәлікпен тіркелген. Келгелі бері оны көре алмады. Қорада аты да, арбасы да көрінбейді.

Махмұд төсекте жатып өзінің дағдысы бойынша өткен күннің әр сағатын, минутын есіне түсірді. Жаркенттен шыққалы бері кездейсоқ оқиға кездесе қойған жоқ. Кеше Көксайға қонған кезінде Махмұд малшы-жалшылардың, аңшылардың арасында сауда жасаған боп жайлауда, Іле бойында, тау шатқалында көрген-білгендерін сұрастырып әңгіме жасап отырды. Оған қайткенде бандылардың орналасқан мекенін, орнын, жүретін жасырын сокпақтарын дәл анықтап білу жөнінде ерекше тапсырма берілген болатын. Григоренко-Тихоновичтің көрсетуі бойынша тауда жасырынып жүрген бандалардың құрамы елу найзадан асатын секілді. Соншама қарулы адамды үнемі асырап, қамтамасыз етіп тұру үшін мол азық-түлік, киім-кешек керек. Олар ауыл-селомен байланыс жасамай тұра алмайды. Бандалардың сол мықты тірегін сауда жасаған боп жүріп, ақырын жұрттан сұрастырып біліп алу керек дескен. Көксай маңынан қарулы бандалардың із тастағаны біліне қоймады. Көксайда Адхамов бұрын алыс-беріс жасап жүрген таныстарын тауып алғанына қуанды. Қайтар жолында олар ақбөкеннің (сайгақтың) мүйізін дайындап қоюға уәде беріпті. Саудагерге тағы аңның мүйізі соншама неге керек болғанын сұрап жатқан олар жоқ. Қайдағы ку мүйізге қант-шайды, кездемені тегін алғандай көреді. Адхамовтың ақбөкеннің мүйізін жинау сырын Махмұд ғана білетін. Одан халық медицинасымен шұғылданатын қытай тәуіптері мен тибет балгерлері адамның кәрі ағзамын жасартатын аса қымбат дәрі жасайды. Тибеттіктер қыздарын ұзатқанда жасау арасына ақбөкеннің қос мүйізін өте қымбат мүлік ретінде қосады екен. Мүйізсіз ұзатылған қыз кедей, бейшара саналады. Қартайған шақтарында ерлі-зайыптылар мүйізден жасалған шырын дәріні ішсе аса бір қызыққа тоймас тәтті жастық шақтарына қайта оралатын көрінеді. Адам өмірінің ең шырын кезеңі осы бір шақ

деседі. Әр аталы рудың дәріні жасау тәсілі, сыры бөлек, ол құпияны өз нәсілінен басқа тірі пендеге ашпайды. Ол жақта мүйіз сатылмайды, салмағына сай кесек, сом алтынға балап алады.

Адхамовты серік етіп қосқанда ақбөкеннің мүйізін жұрттан іздеген боп ауыл-селоны кезуге, алыс аймақты шарлауға сылтау бола ма дескен. Және сауда көзін біледі, жұртпен сөйлесе алады. Адхамов Усковскиймен жолыққан алғашқы сәтте өзінің көмегін тигізді. Шонжадан немесе сонау Верныйдан жолаушылап жүрген адамдар орыс-қазақ демей Крутикованың үйіне түстеніп түнеп жатады екен. Ал бүгін Усковскийдің елден ерек оқшау мінез көрсетуі қалай? Өлердей өшігіп кектенуінің мәнісі не? Бұ үй сапаршыларға ортақ емес пе? Бұларға күдікпен неге түйілді? Крутикова да сұраққа жауап бермей жалтарады. Қасымхан Подгорныйда немесе сол маңда қайткенде көбірек аялдап, кейбір күдікті жайды де анықтауды тапсырған. Әлде Усковский сондай қатердің төніп келе жатқанын сезе ме?

Махмұд осылай ой үстінде жатып маужырап тәтті ұйқыға кеткен еді. Әбден шаршап қалжырағаннан ба, таңның атқанын білмей қалды. Аттың пысқырып кісінегенінен оянып кетті. Төсектен шапшаң тұрып терезеден қарағанда Мухин қақпадан кіріп келеді екен. Арбаға тиіп алған қарағайы бар. Делбені бос ұстап ағаштың үстінде шоқиып отыр. Ақ жалды қызыл күрең бие басын тұқырайта төмен салып, аяғын асықпай керіле тастап арбаны ақырын сүйретіп келеді. Сабалақ жүнді сары төбет те доңғалақ түбінде маймандап жай басады. Бүйірі тоқ. Арбаға тиелген қарағай тым үлкен. Бір-екі адам көтеретін жүк емес. Мұны Егор жалғыз өзі арбаға қалай тиіп жүр? Оған көмектесіп жүрген кім? Осы бір сәтте Махмұдқа осындай ой келді.

Егор арбадан секіріп түсті де биені доғарды. Ақырдың қасында жатқан Махмұд пен Адхамовтын ерін аяғымен теуіп көрді де, сонан соң еңкейіп үңіле қарап тоқымдардың арасын ашып көрді. Сол сәт басын көтеріп үй жаққа қарады. Махмұд терезеден жүзін тайдырып қабырғаға тығыла тұрды. Егор жан-жағына қарап алып арбаға қолын



асып сәл тұрды. Сол сәт қарағай тасасында жатқан кенеп қапты қос қолдап көтеріп алды. Қап орталау, зат жартылай салынған. Бірақ салмағы ауыр, қаптың түбін бұлттытып үзіп барады. Кенеп қаптың ішінде не бар? Қандай зат болуы мүмкін? Не болса да қатты зат екені білініп тұр. Егор Мухин қапты мықшындай көтеріп күркешігіне кіріп кетті. Әлден соң үсті-басын қағып, түзеп қайта шықты. Сірә, қапты кісі көрмейтін жерге, көмбеге жасырған секілді. Әлгінде үстінің былғанғанын байқай қоймаған. Крутикова қасына келді. Ол жалаң аяқ, иығына гүлді шәліні шаршылай жамыла салған. Үй иесінің мол қарағайды көріп риза болған түрі байқалады. Басын изеп, күліп сөйлеп, саусақтарымен әлде ненің порымын салып томпайтып көрсеткендей болады.

Бүгінгі күнді неден бастау керек? Махмұд ойланып тұр. Кеше Усковский келем деп кеткен. Оны күту қажет пе, жоқ па? Әлде ақша қуған бәтуасыз саудагерге ұқсап және оның сөзіне мән бермегендей Басши бекетіне қарай тартып тұрғаны жөн бе? Бандалар Қаратау шатқалын паналаған болса Басшиге із тастамай тұра алмайды. Сол жақты шолып қайтқан дұрыс болар еді. Басшиге баратын болса онда қазір таң салқынымен жүріп кеткені дұрыс. Саудасын тындырған боп ертең кеште қайта оралады.

Махмұд ұйқыдан оянған кісідей керіліп-созылып далаға шықты. Көксазға тұсап жіберген аттарын әкеп қораға байлады. Бұл кезде Мухин есіктің саңылауынан қарап тұрған еді. Өзіне жат көздің қадалғанын Махмұд та сезген секілді. Осы сәт Адхамов тағы көмекке келді. Ол галошын қоңылтақ аяғының басына сұға салып, дамбалшаң сыртқа шыға қалған еді. Ақ даланнан тігілген дамбалының ауы тізесіне түседі. Оған жұмыр жібектен шашақты бау таққан. Крутикова саудагердің сиқын көріп көзі жасаурап, тығыла күліп бұлардың қастарына келді. Адхамовтың қазіргі түрі ақ шүберекке орап қойған тасбақа секілді еді. Әйел күлкісіне қымсынып жүрген Адхамов жоқ. Кеше кеште шайға салып өзі ішкен апиынның уы тарاماған секілді. Есеңгіреген қалыпта басы қалтақтап, күрмеле сөйледі.

— Сенікі маржа хорошо. Қоржыныңды тіміскілеп

тінтімейді. Сендей ұқыпты қатыным болса әлдеқашан байып кетер ем. Құлжадағы анау Фатих Аллаяриден кем түспес ем. Қайтесің, маған сендей қатынды бұйырпады ғой.

Адхамовтың бұл сөзін Махмұд орысшылап жеткізгенде, Крутикова шек-сілесі қатқанша күлді.

— Мен саған тиер ем. Бірақ кәрісің ғой. Тұла бойың апиынмен уланған. Құр шандырдан басқа не қалды дейсің.

Адхамов сөздің өзіне арнайы айтылғанын біліп құлақ түре қалды. Мағынасын түсінгенде басын шайқап, қостамады.

— Апиынмен уланған кісі тиын құрап бұлай сауда жасамайды. Мұны ұғып ал. Кәрісің дегені де қате. Екі қатыным бар. Жас тоқалым үстіне қыз алуға рұқсат етті. Осыдан аман барсам, тойын жасаймын. Еркек ешқашан қартаймақ емес. Өйткені ол кәртайып өлмейді, ауру жұтады. Адам ағзалары жүзден асқанда ғана сетінеп тоза бастаса керек. Одан бері тың, құлшынған қалпында қалмақ, — деп қызу дәлелдей жөнелді.

Крутикова үлкен кісімен сөз таластыруды ыңғайсыз көріп күле сөйледі:

— Жас әйеліңізге тыңайып бару үшін шай ішіп алыңыз. Қазір ыстық шай, тамақ әкелейін, — деді. Аздан соң бетін ақ шүберекпен жапқан подносты көтеріп келді. Табақтағы мәнтіні көргенде Адхамовтың көзі жайнап кетті. Келімдәрісін келістіріп қызғылттап жасаған мәнтінің түсі де, иісі де өзгеше еді.

Адхамов мәнтінің біреуін тістеп аузына салып асап жіберді де саусақтарын жалап алды.

— Қамырын жұқалап уылжытып пісірген екен. Ой, маржа хорошо, — деп табақты жылжытып алдына қойып мәнтіні үсті-үстіне аузына тықты.

— Түні бойы ұйықтамай мәнті жасап шыққансыз ба? Әбден әурелеген екенбіз,— деп Махмұд сыпайы түрде рақметін білдіргенде, Крутикова:

— Төсек жайсыз болды ма, сіздер де ерте тұрдыңыздар, — деді.

— Таң салқынмен жүріп кетсек дейміз. Аптахун-аканың жолығатын кісілері бар.

— Усковскийді күтпейсіз бе? Махмұд таңқалғандай шырай білдірді.

— Оныңыз кім? Сіздің күйеуіңіз бе? Крутикова езу тартып күлімдей қарады.

— Шынымен білмейміз бе? Кешегі келген жігіт ше?

— Яша ма? Өзі тәуір жұтып алған сияқты еді. Бізді ұмытып кеткен шығар.

— Ол сөзіне берік адам.

— Солай-де. Осы күні ондай қасиет әр адамның басынан табыла бермейді. Жігіттің сабырлы, тұрақты болғанын ұнатам.

Крутикова шәлісінің шашағын саусағымен ширата отырып, сәл көз қиығын тастап:

— Қайда бармақшы едіңіздер?— деп сұрады.

— Жүргенге жөргем ілінеді. Басши бекетін сығалап қайтсақ деп ем.

— Қорықпайсыз ба?

Махмұд таңғалғандай бажырая қарады.

— Кімнен?

— Қазір бұл маңда жалғыз-дара жүрген кісіге өте қатерлі. Әсіресе кешегі оқиғадан кейін өршіп, өшігіп кетті. Орыс пен қазақ боп жік-жікке бөлініп, әрі-бері өткен жолаушыларды сабап, өлтіріп кетуден тайынбайтын көрінеді.

Махмұдтың түсі бұзылып кетті.

— Қандай оқиға боп еді? Айтыңызшы!

— Ой, айта көрмеңіз, кеше осында мылтық, қылыш асынған қарулы топ селоға кіріп, жолдағысының бәрін талқандап, қиратып кетті. Банданың бастығы әскери киім киген қара сақалды қазақ екен деседі. Сол қарауындағы кісілерге әмір етіп, большевикке тілектестердің бәрін қылышпен шапқылап тастауға бұйырыпты. Тимофейдің келіні далада кір жуып жатса керек. Бұларды уезден келген милиция деп қалып «Бұл Ивановтың үйі. Советті қорғамасандар мұнда неғып жүрсіндер!» — деп айтқанша

бастығының өзі кеп оң иығын қылышпен шауып түсіріпті. «Бізге керегі сол Иванов! Мына қалқиған үйінің тамтығы қалмасын. Өртендер!» — деп от қойғызыпты. Қатарындағы бірнеше үйге кіріп, жарамды дүниелерін алып кетіпті. Бұған зығырданы қайнаған сельчандар қазақ аулына жауығып, төңіректегі қазақ ауылдарына шабуыл жасамақ болған екен. Оларды Ивановтың өзі қойдырыпты. Дәл сол кезде казак-орыстардан құралған қарулы топ жатақты және өздерің барғалы отырған Басши жолындағы қазақ ауылдарын өртеп, қиратып кетіпті. Олардың жасаған сұмдықтарын айтып отырса жаның түршігеді. Әйелдердің қарнын жарып, қылышпен маңдай терісін сыпырып бес жұлдыз ойған дей ме, әйтеуір тыныш, момын жатқан елді екі ұдай ғып өшіктіріп, жауластырып кетті. Олардың қолына түспегендеріңе шүкірлік айтыңдар, — деді.

— Бандалар қайдан келген? Осы уақытқа дейін ізін білдірмей жүргені қалай? Өздерінің тұрақ мекені бар ма?

— Онысын анық білмедім. Біреулер тау қуысында тығылып жүрген ақтың солдаты десе, енді бірі ар жақтан өткен дутовшылар дейді. Әйтеуір бейқам жұртты сорлатып кетті.

Махмұд алдындағы табағын сырғытып қойды. Сол сәт шұғыл ойға кетті. Крутикованың үйі жолдың үстінде, көрнекті жерде тұр. Сигаловтың үйі де осы тұста болса керек. Қалың селоның ортасындағы Ивановтың тамын іздеп, бұларға тиіспегені қалай? Орысқа кектенген бандаға бәрі бір емес пе? Қайта мынандай сәнді үйді жоюдан ләззәт таппай ма? Бұл үйге тимесе, онда банда мүшесінің Крутиковамен байланысы болғаны ғой. Бандиттердің көздеген мақсаты да белгілі: орыс пен қазақты өштестіріп, қырқыстырып қойып, елдің берекесін алу, жұрт алдында Совет өкіметін әлсіз, дәрменсіз, иелігі жүрмейтін ғып көрсетпек болған. Бәлкім, банданың басшысы осы маңда отырып алып, жөн сілтеген шығар. Махмұд банда жайында мәліметтер жинап алған соң Жаркентке қайтып кетпек еді. Ашық кетпей, астыртын тәсілмен мәлімет жинаймын деп жүрегенде бандалар тағы ойран салуы мүмкін ғой.

Сонда ондай мәліметтен қандай пайда болмақ? Қайткенде бір шара қолданған жөн. Ол қарсы алдында үнсіз телміре түскен Крутикозаға еңкейе түсіп ақырын сыбырлады.

— Егор қарағай әкелуге қашан кетіп еді?

— Сіз үшін соншама қажет пе?

— Жауап беруіңізді өтінем.

— Үш-төрт күндей жүріп қайтты ғой.

— Дәлірек айтқанда ше?

— Сейсенбі күні кеткен болатын.

— Төртінші күні оралған екен де. Ол жалғыз кетіп пе еді?

— Иә. — Крутикова бармағын иегіне батырып, шала бүккен саусағын бүлкілдетіп әуестене сұрады. — Сіз де Егорға сенбейсіз бе? Ол бейшара жан емес пе?

— Мухин жөнінде бұрын біреулер сұрап па еді?

Крутикова жауап орнына иығын бүлк еткізді.

— Айтқыңыз келмей ме?

— Сізді бейқам, жаны жайдарлы, анау-мынаумен ісі жоқ жігіт пе деп едім. Сөйтсем, өте қатал, сұсты, кәрлі адам екенсіз. Әлгінде сәл ойға батып, сұрланған түріңізді көргенде аздап қорқып қалдым.

Махмұд еріксіз күлген кейіп білдірді.

— Өзіңіз кісі шошитын әңгімелер айттыңыз ғой. Сол әсер еткен шығар, — деді де сыртқа құлақ түріп елең ете қалды. Біреу есік сыртында тұрған секілді. Ол аса жұмсаң үнмен: — Сіз осында тоқтаған кісілерге «Сіз» — деп сөйлемейтін сияқтысыз. Ал маған сыпайы тіл қатуыңыз өңшең тікенек шөптің ішіне жалғыз тал гүл шығып тұрғандай көрінеді. «Сен» деген құлаққа сенімді естіле ме деймін. Қарсы болмасаң, бұдан былай «Сен» деп жауаптасайық. Сонда саған бір табан жақындай түсем бе деп ойлаймын.

Крутикова әп-сәтте Махмұдтың құбыла қалғанына таңырқады. Сондай түрмен күле жауап қатты.

— Бұл ұсынысыңды қабыл алайын. Тағы не айтасың?

— Дүниеде сендей ақылды әйел жоқ. Айтқаныңа көндім. Яшаны күтем!

— Күтсең, мен мұндамын! — деп Усковский бүйірін

таянып үйге кіріп келді. Пенжагының қайырылып қалған етегінен нағанның сабы көрініп тұр.

Махмұд оның есік сыртында тың тыңдап тұрғанын сезбеген кісідей, қолын жайып жайдарылана күлді.

— Яша мырза, төрлетіңіз. Қонақ болыңыз. Бұлай ерте келе қояды деп ойламаған едім.

Адхамов киліге кетті.

— Господин хороший, қандай тағам қалайсыз? Арақ-шараптан не ішесіз? Кеше кеп жолдастарым бар деп едіңіз. Оларды неге ертіп келмедіңіз?

Усковский бұл жақтың тұрғын орысындай қазақ тілін әйбәт түсінеді екен. Ол Адхамовтың әлгі сұрағына шатынаған түрмен:

— Тасбақа ит, мен тақияңа тар кеп тұрмын ба? — деді.

— Тасбақаны да құдай жаратқан. Ол да алланың пендесі. Қайта тасбақа болмағаныма өкінем. Онда үш жүз жыл жасар ем.

— Иттің дәмесінің зорын қара. Сөйтіп жарық дүниені әбден былғамақшы екенсің ғой!

Адхамов Крутиковаға бұрылып басын иді.

— Маржа хороший, бізге ең жақсы шарап әкелеңізші. Мырзаның көңілі пәс. Ақшасын мен төлеймін. Азар болса, ақ бөкеннің сыңар мүйізі кетер.

Крутикова арақ пен коньякты подносқа салып әкелгенде Сигалов қоса кірді. Ол Махмұд пен Адхамовқа состия қарап Усковскийге бұрылды.

— Өзім тумысымда көрмеген арақ-шарапты әкеле жатқанына қарап мұнда төрелер отыр екен, солардың сарқытын ішіп қалайын десем, маймылдардың арасына кіріп кетіпін ғой. Ғажап, бұлар да коньяк іше ме?

Адхамов ұқпаған, түсінбеген кісідей жалпақтап жаны қалмай жүр.

— Господин хороший тағы келді. Қане, қайсысын ішетін едіңіз? Ағы ма, сарысы ма?

Сигалов:

— Сен маймыл, қайсысымен сыйламақсың? — деді

— Ағын, сарысын, көгін бәрін ішіңіз. Сен менің қо-

нағымсың, — деп бөтелкелерді алдына сырып жақын қойды.

Сигалов коньяктан жарты стакан ішіп тамсанып отырды да:

— Мынауың қандаланың дәміндей жүректі кілкілдететін бәле екен. Одан да өзімнің үйреншікті арағым жақсы. Соның өзі берекелі, — деп стаканға толтыра құйып қағып салды. Тамақ татпады. Көпіре сөйлеп сөзін үдетті. — Өз басым киргиздарды қаламаймын. Әйткенмен олардың осындай қонақ жайлығы көңіліңді жібітеді. Кейде қатар өмір сүруге болатын шығар деп ойлап қаласың. Яша, мен дұрыс айтам ба?

— Сен ақымақсың, Сигал!

— Неге?

— Сен оның берген арағын, тамағын ішіп отырсың. Ертең большевик келген соң ол саған дым татырмайды. Кулак ретінде жау тап деп танып жерінді, малыңды тартып алып, өзінді айдап жібереді. Мойнына дорбанды асып қаңғып кете барасың. Бұрынғыдай сені қорғайтын патша ағзам жоқ. Бәрі қазынаға түсіп, ортаққа кетеді, — деп Сигаловты өршіте түсті.

— Мына киргиз менің өгізімді, атымды тартып ала ма? Бұл маймылдың шекесін қазір оқпен тесем, — деп қойнынан нағанын суырып алды. — Қане, менің жерімді, өгізімді алатын сен бе? — деп мылтығын кезеді.

Адхамов аса сабырлы қалыппен:

— Господин хороший, мылтық жаман, стрелат жаман. Ішіндер, жеңдер! Адхамов сыйлап жатыр. Азар болса ақбөкеннің сынық мүйізі, сынығы жетпесе сыңар мүйізі кетер. Ішіндер, жеңдер! — деп арақ пен етті алдарына жылжытып қойып жатыр.

Сигалов өршелене түсті.

— Сен менің жерімді аласың ба? Соны айт!

— Жыланда құлақ жоқ, саудагерде тұрақ жоқ. Сенің жеріңді қайтем? Сауда қай жерде жүріп жатса, біздің мекеніміз со жақ. Әуелі өз үйімді де көптен бері көрмедім.

— Солай де! Мұнда мен тұрғанда бір большевик аяқ

баспайды. Мына киргизімен қосып лақша бауыздаймын.

Махмұдқа осы сәтте мынадай ой келді: Сигалов мылтық атуға көбі дағдыланбаған. Пышақты оңай қару көреді. «Бауыздаймын» деген сөзді көбірек айтады. Қызыл керуенге шабуыл жасаған кезде Наримановты қансыратқан осы Сигалов емес пе екен?

Усковский нағаннан шап бере ұстап:

— Пушқанды шошандатпай тығып қой, — деді де нағанын қолынан жұлып алып беліне қыстыра салды.

— Сигал, сен бекер батырсынба! Советке өшіксең, большевикке кектенсең Тимофейді неғып қоя беріп жүрсің? Түбіңе жететін нағыз қызыл көз жауың сол. Әлі тұра тұр, ол баласының да, келінінің де өшін сенен алады!

— Қой, Яша, — деп Сигалов қолын сермеді. — Тимофей өлімнен көзі ашылмаған бақытсыз жан. Көңіліне шер толған соң кеңсе жұмысын ермек етейін дегені де. Одан большевик те, Совет те, Қызыл да шықпайды. Ол өзіміз сияқты крестьянин, орыс адамы.

Махмұд алғаш Усковский мен Сигаловты көргенде кеше бандалар тобын бастап жүрген қара сақалды қазақтың орыстарды жәбірлегеніне кектеніп ұрыс-жанжал шығара ма деп сескеніп еді. Ауыл-селоны қандатқан бандалардың лаңы жайында ләм демеді. Бұл екеуі солардың арасында жүрген немесе оларға көмектескен. Үндемегені содан шығар деп ойлады.

Махмұд Крутиковаға бұрыла иығын түйіп сыбырлай күлді.

— Сендей өжет, батыл әйелді көрген емеспін.

— Шын ба?

— Мылтық кезеп жатқанда былқ етпедің. Әрдайым осылай, сабырлы салмақтысың ба?

— Мас мәнді сөз айтпайды. Оған назар аудармаған жақсы.

— Кісіні өлтіріп қойса қайтесің?

— Бұл үйде олай жасай алмайды.

— Қорғанышымыз мықты екен ғой?

Усковский Махмұдты шынтағымен түртіп қалды.



— Арамызда жалғыз қатын бар. Өзіңе бұйырмайтын дәмге ұмтылып қайтесің? Одан да мынаған жауап бер. Сен кімді қолдайсың? Большевикті ме, әлде мына біздерді ме?

— Біздерің кім?

— Сигалов, мына мен, тағы... мына бикеш бар.

Махмұд Крутикованың әлгі сөзінен кейін батылдау сөйлей бастады.

— Айталық сені қолдайын. Сонда қандай пайда табам?

Сигалов жұдырығымен столды қойып қалды.

— Ой, ақымақ, солай сұрауға аузың қалай барады? Мен саған бостандық әперем. Большевик пен Қызылды жолатпаймын. Өзіңе өзің қожасың! Өкімет мына мен! Мынау Яша! Одан артық саған не керек? Сауданды еркін жасай бер!

Махмұд бұл екеуінің таң атпай қосақтасып жүргенін тегін арақ ішуге келген бе деп ойлап қалып еді. Байқаса олай емес секілді. Тегінде алғаш үркітіп, үрейлендіріп өз ырқына оңай көндіріп алып, сонан соң өз шартын қоймақ түрі бар. Бұларға саудагер адам керек. Соның көмегіне ділгар сияқты. Бандаларға ел кезген саудагердің қандай пайдасы тимек? Махмұд білгісі келді. Асықпай ақырын күтті.

Усковский зэрленіп қадала сұрады.

— Неге жауап қатпайсың?

— Әуелі қандай пайда табам? Соны айт! Байлыққа кенелтсең қолдаймын. Саудагер өз көмейін ойлайды. Мұны ұмытпаңыз, әйбәт мырза, — деп салмақпен сабырлы жауап қатты.

Сигалов ашуға булығып:

— Бұл итке бостандық әперем деймін. Оны түсінгісі келмейді. Әй, өңшең, надан шошқа! — деді.

— Менің саудама ешкім бөгет жасамайды. Құдайға шүкір, табысыма табыс қосылып, дәуірлеп келем. Бұдан артық қандай бостандық керек? Ұқпайтыным рас!

— Бостандық! Оның жолында талай адам өмірін қиған. Сен киргиздің оған ақылың жетпейді.

— Бостандық менімен болсын. Өзгені қаламаймын.

Өлгені өзімен кетсін.

Усковский:

— Кісі шын ниетімен қолдағанда құрбандыққа барады. Біз соны қалаймыз!

Усковский мен Сигалов әлдекімнің үгітіне еріп даурығып, еліріп, кімге ұрынарын білмей адасып жүрген жандар емес, бәлесі әрі, жаулығы мол бандалар тобының адамы екеніне Махмұдтың анық көзі жетті. Сонда бұлар қандай міндет атқарып жүр? Сигалов қолшоқпарға лайық, өз ошағының қамынан басқаны білмейтін шолақ адам. Усковский ше? Серігіндей естіген сөзін өзеуреп езгілейтін есер емес, алдыартын байқайтын, сұмдық айласын астарлап бүге білетін нағыз жұқпас кудың өзі. Кеше осы өңірді қанға батырып, орыс пен қазақты өштестіргісі келген Усковскийдің тәсілі ме? Олай деуге қисыны келмейтін секілді, өйткені ондай жаулық саясатқа оның өрісі жетпейтін секілді. Бұл не бары арада жүрген байланысшы, делдал адам. Қазірде сол міндетпен Махмұдқа келіп отырған түрі бар. Және жұмсаған кісі бұларды таң атпай тез баруға асықтырған. Олай болса, Махмұдтың көмегіне бандалар тобының зәру болғаны ғой? Онда бұл сескенбей, теңдес кісідей сөйлесе алады екен!

Махмұд қабағын түйіп:

— Біз деп отырғаның кім? Соны білгім келеді, — деді.

— Кім екенін айттым ғой. Мынау Сигал, мен.

— Сіз бен біздің арамызда сауда жүрмейді. Таң атпай келген құдайы қонақсыз. Арақтарыңды ішсеңдер алла разы болсын. Біз де жүргелі отырмыз. Жолдан қалдырмауыңызды өтінем, мырзалар.

— Қалай қарай жүрмексіздер?

— Соны білу шарт па?

— Тегін арақ-шарап беріп жатқан жомарт кісіні көзден таса еткің келмейді.

Саудагердің соқпағын сауда біледі. Бақалшыны жұрт алыстан таниды. Кейде тоқтамаймын, кідірмеймін деген жерге бөгеліп қаласың. Жұрт жиылып, сауда қызып базар боп кетеді. Сен қымбатқа саттым дейсің, ол арзан алдым

дейді. Сөйтіп екі жағымызда риза боп тарасамыз.

— Сенімен саудамыз келіспеді ғой деймін.

Адхамов таңқалған пішінмен:

— Господин хороший, өзіне не керек екенін айтсын.

Баласына тәтті мәмпаси ме, қатынына көйлек пе, көршісіне наша ма, көкнәр ма, өзіңе мәңгі шөптің суы ма, қайсысын тілесен де бізден бәрі табылады. Тек ақша давай. Ақысын берсең қоржынды көтертіп жіберем. Деньги, деньги, ақша давай! — деді.

— Ақша дегенде жарғақ құлағың жастыққа тимейді! Өзінде ақша көп пе? — деп Усиковский қулана сұрады.

— Господин хороший, менде екі қатын бар, — деп Адхамов саусағын көрсетті. — Қанша қазына барын солар да білмейді. Ол сан көктегі алла тағаланың есебінде ғана бар. Тәңірім оны жария етуге қоспайды.

Сигалов басын шайқап, айқайлап жіберді.

— Тасбақаның қуын қарай гөр! Айтқысы келмейді. Жасырады. Өй, залым сұмырай, шапшаң айт! Қанша ақшаң бар?

Махмұд орнынан тұрып:

— Миллион, тіпті екі-үш миллион делік. Одан саған келіп кетер пайда қайсы? — деді.

Сигаловтың көзі шарасынан шығып кетті.

— Миллион... Құдайым-ау, не дейді! Мен мыңға дейін сан білем. Әрі санап көрген емеспін...

Усиковский бет жүзі толқып құбылып кетті.

— Шын айтасың ба?

— Мырзаға білу қажет пе?

— Иә.

Махмұд бұл екеуінің таң атпай қосақтасып жүру мәнісін енді аңғарды. Бандалараға ақша керек! Соны білуге атаманы мұнда жіберген. Бәлкім, Дудко жұмсаған шығар. Сонда Махмұд сырды оңай аша қоймақ па? Жоқ, әлі пұлдай түседі.

— Саудагер өз қазынасының сырын ашпайды. Сұрап әуреленбеңіз.

Сигалов омыраулай ұмтылып:

— Өй, маймыл, бізден сыр бүкпексің бе? Өйтсең қан жоса етіп табанда жайратып салам! Лақша бауыздаймын! — деді.

Махмұд жиренгендей тыжырына қарады.

— Мырза, саудагер жан беруге бар да сыр ашуға жоқ.

Усковский қолын сермей сөйлеп:

— Мейлі айтпай-ақ қой. Біз үшін оның мәні жоқ. Бізге ақшаның өзі керек. Дәл қазір бір жарым миллион сом ақша бере аласың ба? — деді.

Махмұд ойланды.

Алдымен кімге беретінімді білуім керек. Екіншіден, саудагер қалтасына ақша салып жүрмейді. Бере қалған күнде кепілдік қайсы? Кейін кімнен есеп қайтарам? Екі ортада өзім күйреп қалып жүрмеймін бе? Осының бәрін келісіп алмай тұрып мол қазынаны шаша салуым қиын, мырза.

Сигалов килікті.

— Ей, маймыл, саған кепіл керек пе? Мен басымды тігем!

Махмұд зілді салмақты үнмен:

— Кешіріңіз, мырза, сіздің, басыңыз тиынға да тұрмайды! — деді.

Сигалов мойнын, басын ұстады.

— Ха-ха! Тиынға тұрмайды! Ей, сен маймыл не оттап отырсың? — деп жұлқынып атып тұрғанда, Усковский:

— Сен Сигал, тұра тұршы, — деп иығынан басып отырғызды. Махмұдқа бұрылып, — саған гарантия, кепіл керек. Оған менің сөзім өтпейді. Солай ма? — деді.

Махмұд басын төмен салып кеудесіне апарып:

— Сізбен бірге отыру, дәмдес болу үлкен ләззат, мырза. Өзіңіздей сыпайы, білімдар кісімен сөйлескеніме қуанам. Бақалшынық тірлігін білесіз. Товар ақшаны сүйеді деген нақыл сөз бар. Кепілдік бере алатын кісі өзі келсін. Өңгіме миллион жайында боп отыр. Сондай салмақты көтере ала ма, көрейін.

— Қисыны бар сөз! — Усковский маңдайы қатырқы кепкасын бір шекесіне киіп жатып, — сенімен қоштаспаймын.

Жүретін жолыңды да айтпай-ақ қой. Қажет кезінде оңай тауып алам! — деді.

Усковский Сигаловты итермелеп есіктен шығарып бара жатқанда, Махмұд «әр ауылда тыншың, хабаршың бар екен-ау!» — деп ойлады.

Олардың қарасы үзілгенде манадан бері үнсіз отырған Крутикова аса таңғалған пішінмен:

— Зәлім екенсің. Тез алдап шығарып салдың. Құттықтаймын! — деді.

Махмұд түршігіп кетті.

— Неге олай ойлайсың?

— Қулық-сұмдық, әзәзілдік әйелден қалған. Және мен арақ ішпей сау отырмын. Бәрі көрініп, сезіліп тұр. Қорықпа, құпияңды ашпаймын. Бірақ, келесі жолы сақ болғайсың. Онда алдыңда Сигалов секілді парықсыз біреу отырмайды.

Махмұд Крутикованың томпақ, жұмсақ қолын екі алақанына салып ақырын қысып, сипалады.

— Періштенің нақыл сөзін тыңдамасқа амалым жоқ. Қарыздармын. Көп рақмет!

Бұл кезде Егор терезеден үніле қарап тұрған еді. Крутикова шошынып қолын тартып алды.

## ДҮРБЕЛЕҢ

Жатақтағы қанды оқиғаны естіп сол маңайдағы қазақ ауылдарынан Майлыбайға көңіл айтуға кісілер келіп жатқан. Қараша үйдің іші-сырты қалың нөпір. Көп адамның арасынан Тимофейдің де төбесі көрініп қалды. Ол қара сақал банда шауып өлтірген келінін жерлеп, со жақтан әдейі жатаққа бұрылған. Бандалар Шарбануды азаптап өлтіргенін немересі Анатолийден естіп білген. Анатолий Жұмағұлдың баласы Әлимен дос. Әли жатақтың тоқты-торпағын өргізіп тау жақтан шыққанда Анатолий селоның қалың табынын айдап етектен қосылады. Сол Әли досына әдейі барып жатақтағы оқиғаны шошына әңгімелеп берген.

Майлыбай кәрі тамырымен құшақтап көрісіп ағыл-тегіл жылады.

— Түймебай-ау, тәңірге не жазып ек! Бір күнде, бір сәтте екі үйді бірдей қан жоса ғып қасіретке батырды ғой. Есіл келіндерім-ай, арманда кеткен асылым-ай!

Тимофейді көріп Айғаным да зарлап қоя берді.

— Мен неге бақытсыз жан едім. Сол қаза, сол ажал маған тап болсайшы, жас гүлді солдырмай, құдай мені алса қайтегін еді! Қайран тектім-ай!

Әнуар көзінің жасын тыя алмай, кірлен тосып, шәугіммен су әкелгенде Тимофей бетін шайып, малдас құрып Майлыбаймен тізерлесе отырды.

— Майлыбай, мен жаман сыбыс естідім, — деп басын бұрып ақырын сыбырлады. — Осы маңайдағы ауылда қол жинап жатқан көрінеді. Мола басында анттасып алған соң маған қарсы, мына селодағы өзіңе көмектесіп жүрген крестьяндарға қарсы соғыс ашпақ дейді. Соның арасында сені де бар деп жүр. Сол рас па?

Майлыбай шошып кетті.

— Ей, Тимофей, сен не деп тұрсың? Сенің алаштан көрген қорлық азабың аз ба? Ол да осы үйге лап қойған қанішердей сұм, жалғыз саяқ қарақшы. Орыспен соғыс деп қашан айтыппын? Онда келінінңді өлтірген қара сақал қазақтан менің қай жерім артық! — деп дауысы дірілдеп барып тоқтады.

— Осыны естіп селодағылар өре көтеріліп отыр. Мен оларға қатты тыйым салдым. Сонда бұл қайдан шыққан әңгіме екен? — деп дағдарып қалды.

— Шарбануды өлтірген бандалардан кек алайық деген соң күйіктен өле жаздап қатты ашынып отырған сорлы басым «Ауылда Ахметтің өзі жоқ. Жаркентке кеткен. Бүгін-ертең келіп қалады. Соның өзімен ақылдас», — деп едім. Бәлкім, менің адал ақ сөзімді үрлеп, түрлендіріп әкетіп жүрген шығар. Кеше осында Садық мырза бірдемені айтып отыр еді. Соның өзімен сөйлесейікші. Бұл өзі қайдан шыққан әңгіме екен. Білейік, — деп орнынан шапшаң тұрып киіне бастады.

Тимофей Майлыбайдың иығынан басып, сәл тоқтатты.  
— Садық мырза дедің бе? Ол мұнда не ғып жүр?

— Мына біздің Жұмағұлмен көңілі жақын ағайындығы бар. Соған келіпті ғой. Өзіне көңілім қалып, қыңыр тартып өкпелеп жүруші ем. Сөйтсем, басыңа күн туғанда қалқан болар азаматым екен. Кісілігін жаңа таныдым. Бандалар осы ауылды қандатып жатқанда жаумен жалғыз алысқан сол арысым ғана болды. Қалғанымыз шіркей екенбіз. Әуелі банданың біреуін тапаншасымен атып тастады!

Тимофей қайран қалды.

— Банданың өзін атып па?

Майлыбай тамырының сенбегенін байқап:

— Өлігін Қиястар жарқабақтың астына көміп келді.

Аты қорада байлаулы тұр, — деді.

Садық мырзаның «ерлігін» ұзынқұлақ өңін айналдыра неше құбылтып бүкіл өңірге таратып әкетіп жатты. Біреулер оны жаумен жалғыз алысқан бұрынғының батырларына теңесе, енді бірі ет қайнатым бойы жаумен өршелене атысқан, ақ жал сары атына міне салып соңынан қуған, оқ өтпес, қылыш батпас ер санайды. Енді Садықтың батырлығына ырзалығы, кісілігі қосылып жатты. «Майлыбай өшіккенмен менің өкпем жоқ. Шарбану келінімнің үшін мен жетісін өзім аттандырам» — деп қолма-қол пұлын екі есе артық төлеп Жұмағұлдың қызыл құнажынын сойдырып, қазан-қазан етті астырып жатқан. Қатын-қалаштың бәрі үйден аулақтау қазған жерошақ басында шүпірлесіп жүр. Садық мырза Жұмағұл тамының көлеңкесінде шабарман ғып ұстап жүрген ағайынды Нартбек және Сартбекпен сөйлесіп отырған. Оларға пысықтап тапсырма беріп жатқан. Майлыбай мен Тимофейді анадайдан көріп, ішек-қарын түсіріп жатқан қатындарға жүгіріп кеткен Сартбекті қайта шақырды.

— Әй, Сартбек, бері келші! Бері келіп кетші, қалқам!

— деп қамқор кісінің пішінінде үн қатты. Сартбек қасына келгенде ақырын сыбырлады. — Қазір бұлақ басындағы жігіттерге шап, оларға айтып қой. Түймебай орыс келе жатыр. Оның әзәзіл үгітіне ермесін де! Ұқтың ба! Бар! Тез бар! — Сартбек бұғына түсіп зыта жөнелді. Тимофейлер

жақындағанда Садық желпіне тұрып:

— Е, Майеке, орысың кеп көзайым боп қалыпсың ғой. Бұл да кісіге көңіл айтушы ма еді? — деп қабағын түйе кекесін айтты.

— Тілегі бірдің мақсаты бір. Түріміз, түсіміз бөлек болғанмен осы жатақпен ағайын боп кеттік. Ағайын адамның кәдесін білмейтін бізді мылқау дейсің бе? — деп Тимофей іле жауап қатты.

— Ағайынбыз... — Садық мырс етті. — Мойныңа ажырғы салып, атқа теріс отырғызып жіберетін қылығың бар. Өлік үстіне кеп қалдың. Әйтпесе.

— Әйтпесе, не қылмақ ең?

— Өзің не жасадың? Соны айтшы. Жатақтың жас аруын зорлап, қарнын тілген кім? Сенің орысың, сенің тегің емес пе? Осының ағайыншылық па?

— Тегім болса, ол тексіздің ісі. Оған жауапты мен емен!

— Енді кім?

— Сол орыстың арасында қазақтың қара сақалы да жүр. Менің келінімді қылыштап, маңдайына жұлдыз ойған, үйімді өртеген, крестьян хаталарына өрт қойған сенің бауырың, сенің тұқымың дейін бе? — дегенде, Тимофейдің мына сөзіне Садық тіксініп қалды. Бұл жаман хабарды қазір ғана естіп білгендей боп:

— Келінді кескіледі дейсің бе? Жұлдыз ойған ба, ой сұмдық-ай, не дейді! Қырғынға түскен жатақ па десем, айналайын орысым сен де жәбір көріпсің ғой! Кел, өлім артына хайыр тілеп, жақсылық болсын деп көріселік, — деп құшағын жая ұмтыла берді.

Садық мырза «орыстар қазақты қырып жатыр. Жатақты талқандап кетіпті» — деген сұмдық хабарды жұрт айтты ғып, ауыл-ауылға кісі шаптырып таратып жатты. Майлыбайға көңіл айта келген көп адамның арасында қолдарына қосауыз мылтық, қайқы қылыш, айбалта, найза, сойыл ұстаған жігіттер де бар еді. Бәрі ұрысқа лайық жеңіл киінген. Бұлардың мұндай жүрісіне ешкім жөнді назар аударма қойған жоқ. Қайта мынадай мазасыз дүрбелең кезде бұлардың сақтық жасағанын жөн көрді. Садықтың



айтуымен Сартбек пен Нартбек желіктіріп жинап әкелген, «Бүкіл ақ бандаға қарсы жалғыз шапқан Садық батырдың ерлігін» қайталауға құмартқан қол екенін аңғармаған. Алғаш Садық бұл топты Майлыбайдың айтуымен жиналды, орысқа соқтықса соның сілтеуімен болған іс ғып көрсетпек еді. Ол айла жүзеге аспаған соң «Мынау жасақ ыза кернеп кектенген елдің қалқып шыққан ашуы. Халық қаһарын басқарып жүрген ешкім жоқ» дегізіп, өңшең боздақтарды селоға айдап салмақ болған. Тимофей келген соң бұл амалының да жүзеге аспау қаупі туды. Іштей Әукен Гапаровты табалайды. Тимофейді өлтіре алмағанына қынжылады. Зәуеде бір сойқан болса Садықтан көретіні айқын. Садық өз басын арашалаудың қамын ойлады.

Сартбек бұлақ басына барып, мырзаға хабар алып келе жатқан. Садық алақанын шекесіне апарып күннен калқалап, Сартбекті танымаған боп:

— Осы ауылдың тозаңы аздай-ақ, шаңдатып жүрген мынау кім-ей! — деп дауыстады.

Сартбек мырзаның қабағындағы өзгерісті шапшаң танып «Мырза, шақырған жұртың бұлақ басында күтіп отыр» — деудің орнына, құбылып сөйлеп кетті.

— Батыр, көңіл айтқан кісілермен бірге елден сарбаздар келген екен. Батыр келсін, лебізін тыңдаймыз дейді. Не хабар айтайын? — деп тағзым етті.

Садық басын көтеріңкіреп Сартбектің сөзін мақұлдағандай иек қақты да, Тимофейге бұрылып жылы жүзбен сөйледі.

— Мына Көксаздағы бұлақ басына көңіл айтуға келген көп халықпен бірге сарбаз жастары ере келіпті. Замандасының жас жарын азаптап қорлықпен өлтіргеніне өздері де қорланып, түршігіп, өршігіп келген түрлері бар. Тайынбайтын бәлшебексің ғой. Әсиет айтарсың! — деді.

Тимофей ашық үнмен:

— Сол азаматпен жүздесуге өзім де құштармын! Қайда өздері? Жүр! Баралық! — деді.

Бұлар жаяу сай бойымен бұлақ басына қарай беттеді. Сартбек Садықтың ақжал сары жорғасымен өз атын

жетектеп келеді. Майлыбай мен Тимофей атсыз болған соң, аналар соларға еріп жаяу жүріп келе жатқан сияқты. Сайдың тау жақ беті айғыз-айғыз жақпар тастар. Әр тұста жартастың кең қуысын үңгірлеп қазған жертөле ұшырасып қалады. Жатақ кедейінің алғашқы баспанасына ұқсайды.

Терең сайдың Көксазға қарай бұрылыс қабағындағы жертөленің тұсынан өте бергенде мылтық тарс-тұрс атылды. Майлыбай Тимофейді денесімен жауып қатпар көк тасқа тығыла қалды.

Ахмет ақ бандалардың Шарбануды өлтіріп кеткенін ауыл-ауылды шапқылап жүрген Садық мырзаның адамдарынан естіген еді. Үйіне есенгіреген, түсініксіз халде, аса күйініш қысқан, іштен уланған жылаулы халде жетті.

Ахмет есіктен кіргенде төсек тұсындағы шайы шымылдықтың оң жақ босағада керулі тұрғанын көріп тұла бойы қалшылдап, тізерлеп отыра кетті. Шымылдықтың етегін бетіне басып ұзақ жылады. Бәрі тәтті түс секілді көз алдынан өтіп жатыр.

Айғаным келінінің қасиеттерін термелеп, дауыс салып зарлап кетті. Ерден өткен зиялы болғанын, атасының басына қамшы тигенде қарлығаштай шырылдап, араға түсіп, ақтың солдатын шапалақпен тартып жібергенін, бұл дүниеде әділет жоғын, жақсыны құдай қоймайтынын айтып ұзақ жылады.

Үйдегілер:

— Қой, Ахмет. Сабыр ет, шырағым.

— Айғаным сен де қой. Алланың жазуына шара жоқ. Жылағанмен өлген тірілмейді. Жылағаннан жан бітірсек өткен игілерді тірілтіп алмас па ек! Құдай, артын қайырлы қылсын, бала-шағаға қуат берсін!

— Е, сөйтіп ақыл тоқтатыңдар, — деп басу айтып жатты.

Әлімқожаның әйелі кірлен әкеліп, Ахметтің қолына су құйды.

Ахмет бетін шайып жатып:

— Өтіргүл, ағам қайда кеткен? — деді.

— Осында екі-үш күннен бері Садық мырза жатыр.

Шарбану келінге, араша түсіп банданы атып тастаған со кісі ғой!

Ахмет жақтырмай қабағын түйіп:

— Жұмағұлдың үйінде ме? — деді.

— Иә.

— Онда неғып жүр?

— Әлгінде Түймебай орыс келген. Өздері мырзамен ақылдасамыз деп кетті ғой.

Селолық Совет председателін кеңседен таба алмаған соң Ахмет Шестаковты өзімен бірге ерте келген. Шестаков мұндағы оқиғаға қанық еді. Жолшыбай жатақтағы оқиға жайында әрқилы әңгімелер естіп келе жатқан. Ол Ахметтің жиналып жатқанын көріп:

— Бірге барамыз, — деді.

Жатаққа баурайын ғана көрсетіп тұрған шошақ төбенің күншығыс жақ етегі жазық дала. Сол жазықтың тауға тірелер жиегінде бұлақ көзі бар. Сол тұста қысы-жазы тынбай ағып жатқан бұлақ суынан әдемі көл жасаған. Жатақтың жазғы жайлауы осы көлдің маңы. Белуардан келетін көк шалғын, жеміс-жидегі араласып өскен қалың тоғай — азғана үйлі кедейдің жаз рақат табатын орны. Бұлақтың басында көлеңкесінің өзі сегіз қанат үйдің орнындай жерді алып жатқан үлкен емен ағашы бар. Ауыл адамдары сол еменнің түбіне жиналғанын Ахмет пен Шестаков алыстан көріп келеді. Атты, жаяулы қалың топ алқа қотан үйірілген. Қыбыр етпей сөз тыңдап қалған.

— Тез барайық. Не дейді екен білейік! — деп Ахмет Шестаковты асықтыра атын тебініп қалды.

Шестаков таңданды.

— Бұлар көңіл айтуға келген кісілер емес пе? Оқшау оңаша жиын құрғаны қалай?

— Өзім де соны ойлап келем.

Сөйлеп тұрған Садық мырза екен. Ахмет пен Шестаков оның мына сөздерін естіп қалды.

— Ей, ағайын! Мен бақ қуып, мал іздеп жүрген жан емеспін. Бір басыма мал да, бақ та жетеді. Осында сөйлегендер көп сауал қояды: Ақтармен қалай атыстың?

Нешеуі жараланды? Сен жалғыз айқасқанда қасыңда серік болмапты. Енді біз серік, қасыңыздамын дейсіңдер! Солай ма? — деп ентіге барып тоқтады.

— Уа, айтқанымыз айтқан, енді қайтпан!

— Баста батыр, сол жауыңнан кек алмай тынбаймын!

— Еңкейіп өткенше егесіп өлген артық!

— Батыр, жанымыз сенен әулие емес. Қанға — қан, жанға — жан! деп көп дауыс сойыл, шоқпар, мылтық секілді қаруларын көкке көтере айқайлады.

Шестаков Ахметке таяп келіп:

— Сонда бұлар кіммен соғыс ашпақшы? Қайда баста дейді? Бұларды жинап жүрген кім екен? — деді.

— Қазір білеміз.

Жан-жағына жіті қарап тұрған Садық топ арасына елеусіз тығылып кеп тұрған Ахмет пен Шестаковты көріп сұрлана түсіп сөйлеп кетті.

— Уа, ағайын! Ақтармен алыссам, бандамен шабыссам, сорлы жатақ сенің қамың! Сенің намысың! Бақ қуып батыр болайын дегенім жоқ. Жайыла жатқан қазағым, сенің абыройың үшін алыстым! Сендерге де бұғынба, еңсенді көтер, көзіңді аш, жауыңнан тайсалма, күресіп бақ деймін! Дұшпанға шайқаса, шайнаса білетінімізді танытайық! Сендерге беретін батам осы! — деп тына қалды.

— Қайтсін, бейшара, ел намысы жатқызбаған ғой!

— Дұрыс айттың, осы күні біреуді біреу жоқтайтын заман ба? Ар қысқан соң жауымен алысып жүр де. Батырдың осы қадірін білмейміз-ау! — деп, Сартбек бастаған екі-үш жігіт қостап қойды.

Қалың көпшілік жым-жырт. Садық шабарманы Сартбекке түйіле көз қиығын тастады. «Үнің өшкір, тілің байланып қалды ма? Неге сөйлемейсің!» деген зеку бар. Сартбек үзеңгіге аяғын тіреп, ерден сәл көтеріле жан-жағына көз тастады.

— Уа, бауырлар! — деп шаңқ ете қалды. — Жатақ жырағың емес, қандас бауырың, кіндіктес туысың. Оны көп қорласа, қалың қазақ сені де табалағаны. Бұл бәріміздің кеудемізге кек өршітіп отыр. Кейбіреу кешегі ауылды

қандатқан, бала-шағаны зарлатқан ақтарды өзіміз күнде көріп жүрген орыстардан бөле-жара қарайды. Ау, сол кәззап бандалар орыстың тұқымы емес пе? Сол дұшпаның іргенде отырған жоқ па? Кімнен жалтақтап, кімнен қаймығасың! Барымта-шабыс ата кәсібіміз. Сен де есеңді жіберме! Бар да шап, өлтір! Өрте! Шаңырағын ортасына түсір! Нартбек пен қасындағы шұбар жігіт өршелене түсті.

— Шаппағанда несі бар! Шабамыз! Жоямыз!

— Құртамыз!

Майлыбай жағасын ұстап:

— Астапыралла, бәрінің сөзі бірдей, бірінің аузына бірі құйып қойғандай! — деді.

Тимофей естіп қалып:

— Кімді айтасың? — деп еді.

Майлыбай тұйықталып қалды.

— Жәй, әншейін...

Сартбекті мына жиын онша қолдай қоймағанын Садық байқады. Алғаш дүрлігіп, желігіп бой бермей кете ме деп еді. Өйтпеді. Енді қасындағы Сартбектерге тыйым салған боп:

— Жә, бекер шуылдама өңшең шуылдақ! — деп зекіп тастады. — Арамызда сол дұшпаның деп отырған жерден орыс кеп отыр. Соны тыңдайық. Өзі айтсын! — деді.

Садыққа күйеу болуға дәмеленіп жүрген Әміржан атын тебініп қап, алға ұмтылып:

— Бұл орысың бәлшебек пе өзі? — деді.

Садық қамшысын көтеріп естірте дауыстады.

— Нағыз бәлшебектің әкесі!

Майлыбайға нағашы есепті Боздақ қарт сонау Іле бойынан келген. Мекені Сары шағылдың арасы. Мойнын созып, кәрі көзін алға қадап:

— Бұлардың қызылдарын көріп ем. Ал бәлшебегі ұшырасқан емес. Шекесінде мүйізі болады деуші еді. Сүзіп жүрмей ме? — деді.

Тимофей ортаға шыққанда Боздақтың қасында тұрған жас жігіт Жантас:

— Аға, мынаның шекесінде мүйізі жоқ қой! — деп таңдана қарады.

— Қойшы! Әміржан білгішсініп:

— Қой, мынау бәлшебек емес, Түймебай орыс! — деді.

— Майлыбайдың тамыры ма?

— Иә, соның өзі! Тимофей қолын көтеріп:

— Ау, қазақ ағайын! Алдыңғы күні ақ бандалар жатаққа кеп Майлыбайдың үйін ойрандап жатқанда дәл сол мезгілде, сол сағатта қара сақал қазақ бастаған бандалар тобы орыс селосын қиратып үйлеріне от қойып жүрді. Селоның еркектері мен жұмысқа жарамды әйелдері егін басында, бақша маңында болатын. Біздер келіп жеткенше бандалар қашып та үлгірді. Сол қара сақал қазақ менің жас келінімді қылышпен тілгілеп, маңдай терісін сыпырып жұлдыз ойып, білген азабын жасапты. Онысымен қоймай қора-жайымды өртеп кетті. Немерем екеуміз далада қалдық. Ашуға булығып кектенген крестьяндар қолдарына қару алып қазақ ауылдарына қара сақал қазақтың жасағанын істемек болды. Жәбірді бәрінен көп көрген мен дүрліккен, өршеленген жұртқа тыйым салдым. Байқасандар, дұшпан мұны үлкен айламен, сұрқия зұлымдықпен жасап отыр. Тыныш, момын, бейбіт тіршілік кешкен, татулығы мол орыс пен қазақты өшіктіріп, қырғыстырып қойып, өзі содан пайда таппақ болған, — дегенде, жұрт гуілдеп, шошынып, жағасын ұстады.

— Ойпыр-ай, сойқанның ісі-ай, екі елді бекер қанға батырмақ екен-ау! Айналайын орысым, сен болмасаң, анық арандар жерім келген екен!

— Жұрт мұны бәлшебек деп жазғырады. Мұның қай жері бәлшебек. Өзіміздің орыс қой. Көрмейсің бе, қазақшаға жылмайды.

— Әлгі айтқан қара сақал қазағы кім?

— Бәсе, өзі қайдан келген неме екен? Осы жердікі болса танимыз ғой, — деп, жұрт біраз өзара әңгімеге кірісіп кетті.

Садықтың қас-қабағынан оның ойын тез таныған Сартбек:

— Уай, ағайын! Бұл әзәзіл бәлшебектің сөзінде бір түйір шындық жоқ! Үйі өртенсе, келіні өлсе, оған жазықты басқа емес, өзінің есуас немересі, ұрпағы кінәлі. Үйіне от

қойып жүрген баласын тьям деп жүріп шешесі пышаққа түсіп өлген. Қазақтың түгі де, түсі де қара, бәрі де қара сақал. Қазаққа жапқан жалаң ба бұл! Көрген екенсің ұстап ал, алдымызға әкел! Тым құрыса аты-жөнін айт. Әйтпесе, ауа жайылып даттама елімді! Дақ салма, мына жұртыма. Сен осы сөзіңмен орысты өршітіп отырғаныңды білем. Сенің момындығың, жуастығың анау егінінді жинап алғанша! Сонан соң аңқау қазақты айнала шаппақсың ғой. Ондай сұмдық айлаң жүзеге аспайды. Алдымен қармақты мен салам! — деп ноқталап алған шылбырын Тимофейдің үстіне іле тастады. — Ез болмай ер болсаң еріндер соңыма! Шыдамың таусылар, еңсең көтерілер, кеудеңе намыс оты қозар күн тумады ма, осы! Тартыңдар! — деп қыл арқанды тақымына салып сүйрелей жөнелді.

Ахмет пен Шестаков айқай салды:

— Тоқта, сұмырай!

— Сойқандықты қоймасаң, атам!

Сартбек елемеді. Артына ерген бес-алты жігітті желіктіріп, атына қамшы басып шабысқа салды. Тимофей алдында тартыншақтап бой бермей, мойнындағы қыл арқанды сыпырып тастамақ еді. Аттың шабысына ілесе алмай құлап түсті. Шестаков тапаншасын суырып алып Сартбектің үстінен асыра атып жіберді. Сартбек өзіне оқ тигендей қайқаң етіп құйрығын ұстап, байбалам салып, тауға қарай қаша жөнелді.

Ахмет пен Шестаков екеуі екі жақтап, Тимофейді арқаннан босатып, үсті-басын қағып, сілкіп орнынан тұрғызды. Бұлардың қасына келген Садық Шестаковқа қабағын түкситіп зеки сөйледі.

— Әй, милиция, сені мұнда жібергенде ел арасының тыныштығын сақта, орыс-қазақты бөле жармай әділ бол, тентегін тезге сал, әумесерге ілесіп ауа жайылма деген болар. Аулымызға келмей жатып, қазаққа мылтық кезеп, оң атқаның қалай? Мұнда біз басшысы, ақылшысы, абызы бар бір қауым ел емес пе ек! Түймебайды жаман есерге жәбірлете қоймас едік қой. Алдына басын игізіп, жығатын едік. Қанша надан болғанымызбен қыз ұзатып,

ұл өсіріп қанат жайып жатқан кең халықбыз, іргелі елміз. Бір тентектің дөрекілігін тыюға шамасы келетін еді. Әлдекімнің зұлымдығына құса боп, қатты қайғырып өлік шығарып жатқан қаралы ауылдың үстіне мылтық ату деген не сұмдық! Уезден алып келген тәлімің осы ма? Советке, жаңа өкіметке жаның ашыса мына Түймебай секілді сабырмен ақылыңды неге айтпайсың! — дегенде, Сартбектің інісі Нартбек жалаң сапысын жалаңтатып Садықтың қасына жетіп келді. Алдына атымен көлденең тұра қалып, тағзым етіп:

— Батыр, жолымызды кеспе, батаңды бер! Қоралап алып қорлағаны, басынғаны жетер. Мылтық атса үркіп, безіп кетер ер емес, ез дейтін шығар. Жоқ, өшіксе, өршеленсе өш алмай тынбайтынымызды көрсін. Мынау шірік неменің, — деп қисық сапысының ұшымен Шестаковты нұқып керсетті, — басын кесіп өз қолына ұстатам. Сонан соң қаншамызды атып тастайды екен, көрейін! Анау жұртың да соны тілеп, рұқсат сұрап тұр! Жауыңа өзіндей айбатпен айқасуға ант етеміз, батыр!

— Бәлелі іске қолқа салма! Қаралы ауылдың үстіне шоқпар көтергенді қай атаңнан көрдің! Жоғал! — деп ақырып қалды. Нартбек топ кісілерге барып қосылғанша қарап тұрды да, Ахмет пен Тимофейге бұрылып:

— Түймебай, менің қолымнан келгені осы ғана болды! — деп Шестаковтың жауабын тыңдамай жүріп кетті.

Тимофей соңынан қарап тұрып:

— Өз өмірімде бір-ақ рет қыдырма артистердің ойынын көріп ем. Солар адамның әрқилы астарлы мінез-құлқын жасағанына қызығып таңғалғаным бар. Садық мырзаның ойыны одан асып түсті. Бұл ешқандай перде құрмай, бүркенбей, боянбай шебер ойнап шықты! — деп басын шайқады.

Майлыбай баласымен екеуі орыс досын ортаға алып, Шестаковты ертіп үйіне келді. Ауыл кісілері мен көңіл айтуға жиналған ағайын жұрт Майлыбайдың үйі-ішіне сыздана қырын қарап өкпелеген түрлері бар. Соншалықты бауыр тартып ағайыншылық жасаған, ақ бандаларға қарсы басын оққа төсеп, осы үйдің намысы үшін жалғыз алысқан



Садық мырзаны ренжіткеніне, орыстарды қорғаштағанына іштей наразы еді. Майлыбайдың Тимофейге арқа сүйейтінін бәрі біледі, оның тамыр боп жүргеніне қарсы да емес. Әйткенмен ағайын беделі таразы басына түскенде бір сәтке қалыс тұра тұрса қайтер еді десті. Майлыбай мұны білсе де сезбеген болды. Тимофей екеуі оңаша қалған бір сәтте сергек, ажарлы үнмен:

— Түймебай, сені жұрт бәлшебек дейді. Сол рас па? — деп тамырынан сыр тартты.

Тимофей мұртын сипалап жымия қарады.

Оны неге сұрадың?

— Бәлшебегің дәл сендей болса жаман емес-ау, тегі. Мені бәлшебек қатарына жазып қойсаң қайтеді.

Жатақтағылар Шарбануды соңғы сапарға шығарып салып ауылдағы қонақтарды біртіндеп жөнелтіп жатқанда ала қоржындарын артып Адхамов пен Махмұд келген еді. Олар Қаратау бөктеріндегі орыс селосына уақ-түйек сауда жасап әрі Басши бекетіне бармай кейін қайтты. Адхамов өлік шығарып жатқан жерге бақалшылап барғанды жақсы ырым санамайтын. Мұның өзі таза, әдемі сауда кәсібін кірлеу деп ұғатын және бұдан түскен пайданы қарам көретін. Кісінің көз жасы төгілген мұңлы ауылдың босағасын аттамайық деп зар қаққанда, Махмұд қысқа дәлел айтты: «Көңіл айтуға шар тараптан жиналған кісілер көп. Біз қоржын жайып сауда жасамаймыз. Тек солардан не керек екенін сұрап біліп қаламыз. Қолымыздағы заттардың ыңғайына қарай ертең сол ауылға бара қоямыз. Бүгінгідей бей-берекет салақтап жүре бермейміз» — дегенде ғана әрең көнді. Махмұдтың мұнда келудегі мақсаты бөлек еді. Оған қайткенде Тимофейге жолығу керек. Оның басына төнген қатерді ескертіп қоймақ және Жаркентпен дереу байланыс жасауын сұрайды. Махмұдты осы жаққа жіберер алдында Қасымхан село мен жатақ тұрғындары жөнінде мәлімет бере отырып, «зәуеде мұнда біз байқамаған аса қиын жағдай туа қалған күнде Тимофей Иванов деген бар. Сонымен байланыс жасарсың. Сенімді адам. Әйткенмен, сырыңды ашып, өзінді жария етуден қашық бол. Сен басқа

жұмысқа да керексің. Алдында орындайтын міндет көп» — деп ескерткен.

Махмұд Тимофейді танымайтын. Бірақ жатақта екі бірдей орыстың жүргенін көргенде қуанып қалды. Шүнек көк көз, қою сары мұртты, тығыз сары сақал, жылы жүзді кісінің Тимофей екеніне анық көзі жетті. Адхамов жатаққа оңай сіңіп кетті. Майлыбайдың жаюлы дастарқанының шетіне шарт жүгініп отыра қалып бұхара махамымен құранды сызылтып оқи жөнелгенде әрі-бері сапырылысып жүрген үлкен кісі, қатын-қалаш селт етіп құлақ түріп тізелерін бүгіп отыра қалысты. Қазақ құдайға сыйынуға бар да, құран оқуға жоқ. Шала молдалар әлдекімнен естіген әуенге салып өздерінше көп уақыт тыныс қайтармай демі үзіле оқығанымен былай құран сөзінің мән мазмұнын пайымдай қоймайтын. Адхамовтың дұға оқысы өзгеше сазды, мұңлы. Әуезі бүкіл жатаққа естіліп тұрғандай. Құран оқылып болғанда Боздақ қарт «әумин» — деп бетін сипап:

— Ойпыр-ай, құранды оқи білген де үлкен өнер екен-ау! Біздің ауылдың молдаларының бәйіт оқығаны мынаның қасында бұзау мөңірегенмен бірдей ғой. Рақмет, жолаушым, дұға шапағаты марқұмның әруағына жетсін. Шай ал, ішіп жеп отыр, — деп қалың бауырсақты алдына ысырып қойды.

Адхамов құран оқып жатқанда Тимофей мен Шестаков сыртта шеттеу тұрған. Махмұд оңаша тұрған Тимофейдің қасына кеп село жаққа қол сілтеп әлденені сұраған боп тұрып мынаны айтты:

— Мен уездік милиция Қасымханнан. Оңаша сөйлесетін шұғыл әңгіме бар. Мына жұрт алдында шапшаң ұйымдастыр. Күдік алмасын, — деді.

— Қасыңдағы серігің кім?

— Ол сәудегер, бұл іске қатысы жоқ.

— Ұқтым.

Махмұд жатақ үйлерін жәй көргісі кеп аралап кетті. Сол арада Майлыбайдың үйінің төңірегі у-шу боп қалды. Тимофей кісілердің бәрін үйден шығарып жіберіп, босағаға

Шестаковты күзетке қойып Адхамовты қатты тергеуге алған.

Әлімқожа адырайып Майлыбайға ақыра сөйледі.

— Әй, Майлыбай, мына орысыңа қой, тиыл дегін. Бірі анау, екіншісі мынау, бұ не сұмдық. Совет саудаға, дінге жол ашық деген. Мына Түймебайыңның жасап отырғаны жолсыздық, зорлық.

Майлыбай:

— Әй, әйбәт молда, орыс деп бекер даттап, сөкпе! Бұл да кеудесі шерге, мұңға толған сорлы. Өзі үшін дейсің бе, өкімет тапсырған соң істеп жүр де. Сабыр ет, — деді.

— Жұрттың шыдамын, сабырын түгесіп біткен жоқсың ба? Кісі шетінеген қазалы үй деп іштен тынып, ашынса да ашылып, батыл сөз айта алмай дымы құрып отырғанын неге көрмейсің? Зерек едің ғой, неғып кеудең көр болып қалды. Өкімет жұмысы деп жайма-шуақ жабасың. Өкіметшіл болса, қалың орысына барсын, тәртібін сонда орнатып алсын. Ағайын безсін демесең қазір қарасын өшірсін! Кетсін шапшаң! Түймебайсыз-ақ ел болғанбыз!

Бұл кезде Шестаков қорадан жүгіре шығып жан-жағына алақтай қарап Махмұдты іздеп жүрді. Әлімқожаның аппақ келіншегі Әтіргүл мен Айша ұзын бойлы, кең кеуделі, қара қас, қара көз, қара мұртты өзгеше сұлу кескінді жігітті көріп, есік саңылауынан кезек-кезек көз салып, тамсана қарап тұрған. Екеуі жігіт бойынан әдемілікті көп табады. Шалбарының балағын әміркен етігінің қонышын қайыра кең түсіріп, сәндеп киген. Қызыл күлгін тік жаға көйлегінің етегін бос жіберіп, беліне жұмыр шашақты белбеу буынғаны да жігітке қатты жарасады. Киімдері қалаша шақтап тігілген. Есік саңылауынан тамсана ұзақ қарап қалған Айша:

— Біздің ауылдың еркегі өңшең бітік көз, таңқы мұрын, бүйрек бет, қайқы маңдай, ұсқынсыз сорлы немелер екен-де! Соны да еркегіміз бар деп құшамыз-ау! Әттең, менің баяғы қыз кезім болсашы. Мұндайдан құр қалмас едік. Сен Әтіргүл жассың ғой. Бетіңнің қызылы бар. Мына жігітті қонаққа шақырып, бір күн қондырып жібермейсің бе?

— Ойбай-ау, молдакеңді қайтесің?

— Бауыр еті жұлынған семіз үйректей сол неменді қойшы. Бір сылтау тауып, алдай алмасаң несіне қатын боп жүрсің!

— Әй, жеңеше-ай, қала азаматы ауылдың сары етек қатындарын қайтсін!

Саңылаудан сығалап тұрған Айша шошынып есікті ашып жіберді. Шестаков еркіне қоймай Махмұдты түйгіштеп айдап бара жатыр еді. Айша ашуға булығып:

— Мына немесі қыларын қылып бітті-ау! Осы ауылда еркек бар ма, жоқ па? — деп түпкі үйде шынтақтап жатқан Жұмағұлға зекіді. Жұмағұл дәнеңені ұқпай, қолбаңдай басып қасына келді.

— Е, не боп қалды?

— Сендер еркексіңдер ме, жоқ па? Өздерінде намыс, ар деген бар ма? Көрінген төбемізге шығып, әбден қорлап бітті ғой!

Жұмағұл екі әйелдің жас, сұлу жігітке жаны ашығанын біліп еңкілдеп күлді.

— Тараншыға үздігіп қапсындар ғой. Қазір-ақ босатып жібереді. Қорықпаңдар!

Шестаков Махмұдты есіктен кіргізіп жіберді де өзі қайта шықты. Мұндағы әңгімені ешкім естіп, қоймау үшін есік пен терезені бағып тұр. Кісілерді маңайлатпайды. Тимофейдің әмірі солай.

Тимофей Махмұдты қасына отырғызып, ойлана отырып сөйлеп кетті.

— Бүркеп, бүгіп іс тындырамыз деп жүргенде бүлдіріп алмасақ неғылсын. Сендермен оңаша сөйлескенімді жатағым жақтырмай жазғырып жатыр. Бүгін осы ауылдың үстінде ғажайып көріністер мен ойындар ойналып өтті. Ойын түбінен от шығады дейтін бе еді қазақ. Соған ұрынбасақ қарады. Ал сөзіңді тыңдалық. Айта бер, — деп еңсесін бұрып Махмұдқа қарады.

Махмұд Усковский мен Сигалов үшеуінің арасындағы әңгімені тәпкіштеп бір сөзін қалдырмай айтып шықты. Сөзінің соңында:

— О баста бандаға кезігіп сөйлесем деген ой болған

жоқ. Мәлімет жинап қайтамын дегенмін. Енді көрмейсің бе? Оларға көп ақша керек. Қандай қажетке жұмсайтынын ашық айтпайды Сірә, Усковский арада жүрген делдалшы секілді. Үлкен әңгіме келесі жолығатын кісімен бола ма деймін. Оларға қандай шарт қоярымды да білмеймін, — деді.

— Усковскийдің сондай арам пиғылы барын ептеп аңғаратын едім, — деп бір сәт үнсіз отырды. — Бізден қандай көмек керек? — деді.

— Жаркентке баратын сізден басқа кісінің ыңғайын таппадым. Бұл маңызды шұғыл істі тағы біреуге айтып, құпияны ашқанымыз келіспейді. Тіпті солай болған күннің өзінде сізге мұнда қалуға болмайды. Олар кез келген минутта өлтіруі мүмкін. Немереңізді осындағы тамырыңызға қалдырыңыз да жүріп кетіңіз.

— Қашан кеткен қолайлы?

— Қазір жүріп кетсеңіз екі жаққа да тиімді.

— Олай жарамайды. Усковскийді ақымақ демегін. Оқығаны бар. Кешегі поручик. Байланысшы боп жүргеніне қарағанда ол мұндай жасырын, астыртын жұмысты білетін болғаны. Бүгін Крутикованың үйіне қонасыңдар ма? Мен әлі сендердің зықыларыңды шығарам. Усковский сендерге мүлде күдіктенбейтін болсын.

— Бұл да ақыл екен. Күтеміз!

Махмұд пен Адхамов жататын пәтеріне кеш оралған. Келген қонақты бір қалыппен сыпайы қарсы алатын Крутикова көрінбейді. Егор да, сабалақ жүнді сары төбет те жоқ. Қора-жай меңіреу мекендей бос қалған. Адхамов үрке жан-жағына көз тігіп сыбырлай сөйледі.

— Үйді тонап, иесін өлтіріп кеткен бе, не сұмдық бұл? Сен осылай тұра тұршы. Мына қоржынға ие бол. Үйде кім бар екен? Білейін.

Махмұд қолынан ұстап сілкіп тоқтатты. Сол сәт Крутикова қайда деген ой келді. Дәл қазір оны бандалар аластай алмайды. Әрі-бері өткен жолаушыға пәтер қандай керек болса, бұл үй оларға сондай қажет. Жолығысып, кездесіп тұратын ыңғайлы орын. Мұндай тылсым

тыныштық бекер жасалмаған. Бұл маңда көп адам тығылып, жасырынып тұруы да мүмкін. Махмұд саудасы жүрген, көңілі толған ойсыз, аңғал пішінде айқайлап сөйледі.

— Уа, Аптахун-ака, әйбәт маржаң лагман жасап қоям демеп пе еді. Әлгі Советі құрғыр күні бойы тергеуге алып аш қатырғанын білмейді ғой. Аздап қызыл келімдерінің қабығын қос демеген екенбіз де. Еттің арасында тіл қуыратын қызғылт қабықтың жылтырағанын жақсы көрем, — деп асыққан кісідей адымдай басып ортаңғы бөлмеге кіргенде Усковскийдің отырғанын көрді. Ол жалғыз. Бұрышта сары самауырын дызылдап қайнап тұр. Оттығынан жылтыраған майда шоқтар көрінеді. Крутикова осы маңда деп ойлады Махмұд.

Усковский орындық арқалығына жотасын тіреп шірене, шалқая отырып:

— Саудаң қызып күннің батқанын білмей қалғансың-ау, сірә? Қазір дүрбілең кез. Осы күні қоржын түгіл бастан айрылу қиын емес, — деді.

Адхамов таныс кісінің отырғанына қуанған кісідей ебелектеп жүр.

— Махмұд, әлгінде сескеніп қалғаным мына господин хорошийдің әруағы ма деймін. Әлгі маржа қайда екен? Бізге тамақ, мынаған арақ әкелсін. Господин хороший, сіз сауда қызған ба дейсіз? Байтал түгіл бас қайғы боп кеткен жоқ па? Күні бойы анау милициясы қамауға алып, тергеп жанымыз әрең қалды, — деп иығындағы қоржынын бұрышқа тастай салды.

Усковский түйіле қадалып, жиренген түрмен Махмұдқа шапшаң бұрылды.

— Мына тасбақа не деп отыр? Қайдағы милицияны айтады?

— Кәдімгідей көк жағалы, найзалы мылтығы, салақтаған қылышы бар милиция.

— Жөндеп түсіндірсеңші быдықтамай!

Махмұд үйде өздерінен басқа тағы біреулердің барын сезді. Усковский солардың алдында сөзі өтімді, беделі бар кісі екенін танытқысы келген секілді. Таңертеңгісін

ғана ақша мысын басқандай жылмаңдап кеткен болатын. Махмұд қоржынын жерге қойып сылқ түсіп отыра кетті.

— Кешір мырза, сөйлеуге шамам жоқ. Ашпын!

Адхамов серігін арашалап жай-жапсарды түсіндірді.

— Господин хороший, төменгі орыс селенінде ұсақ-түйек сауда жасап енді жүргелі тұрғанымызда көп аттылардың тауға қарай ағылып бара жатқанын көріп, шілдехана, той, ер балаға үкі таққан ырым ба деп қуанып қалдық. Бұ жақта ер баланы ер жеттіге санағанда басына үкі тағып атқа отырғызатын, той жасайтын жақсы ырым бар. Әйтеуір не болса да той, қалың жиын ғой деп сондарынан ілесе бердік. Сөйтсек, көңіл айтуға бара жатқан кісілер екен. Дәл өліктің үстінен шықтық. Сауда жайымен қалды. Амал жоқ, барған соң құран оқуыма тура келді. Құранның көп сүрелерін жатқа білем. Соны біреулер жат көріп Советі мен милициясына сыбырлай қойған ба, «Сен Бұхар махамына сап құран оқуды қайдан үйрендің? Онда дәріс алсаң мұнда неғып жүрсің? Ұлтың кім?» — деп жатып тергеді емес пе? Араға уақыт салып қайта жауап алады. Әбден сілемізді құртты.

Усковский түсінбеді.

— Қазақтың бәрі өлікке құран оқиды. Дұғаны жатқа білгенді үлкен молда санап қошеметтемеуші ме еді?

— Бұл жолы ондай құрмет жасамады, — деді Махмұд шаршаған түрмен.

— Оларға Бұхар деген сөз түрпі естілген. Осында әдейі жүрген, ар жаққа атаман Дутовқа өткелі келген Бұхар әмірінің тыңшысы ма деп сезіктенген секілді.

— Сондай үлкен күдік алып тұрып тез босата қойды ма?

— Милициядан оңай құтылмайсың, — деп Адхамов киліге кетті.

Ақбөкеннің мүйізін алып жүрген қазақ тамырым жолығып қалып сол арашаға түсіп, кепілдік беріп жүріп зорға шығарып алды. Әйтпегенде қазір Жаркентке айдалып бара жататын едім.

Махмұд кәрі саудагердің өтіріктен оңай дәлел құрастыра қоятынына таңғалды. Кейін өздері оңаша қалғанда

Махмұд «өтіріктің құйрығы бір тұтам, ұсталып қалсаң қайтесің?» — дегенде, Адхамов «сол қауіпті сәтте амал жасап басыңды арашалап қал. Одан құтылып алған соң ол тергеп анығына жетем дегенше, кеуденде жаның бар емес пе, қамданбайсың ба? Екінші жолы тұтылған күнде бас кететін қатер төнбейді. Бәрінен алғашқы кәр, зәр жаман» — деп күлген.

Махмұд қоржынын жататын бөлмесіне қоймақ боп есікті аша бергенде терезе алдында теріс қарап тұрған кісіні көрді. Сыпайы әдемі киінген. Махмұд сәл дағдарыңқырап тұрып:

— Сәлеметсіз бе? — деп кішілік жасап басын иді.

Бейтаныс адам зілдене түсіп ақырын мойнын бұрды.

Танауының астында бір шөкім қара мұрты бар, денесі толықтау келген бұл жылтыр қара кісіні Махмұд көргені бар. Қайда, қай жерде ұшырасып еді? Ойын түйіп, сәтінде есіне түсіруге мұршасын келтірмеді, ол зәрлене түсіп ақырып қалды.

— Ей, арам ит. Сен қайдан жүрсің? Жаркентте жалаң аяқ шаң кешкен сен тараншы қашаннан бері қалталы бай бола қалып ең?! Қай атаң мал айдап, саған миллион жинап беріп еді! Не оттап жүрсің! «Ел арала, бақалшылық кәсіп жасаған боп Советке қарсылардың тізімін ал, жау жүрек жандармен байланысып, олардың жатақ мекенін біл!» — деп жіберген Қасымханның тіміскек тыңшысымын демейсің бе? — дегенде, Махмұд «бұл сырды қайдан біліп жүр? Шынымен тұтылған жерім осы ма?» — деп талып, әлсіреп кеткендей болды.

Не істеу керек? Осы бір сұрақ жаңғырықтанып сан қайта ойға орала берді. Қашып, бұғынып тасаланып тығылатын жер жоқ. Терезенің темір торы бар. Желкеде Усковский қадалып тұр. Сәл оқыс қимыл көрсетсе атып тастауға әзір екенін біледі. Аптахун-ака қайда?

Аузы тыным таппай сөйлеп жүруші еді. Үндемейді ғой. Ол бейшараны бас салып езгілеп, дыбысын шығармай, тұншықтырып тастады ма екен... Ең болмаса, Иванов аман қалса екен. Мұнда келуіне қалайша келісім бере қойдым.



Жаркентке тура тарт, тоқтама жөнел деп неге айтпадым. Жоқ, солай деп айтқан сияқтымын. Тимофей бұл үйге мүлде жоламағаны, маңайламағаны дұрыс болар еді. Қауіп барын енді оған қалай жеткізерсің? Әттең...

Алдындағы жылтыр қазақ тапаншасын кезеп Махмұдқа жақындай түсті.

— Меңіреу, кеше, мелшимей шыныңды айт! Жетіге дейін санаймын. Бір... екі... үш... төрт... бес... алты...

Үй ішінде тарс етіп мылтық атылды.

## ОҚШАУ ХАБАРЛАР



«Токтаусыз жіберілсін!

Жаркент қаласы, уездік милицияға!

Чанышев жолдасқа!

*Верный бүлінішілігі біржолата талқандалды. Бүлікті бастаушылар жазасын алды. Түркістан Компартиясы мен Орталық Атқару Комитетінің органы «ИЗВЕСТИЯ» газетінің кезекті № 68 санынан үзінділер келтіремін. Мақала «Верный бүлінішілігінің ісі бойынша ҮКІМ» деп аталады. Онда былай деп жазылған:*

*«Түркістан майданының Революциялық Әскери трибуналының көшпелі сессиясы Верный бүлінішілігі істі сотта 16 күн бойы қарап ҮКІМ шығарды, мыналар ату жазасына кесілді: 1) Верный қаласының 1-ші ауданының бұрынғы милиция бастығы Чеусов — бүлінішілік Әскери советінің қызметін атқарғаны, бүлікшілердің бұйрықтарына қол қойғаны үшін; 2) Артилерия взводының бұрынғы жауынгері — Бухчич — бүлікшілердің жиналысын басқарып отырғаны үшін; 3) Букин — бүлікшілердің Әскери командирінің көмекшісі міндетін атқарғаны үшін; 4) Қарауыл ротасының бұрынғы командирі Шукин — бүлікшілер алған қамалдың коменданты қызметін атқарғаны үшін;*

5) Жетісу бөлімшесінің Ерекше бөлімінің бұрынғы қызметкері Чернов — революциялық мекемелерді жойғаны және Ерекше бөлімді талқандағаны үшін;

6) Жетісу облыстық Ерекше бөлімінің бұрынғы қызметкері Васильев — құпияны ашпау жөніндегі антты бұзғаны және бөлім меңгерушісінің жасырын пәтерін айтып қойғаны үшін; 7) Бороздин — бүлікшілердің штаб бастығының қызметін атқарғаны және бүлікшілердің бұйрығына қол қойғаны және Ерекше бөлім мен дивизия штабын қарусыздандырғаны үшін; 8) ...және тағы басқалары.

«Известия» газетінің бұл номерін арнаулы байланыспен жіберем. Сол бойынша шаралар қолданыңыз. Уездік милицияға кездейсоқ адамдардың алынуына жол берілмесін.

Ұстатпай жасырынып жүрген бүлікшілердің белсенді басшылары Андреев, Петров, Еруговых және Праслов заңнан тыс деп табылды.

Уездегі жағдайды дереу хабарлаңыз.

Ревкомның тапсыруы  
бойынша Шагабутдинов,  
Верный қаласы. 1920 жыл».

«Токтаусыз жіберілсін!  
Верный қаласы, РЕВКОМ-ға!  
Шагабутдинов жолдасқа!

Бүлікшілердің талқандалуы бүкіл уездегі Советтерді нығайтуға, уездік милиция жұмысын жақсартуға зор қуат, жігер береді, кедей табының болашаққа үмітін арттырады.

Өз тарапымыздан уездік милицияны сенімді, революция ісіне берілген адамдармен толықтырамыз. Кездейсоқ іске жол бермейміз. Қызыл керуенге шабуыл жасаған бандалар атаман Анненков құрған «Қыран ұясы» тобының сарқынишақтары екені анықталып отыр. Мұны анықтауға

мынадай жағдай себеп болды. Бұдан біраз уақыт бұрын шекараны бұзып өтпекші болған Григоренко-Тихонович деген ұсталған еді. Әскери тіркеу бөлімінің адамдары мұқият тінткенде және тексеру барысында көп жайдың басын ашты. Одан екі басты, самұрық құстың суреті салынған ақ жалауша табылды. Бұл банда тобының басшысына жолыққанда генерал Дутовтың тікелей өзінен келген кісі екенін танытатын пароль екен. Банда басшысы Дудко және оның қарауындағы барлық адамдар мұның әмірін бұлжытпай орындауға тиіс екен.

Григоренко-Тихоновичтің орнына сол парольмен өз кісімізді жіберу көзделді. Бірақ Дудко және арада жүрген байланысшы Григоренконы жақсы таниды. Албұл әскердегі көп таныстарының қайсысы екенін жақсы білмейді. Ал Дудко деген оның шын фамилиясы емес, бүркешек аты. Әйткенмен бандалардың жалпы санын білу, олардың тұрақ мекенін дәл анықтау үшін өзімізден сенімді кісі жіберілді. Одан хабар алынысымен милиция отряды және арнаулы тапсырманы орындау үшін құрылған бөлімше адамдары банданы жоюға дереу аттанады.

Чанышев, уездік  
милиция, Жаркент  
қаласы, 1920 жыл».

«Тоқтаусыз жіберілсін!  
Жаркент қаласы, Уездік милицияға!  
Чанышев жолдасқа!

Біздегі мәлімет бойынша Дудко атаман Дутовтың ең сенімді кісілерінің бірі боп көрінеді. Мүмкіндік болғанша оны қолға тірідей түсірудің қамын қарастырыңыздар. Бұл жөнінде Әскери тіркеу бөлімінің бастығы Давыдовқа тиісті нұсқаулар берілді. Барлық жоспарды онымен ақылдасып жасаңыз. Аз ғана жаңалық болса, соның өзін дереу хабарлап отырыңыз.

Ревкомның тапсыруы  
бойынша Шагабутдинов.  
Верный қаласы. 1920 жыл».

## ЖҰМБАҚ ЖАНДАР



Бүкіл Шығыс Түркістан өңіріне белгілі Құлжадағы жылқы заводының иесі атақты миллионер Фатих Алляридің зайыбы Хадиша-ханым Жаркентке көп нөкерімен кеп жатқан. Інісі Қасымхан жаңа өкіметке сіңіп соның дәрежелі, салмақты қызметкері, бүкіл уездің полициясын (милицияны Хадиша-ханым солай атайтын) басқарады деген соң соны көзімен көрейін деп келген. Мұнда жатқанына аптадан асса да сөйлеспек түгіл інісін жөнді көре алған жоқ.

Алғашқы күні әкпесінің келгенін естіді ме, бірер минутқа ғана кіріп шығып, үй-ішінің, бала-шағаның амандығын, кесек ойлы, кескінді жездесінің халін сұрады да шай ішуге мұршасы келмей асығып кетіп қалды. Одан кейін көрінбеді. Үйге түнемейді. Қасымханның келіншегі Гүлшара сұлу Талдықорғанның шар тарапты шарлаған атақты купесі, байлыққа батып салмақтана түскен Абдрахман ноғайдың қызы. Хадиша-ханым інісінің жас жарына жоламай, үйге түнемей кеткенін жамандыққа жорып «Араларыңда өшіктірмесе өшпейтін, өкініш қалдырған дақ, шикілік бар ма, бұл не сұмдық! Өз үйінен, өлең төсегінен безіп, қашып неғып жүр? Жадылағандай жат бауыр, азғын пенде боп кетсе қайтесің?» деп шошына отырып Гүлшарадан сұрағанда, ол ашылып-шашылып сыр шашпады.

«Келмейін, көрмейін деп жүр деймісің. Жұмысы солай ғой» дей салды. Өзі сұлу, мінезді Гүлшара жақсы, ақылды жарына адал жүрекпен пәк қалпында кіршіксіз кеп қосылған. Өзі қандай таза болса, Қасымханға да сондай таза көңілмен қарайды. Қайда, қанша күн жүрсе де алаңбыз, ынтыға сағына күтеді.

Қасымханның үйге қонбай жүргені рас.

Жетісудың дәл кіндігінде, Верныйда «бүліншілік жа-

салған» деген дақпырт сыбыстың салқыны ма, жау іштен де, сырттан да аңдып, ду көтерілгелі тұрғандай еді. Қасымхан кеш батып, қараңғы түскен сәтте қарауындағы милиция бөлімшесін отрядқа, топқа бөліп, кейде жалғыз дара үлкен жолдарға, шекара маңындағы қия соқпақтарға күзетке шығарады. Өзі де солармен бірге ат үстінде ұзақ кезіп, айнала төңірекке құлақ түре жіті қарап жазғы танды көзімен атқызып жүрді.

Бүгінгі түнгі күзетте Қасымханның қасына жылдым Жүсіп ерген. Қара мұрт, қара көз, алғыр ширақ жігіт. Жүсіп — Махмұд, Әзиз, Мұқай, Көдек сияқты Қасымханның сенімді серіктерінің бірі. Әзиз бен Махмұд бұл күзеттерге қосылмады.

Жүсіп арқан бойы артта ілесіп келе жатқан. Қасымханның ердің үстінде жайыла бос отырғанын көріп «қалғып кетті білем, көз шырымын алсын» деп, бұл да тізгінді бос тастап, сылбыр аяңға басты. Ат үстіндегі бір сәткі ұйқы кісіні ширатып, шынықтырып тастайды. Сергек, еліккіш көңілмен қайтадан желіп, жүріп кетесің. Мұны Жүсіп өз басынан талай кешкен. Қасымхан ұйықтамапты. Мойнын сәл ғана бұрып:

— Ей, Жүсіп, бері келші. Біздің Махмұдтан хабар болмай кетті-ау! — дегенде барып бастығының үлкен ойға шомып келе жатқанын білді. Милиция бөлімшесінде әркім әрқилы тапсырмамен келіп-кетіп жатады. Кім қайда кетті? Қашан оралмақ? Онымен ешкімнің жұмысы болмайтын. Әуестеніп сұрауға тыйым салынған. Әр милиционер өз шаруасын ғана білуге тиіс. Бөлімдегілер бұл ережені қатты сақтайтын.

Жүсіп соңғы күндері Махмұдтың көрінбей кеткенін, күрделі тапсырмамен бір жаққа кеткенін сезсе де сұрауға батпаған. Қасымханның өзі сөз қозғаған соң, атын тебіне қасына келіп:

— Бәсе, қайда жүр екен? Сол тараншыны өзім де қатты сағынып жүрмін, — деді.

Осы кезде қала үстінде қосарлана атылған ракета көрінді. Қасымхан селт етіп аспанға көз тікті. Әдетте, Давыдов екеуі

кезекпен күзетке шығатын. Бірі қала сыртына кеткенде екіншісі телетайп қасында қалады. Верныйдан қуанышты хабар келе қалса қатарынан екі рет — бір қызыл, бір көк ракетаны атып белгі беруге келіскен. Аспанға қызылды-жасылды ракеталар атылғанда, Қасымхан:

— Сүйінші! Сүйінші, Жүсіп! Сүйінші! — деп сары атына қамшы басып қалаға қарай шаба жөнелді.

Жүсіп дәнеңе түсінген жоқ. Бірақ алды қуаныш болған соң ол да бүгіле еңсесін алға тастап, ұшқыр биенің тізгінін еркіне жіберді. Өзі қиқу салып келеді.

— Сүйінші! Сүйінші!

Қасымхан кеңседе Давыдов екеуі қуаныштарын бөлісіп, өткен ауыр күндерді еске алып біраз отырғаннан соң үйге қайтқан.

Хадиша-ханым інісі үлкен уездің милиция бастығы болған соң әйтеуір үйге соқса ақ боз атқа мініп, көп нөкермен ерекше салтанат құрып келетін сияқты көретін. Сондай қошамет жүрісін көруге құмар еді. Сырттан ат тұяғының дүбірі естілсе далаға жүгіріп шығатын. Аузын қалың мұрт басқан, бетіне тығыз қара сақал ескен көз төңірегі үңірейіп әбден жүдеген інісінің аттан түсіп жатқанын көргенде өңі қашып, таңырқап тұрды да ұзын мол тігілген көп желбіршекті ақ көйлегінің етегін көтеріп үйден жүгіріп шықты.

Ни булған, ни булған синә? Инди ни айтәрмін синә!

Нигә ішлөйсін бұ жұмысын. Тәштә, кит! — деп мойнынан құшақтай алды.

Қасымхан ашық үнмен жарқылдай күліп:

— Мен аң аулап жүрдім ғой. Нән тау текені атып түсіріп ем. Өзі де бүйірі тоқ әппақ семіз екен. Мына күн ыстықта еті бұзылып бара жатқан соң жолда малшыларға тастап кеттім, — деді.

Хадиша-ханым інісінің құс ату өнерін білетін. Бірақ аң аулады дегенін естіген емес. Мал сойып, боршалағанды біле бермейтін. Өзі жүдеп шалдығып шаршап келген кісіні берекесіз сұрақтармен қажауды жөн көрмеді. Тек алдын кесе өтпей жол беріп тұрып:

— Енді үйде болатын шығарсың? — деп сұрады.

— Сені Борқожа, Басқұншыға апарам. Жаркенттің сауда базарын, көк дүкендерін аралатам. Мұнда көптен бері болған жоқсың, ауылды сағынған шығарсың? — деді.

Гүлшара қайын апасының көзінше жүгіріп барып құшақтап жатуға ұялып, не істерін білмей қысылып тұрған. Ақыры желеу тапты. Иығына сүлгі тастап, ұзын қылтанақ мойын жез құмғанмен су алып шықты. Сағынған жарына нұрлы көзімен аймалай қарап:

— Жуынбайсыз ба? — деді. Нәзік саусақтарымен ерінің омырау түймесін ағытып, көйлегін шешуге көмектесті. Қасымхан жалаңаш жотасын, мойнын, басын салқын суға тосты.

— Жаным, құя түсі, мына суың жағып барады, — деп суды құманнан лақылдата мол құйдырады. Бір сәт жаны байыз тапқандай, көз жұмып қимылсыз тұра қалады. Әлден уақытта бойын қатты сергітіп алып, сүлгіге сүртінді де, салмақты қолын Гүлшараның иығына салып, нәзік денесін бауырына тарта ақырын қысып басқышпен көтерілді. Шайды ас үйге емес көп әйнекті кең даланға жасапты. Қасымхан қаймақ қатқан ыстық шайдан бір-екі кесе ішті де, қалжыраған халін жеңе алмай, Гүлшараның иығына басын сүйей отырып, бүгіліп, сылқ түсіп ұйықтап кетті.

Хадиша-ханым сырттан ат тұяғының дүбірін естіп:

— Бұ қайсы өзі? Оятатын болды-ау! — деп паңдана козғалып босағада тұрған күтуші әйелге әмір етті. — Бар, мұнда кіргізбе, ас үйге апар, — деді.

Келген Жүсіп еді. Ол күтуші әйелмен көңілдене амандасып, аңғырлаған дауысын көтере түсіп:

— Біздің начальник қайда? Қасымхан керек, — деді.

— Тсс-сс, — деп күтуші әйел саусағын ерніне тақап ақырын өтінді. — Дабырламаңыз, ақырын сөйлеңіз.

— Сіздей ай шырайлы аяшты көргенде мүлде ақырын сөйлей алмаймын. Алабұртып құтырынып кетем, — деп Жүсіп қамшысын бүйіріне таяна ұстап үлкен қарағай үйдің көп бөлмелеріне мойнын созып көз жүгіртті. Бөлмелердің есігін ашып терезесін қараңғылап салқындатып, тастаған.

Әрі биік, әрі жайлы үй мол тыныштық, рахат мекеніндей өзіне тартып еліктетеді.

Хадиша-ханым Жүсіпті көріп қабағын шытты. — Осы казактардың жүрмейтін жері жоқ. Бұ не, той емес, айт емес, таң атпай тентіреп жүргені!

Гүлшара жұмсақ үнмен:

— Мына кісінің серіктері, жолдастары ғой. Шаруасы болған шығар, — деп сыпайы ғана ескертті.

— Қойшы, мына пәруайсыз неменеге күні түсіп қалды деймісің, — деп күтуші әйелмен әзілін жақтырмағанын білдірді. Жігіттің онысын оқыстау, әдепсіз көрді.

Жүсіп аңғал ашық көңілмен алшандай басып Қасымханның қасына кеп отырды.

— Жолдас начальник, — деп иығынан қозғап оятты, — Начальник...

Қасымхан селк етіп басын шапшаң көтеріп қанталаған көзімен Жүсіпке сүзіле, телміре түсті.

— Сенбісің, Жүсіп? Жай ма? Үйге бар, ұйықта дегенім қайда?

— Сізді шекарадан біреу сұрайды дей ме, анығын білмеймін. Сонан соң Давыдовқа телефон соқса керек. Өзі келсін, — деп сізге жіберді. — Ұйқыңызды бұздым ба? Кешіріңіз.

— Ұйқым қанды. Қайта келгенің жақсы. Үйге бармағаныңды сезіп тұрмын. Тамақ ал, шай іш, — деп гүлді табаққа төпелеме үйілген қаздың етін Жүсіп алдына сырғытып қойды.

— Рақмет.

— Сен сөзді қой, тамақ алмайынша мен қозғалмаймын.

Жүсіп қаздың тарбиған сан еттеріне қол созды. Баппен қайнатып, сонан соң табаға аздап қақтап алған жас ет ауызға салғанда балдай татып кесек-кесегімен жентектеле көмейіне кете берді. Бас көтерткізбейді. Сидіған сүйектер тіс арасында сыпырлып қалып жатыр. Әп-сәтте дәу табак етті орталап тастаған Жүсіп:

— Құдайдың құдіреті көмейім толып қомағайланып ас ішпесем тамақ жеген ғұрлы болмаймын, — деп саусақтарын



жалап алып шүберекке сүртті. Гүлшара түйіліп қалмасын деді ме, салқын шайды кесеге толтырып алдына қойған.

Ол шайды түрегеп тұрып жұтты да, — рақмет келін, сен мені сыйласаң, сені құдай сыйласын, — деп Қасымханға ілесе шықты.

Қасымхан есік алдында қолын қусырып тұрған әпкесіне жымия күліп:

— Ренжіме. Кешікпей келем. Гүлшара екеуің өзен жағасында шатыр тігіп, сонда тыныға тұрындар, — деді.

Қасымхан кеңсеге келісімен коммутаторға ескертті.

— Мен өзімде отырмын. Телефон соқса дереу қосыңыз, — дегенше болған жоқ, ар жақтан Әзиздің дауысы естілді.

— Телефон соққан мен.

— Не боп қалды? Иә, айта бер! Так-так. Кісінің өлігі дейсің бе? Мен барғанша орнынан қозғама, тимегін. Әбден дұрыс жасағансың. Қазір шығам. Сол жерден күт, — деп асығыс жинала бастады. Сөйткенше телефон тағы шыр ете қалды.

— Чанышев тыңдап тұр.

Трубкадан Давыдовтың дауысы естілді.

— Қасымхан, әлгінде біреумен сөйлестің бе? Телефоның бос емес екен.

— Иә.

— Бірдеме болып қалды ма?

— Әзиз телефон соқты. Қорғастың жағасында қалың камыс арасынан кісінің өлігін көрген.

— Таң атпай онда неғып жүр?

— Осында контрабандамен шұғылданады деп күдік алған кісілер бар. Солардың шекарадан жасырын өтіп жүрген жолдарын аңдып, қайда екенін білерсің деп тапсырған едім.

— Қазір не істейсің?

— Со жаққа барғалы отырмын.

— Қарсы болмасаң, бірге барсақ қайтеді?

— Байқаймын, әлі дем алмаған түрің бар.

Ылғи жалғыз жүру, оңаша пәтерде тұру кісіні жатықтырады білем. Ұйықтай алмадым.

— Өзіңе де сол керек. Үйге жүр дегенде бармай қойып ең!

— Сенің қарық қып демалғаныңды көре алмай тұрмын-ау.

— Онда кеттік. Қазір Жүсіпке жеңіл тарантасты жектірем. Соның үстінде тынығармыз.

— Мұның ақылды ұсыныс екен.

Олар бір жарым сағаттан кейін Қорғасқа келіп жетті.

Бұл кезде күн сәске түс боп қалған еді. Қатпар-қатпар Қаратау шатқалын жарып, жарлауыт құмды төбелерді жағалап ағып жатқан Қорғас өзені Қытайды кесіп өтетін үлкен жолдың тұсында арнасы кеңейіп табаны тастақты боп келеді. Ежелгі Қытай жұртымен шекара осы тұстан басталады. Бұл маңда шекара шегін білдіретін бағаналар, арнаулы белгілер жоқ. Өзеннің ар жақ бетінде жалаңаш көк төбе бар. Соның басында бір қолтық жусан байлаған, сырық қадалған. Шекара белгісі сол. Шекара деп аталғанымен өзеннің екі жағында да қазақ ауылдары жайлайды. Ата-бабасынан бері қарай жайлап келе жатқан қасиетті қонысы, ата мекені. Жаз жайлауына, қыс қыстауына еркін көшіп-қонып жүрген соң және өз тіршілігіне бөгет жасамаған соң қазақ баласы шекара шегіне мән берген емес. Қайда барса да қазақ жері өз мекенім деп көше берген.

Қазір Қорғастың суы мол, арнасын кернеп ағады. Өзеннің арғы бетінде көк шалғынға көміле өзенге тақау қонған жеті-сегіз қанатты үлкен ақ үйлердің саны мол. Қоңырқай, жүдеу-жадау малшы-қосшы үйлері әрменіректе шашырап жатыр. Малдардың бәрі со жаққа айдалып тасталған. Өзеннің бергі беті қыстақпен шектелгендіктен бұ жақ бетте қазақ үйлері аз.

Жайдақ тарантасқа шынтақтай жатып Қорғастың сұлу көрінісіне көз тастап келе жатқан Давыдов:

— Қазағың шөбі, шүйгін шұрайлы қонысты таба білген-ау! Анау жағадағы аппақ үйлер кімдікі болды екен? — деді.

— Ар жақтағылар Шыңжанда тұратын қазақтар. Жаз бойы осы өзен бойын жайлайды, — деді Қасымхан.

— Өзиз қай тұстан күтпекші еді?

Қорғастың жылға-жылғамен тарамдалып жатқан

тайыз суы Қаракемер тұсында қайта бір тар арнаға құйып жинақталып кемерінен асып асау толқынға айналады. Бұл алдағы көрінген қазақ ауылдарының төменгі жағында, мүлде алыста. Қасымхан сол тұстағы шоқ талды көрсетіп:

— Әзиз Қаракемердің бергі бетіндегі сарқырамадан күтеді, — деді.

— Жолдан тым шалғай жерде екен.

— Өзім де соны ойлап келемін. Сірә, қылмыскерлер шекарашылардан сескеніп өзеннің елсіз жағымен етуге тырысқан. Әзиз оның себебін білер.

— Егер Әзиздің өзіне қауіп төнсе оның мерт болуы оңай ғой. Мұндай істі орындағанда жалғыз дара жібермеген жөн.

— Оны білем, Василий Васильевич. Бірақ өз міндетін ширғыып, шын тілекпен сындыра алатын сенімді кісіні қайдан табасың? Және мұндай істі әркімге тапсыра бермейсің. Адам жетіспейді, Василий Васильевич.

— Тарантасты Қасымханның өзі айдап келе жатқан. Ол делбені тартып атының басын жиекке, құмдақ жағаға бұрды. — Көрмейсің бе, арба айдайтын кісі де жоқ, — деп күлді.

— Арба айдайтын кісі табылады-ау, бірақ сыр сақтайтын адам табылмайды десеңші.

— Дәл солай, Василий Васильевич.

Бұлар өзен бойымен тағы үш шақырым жер жүрді. Сарқыраманың бергі бетіндегі көк талға жеткенде, Жиде ағашының түбінен Әзиз көрінді. Анадайдан Қасымхандарды танып, солай аяндады. Үстінде жібек шапан, омырауы ашық жағасыз көйлек киген ала тақиялы жігітті көргенде Давыдов:

— Әзиз, мына түріңмен сені Жаркенттің базаршыларынан айыру қиын, — деп қолын алып амандасты.

— Сыртың ұқсап ішіне кіре білмесең саудагерлер олар маңайлатпайды, жолдас начальник.

— Бақылауындағы кісілерді тым алыстатып алған екенсің.

Әзиз күмілжіп үндемей қалды.

Оқиға былай болған еді.

Соңғы кезде Қасымхан Құлжадан келетін кісілердің көбі Иштай жырықтың үйін жағалайтынын аңғарды. Сұрай қалғанда біреуі бауыры, енді бірі әйелінің тумасы, көптен көріспеген жақын жұрағаты боп шығады. Подгорныйға жүрер алдында Иштай жырықтың үйіне тағы үш адам келген. Оның біреуін Махмұд шырамытып, Қасымханға айтқан. Құлжада астыртын апиынхана ұстайтын Хуа Дэнпидің (қазақтар оны Кудән дейтін) сатушысы Домбай қазақ. Махмұд Мұсабай байдың медресесінде оқып жүргенде Домбай мешітте азаншы екен. Содан Домбай қазақ Домбай молда атанған. Кейін азаншылықты тастап Кудәннің дүкеніне қызметке тұрады. Тексергенде оның Иштай жырыққа туысқандық қатысы жоқтығы анықталды. Сонда ол Жаркентке қандай мақсатпен келген? Мұндағы байланысы кімдер? Иштай жырық ине-жіп, тарак, иіс сабын секілді ұсақ бұйымдармен сауда жасайтын. Бәлкім, соған арзанқол заттар әкеп жүр ме? Әлде мақсаты бөлек пе? — Соны анықтап білуді Әзизге жүктеген болатын.

Қасымхан Әзиздің қипалақтап қалғанын байқап:

— Оқиға қалай болды? Бөгелмей, бүкпей айт, — деді.

— Сіз айтқан сәттен-ақ ізіне түскем ғой. Солардың өзіне керекті кісілермен Файзолла қожаның шайханасында кездесетінін байқадым. Қасындағы бос орынға кезекпен келіп, шай ішкен боп әңгімелесіп істерін тындырып кететін сияқты көрінді. Кеше Домбай қазақ екі серігімен сол күнделікті үйреншікті орнында шай ішіп отыр екен. Мен апиынға тойған есалаң кісідей Домбайлар отырған дөңгелек столға қарай беттеп, қисалаңдап барып бос орынға жалп етіп отыра кеттім.

Домбай қабағын түйіп:

— Тәйт, мына сұмырай қайдан жүр! — деп саусағын шошаң еткізгенде Файзолла қожа жетіп келді. Ол таңғалған түрмен бас аяғыма қарап алып, қолтығымнан сүйемелдей көтеріп:

— Сен мында отыр. Бұлар молда кісілер. Мазалама. Әйтпесе, қуып жіберем, — деп солардың қасындағы дөңгелек столға отырғызды. Домбай қазақ белбеуін, бас

киімін шешіп жеңіл отырған соң қасындағы серіктері де соны істеді. Ыстық лагман жеп, шай ішті. Бірақ кетуге асыға қоймады. Әлде біреуді күткен түрлері бар. Өзіңізге белгілі Домбай қазақ орта бойлы шымыр кісі. Екіншісі зор денелі, ашық мандайлы, мұрынды келген ақсұр жүзді, айыр сақал семіз қазақ. Үшіншісі жұпыны ғана киінген қатпа қара адам. Тегі семіз қазақтың малайы ма, соның шынаяғын әперіп, алдын артық ыдыстан тазартып, орамал ұсынып майда қызметін көрсетіп отырды. Бір ғажабы семіз қазақ сән көре ме, аяғындағы жаңа галошын тастамайды. Кеңсе адамдарының түскі үзіліс жасайтын шағында апиын қоймасының бастығы Хайдар Нұрмамбетов келді.

— Нұрмамбетов дейсің бе? — деп Давыдов Әзизді кідіртіп қолынан ұстай алды. Қасымханға қарап, — Осының жылдым мінезіне, сөзіне, күлкісіне сенуге болмайды деп Нұрмамбетовке мінездеме беріп ем ғой. Міне, айтқаным келді.

Қасымханға бұл жайлар мәлім еді. Әйткенмен, аса сабырлықпен тыңдап келе жатқан қалпымен Әзизге бұрылды:

— Сөзіңді жалғай бер. Не жайында сөйлесті олар? — деді.

— Шынын айтсам, араларында пәлендей әңгіме бола қойған жоқ. Тіпті сөйлеспеді деуге болады, — деп Әзиз одан кейінгі оқиғаны қысқаша баяндады. Нұрмамбетов сірке суын қосқан мәнті әкелуге әмір етіп, онысын шала жейді. Әлде нәрсені ұмытқандай сағатына қарап, асыға орнынан тұрды. Со кезде Домбай қазақ айыр сақалға қарады. Ол қолын жайып «Дайын болса біз де жүрелік. Әумин» — деп бетін сипады. Бәрі өре көтерілді. Күндегі дағдысымен айыр сақалды ортасына алып Иштай жырықтың үйіне қарай беттейді. Әзиз де үйіне қайтады. Біраз уақыт өткен соң шайханадағы Домбайлардың отырысын есіне алады. Бос орынға мұны жуытпай шошына қуып жіберіп, Нұрмамбетовты отырғызғаны қалай? Әлде оны күткен бе еді? Әдейі орын сақтап сөйлесейін деген шығар? Олай дейін десе араларында ләм деген сөз болған жоқ. Дегенмен

ойына күдік алып Иштай жырықтық үй жағын бір шолып өтпек болады. Көшеде ойнап жүрген баласын көріп «қонақтар үйде ме? Айыр сақал саған мәмпәси әкелді ме?» — деп, сұрай бастағанда, ол «Әй, қойшы, соларды! Өздері қатал, түрлері суық, қастарына барсаң жотаңнан түртіп, итеріп жібереді. Бүгін иығымды ауыртып қойды. Өйтіп кәмпит жемеймін. Әлгінде біздің қызыл көз бұқадай гүжілдесіп отырды да кетіп қалды», — дейді. Әзиз ізін қуа шығады. Жиекте есегін таба алмай жүрген жоқшыға жолығып қалады. Ол үш адамның Сарқырамаға қарай асыға кетіп бара жатқанын айтады. Шиыршық құмға түскен ізді байқап, сонымен келе жатқанда кісінің өлігіне кезігеді.

— Өлікті бұлай қалдырмас, бетін жабар деп ойладым. Түні бойы күзеттім. Ешкім келмеген соң сізге хабар бердім, — деп Әзиз көп күн бойы ізіне түсіп жүрген кісіден дәнеңе біле алмай айрылып қалғанына қатты қынжылды.

Әзиздің сөзін зейінмен тындаған Давыдов:

— Нұрмамбетов әдейілеп келіп тұрып, ләм демей кетіп қалады. Онда шайханаға несіне келді? Ұқпаймын! — деді.

Қасымхан ойлы жүзбен алысқа қарағандай боп, көзін сығырайта түсті де сөйлеп кетті.

— Меніңше, олар үнсіз жұмбақ қимылмен ұғысқан, түсініскен сияқты. Домбай қазақ пен айыр сақал арада жүрген мықты сенімді делдалшы арқылы Нұрмамбетовке сөз салған. Әңгіме апиын жайында екені айқын. Қойма бастығы келісе қалған күнде мынадай мезгілде жолығып, пәлендей сағатта затты әкеп беретін болсын, бұл жайында енді әңгіме қозғамайық деп күнілгері бәтуаласқан. Нұрмамбетов сол айтқан уақытында келген және қалтасындағы сағатты көрсету арқылы заттың дайын болғанын білдірген. Айыр сақалдың «Дайын болса, біз жүрейік» — деуі сол, — деді де Әзизге қарап, — Ойыңа алған аз ғана күдікпен көп бәленің бетін аштың. Мұныңа қуанбасам өкінбеймін, — деді.

Давыдов қатты сүйсініп:

— Шыны солай екен. Контрабандистер қаншама бүгіп, астарлап қымтағанымен айла-амалын тап бастырмай оңай

ашып тастадың. Мұны сезсе іштері күйіп өртенеді-ау! — деп күлді.

Бұлар шоқ талдың төңірегінде дымқыл шиыршық құмға батқан айқыш-ұйқыш іздерді көріп сәл кідірді. Давыдов қураған шыбықты сындырып алып жүресінен отыра қалды да:

— Жан үшін арпалыс осы жерден басталған, — деп шыбықты шым-шытырық іздердің үстімен жүгіртіп өтті. — Мына біреу нәл қаққан етік киген. Етігі тым үлкен.

Әзиз екі тізесін алақанымен басып еңкейе тұрып:

— Бұл Домбай қазақ. Етігінің кең қонышы мықынына жетеді, — деп түсіндірді.

— Галош кигені қайсы?

— Ол айыр сақал ғой. — Әзиз шимай шатпақтан кісінің іздерін дәл тауып жатқан Давыдовқа қызыға қарады. — Ал шекпен киген шалдың денесі қамыстың арасында жатыр.

— Бәрін көріп тұрмын, — деп Давыдов түрегеліп қалың қамысқа қарай беттеді. Орта тұсындағы жас құрақтар жапырылып, бүктетіліп сынып жатыр. Ойдым-ойдым терең батқан іздер бар. Өлік етбетінен жатқан қалпы қалған. Тарамыс қолдары қатты жұмулы. Беті құлақ түбіне дейін топыраққа көмілген.

Қасымхан өліктің осылай жатқан қалпын бір рет суретке түсіріп алды. Сонан соң жүресінен отырып Әзизді қасына шақырды.

— Әзиз, маған көмектесіп жіберші, — деді де, екеуі өлікті еппен ақырын аударып шалқасынан жатқызды. Селдір шоқша сақалды арық қара кісі. Маңдайы қыртыс-қыртыс, терең әжім. Шекпен ішінен мақтамен сырған шолақ жең киген екен. Оның омырау тігістерін сөгіп қақыратып тастапты. Зат іздеген секілді. Қасымхан мосының алдыңғы таяғын құмға тереңірек батырып үстіне фотоаппаратын бекітті де, өлікті шалқасынан жатқызған түрін суретке тағы түсіріп алды. Давыдов өліктің саусақтарын жазып алақанындағы жылтыр түймені Қасымханға көрсетті.

— Мұны қалай ұғасың?

— Мұның сырын мына осылып қазылып жатқан аяқ

іздері ашып беріп тұр. Шал айыр сақалға қайта-қайта тап беріп қоқан-лоқы жасаған. Бәлкім, қорқытты. Сол кезде Домбай молда қарулы, қолымен желкесінен бүріп ұстап түйгіштеп лақтырып жібереді. Шал жамбасымен құлаған. Анау түбірдің түбіндегі жұмсақ шұқыр содан қалған белгі. Бұл бишара қаймықпай, қайта ұмтылып айыр сақалдың омырауына жармасады. Түйме сонда жұлынған. Айыр сақал шалдың қатты айқайынан қорқып «Мынаның үнін өшір. Күзетші естіп қалады. Құримыз!» — деп Домбайға әмір берген. Ол ойланбастан нағанның сабымен қарақұстан періп жібереді. Шал етбетінен құлайды. Екеуі есі кетіп, сасқалақтап тұра қашады. Біраз жүріп барып Домбай қайта оралады. Арасы қашық дара із содан қалған. Шалдың ыңырсып, қиналып жатқанын көріп, желкелеп отырып алып басын құмға сүргілей тығады.

Қасымханға жалтақтай қарап оның сөзін қызыға тыңдап қалған Әзиз:

— Түу, шым-шытырық ізден хатқа жазғандай қылмысты оңай ашуға болады екен-ау. Неткен қызық өнер бұл! — деді.

Давыдов:

— Әзиз, сенің бастығыңның жұмбақ, қиын сырларды ашатын сиқырлы сырлары көп. Ерінбей, жалықпай зейін қойып үйрене бер, — деді де Қасымханға бұрылып көңіліндегі күдігін сұрады. — Шалдың қызмет жасаудан басқа қандай зияны бар? Олжаға оның ортағы жоқ деп білем. Қатаң тағылық, жауыздықпен өлтіретіндей соншама не жасап қойды. Осы арасы маған жұмбақ.

— Дәлін айту қиын. Домбай молдамен не Айыр сақалмен келесі жолы кездескенде бұл жұмбақтың сырын ашамыз.

— Мынадай оқиғадан соң Жаркентке қайта оралады демексің бе?

— Оған күмәнданба, көкнәр бар жерде контрабандистер тағат тауып тұра алмайды.

Алыстан атылған мылтық, сонан соң сақылдаған пулемет үні естілді. Қасымхандар елең ете құлақ түріп, бір сәт үнсіз тапжылмай тұрып қалды. Әлден соң Давыдов:



— Шаңқай түсте, күн жарықта бұл не? Қайдан атып жатыр? — деп шапшаңырақ басып төбешікке көтерілді. Илесе жүгіріп келе жатқан Қасымханға, — дереу қалаға қайтайық. Бәлкім бізді іздеп жатқан шығар. Екеуіміздің бірдей кетіп қалғанымызды қарашы, — деп ренжіп тұрды.

— Мылтықтың дауысы Қорғастың арғы бетінен естіледі. Шекарашылар бандалардың жолын бөгеді-ау деймін, — деп Қасымхан алысқа көз тігіп қадала түсті.

— Дутовшылар ол тұста күшті күзет, мол күш барын білсе керек. Өткен жолы полковник Сидоровтың атты отряды сол жерден соққы алған. Ашықтан ашық төте шабуылға шыққанына таңым бар.

— Жолшыбай заставаға соғып жағдайды анықтармыз. Аздан соң үшеуі қалаға қарай жүріп кетті.

## ОҚШАУ ХАБАРЛАР

«Токтаусыз жіберілісін!  
Жаркент қаласы, Уездік  
милицияға!  
Чанышев жолдасқа!

*Кеңсе қызметкерлерінің және совет жұмысына араласып жүрген адамдардың арасында «Мұсылман кедейлері өкіметті басқара алмайды. Ол ел басқарудың тәртібін, шаруашылық жүйесін және большевиктердің алға қойған мақсатын жете білмейді. Қалың елді бекер күйзелтіп аламыз. Кедей табының санасы оянғанша өкімет билігін ұлттық буржуазияға берейік» — деген теріс пікірлер бар. Мұндай насихатқа біржола тыйым салынуға тиіс. Және осындай пизғылды қостайтындардың милиция қатарына кіріп кетпеуін қарастыру керек.*

*Орталық өкімет Түркістан республикасына 9 партия жұмысшы жіберді. Биылғы жылдың сентябріне дейін 746 жұмысшы келді. Тағы 500 адам келеді деп күтіліп*

отыр. Жетісу облысына жұмысшы бөліне қалса сіздің уезге бір-екі кісіні жіберуге тырысамыз. Олар революция жолындағы күресте шыңдалған орыс пролетариатының өкілдері болып табылады. Олар мұсылман кедейлеріне көмектесетіні даусыз. Егер сондай кісі бара қалса ең жауапты учаскеге жіберуді қарастырыңыз.

Дудконың бандасын талқандауға қандай шаралар қолданылды? Баяу қимылдауыңыз қалай? Уезбен байланысатын жол үстінде бандалар тобының әрекет жасауына төзуге болмайды. Банда таяу мезгілде жойылуға тиіс.

РЕВКОМ-ның бұйрығы сөзсіз орындалсын.

Жандосов, облыстық Ревком.  
Верный қаласы. 1920 жыл».

«Тоқтаусыз жіберілсін!  
Верный қаласы, РЕВКОМ-ға!  
Жандосов жолдасқа!

Дудконың бандасын жою жөніндегі жоспарды бұрын хабарлағанмын. Банданы біржола аластауға бар шараны қолданамыз.

Уезд Россия пролетариатының көмегіне өте зәру боп отыр. Бір-екі адам дегеніңіз мүлде аз. Ең болмаса төрт-бес жұмысшы жіберіңіз. Шекара жағдайының қиындығын ескеріңіз.

Чанышев,  
Уездік милиция.  
Жаркент қаласы.  
1920 жыл»

## ҰРЛАНҒАН ӨЛІК

Махмұд мылтық тарс атылғанда не болғанын біле алмай есеңгіреп қалған жайы бар еді. Алақанымен ақырын кеудесін, қолдарының қарын сипалады. Денесі сау. Оқ тимеген. Мылтық атып қорқытып, жасытып алмақ болғанын сезді. Үрке қоймаған сабырлы қалыппен басын шайқап мырс етті.

— Сөйлесуге, келісуге келген дәрежелі салмақты адам ба десем, Жаркентті жағалап жүрген көп қарақшылардың бірі екенсің, адвокат мырза! — деп, Махмұд мұны Құлжаға Фатих Аллаяридың үйінде көргенін енді ғана есіне түсірді. Ионаға қазақ сөздерінің астарлы мағынасын түсіндіріп, өзінің білімді оқыған кісі екенін білдіріп отырған. «Адвокат мырза» дегенде Әукен сескеніп дағдарып қалғандай болды.

— Кімсің сен? Қайдан білесің мені? — деп күдікпен еліре қарады.

— Мына пұшық тапаншанды тарт! Ата білмеген соң ұстап қайтесің? Мұныңды әулие әке Иона байқап қалса, өткен жолғыдай сенімен ашылып, жарқырап сөйлеспейді деп ойлаймын. Оған заңшыл білімдардан гөрі мылтық атып, найзаласатын жауынгер керек. Солай ма, Ғапаров мырза?

Әукен тапаншасын қалтасына салды да күдігі сейілмеген түрмен сұрлана түсіп:

— Мені таниды екенсің. Ал сені қайда көргенімді білмеймін, — деді.

— Оқымысты адам әдетте ұмытшақ болар. Фатих Аллаяридің үйіндегі кешті ұмытып қалдың ба?

— Құлжадағы сонау кешті айтасың ба? — деп Әукен қолын сілкіп күле сөйледі. — Иә, иә, солай! Сол үйде жиналғанымыз бар. Онда түзу отырғаныммен өлердей мас едім. Есімде жөнді қалмапты.

Махмұд иық үстінен көз қиығын тастағанда Усковский нағанын ұстап маңдайшаға асылып тұр екен. Тегі бұлар миллион ұсынған адамды осындай жолмен тексеріп алмақ

болған секілді. Махмұд оны байқамаған боп:

— Сен бе, миллионерді іздеп жүрген? — деді.

Әукен қарсы сұрақ қойды.

— Миллион сомды ақтарып бере алатындай соншалықты баймысың?

— Ондай қазынам бар, мә, ала ғой деп ешкімге айтқан емеспін. Мұндай әңгімені қайдан шығарып жүрсің?

Адхамов мылтықтың даусын естіп қатты шошынған жыларман халде үйге жүгіре кірді.

— Мылтық атқан қайсы? Махмұджан, аманбысың? Құдай-ай, бәлеге ұшырап қалмасақ екен! — деп есіктен кимелей кіргенде Усковский:

— Сен тасбақа өңмендеп қайда барасың? Тұр былай! — деп көкірегінен сүргілей түйіп итеріп жіберді.

Қаңбақтай ұшып түскен Адхамов орнынан ышқына көтеріле беріп:

— Әй, мырза, мұның қалай? Арағымды ішкенде ғой адаммын, жайшылықта тасбақамын. Адам аталам деп арақты аузыңа құя берейін бе? — деп дыбысын шығара алмай міңгірлеп бұрылып жүре берді. Махмұдтың бейтаныс кісімен жайбарақат, еркін сөйлесіп отырғанын көрген соң көңілі жай тапты.

Адхамовты көріп бөгеліп қалған Әукен:

— Қанша ақшаң барында жұмысым жоқ. Есебін алмаймын, тіпті керек емес. Ал бізге сондай соманы тез уақытта тауып беруге шамаң келе ме? — деді.

Махмұд таңғалған түрмен көзі бақырайып төсекке отыра кетті.

— Ондай ақшаны қайдан аламын?

— Әй, сұмырай, сондай сомаға сауда жасай алам деген сен емес пе ең? Енді не оттап тұрсың! — деп ту желкесінде тұрған Усковский иығына алақанын салып жұлқып тартып қалды.

Махмұд қолын қағып жіберді.

— Қолыңды тарт, айдауыңда жүрген жәмшігің емеспін. Мұны мықтап ұғып қой. Сонан соң саған миллионым бар деген жоқпын. Қаншаға болсада, мейлі бір-екі миллионнан

асса да сауда жасай аламын дедім. Сен оқығансың, мұның айырмасын ұққаның жөн. Асыл дүниенің, затың бар ма? Әкел. Саудаласайық. Пұлына келіссек ақшанды қолма қол берем, — деп Махмұд енді бұдан әрі қасарыса беруді жөн көрмей ымыраға келгендей сөйледі. Затың қайсы? Алып сатуға лайық па? Пайда табам ба? Көрейін? Бұлай құр салғыласқанмен ақша құралмайды. Затты қолға ұстап тұрып саудаласайық.

Усковский:

— Заттарды қазір әкелсем, қолма-қол төлейтін мол ақшаң бар ма? — дегенде, Махмұд:

— Мырза, сен кісіні өршелендіріп өшіктіруге құмарсың ба, қалай? Қандай есуас сондай ақшаны қалтасына сап жүрмек! — деді.

— Сонда сенен ақшаны қалай алам?

— Алдымен затыңды атағын. Сонан соң алу-беруді келісе жатамыз.

— Түсінем, сөзіңнің қисыны бар, Махмұд. Бірақ біздің қолымызда не бары үш-төрт жүз мың сомның ғана заты бар. Айталық, алтын білезік, сырға, күміспен көмкерілген, алтынмен әшекейлеген жаһұт, гауһар тастар, інжу маржандар бар. Алтынмен апталған, ер-тұрманы тұтас күмістен соққан ер-тоқым тауып бере аламыз. Әрине, мұның бәрі жайшылықта баға жетпес байлықтар, өлмейтін өлшеусіз қазына. Қазір оны пұлдап жатуға уақыт жоқ. Саудалайтын заттарымыздың түрлері осындай, — деп Гапаров әрқайсысының баға мөлшерін шамамен айтып берді. — Осыған келіссек, біздің адамдар бұл заттарды қалаған жеріңе апарып береді немесе өзің кеп аласың. Оны өз ыңғайың білсін. Ал ақшаны бізге қолма-қол тұтас бересің. Заттың құны жетпеген ақшаны қарыз деп есептегін. Уезде большевикті жойғаннан кейін үш күннен соң алған қарызды процентімен өтейміз. Жаркенттің өзінде асыл тастармен, алтынмен сауда жасайтын дүкен ашып береміз. Шығыс Түркістандағы ең бай адамның бірі боласың. Бұлай қаңғып бақалшылық тірлік кешпейсің.

Махмұд шұғыл ойға кеткендей үнсіз отырып қалды.

Ғапаров сірә ақшасын аяп отыр деп ойлап қалды ма, шынтағымен бүйірінен түртіп:

— Маңдай термен дірдектеп жүріп тапқан ақшаны опонай біреуге бере салудың қиын екенін түсінем. Бірақ бұл сарбаздар елі-жұрты үшін, мына сендей адал жандардың бақыты үшін басын оққа төсеп жүрген жоқ па? Бұларға көмектесу әр азаматтың парызы! — деді.

Махмұд сауда жайында ынталана әңгіме қозғаған боп отырғанымен көңілі мүлде басқа жақта еді. Дудко деген кім? Оның қарауында қанша қол бар? Бандалардың мекен жайы қай жерге орналасқан? Ғапаров бүкіл банда басшысының атынан кеп сөйлесіп отыр. Олай болса, ол ондағы беделді тұлғаның бірі Ғапаровпен «сырласып» көрсе қайтеді? Усковскийді соңына сап қойғанына қарағанда бұл «Басшыға» онша сеніңкіремейтін түрі бар. Сондықтан екеуіне ортақ әрі жағатын әңгімені қозғаған жөн. Сөзді неден бастаған қолайлы?

Махмұд ауыр мұңды ойға батқан кісідей ақырын күрсінді.

— Мені үгіттеп қайтесің, Ғапаров мырза. Алдымызда тұрған зор міндетті Әулие әке Иона әдемі айтып берген жоқ па еді. Мен атаманның сүйікті жауынгерінен қазына-пұл аямаймын. Бар дүнием осылардың жолында садақа дер ем. Бірақ менің осы адал ықыласыма мұндағылар сенбейтін секілді. Күдікпен сығалай қарап-ақ менен мол қарпып алып қалғысы келеді. Осы әділет пе? Сендерге көмектессем, киім-кешек, азың-түлік, жем сатып алуға ақша қарасам сендермен тағдырым бір деп ұғам. Саған өшіккен дұшпан мені де аямайды. Осыны біле тұрып бір-бірімізден бұғынып жасырынбақ ойнағанымыз қалай? Қазынамды аямай төгеді екем. Соны кімге бергенімді білейін. Басшының өзімен сөйлесейін. Осыдан оралған соң Құлжаға сапар шекпекпін. Әулие әкенің уақ-түйек тапсырмасы бар. Бәлкім атаманның өзіне жолығып қалуым ғажап емес. Ау, сонда генералға кіммен сөйлестім, кімге көмектестім деп айта алам? Әлгінде алған пұлдан ертең процентімен қайтарып берем деп қу тілмен қызыл уәде беріп жатырсың. Ақша қай

кезде де керек. Бірақ сіз бен бізге мұндағы батыл істерді генералдың өзі білгені пайдалы емес пе? Өз атыңнан және мұндағы жауынгер сарбаз басшысының атынан хат жазып берсеңдер проценттің үлкені сол деп білер ем, — дегенде, Әукен өзінің ысқаяқ сақтығына басты.

— Әр қайсымыз азды-көпті жасаған жұмысты айтып мәртебелі тақсырды мазалай берсек не болғаны? Атаман да ондайды ұната қоймас деймін. Одан да бәріміздің атымыздан мұндағы басшы хат жазсын. Мына Усковский сияқты қалың большевиктің ортасында сескенбей кеудесін оққа төсеп жүрген батырлар аз ба? Осылардың ерлік істерін мәртебелі тақсырдың білгені қандай жақсы. Ертең жеңісті жорықпен келгенде сол табысқа кімдердің жол ашқанын білсін! — деп, бұл әңгімені Усковский де Дудкоға айтып барсын дегендей оны мақтап өтті.

Махмұд адвокаттың мұны не мақсатпен айтып отырғанын сезіп оның сөзін тірілте түсті.

— Усковский мырзаның көзсіз батыр, қайрат иесі екенін алғашқы көрген сәтте-ақ көрдік. Соның құрметіне дастарқан жасағанмыз бар. Бұлар биік тұғыр үстіне алтыннан ескерткіш қоятын адамдар, — деп білем, — деп Махмұд қолын төсіне қойып басын иді.

Усковский нағанын қалтасына жалма-жан тығып, Махмұдтың білегінен ұстай алды.

— Саған алғысымнан басқа сөзім жоқ. Біздің аса қысылшаң жағдайымызды біліп, құдайдың өзі көмекке жібере салған адамысың! Өзімде солайсың-ау деп келген сәтте шүйілдім ғой. Жүрегі құрғыр бірдеңені сезеді, — деп Усковский кеудесінен өзімсінә түртіп қалды. — Құлжаға барсаң Әулие әкеге менен сәлем айт. Оған сіңген еңбегім бар. Қойнында жатқан бикеш браунингің ұрлап алып өлтіргелі жатқанда құтқарып қалғам, — деп мақтана жөнелді.

— Атаманның, сүйікті басшының өмірін қорғап басын оққа тігу солдаттың борышы деп білем, Усковский мырза. Әулие әке жөнінде бұлай айта беру жарамайды, — деп Махмұд сыпайы ескертіп қойды.

— О, бәрін түсінем ғой. Әулие әке Ионамен қалай

танысқанымды жай айтып жатқаным да. Оған менің фамилиямды атасаң, ар жағын өзі айтпай-ақ біледі, — деп бұл топтың арасында беделі, салмағы барын аңғартып кетті.

Әукен орнынан тұрды.

Бұл жерден қашан жүрмексіңдер?

— Таң атысымен кетеміз. Мұнда аялдауға болмайды. Милицияның бүгін жатақта тергегенінен шошындым.

— Таң қылаң бере атаманның өзі немесе оның көмекшісі келеді. Сендер бір-біріңді танымайсыңдар. Сақтық жасамаса қиын. Жолығысу шарты мынандай: «Қарыңдасымды ұзатушы едім. Көйлектікке ақ жібек табылмай ма?» — деген сұраққа, «осы күні таза жібек мата қайдан табыла қойсын. Ағы түгіл көгі де, йызылы да жоқ» — деп жауап бергенде, ол «Ойпыр-ау, қиын болды-ау!» деп қиналғандай түр білдіреді. Аздан соң «қой болмас, жас қыздың сауабын алайық. Төрт-бес метр кездеме тауып берейін» дейсің. Бұл сөздердің бәрі сырт жанға сатушы мен алушының арасындағы жәй пайдакүнем сөз сияқты естілуге тиіс. Бұл шартты белгіні айтушы да, сен де сөз орнын шатастырмауың керек. Ал бір сөз ауысса, оны дұшпан деп біл. Шартты белгімен тілдескен соң алыс-беріс сауданы сол кісімен келісіп аласың.

Махмұд қынжылғандай қолын сермеді.

— Мұндай жұмбақ салтанаттың керегі не? Сөздерін ұмытып қалсам қайтесің? Оңай нәрсені қиындатып қайтеміз. Мына Усковский мырза ертіп келіп таныстыра салмай ма?

Усковский басын шайқап күлді.

— Сауда адамы деген осы-ау. Мұндайда осылай әскери құпияны сақтамаса болмайды!

— Усковскийдің айтқаны дұрыс, — деп Әукен кетуге ыңғайланды. — Ол кісілердің қорғаушы сақшылары бөлек. Оны білу жарамайды. Құпия!

Сыртта Крутикованың дауысы естілді.

— Тимофей атай, амансың ба? Келінің Марияны, қара сақал қазақ бандалары өлтіріп кеткен дей ме? О, құдайым-



ай, жас әйелдің қандай жазығы бар екен? Анау жақтағы қазақ тамырыңның да келінін өлтіріп кетіпті деп есіттім. Әдейі кеп соқтыққан бәле болды ғой бұл. Бандалардың ағында, қарасын да жоймай көзіміз ашылмас. Уезд неғып үндемей жатыр? Осында кіресі тоқтап, бір солдатты өлгенде селоның үстін шаңдатып топталып жүріп еді. Ауыл-село үстін қандатып жатқанда үндемей қалғаны қалай? Советсің, неге барып айтпайсың, — деп Ивановтың өзіне де кінә таға сөйледі. — Осы ауылдың еркектері қатыннан әрман, арақ ішіп алып төбелескеннен басқа дым бітірмейді. Қолына қару алып ер боп көтерілсе қайтеді! Бандалар мұнда келмек түгіл қарасын көрсетпей зытар еді!

Усковский даладан Тимофейдің дауысы шыққан сәтте мас кісідей столдың басына қылжиып отыра қалған. Әукен жаңадан келген жолаушы секілді үй ішін, жататын орынды көрген кісі боп, қолын қалтасына сап әрі-бері жүрді. Усковский кіжініп «мына қатынның тілін кесетін неме екен!» — дей бергенде, Махмұд «Өшір үніңді!» — деп зілді үнмен тиып тастады. Әукен де күбір ете қалды: «Сыр бермеген жөн».

— Сен, Зоя Уезді бекер жазғыра берме, — деген Тимофейдің дауысы естілді. Көрдің бе, мынадай жігіттерді жіберіп отыр. Танысып қой: Николай Шестаков. Мұнда бүкіл уезд милициясының өкілдігі бар. Әрбір тұрғын мұның айтқанын бұлжытпай орындауға тиіс. Ұқтың ба?

— Бұл милицияң қайда тұрады?

— Үйіме апарсам деп ем. Бандалар хатаны ертеп жіберді. Өзіме де жататын орын жоқ.

— Менің үйімде тұрсын. Ақша алмақмын.

— Сен жесір әйелсің. Үйінді жалдап күн көріп жүрсің. Совет өкіметі қиянат жасай алмайды. Бірақ сенен өтініш бар. Күніне ең болмаса бір мезгіл ыстық тамақ жасап беріп тұр. Қонақтарыңа беретіндей асты мол дайындамай, үйдегідей жай ғана шақтап жасарсың. Саған көптеп төлейтін ақшамыз жоқ.

— Қорықпа, несиеге бере алам. Дүние жүзінде пролетариат үстемдігін орнатамыз деп жүрсіңдер ғой. Жеңген

соң процентін қосып төлерсің. Тимофей ата, мен сізге сенем!

— Рақмет, Зоя. Мейірбан пейілінді Совет өкіметі ұмытпайды, — деді де қасына тақау кеп, — Жаңа мылтық атқан кім? Осынан мылтық дауысы естілді.

— Оллаһи білмеймін. Зина бүгін тас моншасын жаққан екен. Соған түсіп шығып келе жатқан бетім. Үйде кімдер барын білмеймін. Қорадағы аттарға қарағанда саудагерлер сияқты.

— Қане, кім бар екенін көрелік. — Тимофей Зоя мен Шестаковты алға жіберіп өзі соңынан ақырын жай басып кірді. Үйде отырғандарды шолып өтті. Махмұд пен Адхамовқа кезек қарап:

— Мылтық атқан кім? Шапшаң айт! — деп зеки сөйледі.

Махмұд таңғалған түрмен:

— Мылтық атты дейсіз бе? Құдай сақтасын, естімедік, — деді.

Адхамов та құбыла қалды.

— Біз дәнеңе білмейміз. Естіген жоқпыз!

Махмұд:

— Әскер ойынын ойнап жүрген балалар мылтық атуға әуес қой. Шашылып жатқан оқ-дәрі көп. Солар ма екен атып жүрген? — дей бергенде, Тимофей дауысын көтере сөйледі.

— Сен пысықсып жөн көрсетпе! Мылтықтың қайдан атылғанын білеміз. Қане, кім қайда бара жатыр? Айтыңдар! — Усковский қозғалақтай беріп еді. Тимофей оның иығынан басып, — Яша, сен отыра бер. Осы жердің тұрғынысың. Білеміз. Өзің кейінгі кезде араққа салынып жүрсің бе қалай? Ылғи ішіп жүргенінді көрем, — деді.

— Осы немені қойшы, — деп Крутикова қолын сермеді. Жалғыз қатынымен керілдеседі де жүреді. Бір қатынның қыбын таппаған соң еркек боп жүрген не сорым дейін!

Усковский басын қисандатып тілін бұрап сөйлеп:

— Бұл менің жеке басымның ісі. Оған араласпа! — деді.

— Яша, сен олай деме, Совет өкіметі әр семьяның татулығын, жақсы тұрмысын тілейді. Оны өз мүддесінен

кем көрмейді, — деп Әукенге бұрыла бергенде, ол:

— Кешіріңіз, фамилияңыз кім? Иванов па? Совет өкіметінің мақсатын түсіндіру үшін әлі талай пұт тұз жейміз, — деді де маңғаздана салмақты үнмен: — Облыстан келем. Әскери комисариатта істеймін. Қызыл Армияға асыл тұқымды жақсы ат керек. Ат сатып алуға келе жатқан бетім. Мұнда саудагерлер тоқтайды деп естіген соң олардың сөзін тыңдайын деп келіп ем. Олардың шарламайтын жер жоқ. Бағаны жақсы біледі, — деді.

— Сондай сұмырай саудагерлердің бірі мына тұрған екеуі, — деп Тимофей Махмұдты саусағымен шошайтып көрсетті. Ел қайғырып қан жұтып жатқанмен бұлардың ісі жоқ. Әйтеуір қалтасына ақша түссе болғаны. Саудасы жүрмеген соң мына біреуі құран оқып пайда табуға кірісті. Ашынған елді абыржытпайын дедім. Екінші жолы қолыма түссе тас үйге апарып қамап тастаймын да, заттарын қаттаймын. Ісін сотқа тапсырам.

Адхамов қолын төсіне қойып:

— Ақша алайын деген ойым болған жоқ. Өлген кісіге құран оқу мұсылман баласының ежелден келе жатқан әдеті. Мен сол кәдені жасадым, — деп безек қақты.

Тимофей кеткенде Махмұд керуетке сылқ түсіп отыра кетті. Маңдайын сүртіп:

— Құтылдык-ау! — деді.

Усковский Тимофейдің кеткеніне көзі жеткен соң ту сыртынан жұдырығын түйіп:

— Тұра тұр, ит! Тірідей бас теріңді сыпырып қолыңа беремін! — деп кіжіне боқтап алды.

Тимофей таң сәріден Жаркентке жүріп кеткенде ескі шіркеудің попы Алексей Крутикованың үйіне Махмұдка жолығу үшін келген еді. Жолығысудың шартты сөздерін қайталаған соң терезеден қора жаққа мойнын созып қарап алды да:

— Мен сізге Дудконың атынан келіп отырмын. Оның өзі әулие әке Ионамен дәмдес болған, оның жауынгерлеріне қамқор боп қазынасын аямай жүрген азаматпен кездесуге соншалықты күштар еді. Үлкен операцияны жүргізумен

байланысты келе алмай қалды. Бұл үшін кешірім сұрайды, — деп Махмұдқа басын сәл иіп тағзым еткендей болды.

«Дудко деген кім? Ол алдында тұрған поптың өзі ме? Қандай үлкен операция жасамақ ойлары бар? Поп сөйлегенде қолын қусырып, екі алақанын қолтығына тығып тұратыны несі?» — Осы бір сәтте осындай ой мазалағанымен Махмұд сабырлы жауап қатты.

— Дудко мырзамен кездеспегеніме мен де өкінем. Оның саламат болуын тілеген ықылас ниетімді жеткізіңіз.

Алексей поп қолын қусырып тұрған қалпы сөйледі.

— Гапаров мырза екеуіңіздің аранызда болған әңгімені түгел айтып шықты. Байқаусызда мылтық атылғаны өкінішті-ақ. Бірақ ол үшін жауынгерлерді жазғыруға болмайды ғой деп ойлаймын. Олар жайшылықтағы кісілік тіршіліктен тосырқап аулақтап кетті. Үздіксіз жүріп жатқан соғыс, қан төгіс жүйкені тоздырып әбден қажытқан секілді. Басы қатты болса аяғы тәтті дей ме? Солай болад деп күтейік, — деді.

— Қалай дегенмен де, мылтық атқанын ақтамаймын. Иванов әскери адам болмағандықтан оқ ізін іздеп әуреленбеді. Оның қасындағы милиционер де көргені аз, тәжірибесіз боп шықты. Егер олай болмаған күнде біз бұлай сөйлесіп отырмас едік. Үлкен игілікті іс далада қалатын еді. Біздің тұсымызда желпілдемей ақылмен іс қылған жөн. Сіздерге ақшаны әкеп тапсырғанша ешқандай террорлық акт жасалмауға тиіс. Сіздерге қоятын алғы шартым осы. Әйтпесе, бұл барлық іске бөгет жасауы мүмкін, — деп сақтық жасаған боп Адхамовтың жатқан бөлмесінің есігін нығыздап жапты.

Поп қабағын шыта елеңдеп:

— Ұқпадым. Қандай іске бөгет жасамақ? — деді.

— Атыс-шабыс пен кісі өлімі боп жатса уезден милиция шығатыны айқын. Жолды күзетеді, әрі-бері өткендерді тексеруге алады, қамау басталады. Бөгет деген сол.

— Милицияға мән бере бермеңіз. Үрей шақырғанмен әлі әлсіз, дәрменсіз. Село мен жатақты талқандап кеткеніне

қанша күн өтті. Олар ат ізін салмады. Сірә, қалада халдері мәз емес-ау деймін. Мұндағы кедейі мен большевиіінің жай-күйін білгісі келмейді. Бұл өңір атаман Дудконың бақылауына түгелдей көшкен. Бұ жақта сізге тірі жан тимейтініне кепілдік бере аламыз, — деп иығын қозғап қалғанда қолтығының астындағы үлкен тесік көрініп қалды. Қолын тығып нағанның сабын ұстап тұрғанын Махмұд енді байқады. Әлі сенбейді. Барынша сақ болған жөн. Ұшқыр ой жүгіріп өтті.

Алексей поп иегін көтере күдіктене қалып:

— Қиялға түсіп кеттіңіз бе, қалай? — деді.

— Қалтадан пұл шығару оңай емес.

— Біз несиеге сұрап отырмыз. Бұл жөнінде келістік қой деймін. Уақ сөзбен уақыт алмайық. Өлімнен басқаның ертесі жақсы. Ол ақшаны қашан ала аламыз? Бүгін күн жұма ма? — деп поп асықтыра бастады, — Айталық ертең Жаркентке барасыз. Онда аялдап, қайта қайтқанға тағы бір күн кетсін. Келесі сәрсенбіде осы жерден табысайық.

— Мұнда келе алмаймын.

— Неге?

— Анау сары сақалды өшігіп алды. Енді көзіне түссем дереу қамайды.

— Совет қой? Қорықпа, құтқарамыз!

— Сіздер құтқарам деп жүргенше олар қабырғаға қойып атып та тастайды. Ең қолайлы жер қала. Жаркент үлкен. Жұрт бір-бірін тани бермейді. Базарлап жүрген кісі аз ба? Сонда келіңіздер.

— Қала үлкен болғанымен бізге тар. Ол жерде қауіп төнсе бұлттарып кете алмайсың, тығылатын жер жоқ. Өз еркіммен барып тұтқынға түскім келмейді.

— Мол ақшаны қоржынға салып арқалап жүру оңай емес. Қарап жүріп қазынадан айрылғым келмейді. Саудагерге көз тігіп жағалап жүрген ұры-қары аз емес.

— Түсінем, — деп поп ойланғандай саусақ ұшымен сақалын талдап ойланып қалды. Әлден соң басын шапшаң көтеріп, — жолығысуға қолайлы жер Асу деп білем. Жол бойына мықты күзет қоямыз. Сенімді жауынгерлер сізді қарсы алады, — деді.

— Қазақ алтын көрсе періште жолдан таяды деген нақыл сөз айтады. Сауда кәсібінде бұған жүдә көзім жетті. Жауынгеріңіздің батыр екеніне күмәнім жоқ. Бірақ оларға сенбеймін. Қап-қап ақшаны көргенде жайбарақат тұрып қарсы алады деп ойлайсыз ба? Мұндай ашық тәсіл жарамайды.

— Қандай ұсынысың бар?

— Дәл қазір Махмұд сұрақтан құдай жолын қуған мұләйім, момын шіркеудің попы емес, қара шапан жамылған ақ офицердің зекіген үнін естігендей болды. Және оның «Асу» деп отырғаны Алтын Емел емес екенін де сезді. Оны байқамаған аңғал түрмен:

— Алтын Емел барып-келіп жүрген жеріміз. Қасыма төрт-бес жігітті сайлап ап, сол айтқан жеріңізге өзім барсам деймін. Жол белгілерін айтсаңыз қиналмай-ақ тауып алам ғой, — деді.

— Немене, сенің жігіттерің алтын көргенде жолдан таймайтын періште ме еді?!

— Құдай сақтасын, қолына байқаусыз түссем талапайға сап күлімді көкке ұшырып жібергелі тұрған өңшең кэззаптар емес пе? Бірақ олардың қол-аяғын тас байлап отырған артында періштелері бар. Біреуінің қатын-баласы, енді біреуінің кәрі әке-шешесі дегендей, оларды тастап қайда барады? Ақшаны тонағанымен сіңіре алмайды.

— Оңай амал тапқансың, — деп бір сәт үнсіз тұрды да: — Жарайды, мейлі солай болсын. Әулие әке Иона қателеседі деп ойламаймын, — деп Махмұдқа тесіле қарады. Махмұд дәнеңе ұқпағандай иығын бүлк еткізіп қозғап қойды.

— Мұқият тыңдап ал, — деп поп екпіндей сөйлеп кетті. — «Асу» дегенім Алтын Емел емес. Неге олай атайтынын өзім де жақсы білмеймін. Басшиге баратын ұзын қара жолдың Қаратау тұмсығындағы айналмасына жеткен соң оң жаққа қарай кілт бұрыл да ескі өзен арнасына түсіп тура терістікке қарай жүре бер. Мұнда басқа жол жоқ. Екі жағы найзалы жақпар тастар. Тағы бірталай жер жүрген соң ат тұмсығы биік қара тасқа тіреледі. Асу жолын осы тас бітеп,

бөгеп тастаған секілді. Оң жағы құлама күз, сол жағында дәл төбеңде жартас құлағалы тұрғандай үрей туғызады. Қорықпай үңгірге кіріп жүре беріңдер. Көк төбеге қиялап шыға берісте тағы сондай тосқауыл кездеседі. Сол жерде күтеміз.

Махмұд ойланып қалды. Лоп қабағын шытты.

— Неге үндемейсің?

— Қорқайын дедім. Сол жартастардың арасында сүйегім қалып қалса қайтем? Қазынамды өз қолыммен апарып беріп тұрып өлген өкінішті-ау! — Біз толық кепілдік береміз. Міне, мынау Дудконның Ионаға өз қолымен жазған хаты. Әулие әке сендей кісісінен айырылса бізге де кешірім бермейді.

— Дудконның қолымен жазылғанын ол қайдан біледі. Жоқ, бұл қағаздарың маған да, менің қазынама да кепілдік бере алмайды.

— Дудконның қолында мөрі бар дейсің бе? Мұнда өзінің қол таңбасы тұрған жоқ па?!

— Ионаның сырын білесіз. Оны алдай алмайсың. Миллион... Миллион берген екенсің, әкел таңбаны дейді. Сонда не айтам? Қол таңбасы мынау деймін бе? Оған қай итім сенеді!

— Сен, сволота, қусың! — Поп ақ жалаушаға салынған екі басты самұрық құстың суретін көрсетті де хаттың арасына сап Махмұдтың қолына берді. — Бұл белгі Советіңнің мөрінен мықты. Ешкім бөгет жасай алмайды. Қайда барсаң да жол ашық. Генерал Дутовтың өзіне бөгелмей еркін кіре аласың. Бұдан артық кепілдік болмайды!

Махмұд сенімсіздеу түрмен хатты қолына алды. Алексей поп Махмұдтың енжар түрін көріп:

— Бұл саған берілген жай ғана кепілдік емес, сонымен бірге көрсетілген зор сенім, құрмет деп біл. Бұл сенімді әулие әке Ионаға, атаман Дутовқа жеткізер деп сенем. Олар мұнда тілектестерінің барын, бас имей күресіп жүргенін білсін. Ал арада жүрген алдамыш болсаң, алапес боп ар жаққа өтсең, милицияға сыр ашсаң, қыруар қыршынды

қырғынға ұшыратсаң — сатқынға жаза біреу. Өлім, ауыр өлім кесіледі. Қарақан басыңды жойғанмен кек қайтпайды, ыза өршімесе өшпейді. Біз бүкіл Қожамияров әулетіне өлім жазасын кесеміз. Үкім өзіңнің көз алдында орындалады. Денесі тірідей төртке бөлініп, бөлшектеп шабылады. Өзіңе кезек ең соңынан келеді. Бұл үкімді мен орындай алмасам, оны қарулас серіктеріме, нәсіліме өсиет қып қалдырам. Осыны есіңе мықтап сақта, Махмұд мырза! — деді де, қалтасынан шынжыр баулы сағатын алып Махмұдқа көрсетті. — Асу Жаркенттен біргалай жер. Сәрсенбіге үлгіре алмайсың. Қазір сағат төрт. Жұма күні дәл осы уақытта Тасүңгірдің аузынан тосам. Ақылың бар жігітсін, жалған, жаңсақ әрекет жасамас деп сенем. Сау бол! — деп қос саусағын шекесіне апарып асыға басып есіктен шықты.

Махмұд ауыр азаптан, қатты күйзелткен күйден құтылғандай сылқ түсіп отыра кетті. Егер Құлжада Ионамен кездеспесе және онда Гапаровты көрмесе қандай күйге түсер еді?.. Бәрі оңай, сәтті аяқталғанына өзі де таңғалды. Терезеге көзі түскенде әйнектен үңіліп қарап тұрған Егорды байқап қалды.

— Бұл сорлыға не жоқ. Тыныш қана жатпай ма екен! — деп төсекке жантая берді.

Дәл осы күні түс кезінде Қасымхан мен Давыдов екеулеп Тимофейді ортаға алып кезек сұрақтар қойып Подгорныйдағы жағдайды әбден анықтап білді. Бұларға Садық мырзаның қылығы мүлде жұмбақ еді: момын жұртты түрткілеп, үрлей түсіп, екі елді өршелендіре өшіктіріп шағыстырып қоймақ болады да, сөйте тұра бандалардың үлкен қарулы тобына жалғыз қайрат жасайды, оның біреуін атып өлтіреді. Мұны қалай түсінуге болады?

Үшеуі Махмұд жөнінде көп ойласты. Махмұд банданың басшысымен жолығатын халге жеткен соң және олар кездесуге өздері құштар боп тұрғанда дәл осы сағаттарда оның өміріне қауіп төне қоймас деп жорамалдады. Ал Иванов бүгін кештен қалмай қайта оралады. Махмұдтың өмірін кездейсоқ оқиғалардан қорғаған жөн десті. Бұл іс Шестаков екеуіне жүктеледі.



Қасымхан соңғы жолы ауруханаға кіріп шыққанда Наримановқа «тезірек жазылып шық. Подгорныйға жіберем. Қызыл керуенге шабуыл жасаған бандитті дәл анықтау керек» — деген болатын. Осыдан соң Нариманов дәрігердің құлағына тыныштың бермеген. О жақтан Ивановтың келгенін естігеннен кейін Николай Акимовичке өз шартын қойды.

— Осы жолы лазареттен шығармасаңыз да, бәрі бір кетем. Ажал ауыз салғанда арашаға түскен село дәрігері Игнатович емес пе еді. Құртақандай жараны сылтауратып жата берем бе? Жара асқынып бара жатса онда Игнатович бар. Совет председателі тағы кепті. Енді одан қалғаным қылмыс! Жіберіңіз, — деп сұраған соң ауруханадан босатқан болатын. Подгорныйда Қызыл керуенге шабуыл жасаған бандалардың осы уақытқа дейін әшкереленбеу себебін өзінің ауруханада жатқанынан деп білген. Милиция мұны асыға күтіп отырғандай, аса жауапты тапсырма жүктейтіндей көрген. Оған Садық мырза атып тастаған банданың, моласын күзетесің дегенде көзі бақырайып, жүйке тамыры босап, болдырған кісідей отыра кетті.

— Айыбым не, начальник жолдас? Өлген банданың сүйегін күзет деп масқаралағанша топ алдында атып тастаңыз. Бәлкім, мен Қызыл керуеннің апат болуына кінәлі шығармын. Әділ үкімге өтінішім де, өкінішім де жоқ, — деді.

Қасымхан столының басында отырған. Орнынан тұрып Наримановтың қасына кеп отырды. Иығына қолын сап құшақтай қысып:

— Сауатыңды ашып па ең? Газет оқи аласың ба? — деді.

— Ежелеп оқи алам. Асықсам түсінбей қалам.

— Дұшпанмен күресу, оны әшкерелеу, жою жалаң қылыш жүзімен бітпейді, Мүбәрак. Кейде осындай тәсілмен арбасып баққан жөн. Моланың астында кім жатқанын анық білмейміз. Оққа ұшқан әр бандиттің мүрдесін ашып қарай бермейсің. Оның қажеті де жоқ. Ал мынаның жөні бөлектеу секілді. Бұлай жұмбақтап отырған себебім қазір өзім де оны жақсы түсіне, бағдарлай алмай отырмын. Көңілде

күдік ғана бар. Мәселен, Садық мырза кімді атты? Оқ басқаға дарымай бүкіл бандиттің ішіндегі жалғыз қазаққа тигені қалай? Ол адам кім, қайдан келген? — Осы бір сырды шешсек ашық айқасып жүрген банданы ғана емес, ішімізде бұғынып жүрген дұшпанның қайда екенін табар едік. Ашық дұшпаннан іште тығылып жатқан жау жаман. Мынадай шытырман кезеңде досың мен дұшпаныңды дәл ажырата білу үшін екеумізге де оқу керек. Жаңаша, Совет талабынша оқысақ онда әлгіндей ауыр өкпе айтылмайды, — дегенде, Нариманов орнынан ұшып тұрды.

— Жолдас начальник, жауынгер Нариманов кез келген тапсырманы орындауға дайын!

— Енді бір-бірімізді ұққан тәріздіміз, — деп Қасымхан орнынан тұрды.

Нариманов сол күні Тимофейге ілесіп Подгорныйға жүріп кетті. Ат болдырса таудағы малшыларға қонып, ертеңгісін жүріп кету мәслихат етілді. Нариманов Тимофейді асықтырып, қойшының атын жалдап мініп әрі қарай тоқтамай жүріп кетті. Олар күн көтеріле жатаққа жетті. Тимофейдің тағы бір милиционерді ертіп келгені оның беделін әжептәуір өсіріп тастады.

— Біздің Түймебай өткір, уезіңнен тағы бір көк жағалыны ертіп келді. Құдай осы абыройынан айырмасын. Осының бәрі селоның крестьяны мен мына сорлы жатақтың тыныштығы үшін ғой! — десіп қуанып қалды.

Нариманов өзінің шапшаңдығына басып өздерін қарсы алған үлкендерді ертіп бандиттің моласының басына келді. Моланың ашылып қалғанын көргенде бәрі шошынып тік тұрып қалды. Өлікті ұрлап әкеткен!

Нариманов ашуға булығып шытынап сөйледі:

— Мұны көмген қайсың едің?

— Мен едім, — деп Қияс ақырын сөйлеп алға шықты.  
— Өз қолыммен тепкілеп тұрып көмгем!

— Көмсең, өлік қайда?

Қияс таңқалғандай иығын сілкіп, ернін бұлтитты.

— Әй, мен сенен сұрап тұрмын. Көмген өлігің қайда?

Майлыбай қызба жігітке сабыр айтты.

— Қай қазақ моласын күзеткен. Кісі өлген соң әр жерде төмпешік боп қалмас па еді! Қорқау қасқыр көр ашады дейтін. Адамның қорқау боп көрді ашқан сұмдықты көргенім осы! — деді.

Өлікті ұрлап әкеткені бәріне түсінікті болды.

## ҚЫЗЫЛ КОМАНДИР

Махмұд сол күні кеште Адхамов екеуі Жаркентке кетті. Қалаға дейін екі адам соңдарынан қалмай ілесіп отырды. Бірде асығыс шауып алға кетеді, бірде тынығып, аттарын суытқандай кейіндеп қалады. Бұлар ізіне түскен поптың тыңшылары екенін Махмұд білді. Қаланың ішіне кіргенде қарасын үзгендей болды. Әзиз қалаға кіретін жолдың бойындағы көк дүкеннің қасында тұрған. Махмұдтың күнқақты боп шаршаған, шаңданған жүзін көріп анадайдан күле айқайлады.

— Өй, сен қайда жүрсің-ей? Мына қаланы толтырып, береке беріп тұрған өзің екенсің ғой! Жөнің бөлек екен-ау, сен иттің! — деп тізгінінен ұстай берді.

Махмұд қатуланған түр көрсетіп:

— Ей, шала қазақ, бәле іздемей былай тұр! Шаужайынан ұстайтындай соншама кімсің? — деді де, еңкейе түсіп сағынышты жұмсақ үнмен, — бәрің амансыңдар ма? Қасымхан ауылда ма? Барып айт, тез үйге келсін. Мен бара алмаймын. Соңыма түскен жансыз тыңшылар бар. Сонау Подгорныйдан бері ілесіп, өкшелеп қалмай келеді. Көріп қап жүрер, — деді. Сары ат пен боз биеге мінгендер ме? Оларды көрдім. Хайдардың үйіне қарай кетті.

— Нармамбетовтың үйіне ме?

— Иә, шайханаға тоқтайды ғой деп ем. Онда соқпады.

Олардан қорқатын дәнеңе жоқ. Бүгін өздерінің әкесін танытам. Қайдан келгенін білмей қалады. Базарлығың көп пе? Одан да соны айт. Қасымхан кеңседе, сені күтіп отыр.

— Менің келетінімді қайдан біледі?

— Өзінің есебі бар шығар. Бастық болған соң біледі те. Жолда Мұқайды көрген жоқсың ба?

— Жоқ-ә, онда не ғып жүр?

— Аузыңды ұрайын алпамсадай өңкіген неме, көзі бадырайып қалайша көрмей қалды екен? — деді де аттың жалын алақанымен ұрып, — құр сөзбен жолыңды бөгемейін. «Қоржының» тоқ көрінеді. Тез бар, — деді.

Бір сағаттан кейін Махмұд Қасымхан мен Давыдовқа сапар жайын толық баяндап шықты. Бандаларға ақша тез арада не үшін керек бола қалды? Ғапаров деген кім? Бандалар арасында міндеті қандай? Усковскийді көпекөрнеу ашық ұстап отырғаны несі? Махмұдқа кеп шарт қойып жүрген Дудконың өзі емес пе екен? Сигалов көрінбейді. Оны қайда жібереді? — Осындай көп сұрақтар мен күмәнді жайлар болғанымен Қасымхан оларды талдауға ыңғай көрсетпеді.

— Бұған уақыт кетірмейік. Ертең бандаларды талқандаған соң бәрін анықтап, білеміз. Тап қазір бандалардың мекен жайы — «Қыран ұясы» Асудың қай тұсында? Асу жолы жалғыз үңгір тас па? Оған баратын басқа соқпақ жоқ па екен? — Осыларды дәл анықтауымыз керек. Бізге дәл қазір кім көмектесе алады.

— Көмектесер еді ғой, бірақ ондай адамды қайдан табасың? — деп Давыдов алдында жатқан шимайлаған қағаз үстіне қаламын сілкіп тастай салды. — Алтын Емелден басқа асу барын естіген емес едім. Алатауды кесіп өтетін тағы бір өткел болғаны ғой?

Қасымхан шұғыл ойланып:

— Тау жолын көрсететін адам таппасақ онда бандамен бетпе-бет кездесуге барамыз. Мұндай сәтті кезенді құр жіберіп, пайдаланбасақ онымыз үлкен әбестік, қателік болады. Тәуекелге бел байлаймыз, — деді.

— Тәуекел түбі жел қайық деп жүргенде өте алмай қалсақ қайтесің? Үңгіртас меніңше тек бергі жағы. Одан өткен соң жақпар-жақпар қара тастар арасымен қанша жер жүрерің және мәлімсіз. Бұл адамдарды көпекөрнеу оққа айдап салу боп шығады. Басқа бір амалын табайық.

Айтқандай қарауында Маралбаев бар емес пе? Албан мен Суанның тау-тасын шарлаған кәрі құлақ қой. Сол бірдеме білетін шығар. Шақыр, сөйлесейік, — деп Махмұдты жұмсап жіберді.

Махмұд аздан кейін Маралбаевты ертіп келді. Орта бойлы, мығым денелі, қою бурыл мұртты Сұлтан табиғатында момын, жуас кісі болатын. Әскери істен гөрі шаруа кісісіне көбірек ұқсайтын. Сырт көзге осылай көрінгенімен өзінде қажымас қайрат, сарқылмас мол жігер, жауға деген өшпес өшпенділік бар тұтас тұлға еді. Мұны Қасымхан шекара шегінде контрабандистермен болған шайқаста анық сынап таныған. Асығыс албырт кетпей, ұрымтал жерден талдыра, өлтіре соғады. Далбалақтап мақтанып кетпей ісін үндемей ғана тындырады. Қасымхан Сұлтанның осы қасиеттерін бағалап қасында ұстап жүрген.

Сұлтан екі бастықтың өтініш, сұрақ сөздерін мұқият тындап алды да Давыдовқа тура қарап сөйлеп кетті.

— Бұл іске көмекке жарай алмаймын. Сондай Асу барын баяғыда бір естігенім бар. Тегі соған зейін қоймаппын. Осында Суан баласының белгілі құсбегі атақты Аңызак бар. Жасында қаршыға, бүркіт ұстап құс салған серінің еркесі еді, — дегенде, Қасымхан:

— Аңызакты білем. Көзі ашық, пысық, ширақ адам, — деді.

— Өмірдің қаққы-соққысына бой бермей, бойын тік ұстап келе жатқан өр кеуделі өжет жан еді. Қызы өлгелі бері күрт шөгіп қалды. Әлгі айтқан асуынды сол жіктеп шешіп бермесе, өй, былайғы жұрт біле қоймас.

Қасымхан:

— Бізге әр минут, сағат қымбат. Көксайға барып іздеп жүруге уақыт тығыз. Ал өзіңіз алыс жолға қамданыңыз. Бүгін түнде жүріп кетеміз, — деді.

— Аңызак керек болса қазір шақыра қояйын. Ол осында жатақтағы қанды оқиғаға байланысты өзіңе кірем, сөйлесем деп күтіп отыр.

— Тез кірсін!

Аңызак кіргенде Қасымхан орнынан тұрып иығына қолын салып баурына қысты:

— Берік бол ағасы. Бәрін естіп, біліп, көріп жатырмын. Өлім артына хайыр тілейік. Еңсеміз түспей еселі кек алуға бекінейік, — деп көңіл айтты.

— Шарбануым әйел жынысынан болса да өрісімді, тынысымды кеңейтер жақсым ба, асылым ба деп көп үміт күтіп ем, — деп Аңызак көзінің жасын сығып алды. — Құдай өмірін қысқа қылды. Қыршын өмірін қиған қатал қаскөйлерге өз қылығын көзіне көрсетпей, тым-тырыс жатқандарына қайран қалып келіп ем. Әнеукүні өзіңмен сөйлескенде ел тыныштығын қорғаушы қамқорымыздай көріп едім. Бұл қалай, бәрі жай сөз бе?

— Сол қатыгез қаскөй бандаларды жою үшін сіздің көмегіңіз керек, — деп Қасымхан белгісіз Асу жайын естіген әңгімесі бойынша айтып шықты да, — бұл неғылған асу? Шынында Алатаудан өтетін Алтын Емелден басқа өткелдің болғаны ма? — деп сұрады.

Аңызак екі бастыққа кезек қарап, қозғала түсіп сөйлеп кетті.

— Сондай асудың бары рас. Оны кейде Жолбарыс Емел, Ұлы Емел деп атайды. Емел — асу деген сөз. Мен өзім шежіре таратуға жетік емеспін. Бала кезімде Суан жұртына белгілі Ақбай абызды көп тыңдағаным бар. Мына Панджимді біреулер тәжік сөзі деп былжырайды. Мұнда тәжік қайдан келсін. Бұл өзі түрік пен қытай сөзінен құралып, Алынбас қамал деген мағынаны білдіретінін сол қарттың аузынан естіп ем. Тегі жауынгерлік уақытта халықтың ерлігін сипаттайтын белгі іспетті. Қорғас та сол кезден қалса керек. Көмекке келген, қорғасқан жұрттың құрметіне қойылған атқа ұқсайды. Жолбарыс Емелі де ел ерінің атына қойылған ескерткіш. Ілгері уақытта Ұлы жүзде атақты би Жолбарыс деген өтіпті. Өзі көп тілге жүйрік әрі қара сөздің ділмәрі екен. Орыс пен қытай арасында кіргілің туып, орыс патшасы елшілікке Жолбарыс биді жіберген дейді.

Екі елдің амандығын, татулығын тілеп бітістіріп қайтса керек. Жолбарыс Емелі сол кісі Алатауды кесіп өткен асу болса керек. Жолбарыс атамыз Ұлы жүзде әруақты

кісі саналады. Әйел жынысы оның атын атауға батпай Жолбарыс Емелін Үлкен Емел деп атаған. Бозбала шақта құс салып, тазы жүгіртіп ол маңды талай кездік ғой. Тасүңгір өткелі төбеден тас құлап бітеліп қалды деп естіп ем. Қартайған соң бәрі ұмыт қалды. Өзім барып көргенім жоқ, – деп Аңызак асу жайын бірталай әңгімелеп берді.

— Тасүңгірден басқа асудың жолы бар ма?

— Көшпелі қазақ ат тұяғы ілінер жердің бәріне жол сала білген ғой. Тасүңгірден әрі барып Қаратаудаң ішіке кіргенде оң жағында жақпар тасты шатқал боп кетеді. Соның арасында шиыршықты соқпақ болушы еді. Сонымен көтеріліп әрі қарай жотамен ет пісім уақыт жүрген соң күрт ылдиға түсесің.

Сонан соң қайта тауға өрлейсің. Сол тұстан алдыңнан көкшалғынды жазық көрінеді. Бұлақ суынан құралып ағып жатқан өзені бар. Асу сол бұлақ басынан басталады. Баяғы кезде төбесі бойрамен жабылған тамдар болушы еді.

Алтын Емелге кең жол салынған соң бұл асу елеусіз қалды ғой. Өстіп жер де, адам да тозып, атаусыз қалып өше береді екен де! — деп ауыр күрсініп барып тоқтады.

— Әлгі айтқан соқпақпен бұлақ басына жету үшін қанша уақыт керек болар еді?

— Әй, бір жұмадай жүру керек-ау.

Давыдов үнсіз тыңдап отырған. Қозғалақтай түсіп, саусағын көтеріп:

— Біздің адамдарды бастап апаруға көмектесер ме едіңіз? — деді.

— Қандай адамдар?

— Айталық мені, мына Қасымханды және басқаларды...

— Дұшпан қасиетті жерді шірік ұясына айналдырып жүр ме екен, деп күдік ойлаушы едім. Өзімнің де айтайын деп келген бір жұмысым осы болатын. Бірақ мынадай шарт қоям: маған кәдімгі қорғасын оғы бар бесатар бер. Оғы мол болсын.

Тіпті берсең көтергенімше алайын. Бұл тілекті алжыған шалдың әулекілігі демегін, алпысқа тақасамда әуселемді сынап бақ, әулеттігімді көр. Бұдан соң қатарға қос, қару бер

деп тілек айтпаймын. Осы кек жолындағы соңғы жорығым болсын!

Давыдов қолын жайып күлді.

— Ол топтың басшысы мына Қасымхан ініңіз. Бұ кісі қолына қосам десе менің қарсылығым жоқ.

— Бұл жорықтарыңа жол көрсетуші ғып сайласаңдар тап қазір жүріп кетуіміз керек, — деп Аңызак ширақ кимылдап желпіне тұрды.

Қасымхан сәл ойлана түсіп Аңызактың иығына алақанын салып орнына қайта отырғызды.

— Сіз әскери өнерге жаттықпаған адамсыз. Ойда жоқта қатты атыс-шабыс боп кетуі мүмкін. Бер жақтан жол көрсеткен соң әрі бармай тиыла тұрарсыз, — дегенде Аңызак қоңыр көзі ұшқын атып жалт қарады.

— Әй, шырақ, энеугүні ғана орыстың өнер білмеген мұжығы мен қаланың қара табаны үш жүз жыл билеген патша ағзамның әулетін тақтан құлатты деген өзің емес пе ең. Қазақ сынықтан басқаның бәрі жұғады дейді. Орыстан алған тәлімім бар шығар. Оны қайдан білесің, — деді.

Аңызак пен Махмұдты қатыстыра отырып табанда жоспар жасалды. Қасымханның қарулы отряды екі топқа бөліп аттанады. Бірінші үлкен топ Көксай жолымен Жолбарыс асуына қарай беттейді де, екінші шағын отряд Подгорныйға барады. Бұл өзі нығыз тәртібі, әскери басшысы жоқ, жұмысы берекесіздеу, жұғымсыз боп көріне жүріп, өздері шіркеу попы Алексейдің, Усковский мен Сигаловтың жүріс-тұрысын қатты бақылауға алады. Сырттай Подгорныйдағы қанды оқиғаны тексерген болады, село мен жатақ тұрғындарынан куә ретінде жауап алады. Бұлардан бөлінген Мұқай бастаған екі-үш кісі Майлыбайдың Ахметін қасына алып Басшиге баратын жолдың аузын тосады.

Жолбарыс Емелін беттеген отряд «Қыран ұясы» аталған бандаларға соққы беретін мықты қол болмақ. Бұлар аттарын жабулап жапқан, қоржын-қаптары тоқ алыс жолға, Верныйға сапар шеккен ұзақ салқар керуендей боп жылжиды. Қасымхан бұларға қосылмай өзінің сенімді



серігі Жүсіпті ертіп бөлек кетеді. «Саудагер тобы» Жаркенттен ертең өз бетімен аттанады. Махмұдтың қасына көзсіз батыр Көдек пен айлакер Әзизді қосып берді. Бұлар Қасымханмен бір мезгілде Жолбарыс асуына жетіп, Тасүңгірдің аузында тұрған күзетшілерді жояды. Сол жерде бекініс жасап қашқан жаудың алдын тосуы керек.

Қасымханның отрядынан Мұқай нысаналы жерге бәрінен бұрын жеткен. Келесі күні олар Подгорныйда болды. Өздеріне билік пен ерік еркін тиген бұғаусыз, дәлекуленген дырду топтай селоға тасырлата шауып кірді. Орталық көшені бір айналып өтіп біреулерді тоқтатып сұрады ма, сельсоветтің кеңсесіне келді. Мұқай кеңсенің жабық екенін көрсе де оны байқамаған боп айқай салды.

— Әй, Совет, жұмысшы-шаруа милициясы келе жатыр. Қабылда мына жауынгерлерді! — деп қара құлыпты найзаның ұшымен түрткілеп қозғап көрді де, — мұның өкіметі қайда кеткен? Мынауы жабық тұр ғой! — деді. Ағаштың көлеңкесінде сөйлесіп отырған екі адамды көріп, — әй, бері кел! — деп қолын бұлғап шақырды. Жастау біреуі орнынан әрең қозғалып, еріне тұрып Мұқайдың қасына келді.

— Иә, не айтайын деп ең? — деп бір көзін қысыңқырап сығырая қарады.

— Председатель қайда? Жұмыс істемей ме бұл?

— Советке менің билігім жүрмейді. Жұмыс істей ме, жоқ па, оны өзінен сұра!

Мұқай өзінің алдында Усковский тұрғанын анық таныды.

— Сен осы селонікімісің?

— Иә.

— Онда председателді тауып әкел.

— Таңертеңнен бері өзім де таба алмай жүрмін.

— Осындай алаяқтарға сеніп жұмыс тапсырамыз. Ал ол карнын сипалап үйінде жатады. Совет ісі қалай оңсын!

— Өздерің ғой оны үрлеп, әлпештеп әкеп қойған.

— Мен мұның әкесін танытам.

— Баяғыда солай жасау керек еді.

— Әй, маған ақыл үйрететін соншама кімсің?

— Кешір, жолдас начальник. Байқамай аузымнан шығып кетті.

— Бәсе, солай де! — Мұқай бас аяғына көз жіберіп, — сен өзің кімсің? — деді.

— Мен бе? — Усковский иығын бір қозғап қойды. Қалай таныстырсам екен? Қысқаша айтсам, Советтің кешіріміне ілінген кешегі ақтың офицері, бүгінгі крестьянмын. Жер жыртып егін егем, бақша салам. Бейбіт кәсіппен шұғылданам.

— Әрі қысқа, әрі түсінікті. Кейбіреулер өткендегісін жасырады. Бүгежектеп, қорқақтап тығылған жанды жаным сүймейді. Советке бүгінде сен сияқты майда офицер емес, сарала шенді генералдар қызмет жасап жатыр. Мен өзім әлдіні жақтаймын.

Жеңілдің бе, қол көтер де қызмет жаса! Кейбір пысықтар «Әй, мынау ақтың офицері. Түбінде шикілік шықса бәлсіне қаламыз. Осыны қоя тұршы!» — деп кежегесі кейін тартады.

Ал мен алданба, адаспа, сол қауымды өз кәдеңе жарат деймін. Қалай ойлайсың, менің айтқаным дұрыс па?

— Данышпан пікір!

Мұқай мақтанған түрмен:

— Мен сондаймын! — деді.

— Сендер мұнда неғып жүрсіндер?

— Атың кім? Яша ма? Яша жолдас, осында бандалар кеп Қызыл керуенді талқандады, жатақ пен селоны шапты, адамдарын өлтірді, үйлерін өртеді дей ме, немене? Соны тексеріп, біржола шешіп тастамақпын. Сыпсыңдаған арызшыларды жаным сүймейді. Арыз бен шағымның құйрығын балтамен бір-ақ шабамын!

Тимофей көрінді. Кеңсе алдында үш-төрт қарулы милиционердің тұрғанын көріп аяғын жылдамдата басты. Усковский саусағын шошайтып:

— Председателің анау келе жатқан сары орыс, — деді.

Мұқай қамшысын шошайтып:

— Әй, сен председательсің бе? Орныңда неге отыр-

майсын? Сен үшін мен жұмыс істеуім керек пе? — деп катулана сөйледі.

Тимофей бұл милиция тобының келетінін білмейтін. Не айтарын білмей сасқалақтап қалды.

— Жатақтан басқа мұнда бес жүз түтін бар. Ал председатель жалғыз. Мұнда отыра берсең іс бітпейді. Село мен жатақ арасында жүгіріп жүргенің, — деп ақтала бастады.

Мұқай үзеңгіге аяғын тіреп шірене түсіп:

— Біз уезден келе жатқан комиссиямыз. Осы ауылды бандалар шапты, кісілерін өлтірді деген көп арыз түсті. Соны қарағалы келдік, — деді.

Тимофей:

— Мына жұрт бандалардың әшкереленбей жатқанына наразы боп отыр, — дегенде, Мұқай ақырып қалды.

— Әй, не сөйлеп тұрсың! Наразы болғаны қалай? Мына маған, Советке өкпелі ме? Онда сен не бітіріп отырсың? Жұртты уезге телміртпей, көбіне жігер қосып қолына қару бер. Әскери өнерге үйрет, бандаларға қарсы соғыс ашсын! Осыны неге жасамадың?!

— Жасап жатырмыз ғой.

— Сенің «ғой» дегенің ұнамайды.

— Өздеріңді көріп көмектесе ме деп қуанып қалып ем.

— Тағы не боп қалды? Үй өртеніп, кісі өліп жатыр ма?

— Бұл қырсық одан кем боп жатқан жоқ. Өлген бандиттің өлігі ұрланды. Мүрдесін ашып денесін алып кеткен. Оның үстіне білдей азаматымыз жоғалып отыр.

— Байқаймын, өз міндетіңді мүлде білмейді екенсің! Уездік милиция сенің мүрденді күзетіп, жоғалғаныңды іздемейді!

Осыны мықтап ұғып ал. Сонан соң көп сөзді қой, мына жауынгерлер шаршап-шалдығып келеді. Осы жердің өкіметісің, орналастыр, тамақ бер. Шаруаң болса, сонан соң сөйлесерміз. Жұмыс далада жортып жүрген көк қасқыр емес, ешқайда қашпайды.

— Ойпырай-ә,— деп Тимофей дағдарып қалғанда, бүйірінде томпайған нағанын алақанымен басып

Нариманов жүгіріп келе жатты. Ол Мұқайды Қасымханның адамы екенін жақсы білетін. Бұлардың топталып бекер жүрмегенін, аса маңызды тапсырмамен келгенін сезді.

Мұқай:

— Әй, маубас, сені Советке көмектес, ауылда тыныштық болсын деп жібермеп пе еді? Мынауың өлік ұрланды, адам жоғалды деп қайдағы бәлені соғып тұр ғой! Бұған мола күзетпейтінімді түсіндірші! — деді.

— Кешіріңіз, начальник жолдас, оны өзіміз жөндеп аламыз.

— Біз шаршап келдік. Тамағы, шарабы мол жерге апар. Біз де тірі пендеміз. Ұқтың ба?

— Құп болады, начальник жолдас, — деп Мұқайдың алдына түсіп жорғалай жөнелді. Сырт көзге аттылы кісі жаяу милиционерді айдап бара жатқандай еді.

Усковский бұл әңгімелердің бәрін естіп, тындап, көріп тұрған. Мысқылдап күліп қойып, Ивановқа бұрылды:

— Тимофей, сені мұқалмайтын, майыспайтын құрыштай берік пе деуші едім. Сөйтсем, сен де осал екенсің. Әлдіні таппай жүр екенбіз. Сырынды енді ұқтым, — деді.

— Мұндай ноқаймен сөз таластырып Совет өкіметінің беделіне дақ түсіргім келмейді. Қажет болса, дөрекілігін тіркеп уезге шағым берем. Олар алаңғасарды ақылға салудың жөнін біледі.

— Сен арызданам, тезге салам деп жүргенде ол басыңды қылышпен ақырын ғана шауып тастайды. Мұндай мешін тұқымдарында ақыл аз болады.

— Кімнің басын кім аларын әлі көрерміз!

Мұқай ат үстінде Наримановқа мынаны айтып бара жатты.

— Бауырым, үлкен жорық басталды. Соққы беретін мол күш Көксай тұсына тақап қалған шығар. Мұның бәрін Қасымханның өзі бастап жүр. Аз күннен кейін бандалардың көзін біржола жоямыз. Сендерге берілген тапсырма Усковский тобының қырағылығын жою, олардың селодан кетуін бөгей тұру боп табылады. Бұлардың қоқайып қыр көрсетіп жүргені, сенетіні тау қуысындағы

қарулы қолы екен. Араларын байланыстырмай, басын қостырмай жекелеп алып желкесінен басып тұншықтыру боп тұр. Бұйрық осылай, бауырым. Шестаков екеуің қазіргі сәттен Тимофейдің қарауына көшесіндер. Мен осында жұмаға дейін болам. Қызыл керуен мен бандалардың қанды оқиғасын тексерген боп куәлардан жауап аламын, сөздерін тіркеймін. Усковскийлердің сөздеріне көбірек ден қойған болам. Тимофей мені танымайды. Дәрекі сөздеріме күнілгері кешірім сұраймын. Іс мүддесі талап етеді деп айтарсың.

Маған мойынсына бермей о да қарсыласып бақсын. Қайткенде бұл жасырынбақ ойынды дұшпан сезіп қалмауға тиіс. Әйтпесе қан көп төгіледі. Соған жеткізбеу керек. Қасымханның әмірі осылай екенін Тимофейге жеткіз.

— Алаң болма, бәрі жасалады.

— Екінші үлкен тапсырма, Ахмет қайда? Оны дереу тап. Маған жолықсын. Оны Давыдовтың өзі күтіп отыр.

— Ахметтен айрылып қалдық. Қайда кеткенін білмейміз. Бандиттер ұстап әкетпеді ме екен деген қауіп бар.

— Сен қайда жүрсің?

— Менің жұмысқа кіріскенім кеше мен бүгін ғана ғой. Мұның бәрі менен бұрын болған іс.

— Мұндайды күтпеген едім, — деп Мұқай ойланып қалды. — Онда жоспар өзгерді. Тегі ертерек қимыл жасау керек болар.

— Не туралы айтып отырсың?

— Кейінірек... Сен өзің де сақ бол. Пышақ салған адамды таныдың ба?

— Әрине, Сигалов.

— Ол ше?

— Алғаш қорыққан секілді. Мен танымайтын кісідей шырай білдірген соң оның да көңілі жай тапты. Байқауымша бұлар да қарап жатқан жоқ сияқты.

— Оны қайдан білесің?

— Жай, сезем.

— Сезген жақсы. Ал бізте бұлтартпайтын дәлел керек.

— Оған ерік беріп жатырсыңдар ма? Ойбай, тиме, қозғама, білмеген бол деп қолды байлап безек қағасыңдар.

— Шыда, бауырым!

Нариманов Мұқай тобын Крутикованың пәтеріне алып келді.

— Мыналар уезден келген комиссия. Осында тергеу жұмысын жүргізеді. Арағың, тамағың бар ма? Тез әкел.

Крутикова онша жақтыра қоймады.

— Несиеге беретін артық асым жоқ. Ақша давай!

— Жалаунамды алған соң бәрін бір-ақ төлеймін, деп ем ғой!

— Милиция бастығында ақша болмайды деп ойлайсыз ба, бұл қалай? — деп Мұқай бір қат ақшаны Крутикованың алдына тастай салды.

— Өзіңізге керегін есептеп қалғанын қайтарарсыз. Жесір әйелдің ақысын жемейміз.

— Әй, осыдан бақа басты еркек болса да біреуге тиіп алармын-ау! Әбден қорлықтарың өтті. Жесір деген сөз мүләйім мүсәпір ғып, тіпті кісінің жүрегін тіледі.

— Кешіріңіз, ренжітейін деген ойым болған жоқ.

— Шыны солай болған соң ренжіп қайтем. Байсыз қатынның күні құрысын. Өзіңе серік, балаға әке керек екен. Ақшаны қаншама тапқанымен одан бай жасай алмайсың.

— Мынадай үйді ұстау және шаруаға қарау үшін әрине көмекші керек.

Нариманов мақұлдай түсіп:

— Хозяйканың Егор деген мықты көмекшісі бар деседі. Мен әлі көргенім жоқ. Оны бір жаққа жұмсап жіберіп пе едіңіз? Көрінбейді, — деді.

— Таудан қарағай әкелем деп кетіп еді. Әлі жоқ. Бейшараны бандалар өлтіріп кетті ме деп қорқам. Жалғыз биеден айрылсақ күніміздің не боларын да білмеймін.

— Өйтіп үрей шақырмаңыз. Қаптап жүрген қайдағы банда ол? Жәй, ауыл арасының бұзық тентектері де. Жоқтан бар құрап қарсы жақты қампитып өсірмейік.

Арада үш күн өткеннен кейін сельсоветтің кеңсесіне екі кештің арасында Усковский келді. Шамның жанып

тұрғанын көріп әдейі бұрылған Мұқай жәбір шеккен Майлыбай мен Петуховтың арыздарын қарап, көрген-білгендерін сұрастырып жатқан. Тимофей бұлардың сөздерін зорға құрастырып жазып отыр. Мұқай босағада бөгеліп кібіртіктеп қалған Усковскийге:

— Кімге келдің? — деп қабағын түйе қарады.

Усковскийдің есіне салық қағазы түсті.

Өткен жолы, өкіметтің салықтарын бір-ақ төлеп құтылған едім. Міне тағы да екі центнер астың, үш центнер ет, жарты тонна картоп тапсырсын деген налог қағазын және жіберіпті. Бұл не сұмдық! Мұнша астық пен етті қайдан табам. Кешеді қанғыған бұралқы итті атып, соның етін өткізейін бе? — деп Тимофейге шүйіліп, қатулана сөйледі. — Осының бәрі сенің жасап отырған лаңың. Большевиктің ісіп кеуіп жатқан аш-жалаңашын мен тойындырмақпын ба?

Тимофей кейіді.

— Е-и-и, сенің жылана беретінің-ай. Биыл егінің бітік өсті. Жақсы өнім алдың. Бақшаның да түсімі жаман емес. Бордақыға екі бірдей шошқа қойып отырсың. Дәл бүгін налогты тапсыр деп асықтырмаймыз. Жыл аяғына дейін құтылсаң болады.

— Мен немере әпкемнің үйінде тұрам. Өз қолымнан бір түйір дән еккен емеспін. Өзім біреудің үстінен күн көріп арамтамақ боп жүрмін. Осыны неге ұқпайсың?

— Қора-жай сенің атыңа жазылған. Түтінге түскен салықты сен үшін біреу төлемейді.

— Қарақан басымнан басқа түк болмаса қайтесің? Соттайсың ба?

— Табасың, әйтпесе үйіңді қаттаймыз.

— Бұл қалай уезден келген өкіл жолдас, — деп тірек іздегендей Усковский Мұқайға қарады. — Большевиктер адамның еркін, құхын таптаған мынадай зорлықшыл, қиянатшыл төбетті төбемізге ойнақтатып қойып отыра бере ме? Әділеті қайда?

Мұқай Усковскийдің көзіне көзін қадап:

— Тағы қандай жұмыспен келдің? — деді.

— Мынау, — деді Тимофейді нұсқап, — таудағы жабайы қалың қарағайды қорғаған жаман ырым шығарды. Қарағай кескісі келетіндер бұдан көп қағаз алуы керек. Бұл тағы не бәле?

Мұқай мұның бәрі сылтау, айла екенін біліп тұр. Сол сәт бұл да айлалы, жасанды құбылысқа түсті. Тимофейдің қасындағы орындықты нұсқап:

— Сені өзім де шақырғалы отыр ем. Жақсы келдің. Отыра тұр. Мына кісілердің шаруасын бітірейін. Сонан соң сөйлесеміз, — деді де Петуховқа қарап, — Иә, әңгіменді айта бер! — деді.

Петухов Мұқайдың әп-сәтте өзгерген қатулы түрін көріп жаутаңдап қыбыжықтап қалды.

— Басқа не айтайын. Бәрін арызда жаздым.

Мұқай қобыраған қағазды көтере ұстап:

— Сенің арызыңды оқудан басқа жұмыс жоқ деймісің. Мұндағы жазғаныңды өз аузыңмен айт, — деп көп қағазға жазылған арызды столға тастай салды.

— Мен бақшаны аралап жүргем...

— Қанша рет араламақсың? Оны айттың ғой!

Петухов көзі бадырайып бөгеліп қалды.

— Неге үндемейсің? Айт шыныңды! — Мұқай зеки түсті.

— Селоның үстінде айқайлаған, шошынған, жылаған дауыс естілді. Әр тұстан өрт шықты. Қылышын жалаңдатқан бандалар көше бойымен осқақтай шауып жүр. Басшысы қара сақалды қазақ. Басқалары тұмсықтарын қара шүберекпен байлап алған. Істеген қылықтарына кісі шошынады. Мына Тимофейдің келінінің қарнын тіліп, қора-жайын дымын қоймай өртеп жіберді.

— Тимофейдің аузы бар. Қажет десе өзі айтады.

— Жалпы айтып жатқаным ғой.

— Сен жалпы-малпыны қой. Өзіңнің келінің аман ба?

— Менде келін жоқ. Бәрі қыз бала.

— Қатының, қызың аман ғой? Үйің бүтін бе?

— Шошаламның төбесі өртеніп...

— Онда бара бер! — деп Мұқай арыз бұрышына арапша



сызғылай бұрыштама қойды. — Неменеге отырсың? Саған айттым!

Тимофей:

— Сіз бұлай асықтырмай, зекімей тыңдаңыз. Бүйте берсеңіз крестьяндар ойындағысын айта алмай қалады,— деді.

Мұқай бүйірін таянып алға ентелей түсіп:

— Ал тыңдалық! Тағы не айтасың?

— Анау қара сақал...

— Менің де сақалым қара. Сен одан да басқа белгісін айтсаңшы!

— Мен бұл киргиздардың түрлерін жақсы ажырата алмаймын. Бәрі бүйрек бет, қысық көз, қисық аяқ, қара боп көрінеді.

Мұқай Тимофейге мысқылдай қарап:

— Жауабына қанағаттандың ба? — деді.

— Петухов тұйық адам. Жұртпен көп араласпайды. Бәлкім, кейде кісіге солай көрінетін болар.

— Кешір, мылжынды тыңдауға уақытым жоқ.

Петухов сүмірейіп шығып бара жатқанда Усковский күліп қалды.

— Қоразым, кейде мезгілсіз шақыратының бар. Мынау соның сыбағасы. Өзіңе де сол керек!

— Сен ит, аузыңды жап. Уезге барам, әлі бәріңнің әкелерінді танытам.

Мұқай басын шайқады.

— Қораздың қорқытуын қарай гөр! — Ол Майлыбайға шапшаң бұрылып, — Сенің басыңа қандай күн туды? Айта бер! — деді.

Тимофей Майлыбайдың орнына жауап қатып, жатақтағы қанды оқиғаны қысқаша баяндап берді.

— Немене, мұның өзі айта алмай ма? Тілі жоқ па? Әлде сені адвокат ғып жалдап па еді! — деп кекете түсті.

Тимофей Мұқайдың дөрекілігін елемей сөзін жалғастырды.

— Майлыбай тағы үлкен бақытсыздыққа ұшырап отыр. Азамат баласынан айрылды. Бандалар ұстап әкетпеді ме екен деген қауіміз бар.

Мұқай таңғалғандай орнынан тұрды.

— Селоға қара бандалар соқтықса, бұларға ақ бандалар келіп тиіскен. Бұл қаптап жүрген неғылған бандалар? Осында екі-үш күннен бері жүрмін. Сол қаптаған бандаларды мен неге көрмеймін. Мәселен, Яша, сен сол бандаларды көрдің бе?

Усковский таңғалғандай иығын бүлк еткізді.

— Көрмек түгіл естіген емеспін.

— Бұл сендердей қара таяқ емес, әскери адам, бәрін біледі. Ал сендер үйлерінде бұғынып жатып дүрлігіп үрей шақырасыңдар! Тимофей жолдас бұлай жұмыс істеу жарамайды. Тағы сондай сөз естісем, жұртты үрейлендіріп сабатаж жасап отыр деп тура протокол жасаймын. Оның аяғы оңай тимейді. Бұхара арасында іріткі жасап жалған ақпар беру жаудың ісі деп танылады. Ұқтың ба?

— Бізде қарап жатпасбыз, — деп Тимофей орнынан тұрды.

— Уезде кімге барарымды білем!

— Яша, мынаны қарай гөр. Мені, мына қызыл командир Мұқайды қорқытқысы келеді. Сен үнінді шығарып көрші осыдан. Анау кәлләң допша ұшып түседі! Жоғал, көзіме көрінбей!

Тимофей қикарлана есіктен шығып бара жатқанда Мұқай басын шайқап:

— Мұны кімдердің есіртіп жүргенін білем! Бәлем тұра тұр! Қорғаушыңмен қоса жерге қазықша қағармын! — деп кіжінді.

Бұл күндерді Мұқай астындағы торы аты ақ тер боп, жаздың жұмсақ түнінде ұйқы көрмей жортуылмен өткізіп жүрді. Өткен түні де көз шырымын алмады. Басши бекетіне баратын жолға шығып жаңа нұсқаулар, бұйрықтар алып қайтқан. Ахметтің із-түзсіз жоғалып кеткені жоспарды бүтіндей өзгерткен еді. Мұқайдың байланысшы болуына әрі селода қалуына тура келді. Ертең кешке қарай Қасымханның мол қолы Жолбарыс асуына көтеріліп бандалардың мекен жайының желке тұсынан шығады. Дәл сол шамада

Махмұд бастаған топ негізгі қақпа — Тасүңгірге тақайды. Екі отряд мықты бекініс жасап алғаннан кейін Мұқайдың тобы шіркеудің попы мен Усковскийді бірнеше күдікті адамдарды дереу қамауға алады. Усковскийдің көп серігі әлі мәлімсіз. Егер селода басшыларының тұтқынға алынғанын білсе, бұл асудағы қолға хабарланып, әлі бекініс жасап үлгірмеген Қасымхан мен Махмұдтың отрядын үлкен шығынға ұшыратуы мүмкін. Кейін Мұқай бұл шараны жүзеге асырған күннің өзінде өте сақтық жасағаны жөн. Банда тобын сырт көзге сездірмей, дымын шығармай, қарсыласуға икемін келтірмей ұстау керек десті.

Мұқай Усковский екеуі оңаша қалғанда қобыраған арыздарды папканың ішіне салды да:

— Қағаз жұмысы біз сияқтыларға қол емес екен. Әбден мезі етті. Бұл өзі алды-арты жоқ шексіз бәле ғой. Бүйтіп қағазға көміліп отырғанша торы атқа мініп бір желпініп шыққанның өзі қандай рақат,— деп алдындағы папканы сырғытып тастады.

Усковский күдікпен көзін сығырайта түсті.

— Байқауымша, саяхаттан кенде боп жүрген жоқ секілдісің, — деді.

Мұқай еңкейе құлағын тосып күліп жіберді.

— Ой, Яша, қусың, білмейтін бәлең жоқ. Жұрттың қымыз ішкенін, аздап келіншекпен қыдырғанын көріп қоясың. Біздей көк етік көнбістерді бір сәт аясаң қайтеді. Калада ерік жоқ. Оқу дей ме, әскери өнер үйрете ме, одан қалса түнгі күзетіне жібере ме, әйтеуір сұлден құрып, бір тыным таппайсың. Ал мұнда бәрі саған қызыға қарайды, үйіне шақырады, қонақ жасайды. Қымызға қызып алып карта соққанға не жетсін! Сонан соң түн кезінде тағы қызықтар басталып кетеді. Сөйтіп жүріп мына бір істі қарауға мұршам келмеді, — деп қалың қағаз папканы жұдырығымен қойып қалды. — Қызыл керуенге шабуыл жасалғаның білесің. Бұ жұрт қызық. Бір-бірін қаралап көрсетуге құмар-ақ! Сол бандалардың арасында пәленшелер болды деп қайдағы біреулерді тізе берген. Сен оқыған адамсың. Білімің бастан асады. Мен сияқты қағазға үңіліп ежелеп отырмайсың.

Біржолға көмектесіп жіберсең қайтеді?! Оған дәнемең кетпейді. Тегі қарап бітіре алатын емеспін.

— Мен ақтың офицері екенімді ұмытпағын!

— Ей, қойшы соны! Совет кеңсесінде сендейлер аз ба? Кеше офицер болсаң, бүгін крестьянсың. Өзіңді көрген жерден ұнаттым. Сол жетеді. Басқаның сөзін башайыма ілмеймін.

Усковский ойланып қалды. Сәлден соң:

— Қашан кірісу керек? — деп сұрады.

— Ертеңнен бастап қолыңа ал. Мұнда елдің жазған арызын, айтқан жауабын папкаға тыға берген. Осыларды реттеп, беттерін қойып берейін. Бастықтар сұрай қалған күнде жұмыстың жалпы көлемін білейік те. Әрі сенің қарауыңа жеңіл болсын.

— Немене, арыздар соншама көп пе?

— Әңгіме сонда ғой, бауырым, мынадай қалың үш папка, — деп саусағын шошайтып көрсетті. — Құшағың толады.

— Үйге апарып істемесем үлгіре алмаспын.

— Бауырым ондай сөзінді қой. Бұл өзі уезд бастығының қарауындағы іс. Ертең ішінен бір қағазы жоғалып кетсе менің басым кетеді. Мұндай істі жүргізгенде тәртіп керек. Барлық папканы алдына әкеп қоям. Сен оларды оқып шығып қортынды жазасың. Сонан соң менің айтуыммен ептеп түзейсің. Мен оны бастыққа берем. Қорытынды ұнамаса, мейлі өзі білсін. Өздері қайтадан оқып алсын. Сонда құда да, құдағи да тиыш. Теріс жазғаның үшін сөкпейді, саяси білімі тайыз, түсінбеген деп қарайды. Ал арасынан қағаз жоғалтсаң оны жаулыққа теңейді.

— Сенімен әңгімелескен сайын үлкен жаңалық ашқандай болам.

— Менің атқарған жұмысым жалғыз бұл емес. Тәжірибе бар.

— Қателеспес үшін қандай бағытта жазу керек екенін айтып қоймайсың ба?

— Өзің де ұғымтал жігітсің. Жалпы, банда қаптап жүр деген пікірден аулақ болған жөн. Мұның саяси қате

нәрсе. Әлгі Тимофей соны түсінгісі келмейді. Сонда бұл өңірде Совет өкіметі орнамаған бола ма, қалай? Олай десең жоғарыда отырғандар «Милиция жұмыс істемейді, бұхарамең байланысы жоқ. Жергілікті өкіметті нығайтуға көмектеспейді. Теріс бағыт алып отыр!» — деп бізді қысады. Сонан соң жазалау басталады, жұмыстан қуады. Ондай ұнамсыз қисық бәле кімге керек!

— Сонда Қызыл керуенге шабуыл жасағанын көрсетпейін бе?

— Көрсетпегені қалай? Жұртқа куәленген, бастықтың өзі білетін жұмысты бүркеп өле алмай жүрсің бе? Қайта соның бояуын қалыңдатып, нығыздай түс. Банданың ісі емес, барымтаның, кек алудың жаңа түрі деп түсіндір. Малынан, астығынан айрылған, ашынған сотқар топтың қиқарлығы, бұл өзі қазақтың сүйегіне сіңген салты деп көрсет. Бұл санадағы ескі салтты жою үшін көп уақыт керек екенін айт. Банда шұбап жүр деген ұғымнан аулақ бол.

Усковский шынында таңғалды.

— Өте көреген адамсың. Тіпті қайран қаламын.

— Ене, әлі білмей жүрсің. Мен өзім сондаймын.

— Жарайды, ертең жұмысқа кірісем.

— Міне, дүние жүзінің пролетариатына көмек деп осыны айтады, — деп Мұқай алақанын иығына сап, саусағымен бүріп ұстап сілкіп қалды. — Мына Мұқай кісіні бір көргеннен таниды. Сен маған бекер ұнамағансың!

— Менің өтінішімді ұмытпағын.

— Қандай өтініш? Ә, әлгі салық-малық, қарағай ма? — деп қолын сермеп сілкіп тастады. — Сен өзіміздің адамсың. Қалай тілесен солай жасаймыз. Со да сөз бе екен, тәйірі. Егескенде сол салықтың үлкен бөлігін Тимофейдің өзіне төлетсем деймін. Мұны қалай көресің?

— Бұл өзі ғажап іс болар еді.

— Тимофей Совет председателі бола тұрып өкімет салығынан қалай қашады. Төлегісі келмей қиқарланып бұлтарса, біз оны большевиктің саясатына қарсы адам ғып протокол жасай қоямыз.

— Сенің данышпандығыңа көзім жетті. Шынына

келгенде тыныш жатқан елді түрткілеп дүрліктіріп жүрген Тимофейдің өзі. Өзі жатақтан шықпайды. Қазақтардың қыр соңына түсіп қалмаған соң қара сақал біреуі кеп оның үйін әдейі өртеп жіберген.

— Міне, осыны барымта, жаугершіліктің бір түрі ғып жазарсың.

— Сені бір адаммен таныстырғым кеп отыр. Екеуің ортақ тіл тауып кетер едіңдер.

Мұқай оның кіммен таныстырғысы кеп отырғанын сезді. «Попты әкеп сынатпақсың ғой. Ертеңге дейін сыр бермей алдандыра тұрсам екеуіңмен сонда сөйлесермін» — деп үлкен қара көзін қадап ойлана тұрып күліп жіберді. — Өзіңе сенгендей жұрттың бәріне сыр аша береді деп ойлама. Ұнамайтын кісімен сөйлеспейтін жыным бар. Онымен таныстыруға асықпа. Мені көріп түңіліп, көңілі қалып жүрер. Одан да мұндағы шаруаны реттеп алайық. Әлгінде Тимофей жөнінде бірдеме айттың ғой.

— Сақтанбасаң болмайды, өзі залым, сұм адам.

— Солай-де. — Мұқай саусағын бүккілеп ымдады. Ол еңкейе құлағын тосқанда ақырын сыбырлай қойды. — Осының бәрін қағазға түртіп бере қойсаң қайтеді? Мына папканың арасында жатсын да!

— Ертең әкелем.

— Айтқандай, ұмытып барады екем, ертең кешірек келуім мүмкін. Өткен түні жиырма бірден қатты соғылды. Мен Қызыл командир болған соң сескеніп ұтылады ғой деп ойлап ем. Өйтпеді. Қазір сонда барып ерегесе есе қайтарғалы отырмын. Ойын ұзаққа созылып кетіп, бәлкім кешке қарай оралармын. Қайткенде де күтерсің. Кешіксем, ренжімейсің бе?

— Меніңше кешкі жұмыс өнімді болады.

— Ой, Яша, жарайсың! Сені отрядқа алуға мәселе қоям. Оллаһи, солай жасаймын.

— Екеуіміз қосылсақ талай дүниені жасар ек. Көп сенім артып жатырсың. Әзірге рақметтен басқа айтарым жоқ.

Усковский кеңседен шығып ұзап кеткенде, көп бөлмелерде үн шығармай тығылып, жасырынып тұрған

Шестаков, Нариманов бастаған милиционерлер қаптап өре шығып өз командирін қоршай қалды.

— Жолдастар, әзірге өзіміз ойлап-пішкен жүйемен келеді. Усковский қармаққа мықтап іліккен сияқты. Дәл ертең кешке дейін сойқан іс жасап селодан жылыса қоймас деп ойлаймын. Әйткенмен, сақтық, қырағылық керек. Бүгін соңғы түн. Бүгін түні де ұйқыны қойып, іске сергек, ширақ кірісіндер. Усковский мен поп немен шұғылданады? Қайда, қай жерде кіммен кездесті? Жиналған адамның саны қанша? Біз Усковский мен поптан және Сигаловтан басқа банда мүшелерін анық білмейміз. Бәлкім, Дудконың өзі селода жалған атпен бүркеніп жүрген шығар? Усковскийдің астыртын жолығып жүрген кісілеріне қарап селодағы күдікті адамдардың санын тағы анықтап біліп алындар. Ертең бәрін бір мезгілде, бір-ақ сәтте, қамауға алатын болайық. — Мұқай қолын көтеріп Шестаковқа бұрылды. — Николай бүгін саған Тимофей көмекке келеді. Қонақ үйде Нариманов болады. Жүріс-тұрыстың бәрі кешегідей бірқалыпты сезіксіз болсын. Васши бекетіне бұрылатын кара жолдың түбінде бұлақ басында таудан түскен малшылар кеп қонған. Мен Боранғұл қойшының үйінде болам. Бергі шеттен санағанда оң жақтағы екінші үй. Менің бүгінгі серігім мергенші Хафиз. Селодан жылысқан бандалар ол жерден әрі қарай Тасүңгірге кете алмайды. Оларды пулемет оғымен қарсы аламыз. Солай ма Хафиз? Әрине, ашық дабыра айқастан қашқан жөн. Мұнда күрделі қиын жағдай туа қалған күнде дереу хабар беріңдер, Қалай, бәрі түсінікті ме? Онда таралық.

Нариманов кең тыныс алып:

— Тезірек таң атып, көкжиекке қызыл арайлы нұр төгіліп, үлкен күн жарқырап туса екен! — деді.

Мүбәрак Қызыл керуенді талқандаған, өзін өлімші ғып пышақтаған банданың бірін тани тұрып, оның табанда жазаланбай еркін жүргеніне, өшін ала алмағанына, өзінің әрекеті жоқ дәрменсіз бос салпаңына іштей қатты қапаланып қамығатын. Мүбәрақтың бұл күйкі күйін Мұқай сезетін еді. Соны ұғып достың көңілімен жұбата сөйледі.

— Шыда, Мүбәрак, асыға күткен сын сағат та алыс емес. Ертең дәл осы уақытта бұл өңірде жамандық әкелген жауыздың атаулы атымен жойылады, банданың қарасы өшеді. Бәріміз қалдыратын берекелі белгі бейбіт елге әкелген тыныштық болмақ. Сонан соң сен де кәдімгідей жұрт секілді тынығасың, ұйықтайсың, мезгілімен ас ішесің. Енді желкемізде жау тұрған жоқ па екен деп артқа қарап жалтақтамайтын боламыз. Есіңе сақта, бір тәуліктен кейін дүр көтеріліп соңғы шабуылға шығамыз! — деп шапшаң қозғалып орнынан тұрды.

Аз уақыт өтпей Қызыл командир өзінің бұл жоспарын бұл жолы да өзгертуге мәжбүр болды. Ол Усковскийлердің милиция отряды мен селодағы бүкіл совет активін жойып жіберу үшін астыртын шұғыл қам жасап жатқаны жайында хабар алған еді.

## ҚАРЛЫҒАШТАР



Тимофей қора жайын бандалар өртеп кеткелі бері немересімен Майлыбайдың үйінде тұрып жатқан. Күндіз бір мезгіл кеңсе қызметінен қолы босағанда Майлыбай екеуі Анатолий мен Әнуарды қасына алып күйген кірпіштерді, шала жанған қораның ескі ағаштарын жинап, содан үйдің қаңқасын құрап суық күзге дейін баспана жасап алуға кіріскен еді. Мұқайдың милиция отрядының арнаулы тапсырмамен селоға келуіне байланысты бұл күндері жұмыс жасауға қолы тимеген.

Бүгін Шестаков екеуіне әсіресе Усковский мен ескі шіркеу попын қатты бақылауға алуды тапсырған соң жатаққа күндегідей ерте кетпей селода бөгеліп қалуға сылтау іздеді. Үйіне кеп алаңсыз шаруа тірлігімен шұғылданған кісі секілді бөрене, тіреу таңдаған боп, әр ағашты бір ұстап тағы бір жерге шеге қаққан боп күйбеңдеп жүрді. Мұнысы зая кетпеген секілді. Ымырт жабылғанда арбалы, жаяулы көп адамның Сигаловтың



үйіне қарай абыр-сабыр шауып бара жатқанын көріп қалды. Сигаловтың үйі Крутикованың үйімен қатар, бір көшенің бойында. Жолшыбай Наримановқа соғып әрі бұл жиынның себебін білейін деп Крутикованың үйіне келді. Зоя бұл адамдардың оқыс жиналып жатқан себебін анығырақ білетін боп шықты.

— Бүгін Сигаловтың қуанышы мол. Қызын байға бергелі жатыр. Күйеуді ертіп құдалар жағы келген. Күйеу бабындағы балғын жігіт емес отызға тақап қалған талайды таптаған кәртәміс қу ма деп қалдым. Усковскийдің нағашы жиені білем. Солдаттан жақында босаныпты, —деп бірсыпыра әңгіме айтып тастады.

Тимофей қайран қалды.

— Усковскийдің жиені дейсің бе?

— Несіне таңғаласың? Мына қырғын соғыстан соң жұрт тумасын іздеп, бауырларын тауып жатыр ғой. Басына іс түскенде құдайын танитын әдеті емес пе?

— Усковский сол үйде ме?

— Енді қайда болмақ. Жиенін үйлендіргелі жатқанда оның қызық тамашасының ортасында жүрмесе, ағайындығында қандай қасиет бар. Өкіл әкесі де сонда.

— Өкіл әкесі кім?

— Біздің шіркеудің попы Алексей.

Тимофей ойына күдік алып үндемей қалды.

Нариманов екеуі оңаша қалғанда, ол:

— Бұлар бұл үйде бекер жиналып отырған жоқ. Құда түсу деген жәй сөз. Қапыда қалмайық. Қызыл командир Ахмет жөнінде әкесімен сөйлеседі деп естігем. Кетіп қалмай тұрғанда тез барып айтайын, — деп есіктен асыға шығып бара жатып қайта бұрылды. — Жолда Шестаковты көрсем осында жіберем. Жалғыз ол маңға жолаушы болма, тілінді алса Зояны жұмсарсың, — деді.

Тимофей жатаққа келгенде Мұқай аттанғалы жатыр екен. Жүгіре кеп Сигаловтың үйіндегі той жиынды асыға баяндады.

Мұқай ойланып тұрып аттан түсті. Үйге кірді. Тимофей мен Майлыбайға кезек қарап отырып:

— Тойға жиналған еркек саны жиырмадан асады дейсің бе? Ал, келмей сыртта жасырынып жүргендері және бар шығар. Мұнда небары алты-ақ милиционер бар. Сендерден мылтық ата білетін тағы бес-алты адам қосылар. Күш мүлде аз, — деп отырды да, Хафизге қысқа әмір берді. Дереу барлық жауынгерлерді осында жина, бас қосайық, ақылдасайық. Наримановты қозғама, орнында қалсын. Бақылауды күшейтсін. Бізден бұйрық алмай өз бетінше соқтығып жүрмесін!

— Күп болады! — деп Хафиз зыта жөнелді.

Азуақыттан кейін аттылы милиционерлер Майлыбайдың үйіне түсе-түсе қалысты. Мұқай әрқайсысына көзін қадап өтіп:

— Алдымызда аса күрделі қиын міндет тұр. Жағдайды анық түсіну үшін сендерге құпия жоспар сырын ашайын: Дудконның бандасы Жолбарыс асуының сағасында ұя теуіп, орналасқанын Махмұд біліп келген болатын. Бандаға соққы беретін мол қол ертең кешке қарай Жолбарыс асуына жетуге тиіс. Үлкен күш жайласып алмай тұрып селода әрекет-қимыл жасауға тиым салған Қасымханның бұйрығы бар. Мана Усковскиймен сөйлескенде ертеңге кел деп жүргенім сол еді. Бұлардың бұлай оқыс жиналуы тегін емес. Қане, не істейміз? Қандай ұсыныс бар? — деді.

Милиционерлер біріне-бірі көз астымен қарасып үндемей тым-тырыс отырып қалды. Майлыбай Қызыл командирдің өзі қаладан келген әскермен бірге қатарға қосып ақыл салып отырғанына дардай боп көтеріліп қалған. Сол сенімді ақтап қайткенде пайдалы ұсыныс айтып қалғысы келді. Қозғалақтап, тамағын кенеп жөткіріп алды да:

— Дұшпан әлгі айтқандарындай үйдің іші мен сыртына шығып жатса, онда қарасы әжептәуір екен. Бетпе-бет шайқасып, тайталасып есе қайтару, сірә қиын болар-ау деймін. Бір айла тапқан жөн шығар, — деп отырды да, — Әуелде қанды майдан шайқаста саны көп ұтпайды, ақылы көп ұтады демеуші ме еді. Сол жиналып отырғанның бәрін дұшпан деп танысаңдар бұлай бекер уақыт

кетірмей дереу барып отырған жерінде қамауға алып, қаруларын тастаттырып өздерін дәрменсіз, шарасыз ғып тастамайсыңдар ма? — деді.

Шестаков пен Тимофей бір-біріне қарасып:

— Осының айтқаны ақыл-ау! — деді.

— Бәсе, солай неге жасамаймыз? — деп басқа отырған жігіттер де бұларды қолдай жөнелді.

Мұқай ойлана отырып салмақты жауап қатты.

— Сол көп адамның ішінде біз күдік алған тек үшеуі ғана, олардың банданың белсенді мүшелері екенін анық білеміз. Қалғаны мәлімсіз. Бұлар шынында тойға келген адал жандар болса қайтесің? Қарулы топ барған соң айқай-шу шығып, мылтық атылатыны даусыз. Сен атпағанымен Усковский бастайды. Әрине, оған жауап қатасың. Сонда қуанышқа, тойға, Қызыққа оқ атып жатқанымыз қалай болады? Сонан соң Усковскийлерді сыртта қараңғы тасада қорғап жүрген күзетшілері жоқ дейсің бе? Ал мен ондай күзетшілердің барына мықты сенем. Бәрімізді бұрылуға мұршамызды келтірмей сәтінде қиратып салады. Бәлкім, Усковский өз серіктерімен әдейі осылай тор құрып алдап түсірмек түрі бар шығар. Соны көре, біле тұрып мұндай қатерге бара алмаймыз. Бізге Сигаловтың үйінде не боп жатыр? Қыз айттыра келгені шын ба? Күйеу және оның серіктері қайдан келген? Осы жайларды анықтап біліп алмай дәл қазір Сигаловтың үйіне бара алмаймыз, — дегенде, әлгінде атқа қонуға жұлқынып отырған жігіттердің желігі басыла қалғандай болды.

Шестаков ақырын күрсініп:

— Бұл жайды ойламаппыз ғой, — деді.

Өзінің тамырын мақтаныш көретін Майлыбай Тимофейді шынтағымен түрткілеп:

— Әй, Түймебай, талай қысылшанда жол тапқан тарлан едің ғой. Бірдеме десеңші! — деді.

Тимофей тығыз қалың мұртын саусағымен сипай отырып, ойлана сөйледі.

— Мен осы селоның тұрғынымын. Әрі Совет председателімін. Сигалов қызын ұзататын боп, құда мен күйеу

бала кеп жатыр екен. Игілігіне тілек айтып кіріп шықсам қайтеді? Отырып әңгімелескен соң тойға жиналғандардың кімдер екенін анықтап біліп қайтам ғой, — дегенде, Майлыбай көтеріліп қалды.

— Бәсе, солай десеңші. Сен біздің өкіметімізсің. Саған жол ашық. Ешкім тимейді. Оның үстіне көршіге құтты болсын айту, құдайдың жөні емес пе? Анау-мынау бәле көрінсе, мен бер жағынан барып терезеден қарап тұрам ғой. Қасыңа жетіп барам, — деп өзін бойбермес күш иесіндей көрсетіп қойды.

Мұқай:

— Ақ ниеттеріне рақмет. Тимофейдің сол үйге бармақ түгіл сол маңайға жолауына тиым салам. Бандалардың кектеніп, өлердей өшігіп жүрген адамдарының бірі Тимофей Иванов. Сельсоветтің председателі әзірге менің қасымда болады, — деді де, жігіттерге әмір берді. — Хафиз, сен Боранғұл қойшының үйінің жанына қойылған пулеметті мұнда тез алып кел. Селодан ығысқан банданың алдын тосамыз деп жүргенде бұлар мұнда бәрін қиратып, қан жоса ғып кететін түрі бар. Онда Асхат қалсын. Боранғұл қойшы мылтықты жақсы атам, ұшқан құс, қашқан анды құр жібермеймін деп еді. Қауіп төнсе қасына серік етсін. Мұнан көмек күтпесін. Сенің келуіңді күтем, — дегенде Хафиз мақұлдай есіктен шыға жөнелді. Мұқай енді Шестаковқа бұрылды. — Николай, саған өтініш Наримановтың қасында бол. Сен пәтерші адамсың. Күндегі әдетіңше, тамағыңды ішіп, жайласып, демалған бол. Бірақ қолың нағанда болсын. Егер тіліңді ала қалғандай болса Крутикованы Сигаловтың үйіне жұмсап байқарсың. Қайткен күнде Усковскийлердің онда не істеп жатқанын, пиғыл-ниетін білуіміз керек. Өйтпесек бүкіл ынта-әрекетіміздің бәрі зая кетеді. Дәл қазір қорғанғаннан басқа не істеу керек екенін біле алмай отырмын.

Шестаков нағанын оқтап қалтасына салды да:

— Сигаловтың үйінде не боп жатқанын білуге тырысармын. Бірдеме біле қалсам дереу хабарлаймын, — деді.

Мұқай Шестаковты сәл бөгеп:

— Мұндағы жаңалықты да өзіне жеткізіп тұрам. Усковскийдің дiттейтiнi сельсоветтiң кеңсесi. Мен сонда боламын. Қысылшаң кезде бiзге көмекке келетiн де, кашқан жаудың алдын тосатын да резервтегi күш екеуiңсiң. Өздерiңе үмiт артам, — дедi.

Бұл кезде Сигаловтың үйiнде де қызу әңгiме боп жатқан. Өкiл әке күйеу баланы көрсетiп қыз айттыру кәдесiн жасаған соң келген «кұдалар» арақ-шарап қойылған ұзын столға сығыса отырысты. Күйеу бала атанып келген Васильев едi де, қалыңдық Надежда Сигалова болатын.

«Василек» деген лақап аты тараған Васильев мұнда шұғыл тапсырмамен келген. Өткен жұмада Дудконың сенiмдi жендетi Сұлтанқарамен Жаркентке кеткен Ғапаров сәрсенбi күнi «Қыран ұясына» оралуга тиiс екен. Сол «Адвокат» асуға оралмаған. НКВД-нiң қолына түсiп қалды ма деген қауiп бар. Селодағы Кулаковтың астыртын тобын «Адвокат» жақсы бiледi. Ол милиция қолына түсе қалса бүкiл астыртын топқа қатер төнбек. Дереву селодан кету керек.

Васильев өзiнiң сенiмдi серiгi Есютиндi және жай киiнген үш солдатты ертiп Дудконың бұйрығын Кулаковқа ала келген. Бейтаныс адамдардың селода қаптап жүргенi ең алдымен Тимофейдiң көзiне түседi. Және мұнда милиция отряды бар. Кулаков осыдан сескенiп «Кұда түсу», «Қыз айттыру» сылтауын өзi ойлап тапқан едi.

Надежда ересек бiр топ адамның «Күйеу мынау, қыз көруге, құда түсуге келдiк» деген сөздерiн естiгенде зәресi кеткен едi. Зина қызын жұбатты.

— Бұл өзi менiң еркiмнен тыс болған нәрсе. Әкең мұны қайдан тапқанын бiлмеймiн. Дәл бүгiн мойныңа бұғау түсе қоймас. Ертең не боларын тағы көрермiз. Мұнда шiркеудiң попы отыр. Жамандыққа бара қоймас. Қызметiндi асықпай, үрейленбей биязы жаса, сырынды алдырушы болма, — деп сыбырлап ақыл айтты.

Надежда шешесiнiң тiлiн алып «Кұдалар» отырған бөлмеге самаурынмен шай кiргiзген. Аракiдiк қызға тән

әуестікпен «күйеу» жаққа көз қиығын тастайды. Торсық шеке, қоңырқай жүзді көк көз жігіт. Сәндеп қойған мұрты бар. Үстінде омырауы кестелі қайырма жағалы аң көйлек, белінде шашақты жұмыр жібек белбеу, басына қалың қатырмасы бар кепка киген.

Надежда кесемен шай үлестіріп жүргенде Васильев оны бөгеді: Саусақ ұшымен қыздың мойнын, иегін шымшылай сипалады. Надежда қол сыртында тұтасқан қалың қара сүйелді көргенде тітіркеніп кетті. Кесе толған подносын жерге тастап жібергенін байқамай қалды. Әнуар Шарбануды өлтірген бандиттің саусақтарының түбі жыпырлаған қара сүйел екенін айтқаны бар-тын. Үйден жүгіре шыққанда отырғандар қарқылдап ду күлісті. Тегі беті ашылмаған қыздың ұялғаны деді ме, бұған назар аудармады.

Надежда есікті тарс жауып жотасымен тіреп тұра қалды. Тұла бойы қызынып, жүрегі тулап, алқына түсті. «Бұлар кім? Күйеу қайдан келген жігіт? Шарбануды өлтірген бандит болса, ол мұнда неғып жүр? Милиция неге ұстамайды?» деген ой келді.

Іштен көңілді үндер естіліп жатты.

Усковский:

— Әй, «Василек», құрық тимеген асау байталды мінгелі отырсың. Тізгінінді мықтап ұста, бой бермей алып қашып жүрмесін! — деп қарқылдай күлді. Оны гүжілдеген дауыс қолдады.

— «Василектің» аузының салуы бар. Ылғи сұлуын, бұзылмағанын, дәмдісін соғады. Осыдан қалғанына қанағат қып біз жүре береміз. Осы әділеттік пе?

— Сарқыт қалдырғанына шүкір-де!

Надежда шіркеу попының даусын анық таныды.

— Жә, қоя тұрыңдар. Мына шаруаны келісіп алайық. Бүгін күндіз Усковский милицияның қызыл командиріне жолығып, ертең кездесуге уәде байласыпты. Қане, бұған не айтасыңдар?

— Не айтатыны бар. Папканы беріп жатқан кезде нағанды кеудесіне тақай тұрып алдымен комиссарын, сонан соң советтің құйыршығы Тимофейді жайратып

салам, — деді Усковский екі алақанын ысқылап қойды.

— Оларды өлтірген соң, — деп поп саусағын көтерді, — Совет үйіне от қою керек. Бұл бізге берілетін сигнал болмақ. Осыдан соң большевиктерге тілектестерді, жаңа өкіметке мойынсына бастағандарды және антын бұзған казактарды көшеге айдап шығып бүкіл село алдында қылышпен турап тастау керек. Атаманшылардың әлі қаһарлы екенін білсін.

Васильев қабағын шытып күміс шанышқыны табақшаның үстіне тастай салды.

— Қызыл командир түстен кейінгі уақытты неге тағайындағанын білесің бе?

— Аз да болса өмір сүргісі келген шығар. Маған кездескен сәтте өледі ғой, — деп Усковский сөзін әзілмен аяқтамақ еді.

Васильев:

— Мұның бәрі далбаса әңгіме. Қызылдардың қулық-сұмдығынан сабақ алатын кездерің болған жоқ па? Оның біз білмейтін есебі бар. Бәрің қырылып, топырақ астында көмілгілерің келмесе, бұл операцияны жолығу шартын күтпей, ертең таңертеңнен бастау керек.

— Қызыл командир бұл кезде селода болмайды.

Васильев Усковскийге бажырая қарады.

— Оның керегі не саған?

— Құшырлана кек алсам деп ем.

— Уәде байласқан мезгілде барсаң, ол сенің басыңды қырқып түсіреді.

Усковский алақанымен мойнын сипалады.

— Тіпті сенгің келмейді.

Кулаков дауысын қырпап:

— Қандай кеңес айтасың? — деді.

— Бұл күндері Тимофей Иванов кеңсеге түнеп жүрген көрінеді. Ертең де дәл болады деп жорамалдайық, — деп Васильев орнынан тұрып көйлегін беліне қарай сырып қойды.

Таң атқан кезде күзетші милиционер де ішке кіріп тынығатын көрінеді. Усковский мен Сигалов бейбіт кейіптегі кісіге ұқсап таңертеңмен кеңсеге барады.

Бұлардың жүрісіне күдік ала қоймас деп ойлаймын. Бұлар командирдің бар кезінде де онда болған. Есікті ашқан сәтте Усковский мырза алдымен милиционерді, сонан соң Тимофейді атады. Мылтық дауысы шыққанда Сигалов үйге от қояды. Бәрімізге берілетін сигнал сол қызыл жалын. Бізге папканың керегі жоқ. Бұл большевиктің алдамшы амалы. Өйтіп көпе-көрнеу торға түсетін жайымыз жоқ.

— Осы сөзіңнің жаны бар. Мен енді ғана аңғара бастадым, — деп Кулаков алдындағы арақты сырғытып қойды. — Әрине, Усковскийлер жалғыз болмайды. Шіркеу түбінде күтіп тұрған қарулы қол әлгі айтқан тұрақсыз адамдарды көшеге айдап шығып, алаңға жинайды. Мұның бәрі тез жасалуға тиіс.

— Селода не бәрі төрт милиционер бар екен. Осыншамыз отырып оны жайрата алмасак, онда қылыш ұстап еркек боп жүрмей-ақ қояйық, — деп Васильев әңгіменің тәмамдалғанын білдіргендей стақандағы арақты көтерді. — Жеңіс үшін!

Усковский арақты қағып салып, жұдырығымен столды қойып қалды.

— Қызыл командир құтылып кететін болды. Оны да өз қолыммен жайратсам деп ем!

Кулаков күлді.

— Сен солай жасағалы отырған жоқсың ба? Большевиктер қатын қуып, карта ойнап жүрген, қарауындағы милиционерден айрылған командирді ұстап тұрмайды. Сен үшін олар өздері-ақ жазалайды.

— Әулие әке, бұл жолы мені көндірді. — Усковский көңілдене орнынан тұрып: — Мұның бәрі «Василектің» сәтті қадамынан боп жатыр. Қане, күйеудің денсаулығы үшін алып қояйық, — деді.

— Күйеу үшін! Қалыңдық үшін!

Надежда бұлардың дабырын естіген жоқ. Бұлардың бандалар тобынан екенін білгеннен кейін шәлісін иығына жамыла сап далаға жүгіріп шықты. Ақ қайың түбінде Әнуардың күтіп тұрғанын біледі. Солай қарай жүгіре басып келе жатқанда біреу иығынан бүріп ұстап тоқтатты. Бұл — Есютин еді.



— Дәрет сындыруға жібермейсіз бе? — деп бұлқынғанда, Есютин «Василектің» қалыңдығын танып:

— Кешір, бикеш, танымай қалдым, — деп қолын босата берді.

Майлыбай үйге сирек келетін қадірлі қонақтың дағдарып, күйзеліп отырғанына өзі кінәлі кісідей:

— Әлгі Әнуардың үйде жоғын қарашы. Кешке дейін тозаңға барып қаңғиды да жүреді. Келе қалса селоға жіберіп жағдайды білер едік, — деді.

Анатолий көрпенің астынан басын қылтитып көрсетіп күңк ете қалды.

— Әнуар Надеждамен қыдырып жүр.

Майлыбай жалт қарады.

— Әй, Анателе, оны қайдан білесің?

Анатолий көрпеге басын тығып жауап қатпады.

— Бұлар бір-бірінің сырын ашса ант бұзғандай көреді. Қарашы, үндемей қасарысуын, — деп Тимофей басын шайқады.

Мұқай:

— Бұл бала араласатын іс емес. Қинамайық, — деді.

Осы кезде жалаң аяқ, жалаңбас, үсті басы топырақ боп Әнуар кірді.

Іздеген адамы алдынан шыға қалғанына қуанып кетті.

— Ағай, сізді іздеп кеңсеге де бардым, — деп босағаға жүйкелеп отыра кетті. — Сигаловтың үйінде бандалар жиналып, таңертемен барлық тұрғындарды қырып салайын деп жатыр. — Ол Надеждадан естіген әңгімесін түгел айтып берді.

Үй іші абыржи отырып, бар ынтамен тыңдап қалған еді.

— Ойпыр-ай, таңертең дей ме?

— Өздері сонша көп пе?

— Қамсыз жатқан елді қырып кетпек екен ғой. Енді қайттік! — десіп шарасыздық білдіргендей болды.

Шұғыл ойланып қалған Мұқай:

— Олардың шабуылға шығуына белгіні кім бермек екен? — деп тағы анықтап алғысы келді.

— Кеңсе үйі өртеніп, қызыл жалын аспанға атылған

кезде олар өздері өштескен үйлерге лап қойып бала-шаға демей бәрін көшеге айдап шықпақ. Қарсылық көрсеткен, қашқан, айқай-шу шығарғандар табанда қылышпен шабылып тасталады. Сонан соң пулемет оғын боратып, селоны шошыта оятып, барлық жұртты шіркеу маңына жинамақ. Жазалауды сонда орындайтын түрлері бар.

Мұқай Әнуардың қасына жүресінен отырып:

— Мейлі, олар жиырма болсын, отыз-қырық болсын, енді бізге қорқынышты емес. Сендердей революция қарлығаштары тұрғанда бізді ешқандай дұшпан жеңе алмайды, — деп Әнуардың күн қаққан қолын екі алақанына сап ақырын қысты. — Көп рақмет, Әнуар. Өз атымнан, бүкіл уезд милициясы атынан қырғыннан құтқарылған жазықсыз жандар атынан өзіңе және сенің көмекшіңе — Революция қарлығаштарына шын алғысымды айтам. Мұны әскер тілімен айтқанда разведчик дейді. Кейде олар жүз банданы емес, қарулы мың қолды жеңетін ерлік жасайды. Бұл хабарды саған айтқан адам сондай ерлік жасаған. Оған менің алғыс ілтифатымды жеткіз. Екеуіңе Қызыл разведчик деген ат қойдым. Алөзіңе тартқан сыйым мынау, — деп қалтасынан шынжыр баулы күміс сағатын ұсынды.

Әнуар сағатты қызыға қарап ұстап тұрып Мұқайдың өзіне қайтарып берді.

— Рақмет, ағай, жатаққа және маған дәл қазір мұның пайдасы жоқ. Мұнда мезгіл сағатпен өлшенбейді. Күннің жылжуына қарап асықпай тұра береміз. Ал сізге әр сағат, оның әрбір минуты қымбат. Дұшпанды тезірек жойып Ахметке көмектесіңізші. Ағам үйге қайтсын! Басқа сый сұрамаймын! — деді.

— Ахмет қайда жүр? Оны білесің бе?

Анатолий көрпе астынан күңк ете қалды.

— Ахмет тауда бандиттерден кек алам деп тасада мылтығын кезеп тығылып жатыр. Бүгін екеуімізге апам берген таба нан мен көжені соған апарды, — дегенде, Майлыбай:

— Алда садағаң кетейін-ай, — деп Әнуарды баурына қысып құшақтай алды. — Қарлығаштай шырылдап ағаңа болысып жүр екенсің ғой. Байқұс әкенді жылатпай құлағына сыбырлап қойсаң қайтетін еді.

Айғаным баласының сөзін тыңдап таң-тамаша боп отырған. Құртақандай қарашығының соншалықты есейіп, ер жетіп кеткеніне таңғалады. Майлыбай:

— Бәйбіше-ау, неге отырсың, балаларыңа тамақ берсеңші, — деді.

Айғаным қарын құрышында қалған сары майды тостағанға салып жұмсақ таба нанды молырақ үзіп Әнуар мен Анатолийдің алдына қойды.

— Айналайын, жендер. — Тарамыс қолымен екеуінің маңдайынан сипады.

Мұқай сүйсіне қарап тұрып:

— Мынадай ұлы бар, мұрагері бар әке мен ананың арманы жоқ-ау! — деп Тимофей мен Петровты және екі жасақшыны ертіп сыртқа шықты. Даладан Хафиздің дауысы естілді. Әнуар бұлар қайтып келетін шығар деп ойлап еді. Олар қайтып үйге кірмеді.

Жазғы таң тез атты. Жиектегі ақша бұлттар күн көтерілген сайын шудалана таралып ыдырап көше бастады. Бұл кезде Васильев пен Кулаков ат үстінде шіркеу қасында биік дарбаза тасасында тұрған. Васильевтің астында шабдар ат, Кулаковтың мінгені құйрық жалын күзеген көк бие. Екеуі кеңсе жаққа көз тіге қарайды. Аспанға қызыл жалын атылып, өрт шыққанын күтіп тұр.

Бүгін түнде арақты тоя ішкен Васильев қалыңдығының жанына түнеп шықпақ боп Надежданың бөлмесіне келген. Төсектің басына сүйеніп ой үстінде отырған Надежданы қапсыра құшақтап төсекке атып ұрғанда мұндай өрескелдікті күтпеген қыз қатты шошып шыңғырып жіберді. Біреуі көмекке келер деп үміт күтіп еді. Үлкендердің күлкісін ғана естіді. «Күйеудің» бұл қылығын мақұлдап әдейі жіберіп отырған секілді. Васильев кеудесінен басып, шындай бастағанда білегін тістеп қыршып алды. «Күйеу» ыршып шегіне бергенде іштен теуіп жіберді. Васильев

есікті жотасымен домалай аша «Құдалардың» қасына шалқалай құлап түсті, наганын суырып алып ұмтыла бергенде Кулаков білегінен шап ұстап:

— Болды, есіңді жиғын! — деп қолындағы наганын жұлып алды. — Мұның не, қазір милиция келсін деп тұрсың ба? Жоспарды жоймақсың ғой!

Васильев жұлқынып, күйініп орындыққа сылқ түсіп отыра кетті.

— Бұл қаншықты ашкөздердің қолына беріп талатпасам көріп тұр! — деді.

Қазір ол өткен түннің сәтсіздігін өкінішпен есіне алды.

— Түнде сол крестьянканы аяған жерін аямай жапырақтап тастайтын едім. Мен ақымақ сенің тіліңді қалай алғанымды білмеймін. Мұны ешқашан кешпеймін!

— Бүгін оны Асуға алып кетесің. Еркіңе тиген соң қолыңнан ешкім қақпайды. Турайсың ба, күлге аунатасың ба, ықтиярың!

— Біз сияқты босқындардың қызық ләззаті аймен, аптамен, әуелі күнмен өлшенбейді, сағатпен, кейде минутпен ғана бітеді. Қапы қалсаң қайта оралмайды. Түнде мені бекер бөгедің!

Кулаков үзеңгіге аяғын тіреп мойнын созып кеңсе жаққа қарап тұрған. Сигаловты көріп шоқынып алды. Мұны көзі шалған Васильев мырс етіп басын шайқады.

— Құдайға сенесің бе?

— Әйтеуір біреуге сену керек қой!

— Мен тек өзіме ғана сенем!

— Сигалов кеңсе қасында тұрған секілді.

Мұншама кешіккені несі?

— Усковскийдің сырын білесің. Кісі өлейін деп жатқанда оған өштігін әбден түсіндіріп қалғысы келеді. Сельсоветтің председателіне оның қылмысын сабақтап талдап жатқан шығар.

Үйдің төбесіне және ішінде үн шығармай үңіле қараған көп адам Усковский мен Сигаловтың келе жатқанын анадайдан көріп тұрған. Тимофей терезенің желдеткіш әйнегін ашып қойған болатын. Терезеден көріп қалған кісі боп:

— Яша, таң атпай неғып жүрсің? — деді.

— Жұмыспен келдім, председатель, бүгін Қызыл командирдің тапсырмасын орындамақ едім ғой.

— Ә, білем, бұл әркімге жүктеле бермейтін үлкен құрмет қой.

— Кешке қарай жолығам дегенбіз. Соған дейін қарағай кесетін орынды көріп қайтсам деп едім. Мөрінді басып бере қой.

— Үйге кір.

Усковский босағаны аттай бергенде өзіне не болғанын білмей қалды. Екі қолын артқа бұрып қайырып, кеңірдегінен шаншып тұншықтыра ұстап әп-сәтте ар жақтағы бөлменің біріне алып кетті.

Сигалов ішке құлақ түріп, жан-жағына алақтап қарап тұр. Қора ішінде көп аттардың байлаулы тұрғанын көзі шалып қалды. Бұған қалың әскер қаптап шауып келе жатқандай көрінді.

— Қашыңдар! Құтылыңдар! Бізді ұстап берді! Арамыздан сатқын шықты! — деп шаба жөнелді.

Хафиз бен пулеметшіге бұ жақтан әмір болмай мылтық атылмасын деп айтылған соң олар не істерін білмей дағдарып қалған еді. Оның үстіне Сигаловты дәл көздеп ату қиын. Үй-үйдің тасасымен бұғына жасырына қашып барады.

Сигаловтың дауысын Васильев пен Кулаков та жақсы естіді. Бұларға көп баяндамай үйіне қарай шауып бара жатқанына күдіктене қарасты. Васильев өзінің шапшаңдығына басып:

— Бүкіл қолмен барып кеңсені талқандаңдар. Мен не болғанын білейін. Со жақтан Есютиндерді ертіп пулеметті алып келем. Бұл қызыл сволоталардың көзін жоймай кетпейміз! — деп Сигаловқа ілесе шаба жөнелді.

Сигалов аттан түсе салып үйге жүгіріп кірді. Зина түнде «құдалар» былғап тастаған ыдыс аяқты жуып жатқан. Сигалов жетіп келіп:

— Әлгі салдақы қаншық қайда? — деді.

— Құдай-ау, оның кім? Кімді айтасың?

— Бұл иттің мылқаусынуын қара. Қызыңды айтам! Қайда ол?

— Осында жүрген.

Сигалов жұлқына Надежданың бөлмесіне басын сұқты. Жүгіріп далаға шығып үйді айналып өтті. Қораны қарады. Зинаны желкелеп сыртқа алып шықты.

— Қызың қайда? Жаныңның барында айт! — деп қанжарын суырып алды. — Айт шапшаң! — Ол Васильевті көріп қалып, — мұнда неге келдің? Қаш, құтыл! Бәрімізді ұстап берді. Ол опасызды жайратып кетем! — деді.

— Есютин қайда? Пулеметті алмады ма?

— Қайдағы Есютин! Олардың бәрін қырып салды. Айналаның бәрі қызылдар.

Васильев Крутикованың үй жағына көз тастады. Көшенің ар бетінде қан жоса боп біреу жатыр. Есютин екенін таныды.

Шалқасынан құлаған. Екі серігі де үйге жетпей етбетінен түсіп жер құшқан. Кеңсе жақтан «Уралаған» дауыс естілді де пулемет қатарынан сақылдап атылған кезде су сепкендей жым бола қалды. Крутикованың үй жағынан қосарлана үн қосқан пулемет оқтары қара жол үстінен зулап өтті. Васильев өздерінің аядай жерде қамалып қалғанын сезді. Шабдарға міне салып көп үйді тасалай жылғаға түсіп тауға қарай шаба жөнелді. Бұл тұста «Адвокат» екеуі ғана білетін жасырын соқпақтар бар еді. Бөктерді қиялап өте бергенде қарасын көріп қалды ма төбеден қорғасын оқтар борап өтіп тына қалды. Сол жақ иығы дызылдап, ұйып ауыр тарта бастады.

Надежда шешесінің шыңғырған дауысын естіп шыдамай үйіне қарай тұра жүгірді. Нариманов соңынан қуып айқайлап келеді.

— Надя, тоқта! Онда бандиттер бар!

Сигалов атына мінейін деп жатқан. Надежданы көріп тізгінін тастай салды. Мылтығын кезеді. Мүбәрак қызды қуып жетіп, қолынан сүйрелей жұлқа тартып бар денесімен қалқалап тұра қалды. Ентіккен қалпы:

— Таста қаруыңды! Атам! — деп бұйырды.

Сигалов атып жіберді. Нариманов тәлтіректеп тап-тап басып алға жылжыды.

— Өлтіре алмайсың! Таста қаруыңды! Көтер қолыңды!

Сигалов үрейі ұшып дірілдеп кетті. Тағы атты. Нариманов бұралаң етіп құлады да ішін басып қайта тұрды. Тәлтіректеп алға ұмтылды.

Надежданың шырылдаған дауысы естілді.

— Неге атпайсың? Өлтіреді сені!

Қыздың осы айқайы себеп болды ма Нариманов кезеп келе жатқан нағанының шүріппесін тартып қалды. Сигалов бақыра кеп алдына етбетінен құлады. Нариманов жерді соңғы рет басып аттады. Өлі дене Сигаловтың үстіне былқ ете түсті.

Кеңсе жақтан «Жасасын, Революция қарлығаштары!» — деген айқай, шаттық үн естіліп жатты. Жер бауырлап ұшып келе жатқан қарлығаштар қара жол үстіндегі өліктен шошынғандай жалт беріп, шырқай көтеріліп адам даусы шыққан жаққа қарай самғай берді.

## ЖОЛБАРЫС АСУЫ



Қасымхан үлкен отрядты алға жіберіп өзі Жүсіппен бөлек кетуінде себеп бар еді. Оны уезд адамдарының көбі таниды. Қайткенде қол бастап бара жатқанын жат көзге білдірмеу, сездірмеу еді. Олар Жолбарыс асуына баратын тау соқпағына Аңызак айтқандай бесінші күні емес, сәрсенбінің кешінде жетті. Сол түні аялдамай адам ізі түспеген қиыршық тастақпен биік жоталарды бөктерлей жүріп отырып күн шыға бандалардың мекен-жайының дәл желке тұсынан шықты.

Жолбарыс асуының етегі айналасы бір-екі шақырымдай құрақты көкшалғын екен. Көгалды кесіп ағып жатқан бұлақ суы күн нұрымен күмістей құбылып жалтырайды. Тау бөктері сазды, салқын. Өзен бойына қарағай мен қайың арасына кенеп шатыр тігілген. Сондай шатырдың бір-екеуін

ескі тамдардың қасында орнатыпты. Өрменірек Тасүңгір жақта биік тастың қалқасында да жаппа тәрізді күркешіктер көрінеді. Сол тұста екі-үш аттың ері алынбаған. Біреулер әлгінде ғана ауыл жақтан келген немесе со жаққа жүргелі жатқан түрі бар. Қалған аттар ескі тамның қалқасындағы ағаш шарбақтың ішіне қамалған. Бандалардың «Қыран ұясы» деп аталатын мекені, міне, осы!

Қасымхан тау басына Аңызакты әдейі қалдырып кеткен еді. Пулеметтен тасырлата оқ атылған сәтте аспанға бір қызыл, бір жасыл ракета ағып Махмұдқа операцияның басталғаны жайында шартты белгі беруге тиіс. Әлден уақытта ескі тамдардың қасындағы шатырдан екеу шықты. Кеуделері тұтас жалаңаш, өзенге қарай беттеді. Жуынуға бара жатыр.

Қасымханның қасында осы көріністерге телміре кадалып жатқан Жүсіп ақырын сыбырлады.

— Қамаулы аттарды босатып жіберсем қайтеді?

— Күзетшілер көріп қалып жазым етіп жүрер.

— Анау жуынуға бара жатқандар күзетшілер ме деймін. Соның біреуі мен секілді қап-қара неме екен. Мынадай тыныштық, ұйқылы-оюу шақта бізді дәл желке тұсынан андып жатыр деп ойламас. Тәуекел! — деп көйлегін шешіп тастап жалаңаштанып алды да шөп басқан жылғаның бойымен бүкшендеп жүгіре жөнелді. Әлден уақытта аттардың оскырына үркіп шегінгені байқалды. Сонан соң қасқа күрең басын төмен салып жай басына шықты да басын сілкіп пысқыра түсіп оскырынып шапшаң желе жөнелді. Қалған аттар да қақпадан қабаттаса қысылыса ұмтылып ойнақтап шауып барады. Өзен жағасында жуынып жатқан екеуі түрегеле состиа қарап тұрды да:

— Аттарды кім босатты? Ұстандар! — деп айқайлап тұра жүгірді.

Мылтығын кезеп жатқан Қасымхан алға түсіп далақтап жүгірген қара банданы қалпақтай ұшырды. Сол сәтте екі жақтан қайшылай атылған пулемет оқтары бұршақша борады. Шұрқ тесік кенеп шатырлардың өр тұсы бүлкілдеп, тулап ащы айқай естілді...



Махмұд өзінің серіктері Көдек пен Әзиз үшеуі Тасүңгірге сәрсенбі күні кешінде жеткен болатын. Бұлар да таңның атуын күтті. Қасымханның отряды орналасқан мезгілде Тасүңгірге бет алады. Бұл түні көз ілінбеді. Ертеңгі күн жайында көп ақылдасты. Алғаш ақ жалауға салынған екі басты самұрық құстың суреті жол ашар, бандалармен бетпе-бет тілдесуге жарап қалар дегендей сенім бар еді. Тасүңгірге жақындаған сайын оның көмегіне күмән туды. Бандалар бұлардың «көп ақша» алып келе жатқанын білсе Дудконың айтқанына көнбей оны иемденіп қалуға тырысатыны айқын. Үңгірден өткен соң әрі қанша жер жүру керек? Күзетшілердің саны көп пе? Ашық күзет пен бірге жасырын постысы боп жүрсе қайтеді? Оны қалай жоя алады? — Осындай сұрақтар бірінен соң бірі туып жатты. Ақыры Көдек мынадай ұсыныс айтты.

— Өзім шабан болғанмен мылтығым шапшаң. Қара тастың тасасынан қалай тығылса да көзге ілінер болса қалпақтай ұшырам. Махмұд екеуіміз қоржыны тоқ саудагерге ұқсап жүре берейік. Күзетшілер тоқтатса сол жерде жағдайға қарай көрерміз. Ал Әзиз біздің ту сыртымыздан бағып, қорғап жүріп отырсын.

— Ақылыңа болайын, — деп Әзиз әзілін бұл жерде де тыймады. — Сендей өңкиген қазақты ешкім саудагер деп ойламайды. Көрген жерде тілге келмей атып тастайды. Өйтіп, ақылшымнан айрылар жайым жоқ. Мен болсам сыптай, қол-аяғым жинақы, пұл қуған ашкөз алыпсарға ұқсаймын. Алдауға ебім бар.

Махмұд мақұлдап кетті.

— Көдек таласпа, Әзиздікі дұрыс. Сен көрінбей-ақ қой. Көпе-көрнеу өлімге жібере алмаймыз. Біздің де бұл кездесуіміз немен тынатынын білмеймін. Әйтеуір сыртымызда сенетін біреу болу керек қой. Сол адам өзіңсің. Тағдыр сенің қолыңда, Көдек.

Жаздың таңы әдеттегідей әппақ боп атты. Шартты мерзімде шапшаң жиналып Тасүңгірге беттеді. Әп-сәтте қатпар-қатпар жартастарының арасына кіріп кетті. Сол әлдеқашан сарқылған өзен табаны кәдімгі жолға айналған.

Көдек екі серігін алға жіберіп өзі соңынан көрінбей, қара тастардың қалтарыс, бұрылыстарына жасырына тығылып ілесіп келеді. Екі жүз метрдей өткенде Махмұдтар алты канат үй орнындай алаңға шықты. Дәл сол кезде төбеден шаншыла мылтық кезеген үш адамның тұлғасы көрінді.

— Көтер қолыңды, атам! — деген әмірді айқай таңғы ауаны жаңғыртып өтті. Жәй киім киген екеуі етекке сырғанап түсті де әскери фуражка киген үшіншісі наганын кезеген бойы тұрып қалды.

Махмұд дауысын қатайтып:

— Атаман қайда? Келсін мұнда. Біз саудагерміз. Соған арнап қымбат жүк әкелеміз. Жолды кесіп бөгеуге қақыларың жоқ! — деді.

— Сол іздеген атаманың мына мен болам! Сендерді сарғайып күткенім қашан. Осыдан қимылдап көрші, төбенді оқпен тесем! — деді де төмендегі серігіне бұйырды. — «Пес», бұл иттердің шаруасын шапшаң бітір. Тез кетейік!

Махмұд ақ жалаушаға салынған екі басты самұрық құстың суреті дәл қазір кәдеге аспайтынын және өздерін қоршаған нағыз тонаушы бандиттер екенін анық білді. Осы бір сәтте қандай тәсіл қолданғаны жөн? Тонағысы келсе бұлай сөзге келмей-ақ неге атып тастай салмады? Әлде мылтық дауысынан өздері сескене ме? Олай болса осы тұста тағы күзет постасы болғаны. Көдектің де сол жасырын постаны біліп алмайынша төбеде шұқшия қадалған бандитті атпағаны сол ғой! — деп ойлады.

Махмұд ойланып, есін жиғанша бәріне әмір берген ашулы айқайды естіді.

— Әй, «Пантера», сенің тіміскілеп, шеттеп жүргеніңді байқаушы едім. Анау екі күзетшіні өлтіргеніңді көрмеді деймісің. Шапшаң етекке түс! Бол!

«Пантера» наганын жалақтата кезеп алақтап қарады. Қара тас жарықшағынан әлгі үн тағы естілді.

— Сен наганыңды шошандатпа! Менің қолымда пулемет бар. Міне, көр! — деп пулеметтің ұңғысын қозғалтқанда тас жарықшағынан бір шекесі, дөңкиген жотасы көрініп қалды. Аттың жанынан бәрің кетіндер!

Әрменірек тұрындар! Етекке шапшаң түс! Бол!

Осы кезде мылтық қатарынан тарс атылды. Төбеде шоқшиған бандит Махмұдтың дәл алдына топ етіп құлап түсті. Пулеметтің ұңғысы көкке қарай көтеріліп қалған. Жакпар тас арасынан Давыдов жүгіріп шықты. Қасында жас қызыл әскер бар. Ол қолын көтеріп бөбек қаққан екі бандитті жұлмалап, тінтіп қарап жатты.

Давыдов:

— Мылтық атқан қайсың? — деп Махмұд пен Әзизге кезек қарады.

— Қимылдауға мұрша келтірмеді. Бұларды жайратқан Көдек мерген! — деп Әзиз досын мақтай бастап еді. Бұлардың қасына ентіге басып келген Көдек:

— Мен оқ шығарғаным жоқ! — деді.

Екі қызыл әскер пулеметті сүйрелеп етекке түсірді.

— Пулеметшіге тақ беріп ұмтылып, тұншықтырғалы жатқанымызда, оны біреу жалғыз оқпен қалпақтай ұшырды. Бізді де бандит деп атып тастай ма деп қорқып, пулеметті әрең алдық! — деп ересек жауынгер Давыдовқа баяндап жатты.

Давыдов таңғалды.

— Ғажап! Пулеметті шапшаң анау жартастың басына орнатындар. Былай тұрсаң әлгі хас мерген бәрімізді бандит екен деп жайратып жүрер!

Махмұд аспанға қызыл-жасыл ракета атып Қасымханға белгі берді.

Ахмет мүк басқан қызыл тастың көлеңкесінде қосауыз мылтығын қорғасын оқпен қайта оқтап жатқан. Өлгінде өзі бандиттерге оқ атқан жақтан қызылды-жасылды ракетаның аспанға атылғанын көріп «Жандарың қысылған соң көмекке шақырып жатырсың ба? Тұра тұр, бәлем. Әлі сазайыңды тартасың!» — деп мылтығын тастың үстіне қойып көтеріле бергенде ауыл жақтан жалғыз аттының шауып келе жатқанын көрді.

Ахмет тауда жасырынып жүрген бандалардың барын естіп бірнеше күннен бері Тасүңгірдің аузын бағып жатқан. Кеше жоғары жақтағы қатпар тастар арасынан төрт-бес

аттылының селоға қарай жылысып кеткенін байқамай қалған еді. Қыр асып, ұзап кеткенде ғана қарасын бір-ақ көрді. Ол бұл тұста Жолбарыс асуына баратын жасырын өткел жол барын білмейтін. Жалғыз өзі көп банданың соңына түсіп қуудың пайдасыз екенін сезіп, олардың қайтар жолын тосқан. Кешегі топ банданың тек біреуі ғана қайтқанда «Милиция жазанды берген екен. Қаңсырап есіңді жия алмай келесің-ә! — деп мылтығын кезеп жата қалды. «Жалғыз екен. Оқ шығын қып қайтем!»

Ол қыл шылбырдың ұшын күрмей түйіп мойнына ілмек түсірмек болды. Осындай тәсілмен Садық мырзаның талай асауын ұстаған. Шылбырды тастауға ыңғайланып жар тастың үстінде күтіп тұрды. Шабдар ат асу жолына үйренген бе, биік тастарға соқтықпай ара-арасымен оңай лыпып өтіп зулап келеді. Үстіндегі адам еңкейіп ердің басына жабысып алған. Қуысқа түсіп өрлей бергенде Ахмет қыл арқанды құлаштап сілтеп қалды. Ілмек кеудеге тап келіп үстіндегі адам сыпырылып түсті.

Васильев есеңгіреген қалыпта біраз жатты. Көзін ашты. Басын көтерді. Қалың мүк басқан қызыл тастың үстінде түрегеп тұрған Ахметті көрді. Иығындағы қыл арқанды сыпырды. Қиналғандай белін, қабырғасын сипалады. Алдындағы адамның дәрменсіз күніне селқостау қарап тұрған Ахмет саусақ түбінде жыпырлаған сүйелді көріп төне түсті.

Анасы Айғаным Шарбануды өлтірген сұм жауыздың саусақ түбі толған сүйел деп ерекше белгісін айтқаны бар еді. Васильев өзіне төнген қауіпті сезгендей нағанын суырып ала бергенде Ахмет көздемей білегінен атып жіберді. Дәрменсіз қалған Васильев кіжініп орнынан атып тұрды.

— Сотсыз мені ата алмайсың! Ұқтың ба? Өлтіре алмайсың!

— Сені көңілмен, оймен ашуға булығып кектене іздеуші ем. Былай кездесем деп ойлағам жоқ. Жатақта жазықсыз әйелді зорлап қинағанда сен қандай заңға сүйендің? Сонда сот құрдың ба?

— Ах, иттің баласы! — деп ұмтыла бергенде Ахмет атып жіберді.

Васильев ішін ұстап қара жерге отыра кетті.

— Қатты ауырып барады... Соншалықты азап екен ғой. — Ол мөлдір кең аспанға, жарқыраған күнге телміре қарады. — Қандай кең, әдемі десеңші. Түу, әбден ақымақ болыппын-ау!

Басы кеудесіне сылқ ете түсті.

Давыдов дәл қасынан мылтық атылып жатқанына таң қалды. Жауынгердің бірін ертіп жүгіре басып келесі төбенің басына шықты. Еңісте қызыл тастың үстінде Ахмет түрегеп тұр. Қолында қосауыз мылтық. Қасына тақағанда тастың түбінде өліп жатқан кісіні көрді.

— Мынау мұнда қайдан жүрген?

— Село жақтан келді.

— Жалғыз ба еді?

— Кеше бір топ кеткен. Бүгін жалғыз оралды.

— Тасүңгірден өтпей бұлай бұрылғаны несі?

— Осы тұста асуға баратын жол бар секілді.

Давыдов жауынгерді пулеметтің біреуін осында әкелуге жіберді де өзі өлікті қарады.

— Шарбануды өлтірген осы ма?

— Иә.

— Оны қайдан білдің?

— Мұнда бандаларды андып жатқан едім. Ал мұнымен мүлде кездейсоқ кезіктім. Көп банданың бірі дегем. Саусақ түбіндегі сүйелдеріне қарап таныдым.

— Бұл адамды мен де білетін едім. Мойнында талай жазықсыздардың қаны кетті. Азап, қорлық шегіп қалғаны каншама десеңші!

— Соны жаны қиналғанда, өлім алдында есіне алып өкінді білем.

— Тым кеш ойлапты.

— Есердің есі жанына батқанда кіреді.

— Солай шығар. Кісіге азап көрсетсең өзің де азаппен өлесің дегеннің кері осы.

Ахмет үндемеді. Ол Шарбануды есі кетіп елжіреп

сағынады. Бір сәтке көз алдынан кетірмейтін. Соншалықты зарығып сағына, сарыла ойланғандықтан ба, тіпті түсінде емес, өңінде аспанда жөңкіп көшкен бұлттар арасынан, тау шындарының беткейлерінен адам бейнесінде әр қилы суреттер елестейтін де солардың арасынан Шарбануын айнымай табатын. Қазір де сонау көгалды жотада қолаң шашы екі иығына тарала түсіп көз астымен қырыңдай қарап бір тал гүл иіскеп тұрған секілді. Кірпік қақпай қадалған сайын айшықсыз айқындала әдемі көрінеді. Осындай қалыпта қозғалмай, үнсіз тұра беруге жалықпас еді. Тек Шарбануы көз алдынан кетпесе екен...

— Ұрысқа дайындал! — деген айқайдан селк ете түсті.

Тасырлаған қалың дүбір тақалып қалған. Сансыз көп қатты шақпақ тұяқтар шиыршық тастарды шықырлата таптап, жаншып келе жатқандай үдерлі екпін бар. «Қайдағы жау? Мынау қатты үркіп босыған қалың жылқы ғой!» — деп ойлады Ахмет. Көк жотаға қайта көз тікті. Әр тұста қына басқан дөңкиген қара тастар жатыр. Ар жағында биік қарағайлар, шыршалар өскен. Жақпар тасты шындардың бір беті ақ сәулемен жылтырай түседі. Шарбанудың жүзін қайтып көре алмады...

Әукен тау үстінде қызылды, жасылды ракета көтеріліп, мылтық тарс-тұрс атылған кезде үлкен сұмдықтың басталғанын сезіп, алды-артына қарамай шаба жөнелген еді. Ол арақидік Тасүңгірден бері шығып Садық мырзаның үйіне келіп-кетіп жүретін. Бұ жолы атаман Дудконың өзі шақырып алып «Махмұд бай адам, одан миллион сом шығады. Ионаның өзімен тілдесіп, табақтас боп жүргені бекер емес деп бәрің жабыла сөндірдіңдер ғой. Кулаков миллионды естігенде есі шығып, өз адамдарының мекен жайының қай тұста екенін білдіріп қойған. Әуелі самұрық құстың суретін берген. Соның бәрі жай саудагерлерге тым көп емес пе? Өз басым үлкен қауіп ойлаймын. Қасыңа Сұлтанқараны және бір жігітті ертіп ал. Махмұдтың Жаркенттегі жүріс-тұрысын аңдып, ізін бақсын. Өзің сәрсенбіге дейін бір хабарын берерсің» — деп қасына өзінің қорғаушы қызметшісін қосып берген еді. Атаман

Анненков Үшарал, Қапал уездерін қанға батырғанда өзінің «ысылған жауынгерлеріне» сенбей қорғаушы күзетшілерді, қызметшілерді өңшең қазақ жігіттерінен іріктеп ұстаған еді. Оның өзінше өз есебі бар-тын. Қазақ жалданып үйренгенмен, пұл сұрамайды, күтім тілемейді. Қызметі адал, әрі көнбіс, төзімді. Дудкода соған еліктеп қасындағы қорғаушы сақшыларын, қызметшілерін қазақтардан сайлап алған болатын. Солардың ішіндегі жауызы, қанды ауыз қасқыры Сұлтанқара. Тау қарақшыларының арасында «Қара жендет» аталған оның сырт пішіні азулы жендетке ұқсамайтын. Жүріс-тұрысы епетейсіз, момын, жуас пенде секілді еді. Өзгеше бір қасиеті кожасының қас-қабағынан кімдерге ренжіп, көңілі толмай жүргенін айнымай дәл біледі, жазаның қандай түрін қолданғанда қожасының айызы қанатынын да сезеді. «Қара жендеттің» кісіні жазалау тәсілі бөлек. Ұзын ирек омыртқаның ішіндегі жұлынды қай тұстан зақымдағанда адамның қаншалықты бейшара күйге түсетінін әбден жаттап алған. Тіл-аузы байланып, тірі өлік боп жатқан кісінің қасына кеп жүресінен отырады. Көзін көзіне қадайды. Қойнындағы өткір бізін алып жансыз денені шұқып, сұққылай бастайды. Қан шыққанына таңғалады. «Қан бар жерде жан болмаушы ма еді. Мұнысы қалай? — деп ойлағандай болады. Алдындағы адам қиналғандай дыбыс шығарып, бетін тыржитқанда «Сен бәлшебектің үгітін айтып тыным таппаушы ең. Мықты болсаң сөйлеп көрші!» — деп бізін тереңірек батыра түседі. Дәрменсіз, қимылсыз, шарасыз халіне күліп, қызықтағандай болады. Мұны Әукен өз көзімен көрген. Дудко қасынан бір елі қалдырмайтын «Қара жендетін» қосып бергенде Әукеннің өзі де сескеніпкіреп қалды. Соны байқаған Дудко «Біз сырымызды оңдырмай ашып алдық. Тіпті Ионаның өзімен кездескенде де ауызға берік болу керек еді. Енді Сұлтанқара бұл жерде мені қорғай алмайды. Бәріміздің тағдырымызды татымсыз саудагер уысында ұстап кетті. Ол уездік милицияның мұнда жіберген тыңшысы, агенті болса құрыдық, күніміз бітті дей бер. Саудагердің сондай жансыз екенін сезген сәтте ойланбастан табанда көзін жою керек. Оны Сұлтанқарадан басқа ешкім орындай алмайды»

— деп тапсырманың соншалықты маңызды екенін тағы түсіндірді.

Әукеннің өз басы Дудконың бұл сақтығына онша ден қоймайды. «Құлжада, Ионның қасында бірге ас ішіп, табақтас болған адамды большевик деп сезіктенудің өзі ақылға сыймайды. Иона кім көрінгенді жанына жуыта бермейді» — деп ойлады да, бірақ Дудкомен пікір таластырмады. Қайта құлазыған қуыстан шығып, Садықтың үйіне баруға сылтау табылғанына қуанды. Махмұдтардың Көксай жолымен жүретінін біліп, Сұлтанқараға жөн сілтеп тұрып, олардың түр-түсін, ерекше белгілерін, мінген аттарын сипаттап берді де, екеуінің алдына қысқаша міндет қойды.

— Олар мені жақсы таниды. Амалсыз сендерден бөлек кетем, қалада тосам. Бір-біріңді жаңа көрген жолдан қосылған кісідей ұстандар. Қалаға кіргенде дегбірлерің қашпасын, берекең кетпесін. Тіпті оның жүріс-тұрысын бақылап, хабарлап тұратын естияр бала тауып алсаңдар тіпті жақсы. Қатер төне қалған күнде өзім белгі берем. Сәрсенбі күні сәскеде «Жасырын қақпаның» алдынан табысайық. Кешіксеңдер күтпеймін. Дудкоға берген сөзім бар. Алдымызда әлі төрт-бес күн бар. Осы уақыттың ішінде саудагердің шын пиғылын анық білеміз, — деп Садықтың үйіне қарай тартып тұрған.

Басында кірлеу сәлдесі бар, үстіне көнетоз шекпен киген қаба сақалды кісіге ешкім назар аудара қойған жоқ. Тамағын тойғызғалы жүрген шайқылардың бірі деп қарады. Ұлпаш оны Садықпен екеуінің оңаша бөлмесіне апарды.

Осы бөлмеде Әукен бес күн бойы ешкімге көрінбей жатты да бүгін таңертемен «Қыран ұясына» жүріп кетті.

Оның кеше, уәделі сәрсенбі күні кетпеуіне мынадай себеп болды. Алғаш Сұлтанқараны шығарып салып келген күні Ұлпаш:

— Қашанғы қас пен көздің арасында бұғынып, тығылып үйкесіп жүреміз. Баяғыдай еркін көсіліп, маза құратындай бір сылтау тапсаңызшы. Оқуыңыз мол адамсыз. Қара



шалды алдауға кәдеге жарамаса ол оқуды көкірекке сақтап қайтеміз, — деп наз айтқан.

Әукен шұғыл ойға кетті. Ақыры мықты сылтау, дәлел тапқан секілді. Қонақтар кетіп, өздері оңаша қалған кешкі шай үстінде мырзамен ақылдасқандай боп сөйледі.

— Шорманның денесі жатақтың қасында қалды. Ертең милиция кеп мүрдені ашып, ондағы адамның кім екенін анықтап жүрсе қайтеміз? Өйтсе, Шорманның бұл үйге жақын кісі екенін және оны бекер атпағанын әшкере болады. Бұл сыр ашылса бүгін төбесіне көтеріп қолпаштаған жұрт ертең бетіне түкіруден тайынбайды. Соның денесін тезірек аршып алып басқа жаққа, тіпті кісі ойына келмейтін жерге апарып көмген дұрыс па, қалай? — деді.

Садық құп-қу боп кетті.

— Ойпыр-ай, бұрын қалай ойға келмеген. Жақсы айттың-ау! — деп шай құюға ұсына берген шынысын төңкере салды. Шапшаң атқа қонып, қасына Сартбекті ертіп суыт жүріп кетті.

Әукен кеше таңертеңмен жүргелі киініп жатқанда Ұлпаш қасына кеп иығына асылды.

— Мырза жоғалып кетті. Бүгін де келетін түрі жоқ. Қайда асықтың? — дегенде, Әукен:

— Сәрсенбіде жолығамыз деген шартымыз бар. Әскери адам сөзіне нық болады. Адам тағдыры шешілетін сәтте шет қалыс жарамайды, — деп түсіндірмек болды.

Ұлпаш тыңдағысы келмеді.

— Сол атаманың сізсіз асын іше алмай ма? Қойшы, соны. Тағдыр-пағдыр деп әлдекімге жалтақтайсыз. Бізде барымызды алдыңызға тосып тұрмыз ғой. Сол адамдарың бізден әулие емес шығар! — деп сызданып көнбеді.

— Түу, көнбедің ғой. Атаманға да бір себеп, сылтау айтармын, — деп Әукен қарқылдап күлді.

— Е, сөйдесеңізші, өзіңізді сағынып қалыппын! — деп Ұлпаш нәзік саусақтары шапшаң қимылдап Әукеннің түймелерін ағыта бастады.

Сол Әукен сәске түсте ес-түссіз қайта шауып келді. Садық мырза бүгін таң сәріде оралған. Қазанға су жылытып

шым-шым ыстық суға тұла бойын батыра жатып, денесін балқытып, жуынып, шайынып алған соң шайға кірісіп жатқан. Есіктен сүмірейіп, сүйретіле Әукен кіргенде жастықтан басын көтеріп алды.

— Әукенжан, не боп қалды, жайшылық па? — дегенде, Ұлпаш қатты шошынып:

— Ауру-сырқаттан саумысыз? Түріңіз солғын ғой, — деді.

Әукен қос жұдырығымен екі шекесін қысып ашына ашуға булығып сөйледі.

— Осында бақалшылап жүрген тараншының тіліне еріп ек, ол ит бәрімізді сатып, опасыздық жасап кетті, таудағы қырандарды үлкен милиция отряды қатты қыспаққа алып оқ жаудырып жатыр. Большевикке ырық бермей, қыр көрсетіп жүрген үлкен тірегіміз еді. Одан да айрылды. Опасыздың ойранына оңбай ұшырадық.

Садық мырза бұған онша абыржи қоймады. Әукеннің сөзін асықпай, сабырмен тыңдап алып:

— Бақалшылап жүрген тараншының опасыздығы дейсің бе? Әй, білмеймін, Көксай мен Асы маңын уездік милиция бастығының өзі бұдан біраз уақыт бұрын ұзақ кезіп, шарлап жүрді ғой. Сонда осы жақта бір сойқан жасалғалы жүргенін аңғарғам. Кейбіреу Қызыл керуенді талқандағанда, село мен жатақты ойрандағанда «бәлшебек әлсіз, ел ішінде қайрат жасап жүрген қарулы топқа тойтарыс беруге күші жетпейді. Өстіп елді басқара алмай азып-тозып берекесі кетеді» — деп көпіріп мақтанып еді. Көрдіңіз бе, ес жидырмай есе қайтарып, өлтіре бір-ақ соғып кеткелі тұр. Тегінде үндемей, дабырамай, іс тындыратын бәлшебектің тәсілі ме деймін. Қайткенде бәрімізге сабақ аларлық тәлім, — деп үндемей ойланып қалды. Әлден соң кеудесіне салған басын шапшаң көтеріп, — осы жолы абыройсыз істен, үлкен бәледен құтқардың, Әукен-жан. Бұл жақсылығыңды ұмытпаймын. Дүйсенбі күні уезден арнайы милиция кеп Шорманның сүйегін іздепті. Кеше Басши жақтан келе жатып жатақтың Қиясына жолықтым. Өлікті көмген сол ғой. Милиция «Өлікті ұрлаған өзіңсің» — деп бейшараны

әбден қыспаққа алыпты. Әйтеуір ел болып «кедей еді, момын еді» — деп жабыла ақтап жүріп әрең құтқарса керек. Өзің кеп аян бермесең сол үлкен айрылмас бәлеге мен кезігетін едім. Еруліге қарулы дегендейін мен де саған бір жақсылық жасайын. Сен енді өз басыңның қамын ойла. Қазір осында ауылнай баланы шақыртқалы отырмын. Соған керекті куәліктерінді мөр бастырып жасаттырып ал. Басқұншақта нағашы жиенім тұрушы еді. Сонау 16-шы жылдары жұрт окоптан қашып Қытай асып босқанда, ол орыстарды барып паналады. Кейін өзінен хабар болмай кетті. Өлді деп естідік. Соның әкесінің аты Жапар болатын. Саған куәлік қағаздарды соның атынан жазсын. Алда-жалда тексеріп сұрай қалса бұ жақтан мен куә болармын. Кейін қол-аяғыңды жинап алған соң жөні түзу қағазды өзің тауып аларсың, — деді де үйге жаңа самаурынмен шай кіргізген Сартбектің келіншегін тез күйеуін шақырып келуге жіберді.

Сартбек кіргенде Садық қысқа әмір етті:

— Сен ауылнайды осында шақыр. Мөрін қалтасына сала келсін. Өзің қағаз-сияларын әкелуге көмектес. Ел аузына, сыртқа сөз болмау үшін қыдырып жүрген кісі боп көрініндер. Бізді күттірмей шапшаң келіңдер! — деді. Сол түні Әукен Сартбекті ертіп Іле өткеліне келді. Өзеннің арғы бетіне жеткізіп тастау үшін қайықшыға мол ақша төлеп, Шонжа-Кеген жолына қарай бет алды. Әрі Ыссықкөл асып Пішпек кетпек. Әзірше қырғыз ағайындарының арасында паналай тұрмақ болды.

Дәл сол түні Қасымхан Верныйға шұғыл ақпар беру үшін Жаркентке оралған. Ұзақ жолға шыға қалғанда кеңсенің есігін, терезе қақпақтарын мықтап жауып, үй ішіндегі әр заттың тұрған орнын белгілеп қоятын. Есіктен кірген сәтте пілтелі шам тұрған терезенің сыртқы қақпағы жартылай ашылып қалғанын байқады. Ай сәулесі қиғаштай түсіп бөлмеге болымсыз ғана жарық шашады. «Жел қағып ашты ма екен? Іштен тиегін салған сияқты едім ғой. Бұл қалай?» — деген ой сап ете қалды да, сол сәт оған мән беріңкіремей шырпыны жағып май шамның пілтесін

тұтатты. Шынысын кигізе бергенде мылтық тарс атылды. Шыны күйреп түсті. Шам жалп етіп сөніп қалды. Бармақ түбі дызылдап алақаны жылып шыға келді. Атылған оқтан сескеніп қабырғаға жотасын тіреп, жабысып тұра қалды. Сыртқа құлақ түрді. Мылтық тым жақыннан атылған секілді еді. Бірақ жүгірген, тасырлап қашқан адамның тасырын байқай қоймады. Нағанын ұстап, ақырын ептеп басып сыртқа шықты. Дала жым жырт. Қораны айналып өтіп көше жақтағы қақпаның алдына келді. Милицияның кеңсесі почта бөлімінде істейтін Уткин дегеннің үйімен жапсарлас болатын. Уткин інісі қайтыс боп үй ішімен Бархуздарға кеткенін Қасымхан білетін. Оның үйінде ешкім жоқ. Қақпа алдында жатқан Уткинның қарамойнақ төбеті тұмсығын көтере бір үрді де, таныс кісі екенін сезіп басын алдыңғы аяғының үстіне сап қайта жатты. Сол сәт Қасымханға «оқ атқан кісіге қарамойнақ төбеттің үрмегені қалай? Сірә, білетін болғаны ғой. Уткин үйінде жоқ. Сонда мылтық атқан кім?»

Кеңсеге кіріп қайта шам жақты. Үй мүлкі өзі белгіленген қалпында орынды-орындарында тұр. Бөтен кісінің қолы тимеген секілді. Стол басындағы өз орнына кеп отырды. Ойланды. Өзін сонау Жолбарыс асуынан қуа келіп талқандаған «Қыран ұясы» бандаларының мүшесі ме? Олай дейін десе, оған қалаға келіп, терезе түбін тосып әуреленуінің қажеті не? Асумен екі ортада ит тұмсығы батпайтын қалың тоғай, терең сайлар бар. Көрінген бұтаның түбінен дәл көздеп ата алады. Олай болса жау алыста емес, қаланың өз ішінде, жақын жерде болғаны. Кім ол?..

Қасымхан сағатына қарады. Үштен он бес минут кетіпті. Бармақ түбінен шым-шым шыққан қанды көріп жараланғанын енді ғана байқады. Аптека қобдишасын ашып қолын таңғалы жатқанда телефон шырылдады.

— Чанышев тыңдап тұр!

Әскери бөлімнің тергеушісі Давыдов екен.

— Қасымхан, кеңсе тұсынан өтіп бара жатқанда мылтық дауысын естігендей болдым.

— Қателескен жоқсың, Василий Васильевич.

— Атқан кім?

— Оны айта алмаймын. Әйтеуір мені біреу көздегенін білем.

— Не, жараланып қалдың ба?

— Жәй, азғана тіліп кетті.

— Мен қазір келем.

Аздан кейін Давыдов келді. Қолында бір жапырақ қағазы бар.

— Кабинеттің есігіне жапсырып кетіпті. Не жазғанын көрейік, — деп шамның жарығына тосып оқи бастады.

«Қасымхан мырза! Біздің көптеген сарбаздарымыз бен Отанның адал азаматтары милицияның қолынан қаза тапты. Совет өкіметі түбі сендей бай адамды тірек етпейді. Өзіңе көрді тереңірек қаза бермей ойлан. Мынау ескерту оғы. Келесі оқ дәл маңдайыңа қадалады. Қанға қанмен жауап береміз! Азатшылар атынан Х.»

Давыдов домалақ хатты стол үстіне лақтырып жіберді.

— Ақ террористердің қоқан-лоқысы бұл. Ежелгі былғанышты тәсіл!

— «Қыран ұясын» талқандаған соң аздап тыныс алармыз деп едің. Меніңше, күрес енді ғана басталған сияқты! — деді Қасымхан.

## ОҚШАУ ХАБАРЛАР



«Токтаусыз жіберілсін!

Верный қаласы, РЕВКОМ-ға!

Жандосов жолдасқа!

*Жолбарыс асуындағы атаманышлардың «Қыран ұясы» бандасы талқандалды. Банданың атаманы Дудко қолға түсті. Анненков пен Дутовтың уездегі сарқынишақтарын жоюда милиция қызметкерлері мен ЧОН отрядына*

жергілікті кедейлер көп көмек көрсетті. Тимофей Иванов, Ахмет Майлыбаев және Аңыззақ қарттың еңбегін ерекше атап өткім келеді. Олар дұшпанмен бетпе-бет кездескенде үркіп тайсалмады, айлалы жаудан ақылын асырды.

Совет өкіметін қорғауға жас жеткіншектердің саналы, ойлы, батыл істері село мен ауыл адамдарын қатты сүйсіндіріп отыр. Надя Сигалова мен Майлыбаев Әнуар жаудың астыртын жоспарын біліп, милиция отрядына дер кезінде хабарлагандықтан бүкіл село мен ауыл кедейлерін үлкен қырғын апаттан аман алып қалды. Банданы талқандаған жеңіс құрметіне арналған жиналыста оларды революция қарлығыаштары деп атап, «Қызыл разведчиктер» деген атақ берді.

Уезде Совет өкіметі күн санап нығайып келеді.

Чанышев, Уездік милиция.  
Жаркент қаласы,  
август айы,  
1920 жыл».

«Жаркент қаласы,  
Уездік милицияға!  
Чанышев жолдасқа!

РЕВКОМ сіздерді дутовшы бандаларға қарсы жасаған жорықтың сәтті аяқталуымен құттықтайды. Ревком банда басшысы Дудкодан тікелей жауап алуды сізге жүктейді. Мұның алдағы үлкен операция үшін маңызы бар.

Сонымен бірге Түркістан майданының Революциялық Әскери Советі мен Түркістан Төтенше Комиссиясының биылғы жылғы сентябрь айындағы №476 бұйрығымен таныстырам. Бұйрыққа Түркістан майданының Революциялық Әскери Советінің председателі В. Куйбышев

жолдастың өзі қол қойғанын ескертем. Бұйрықта былай делінген.

*«...Қытаймен шекарада орналасқан барлық әскери бөлімшелердің бастықтарына бандитизмге және қытай азаматтарына жасалған провакаторлық шабуылға қарсы дереу пәрменді күрес жүргізуге бұйырамыз».*

*Уездік милицияның міндеті бандитизмді жою жөнінде шекарадағы әскери бөлімшелерге көмектесу және халықтың тыныштығын сақтау болып табылады. Уездік милиция осы бұйрықты орындауға күш салсын.*

«Ревкомның тапсыруы бойынша  
Шагабутдинов, Облыстық Әскери  
комиссар. Верный қаласы,  
сентябрь, 1920 жыл».



## ЕКІНШІ БӨЛІМ

### ОРАЗ

Ораздың Жаркентке қандай жұмыспен бара жатқанын ешкім білмеді. Кеше ғана Қапал уезінен оралған болатын. Енді, міне бүгін Алатаудың қарлы шыңдарын асып бес жүз шақырымдай жерге салт атпен сапар шекпекші. Бір-екі күн Сарыөзек, Қоғалыға тоқтамақ. Оның шекараға жүргелі жатқанын естіген Шагабутдинов кеңсеге келді. Есіктен кіре қол беріп амандасып жатып:

— Жаркентке аттанғалы жатыр деп естідім. Рас па? — деді.

Ораз басын сәл қисайтып күле қарады.

— Естіген болсаң, оны бекер демейін.

— Дәл қазір бару соншалықты қажет пе?

— Қалай дейін, Бари, меніңше шұғыл секілді.

— Мен бұл сапарыңды мақұлдамаймын, — деп стол қарсысындағы орындыққа отырды.

— Неге?

— Өзің білесің, шекара мықты емес. Екі жақтан да адамдар еркін өтіп жатады. Сені жұрт мұндағы мұсылман қауымы коммунистерінің жетекшісі, басшысы санайды. Шекарадан өтіп жүргендердің арасында Дутовтың тыңшылары, баскесерлері жоқ деймісің. Анненков пен Дутовтың саған өзге де өштігі барын ұмытпағын.

— Қандай ұсыныс айтасың?

— Бұл сапарды кейінге, қолайлы мерзімге қалдырған жөн. Алтын Емел асуының ар жақ, бер жағында жалғыз-жарым жолаушыға шабуыл жасап жүрген ұсақ бандалар бар көрінеді.

— Екеуіміздің жаумен бетпе-бет кездескеніміз жалғыз бұл емес қой. Шегірткеден қорыққан егін екпейді дей ме?

Тасалап, тайсақтайтын біз емес. Ал маған қайткенде де Жаркентке барып бір кісімен жолығуым керек.



— Аса маңызды жұмыс болғаны ғой?

— Солай, Бари.

— Онда тоқтайтын таныс үй бар ма еді?

— Бұл жайында ойлағаным жоқ. Алдымен Жаркентке жетіп алайын. Есіктен сығаласа төрге ұмтылатын қазақтың біріміз ғой. Бір жөні болар.

— Тынымды іс тындырамын десең, алдымен жақсы, жайлы орын сайлап алған жөн. Саған бір кісінің адресін берейін.

— Оған сенуге бола ма?

— Маған қандай сенсең, оны да сондай көр. Өзі учитель, баласы Рашид осында Әскери комиссариатта істейді. Маған сүйек жағынан жақындығы бар. Ибрагим әпенде өзінді және облыстағы басқа зиялы кісілерді сырттай жақсы таниды. Кітаби білім алған, әңгімешіл жан. Әниіміз үй ішін таза ұстайтын, үсті-басына кір жұқтырмайтын ұқыпты әйел.

— Мен қонаққа бара жатқаным жоқ. Және ұзақ болмаймын. Жәй жеке шаруамен қыдырып жүрген кісіге ұқсап, көп көрінбей елеусіз барып қайтсам деп ем. Қапал уезіне де солай барғамын. Бірақ сапар сәтсіз болды. Үміт етіп барған кісім өте ұсақ, қорқақ адам боп шықты. Ал бұл адам маған не дейді? Бәлкім, аялдамай тез кейін қайтуға тура келетін шығар. Білмеймін.

— Онда ұзақ боласың ба, жоқ па, әйтеуір бір үйге ат басын тіреу керек қой. Сондай үйің Ибрагим әпенденікі болады.

— Ендеше әпендеңе хатыңды жаза бер.

— Жол ұзақ. Қасына бір-екі жауынгерді қосып берсем қайтеді? Тау арасының қалтарыс-бұлтарысы көп, қаупі мол. Қасында кісі болса, қайткенмен де серік қой.

— Көп көзге оңай түседі. Кейде жалғыз саяқтың қаһарлы, айбатты көрінетін кезі болады. Бұл неғып дара жүр? Сыртында мықты күзеті бар-ау деп ойлап қалады.

Шагабутдинов Ораздың көнбейтініне көзі жеткен соң шарасыздық білдіріп:

— Қарауымдағы солдат емессің. Бұйыра алмаймын, —

деп сәл үнсіз отырды да, — Жаркенттен қашан оралмақсың?  
— деді.

— Ондағы әңгімеміз сәтті шықса көп аялдамаймын. Әрі-бері жолды есептегенде 12-14 күннің ішінде қайтам. Немене, жәй сұрадың ба?

— Онда өзіңмен қоштасайын. Мені Ташкентке шақырып жатыр. Фрунзе жолдастың қабылдауында болуым керек.

— Жоғарылатпақшы ғой? Құттықтаймын.

— Басқа жаққа ауыстыратын түрі бар. Жетісу кіндік кескен, туып өскен өлкемдей боп кетіп еді. Сырлас, қимас жақсы достарымның бәрі осында. Ұзап кетсем солардан айрылып қалатындай көрінем.

— Шынайы революционер жершіл болмауға тиіс. Партия қайда жіберсе біз үшін Отан сол жерден басталады. Ташкент — Советтік шығыс елінің астанасы. Онда үлгі алып, үйренетін, тағлым айтатын, Лениннің өзін көрген большевиктер жұмыс істейді. Олардың ортасында жүріп нақыл сөздерін тыңдау ғанибет қой, — деп әдеттегідей әр сөзіне саяси астармен мән бере сөйлейтін дағдысына көшті. — Сен ондай құрметке тәтті сөзің, тәуір көзің үшін емес, революцияның жеңісін қорғаудағы ерекше еңбегің үшін жетіп отырсың. Өз басым Верныйдағы бүлікшілікті басу, оның басшыларын жою жөніндегі еңбегінді өзгеше бағалаймын. Бүлікшілердің арасына кіріп, іріткі жасап, бұзық пиғылдарын тежеп, ыдыратып отырмағанда бұл бас кесерлер бүкіл Жетісу жерін қанға батырып, біраз лаң шығаратын еді. Түркістан майданының қолбасшысы сонау жақта тығыз, шұғыл жұмыстарының арасында осыны жақсы біліп таныған. Большевиктердің ерекше қасиеті оның көрегендігінде, бауырым. Жаңа орында сондай абыройлы болғайсың, шын жүректен табыс тілеймін.

— Жақсы лебізіңе рақмет, — деп жымия қарады.

— Әйткенмен, асыра мақтап жібердің-ау, Ораз. Дмитрий Фурманов айла жасамағанда үлкен сойқанға ілінетін едік.

— Партия қайраткерінің орны бөлек. Оны тарих үлесіне қалдырайық. Бағаны сол берсін.

Бари орнынан тұрды.

— Қашан жүрмексің?

— Енді аялдауға ешқандай себеп жоқ. Қазір атты әкелсе жолға шығам.

— Сапарың сәтті болсын. Аман-саушылықпен табысайық!

Ораз қағаздарын жинастырып, тартпа, шкафтарды жауып жүргелі жатқанда біреу телефон соқты.

— Сізді тыңдап тұрмын.

— Жандосов жолдас па?

— Иә.

— Кешіріңіз, Ораз Қиқымович. Сізді мазалап тұрған Эйхманс.

Жуырда ТүркЧК Жетісу облыстық Төтенше Комиссиясы коллегиясының жаңа құрамын бекіткен еді. Облыстық Төтенше Комиссияның бастығы боп Ф.И. Эйхманс<sup>1</sup> келген. Ораз оны обкомның мәжілісінде көрді де, былай сөйлесе алмаған. Сол күні мәжілістен соң Қапал уезіне жүріп кеткен. Дәл қазір Чеканың бастығы телефон соға қояды деп ойлаған жоқ-ты.

— Ә, сәлеметсіз бе, Федор Иванович. Сізді тыңдап тұрмын.

— Қазір кіріп шығуыма бола ма? Ораз ойланыңқырап жауап қатты.

— Жұмыс болса бөгетім жоқ.

— Жолыңыздан қалдырады екен деп ойламаңыз. Асығып әуреге түсіп жүргелі жатқанда әлде біреудің жөн сұраған боп көлденең келгенін ұнатпаймын. Байқасаңыз сізге титтей кедергім жоқ.

— Келіңіз, күтем.

Бұл күндері облыстың ішкі жағдайы мүлде қиын еді. Жетісу майданының жойылғаны кеше ғана. Атаман Анненковтың қалың армиясы бұдан бес-алты ай бұрын Үржар, Үшарал, Қапал өңірінде төккен қанының дағы

<sup>1</sup> Ф. И. Эйхманс 1897 жылы туып, 1938 жылы қайтыс болған. 1918 жылдан КПСС мүшесі. 1918 жылдан 1938 жылға дейін Мемлекет хауіпсіздігі органдарында жұмыс істейді. 1920-1921 жылдары Жетісу облыстық Төтенше Комиссиясының председателі.

кепкен жоқ. Ақ гвардияшылар өз ықтиярымен беріліп Совет өкіметін мойындағанымен ашулы, кекті ызасы әлі тарқай қоймаған. Верный бүліншілігінен соң қала маңындағы село-қыстақтар тыныштала қойған жоқ. Шекара өтінде бұларға дем беріп қалың қолымен Дутов тұр. Ертең қай жерде бүлік шығары белгісіз. Нарын жақтан күн сайын суық хабарлар келеді. Облыстық Төтенше Комиссиясының жаңа коллегиясының бастығын тағайындағанда Ораз мұндай күрделі облыстың қиын да ауыр жұмысына ысылған, тәжірибесі мен көргені мол кісіні жіберген шығар деп ойлаған. Майда жұмсақ қоңыр шашын бір жағына қайырып тараған, кең маңдайлы, сарғылт ашаң жүзді жасы жиырма үшке жаңа ғана жеткен биязы, балғын жас жігітті көргенде әрі таңғалып, әрі сүйсіне де қарады. Дәрежелі, маңызды, салмақты жұмыс тапсырған жігітпен сөйлесуге өзі де құштар еді.

Эйхманс көп ұзамай-ақ келді. Жолға жиналғандай ықшам, жеңіл киінген. Аяғында керзі етік, үстінде көнетоздау гимнастерка, басында кепкасы бар. Ораз түрегеле тұрып қарсы алды. Кабинет төріндегі стол қасына қойылған жалғыз креслоны көрсетіп:

— Төрлетіңіз, Федор Иванович, — деп қарынан қолтықтай ұстап отырғызбақ еді. Эйхманс:

— Рақмет, Ораз Қиқымович, Іле жаққа баратын шұғыл жұмыс боп қалды. Іле поселкесіне дейін серік бола алам. Қарсы болмасаңыз, жүре сөйлесейік, — деді.

— Бұл ұсынысты ықласпен қарсы алам.

Олар жүріп кетті.

Эйхманстың өзі Оразбен жүзбе-жүз кездесіп сөйлесуге асығып, ынтығып жүрген. Оған мынадай себеп бар еді. Үржар, Үшарал, Қапал өңірін түгелдей жаулап алған атаман Анненков пен генерал Дутовтың қалың армиясы Верныйға шабуыл жасауға әзірленіп жатқан кезде Солтүстік майданға жау тылына Ораз Жандосов жіберілген еді. Ораз бөлімшелер арасында әсерлі, ықпалды үгіт жүргізе жүріп Анненковтың көмекшісі әрі контрразведкасының бастығы полковник Арановты өз жағына тартты. Арановқа өз

атынан «Бекер қан төкпеңдер. Қызылдарға қарсыласпай, қаруларыңды тастап беріліңдер!» — деген үндеу жаздырып, көп құпия материалдармен оны дереу Верныйға жібереді. Полковник Арановтың большевиктерге өтіп кеткенін және армия арасында іріткі басталғанын білгеннен соң генерал Дутов атаманы Анненковқа ақылдаспай көп қолмен бір түнде Қытай асып кете барды. Қарауындағы армияға ие бола алмай қалған Анненков та шекара асуға асығады. Бұл кезде оның бірнеше әскери полкі қызылдар жағына шықты. Анненковшылардың Жетісудағы жорығы осылай сәтсіз аяқталған еді. Әрине, жаудың қалың армиясының бүкіл разведкасын қолына ұстап тұрған қаһарлы полковникпен бетпе-бет кездесу Оразға оңай болмағаны айқын. Оны сөзге келтірмей үнін шығармай сол сәтте жойып жіберуі мүмкін еді. Өзіне төнген қатерді біле тұрып барудың өзі қажымас қайрат, таймас ерлік иесін танытқандай еді. Мұны Ораз өзінің жеке делосын толтырғанда қысқа ғана бір-екі ауыз сөзбен жазыпты: «Партияның тапсырмасымен 20-шы жылдың февраль-март айларында Солтүстік майданда болдым. Атаман Анненковтың тылында әскери бөлімшелер арасында қызылдар жағына өтуге большевиктік үгіт жүргіздім». Бұл сараң жолдарға Эйхманс қатты назар аударған. Қазір ол қатерлі жаудың берекесін қашырып, ыдыратып, ойран салған, революция жолында мол еңбек жасаған адамның үлкен бір күрделі істі ойға алып соны тындырғанша тыным таппай тағы ұзақ сапарға аттанып бара жатқанын сезеді. Бірақ жасы үлкен кісі өзі айтпаған соң сұрауды ыңғайсыз көрді. Сөз бастағанын күтті.

Ораз көк жорғаның тізгінін тартыңқырап, атының басын тежеп қатарласа жүріп:

— Федор Иванович, дутовшылардың ортасына кісі жіберу мүмкін бе? Сіз қалай ойлайсыз? — деп оқыс сұрақ қойды.

— Қарсыластардың бір-біріне тыңшыларын, жансыздарын, разведчиктерін жіберіп жататыны ежелгі тәсіл. Бірақ Дутов бекінісіне разведчик жіберу жөніндегі ісіміз мандымай жатса керек. Менен бұрын сондай әрекеттер

жасалыпты. Біреуі зым-зия хабар-ошарсыз жоғалып кеткен. Қандай күйге ұшырағанын ешкім білмейді. Ал екіншісі байқаусызда алданып қалып контрразведканың қолына түскен. Дутовтың бұйрығы бойынша бүкіл солдаттардың алдында қылышпен денесін бөлшектеп, көп азап көрсеткен. Алдымен құлағын, мұрнын кескен. Сонан соң саусақтарын, қолын шапқан. Ақыры қарнын жарып, шалажансар халде көшеге тастаған. Ешкім жақындауға батпаған.

— Дутовтың бекінісіне кісі жіберу қиын демексiз бе?

— Бұл өңірде атаман Анненков пен генерал Дутовтың жасаған жауыздықтарын халық жақсы біледі, қатты үркіп қалған. Жұртты одан әрі үрейлендіру үшін өздерінің жасаған әлгіндей зұлымдықтарын түрлі жолдармен мұнда таратып, жеткізіп жатады. Соған қарамай бекініске баруға тілек білдіргендер бар. Бірақ оларды өзіміз тежейміз. Әйткенмен, о жаққа кісі жіберуді ойластырып жатырмыз.

— Баратын кісіге қандай міндет қойылып отыр.

— Ең алдымен дутовшылардың арасында сiңісіп қалу, әскери бөлімшелердің қайда, қалай орналасқанын және олардың санын анықтау, солдаттардың көңіл-күйін, жағдайын білу боп табылады. Әрине, Дутов айналасында, штаб маңында не боп жатқанын хабарлап, жеткізіп тұратын адам болса екен деп тілейміз.

— Жоспар ойластырылып жасалған. Бірақ ұзақ мерзімді меңзегеніміз қалай болады? Біздің ішкі жағдайымыз дәл шекара өтінде шоғырланып, жауығып отырған мол қолдың ұзақ уақыт тұрғанын көтере ала ма? Меніңше, төзе алмайтын сияқтымыз, — деп ойлана түсіп сөйлеп кетті. — Жетісу майданын жою аса қиын жағдайда өтті. Анненков пен Дутов армиясының бір шеті Қызыл Армияның шабуылына шыдай алмай, қару-жарақтарын тастап шекара асып қашып жатса, олардың тылдағы бөлімшелері топ-тобымен өз ықтиярымен тұтқынға түсті. Осындай ала сапыран кезде көптеген зеңбіректер, оқ-дәрілер, пулеметтер, қисапсыз мылтықтар далада, окоптарда, қоймаларда қалып қойды. Бұл жергілікті тұрғын халықтардың қолында қару бар деген сөз.

Сіз бұл өлкеге келген жаңа адамсыз. Әуелі Жетісу облысының ерекшелігімен таныстырып өтейін. Қазақтардан солдат алу жайында патша өкіметінің 1916 жылғы июнь жарлығы бұл елге үлкен дүрбелең туғызды. Жалпақ жатқан ел ду көтеріліске шықты. Өзіңізге мәлім, 1905 жылғы революциядан кейін патша өкіметі өзінің қоныстандыру саясатын жер реформасымен ұштастырды. Шалғай жатқан аймақтарға, оның ішінде Жетісу жеріне орыс кулактарын тықпалады. Жетісудың шұрайлы жеріне ағылған кулактар көшпенділердің жерін тартып алып, өздерін ысыра бастады. Орыс кулактары мен әлді крестьяндар царизмнің отарлық саясатының тірегіне айналды. Біздің қолымыздағы мәлімет бойынша Лепсі, Қапал, Верный, Пішпек, Пржевальск уездеріндегі бай-кулактар жалшы еңбегін мол пайдаланатын, ауыл шаруашылық машиналарының 71 проценті, соқаның 41 проценті солардың қолында екені анықталды.

1916-шы жылғы көтеріліс кезінде бұл отаршыл-кулактар қазақ атаулыны кез келген жерде атып тастап, малын талан-таражға салды, үйлерін, қыстауларын өртеді. Сол қырғыншылық жылдары Албан, Суан, Дулат елінің қорлыққа шыдамаған көп руы Қытай асып кетті. Совет өкіметі орнап, оның кедей-кепшікке бостандық әпергенін, басқа ұлттармен тең санап ел қатарына қосқанын естігеннен кейін енді Қытайдан қашып өз жұртына орала бастады. Ал олардың бұрынғы жазғы-қысқы қоныстарын қазақ-орыстар иемденіп алған. Қазақтар өз жерлерін қайтарып беруді талап етеді. Еңбекшіні, езілгендерді жақтайтын, есіркейтіні рас болса жерімізді қайтарып бер дейді.

Россияның қазіргі ішкі жағдайы бізге жақсы мәлім. Завод-фабрикалар тоқтаған, шаруашылық күйреген. Ел аш, панасыз көбейген. Ең алдымен ашыққандарға нан керек. Тағдыр-тілегіміз бір орыс еліне көмектесу үлкен парыз. Қазақтарға жерін қайтарсаң ел астықсыз қалады. Өйткені олар мол егін салып, жер жыртып үйренбеген. Мұндай жағдайда не істеу керек?

— Жасыратыны жоқ, Федор Иванович, қазіргі талас,

қызу әңгімелер осы төңіректе боп келеді. Біз елге астық керек екенін ойлап, жерді кулактар мен әлді шаруаларға уақытша қалдыра тұруға және олардан салық жинауға келістік. Ақгвардияшы ақ сүйектер дем берген кулактар бәлесі мол дауға көшті. Оларша, большевиктер бастаған совет өкіметінде әділеттілік жоқ, халықтың бәрін әділ ұстамайды. Әйтпесе, қазақтарға салық салмай, барлық ауыртпалықты бізге жүктегені қалай? — деп даурыға көтеріледі. Бұл үгітке әлді крестьяндар да құлақ түре бастады. «Диканшыны жақтаған Совет өкіметі жасасын!» — деген ұранның шығуы осыдан туып отыр.

Жерді алу саясатына алашордашы мырзалар дем берген қазақтар жағы да наразы. Оларша, Совет өкіметі қазақтардың ата-мекенін орыстарға тартып әперіп отыр. Мұсылман коммунистерінің бәрі сатылған. Олар нағыз халық жаулары, — деп бізді сөгіп, айыптайды. Елді іштен түрткілеп, ұшықтырып, ұлт араздығын өршітіп отыр.

Ел іші осылай боп отырған кезде жұрттың қолында мол қарудың сақталуы өте қауіпті. Және Жетісу майданы жойылғаннан кейін Орталықтан келген бұйрық бойынша барлық тұтқын солдаттар мен офицерлерге бостандық берілді. Біздегі есеп бойынша Верный қаласында олардың саны 6000-нан асады. Мұндайлар облыс көлемінде қаншама мың десеңші. Олардың көбі совет кеңсесінде жұмыс істеп жүр. Генерал Дутов өзінің тыңшылары мен агенттерін көптеп жіберіп, бұларды бүліншілік жасауға үгіттеп, азғырып жатқанда мол қарудың қолда сақталуы және қауіпті екенін айтқан жөн.

Сонан соң, Дутовтан қашан қатер төнеді деп күтіп отырмай оның шірік ұясын талқандаудың қамын қарастырған жөн. Мен бюро мәжілісінде осы мәселені қозғағанымда кейбіреулер «Дутов шекараның ар жағында басқа елдің жеріне орналасқан. Мол күшпен барып, талқандай салуға ол елдің үкіметі келісе қоймайды. Бұл өзі ұзақ алысар жауымыз» — деп қас жауымыздың өмірін ұзартқысы келеді. Мен келіспеймін. Дутовтың қалың қолын ірітетін, ыдыратып, берекесін кетіретін жол бар. Олардың



арасына разведчик жіберіңіз. Мұны партия тапсырмасы деп біліңіз: Егер біз шабандық жасасақ ескі дүние әлі тірі, қаруын тастаған жоқ, табанда өзімізді шаншып тастайды. Асығу керек, Федор Иванович, — деп демігіп кеп тыныс алып барып тоқтады.

Эйхманс Ораздың әңгімесін бөлмей, сүйсіне ықыласпен тыңдап келе жатқан. Бұл облысқа келер алдында жағдайды түсіндіргендей мәлімет алған. Бірақ дәл мынадай жік-жікке бөліп, талас, тартыс түбін, оның себептерін бұлай мәнді, мағыналы ғып айтып бере алған жоқ еді. Енді оның көз алдына бүкіл облыс суреті бар болмысымен айқындала түскен секілді. Оразға ақылды, салмақты жүзбен қарап өтіп, ақырын сабырлы үнмен:

— Бұл өлкенің кешегісі мен бүгінгісін адал оймен ашық айтып бергеніңізге көп рақмет. Бұл мен үшін үлкен сабақ, әрі жаңсақ, жаңылыс кетпеуге себебін тигізетіні айқын, — деп шұғыл ойлана түсіп сөйлеп кетті. — Генерал Дутов және оның қол астындағы қалың күші Жетісу өңіріне қатер төндіріп отырғанын жақсы айттыңыз. Бұл жөнінде бөлімшедегі жолдастармен ақылдасқан едік. Мұндай істе титтей қате жіберуге хақымыз жоқ. Қайткен күнде сіздің тапсырмаңызды орындауға тырысамыз. Тегі қателікке жол бермеу үшін өзіңізді күткен жөн бе дейміз.

— Ел тағдырын кадр шешетін кезде әрбір қызметкер азаматты қорғау біздің қасиетті борышымыз, — деп Ораз қызу қолдап кетті. — Адал кадр — партияның алтын қоры. Ал мені күтем деуіңізге келіспеймін. Бұл қызметкерлердің ынтасын бөгейді, селкостық туғызады, жалтақ етеді. Қайта мен келгенше Дутовты жою туралы жоспарды жан-жақты қарап жасай беріңіз. Осы жолы сәті келсе мен де сол жоспарды шындап, шымырлауға үлесімді қосармын.

— Сіздің тапсырмаңызды орындаймыз, жолдас секретарь. Ал өзіңізде жаңалық бола қалған күнде Давыдовқа айтарсыз. Мұнда біз де хабардар боп жаталық.

— Әрине, онымен кездесем ғой.

— Жолығатын кісіні жақсы танысыз ба?

— Көптен білем. Қадірлейтін кісімнің бірі. Қазіргі

қызметіне тұруға мен себепкер боп едім.

— Ораз Қиқымович, сізді жақсы түсіндім.

— Түсінген кісімен істес болсаң жұмыс жеңілдене, көңілдене түседі, — деді де, үзеңгіге аяғын тіреп, көтеріле түсіп жан-жағына қарап алды. — Қалай, Федор Иванович, қиырда жатқан қаламыз ұнады ма?

Эйхманс Ораздың кілт әңгіме желісін өзгерткісі келгенін сезіп, өзі де соны қостады.

— Көп, жемісі мол әсем қала. Ауасы қандай жеңіл, таза десеңізші. Алатаудың баурайына биік сәнді үйлер тұрғызса жұрттың ләззат, рақат тауып демалатын орны екен. Табиғат әулие бір жағынан жомарттығын жасап жатса, екінші жағынан қауіп-қатерін қосақтап жүреді. Осындай көз тұнатын көрікті жерді нағыз апаттың өтіне қойған. 1911 жылғы жер сілкіну күші 9 баллдан асқан деп естідім. Сондай үлкен апат 1887 жылы да болса керек. Тегі жердің сілкінуі осындай күшпен жиі-жиі болып тұрса, көп қабатты үйлер қала тұрғындары үшін тас мола ғой! — деп өкініш білдірді.

— Мен бұл айтқаныңызға келіспеймін, Федор Иванович. Ертеңгі күнімізге, қызық болашағымызға бүгінгі жадағай жалшылық қалпымызбен, қазіргі ой-өрісіміздің жұтаулығымен қарамаған жөн. Ескі дүниені күл-талқан етіп, жаңа қоғам орнатудағы мақсатымыз не? Жұрт жаппай сауатын ашып қатарға қосылады, ғылым дамып, техника өседі, шарықтап өрлейміз, өсеміз дейміз! О кезде жер сілкінуге қарсы үйлер салу бұйым болмай қалады. Біздің қазақ елу жылда ел жаңа дейді. Бәлкім, елу-алпыс жылдан кейін өңіміз түгіл түсімізде көрмеген кереметтер жасалып, ұрпағымыз айға, сонау Шолпан жұлдызына жол салар, — дегенде, Эйхманс жымия күліп басын шайқады. Өзінен жеті-сегіз жас үлкен кісінің балалық қиялын тамашалағандай еді.

— Ораз Қиқымович, жұмыс қажытып шаршаған шақта алаңсыз бос жатып, бір сәт қиялға шоматын әдетім бар. Алыс, белгісіз, сыры мол жұмбақ дүние құшағына сүңгіп, содан өзіме қызық тауып тамашалаймын. Бірақ өнбес,

нәрсіз құр қиялға ерік берген емеспін. Құр қиял кісіні шаршатады. Әлгіндей ойлап шарықтағанда қандай дәлелге сүйендіңіз? — деп күле қарады.

Ораз көзін қысыңқырап ойлана түсіп:

— Мені құрғақ қиялшыл демексіз ғой? — деді.

— Жоқ-ә, құдай сақтасын, ондай ойым жоқ, — деп Эйхманс салмақтана сөйледі. — Түптеп келгенде адамзат баласы оның ішінде социализм елі сондай шарықтау деңгейіне көтерілетініне кәміл сенем. Ал айға, Шолпанға ұшу, жердің тарту күшінен сытылып көкке өрлеу үшін үлкен қуат, энергия қуаты керек. Күйреген шаруашылықты қалпына келтіру, завод-фабрикаларды іске қосу үшін, әй, біраз уақыт керек болар-ау! Орта Азияның жағдайы өзіңізге мәлім. Түркістан майданы жойылған жоқ, о жақта мылтық атылып, ұрыс жүріп жатыр. Мұндағы біздің жағдайымыз онша маз емес. Елу-алпыс жыл деген тым қысқа мерзім сияқты көрінеді. Мен қиялдауды сүйем. Кісі арманы шындыққа жақындаса соғұрлым қызық та тәтті ғой.

— Сіз шахмат ойнауды білесіз бе?

— Білгеніңіз не, әуелі тәуір ойнаймын.

— Гимназияда оқып жүргенде осы ойынмен әуестеніп шахмат жайындағы әрқилы кітаптарға үңілетінмін. Шахмат тақтасының 64 көзі бар. Содан мынадай жағдай есімде қапты. Үнді елінің үлкен патшасы шахмат ойынын жақсы ойнайды екен. Бір күні бір ғалыммен бәс тігісіпті. Ұтса басын алмақ, ұтылса, ғалымның сұрауы бойынша шахмат тақтасының әр көзіне екі еседен бидай дәнін төлемек болған. Мәселен, бірінші көзге бір дән, екінші көзге екі дән, үшінші көзге төрт дән, төртінші көзге сегіз дән, бесінші көзге он алты дән, алтыншы көзге отыз екі дән, жетінші көзге алпыс төрт дән, солай 64-ші көзге дейін еселеп өсіп кете бермек. Патша «Сенің құның бір қап бидай екен ғой. Кел, ойнайық!» — деп кірісіп кетеді.

Патша өзінің ұтылғанына онша өкіне қоймайды. Уәзіріне «мынау ашыққан неме екен, бір қап бидай арқалатып жібер» — дейді. Бір күні патша мазактағысы кеп «әй, әлгі бейшара бидайын алды ма?» — деп сұрағанда, ол «Таксыр

сіздің қамбадағы бидай түгіл бүкіл патшалығыңыздағы бидай жетпейді» — дегенде, патша қатты ашуланып «сен өйтіп оттама, жетінші көзде небары 64 ғана дән болғанда, 64 көзде ол қалай көбейіп кетеді» — деп, сенбей бас абызын шақырады. Абыз бас иіп «О, мәртебелі тақсыр, дүние жүзіндегі барлық теңіздер мен мұхиттарды құрғатып егін еккенде де сіз ол ғалымнан құтыла алмайсыз. Шахмат көзіндегі бидайда есеп жоқ» — деген екен. Патша өзінің маскара болғанын біліп, оны жабу үшін ғалымға қызын беріпті деседі. Бәлкім, олай емес шығар, бірақ халық аңызы қаһарлы патшаны жай ғалымға, ақылдыға табындырған ғой.

Эйхманс бұл аңызды білетін. Осыны Ораз айға, Шолпанға ұшумен қалай ұштастырар екен деп қызыға тыңдады.

— Революция тудырған жаңа қоғам шахмат тақтайындағы бидай дәніндей қауырт қаулап еселеп өседі, — деді қара көзінен ұшқын атып.

— Романовтар әулеті үш жүз жыл бойы патшалық құрып дәурен кешіпті. Төңірегіне өңшең бай-манаптарды, княздарды, генералдарды, школадан өткен унтер-офицерлерді топтап, алтын тағынан ешкім қозғай алмайтындай көрді, берік санады. Ал Россияның жұмысшылары мен шаруалары патшаны бір-ақ күнде тақтан құлатты. Николай патшаның өзін иттен әрмен ғып атып тастады.

Олай болса халықта саркылмас күш-қуат, телегей-теңіз мүмкіндіктер бар деген сөз. Өкіметті біржола қолына алған соң оның қуаты мен даналығы арта түседі. Міне, Федор Иванович, революция туғызған социалистік қоғамның кереметі осында. Жаңа қоғамға Романовтар әулеті тіршілік еткен үш жүз жыл өлшем бола алмайды. Ол азғана жылдың ішінде талай ғасырдың құлазыған қуысын толтырып алып қадаммен алға басуға тиіс. Әйтпесе, жан-жақтан анталаған капиталистік дүние таптап, жаншып, тұншықтырып тастайды. Совет қоғамы үшін елу-алпыс жыл шарықтау, шырқау, молшылыққа кенелу жылы болмақ. Мен осы үшін қиялданып армандаймын, осы үшін күресем.

Эйхманс Ораздың шешендігіне, логикасының күштілігіне қайран қалды. Мына сөздеріне қосылмаса дау айтуға болмас еді. Эйхманс ойлана түсіп:

— Революция туғызған жаңа қоғам азғана жылдың ішінде талай ғасырдың құлазыған қуысын толтырып алып қадаммен алға басуға тиіс деп әдемі айттыңыз. Шыны солай, күлден шыққан феникстей жаңарып, жадырап өрлеу керек. Басқа жол жоқ. Шіркін, бізден кейінгі ұрпақ бақытты-ау. Ең болмаса, солардың тіршілік кешкен дәуірінің шетін көрсек арман болмас еді, — деп армандағандай болды.

— Әр адам ойлаған арманына жете бермейді, Федор Иванович. Өмір қысқа. Бірақ, ертеңгі күннің жақсылығын сезе білудің өзі бақыт. Әйтеуір менде асығу, аптығу бар. Тұп-тұнық боп қараңғы жатқан елімнің көзі ашылса екен, өрлесе екен, жақсылыққа кенелсе екен деймін. Өзім жөн көрген, мақұлдаған іске шұғыл, батыл кірісіп кететін әдетім бар. Қазіргі жағдай бойкүйезденген самарқау шабандықты көтермейді. Асығып арпалысу керек. — Эйхманстың ажарына көз қиығын тастап әңгіме желісін бұрды. — Кеше қағаздарды қарап отырғанда Ревкомның атына берілген бір қағазға көзім түсіп еді. Жаркенттегі жолдастар Жарков деген біреу жөнінде сұрапты. Оның кім екенін анықтай алдыңдар ма? — деді.

— Оның шын фамилиясы Волков, Жарков деген бүркеніш аты. Ол генерал Дутовтың мұндағы сыбайластарына жіберген байланысшысы боп шықты. Волковты тінткен кезде Дутовтың хаты табылды. Онда «Барған сәтте азық-түлік керек. Бархуздарда және Жаркентте 1000 адамға арнап үш күнге нан дайындаңдар. Сондай-ақ жоңышқа, сұлы, әрі ет те керек. Сондай запасты Шелекте де жасандар... Шекарадағы әскерлердің дәл санын хабарлаңыз» — деп жазған. Біздің жолдастар асығыстық жасаған ба, қалай? Енді оның мұндағы адамын анық біле алмай отырмыз.

— Волковтың өзі білмегені ме?

— Дәлін айту қиын. Ол білмеуі де, білсе айтпауы да мүмкін.

— Волковқа байланысы бар-ау деген кісілердің тамырын

басып көрсе қайтер еді.

— Арандап қалып, шындық түбіне жете алмай қаламыз ба деп қорқам. Тергеу үстінде ол бәрін жасырмай, бүкпей ашып ақтарып салған секілді. Шекара шегіне полковник Янчистің өзі шығарып сап атаман Дутовтың сәлемін жеткізгенін де айтты. Енді оның сөзіне иланып мұндағы көрсеткен кісілерін тізе бастасақ кеңседен сау адам қалатын емес. Бірі — Дутовқа қызмет көрсеткен «сыбайлас, ниеттес», екіншісі — Янчистің «Жалдамалы агенті», енді бірі «Анненковқа қызмет жасауға тілхат берген тыңшысы» боп шыға келгелі тұр.

— Адал адамдарды қаралап қатарына ала кетпек екен де!

— Волковтың сөзіне сенсең солай боп шығады.

— Оның кіммен байланыс жасайтынын әбден анықтап алғанша еркіне жібере тұру керек пе еді, қалай? Онда Волковты еркінсітпей мұндай залымдығын кесіп, тыйып тастар едіңіз.

— Бұл өзі менен бұрын болған іс. Қазір әлдебіреудің шалалығынан қаншама қыруар жұмыс істеуге тура кеп тұр.

— Волков жалғыз ба еді?

— Онымен бірге шекарадан тағы екі адам өткен. Волков біреуінің фамилиясын, ал екіншісінің атын ғана біледі. Ғапаровты іздестіріп жүргенімізде, ол біздің Махмұд Қожамяров деген жігітімізге «Қыран ұясы» бандасының басшысы атынан кеп сөйлескен. Жолбарыс асуындағы банданы талқандаған кезде Ғапаров зым-зия жоғалып кеткен.

— Ғапаров? — Ораз ойланды. — Заң қызметкерлерінің көбін білетін едім. Мұндай фамилияны естіген емеспін.

— Мен де солай ойлап ем. Бұл оның бүркеніш аты болуға тиіс. Өзі юрист болған соң күнілгері ізін жасыруға кам жасаған түрі бар.

— Қазақта заң білімін алған адам онша көп емес. Асықпай қарап, талдап шыққан жөн, — деді де қызарып батып бара жатқан күннің көзіне сығырая қарап, — әңгіменің қызығына түсіп, ертелі күнді кеш ғып алыппыз

гой. Кел, Федор Иванович, жарысалық, ат та бауырын жазып қалсын, — деп қара айғырға қамшыны басты.

Салқын кеште түннің талмаусыраған қызғылт сәулесі шашыраған Іленің сары жазығында қос атты құйындатып шауып бара жатты.

## УЕЗДІК МИЛИЦИЯ БАСТЫҒЫ



«Ол кезде мен Уездік милициясының бастығы едім. Маған берілген бірінші тапсырма Қытай республикасының Іле округінде тұрған ақтардың атаманы Дутовпен танысып, оның сеніміне кіру, ақтардың күшінің қанша екенін анықтау еді».

*Қ. Чанышев<sup>1</sup>*

Ораз бір жұмадан кейін Жаркентке жетті. Баһаудиннің хаты бойынша Ибрагим әпенденің үйіне түскен еді. Едені тақтайланған әрі биік, әрі таза екен. Төрге сары жіппен әдіптеп, қызыл барқытпен оюлаған сырмақ төселген. Бұрышта ағаш тепкішектің үстіне кітаптар, оқулықтар жиналған. Қысқа амандық-саулық айтып, жөн сұрасып біліскен соң учитель қонақ күту қамына кірісті. Сырмақтың үстіне көрпе төсеп, қала кестесімен безелген үлкен ақ жастықтарды қонақтың қолтығына тықпалай түсіп:

---

<sup>1</sup> Эпиграфтағы бұл, сөздер Қ. Чанышевтің облыстық Ревкомға жазған хатынан дәл көшіріп алынды. Автор бұдан былай да Қасым-ханның сол рапортынан үзінділер келтіріп отырады.

— Верный салт аттылы кісіге бірталай жер-ау. Ортамызда қарлы Алатау жатыр. Әбден шаршаған шығарсыз. Жалғыз ұл әскер қызметін өтеп жүр. Үйде менен басқа қолқабыс жасайтын кісі жоқ. Жеңгеңнің ұсақ шаруасына көмектесіп қазір келем, — деп базардан мал алдырып шалмақшы еді. Ораз мұны сезіп қалып қарсылық етті.

— Мені шын сыйлағыңыз келсе, мал соям деп әуре болмаңыз. Үйдегі бар дәмге ризамын.

Ибрагим әпенде қатты қынжылып:

— Інім-ай, мұсылманда жоқ ырымды бастадың-ау. Қонақ келсе үйдің құты емес пе! Бұл қалай болғаны? Ертең сүйек жекжат Баһаудиннің бетіне қалай қараймыз. Жіберген бір қонағымды күте алмадың дейтін болды-ау! — деп, сонда да базардан жас етті молырақ алдырып мәңгі жасаттырды. Ораз мұндай шебер жасалған тәтті тағамды көрген емес-тін.

— Жеңгесі, титтей қамырдың ішіне етті қалай орап салдыңыз? Тәттілігіне қарай бейнеті аз емес-ау, осының, — деп Ораз дәу табаққа төпелеме ғып үйілген мәңгіні алдындағы шыны ыдысқа қасықпен құлата берді.

— Осы күнгі балалардың семіз етке әуестігі жоқ. Осылай пісіріп берсең ғана жейді. Бойға жұғымды болғаны жақсы ғой, — деп Жауһар ханым сыпайы жауап қатты.

Аздап тынығып алған соң Ораз Уездік милицияның кеңсесіне келді. Қасымхан екі қолы епетейсіз ұзын, басы қазандай, қарасұр жүзді біреуден жауап алып жатыр екен. Бөлме ішінде әрі-бері шапшаң жүріп, шұғыл-шұғыл сұрақтар береді. Ілезде, бөгелмей жауап қатуын талап етеді.

— Шындық судырап тіл ұшында тұрады. Ойлансаң өтірікке қарай ойысқаның, — деп асықтырып, түйіле түседі. Босағада тұрған Оразды көріп, кілт тоқтап состиып тұрып қалды. — Ораз? Қашан келдің?

Ораз сабырлы, салмақты үнмен:

— Кешір, Қасымхан, саған кедергі келтірген жоқпын ба? — деді.

Қасымхан ұмтыла кеп:

— Біз мұнда асыға сарғайып күтіп отырмыз ғой, —



деп қолын алып, қатты қысып тұрып жарқылдап күліп амандасты.

Ораз:

— Үй-іші аман ба? Фаиза апай қуатты ма? — деп шешесінің халін сұрады.

— Бәрі аман, баяғы өзің көрген қалыпта жүріп жатырмыз, — деді де кабинет ортасында орындықта шоқшиып отырған қазан бас кісіге, — алыстан келген қадірлі қонақ сені өте жайсыз сұрақ-жауаптан құтқарды. Үйіңе қайта бер. Өлгі айтқанымды мықтап ойлан. Мақау боп білмегенсігенді қой. Бәрі бір астарлы сырың ашылады. Ұқтың ба?

Қазан бас иек үстіндегі сақалы шошаң етіп:

— Е, білгенімді жасырып жатармын ба? Кісінің түзу сөзін теріске бұратын мына өздерің ғой, — деп қыңырайып шығып бара жатты.

Қасымхан қызыл сафиянмен қапталған диванға Ораздың қасына отырып:

— Көрмегелі қаншама айдың жүзі болды. Уақыт атаулының қалай зымырап өткенін байқамай қалыппыз. Өстіп өмір өтеді екен-ау. Сонан соң бір күні қиыр шетте елеусіз топырақ төмпешік боп, ұмтылып, өшіп қала бересің, — деп бір сәт қиялдап кеткендей болды.

Ораз Қасымханның ажарлы жүзіне жалт қарап басын шайқады.

— Адамзат жаралғалы бері бұл дүниеден талай миллиард адам өтіпті. Соның ел аузында, тарихта қалғаны некен саяқ, — деп ойлана отырып жауап қатты. — Көп замандар бойы әр жұрттың ақыл-ойшылдары адамдар арасындағы теңсіздікті, әділетсіздікті жою, қоғамды социалистік жолмен қайта құру жөнінде көп армандап, қиялданған ғой. Менің қазағымда, «Қой үстінде боз торғай жұмыртқалайтын» күндерін көксепті. Сол халық көксеген, социализмді империализм дәуірінде революция жолымен шындыққа айналдырған Ұлы Ленин ғана болды. Қазір сіз бен біз сол ұлы дүбірдің, жасампаз еңбектің ортасында жүрміз. Жаңа дәуірді жасауға қатысқан адамның аты өшпек

пе екен? Жоқ, ол өмірмен бірге жасайды, өшпейді, өлмейді. — Ораз Қасымханның жүзіне бағдарлай қарап, — бүкіл әлемді дүр сілкіндірген жаңа құрылысты, жаңа қоғамды өсірмей, өршітпей жаншып, таптап тастауға қаншама әрекеттер жасалып жатқанын өзің көріп отырсың. Күрес әлі тоқталған жоқ. Әлгіндей бос қиялданбай ақылыңды сол дұшпанды жоюға жұмсасаң қайтеді, — деп барып тоқтады.

Қасымхан Ораздың көкейінде әлденені айтпай бөгеліп қалғанын сезді. Салмақты, ақылды жүзін тосып:

— Айта бер, тыңдап отырмын, — деді.

Ораз да Қасымханның ойланып, қамығып қалғанын байқап әңгіме желісін кенет езгертті.

— Давыдов осында ма?

— Қорғасқа кетті. Алдыңды тосып, шыдамсыздана күтіп еді. Шекарада төтенше жағдай болып қалды білем. Келіп қалар.

— Бөлменің іші қапырық екен. Сыртқа шығып жүре сөйлессек қайтеді?

— Шықсаң шығайық, өзім де соны айтқалы отыр едім.

Бұлар учительдің үйіне келді. Ибрагим сыйлы қонақ келгенде жасайтын кәдені істепті. Семіз марқаны жайратып тастаған. Сірә, көршісі ме, бір-екі жас әйел ішек-қарын тазалап, бас үйтіп жатыр. Ибрагим қолын шапшаң жуып, Қасымханға кеп амандасты да бақтың ішіндегі сәкіге көрпе төсеп қонақтарды сонда жайғастырды. Екеуі оңаша қалғанда Қасымхан:

— Суыт жүргеніңе қарағанда бұл жаққа бекер келмеген түрің бар. Әлгінде сөзіңнің басын бастап аяғын жұмбақтап барып қоя қойдың. Өзі маған қатысы бар іс пе? Араласып кірісуім шарт па? Екеуіміз қиын да қилы кезде сыннан мүдірмей өтпеп пе едік. Астарлы сыр ғып бүгіп, қымтамай айта бер. Одан Қасымханның өті жарылмайды, — деді.

— Дәл тауып отырсың, — деп Ораз басын изеді.

— Бұл жаққа облыстық партия бюросының тапсырма-сымен келіп едім. Әрі өзіңе жолығайын, ақылдасайын деген ойым да болды.

Қасымхан қозғалақтап құлағын түре түсті.

— Иә, айта бер.

— Сен оқыған, сауатты әрі әскери өнерден мол хабарың бар білімді адамсың. Ақыл айтып азғырып, үгіттеп жатпаймын. Елдің, оның ішінде облыстың ішкі-сыртқы жағдайын менен кем білмейсің. Бірақ мынадай шындықты естен шығармауға тиіспіз, — деп дағдылы шапшандығына басты.

— Жетісуда қан көп төгілді. 1916-шы жылдың дүрбелеңінен қан-жоса боп босқан халық көп ұзамай атаман Анненков пен генерал Дутовтың ызалы ақ бандаларының қанды қылышына ілікті. Олар үшін адам тағдыры ойыншық болды. Басын шауып тастау, қылышпен кескілеп қорлау, жүкті әйелдердің қарнын жарып, ішіндегі баласын найзаның ұшына қадап қою түкке тұрмады. Кейбір ауыл мен қыстақ түгелімен жойылып кетті. Кең дала сасық өлікке толды. Егер Қызыл Армия келіп азат етпесе, Совет өкіметі орнамаса, бұл өңірде қазақ атаулы жойылып кетер ме еді, қайтер еді? Революцияны, Совет үкіметін қорғау — қазақ баласы өз семьянды, бала-шағанды, бақытынды қорғағаның, сақтағаның деп айтар едім.

— Қауіп әлі сейілген жоқ. Шекара өтінде Дутовтың мол қарулы күші тұр.

— Өте дұрыс айтасың. Ау, бұ қалай, дәл түбімізде ақтар тұр деп олардың шабуылын күтіп осылай қол қусырып отыра береміз бе? Дұшпанның ордасын барып неге ойран салмаймыз?

— Мұны мен де айтып жүрдім. Ең қиыны бөтен жұрттың жерінде тұр ғой. Қалай баса-көктеп кіре аласың?

— Білем, тату елмен, көршімен араздасу жарамайды. Бірақ біз қиын сыннан өткен елдің ері емес пе ек? Генерал Дутовтың армиясының арасына іріткі салып, тоз-тозын шығаратын амал табайық. Осыны сен жасамасаң, сен таппасаң басқа кімнің қолынан келеді? Алыстан ат сабылтып келсем, алдымен осы жайында өзіңмен ақылдасайын, кеңесейін деп келдім, — деп Ораз жауап күтіп тоқтап қалды.

Қасымхан шынтағын тізесіне тіреп, саусақтарымен

иегін, мұртын сипалап ойланып қалды. Аздан соң еңсесін көтеріп:

— Ораз Қиқымович, сөзіңнің астарын ұқтым. Бұрын қазақ баласы жасамаған кәсіпті жүктейтін ойың бар. Жансыз боп жаудың ішіне кір, сырын біл, берекесін кетір, елдің кегін қанмен қайтар демексің ғой! Білсең, Жаркент ЧК-сынан сондай тапсырма алдым.

Ораз жайдарлана күлді.

— Эйхманс жедел кіріскен екен. Онда менің басқа айтар сөзім жоқ.

— Бірақ бұл әрекетіміз зая кете ме деймін.

— Неге?

— Атақты бай баласы, князь тұқымы екенімді ұмытып, большевиктер жағына шығып қызмет жасап жатырмын. Жаркент уезінің милициясының бастығы екенімді атаман Дутов білсе керек. Оның шекарадан өткен тыңшыларын, контрабандистерін ұстап жазалағаным бар. Мені көргенде әккі генерал құшағын жайып қарсы ала қоймас деп ойлаймын. Өшіккен жауының қолына оңай түскеніне қуанар!

— Жауға аттанғанда өлемін демейді, женемін дейді. Өлу мақсат емес, жену мақсат. Әйтпесе, күресіміздің мәні қайсы! — деп Ораз өз ұсынысының кебін дәлелдей түсті. — Дутов сенің «өз ықтиярыңмен» келгеніңе сенбей, жаза кеспей ме деп шұбалана қарайсың. Мен бұл жайында көп ойландым. Ақыры атаман қармаққа түсуге тиіс деген қортындыға келдім. Оның мынадай ғана жәй себебі бар. Біріншіден, Дутов жақсы жарақтанған армияны ұстап отыр. Олардың туған жері Россия, солдаттар атаман ертең жеңіске жеткізетін майдан ашады, елге жаппай қайтамыз деген тәтті үмітпен қарайды. Олар жат жұртта ұзақ уақыт қимыл-әрекетсіз бос қарап жата алмайды. Өз атаманының осалдығына көзі жетсе, араларында іріткі туып, ыдырап, бытырап қаша бастайды. Дутов, міне осыдан қорқады. Үлкен соғысқа дайындалып жатқандай түр көрсетіп әрі солдаттардың назарын басқаға аудару үшін полковник Сидоровтың бандаларын ауық-ауық қанды жорыққа

аттандырып отыр. Ал үлкен соғыс ашуға оның батылы жетпейді. Өйткені біздің ішкі жағдайымызды жақсы білмейді. Бәлкім шекарадан бірлі-жарымды біреулер өтетін шығар. Олар құпия мәлімет ала қоятын жерде жұмыс істемейді. Ұзынқұлақтан естіген дәлелсіз, нәрсіз алыпқашты әңгімелер Дутовты қанағаттандырмайды. Оған Совет кеңсесінде жұмыс істейтін дәрежелі, салмақты адам керек. Сондай кісі мына сен боласың. Дутовтың қармаққа ілінуге тиіс дейтін бір себебім осы. Екіншіден, оның саған илана қоймайтынын білем. Күдігің орынды. Бірақ большевиктің сендей беделді, абыройлы қызметкері өзі келіп «Советке қарсы күресем» — деп тұрғанда, оны оп-оңай өлтіре салу оған онша пайдалы емес. Қайта өзінің төңірегіндегілерге «міне, көрдіңдер ме, маған, Дутовқа Қызылдардың басшысы пана іздеуге келіп отыр» — деп айтуына және өзінің беделін көтере түсуіне себепші ретінде қарайды деп ойлаймын. Қармаққа ілінуге тиіс дейтін екінші себебім осы. Қайткенде саған тұяқ іліндіріп алу керек. Әрі қарай қалай жұмыс істеудің тәсілін менсіз де білесің.

Ораздың сөзін сабырлы салмақпен тыңдаған Қасымхан кеудесін көтере кең тыныс алып:

— Мұсылман коммунистерінің басшысы барса-келмеске жұмсайды деп күткен жоқ едім. Және мұның өзі менің ойыма келмеген іс еді, — деп орнынан тұрды.

Ораз Қасымханның иығына қолын салып қатарласа жүрді.

— Егер осыны атқара алмаймын-ау дегендей көңіліңе қаяу түссе, онда ұсынысымды қайтып алам. Және ешқандай өкпем де, ренішім де болмайды. Адамның ықлас еркімен жасалмаған істің оңалмайтынын өзің білесің. Ал бұл сапарға бел байлап тәуекел етсең, оны көп кісінің, тіпті жақының да білмегені жөн. Бала-шағаны үй-ішін дүрліктіріп қайтесің. Құлжада әпкелерің тұратын көрінеді. Демалыс алып соларға барып қайтқан боп көрінгенің дұрыс шығар, — деді.

— Кеңесіңе рақмет, Ораз Қиқымович. Аз сөзбен мәнді,

мағыналы көп ұсыныс-әңгіме айттың. Осының бәрін тағы да ой елегінен өткізіп көрейін. Ертең сағат 10-да келем.

— Асыға күтем.

Ибрагим Қасымханның тамаққа қарамай кетіп бара жатқанын көріп, бұлар бірдемеге келіспей ренжіп, ұрысып қалған екен деп қатты шошыды. Оның алдын кес-кестеп тұра қалып:

— Қасымхан-ау, мұныңыз не? Тамақ ішіп кетсеңші, — деп өтіне сұрады.

Қасымхан учительдің күдігін сейілткісі кеп:

— Ибрагим әпенде, абыржымаңыз. Сіз бен біздің бәйек боп жүргеніміз облыстан келген қонақтың қамы. Шұғыл жұмыс боп қалды, — деді де қолын жайып күлді. — Қонағыңыз бүгін тамақ жегізетін емес, асықпа, сыбағанды ертең жейсің дейді. Таңертеңгісін келем, молырақ алып қойыңыз.

— Е, қай уақытта келсеңіз де сыбағаң дайын ғой, — деп учитель екеуінің қабақ шытыспай қоштасқанын көріп көңілі жай тапты. Қасымхан қақпадан шығып бара жатқанда күңк ете қалды. — Атағы демесең, әй, милиция жұмысы тым мазасыз-ау! Не ұйқы, не күлкі жоқ, осылай сабылып, сарылып жүргені.

Осыдан соң бір он бес минуттан кейін Давыдов келді. Қасында жас жігіті бар. Оған бұрыла сөйлеп қысқа нұсқау берді де өзі бақ ортасында жүрген Оразға қарай аяғын шапшаңырақ басып, ұмтыла кеп амандасты.

— Жолдас председатель, біздің уезге аман-сау келуіңізбен!

— Рақмет, Василий Васильевич. Өзіңіздің денсаулығыңыз қалай? Жұмыс қалай жүріп жатыр?

— Біздің денсаулық мына шекараға байланысты. Шекара тынышталып, қалыпқа түсіп тәуір бола бастаса денсаулық та, көңіл күй де оңала қалады. Ал бір жерінен ақау шығарып алсақ онда бәрі нашар дей беріңіз. Дәл шекара өтінде өшігіп, жауығып отырған мол күш анталап тұрғанда жұмыста шек болмай кетті. Тәуліктің жиырма төрт сағаты қалай өткенін білмей қаламыз.

— Осы жаққа жүрер алдында сіздің жаңа бастығыңызбен дәл осы мәселе жөнінде сөйлескен едік. Ол сізге көп-көп сәлем айтты.

— Сәлемат болсын.

— Осы жөнінде қазір ғана Қасымханмен де сөйлестім, — деп Әйхманспен және Қасымханмен арадағы әңгімені түгел айтып шықты да, — облыстық партия комитеті әлі жойылып бітпеген, астыртын әрекетее көшкен ақ гвардияшы сілімтіктерге, бай-құлақтарға дем беріп, бүліктің шығуына себепші боп отырған Дутов армиясының шекара тұсында тұрғанына бұдан былай төзе алмайды. Генерал Дутовтың, атаман Анненковтың совет халқы алдында жасаған қылмысы шектен асады. Қайткенде де, Дутовтың көзін жою керек.

— Бұл жайында Қасымханға арнаулы тапсырма берілді. Егер рұқсат етсеңіздер Дутовтың тылына өтуге, тапсырманы орындауға мен де дайынмын.

Егер қолға түсіп қалсаң ше?

— Онда жолым болмаған екен деңіз.

— Жоқ, Василий Васильевич, бізге жолы болатын адам керек. Қасымхан сондай кісі.

Бұлардың қасына Ахмет келді. Ораз оны әлгінде Давыдовпен бірге ілесіп келгенін сыртынан көрген. Ол кішілік жасап Оразға екі қолын ұсынып иіле амандасты да Давыдовқа сәл бұрылып бір-ақ ауыз сөз айтты.

— Бердім.

Давыдов мақұлдағандай басын изеп, Оразға ажарлы үнмен:

— Ораз Қиқымович, мына жігітті таныстырып қояйын. Майлыбай баласы Ахмет. Қасымханның ең сенімді жігіттерінің бірі. Бүгін екеуміз шекараға барып қайттық. Мұның мергендігіне шек жоқ, — деп мақтай жөнелді. — Біз сияқты бұғынып, бүкшендеп көздеп әуреленіп жатпайды. Қарасы шалынса мылтығын еркін ұстап тұрып-ақ басып қалады. Әйтеуір, қарайған қашып құтылмайды. Әуедегісі әуеде, жердегісі жерде қалпақтай ұшады. Ахметтің өзіңмен бетпе-бет сөйлесіп тұрып ту сыртындағыны иық үстінен

атып салатынына таңым бар. Алғаш келгенде нағанды нығыздап ұстай алмай, оғын бытыратып алушы еді. Қазір стволдан оқты бытырлатқанда бәрін тек ондыққа тигізеді. «Көздемей қалай атасың?» – десем, қолына мылтық ұстаған соң ата білгенің жөн ғой» — деп күледі.

Ахмет ыңғайсызданып, қыбыжықтап төмен қарады. Ораз жас жігіттің көзінше мақтағанына қысылыңқырап тұрғанын байқап тыныштандырып сөйледі.

— Мергеншілік үлкен өнер. Қазақ жауырыны жерге тимеген палуанын, құралайды көзге атқан хас мергенін әр кез мақтан еткен. Мына шекара тұсындағы қатерді жойып елге тыныштық орнаған соң Ахметтей мергеншілерді, сайысшыларды, садақшыларды жинап алып, оларды жарысқа түсіріп, әлі тамашалайтын боламыз. Сол қызық жарыстың бас төрешісіне Ахмет өзінді қоям. Шеберлігіңді жетілдіре бер, тек мергендік өнер танбасын, шаршамасын, — деп Ахметтің иығына алақанын салып қысып, сілкіп қойды.

Кешкі астан кейін Ораз бен Давыдов өздері оңаша қалып, ұзақ әңгімелесіп кетті. Ахмет бұлардың тыныштығын бағып үй сыртында есік маңында жүрді. Түн ауа Давыдов пәтеріне қайтты. Кетер алдында ол:

— Осында қаласың. Міндет өзіңе түсінікті, — деп Ахметке сыпайы ескертті.

Ораз:

— Ахмет кеше өзіңмен күні бойы бірге жүріпті. Одан келген соң да маза бермедік. Бұл да барып демалсын, ұйықтасын, — деп еді, Давыдов:

— Шекара шегінде тұрмыз. Бұйрық солай, председатель жолдас, — деп әскери тәртіптің ерекшелігін сездіргендей жүре берді.

Қасымхан келесі күні таңертеңгі шай үстінде келді. Ораздың екі жағында дөңгелек столды жағалай Давыдов пен Ахмет отырған. Қасымхан кіргенде Ибрагим мен Ахмет кезек ұшып тұрды. Ибрагим:

— Жақсы келдің, қалқам. Барлықтарыңның бастарың қосылды. Енді асықпай жайлап отырып тамақтарыңды



ішіндер, — деп жоғары жағынан орын берді. Жайуар ханым оның келетінін сезгендей ысытып қойған дәу табақ етті алдына қойды. Үстінде кесек еттерін бұзбаған қалпында жамбас пен асықты жілік салған. Қасымхан жаңа үйленген. Бұ жақта асықты жілікті басы көбейсін, үбірлі-шүбірлі болсын деп ырым етіп қастерлі қонаққа береді. Екі бірдей мүшені Қасымханның алдына қойғанда Давыдов әзілдеп:

— Жеңгеміз бізді бас-сирақпен алдап, бар етті қайнысына қойыпты ғой, — деп күлді.

Әзіл-қалжыңға шорқақ Жайуар Давыдовтың сөзін шын көріп қалып:

— Бұл Қасымханға – түнде қойылған ет қой. Сіздердің сыбағаларыңызды тағы бөлек асып жатырмын, — деп қызара жауап қатты.

Ораз қысқа амандықтан соң Қасымханнан көз тайдырмай қадала қарай қалған. Өңі кешегідей емес, салқын, мұңды. Бетінің түгі білініп бозарған. Көзінің ағы қанталап, қызарып тұр. Түні бойы мазасыз қалың ойға батып көз шырымын алмаған түрі бар. Мұны байқамаған боп қасында отырған Ахметке еңсесін бұрып:

— Кеше Давыдов дутовшы бандалардың село мен жатаққа салған ойранын түгел айтты. Олардың хайуандығына ашынып күйінсем, өзіңнің ерлігіңе, кісілігіңе соншалықты сүйсіндім. Атаман Дудконың мойнына шылбырды тұзақтап сап, тірідей ұстағаныңа тіпті тәнтімін. Мен өзі әке-шешені, үлкенді сыйлап өткен қазақпын. Кемпір-шалға қатты жаным ашиды. Қазақ баласы естіп білмеген, көрмеген сұмдық қазадан соң байғұс қарттардың не жаны қалды дейсің. Қасірет қайғысы басылғанша алдарында алданыш боп жүре тұрмадың ба? — деді.

Ахмет сабырлы жауап қатты.

— Әкемнің рұқсатын алып келдім.

— Үйде сенен басқа баласы бар ма?

— Інім қалды. Үй шаруасына көмектесіп, қарайласады ғой.

— Інің нешеде?

— Менен екі жас кіші, биыл 16-ға шығады.

Ораз көңілі толған күймен сүйсіне қарап отырып тың әңгіме бастап кетті.

— Жақында Түркістан Төтенше Комиссиясының барлық азаматтарға арналған бұйрығы шықты. Онда бұрынғы полицейлерді, жандармдарды, чиновниктерді, тілмаштарды және басқаларды тіркеу жарияланған. Тіркеуге әрбір Түркістан республикасының азаматы көмектесуі керек. Олай болса, бұл бұйрықтың бәріне қатысы бар деген сөз. Әрине, бұрынғы патша қызметшілері әрқилы жолмен тегін, қызметін жасырып, тіркеуден өтпей жалтарып қалуға тырысатыны белгілі. Оларды әшкерелеп, тиісті орынға хабарлау әр азаматтың борышы деп білем. Осымен байланысты Уездік милицияның және осыған қатысы бар органдардың жұмысы көбейетіні хақ, — деп Давыдовқа қарай бұрыла сөйледі. — Майлыбай баласы Ахметті Қасымханға көмекші ғып тағайындаса қайтеді? Бастығы жоқта барлық жұмысын соның атынан атқарып жүрсін, — деді.

Қасымхан ойлы жүзбен күрсіне түсіп:

— Өзім де соны сұрағалы отыр едім. Рақмет, — деді. Қасымхан алдына қойған еттен ауыз тиді де, әрі қарай тамақ алмады. Шайды жөнді ішпеді: Ораз оның сөйлесуге асығып отырғанын сезді де, Ахметтің иығына алақанын сап:

— Сен кеңсеге барып жұмысқа кірісе бер. Облыстан Ревкомнан, обкомнан біреулер сұрай қалса бүгін түстен кейін Жаркенттен шығатынымды айтарсың, — деп жаңа жұмысының сәтті болуын тіледі де Давыдов пен Қасымхан үшеуі бақ ішіне қарай кетті. Алма ағашының түбіндегі кешегі сәкіге кеп отырды. Салқын самал жел ағаш бұтақтарын тысырлатып, тербете түседі.

Қасымхан бүйірін таяна қисая отырып:

— Чаныш тұқымы дәулетті, бай кісілер екенін жақсы білесің. Бұл үй білімнен де кенде емес. Оқыған азаматтары, ұрпақтары баршылық. Соның бірі мына мен. Мен теңдікті байлардың әділдігінен, кедейлердің жалқауланбай, ашкөзденген адал еңбек етуінен, барға қанағат қылуынан іздедім.

Жұрттың санасы оянса әділеттік, теңдік заманы өзінен-өзі туатындай көрінді. Сөйтсем, мұның бәрі бекершілік екен. Тек революция жолымен ғана теңдік орнатуға болады екен. Бүкіл халыққа бақытты большевиктер ұсынған жолмен ғана орнатуға болады екен. Бұған көзім әбден жетті. Совет өкіметінің бүкіл елге жасап жатқан жақсылығына Чаныш ұрпағының қайтарған жауабы қайсы? Менің әлді, тоқ ағайындарым, бауырларым малдан, ақшадан басқаны біле де, көре де алмапты. Ең болмаса солардың көрмей жатқанын мен жасап бағайыншы деген ниетпен уездік милицияның бастығы болуға ризалығымды беріп едім. Бұл мен үшін уақытша жұмыс екеніне жақсы түсінем. Ертең кедей табының балалары оқып жетілген соң мұндай әкімшілік орынды босатуға тура келетінін де білем. Сөйткенмен, кейінгі ұрпақ ұрыспайтын жақсы із қалдырсам деп ем. Байқасам, бұным аз екен. Атаман Дутовтың тылына сенімді кісілер жіберілмей жатқан жоқ. Сірә, нәтижесі шамалы шығар. Енді маған салмақ салған екен, мұны да арымды салып ақ ниетпен көтеріп көрейін. Сүрініп бара жатсам арашаға түсіп, азаматтарды бекер арандатпаңдар. Бәрін өз бағымнан көріп алдым.

Осы сапарға аттануға ықылас білдіре отырып өздеріңе үш тілек айтам. Бірінші, қасыма еретін серіктерді өзім іріктеп алайын. Мұндай іске сапырылысқан көп адамның керегі жоқ. Екінші, Жолбарыс асуында талқанданған Дудконың бандаларынан бірде-бір адам ар жаққа өтіп жүрмесін. Дутов өзінің Совет тылындағы сенімді тірегін кім жойғанын білсе, князь тұқымы түгіл, патша әулеті болса да аямайды. Үшінші, дұшпанмен терезесі тең дәрежеде сөйлесу үшін оның өткен жолын жақсы білген жөн. Бұл оның ішкі дүниесін ашуға себебін тигізеді. Осыған жағдай жасаңдар, — деп сөзін түйді.

— Өте орынды талап, — деп Ораз басын изеп мақұлдап құптай түсті. — Бұл мәселенің бәріне Василий Васильевичтің өзі тікелей көмектеседі. Ол қанша айтқанмен, ЧК-ның адамы, жәй кісі біле бермейтін жәйттерді тез аңғарып, оңай әрі тез шешіп береді. Ал

өзіне өтінішім өкіну, түңілу болмасын. Сен партияға керек адамсың. Өзіңді сақтай біл!

— Рақмет, Ораз Қықымович, құдай сәтін салса, аз уақыттың ішінде бір хабарын естіп қаларсың, — деп керіле күшін жиып орнынан тұрды.

— Сапар оң болсын! — деп Ораз қолын қысып қоштасты. — Мұндай ұлы іс революция ісіне берілген қызыл қырандарымыздың, жау жүрек ұлдарымыздың қолынан ғана келеді. Мен бұл операцияны «Соңғы соққы» — деп атар едім. Ал Қызыл қыраным сау бол. Дәл қазір мені шығарып салмай-ақ қой. Көзге көріне беріп қайтесің. Ар жақтан оралған соң осы бір күндерді еске алып, жайласып, қызықтап отырыс жасаймыз.

Сол күні түстен кейін Ораз Жаркенттен жүріп кетті. Давыдов оны Бархуздардың тұсына дейін шығарып салды. Ол жақтан оралған соң уездік милицияның бастығы Қасымхан екеуі атаман Дутовты жоюдың жолдарын қарастырды. Қасымхан таяу күндері демалыс алып Құлжаға жүріп кетеді. Ал бүгін түнде о жаққа Махмұд пен Мұқайды аттандырмақ.

Атаман Дутовты аластау жөніндегі алғашқы жоспар осылай жасалған еді.

## ТҮТҚЫННЫҢ ЖАУАБЫ



Қасымхан стол үстіндегі қара телефонның трубкасын көтеріп, жылтырауық тұтқасын бұрап-бұрап жіберді де, әлдекімге әмір етті.

— Маған бірінші камерада отырған арестантты алып келсін!

Трубкадан күмбірлеген үн естілді.

— Күп болады!

Аз уақыттан кейін күзетші орта бойлы, мығым денелі, сарғылт жүзді кісіні ертіп кіріп, өзі шығып кетті. Қасымхан бір сәт сүзіле қарап:

— Отыр! — деп орындық ұсынды. — Мен уездік милицияның бастығы Чанышев деген боламын. Жауап беруге қарсы емессіз бе?

— Тұтқындағы адамға кімге жауап берсе де бәрі бір емес пе? Сұрағыңды қоя бер.

— Фамилияңызды, аты-жөніңізді айта беріңіз.

— Дудко Аркадий Сидорович.

— Бүркеншек аттың керегі жоқ, маған шын фамилияңызды айтыңыз.

— Мухин Аркадий Сидорович деп жаза бер.

— Мухин мырза, сіз генерал Дутовқа көптен бері қызмет етіп келесіз бе?

— Большевиктің тылында «Қыран ұясы» партизан отрядын құрған соң ғана генералдың қарауына тікелей көштім.

— Одан бұрын ше?

— Атаман Анненковтың отрядында қызмет еттім.

— Қай жылдан?

— 1917-жылдан бері.

— Тәуір-ақ еңбек сіңіріпсіз.

— Бір нәрсені анықтап алуыма бола ма?

— Сұрай беріңіз.

— Атаман отрядында болған бар шындықты айтып берсем, өмірімнің сақталуына кепілдік бере аласыз ба?

— Сіздің ісіңізді Әскери трибунал қарайды. Оған менің қатысым жоқ. Бәлкім, шындықты жасырмай, бүкпей айтып, қатені мойындасаңыз ауыр жазаны жеңілдетуі мүмкін. Бірақ, кепілдік бере алмаймын.

— Үміт жоқ екен ғой.

— Сізге штабс-капитан атағын Анненков берді ме?

— Иә.

— Қандай еңбек үшін?

— Штабқа келмес бұрын рота командирі болдым.

— Сол үшін ғана ма?

— Соғыстағы еңбегімді ескерген болар.

— Қандай еңбек сіңіріп едіңіз?

— Әскери училищені бітіргеннен кейін мені Минск

губерниясының Вобруйск қаласына жіберді. Дәл сол кезде Батыс майдан штабының бұйрығы бойынша күзет қызметін атқару үшін Пин Болотасынан Анненковтың отряды келген екен. Мені осы отрядтың қарауына жіберді.

— Отряд үлкен бе еді?

— Не бары 150-дей кісі.

— Әңгімеңізді жалғай беріңіз.

— Вобруйск қаласында 1917 жылдың сентябріне дейін тұрдық. Сентябрьдің аяқ шенінде Слуцк қаласына көшірді. Отряд онда барғанда да күзет қызметін атқарды.

— Отряд Николай II тақтан құлауын қалай қабылдады?

— Командир Анненков қой. Ол онша абыржи қоймады. «Орыс мұжығы патшасыз өмір сүре алмайды. Елдің ойраны шыққан шаруашылығын қалпына келтіретін және Германиямен соғысты ақырғы жеңіске дейін жүргізетін қатал патшаны сайлап алады. Уақытша өкіметтің жасап жатқан қадамы дұрыс», — деді. Оның сөзіне иландық.

— Октябрь төңкерісі кезінде отряд қайда еді?

— Ол кезде майдан ішінде болатынбыз. Өкімет билігі Советтердің қолына көшкенін, соғыстың тоқталғанын және әскерлерді таратып жатқанын естіген соң отряд дереу Сибирьге қарай бет алды. Совет ұйымдары отрядты тарату жөнінде бұйрықтар беріп жатты. Бірақ өзі қарсы тұруға әлсіз еді. Анненков олардың жарлығына бағынбады. Советтерді жолшыбай талқандап отырды. Сөйтіп Омскіге жетті. Омскідегі қазақтардың депутаттар Советі Анненковқа отрядты таратып, қару-жарақты тапсыруға тағы бұйрық берді. Ол бұйрықты да Анненков орындамады. Қазақтардың депутаттар Советі Анненковты заңсыз деп таныды.

— Депутаттар Советінің жарлығын отрядтағылар біле ме?

— Неге білмесін, бұл жарлықты Анненковтың өзі оқып берді.

— Оны солдаттар қалай қабылдады?

— Бізге атаманның сөзі дұрыс көрінді. Ол бұйрықты сілкіп ұстап «Көрдіндер ме, қазақтардың ішінде қызыл

большевиктерге сатылғандар табылып отыр. Мынау солардың сөзі. Советтің бұл жарлығы бойынша кез келген жапырайған мұжық, кез келген даланың киргизы табанда атып тастай алады. Осындай қорлыққа төземіз бе?!» — дегенде, бәріміз — «жойылсын, сатқындар! Бізбен бір құдай, бір Атаман!» — деп сертгесіп ұран тастадық.

— Советтердің жарлығы солдаттарға әсер етпегені ме!

— Қалай дейін, арамызда сондай біреу табылды.

— Кім ол?

— Жас поручик болатын. Жаңылмасам, фамилиясы Филиппенко ғой деймін. Өзі Сибирьге қарай жылысып келе жатқанымызда жолда қосылды. Ол отрядтан кетемін деп айтарын айтып қалса да, соңынан атаманның кәрінен қатты қорықты. «Егер Советтің ісі ұнамай бара жатса қайтып келем. Құдай ақы, алдамаймын» деп жалынды. Атаман «бара берсін!» — деп қолын сермеді.

— Филиппенко кеткен екен ғой?

— Қайдан кетсін. Өлтіріп тастады.

— Кім өлтірді?

— Левандовский.

— Оның кім?

— Атаманның жендеті.

— Левандовскийдің өлтіргенін қайдан білесіз?

— Бір жолы отряд жорыққа дайындалып жатқан. Мұндайда арқалап жүрген заттарды ықшамдап, тәртіпке келтіріп әлекке түсетініміз бар. Сондай бір сәтте Филиппенконың алтын оймақ көзілдірігін Левандовскийдің қолынан көріп қалдым. «Мынаны қайдан алдың?» — деп сұрағанымда: «Дымың шықпасын!» — деп қатты ескертіп қойды.

— Омскіде отряд қайда орналасты?

— Омск қаласынан 6 шақырым жерде Захламино станциясы бар. Филиппенконың әлгі сөзінен кейін Анненков отрядты ықшамдай бастады. Әлгі айтқан станцияға жеткенде 24 адам ғана қалды.

— Қалғандары қайда кетті?

— Білмеймін. Анненков шағын отряд маневр жасауға және көзге түспеуге ыңғайлы деп түсіндірді.

— Захламинода көп тұрмадыңыздар ма?

— Алғаш сонда жаз бойы бекініс жасап тұрмақ еді. Кейін Анненков өз шешімін өзгертті.

— Неге?

— Ақсақ қызыл әскердің қырсығы тиді білем.

— Қызыл әскер дейсіз бе?

— Иә. Захламиноның батыс жағында, едәуір жердегі тоғай арасында жапырайған қисық үйлер болатын. Қоралары алқам-салқам, иесіз қалған жұртқа ұқсайтын. Кімнің айтқанын білмеймін, «сол хуторға қызыл әскер келіпті. Совет өкіметін орнатып жатыр. Крестьяндардың арасында жиналыс жасапты. Олар Советті қолдап дауыс берген. Қызыл әскер кедейлерден делегация құрап Захламинода, казактардың арасында үгіт жүргізуге жүргелі жатыр екен» деген әңгімені естідік. Отрядтағылар ду көтерілді. «Бұл қызыл сволотаға Совет өкіметін қалай орнатуды көрсетеміз!» — десті. Анненков қарсылық көрсетпеді. Тегі жеңіс оңайға түседі, осындайда көңіліне күдік алып жүрген солдаттардың сенімі арта түссін деді ме, Атаман бәріміздің жарыса, мақтана сөйлеген дабырды мақұлдап, құптап тұрды. Хуторға шаңқай түсте лап қойдық. Жапырайған қисық үйлердің тұсына тақай бергенде әр тұстан бытырап мылтық атыла бастады. Айнала қалың бұта, ұйысқан майда тал. Оқтың қайдан шығып жатқанын білу қиын. Мылтық дауысына қарағанда күш мол емес сияқты. Бір-екі мәрте шындап қайрат жасасаң бәрін қиратып тастайтындай көрдік. Алға ұмтыла түстік. Әп-сәтте отрядтың алды-арты сиреп шыға келді. Иесіз қалған аттар ойқастай шауып жүр. Орман іші азан-қазан. Анненковтың боз тарланы оқ тиіп омақасты. Өзі әрең аман қалды. Енді сәл аялдасаң бәріміздің оққа ұшатынымызға көзіміз жетті. Амалсыз айдалаға, орманға қашып тығылдық.

— Захламиноға неге кетпедіңіздер?

— Қайта баруға қорықтық.

— Сонымен бұл шабуыл немен тынды?

— Анненков жалғыз қызыл әскерден жеңілгеніне қатты ызаланып жүрді. Келесі күні өзі бастап апарды. Хуторда



азғана кемпір-шалдан басқа жан адам қалмапты. Қызыл әскер бәрін өзімен бірге қалың орманға алып кетіпті.

— Сонан соң?

— Хуторда қалғандарды кескілеп шауып тастадың. Үйлерге өрт қойдык.

— Кемпір-шалдардың жазығы не?

— Атаманның жарлығы солай болды. Хуторда аңшылар тұрады екен. Араларында актиінді көзінен атып түсіретін хас мергендері бар көрінеді. Аз оқпен бізді қирата салғаны содан көрінеді.

— Қызыл әскер тәуір сабақ берген екен!

— Оның қырсығы тәуір-ақ тиді. Сол 1918-ші жылдың жазында станцияға кеп жоламай, көбіне жертөледе тұрдық.

— Немене, бекер қарап жаттыңдар ма?

— Жоқ-ә, атаман үлкен іс жасауға бекінді. Омск қаласында «Казактардың Ермак туы» мен «Романовтар әулетінің үш жүз жылдық құрметіндегі Казактардың Әскери туы» сақталған екен. Қайткенде соларды қолға түсіру міндетін қойды.

— Музейде сақтаулы жатқан ескі тудың Анненковқа кажеті қанша?

— Отрядтың өз туы болсын дегені шығар.

Осы кезде бөлмеге асыға басып Давыдов кірді. Ол соңғы сұраққа берген жауапты естіп қалған секілді.

— Туларды ұрлау оқиғасының немен тынғаны бізге мәлім. Омскідегі монархистердің «Он үш» деп аталатын контрреволюциялық ұйымының көмегі тимегенде Анненков ол туларды алмақ түгіл өз басын жоғалтатын еді. Қызыл гвардияшылардың оғынан сол сатқындар құтқарып алды. Анненковтың мұндай қарақшылық жолдары онша қызықтырмайды. Оны ұстап жауапқа тартқанда қанды жорықтарын өзі айтып берер. Одан да Жетісу жерінде Анненков пен Дутовтың жасаған қылмыстарын айт. Бізге керегі осы! Өзің ұрысқа қатыстың ба?

— Иә. Мен өз бөлімшемді 1919 жылдың февраль айында Үшаралда тұрған жерінде қуып жеттім.

— Бұған дейін қайда болдың?

— Әлгі туларды ұрлап аламыз деп жүргенде түнгі күзетшілерге ұрынып қалдық. Атыс үстінде ауыр жараландым. Ес-түссіз жатқан жерімнен біреулер үйіне апарып көмек жасапты.

— Ұзақ емделісің ғой?

— Оның артынан сүзекке шалдықтым.

— Үшаралда қандай қызмет атқардың?

— Жаңа қызмет орнымды білейін деп штабқа келгенімде Атаманды көріп қалдым. Ол менің қасыма кеп «Есаул мырза, жалаң қылышты сағынып қалған жоқсыз ба? — деп қолымды алды. Маған капитан атағы берілгенін сонда білдім. Несін жасырам, төбем көкке жеткендей болды. «Жалаңаш қылышты ғана емес, өзіңізді де сағындым, Атаман мырза!» — деп ебелектеп кеттім. Анненков «Сенің жазылып қатарға қосылғаныңа қуаныштымын. Күшінді жинай бер. Бәлкім, бүгін-ертеңдері шабуылға шығып қалармыз» — деді. Мен қайран қалдым. «Біз кіммен соғысамыз? Бұл маңда Қызылдарды көре алмай тұрмын. Орыс мұжықтары мен даланың тағы киргиздары казактардың алмас қылышына қашан төтеп бере алған дегенімде Анненков жауап қатпады. Түпкі бөлмеге кіріп кетіп штаб бастығы генерал Денисовпен сөйлесіп жатты. «Николай Александрович, Андреевке жауап берген жоқ па?» — деді де, оның «Жоқ! — деген сөзін естіп: «Мұжықтардың топас, тоңмойын қылықтарына таңғалам. Осылар кімге үміт артады? Бұл маңға қызылдардың түмсығын сұқтырмаймын. Соны неге ұқпайды, бұл надандар!» — деп әлдебіреуге кіжінгендей болды.

— Анненков крестьяндардан жауап күтіп отыр ма еді?

— Иә.

— Сонан соң?

— Атаман бұлданып жатқанда штабқа Асанов кірді. Полковникті алғашқы рет көргенім осы. Сырттай естігенім болмаса, былай көрген емеспін.

Қасымхан шапшаң сұрақ қойды.

— Аранов деген кім?

— Полковник Аранов атаманның шаруашылық жөнін-

дегі көмекшісі. Қайтесің, ол да Анненковтың үмітін ақтамады.

— Ақтамағаны қалай?

— Сол аласапыран кезде тылға Қызыл комиссар етіп келсе керек. Өзі қазақ көрінеді. Орыс тіліне шешен екен деседі. Қызыл комиссар оны ырқына көндіріп алыпты деп естідік. Осыдан соң атаман Қытай асуға асықты ғой.

Давыдов!

— Әңгімені ретімен айтыңыз. Сөйтіп, Анненков Андреевка селосынан хат күтті дедіңіз. Солай ма?

— Иә, Аранов штабқа кірісімен атаманның қасына тақау кеп «Жауап келді», — деп сыбырлады. Дауысы солғындау. Әңгіменің құпия екенін аңғарып «кетуге рұқсат етіңіз!» дегенімде, Анненков «Дудко адал солдатым. Одан жасырар сырым болмаса керек. Оқи бер!» — деп бұйырды. Аранов қалтасынан жалпақ сары қағазды шығарып сойдақтата жазылған хатты оқи бастады. Хаттың мазмұнынан және Анненковтың шолақ қайтарған жауабынан түсінгенім мынау болды: Бұдан біраз уақыт бұрын, дәлірек айтқанда 1919-шы жылдың январь айының орта шенінде Андреевка селосын қызылдардан біржола тазарту үшін Анненков мол күшпен шабуылға шығады. Сойыл-шоқпармен крестьяндар мен киргиздар қарсылық көрсете қоймас деп ойлайды. Шынында солай боп шығады. Солдаттар селоға еркін кіреді. Үйлерді тонай бастайды. Осы қамсыз кезеңде жалаң қылыш, балта, найза, сойыл секілді ықшам, жеңіл қарумен жарақтанған еркек-әйелі аралас қалың топ солдаттарға лап қояды. Әп-сәтте пулеметпен, мылтықпен қаруланып алады. Бөлімшенің зеңбіректерін де қолға түсіреді. Отряд қатты шығынға ұшырап кейін шегінеді. Селоны күшпен ала алмаған соң Анненков крестьяндарға хат жазыпты. «Крестьяндардың атам заманғы кәсібі бейбіт еңбек. Міне, көктемнің шуақты күні жақындап келеді. Егіске шығатын мезгіл жетті. Сендер егін салып, күйреген шаруашылықты қалпына келтіруге тиістісіңдер. Мен бұл өлкеге бейбітшілік пен тәртіп орнату үшін келдім. Алланың бұйрығы осындай. Кімде кім осы игі ниетіме қарсылық жасап, жолымды

бөгесе аямаймын. Күлін көкке ұшырамын!».

Полковник Аранов атаманның осы хатына крестьяндардың жауабын әкеп тұр екен. Ол дауыстап оқыды. «Біз өз күшімізге сенген жандармыз. Құдай бізді біреудің қамқорлығына мұқтаж етпепті. Шынын айтсақ, біз соғысты тілемейміз. Егер Анненков сондай тәуір мырза болса, өзі қан төккісі келмесе, бұл жерден тайып тұрсын! Біз атаманның көмегіне зәру емеспіз. Бұл жерге тәртіп орнатуға өзіміздің де құдіретіміз жетеді!» — депті.

Дәл сол кезде атаманның қандай күйде болғанын білмеймін. Әйтеуір өзімнің зығырданым қайнап кетті. Айқайлап жібердім. «Бұл не мазақ! Мұжықтар мен дала қазағы қашаннан бері ақыл үйретіп келіп еді. Мен олардың кәлласын кесем, үрім бұтағын жоям!» — деп айқай салдым. Тегі атаманның ойынан шықсам керек. Ол иығыма қолын салып «Капитан мырза, бізге жүктелген тарих міндеті ауыр. Қандай қиын жағдайға кезіксек те осындай көңіл күйіміз жоғары болсын! Құдай жолыңды оңғарсын!» — деді.

1919-шы жылдың 5 март күні таңертемен өз қарауымдағы бөлімшелерді сапқа тұрғызып, шабуылға шығайын. Күн тұман болатын. Тым тақау келгенде болмаса, алыстан жасалған айла-тәсілді байқай қоймайды, деп ойлады. Екі қанаттан селоға жеткеніміз сол еді. Алды-артымыздан оқ қарша борады. Жаланаңаш жерде жасырына алмадық. Көп шығынға ұшырадық. Амалсыз кейін шегіндік. Көп адамнан айрылды. Атаманның өткен жолғы қалай жеңілгенін естігенім бар. Біраз күшті резервке қалдырып кеткен едім. Соларды қостық. Ұрыс бір тәулікке созылды. Андреевка селосын ала алмадық. Анненков көп шығынға ұшырағанымызды көріп, соғысты тоқтатты.

Мен атаманға келдім. «Үмітті ақтамадым. Сіз басқаратын отрядта қызмет етуге жарамаймын!» — деп үстімдегі қаруымды алдына лақтырып тастап, тізерлеп отыра қалдым. Жазалауын өтіндім. Анненков ләм демеді. Атына мініп жүріп кетті. Сол жерде қылышқа сүйеніп ұзақ жыладым.

— Here?

— Білмеймін. Бәлкім, орыс мұжықтары мен қазақтардан жеңіліп қалғаныма ызаланып жылаған шығармын.

— Атаманың Анненков та, сен де қарапайым халықпен соғыстым десеңші.

— Біз Қызылдарға қарсы соғыстық.

— Андреев оқиғасы немен бітті?

— Июль айында атаман Андреевка селосына үшінші рет шабуылға шықты.

— Өтірік айтасың! — деп Давыдов столды қойып қалды. Анненков соғысуға қорқып, жайқалып тұрған егінге от қойды. Крестьяндар мен қазақтар өрт сөндірумен әлектеніп жүргенде сенің қорқақ атаманың селоға лап қойды. Солай ма?

— Мен бұл ұрысқа қатысқаным жоқ. Март айындағы әлгі сәтсіздіктен соң штабқа көштім.

— Селода қанша адам өлді?

— 500-дей боп қалар.

— Анненков Черкасскіге шабуыл жасағанда қайда болдың?

— Бұл ұрысқа да қатысқаным жоқ. Бірақ штабқа делегация келгенін білемін. Өздері төрт-бес адам болатын. Соның біреуі көз алдымнан кетпейді.

— Фамилиясы кім?

— Жаңылмасам, Тузов қой деймін.

— Петр Павлович Тузов па?

— Иә, соның өзі. Атаман алдында именбеді. Анненков «Сен кімсің?» дегенде, «Мен Питердің жұмысшысымын, большевикпін!» деп тайсалмады. Атаман «Совет өкіметі теріс жолмен бара жатыр деп айт, сөйдесең өміріңді қиям!» дегенде, Тузов бетіне былш етіп түкіріп жіберді.

— Сонан соң?

— Табанда қылышпен шауып тастады.

— Кім?

— Әрине, Анненковтың өзі.

— Атаманың жендет екен ғой!

Дудко бетін алақанымен басып, бүгіле түсіп солқылдап жылай бастады.

— Неткен сорлы едім! Тірлігім тірі пендеге керегі жоқ. Соны біле тұрып, шыбын жанымды сақтау үшін бәрін сатып отырмын. Ең болмаса, сендердің анау Тузовтарың ғұрлы жоқпын. Бұйткенше өлгенім жақсы! — деп орнынан атып тұрды. — Неменеге бажырайып қарайсың? Есі ауысқан демексің бе? Жоқ, менің денім сау!

— Қасымханның отыр деген сөзін елемей өршеленіп кетті. — Қазір атып тастаңдар! Өтінем, азамат тергеуші. Мен сендердің қас жауыңмын! Тірі отырғандарыңды көрсем, шыдап тұра алмаймын. Мына қолыммен қызыл сволоталардың қанын сорғалатып тұрып шапқанмын! Осыдан босанар күн туса, шеттеріңнен қырамын! Аямаймын!

Дауысты естіп күзетші жүгіріп кірді.

— Алып кет! — деп Давыдов бұйырды. Екеуі оңаша қалғанда,— саған осындай адамдармен бетпе-бет кездесіп, солардың ортасында жүруге тура келеді. Анненков пен Дутов қарауындағы жауынгерлердің сиқы осы, — деді.

— Өбден азғындап біткен екен.

— Есін жиып, қалпына келген соң тағы жауап аларсың. Ішкі сезім күйін, жан-дүниесін, тілек-мақсатын зерттеп біліп ал. Кейін керек болады.

— Үңілген сайын түңілдіре түсе ме деймін.

— Кіммен араласатыныңды білгенің Қасымхан екі сағаттан кейін Дудконы алып келуге бұйырды. Ол орындыққа отыра бергенде қатқыл үнмен:

— Жауап беруге мұршаң келе ме? — деді.

Дудко қабағын түйе қарап:

— Ақылымнан адасқан жоқпын, денім сау деп айттым ғой.

— Үйленіп пе едің? Бала-шағаң бар ма?

— Оның тергеуге қандай қатысы бар?

— Сұраққа жауап бер.

— Айталық, үйлендім дейін.

— Кішкентай қызың бар. Аты Наташа ма?

Дудко ауыр күрсінді.

— Оны қайдан білесің?

— Әкесіз балаға қиын ғой. Наташа «Папам қашан келеді?» — деп көшеге жүгіріп шығып, алдыңды тосып жүрген шығар.

— Мүмкін.

— Әкесін өлтіріп кеткенін естісе Наташа не істер еді?

— Күні жылаумен өтеді де.

— Крутикованың күйеуін суға тұншықтырып өлтіргенде оның қызы Наташа жылайды деп ойламадың ба?

— Оны мен өлтіргенім жоқ.

— Енді кім?

— Кулаков пен Усковский өзеннің ортасына қайықпен жүзіп барып мойнына тас байлап суға тастаған.

— Крутиков айқайлап, көмекке кісі шақырмағаны ма?

— Қатты мас болса керек.

— Сені сол үйге Егор деген атпен қызметші ғып орналастыру үшін Крутиковты өлтірді. Сен солай бұйрық бергенсің.

— Жоқ, — деп Дудко жұдырығын түйіп селкілдеп кетті.

— Мен мұны білмедім.

— Бұл әңгімеге кейін куәларды шақыра отырып ораламыз. Одан да бағанағы әңгімені жалғастырайық. Осыдан құтылар күн туса бәріңді қырамын, жоямын дейсің. Мынадай шындықты ескертіп қояйын: Бұл дүниеде Совет үкіметін, большевикті жеңетін күш жоқ. Сен сауатты адамсың. Бұл дүниеде кедей көп пе, әлде байлар ма? Әрине, крестьяндар, жұмысшылар көп. Олар өздерінің өкіметін, болашақ үмітін жоюға жол бере алмайды. Оны бүкіл дүние жүзінің езілгендері өзінің шамшырағы деп біледі. Бәлкім сен Шыңжандағы аз ғана топ азғындарға сенетін шығарсың. Атаман Дутов бостандыққа ұмтылған Россия халқына қарсы дәнеңе жасай алмайды.

— Солай да шығар.

— Сөйтіп, полковник Арановтың қарауына көштім дедіңіз.

— Иә.

— Атаман Анненков Үшаралдан Семейдің Үржарына кете қалғанда билікті генерал Денисовқа бермей, өзінің

орнына Арановты қалдырады дегендей болдыңыз. Полковник Аранов атаманның шаруашылық жөніндегі көмекшісі. Оған сондай үлкен право бергені қалай?

— Полковник контрразведканы басқарды.

— Ә, солай деңіз. Менің алдымда отырған капитан Мухин контрразведканың қызметкері екен ғой?!

— Мен жеке тапсырмаларды орындадым.

— Арановтың әмірі генерал Дутовқа да жүрді ме? Осы арасын анықтап айтыңызшы.

— 1919-шы жылдың декабрь айының басында Дутов армиясының штаб бастығы Зайцев келіп кетсе керек. Ол Анненковқа Орынбор казактарының атаманы Дутовтың өтінішін тапсырыпты. Генерал Дутов Қызыл Армияның шабуылынан ығысып келе жатқан 35 мың қолының тұрақтап, қырық күн тынығып алуына мәулет беруін сұрапты. Аз күннен кейін Қарқаралы жақтан азып-тозған, сүзекке шалдыққан аттылы-жаяулы қалың әскердің алды Сергиопольге<sup>1</sup> шуып келе бастайды. Олармен бірге большевиктің кәрінен сескенген мыңдаған семья болса керек. Олар Жетісуға аштық пен бірге сүзекті ала келіпті. Дутов өз штабымен бірге Ақмола жақтан кейінірек келіпті. Сол жылдың 20 декабрінде Сергиополь қаласында атаман Анненковпен кездесіп, жасырын мәжіліс құрады. Сол мәжілісте Жетісу майданы құрылып, оны үш топқа бөледі. Солтүстік майданды (Сергиополь бағытын) генерал Бакич, Оңтүстік майданды (Қапал бағытын) атаман Щербаков басқаратын боп келісіпті. Орталық майданды (Үшарал бағытын) басқаруды Анненков өз қолына алған. Бірақ Бакич пен Щербаков екеуі де тікелей атаман Анненковқа бағынатын болған.

— Бұл бөлістен генерал Дутовқа үлес тимегені қалай?

— Олардың арасында қандай әңгіме болғанын дәл айта алмаймын. Атаман Дутовтың шен жағынан да, тәжірибе жағынан да Анненковтан жоғары екені рас. Алғаш Анненковтың өзі де биліктен айрылып қалам ба деп қатты сескенген көрінеді. Дутов соны сезеді. Өзінің әккілігіне басып, денсаулығының нашарлығын сылтауратып, ондай

<sup>1</sup>Сергиополь – қазіргі Аякөз қаласы.



қызметке тағайындамауды өтініпті. Мен мұны Арановтың бір әңгімесінен естіп қалдым. Сол мәжілісте Дутовты Азаматтық істер жөніндегі генерал-губернатор етіп тағайындапты.

— Генерал Дутов өзінің Қытай асып кететіні жөнінде Анненковпен келісті ме?

— Полковник Арановтың «Қантөгісті тоқтатындар! Өз еріктеріңмен Қызыл армияға беріліңдер!» — деген үндеуінен кейін-ақ бір түнде Шыңжанға өтіп кетіпті. Оны Анненковтың өзі білмеген.

— Атаман Анненков өзінің орнына полковник Арановты қалдырып кетіп жүргенде полковниктің әмірі үш майданға бірдей жүретін бе еді?

— Жоқ, тек Орталық майданға ғана бұйрық бере алатын.

— Арановтың үндеуі тек Орталық майданға тараған екен ғой.

— Арановтың бұйрығы барлық бөлімшеге жеткен жоқ. Оны штаб бастығы Денисов жібермей ұстап қалды.

— Анненков Қытайға қашан өтті?

— Биылғы 1920-шы жылдың 20 майында Жоңғар қақпасы арқылы Сәлке асуымен кетті. Сәлкеге жеткенде атаман «Қыран ұясы» отрядын құрды. Менің қарауымда 60 шақты жауынгер болды. Біраз босып жүргеннен кейін біз де Шыңжанға өттік. Онда отряд қайта жаңарып, екі-үштен шекарадан өтіп, Жолбарыс асуына жиналды.

— Бұл асуды көрсеткен кім?

— Штабта Гапаров деген тілмаш болатын. Асуды тапқан сол.

— Гапаров шын фамилиясы ма?

— Қазір өз атымен жүрген адам онда сирек, бұл Гапаровтың бүркеншек аты сияқты.

— Гапаров Тасүңгірден шығып ел аралап кетіп жүріпті. Сонда кімнің үйіне барып жүргенін айтпады ма?

— Гапаров ысқаяқ залымның өзі, сырын ашық айта бермейді. Және өзім де оны әуестеніп сұрай қойғаным жоқ.

— Отряд Дутовпен тығыз байланыс жасап тұрды ма? Соңғы жолы арғы жақтан кім келді?

— Жолшыбай Подгорныйға келген Волковқа кезігіп қалдым. Басқа адам келген емес.

— Шыңжандағы солдаттардың көңіл-күйін қалай деп ойлайсыз?

— Казактар ежелден жермен күнелткен, жер емген халық. Олардың Отаны Россия, мұнда бала-шағасы, туыстары, таныстары қалды. Әрқайсысы елге қайтқысы келеді. Бірақ бұл ойларын сыртқа шығарып айта алмайды. Араларында, құдайға шүкір тыңшылық жетеді. Кез келген солдат ондай үгіт таратқан адамды атып тастай алады. Оның үстіне олардың өздері де сескенеді. Мойнында көп адамның қаны бар.

— Жетісу майданының жойылуына байланысты өз еркімен қолға түскен солдаттарға кешірім берілгенін олар біле ме?

— Жоқ. Ал ести қалғандары оны Қызылдардың үгіті деп қарайды.

Қасымхан орнынан тұрды.

— Азамат Мухин, маған сұрағың бар ма?

— Сұрақ дейсің бе, тілек дейсің бе, оны өзің байқарсың, — деп Дудко-Мухин ауыр күрсінді.

— Қылмысым ауыр, оны түсінем. Бір-ақ тілегім бар: Кішкентай қызымның былдыраған тілі құлағымнан кетпейді. Тамағына қылтанақ сақалым тиіп кеткенде быртиған кішкентай қолымен сипалап алып сықылықтап қатты күлуші еді. Сол күлкісін сағындым. Соңғы рет әкелік мейіріммен құшақтап бір сүйейін. Сонан соң мейлі, жазалай беріңдер.

— Мен жазалаушы емес, жауап алушымын. Бұл тілегіңді соғта айтарсың. Бәлкім, әйеліңмен, қызыңмен жолықтыруы мүмкін.

Екінші жолы жауап алғанда Давыдов қатысқан жоқ-ты. Телеграф бөлмесінде жүрген. Тұтқынды алып кеткенде есіктен кіре сұрады.

— Қалай?

— Мухин жауабынан көп жағдайды аңғарып, анықтай түскендей болдым. Енді генерал Дутовтың қандай адам

екенін топшылап отырмын. Жауды зерттеп, оның сырына қанық болған сайын көңілдегі күдік те сейіле бастайтын секілді.

Давыдов темір жәшікті ашып жатып:

— Оның рас, дұшпанның әдіс-айласын біле бастасаң, тым құрыса алдын ала қам жасап қаласың, — деп қолындағы жұқа папканы Қасымханның алдына қойды. — Мынаны мұқият оқып шық. Бізге Жарков-Волковтан алынған жауаптың бір данасын жіберіпті. Бұған қарағанда полковник Янчис разведка жұмысын басқаратын секілді. Бәлкім, онымен кездесіп қаларсың.

Қасымхан оқи бастады. Папканың алғашқы беті тергеуші мен айыпкердің сұрақ-жауабынан басталған.

*ТЕРГЕУШІ.* Әлгінде шекараға полковник Янчисінің шығарып салғанын айттыңыз. Полковник Янчис деген кім? Қызметі қандай?

*АЙЫПКЕР.* Штаб офицері, ал қандай қызмет атқаратынын білмеймін.

*ТЕРГЕУШІ.* Бұрын онымен кездесіп пе едіңіз?

*АЙЫПКЕР.* Жоқ.

*ТЕРГЕУШІ.* Полковник Янчиспен араларыңызда қандай әңгіме болды? Сөзбе сөз, дәл айтып шығуыңызды өтінем.

*АЙЫПКЕР.* Ғапаровтарды «Алғы жақты шолып шығындар, бөтен біреулер жоқ па, байқандар» — деп алға оздырып жіберді де мені оңаша қалдырып:

«Капитан мырза, өзіңізге берілген тапсырманың қаншалықты салмақты, маңызды екенін ұққан боларсыз» — деді, «Иә, маған айтты».

«Атаманымыз Александр Ильич Дутов, бүкіл штаб өзіңізге үлкен үміт артады».

«Мұндай сенімге ие болғаным бақыттымын». «Сенім көрсету бар да, оны орындау бар».

«Бұл жолда барлық күш-жігерімді, қайратымды жұмсап бағам. Қажет болса өмірімді қиям».

«Сіздің тірі қалып тапсырманы орындағаныңызды қалар ем».

«Тілек ниетіңізге рақмет, полковник мырза, өлмеуге тырысам».

«Қазіргі жағдайымыздың қиындығын түсінерсіз. Солдаттар әдетте, соғысуға жаралған. Қарулы мол күш шекара шегінде отырып қалды. Оларды қимыл-әрекетсіз үйіріп қойып, бекер отыра алмайсың. Және ертең атаман жеңісті жорыққа бастайды, туған жерге ораламыз деген тәтті қиялмен қарайды. Ал большевиктермен соғысу үшін ойың өз ішінен күшті, мықты одақ керек. Сол айбарлы одақпен дәнекерлеуші, мына өзіңсің».

«Арқалап бара жатқан жүгім ауыр екенін білем. Сенімдеріңізді ақтаймын».

«Енді көңілім орнына түсті. Сізге ризамын, капитан мырза, — деп полковник сәл ойлана түсті. — Сіз бұ жаққа атаман Анненковтың тобымен Үшарал жақтан өттіңіз. Жаркент жолын жақсы білмейтін шығарсыз? Кейде кісі ұсақ нәрседен тұтылып қалады. Штабта жүретін жолдарыңызды дәл анықтап беріп пе еді?»

«Топографиялық картадан мұқият қарап алдым».

«Алғашқы аялдайтын жерің — Подгорный селосы».

«Білем».

«Онда жақсы, село тоғыз жол торабының үстінде. Қатер төнген күнде, бірақ олай бола қоймас, — деп ойлаймын, қалаған жағыңызға із қалдырмай кете аласыз».

Міне, полковникпен арадағы әңгімеміз осы.

*ТЕРГЕУШІ.* Подгорный селосында кімге жолықтыңыз?

*АЙЫПКЕР.* Онда ешкімді танымаймын.

*ТЕРГЕУШІ.* Қайда тоқтадыңыз?

*АЙЫПКЕР.* Крутикова деген жесір әйел әрі-бері өткен жолаушыларға пәтер жалдайды екен. Соның үйіне түнеп шықтым.

*ТЕРГЕУШІ.* Полковник Янчис Подгорный селосын бекер атамаған болар. Кімге жолықтыңыз? Аты-жөні кім? Қайда жұмыс істейді?

*АЙЫПКЕР.* Ешкіммен кездескен жоқпын.

*ТЕРГЕУШІ.* Сіз қазір жасырғанмен бұл сыр кейін ашылады. Ал сіз қылмыс үстіне қылмыс қосатыныңызды ескертем.

*АЙЫПКЕР.* Қаншама ақталғанмен беретіндерің өлім жазасы ғой!

*ТЕРГЕУШІ.* Неге олай ойлайсыз, осында ауыр қылмыс жасағандар кешіріммен бостандықта жүр. Қатеңізді мойындасаңыз, бәлкім, сол жазаны жеңілдетуі мүмкін.

*АЙЫПКЕР.* Солай болуы мүмкін бе?

*ТЕРГЕУШІ.* Оған шүбәланбаңыз.

*АЙЫПКЕР.* «Ойлануға рұқсат беріңіз...» — деген сөзбен тергеу ісі аяқталған.

Қасымхан папканың сыртындағы жазуына үнілді. 20 август күні басталып, іс сол күні біткен. Ол мықшия түсіп жазып жатқан Давыдовқа бұрылып:

— Василий Васильевич, мына іс аяқталмай қалған ба?  
— деп таңырқай сұрады.

— Волковқа у беріп өлтірген.

— Кім өлтіріпті.

— Анықтап, тексеріп жатқан көрінеді. Кеңседе жұмыс істеп жүрген кешегі ақ гвардияшылар аз дейсің бе? Солардың ісі ғой бұл.

— Өте өкінішті. Волков көп сырды ашатын еді.

— Дұшпан да мұны білген. Олар өздеріне қатер төне бастағанда өшіге тайынбай қимылдайды. Тасадан ату, қылышпен кескілеу, у беріп үнін өшіре салу — міне, дутовшылардың тәсілі осы.

— Белгілі жай.

— Сен Құлжадан оралғанша анау жолы сені түнде атқан кісіні қайткенде де табам.

— Тергеуді өзім жүргізейін.

— Мақұл, айтқаның болсын!

## ҚҰЛЖАҒА САПАР

«Жоғарыда айтылған тапсырманы орындау үшін маған демалыс алу керек болды.

Мені 15 күнге босатты. Тапсырма 1920 жылдың сентябрінде берілген еді...»

Қ. Чанышев.

Махмұд Құлжадан кеше кешке қарай оралуға тиіс еді.

Соңғы мерзім бүгін таңертеңгісін болатын. Тәулікке тақап қалды. Әлі хабар жоқ. Қасымхан абыржи бастады. Басын төмен салып, қатты ойға кетіп кабинет ішінде әрі-бері жүрді де қойды. Махмұд пен Мұқайды Құлжаға жіберер алдында Давыдов төртеуі отырып былай келіскен болатын: бұл екеуі алдымен Құлжаға барады. Қалада қандай жаңалықтар бар? Дутов және оның төңірегінде жүргендер Жолбарыс асуындағы «Қыран ұясы» бандасының талқандалғанын біле ме? Ұзынкұлақ сыбыс оны жеткізбеп пе екен? Дутовшылардың өз ішінде қандай әңгімелер айтылып жүр? Шекараны бұзып өтетін қанды жорыққа әзірленіп жатқан жоқ па? Егер ондай дайындық жасалып жатса оны кім бастап апармақ? Осындай жағдайды анықтап біліп, барлап алған соң Махмұд дереу Жаркентке қайтады да, Мұқай Қасымханның келуін күтіп сонда қала тұрады.

«Соңғы соққы» операциясын жүзеге асыруға Қасымхан Махмұд, Мұқай, Көдек, Әзиз, Жүсіп және Сұлтан секілді сенімді серіктерін ғана тартқан. Содан екі адамның бірдей із-түзсіз хабарсыз кеткені күдікті күшейте түсті. Жолбарыс асуында жойылмай қалған банданың бірі арғы жаққа өтіп кетіп, таудағы қырғынды Дутовқа жеткізіп қоймады ма екен? Қасымханның қаупі осы. Және Махмұдты Иона поп жақсы таниды. Поп Құлжада тұрады. «Миллионер» боп барғанын білсе, Махмұдты және оның серігін табанда жойып жібереді.

— Сөзіне берік, ісі тынымды еді. Әй, осы торға түсіп шырмалып қалды-ау, — дегенде, Давыдов:

— Дудко-Мухиннің қарауындағы кісілерді өлі-тірісін түгендеп шықтық. Ғапаровтан басқасы осында. Шекарадан ешкім өткен жоқ.

— Ғапаров ше?

— Дудко мен Кулаковты көндіріп, еліктіріп «миллионды» оңай олжаламақ болған сол емес пе? Мұны білсе, Дутов алдымен Ғапаровтың басын алады. Ғапаров өз кінәсін сезеді. Жоқ, ол бара қоймайды.

Давыдовтың сөзінен соң Қасымхан аздап ауыр ойдан арылып, көңілі тоғайып, серігіп қалды.

— Махмұдтың бөгелген себебін қайткенде де білуім керек. Бәлкім, оған менің көмегім керек боп қалар.

— Не істемек ойың бар?

— Құлжаға жүріп кетсем деймін.

— Қашан?

— Қарсы болмасаң, кешке қарай, салқын түсісімен жолға шығам.

— Онда қанша уақыт боласың?

— Ертең жағдайдың қалай өрбіп, өрістейтінін кім біледі. Бір жеті, бәлкім одан көп уақыт жүріп қалармын.

— Әрине, күнілгері дәл кесіп айту қиын. Алда не күтіп тұрғанын білмейсің.

— Соңғы күндері ішкі жұмысқа араласып жүргенім жоқ. Ахмет барлық істі өзі тындырып, атқарып жүр. Демалыс алып, алаңсыз кетсем қайтеді? Құлжада нағып жүрсің дегенде, «демалысқа келдім. Бауырларымды, туыстарымды көрейін деп келдім» — деуге жақсы ғой. Жалғандығы жоқ жақсы сөз.

— Демалысты тұтас аласың ба?

— Өзірге 15 күн жетеді. Ар жағын кейін көрерміз.

— Мұның да ақыл.

Сол күні Қасымхан Махмұдтың келуін күтпей Құлжаға жүріп кетті. Қасына Жүсіпті ертіп алды. Түн ауа олар Құлжаға жетті. Қала жым-жырт, тыныш ұйқыда жатыр. Қарауытқан қарасы, қора-жайы мол беткейдегі үйге қарай бұрылғанда көп иттер үріп қоя берді. Аллаяри байдың қызметшілері ояу екен. Сырттан тасырлаған аттың дүбірін естіп, осы үйге келе жатқан кісі екенін байқап, аңырайған дарбазаның астыңғы қақпаларын аша берді. Қасымханды танып бірі атын ұстап, енді бірі қараңғыда сүрініп қалмасын дегендей қолтығынан демеп, басқышпен көтерілуіне көмектесіп жүр.

Үйдің шамдары жағылды. Іштен дауыстар естіліп, биік сәнді үйдің есігі айқара ашылды. Екі жас әйел жол көрсеткендей бұлардың алдарына түсіп ап, ұзын коридордан, екі-үш бөлмеден өткізіп, шапшаң қимылмен жолшыбай стол шетін, орындық арқалықтарын сипай, сүрте

жүріп, қонақтарды көк сырмен нақышталған үлкен биік залға алып кірді. Жүсіп мұндай кең сарайды ертегілерде естігені болмаса, былай көрген емес. Еден, қабырға тұтас қытай кілемімен безелген. Төрге, бұрыштарға сарғыш жібекпен тысталған нығыз салмақты диван және креслолар қойылған. Терезелерге де сойдай жібектер төгілте, мол ұсталған. Сол жақ бұрышқа тақап қойған қос қанатты қалың айнаға бүкіл үй жиһаздары құлпыра түсіп тұр. Өңшең таза мүліктің арасынан Жүсіптің жалпиған көн етігі көрінеді. Жүсіп кілемді басуға батпай, босағада кібіртіктеп тұрып қалғанда, Қасымхан:

— Сыртың тапшы болғанмен көкірегің бай, именбей жүре бер, аңғал сабазым! — деп шынтағынан түртіп төрді нұсқады. — Үлкен қонақ сенсің. Жоғары шық.

Аздан соң ұзын залдың түкпірінен барқыт перде сыртынан Фатих Алляри мен Хадиша ханым көрінді. Жүсіп сырттай атын естігені болмаса Алляриді көрген емес-ті. Кең кеуделі, биік келген, ақшыл қызғылт сұлу жүзді кісі екен. Қайырма жаға жұқа жібек шапан киген. Ол қонақтарды жылы қабылдап, екеуімен қатты қол қысысып амандасты. Хадиша ханым ерін ұшымен Жүсіппен салқын амандасты да, бар назарын інісіне аударды. Қасына жақын кеп шешесінің, Гүлшараның амандығын сұрады. Бұлар сөйлесіп отырғанда қызметші екі әйел кезек кіріп дастарқан жайып, самаурынмен шай кіргізіп жатқан. Дәу сырлы тегешпен кесек туралған қазы-қартаны әкеп қойғанда, Жүсіп тамсанып қарай берді. Осыны байқаған Қасымхан әпкесіне күле сөйлеп:

— Әдемі әңгімені тәтті тағамды ала отырып жалғастырсақ қайтеді? — деп орнынан тұрды.

Қол жуатын орын бөлек екен. Жүсіп қолын жұқалап шая салып, дастарқанға жетуге асығып еді. Орамал ұстап тұрған жас тоташ:

— Синән атлың иісі шығады. Сабындап жуыныңыз, — деп сыпайы ескертті.

— Сен де сөйлейді екенсің. Су кір алмағанда сабын кір алушы ма еді! — дөп алакөзімен бір қарап қойды. —



Қасыма бір күн түнеп шықсаң аттың иісі мүңкіп тұрғанын ұмытып, «шуаш сасыған иісіңнен айналайын», — деп жабыса түсер едің. Қарашы, мұны, кісіні танымай жатып кемсітуін! — деді.

Тоташ аузын алақанымен басып, қызара түсіп тұншыға күлді. Ақ орамалды сілкіп, аса бір назды мәнмен Жүсіптің алақанына қыстырып, ұстата салды.

Бұлар жуынып келгенше дәу тегештегі қазы-қартаның кішкене кесектерін шыны ақ табаққа бөлек салып, қасына күміс шанышқы мен жеңіл пышақ қойыпты. Жүсіп пышақ пен шанышқыны әрменірек сырғытып тастады да, қолмен қазының етін аударып қарап сояу тістеріне салып жұлқылай бастады. Хадиша ханым жиіркене бетін тыржитып:

— Турап асаңыз, — деді.

— Тіс тұрғанда бұ жарықтықты пышақпен кескілеу обал ғой. Дәмін су татып білмей қаласың, — деп тегешке барбиған салалы саусақтарын салып жіберіп қартаның майлы құрыштарын теріп алды да алақанына төпелеме үйіп бір-ақ асады.

Аллаяри Жүсіптің тамақ жесіне сүйсініп отыр.

— Дені саудың тәні сау, ашыңыз,— деп тегешті қонағының алдына жақындатып қойды. — Қайратты, батыл, батыр адамдар ғана осылай жесе керек.

Қасымхан жездесінің сөзін қостады.

— Ас жоқ та әл де жоқ. Жүсіп айнымас жақсы батыр серіктесімнің бірі. Өзінен оқ тайсалатын өжетімнің өзі! — деді.

Жүсіп:

— Е, сөйтіп мақтап қойсаңдар, Жүсіп тегештегінің бәрін ашып қояды, — деп татаршылаған боп, күліп қойды, етті жей берді.

Таңертеңгісін Қасымхан ерте оянып, қаланы аралап кетті. Өзен бойына шығып, біраз кезіп, сонан соң базарға қарай беттеді. Мұнайды тауып алып, Махмұдтың жайын білмек.

Қаншама уақыт қызмет істеп жүріп және бірге өскен досының бұлай айтқан сөзде тұрмай қалғанын көрген

емес-ті. Бұл операцияны орындауда Махмұдқа үлкен үміт артатын. Тек сол ғана мына шытырман жолдан шырмалдырмай шығара алады...

Бөтен қалада тіркесіп шулап жүрмеу, әрі көзге түсе бермеу үшін жолығып, кездесіп тұратын үй белгілеген. Көк базардың қасында ағайынды Қадыр-Садыр тараншының шайханасы бар. Іргелерін қызыл кірпіштен сәндеп өріп көтерген, төбесін бойрамен жапқан шайхана ішінен күнітүні кісі үзілмейді. Тәуліктің қай мезгілінде келсең де жұмсақ ақ тоқаш, ыстық шай әзір тұрады. Шайхана қала ішінің әркілы өсектерін, жаңалықтарын еститін орын секілді. Мұнда ұсақ алыпсатарлар алыс-беріс саудасына келісіп, осында бәтуаласып жатады. Қасымхан Құлжада өз адамдарымен осы шайханада кездесіп тұрмақ болған. Жат көзден жалтара тұратын қолайлы орын десті.

Қасымхан шайхананың босағасын аттаған сәтте-ақ төр жақта бұрышта, дөңгелек үстелге шынтақтай түсіп отырған өзінің «Қызыл комиссарын» көрді. Мұқай да мұны байқаған секілді. Қозғалақтап, шыдамсыздана түсті. Көп жаңалық айтатын түрі бар. Қасымхан орын таңдаған боп дөңгелек үстелдерді жағалай жүріп Мұқайдың қасына кеп отырды.

Шайханашы не ішетінін сұрамастан торлама қызыл гүлді ақ шәйнекпен шай, ақ тоқаш әкеп Қасымханның алдына қойды. Кесеге шайын құйып жатып:

— Не боп қалды? Махмұд қайда? Аман ба өзі? — деді.

— Аман-сау, уәделі күні жете алмаған соң сенің осында келетініңді біліп күтіп жүр.

— Оған не бөгет болды?

— Құлжада бұрынғы патша консулының үйінде Иона деген поп тұрады екен. Шіркеуге келгендердің кінәсін көтеріп, жұрттан қайыр-садақа жинайды білем. Сол атаманға айтқанын жасатқызатын, беделі өтімді бәле көрінеді.

— Поптың атаманға жағынып, оң қолы боп жүргенін саған айтқан жоқ па едім?

— Бәлкім айтқан шығарсың. Мына қысылшаң, ала-

сапыран кезде кісінің басында сөз тұра ма. Және әскери генерал мен шіркеу попының қалай ауыз жаласып ымыраға келетінін өз басым түсінбеймін. Екеуі он қайнаса сорпасы қосылмайтын екі ұдай жан емес пе?

— Олардың арасын жіктеп қайтесің, маған қазір Махмұд керек. Қайда ол?

— Махмұд сол поптын тілін тапқан. Бұрын ол Ионамен кездескен бе, қалай? Сол арасын жөнді ұқпадым.

— Махмұд өткен жолы Құлжаға келгенде Аллаяридің үйінде попты көрген.

— Бәсе, солай болар. Осы жолы келгенде попқа азынаулақ көкнәр әкеп берсе керек. Сонан соң ол «сен арғы-бергі жаққа өтіп сауда жасап жүрген адамсың, мұнда таныстарың баршылық. Солардың арасында ақбөкеннің мүйізін сататындар бар ма? Маған сондай кісіні тап. Алтын ақшамен төлеп алам. Осыны орындасаң, мен де кәдеңе жарап қалам», — деген соң Махмұд Адхамовты іздейді. Ол кіші тоқалымен Сүйдінде тұратын көрінеді. Махмұд сонда кетті. Осы жолы сәті келсе, атаманның қамал үйлерінің қайсына орналасқанын, күзеттің қалай қойылғанын, әрі ішке кіретін жолдарын біле келмек. Бүгін осы жерде табыспақ болғанбыз.

— Қамалға қалай кіре алады?

— Онысын білмедім. Тегінде поппен ілесіп баратын шығар.

Қасымхан шұғыл ойланып:

— Аллаяридің үйіне келсін. Махмұд бұрын ол үйде болған. Сауда жұмысымен жүрген деп ойлар. Поптың бақылауынан өткен соң қауіп бола қоймас, — деді.

Келісімен айтам.

— Кешке өзің де сол үйге кел. Бәріміз бас қосып ақылдасатын әңгіме бар. Жүсіп екеуіңе Аллаяридің жаңа алынған көп қызметшілерінің бірі етіп жеке бөлме дайындаттым.

— Жүсіп осында ма еді?

— Екеуіміз бірге келгенбіз.

— Сол иттің аузының салуы бар. Қарашы, келмей жатып жылы-жұмсаққа кенелгенін.

— Өкінбе, сыбағаң сақтаулы.

— Менікі жәй, әзіл ғой. Ауылдан жырақ кеткенде, сыртта жүргенде кісі үйреніскен достарын сағынады екен. Соның ашкөз қомағайлығы есіме түсіп жатқаны да. Менің он асағанымды ол аузына бір-ақ салып қылғиды ғой, — деп күліп қалды.

Қасымхан шайханадан пығып үйге қарай келе жатқанда қытай дүкенінің алдында тұрған кісінің сырт тұлғасын шырамытқандай болды. Жүзіне көзі түскенде анық таныды. Ие, сол Миловский, Жаркент қаласының бұрынғы бастығы. Революциялық трибунал оны 20 жыл түрмеге кескен. Сол жазадан қашып құтылып кеткенін білетін. Бірақ дәл мұнда жүр деп ойлаған жоқ-ты. Миловский де мұны таныған секілді. Ол бұрыла бажырая қарап:

— Жақсы танысымды көріп тұрған секілдімін, — деп Қасымханның жауабын күткендей сәл аңырып тұрып қалды.

Жәбір көріп, қашып-пысып жүрген адамға бұрынғы тәтті кездерін еске түсіру әжептәуір медеу екенін сезіп, Қасымхан екі қолын жайып, жадырай күлген боп:

— Құдай-ау, кімді көріп тұрмын! Шынымен мынау менің туған қаламның жарасымды бастығы ма? Өзіңізден бүкіл Жаркентті көз алдыма елестеткендей болдым ғой, — деп қуанған түрмен ұмтыла кеп қолын екі алақанына сап қатты қысты.

Миловский көңілі босап:

— Амансың ба, Қасымхан мырза, өзіңді осындай көтеріңкі, сергек халде көргеніме қуаныштымын, — деп жасаураған көзін орамалмен сипалай берді. — Несін айтасың, бәрі кетті ғой. Жатырқап, жаттанып алысқа кетті. Түбінен қырқылған қу томардай айдалада жалғыз қалдық.

Қасымхан таңырқаған түрмен:

— Миловский мырза, сөзіңізді ұқпай қалдым. Жатырқап алысқа кеткені қалай? Сіз түңілетіндей жайды көре алмай тұрмын, — деді.

— Жұбатып қайтесің, бәрін түсінем.

— Менің білетінім Жаркент сізді күтіп отыр. Абыройлы, дәрежелі, салмақты бастығынан айрылғысы келмейді.

Миловский күрсінді.

— Білем, Жаркент менсіз қала бола алмайды. Оған мендей басшы керек. Бірақ, онда большевиктер отыр. Ол бәлені қалай қуасың? Жоятын күш қайсы, бауырым.

— Құдай-ау, со да сөз бе екен! Егер кісінің ынтасы түссе, ықылас қойса бәрін жасауға болады, — деп Қасымхан қулана түсті.

— Мына сөзің құлағыма жағып барады. Құпия демесең, анықтап түсіндіріп айтшы.

— Мен де Жаркент қаласының басшысынан жасыратын қандай сыр болмақ. Онда кім боп істейтінімді білесіз бе?

— Әрине, уездік милицияның бастығы деп естігенмін.

— Көп біле қоймайды екенсіз. Менің қарауымда астыртын қаруланып жатқан екі жүз жігітім бар, — деді де, осы мен санын тым көбейтіп жібердім-ау деп ойланып қалды. — Кешіріңіз, дәлірек айтсам, жүз тоқсан сегіз. Өзімді және көмекшімді қоссаңыз екі жүз боп шығады. Қазір әшкереленіп қалмасын деп ұсақ топқа бөліп жатырмын. Әр топтың басшысы менен хабар алған сәтте өздеріне бөлініп берілген аймақтағы совет активтерін, мекеме басшыларын дереу жойып тастап, билікті өз қолына алады. Қаншама қызмет етіп жағынып жүргенімен Қызылдар маған бай баласы деп күдікпен қарайды. Шынын айтсам, сенбейді. Басына күн туа қалғанда әлдекімнің жетегіне сүмірейіп, ілесе бермей, өшіге, өшіре өш алатын мықты қайрат жасап қалу керек қой. Әлгілер сондай күнге дайындаған сарбазым. Сәл белгі берсем, лап қойғалы тұр.

Қуанғаннан Миловскийдің көзі жайнап кетті.

— Екі жүз? Бұл жойқын күш қой!

— Астыртын ақырын қаруландырып жатырмыз. Пулемет жағы жетіспейді. «Максимканы» қолға түсіріп едік. Замогі жоқ боп шықты.

— Адам табылса, оқ ататын кісі болса, пулемет табылады, — деді де Қасымханның иығына қолын салып, сілкіп қойды. — Алдын болжайтын, көреген кісілер ғана тек осылай жасайды. Сенің бұл ісіңе өте ризамын.

— Жақсы, жылы сөзіңізге рақмет. Бұл да кісіге медеу.

— Сен Ионамен қалай едің?

Қасымхан түсінбегенсіді.

— Шіркеуге бармаймын, Христосқа табынбаймын. Поппен жақындығым осы ғана.

— Қателесесің. Атаманның қадірлі кісісі екенін білмеуші ме едің?

— Біреумен біреудің жақындығынан маған пайда қайсы?

— Олай деме, Иона мұндағы атаманның сенімді кісісі, оң қолы. Оның әскери іске де араласып тұратыны бар. Сөйлесіп көр. Өкінбейсің.

— Жаркент қаласының басшысы ақыл айтса, одан бас тартпаймын.

— Қайда тоқтадың?

— Құлжада Чанышевтің әулеті жетеді. Демалыста жүр едім. Осындағы ағайын-туыстарды көрейін деп келдім, — деп сөзіне мән бермей жауап қатты. — Атақты Алляри менің жездем ғой. Соның үйінде жатырмын.

— Сен бақытты адамсың, Қасымхан! Саған өзекті өртеген қызғанышпен қараймын. Жаркентте ғой сені Совет әлпештеп төбесіне көтереді. Жасырып, бұғып ұстап отырған қарулы күшің және бар. Ешкімге тәуелді емессің. Мұнда келсең ағыл-тегіл бай үйге кіресің де кетесің. Біз болсақ мынау, бұралқы иттей таң атпай тамақ тойдырудың камында жүрміз. Бұл дүниеде әділет жоқ, — деді.

— Өкініш, қызғанышқа жол жоқ, Миловский мырза. Бүкіл Жаркент ақ патшаның туын көтеріп алдыңыздан шыққанда бүгінгі аз ғана азап, қорлық — бәрі ұмытылады.

— Сондай күнге тезірек жетсек екен!

— Жат жұртта сіздердің бұлай қиыншылыққа төзіп жүргендеріңіз халық қамы екенін жақсы ұғамыз, — деп Қасымхан қолпаштай түсті.

— Өз басым атаман Дутовтың еңбегін ерекше бағалаймын. Біз о жақта Алексакдр Ильичтің есімін мақтаныш етеміз.

— Тарих талабын орындау оның бір өзіне жүктелген.

— Сондықтан да ел мақтаны боп отыр, — деп қолын кеудесіне апарды.

— Көшеде нәрсіз құр сөзбен бөгегеніме кешірім сұраймын. Дастарқан басындағы әңгіме әлдеқайда қызықты болар еді. Уақыт тапсаңыз үйге шақырам. Бүгін келіңіз.

— Жақсы адамның мұндай мейірбандығын пайдаланып қалатын әдетім бар, — деп қалтасынан шыңжыр баулы сағатын алға қақпағын сырт еткізіп ашты да, — сағат жеті қолайлы ма? — деп алдына тосты. Қасымханның мақұлдағанын көріп, — күт, кешігеді екен деп ойлама. Бірақ жалғыз бармаймын. Ионаның өзін ертіп апарам. Бұған қарсы болмайсыз ба? — деді.

— Қонақ келгеніне қуанамыз.

Миловский сол күні кешінде, дәл айтқан сағатында келді. Қасында попы бар. Иона бұл үйге бұрыннан таныс кісі екенін және бірінші рет келіп тұрмағанын сездіріп биік үйдің табалдырығынан көтеріле сөйлей кірді.

— Ұлттық тағамды көптен бері жемей, қатты сағынып қалып едім. Осы үйден тәтті, әдемі құйқаның иісі шығады. Жас марқаның сойылып, бас асылып жатқанын білем, — деп қарсы алуға шыққан Қасымханның қолын қысып, күле сөйледі. — Дәрігерлер кісі өзінің сүйген тамағын жесе көп жасайды дейді. Қасымхан мырза, сіз бұған келісесіз бе?

— Дәрігерлердің айтқанына ден қойған дұрыс.

— Онда бұл үйден бір жас қосып шығады екем. Бір жас дегенің бір жыл-ау! Аз уақыт емес. Ал біз бір жылдың ішінде большевиктерді Жетісу жерінен түріп тастап Россия төріне қарай үдере бет аламыз. Мен Александр Ильичтің әскери даналығына сенем. Тек атаман бастаған қол ғана ұлы жеңіске жете алады. — Ол Қасымханның бас аяғына қарап, — Сіз бұған не айтасыз? — деді.

— Ал мен әулие әкеге сенем, оның сөзін құптағаннан басқа амалым жоқ.

— Жағымды сөз жадыратады. Қасымхан мырза, өзіңізді дені сау, шымыр, әйбәт қалыпта көргеніме қуанам, — деді де киім ілгіштің қасына бөгеліп қалпағын іліп шоқынып алды. Үлкен көгілдір залға аяндай басты, — Жаркенттен шыққаныңызға көп болды ма?

Кеше келдім.

— Жаркент қалай? Большевиктер елді басқара алмай берекесін қашырып жатқан жоқ па?

— Олар билікті қолға алды деген аты болмаса, ел іші баяғы қалпы. Большевиктер сүйенген кедей табы әлділердің ықпалынан шықпайды. Қала іші де солай. Бүкіл уездік милициясын бай ұлына басқартып қойған соң большевиктің жағдайы қалай екенін өзіңіз аңғара беріңіз.

— Шекарадағы Қызылдардың әскері көп пе?

— Шекара милицияға бағынбайды. Олар басшылықты облыстан, республикадан тікелей алады. Ішкі істері де мәлім емес.

— Сонда милицияның қызметі не?

— Қоғамның ішкі тәртібін сақтау, бандитизмге қарсы күресу, жергілікті жерде Совет өкіметін нығайту боп табылады.

— Мен әскери адам емеспін. Сондықтан арасын ажыратып алайын деп сұрап жатқаным ғой. Егер қолыңызға мен түсе қалсам, қандай статьямен жазалар едіңіз?

— Сіз үшін Советтің кешірім беру статьясын қуар едім. Өйткені өзім сыйлайтын әулие әке біреу, соның саулығын, тыныштығын тілер едім.

— Браво-браво! Жарайсың, Қасымхан мырза! Жаркентте қорғанышым бар екен. Қызылдардың өз ішінде сіздей тірегім болғаны жаман емес-ау. Сіз бұған қалай қарайсыз?

— Кісіні қанаттандыратын сенім деп білем. Сіз салмақ салып ықылас, пейіл танытсаңыз оны бар күш-қайратыммен ақтауға тырысып бағам.

Дастарқан басына отырысымен салқын тағамдар әкелінген. Тоңазытылған қаздың еті, қазы-қарта шыны ақ табаққа салынып бөлек қойылған. Поп шанышқымен әр қайсысынан кезек асап:

— Қазақ тамағының ішіндегі дәмдісі, тәттісі қазы мен қарта ма деймін. Ал Қасымхан мырзаның әлгіндей сендіре айтқан сөзінен кейін бұл ет маған балдай татиды. Сіз бұған не дейсіз, Миловский мырза?

Миловский поптың ығында, кішілік жасаған боп



үндемей отырған. Иона сөз тастағанда қалбалақтап қалды.

— Большевиктердің қалың ортасында өз адамыңның отырғанына, іштен оңдырмай үнгіп қопарар күштің бар екеніне өз басым қатты қуанам.

— Қасыңдағы серігің көңілдегіні тауып айтқанда өзінді әжептәуір кісі көріп, жеңіл, еркін сезінеді екенсің. Миловский мырза, сіз менің ойымдағыны дәл таптыңыз.

Қазыдан аузын толтыра молырақ асап жіберген Миловский сөйлеуге шамасы келмей, түсініксіз дыбыс шығарып құптағандай басын изеді.

Қасымханның кесек ірі жігіттермен бұлай топталып жүргені демалыс алған жігіттің жайбарақат бос қыдырысына ұқсамайтынын сезген бай купес Аллаяри түбі осылардың қырсығы тимесін дегендей қауіп ойлап және өзінің бұл іске қатысы жоқтығын сездіріп әрі тымауратып жатқанын сылтауратып дастарқан басына келмеді. Үй иесінің орнына Хадиша ханым өзі көрініп жүрді. Алғаш поп мұндай жақсы дастарқан басына Аллаярідің келмегеніне қынжылғанмен шарапты іше келе бұл ілтифатын ұмытып кетті. Қасымханмен оңаша отырысын, қайта, мақұл көрді. Хадиша ханым қасына қос қызметшісін ертіп үлкен астаумен ас кіргізді. Ақ табаққа бөлек салынған басты Ионның алдына қойып:

— Әулие әке, мынау өзіңізге арналған тағам, — деп басты поптың алдына қойды.

Иона құлақ түбіндегі майлы құйқадан молырақ кесіп алып асап жіберді де ұрт жағынан жұқалау тіліп Миловскийге ұсынды. Саусақ ұштарын тамсана жалап:

— Мұндай етті түгесіп жемесең құдайға күнәкәр боласың, — деп балпылдай сөйледі.

— Малдың еті өз қарнына сыйып кетеді деседі. Қарынға сыйған ет қарыннан артыла қоймас, — деп Миловский майлы жамбастың етін сыпырып асай бастады.

— Бүгін Миловский мырза менің ойымнан дөп шығып отыр.

Қасымхан кесемен ыстық сорпаны поптың алдына қойып жатып:

— «Сынықтан басқаның бәрі жұғады» — дейді. Миловский мырза көңіліңізден шығып жатса, өзіңіздің ығыңызда жүріп үйренген тәлімі шығар, — деді.

— Сіз маған ұнап барасыз, Қасымхан мырза! — Иона орамалымен аузын сүртіп алып үлкен бокалдағы шампанды асықпай түбіне дейін сімірді. Қасымханға тесіле қарап, — Құдайдың құдіреті мен кісіні көзінен танымын. Сіз біздің адамсыз. Сізге сенем! — деді.

Қасымхан ұшып тұрып басын иді.

— Мен өзіме көрсетілген сенімді адамдық армен актауға тырысам!

Иона құптағандай қабақ танытты.

— Қасымхан мырза, өзіңіздің астыртын құрған отрядыңыз жөнінде аздап мағлұмат беріңізші. Екі жүз кісі шағын Жаркент қаласы үшін аз күш емес. Оларды білдіртпей, дабыратпай, жат көзге сездірмей қалай ұстап жүрсіз?

— Олар казармада емес, үйінде отыр. Отрядтің бір сәт топталып, бас қосқанын білсе, Қызылдар заматында жойып жіберер еді. Соншама уақыт әуреленіп құрған қарулы қолды жау қолына оңай бере алмаймыз.

— Рас-ау, — деп қостағандай шырай білдірді. — Қажет бола қалған күнде қалай жинап аласыз?

— Мен оларды жинап, үгіт айтып жатпаймын. Бұл өзі әбден жауыр болған және өзін ақтамаған әдіс деп білем. Өз отрядымды бірнеше топқа бөлдім. Топ басшылары қарауындағы кісілердің қайда жүргені, немен шұғылданып жатқаны жайында аптасына екі-үш рет менің көмекшіме хабарлап тұрады. Мұнан алған нұсқауды отряд мүшелеріне жеткізеді. Әр топқа мекемелер, кеңселер бөлініп берілген. Менен хабар алған сәтте не істейтінін олар жақсы біледі.

— Бұл тәсіліңізді Миловский мырзаға айтқан екенсіз, — деп Иона Қасымханның сөзін бөлді. — Шынын айтсам, мұндай жоспар маған ұнады. Дегенмен, сіз қайткен күнде атаман Дутовпен танысқаның жөн. Ол жақсы адам. Егер оған қызмет жасасаңыз, ол сізді ұмытпайды. Ертең мен Сүйдіңге жүрем. Сіз де ертең кешке қарай сонда келіңіз.

Казармаға кеп әулие әке Ионаны сұраңыз. Күзетші бөгемей жібереді. Сонда сөйлесейік.

— Рақмет, бұл шақыруыңызды құп аламын.

— Асыға күтем. Осыны ұмытпаңыз, Қасымхан мырза, — деп орамалмен қызыл еріндерін шұқылап сүртіп, бет-аузы жыбырлап күлімдей қарады. Иона әке сөзден шалып қармаққа түсіргісі келгенде, не берген жауапқа қанағаттанбай ойына күдік алғанда немесе астарлы, құпия сырды білмек болған кезде өңі осылай құбыла қалатынын Қасымхан бүгін кеште әбден байқаған. Оның осы бір айласы жағада, қалың құрақ арасында жемтігін аңдып тыныш, бұғынып жатқан азулы көк крокодилге ұқсайтын. Қыршып, қырқып түсер тіске ілінбеу үшін аса сақтық, зеректік керек. Қасымхан абайлап сөз аяғын тосты.

Иона әке саусақ ұшымен сақалын талдай түсіп дастарқан шетінен сырыла отырды да жұмсақ үнмен сөйледі.

— Қасымхан мырза, сіз қызмет адамысыз. Дәрежелі, салмақты қызмет атқардым дегеніңізбен де, кейде баста ерік болмай қалады. Өкімет алыс сапарға командировкаға жібереді. Сонда бүкіл отрядты иесіз қалдыра алмайсыз. Тегінде бізге көмекшіңіздің аты-жөнін білген дұрыс секілді. Қиналмасаңыз, соның фамилиясын айта қойыңызшы.

Қасымхан шамданған түрмен қабағын түйіп бір сәт үндемей қалды. Күміс шанышқыны алтын жиекті ақ табакқа сыңғырлата тастап жіберіп:

— Иона әке сенбей ме, бұл қалай? — деді.

— Құдай сақтасын, менде ондай ой жоқ. Жақсы байланысып тұру үшін көмекшіңіздің аты-жөнін біліп алайық дегенім ғой. Құпия санасаңыз, алла разы болсын, айтпай-ақ қойыңыз.

— Өзім сыйлайтын кісінің сөзін жауапсыз қалдыру әдетіме жатпайды. Білгілеріңіз келсе, айтайын: менде екі көмекші бар. Бірінші топтың бастығы әскери бөлімше жөніндегі орынбасарым болады да, ал екіншісі — шаруашылық жөнін басқарады. Өзім кеткенде бар билікті осы шаруашылық жөніндегі орынбасарға қалдырам. Кейде екеуіміздің бірден лап кететін кезіміз болады. Бірақ бұл

сапар ұзаққа созылмайды. Астыртын қарулы отрядтың менен кейінгі бастығы сенімді сергек жігіт Махмұд Қожамяров болып табылады. Мен жоқта Иона әке онымен тікелей сөйлесе алады.

— Ашық, анық жауабыңызға рақмет, — деп болымсыз ғана басын изеді де сәл ойланғандай түйіліп қарады. — Махмұд дедіңіз бе? Осындай есім маған жақсы таныс секілді.

— Олай болуы да ықтимал. Отрядтың мұқтажымен шекарадан жиі өтіп тұрады.

— Отряд бытырап жатқанда оның шекарадан асыра қоятындай кесек мұқтажына түсінбедім. Ділгәрлігін білуге бола ма?

— Екі жүз адамның көңілдегісін тауып, ырыққа көндіріп ұстау оңай емес. Оларды казармаға үйіріп, киім-кешек, тамақ бермегенімізбен оқ-дәрімен, жақсы атпен қамтамасыз етуіміз керек. Кейде азық-түлікпен, жеммен қарайласуға тура кеп қалады. Ал бізде мылтық, әсіресе пулемет жағы жетіспейді. Тот басқан трофей мылтықтан мықты қол құрылмайды.

Бізге көп ақша керек. Ақшаң болса, керекті қаруды Қызылдардың өз қоймасынан сатып алуға болады. Апиынға бұрынғыдай еркін сауда жоқ. Өкімет тыйым салды. Қазіргі астыртын пұлдап жүргеніміз ақбөкеннің мүйізі. Оның қандай қасиеті барын сатып алушыдан басқа ешкім біле қоймайды. Қазір көптеп соны дайындатып жатырмыз, — деп Қасымхан поптың ақбөкеннің мүйізіне әуестене бастағанын сезіп, әдейі жанды жеріне тие сөйледі.

— Нағыз әскери дана басшының ісі бұл. Өзіңізге дән ризамын, Қасымхан мырза, — деп шарапқа балқыған жүзін тосып алақанын ақырын ғана соғып қойды. — Бұдан былай сіздің айтқаныңызға ешқандай, шүбә келтірмеймін. Сіз Александр Ильичке тезірек жолығыңыз. Ақылды адамдар тоқайласқанда керемет ұлы істер жасайтынына сенем.

— Әулие әке, сіздің бұл кеңесіңізді ұмытпаймын. Атаманның сеніміне жету үшін сіздің тарапыңыздан көмек болар деп үміттенем.

— Оған күмән келтірмеңіз.

— Иона әке есіктен шығып бара жатып қайта бұрылды.

— Дәмді ас, жақсы шарап үшін үй иесіне тағы да рақмет айтамын. Бұл өзі менің өмірімдегі ұмытылмайтын мәнді мағыналы кеш болды. Қасымхан мырза, менің әскери адам емес екенімді ескеріп берекесіз, аңқау сұрағыма кешірім беред деп ойлаймын. Бүкіл отряд тағдырын әскери жұмыс жөніндегі орынбасарыңызға тапсырмай, шаруашылықты басқаратын көмекшіге жүктегеніңіз қалай? Әлде екінші орынбасарға сенбейсіз бе?

— Атаман Анненков өзі Үшаралдан Үржарға кеткенде Орталық майданның бүкіл билігін шаруашылық жөніндегі көмекшісіне қалдырып кететінін естіген едім. Байқауымша, Борис Владимирович мұның себебін өзі жақсы білген ғой. Оны әскери жұмыс жөніндегі орынбасары полковник Сидорозқа немесе штаб бастығы генерал Денисовке сенбеді деп айту қиын.

— О не дегеніңіз, — деп Иона поп шоқынып алды. Полковник Сидоров өшпес өжеттілігімен бүкіл Жетісу большевиктерінің зәресін алып тұрған жоқ па? Тіпті оның кәрінен өзіміз де тайқып кетеміз. Ел кегін еселеп қайтарып жүрген азамат ол.

— Атаман Анненковтың соғыс тәсілін үйренуді жөн көрдім.

Иона қарқылдап күлді:

— Сынықтан басқаның бәрі жұғады! Сізді Сүйдіңде күтем, Қасымхан мырза!

Қасымхан қонақтарын шығарып қақпа сыртында қарап тұрды.

Иона поптың бәкене бойы қараңғылыққа сіңіп жоғалып бара жатты.

## КЕЗДЕСУ

«Дутов бөлмедегі барлық адамды шығарып жіберіп мені жалғыз қабылдады. Ұзақ әңгіме үстінде ол өзіне көмектесудің қаншалықты мәні барын түсіндіріп бақты. Опасыздық жасаған күнде теңіз түбіне тығылсам да тауып алатынын ескертті. Жаркенттен алғашқы мәлімет алған соң онда көтеріліс жасау үшін маған көмекші жібермекші болды...»

*Қ. Чанышев.*

Хадиша ханым даңғарадай кең үйін кір-шуашы аралас былапыт қазаққа былғатпайын деп інісінің қасына еріп келген серіктеріне өзінің қызметшілері тұрған тамның қасынан бөлек бөлме дайындатқан. Махмұд ымырт жабыла Мұқай екеуі сол бөлмеге келді. Қақпадан кірген сәтте қызметшінің бірі үлкен үйде қадірлі қонақ барын және онда кіруге болмайтынын сыпайы ескертті. Бұл қонақтардың кім екенін білгеннен соң Махмұд пен Мұқай да олардың көзіне түспеуге тырысқан. Жүсіп бай купестің көп қызметшілерінің бірі секілді бұл екеуі де қызмет жасап жүрді. Қасымханның айтуымен қойдың қол-сан еттері тұтас салынған ет табақтар мен шай келтірілген болатын. Әр табаққа түрілген жас қазылар мен қартаны төпелеме ғып қосқан. «Синән атлық иісі шығады» — деген кешегі ай шырайлы Тоташ қолы босаған сәтте «Қазақтар бөлмесіне» кіріп Жүсіпке көмектесе қояды. Үстел үстін сүртіп, ыдыс-аяқтарға сорпасы мен тұздығын құйып таза

қалыпта тамағын беріп жатыр. Әйтеуір аз уақыт болса да Жүсіптің қасында бірер минутқа отырып, көріп кетуге ынтығады. Жүсіп «Денемнен бықсық тер шығып, бойым көтеріліп, сергіп отырғанда сүйкенбей әрі кетші!» — дегенде, «қойыңызшы, мин сингә бүтәнің имән» — деп еркелеп, қолтығына тығыла түседі. Сол Тоташ Махмұдқа ханымның сәлемін жеткізді. Хадиша әлгінде Махмұдтың бір жолдасымен осы үйге келгенін көріп қалса керек. Осы бір қара көз, қара мұрт, сұлу кескінді жігіт алғашқы көрген күннен бері көкейінен кетпейтін көрінеді. Қазіргі отырған үйдің төбесі пәс, ауасы тар. Әдемі жігітке кең төсек лайық қой. Үлкен үйде төсек салулы тұрады. Соған кеп өз үйіндей еркін аунап жатқаны дұрыс қой депті. Махмұд бай үйінің босағасын аттағалы бері сұлу жігітті көруге ынтыққан, құмартқан қыз-келіншектер көп еді. Тоташ та қызыға қарап, тамсанып, тамашалап түскен. Отызды алқымдап қалған егде әйелдің өзінен жас жігітке сөз салғанын естігенде қатты ұялып қып-қызыл боп кетті. Қасында дос жігіттері бар. Олардың көзінше қалай айтам, — деп жалтарып көріп еді. Хадиша ханым өзінің еркін, өршіл, именбей шалқып сөйлейтін дағдысына басып: «Өңшең диуана қазақтан несіне қаймығасың. Ұялатын атаң ба еді? Мен айтқан соң солай болады, бар айт!» — деп еріксіз жұмсап жіберген. Тоташ оны өзі айтуға жүзі шыдамай араға Жүсіпті салған. Махмұд астан соң үстел үстін жинастырып, қолына бір парақ қағаз бен қалам алып, серіктеріне актардың қамалға қалай орналасқанын шимайлап, сызып көрсетіп жатқан. Оның жайдарлы, көңілді кейпін көріп Жүсіп ханымның сәлемін әзілмен жеткізгенде Махмұд қатты шамданды.

— Не сөйлеп тұрсың? Асқынған байдың еріккен ханшасы мен қатындарына ермекке кеп пе едік?! — деп ұшын жалап отырған қаламын қағаз үстіне лақтырып жіберді.

Тоташ ұялғаннан екі беті дуылдап Жүсіптің жотасына тығыла түсті. Жүсіп бұрыла алақанымен жас келіншектің маңдайынан сипап:

— Бұйдеп айтып барсаң, ханым ашуланып жүрер. Ал

бізге ашу серік емес, ақыл серік. Махмұд бишараның да қызыл шырайлы сымбатты ханымға соншалықты ынтығып, зарығып жүргенін, асық екенін, сондықтан Сүйдіңнен әрі Жаркентке кетпей амалсыздан Құлжаға қайта оралғанын және бұл жолы да тілегіне жете алмай қапаланып отырғанын айтарсың. Өйткені серіктерінің арасында мұның әйелдерге өтімділігін қызғанып көре алмайтын Мұқай секілді «қызыл көз жауы барын», егессе бай түгіл Қасымханға айтуға тайынбайтынын, бұл егестің басы екеуінің карта ойынынан басталғанын, қазірде де өршеленіп өштесіп ойынға кірісіп кеткенін сылтауратып көрерсің. Әкесі тіріліп келсе де мойын бұратын түрі жоқ дегейсің. Кейін сізге әдейі оңаша, жалғыз келетін болды, солай уәде берді деп ханымды сендіре түс. Жоқтан гөрі үміт жақсы. Үмітін үзбегін, — деп алақанын тізесіне сап, шалқая отырып қарқылдай күлді.

Махмұд қайран қалды.

— Жүсіп-ау, өзің қиялшыл, тапқыш бәлесің ғой. Мұндай тың өнеріңнің барын кім білген! — деп иығынан құшақтап сілкі түсті.

— Жүсіпте өнер көп. Қайда барса да іші-сырты майлы жүреді. Әйтеуір осыған жақсының бәрі кезіге кететініне таңым бар, — деп Мұқай қостап қойды.

— Сыртым Махмұдтай ажарлы болмағанмен ішім сұлу да. Тәттіге кім қызықпайды, балға кім үймелемейді. Тоташтай жандардың тәттісі, шырыны шығармын. Ішің күйсе тұз жала, Мұқай! — деп бір қолымен Тоташты құшақтап, солай қарай күле түсіп қисая кетті.

Асыға Қасымхан кірді. Үйдегі жігіттер өре тұрды. Жігіттер:

— Қалай?

— Әңгіме немен тынды? Қақпанға түсетін түрі бар ма?

— Тіпті көп отырды ғой. Өзі мешкей, жемпаз неме екен. Апарған табақтарды шүңейтіп-ақ жібереді. Арандыға кезігіппіз! — десіп жатқанда Тоташ басындағы орамал шетімен бетін көлегейлеп үйден зыта жөнелді.



Қасымхан малдасын құрып, үстелге шынтағын тірей отырып серіктеріне қарап алды да:

— Ертең Сүйдінге жүрем. Атаман Дутовтың өзімен кездесетін болдым, — деп Иона поппен арадағы әңгімені түгел айтып шықты.

Үш серігі ентелей түсіп, мұның аузына қарап мұқият тындап қалған еді. Қасымхан алақанын жайып:

— Қане, бұған не айтасындар? — деді.

Махмұд қабағы түйіліп, төмен қарап ойлана түсіп бәсең үнмен:

— Ертең дейсің бе? — деп сұрады.

— Иә.

— Бәрі қалай тез боп жатыр. Және өзіміз белгілеген жолмен, сызықпен айнамай келеді.

— Біз жасаған сүрлеуге түссе о, баста дұшпанның ойын, мақсат-ниетін дәл болжап білгеніміз де. Оған несіне шүбә келтіресің, — деп Мұқай тынышсыздана сөйледі. — Әйтеуір атаманмен кездеседі екенбіз ғой. Тәуекелге бел байладық екен, онда шонтай сақал поптың осы бір айтқанын пайдаланып қалайық. Бөгелмей ертең кетейік, Қасымхан. Қасыңда мен болам!

— Оның рас, атаманмен кездесуге тиіспіз, — деді Махмұд ойлы қалыппен кең тыныс алып. — Иона поп, менің байқауымша терең сырын аша қоятын аңқау жан емес. Мұнда аса бір сақтық керек. Ол менен ақбөкеннің мүйізін тауып бер, қалағаныңды берем, ренжітпеймін дегендей болып еді. Түбінде осы поптың пайдасы тиіп қалар деген ниетпен айтқанына көне қойдым. Сөйтсем, бұл дәйіс шын саудагермін бе, әлде тыңшымын ба, соны білгісі келген екен. Адхамовты іздеп, оның кіші тоқалының қасында екенін білгеннен кейін Сүйдінге барайын. Аптахун-акамен сөйлескенімде оның попты өзі жақсы білетін боп шықты. Бұрыннан астыртын байланысып тұратын секілді. Сүйдінде, соның үйінің сыртында тұратын қайыршыны Құлжаға келгенде поптың үйінің босағасынан тағы көрдім. Сауда адамы бір-бірін алыстан таниды. Поп мені Адхамовты біле ме екен деп сынаған. Егер Жаркентте Адхамовты

тергеуден босатып, менің қасыма қосып бермегенде қазір менің кәллам Сүйдіңнің шұқырында домалап жататын еді.

— Махмұд Мұқайға бұрыла түсіп, — сен қолыңа найза беріп жауға қойдың адамысың. Бұл жолы Қасымханға серікке жарамайсың. Мұнда иненің жасуынан өте білетіндей айла, қулық, ақыл керек. Қасымханға ере алатын лайықты кісі мына мен! — деді.

Жүсіп қозғалақтап:

— Осының айтқаны жөн-ау! — деп қалды.

Махмұд сөзін жалғастырды.

— Қасымханға ере алатыныма және мынадай себеп бар. Мен поптың сынауынан, бақылауынан өткен адаммын. Енді өкшелеп аңди қоймайды. Бұл Қасымханға күдік келтірмеуге себебін тигізеді. Екінші жағынан қамалдағы әскерлердің орналасу жағдайынан аздап хабарым бар, — деп алдындағы ақ қағаздың бетіне сопақшалау етіп шеңбер сызды да, — міне, мынаны қамал дедік. Қақпа базар жақтағы тұста. Оны қытай солдатты күзетеді. Одан өтіп әрірек жүргенде апандай аузын қақпаға қаратқан зеңбірек тұр. Мен күзетшіге бір түйір апиын беріп зеңбірек тұсына дейін бардым. Үлкен қамалдың ішінде тағы кішкене қоршау бар екен. Оны өздері «Кіші қамал» атайды білем. Сол кіші қамалды түгелдей дутовшылар күзетеді. Оны анық барлай алмадым. Қақпа жаққа бір қарағанымда ізімді баққан қайыршы қытай солдаттымен керісіп тұрғанын байқап қалдым. Өзінше әлде нәрсені дәлелдегісі келгендей. Дереве зеңбірек тұсындағы дуалдан секіріп түсіп, шапшаң базар ішімен қақпа алдына келейін. Дәл қасында, желкесінде дем алып тұрған мені көргенде «Қайыршы» шошып кетті. Мені көрден шыққандай көрді білем, алды-артына қарамай тұра зытты.

— Тәуір-ақ алдапсың, — деп Мұқай тәнті боп қалды.

Қасымхан:

— Мұндай кезде жан-жағыңа қарап, барлап жүрмесең қақпанға оңай түсіп қаласың, — деді де Махмұдтың қолындағы қаламын алып қағаз бетіне дөңгелектеп белгі қойды. — Зеңбірек осы тұста дейсің бе? Сірә, кіші қамалдың кіре

беріс аузына қойылған болды ғой. Әзірге атаманның өзі тұрған ұясын шамалап білдік. Бұл ақпарына рақмет.

Ертең барғанда қалғанын анықтай түсермін.

— Ертең бармайсың, — деп Махмұд кесе жауап қайтарды.

— Бармағаны қалай? Попқа солай уәде бердім. Мұндай сәтті кезенді уыстан шығара алмаймыз. Осыны өзіміз тілеген жоқпыз ба?

— Поп күте тұрады. Сен демалыста қыдырып жүрген адамсың. Еріккен адамның ермегі көп. Бір-екі күн кешіккеннің сөкеті жоқ. Сүйдіңге бармастан бұрын онда тоқтайтын, жасырынатын үй тауып алғанымыз жөн.

— Мынауың дұрыс екен, — деп Қасымхан ойланыңқырап қалды.

— Бір үйді белгілеп кеттім. Үй иесі шолақ купес. Жас әйелін төркіндетуге алып кеткен көрінеді. Қызметшісінен басқа бөтен кісі жоқ. Нағыз тоқтайтын қолайлы үй сол.

— Әуре боп қайтесің. Онда менің туыстарым, таныстарым бар.

— Ертең не болатынын анық білмейміз. Жақын адамдарды әурелеп әлекке салмайық.

Мұқай мен Жүсіп қосарлана қостады.

— Біздің қайда тоқтағанымызды ешкім білмеуі керек. Махмұд дұрыс жасаған.

— Жақсы ағайынды шатпай, аулақ болғанымыз жөн, — десті.

— Ертең Сүйдіңге жүрем, — деді Махмұд сөзін жалғап. — Онда мені іздеп әуре болмай-ақ қой. Керек кезде әрдайым қасыңнан табылам. Ал шолақ купестің үйі мына тұста, — деп қаламды алып сызып көрсете бастады. Бұл кезде Хадиша ханым терезе алдынан көз сүзіп жорғалап өтті. Ол Тоташқа сенбей өз көзімен көрмек болған. Өңшең ер тұлғалы еркектің қағазға шұқшия үйіліп шүпірлесіп жатқанын көріп қатты кейіді.

— Е-й-и, осылардың ләззат алар алтын уақытты босқа кетіретіні-ай! Картаның әйелден несі қызық! — деді.

Қасымхан бір күннен кейін Сүйдіңге келді. Поппен

арадағы келісім бойынша ол мұны казармада күтуі керек. «Қамал ішінде басшы офицерлер тұратын үйлер бар. Сондай бөлме Ионаның өзінде де болуға тиіс. Өз үйіне шақырмай казармаға кел дегені қалай? Қалың солдаттың арасында не бітіреді? Әлде тағы сынақ тергеуден өткізгісі келе ме? Әрине, Иона поп екеуінің арасындағы әңгімені генерал Дутовқа айтқаны белгілі. Попқа соқпай Дутовтың тікелей өзіне барса қалай болар еді? Бірақ атаманмен кім табыстырады? Оған қалай тоқтаусыз бара алады?

Қасымхан өз ойымен әлек боп келе жатқанда Махмұд көшедегі үйдің бірінен шығып қапталдаса жүрді. Базар тұсындағы көк дүкендердің қасынан барып қосылды. Сырт қараған адамға базаршылап жүрген бейтаныс кісілер секілді еді. Қысқа амандықтан соң, Қасымхан:

— Біздің көздегеніміз атаман Дутовтың өзі, арада попты бұлтаңдатпай өзім тікелей жолықсам деп едім, — деп өз ойын айтты.

— Кейін ол мені аттап өттің, менсінгің келмеді деп бәле ойлап, кедергі келтірмей ме?

— Мен атаманның қарауында қызметте тұрғаным жоқ. Шен тілемеймін, жұмыс сұрамаймын. Кедергі келтіргенде не жасай алады?

— Әйткенмен, жолыққанда казармаға бармағаның жөнінде бір себеп айтуың керек қой.

— Ие, солай.

— Сен ғой большевиктің белсенді адамысың. Уездік милицияның бастығы боп істейсің. Егер мұнда келсең, атаманмен астыртын келісуге келдің. Оны жан адам сезбеуге тиіс. Казармаға барып бүкіл солдаттың алдында өзімді әшкерелегім келмеді дерсің. Ертең олар қызылдардың қолына түсе қалса ұстап беруден тайынбайды. Бармағаным сол деп сылтауратарсың.

— Мынау табылған ақыл екен. Бірақ попсыз генерал Дутовқа қалай жолығамыз?

— Бізге асығатын дәнеңе жоқ. Осы төңіректі жағалап күтейік. Осында Тоқтахун-аканың дәмханасы бар. Үйінің жанынан бір бөлме шығарып келіп-кетіп кісілерге мәңті,

лағман сатады. Соның үйіне мұздай киінген бір офицердің келіп-кетіп жүргенін байқадым. Күзетшілер ол келе жатқанда қаздия қалып, әуелі рұқсат қағазын сұрамайды. Штабтағы бастықтың бірі ме деп қалдым.

— Түр-түсі қалай?

— Өзіндей аққұба келген, танауының астында бармақ басты мұрты бар, сәнді киінген жігіт. Мұндағы солдаттардай олпы-солпы емес. Әне, анау келе жатқан сол, — деп дүкеннің тасасына қалқалай тұра қалды.

Қасымхан мүйізден әдемі жасалған таракты қараған боп ақырын сыбырлады.

— Мен мұны жақсы танымын. Бірге оқығанбыз.

— Таң атпай қарны ашқан екен. Тоқтахун-аканың дәмханасына кірді.

— Қазір онымен барып сөйлесейін.

— Байқа, қармаққа түсіп қалып жүрме?

— Сауысқаннан сақ болуға тырысам. Бөгеліп қалсам қайдан табам сені?

— Өзіңе айтқан шолақ купестің үйінде күтем. Құдай жолыңды оңғарсын!

— Рақмет.

Қасымхан дәмханаға кіргенде төрде отырған Абылайхановты көрді. Ол да мұны көріп орнынан ұшып тұрды.

— Қасымхан? Шынымен, менің алдымда тұрған Қасымхан Чанышев пе?

— Мен әдемі офицер Абылайханов мырзаны көріп тұрмын-ау осы!

— Қателескен жоқсың, — деп Абылайханов жарқылдай күлді. — Алдыңда тұрған патша армиясының полковнигі Абылайханов. Большевиктер, әдетте «бұрынғы» деген сөзді қосуға әуес. Меніңше тарих беті әлі жабылған жоқ.

— Енді ғана ашылып келеді деңіз, — деп Қасымхан күле жауап қатты.

— Дұрыс айтасың, тарих бетіне соңғы нүктені қоятын мына біз. Атаман Дутов жеңісті ұлы жорыққа аттанғанда жолдағы Совет өкіметін түріп тастап Россия кіндігіне барып бір-ақ тыныс аламыз. Қасымхан мырза, сол ұлы

жеңіске үлес қосуынды тілеймін, — деп қолын көтеріп екпіндеп барып тоқтады.

— Көрмегелі көп айдың жүзі бопты. Өзінді аман-сау көргеніме қуаныштымын — деп Қасымхан қолын қатты сілкіп қысып, құшақтады.

— Екеуіміздің түбіміз, тегіміз бір, қанымыз бен жанымыз бір. Алдымызды аңғармай, бағдарламай айыр жолдың үстінде екі айырылып кеттік. Бізге қосылмағаныңа өкінем, — деп Абылайханов қолын босатпай қасына отырғызды.

— Кімнің кімге қосылатыны жөнінде әлі сөйлесерміз. Алдымен ашыққан ас қазанның азабынан құтылайық, — деп екі бірдей дәрежелі, салмақты қазақты көріп ебелектеп қалған Тоқтахун-ақаға ыстық мәңті әкелуге әмір етті де, — құпия болмаса, патша армиясының бұрынғы полковнигі немен шұғылданып жүр? Соны білуге болар ма екен? — деп күлді.

— Дәл қазір құпияны аштым деп большевиктен сескене қоймаймын. Өйткені оның маған қолы жетпейді, ұстай алмайды. Ал өзімнің ескі досыма сырымды айтсам, мұным әскери әдепсіздік емес деп білем. Генерал Дутовтың ең жақын кісілерінің бірі деп біл. Атаманның тілмәшімін.

— Құттықтаймын!

— Шын пейілмен бе?

— Ықлас-ниет білдірмесем, ондай сөз айтпаған болар едім. Сенбейсің бе?

— Осы күні кісіге сенуден қалдық қой.

— Үміт үзілген жерде сенім де жоқ. Мен болашаққа зор үмітпен қараймын. Сондықтан болар, әр іске құлшына, қуана кірісем.

— Алыстағы болымсыз бұлдыр мақсатты қуаныш тұтып, соған қарай талпынамыз деп жүріп туған бауырлардың өзі бір-біріне жат боп кетті.

— Абылайханов Қасымханның сөзін естімегендей өз ойын жалғастырды. — Әйтеуір әзәзілдің сөзіне еріп есірген, желпінген, желіккен жұрт тоз-тозы шыққанына қарамай даурыға ұмтылып барады. Қайда бет алып барады? Оны өзі де білмейді. Мұндай аласапыран кезде әкең түгіл

өзінің қисық көзіне де сенгің келмейді.

— Генерал Дутов ертеңгі күні қарауындағы қалың қолды жеңісті жорыққа бастағалы отырғанда қасындағы сенімді кісісінің тұңғиыққа түсіп түңілгеніне таңым бар. Ертең атаман әлгі өзін айтқан есірген елді сабасына түсірмей ме?

— Өз басым Дутовты аса қадір тұтам, даналығына бас ием. Ондай көреген көсемнің қасында жүру, бірге жұмыс істеу, күнделікті өмір-тіршілігімен танысу біздер үшін үлкен ғанибет, — деп Абылайханов сәл бөгеліп Қасымханның көзіне көзін қадады. Сол сәт сөзін жалғап кетті.

— Бір өкінішті жері айналасында жүргендер атаманды дәл солай бағаламайды. Мәселен, маймақ үйректей Миловскийді алайық. Советтің Әскери трибуналы оны 20 жыл каторгі жұмысқа кесті. Шыңжаңға қашып келгенде атаманға көмектесейін, ұлы жеңіске үлес қосайын, ел азаттығы жолында жаным құрбан деп жүрген жоқ. Дутовтың қалың қолы әлсіремесе, ыдырамаса совет сотының қарауына қайта түспеймін ғой, жаным қалады ғой деп қарайды. Оның атаманға деген ниет-ықыласы осы ғана. Жеке бастың қамын ойлаған жерде үлкен жеңіс болмайтыны айқын. Тағы бір өкінішті жағы генерал Дутов ұлы жорыққа бастайды деп шуылдап жүргенімізбен көбі бұған іштей сенбейді. Қасымхан кілт сұрақ қойды.

— Өзің сенесің бе?

— Иә, мен генерал Дутовқа сенем. Бірақ... — Абылайханов күмілжіп қалды.

— «Бірақтың» мағынасын қалай ұғуға болады?

— Бәлкім, бұған сен көмектесерсің.

— Түсінбедім. Анықтап айт.

— Өзіңді уездік милицияның бастығы деп естідім білем?

— Қателескен жоқсың.

— Атақты князьдің баласы, бұрынғы тілмәш, қазірде шекаралық уездің милициясының бастығы Қасымхан Чанышев Құлжаға, сонан соң Советке өшіккен ақтардың қалың ортасы орналасқан Сүйдіңге келіп жүргені бекер емес ау деп ойлаймын.

— Шынын айтсам, солай, — деп Қасымхан қулана қарады. — Үлкен мақсатпен келгенім рас.

— Мақсат сырын білуге бола ма?

— Мұндай сыр шашылып, дабыра етілмейді. Өзің болжап аңғарғаның жөн.

Абылайханов саусағымен иегін шұқылай ойлана түсті.

— Егер Советтің өз ішінен көмектесер тірек табылса, атаманның мұндағы қарулы қолы жойқын күшке айналып кетер еді. Онда генерал Дутовты жеңетін армия табылмайды.

— Атаман Қызылдардың өз ішінде қарулы күштің болуына ділгәр десеңші?

— Иә.

— Генерал Дутовқа Жаркентте сондай астыртын шоғырланған отрядтың бар екенін айтып баяндауыңа болады. Менің қарауымда көтеріліс жасауға әзір отырған 200 милиционер бар. Бұйрық алған сәтте атқа қонуға әзір отыр.

Абылайханов қуанып кетті.

— Бауырым-ау, шын айтасың ба?!

— Бұл туралы Иона попқа айтқан болатынмын. Ол атаманмен кездестіруге уәде берген еді.

— Саған сақалы сапсиган поптың керегі не? Ол орынсыз жерде араға килігіп, өзін іскер кісі ғып көрсетіп атаманға жағынып қалғысы келеді. Бұл жаңалықты генералға өзім баяндаймын.

— Атаманға қашан барасың?

— Тап қазір барып баяндаймын. Мұнда бекер жүрмегенінді ішім сезіп, анау-мынау әңгімені ашық айтып отырғаным содан еді ғой. Сен осында отыра тұр. Мен шапшаң келуге тырысам, — деп Абылайханов асыға басып шығып кетті.

Ол он бес минуттан кейін қайта оралды. Жүзі жадыраңқы, тершіген маңдайын сүртіп:

— Қасымхан мырза, сізді генерал Дутов күтіп отыр. Маған ілесіңіз, — деді.

Қасымхан жан-жағына қарап қамалдың қалай орналасқанын байқап келеді. Ішкі қамалдың қоршауы онша биік



емес, кей тұсы тақтаймен, сым темірмен қоршалған. Кең ауланың түкпір жағында ұзыннан ұзақ салынған казарма үйлері тұр.

Атаманның мекен-жайы сол жақта, бөлек орналасқан. Үй айналасы таза, іргедегі арықта су сылдырап ағып жатыр. Су бойына жас тал мен теректер отырғызылған. Есік алдында Қасымхан мен Абылайхановты жылтырауық алтын погоны бар, таза киінген, мығым денелі, салқын суық жүзді капитан қарсы алды. Ол қос саусағын шекесіне апарып сәлемдесті де, етіп кетуге жол көрсетіп, өзі шапшаң ілесе жүрді. Үлкен сәнді бөлмеге кіргенде түкпірдегі қалың емен есіктің қасындағы ұзын столдың тартпасын ашып:

— Чанышев мырза, қаруыңызды және қалтаңыздағы қатты заттарды қалдырып кетуіңізді сұраймын, — деді.

Қасымхан беліне қыстырып жүрген наганын алып тартпаға тастай салды. Капитан оған «қалтаңда дәнеңе қалмасын» дегендей қадала түсті. Қасымхан ішкі қалтасынан кішкене браунингін шығарғанда ол мақұлдағандай ақырын жымиды. Абылайханов адъютанттың орынсыз сақтығын ерсі көрді ме, тамағын кенеп:

— Капитан мырза, бұ кісі атаманның тікелей шақыруымен келіп отыр, — деп ескертіп еді. Капитан міз бақпады. Салқын жауап қатты.

— Білем, полковник мырза. Атаманның қауіпсіздігін сақтау бәріміздің қасиетті борышымыз екенін өзіңіз талай ескерткен болатынсыз. Мен сол ережені ғана сақтаймын.

— Оның дұрыс қой, — деп Абылайханов күмілжіп қалды.

Капитан есік ашып, қолымен алдыңғы жақтағы есікті нұсқады.

— Мархабат етіңіз! — деп Қасымхан мен Абылайхановты алға өткізіп жіберді де өзі өкшелеп қоса жүрді.

Атаман жалғыз емес екен. Төрте көк мәутімен тысталған үлкен столдың қақ ортасында арқалығы биік орындыққа шалқая түсіп, қарсы алдында столдың екі шетінде креслода көміле жайғасқан адамдарға жұдырығын түйе қолын сілтей түсіп екпінмен сөйлеп отыр. Қасымхан Дутовтың мына сөздерін естіп қалды.

— Полковник мырза, бұған ең алдымен сіз кінәлісіз. Қайткен күнде де Мухиннің отрядын сақтау керек еді. Біздің айтқанымызға көнбеді деген дәлел емес. Асу астында жатқан соң Қызылдар жете алмайтындай көрініп, еркінсіп, дандайсып бетімен кеткен. Мұның ақыры күйреумен тынды! — деп толық сарғылт жүзі қызарған калпы Қасымханға түйіле қарады.

Қасымхан оң жақтағы креслода отырған полковник Янчис екенін анық таныды. Әлгінде Дутов соған қадала сөйлеген. Екіншісін шырамыта алмады. Дутов өзін салмақты, сабырлы ұстағысы келгенімен ашу табы тарқамағаны байқалып тұр. Дауысы дірілдеп шықты.

— Жаңылмасам, менің алдымда тұрған Қасымхан Чанышев мырза ма деймін? — деп шапшаң қозғалып орнынан тұрды. — Солай ма, Қасымхан мырза?

— Дәл солай, Александр Ильич. Өзіңізді аман-сау көргеніме қуаныштымын!

— Жақсы лебізіңізге рақмет. Мырзалар, — деп креслодағы екеуге бұрылып қарады, — танысып қойыңыздар, бұрынғы Түркістан генерал-губернаторының өзіміз сыйлайтын тілмәші, қазіргі Жаркент уезінің милиция бастығы Қасымхан Чанышев мырза.

Янчис қасындағы серігімен ұшып тұрып қолдарын ұсынды.

— Мұнда келгеніңізге қуаныштымын. Солай боларын сезген едім, — деп полковник Янчис жайдарылана қолын қатты қысып, Қасымханның иығынан қағып қойды.

Янчистің қасындағы серігі иіле амандасты.

— Сіз туралы сыртыңыздан көп естуші едім. Атаманның алдында танысқанымға өзімді бақытты санаймын. Нехорошко, аты-жөнімді созбай осылай қысқаша атасаңыз, болғаны, соған разымын. — Жүріс-тұрысы, сөзі әскери адамға ұқсамайды.

Қасымхан қаһарлы, қанды қол атаманның оңай қабылдай қойғанына бір жағынан сескеніп те қалған еді. Оның мәнісін енді аңғарған тәрізді. Дутов өзінің Қызылдардың тылындағы мықты тірегінен айрылған. Соны тез арада

ауыстыра алатын күш керек. Қасымханның келуі сол кезеңге тап болған.

Дутов орнына жайлана отырып:

— Қасымхан мырза, сіз маған өте маңызды хабар айтады деп естідім. Полковник Абылайханов солай баяндаған секілді. Мен дұрыс ұқтым ба? — деді.

— Дәл солай, атаман мырза!

— Онда сізді тыңдалық.

— Александр Ильич, өзіңізбен жеке сөйлескенді мақұл көрер едім.

— Қарсы емеспін. Солай-ақ болсын, — деді де үй ішіндегілерге, — Мырзалар, бізді оңаша қалдыруларыңызды өтінем, — деп бөлмеден барлық адамның шығуын күтті. Босаға тұсында бөгеліп қалған адъютантына, — Капитан мырза, сіз де бара беріңіз. Қажет болса өзім шақырып алам, — деді.

Қасымхан креслода жайғаса отырғанда Дутов сигар ұсынды.

— Рақым етіңіз!

— Кешіріңіз, атаман мырза, мен темекі шекпейтін едім. Дутов сигар толы сарыала құтыны қасына қойды да Қасымханнан көз алмай қарап:

— Әңгіменізді айта беріңіз, — деді.

Дутов сырттай сабырлы, салмақты көрінгісі келгенімен Қасымханға күдікпен сенімсіз қарайтын секілді. Оң қолы жартылай ашылған стол тартпасындағы күміс браунинг үстінде жатыр. Қасымхан оны сезбегендей сөзін бастады.

— Менің қарауымда астыртын ұйымдастырылған атқа қонуға дайын отырған 200 милиционер бар, — деп Иона поп пен Абылайхановқа айтқан аңызын шұбырта жөнелді. Дутов құлақ түріп, ойлана отырып тыңдады. Қасымхан поптың күдіктене қойған сұрақтарына берген жауабын есіне алып, Дутовта ондай күмән қалмау үшін отрядты құруға қандай қиындықтар кездескеніне көбірек тоқталды. Жігіттерде ынта, жігер бар. Советке іштей «өшігіп» жүр. Бірақ, олардың әскери өнері аз. Ашық жаттығу жүргізе алмайды. Оның үстіне қару тапшы. Құс салып, аң аулаған

болып алысқа, тау қуысына кетіп, сонда әскери өнерге үйрететін көрінеді. Әр отрядқа совет мекемелері мен онда істейтін қызметкерлердің тізімі берілген. Хабар алған сәтте олар өз объектісіне лап қояды дегенде, Дутов мақұлдағандай басын изей түсті.

— Байқауымша, отрядты өте ақылды орналастырып, құрғансыз. Әскери өнерден хабары бар кісі ғана осылай жасай алады, — деп Қасымханды жұқалап мақтап алды да, — кешіріңіз, маған отряд командирлері, яғни, топ бастықтарын айтып шығыңызшы, — деді.

Қасымхан кейін өзіне осындай сұрақ қойыла қалған күнде жаңылысып қалмау үшін отряд командирлері етіп өзінің серіктерін көрсетті.

— Бірінші отрядты Мұқай Байсымақов басқарады. Бұрынғы Қызыл комиссар, өнерлі жігіт, — деп сипаттай бастағанда, Дутов саусағын шошаң еткізіп Қасымханның сөзін бөлді.

— Қызыл комиссар дейсіз бе? — деп күдіктене сұрады.

— Иә.

— Сізге әдейі тыңшылыққа жіберген большевиктің агенті деп ойламайсыз ба?

— Өз қарауымдағы адамдардың өткендегісі мен бүгінгісі, бүкіл ісі мен сыры маған жақсы мәлім. Астыртын отряд құрамына алмастан бұрын әр қилы тапсырмалар беріп сырттай байқап сынап көреміз. Ондай тапсырмалардың көбі советке қарсы әрекет қимыл жасатып қармаққа түсіру боп табылады. Әлгі айтқан Байсымақовты өз жағымызға тарту үшін көп азаптандық. Бірінші топтың командирі — көмекшіміз екеуміз жоқ болған кезде бүкіл отрядты басқарушы боп қалады. Оған әскери өнері бар жігіт керек. Байсымақовқа қызыққанымыз да сол. Оның біздің ұсынысымызға қасарысып көнбейтінін біліп осал жағын іздедік. Қалыңдығы орта шаруаның қызы екен. Мал қызығын көріп, дәулетке кенеліп келе жатқан қыз әкесі бұрынғы берген қалың мал үстіне тағы құлынды бие сұрайды. Мұқайдың әкесі Байсымақ алғаш құда түскенде екі жағы да тақыр кедей екен. Қызды бесікте жатқанда баласына

атастырып, содан бері там-тұмдап қалың малын өткізіп келген көрінеді. Әке өліп, кедейшілік өкпесін тескен Мұқай құлынды биені қайдан тапсын. Өмірден түңіліп, қатты қапа боп жүрген жерінде араға Садық байды сала қойдық. Құлынды биені алғанда Байсымақов қатты қуанғанымен астыртын отрядқа қызмет жасауға ұсыныс айтқанда жатып тулады, бәрін әшкерелеп қиратпақ болды. Совет жауларымен ілінісіп, байланысып қалған кісілерді Чеканың аямайтынын білесіз. Дымы құрып, ақыры Байсымақов біздің айтқанымызға көнді.

Қасымханның сөзін бөлмей тыңдап отырған Дутов бір езуін жыбыр еткізіп күлімдей қарады.

— Сәтті айла тапқансыздар. Бұған үлкен ептілік, ақыл керек. Сіздің жасаған ісіңізге тәнтімін, — деп қозғалақтап оңтайланып отырды да, — қалған топтың командирлерін де солай іріктеп алдыңдар ма? Мұндай істе титтей қателіктің өзі үлкен апатқа әкеп соқтырады. Соны біле тұрып ұмытып кететініміз бар, — деді.

Қасымхан мұны Мухиннің асудағы отрядының талқандалғаны жөнінде айтып тұрғанын сезді. Оны байқамаған, түсінбеген боп:

— Олармен бұлай машақаттанғанымыз жоқ. Советке наразы боп өшігіп жүргенін былай да білетінбіз. Бірінші және екінші топтың командирі Жүсіп Қадыров қен Әзиз Әшірбақиев өздері астыртын отрядқа қосылуға қуана ықылас білдірді, — деді.

— Бұлардың не үшін Советке өшігіп жүргенін бір-екі сөзбен түсіндіріп кетіңізші.

— Әрқайсысы өзінше кінә тағып, сонысын мақұл көреді. Қадыровтың ойынша Совет кедей мен жалпыға қарық қылар жақсылық әкелмеген сияқты. Байлар баяғысынан әрмен байып, күшейіп барады. Ел ішінде солардың ықпалы күшті деп наразылық білдірсе, ал Әшірбақиев болашақтан түңілетін секілді. Мал да, жан да ортаға түседі, менікі-сенікі болмайды екен. Қатын-қызымды қалай талапайға салам?! Ондай масқараны көзбен көргенше сол жауыммен алысып өтем, деп өзінен өзі бұлданып жүреді. Біз осылардың

өшпенділігін қоздыра түсу үшін Совет өкіметінің оралымсыз жақтарын ашығырақ көрсетіп әрқилы сыбыс әңгіме таратамыз. Мұның бәрі отрядты мығым ұстауға себебін тигізіп жүр, — деп Дутовтың тағы қандай сынау сұрақтарын қоятынын күтті.

— Қарулы отрядты топтап, қимыл-әрекетсіз бос ұстап отыру қиын «Мылтық атуға, қылыш шабу мен найзаласуға машығып алған кісі сол өнерін іс жүзінде сынап білуге ұмтылып тұрады. Кейде командирсіз өз бетімен террорлық акт жасап соқтығысып жүреді. Бұларды бағыттап, жөн сілтеп отырмасаң бүкіл отрядтың әшкереленуіне қырсығын тигізуі мүмкін. Мұндай жауынгерлердің ынтасын арттыру үшін аракідік жаңадан құрылып жатқан, әлі бекімеген совет активін, оның ұйымдарын талқандап отырған дұрыс па деймін. Бұл бір жағынан отряд адамдарын шындай түседі, болашаққа сенімін арттырады, әскери өнерді бекер үйреніп жүрмегенін және өзінің басқадан артықшылығын сезінеді. Большевизмге қарсы күрестің мұндай тәсіліне қалай қарайсыз? — деп жотасын орындық арқалығына тіреп шалқая отырды. Бірақ оң қолы браунинг үстінде жатқан бойынша қалды.

Жылы сөйлеп отырғанмен әлі сенбейді. Күдігі сейілмеген! — Қасымхан ойланды. Атаман алдында совет активіне қарсы талқандау әрекетін жүргізбеймін деп айта алмайды. Олай десе әшкереленіп қалады. Ал Дутов тура ашық күреске шақырып отыр. Қарулы шабуыл жасауға болмайтын, мұның өзі жасырын отрядқа қатерлі дейтіндей бір себеп тапқан жөн. Жаркент уезіндегі барлық уақиға милиция бастығына мәлім. Дутов әлгінде ғана полковник Янчисті кінәлап, Дудко-Мухиннің қарулы қолы талқандалғанына қатты налып отырған сияқты еді. Мухиннің жайын мұнан сұрамағаны қалай? Соның мақсатқа жете алмай жойылып кеткенін сылтау етіп көрсе қайтер еді?

Қасымхан ойдан арылғандай басын шапшаң көтеріп, сілкіне жауап қатты.

— Дәл қазір Советке қарсы ашық көтеріле алмаймыз.

— Неге?!

— Шекара шегінде көп әскерлер тұрғанда екі жүз адам деген көп күш емес. Оның үстіне көп бөгеттер, кедергілер бар.

— Қандай?

— Отрядтың жаттығып жетілмегенін былай қойғанның өзінде сол көтеріліс жасаған қолды басу ең алдымен уездік милицияға жүктеледі. Сонда өзімізді өзіміз әшкерелейміз бе?

— Сын сағаттарда көмекке келе алмаса және өз бетімен көтеріліп қимыл жасамаса ондай қарулы отрядтан пайда қайсы? Қасымхан мырза, шегірткеден қорыққан егін екпейді дегендейін бұлай қол қусырып отыра беру жарамайды. Большевиктер билікті өз қолына алған боп көрінгенімен елді еркін билеп әкете алған жоқ. Соларға ырық бермей берекені алып, әр тұстан көтеріліс ұйымдастырып отыру керек. Бұл алға қойған міндетті орындауды жеңілдетеді.

— Александр Ильич, сіз басқарған азаттық армиясының алдында ұлы міндеттер тұрғанын жақсы білем. Ар жақтағы үміт артқан, тілеу тілеген үлкен қауым сондай жорық жасалады деп күтіп отыр. Мұндай кезде біз де сырт қала алмаймыз. Менің қарауымдағы қарулы қол қан майданның ортасында болатынына сізді сендірем, — деп Қасымхан атаман бастаған армияны күтетінін білдірді. — Жігіттерде күреске ұмтылған жігер, ынта болғанымен соғыс өнеріне жетік емес. Үлкен бөгет пен кедергінің бірі осы. Қарудың да жетіспейтінін айтып кеттім.

— Адамдарыңызды әскери өнерге үйрететін, көтеріліске дайындайтын нұсқаушы берсек қалай көресіз? Бұл сіздің жұмысыңызды жеңілдетеді, — деп Дутов тесіле сынап қарады.

Қасымхан Дутовтың мұның айтқанына сенбей бақылаушы жібергісі келгенін сезді. Дәл қазір ондай нұсқаушыдан бас тартса күдіктің молая түсетінін аңғарды. Атаманның өзімен ақылдасқан боп:

— Ондай ұсынысты құп аламыз, — Александр Ильич.

Бірақ оның пайдасынан гөрі зияны тиіп кете ме деп қорқам. Отряд адамдарын соғыс өнеріне ашық дайындап жатсақ ондай нұсқаушының болғаны, әрине жақсы. Тіпті мұнан арнаулы кісі шақырмай-ақ бұрын атаманның қарауында қызмет еткен офицерлердің бірін шақыра салар едік. Қысылып, қымтырылып, бұғынып жүргенде сырттан келген адамның көмегі қаншалықты пайдалы екенін білмеймін.

— Онда сіз жалғызсыз. Сыр ақтарып ақылдасатын кісі жоқ. Қысылшаң сәтте кеңес беретін, пікір алысатын біреудің болғаны жақсы емес пе?

Қасымхан ойланыңқырап жауап қатты.

— Иә, ондай көмек керек. Сіздің бұл қамқорлығыңызға күнілгері рақмет айтуға рұқсат етіңіз.

— Ол адам отрядтағыларды тұтқиылдан шабуыл жасауға, мекемелерді талқандауға, кісілерді ұстап жазалауға үйретеді.

— Оған толық сенуге бола ма?

— Иә. Ол тек қана менің бұйрығымды ғана орындайды. Мұны естен шығармаңыз.

— Атаманның сенімді кісісін қарсы алуға әр уақыт дайынбыз.

Дутов «Рақмет» деген сыпайы сөзін айтпай кенет сұрақ қойды.

— Дудконың отрядын жоюға уездік милициядан қанша адам қатысты?

Қасымхан мен Давыдов Сүйдінде мұндай сұрақ қойылатынын ескеріп әр түрлі жауап ойластырған. Қасымхан қабағы түйіліп ентелей түскен Дутовқа салмақты жүзбен қарап:

— Бұл операцияға уездік милиция қатысқан жоқ, — деді.

— Большевиктер іштегі бүлікті басуды милицияға жүктемейтін бе еді. Әлгінде солай деген сияқты едіңіз.

— Өте дұрыс айтасыз, Александр Ильич, большевиктер бандалармен, котрабандистермен күресуді милицияға тапсырғаны рас. Ішкі тәртіпті сақтау түгелдей милицияға



жүктелген. Бірақ, бұл жолы Дудконың отрядын басуға бізді қатыстырмады.

— Неге?

— Бұдан біраз уақыт бұрын белгісіз біреулер елден астық жинап жатқан Қызыл керуенге шабуыл жасаған еді.

— Подгорное селосына тоқтаған Қызыл керуен ғой?

— Иә. — Қасымхан жауап берсе де тыңшылар мұны да жеткізіп үлгірген екен. «Дудконың бандасын талқандауға уездік милицияның қатысқанын біліп қойса қайтеді?» — деген ой кеп, тұла бойы түршігіп кетті. Өзін шапшаң билеп, жайдарлы кескінмен:

— Большевиктер қымтап жасырған Советтің терең түкпіріндегі оқиғалар атаманға жетіп жатады екен де. Бұл бізді жеңіске ұмтылдырып, қанаттандыра түседі, — деп Дутовты мақтап алды да, — Қызыл керуенге шабуыл жасаған қылмыскерді әшкерелеу, оны жою бізге тапсырылды. Бұл оқиғаны ақырын байыбына жетіп тексере бастағанда керуенге шабуыл жасағандар астыртын топтасқан мықты қарулы қолдың ойраны екенін анық білдік. Және сол қарулы топтың селодағы адамының бірі Усковский екені де мәлім болды. Бірақ біз ел арасында әр қилы сыбыс тарағанмен Дудконың тау арасында жасырын отрядының барын анық білмейтін едік. Бұрынғы патша армиясының поручигі Усковскийдің жолаушыларға пәтер жалдап жүрген Крутикованың үйіне барғыштап жүргеніне және өзінің іштей Советке деген наразылығын байқап Крутикованы жергілікті совет үйінің кеңсесіне әдейі жауап алуға шақырдық. Бұл Усковский мырзаны сақтандыра деп ойлағанбыз. Бірақ біздің бұл сақтандыру белгімізді Усковский де, оның серіктері де елемеді. Ревком күн санап Қызыл керуенге шабуыл жасаған бандаларды табуды талап етіп жатты. Біз Қызыл керуенді талқандаған астыртын ұйымдасқан қарулы топ емес, астығынан, малынан айрылған жеке адамдардың өшпенділік ісі деп бүркеп жүргенде Дудконың жауынгерлері кенеттен Подгорное селосы мен жатақтағы қазақтарға қырғидай тиді. Ревкомға амалсыздан үсті-үстіне түсініктемелер жазуға, ақталуға

тура келді. Астыртын ұйымдасқан қарулы топтың барын біле тұрып, соны жасырғандай боп көріндік. Дудконың отрядының әшкереленуі бізге де оңай тиген жоқ, — дегенде, Дутов шапшаң еңсесін алға беріп:

— Сіз поручик Усковскиймен ашық сөйлескенде мұндай трагедиялық оқиғаға жол бермеген болар ма едік, кім біледі, — деді.

— Атаман мырза, біздің тарапымыздан сондай әрекеттер жасалды. Мен соңғы жолы Подгорное селосына бірінші отрядтың командирі Мұқай Байсымақовты әдейі жіберіп поручик Усковский мырзамен сөйлесуді тапсырған едім. Ол біздің ұсынысымызға зейін қойып тыңдау орнына сол күні Сигалов дегеннің қызының тойына кетті. Онда түні бойы арақ ішіп село мен жатақты ойрандағалы жатқанын мақтанып бүкіл жұртқа жария етті. Бұл суық хабар ұзынқұлақ арқылы бүкіл өңірге тарап кетті. Қызылдар ілезде жасақшылар құрып күш жинап алды. Ақыры Усковский тобының күйреуімен тынды.

— Сол кеште капитан Васильев болды ма?

— Усковскийден басқа сырттан келген кісілерді жақсы білмеймін. Кейін сол кеште 12–16 адамның қатысқанын маған баяндады. Кімдер олар? Айта алмаймын. Қызыл отряд тұтқиылдан келіп қалып бәрін отырған орындарында қырып салды деп естідім.

— Отряд арасында әскери тәртіп нашарлаған кезде әркім солай өз бетімен лағып кетеді, ойына келгенін жасайды. Үйлену тойын қайдан шығарып жүргеніне таңым бар. Мен отряд басшыларының селодан шықпай жүргеніне қарсы едім. Мұның өзі кісіні бейбіт кәсіпке қарай ынталандырып, ынжық етеді, отрядтан қол үзуіне әкеп соғады. Дәл қазір солай болып отыр.

Қасымхан Дутовтың сөзін мақұлдап, бас изеп тыңдап отырды. Ол қабағын шытып:

— Бұл операцияға уездік милицияның адамдарының қатысқанын бүркегіңіз келеді. Қасымхан мырза, мен әңгіменің шындығын қалар едім, — деді.

Қасымхан іле жауап қатты.

— Селода жүрген бір-екі милиционер қатысқан көрінеді. Бірақ бұлар астыртын отрядтың қатарындағы адамдар емес. Байсымақов ашық айтуға батпаған.

— Мейлі, астыртын отрядтың кісілері Усковский тобын талқандауға қатысса да сөкпес едім.

— Александр Ильич, сізді түсінбей қалдым.

— Мұнда түсінбейтін дәнеңе жоқ. Жеке кісінің немесе топтың әшкерелену қауіпі туғанда оны құтқарам деп әуресарсаңға түсудің қажеті жоқ. Қайта сыр ашылмай тұрғанда басқаларға қырсығы тимеу үшін алдын ала жойып жіберуге өзін күш салуың керек.

Бұл қарулы отрядтың қалған бөлігін сақтап қалуға көмектеседі.

— Отан алдында үлкен еңбегі бар адам болса қайтеміз?

— Отанға жеке адамның өткендегі сіңірген еңбегі емес, жеңіс керек. Біз большевиктерді қасиетті орыс жерінен біржола аластауға тиіспіз. Отан бізден Жеңісті күтеді! Сізге де соны ескертем. Араларында сондай бір ынжықтар Чеканың қармағына ілініп қалып, түбі әшкереленетіндей болса, оны өздерің аластандар.

— Сізді жақсы түсіндім, атаман мырза.

Дутов әңгіменің тәмамдалғанын сездіргендей орнынан түрегелді.

Қасымхан да ұшып тұрды. Дутов қолын ұсынып:

— Сізді әрдайым аман-сау көргеніме қуанатынымды ұмытпаңыз, — деді.

— Рақмет, Александр Ильич, біздің бақытымыз үшін жасай беріңіз! Сіз мұндағы қарулы қол емес басқа адамдар үшін де керексіз. Сізді күтеді. Ол күнде алыс емес деп ойлаймын.

— Рақмет, Қасымхан мырза.

Қасымхан есіктен шығып бара жатқанда Дутов тоқтатты.

— Қасымхан мырза, сіздің адалдығыңызға сенем. Егер екіжүзділікті аңғарсам теңіз түбіне тығылсаңыз да тауып аламын!

— Атаманның мінез-құлқы маған мәлім, Александр Ильич.

Дутов күлімдеп басын изеді. — Табыс тілеймін!

Махмұд жалдап алған пәтерде Қасымханды күтіп отырған. Оның қақпадан кіріп келе жатқанын көріп тұра ұмтылды.

— Жолықтың ба, қалай?

— Әзірге сәтті басталды. Әңгімені жолшыбай айтамын.

Сол күні кешінде Қасымхан мен Махмұд Жаркентке жүріп кетті.

## АРБАСУ

«Арада біраз уақыт өткеннен кейін Давыдов жолдас екеуіміз Дутовқа хат жаздық. Әрине, онда жалған мәліметтер баяндалған еді. Дутов бұл хатқа жауап Ретінде өзінің кісісін жіберді, фамилиясы Нехорошко, Дутовтың маған сенімін арттыру үшін оны қалалық милицияға орналас-тырдық».

*Қ. Чанышев.*

Далада жауын сіркіреп тұр. Жер лайсаң. Қала қалың ұйқыға енген. Дала жым-жырт. Түн ортасында Жүсіп Махмұдтың үйіне келіп, шартты белгімен терезені қақты. Махмұд терезе алдына кеп әйнектен үңіліп қарады да ішкі ілгегін ағытып бір жақ қақпағын айқара ашты. Құлжадан қайтқалы бері Қасымханның қасында кеш мезгілінде серіктерінің бірі қалатын. Бүгін Жүсіптің кезегі еді. Махмұд Жүсіпті танып:

— Не боп қалды? — деп шошына сұрады.

— Тұр шапшаң, сені шақырып жатыр.

— Қасымхан қайда?

— Кеңседе отыр. Тез келсін деді.

— Жалғыз ба?

— Қасында Давыдов бар. Кеше кештен бері қағазды шимайлап жазып жатты. Сірә, соны бітірді-ау деймін.

— Қағаздарын жазып бітірсе менің керегім қайсы?

— Сонысын білмедім. Барған соң өзің сұрарсың. Мылжындай бермей тез киін. Екеуі асыға басып кеңсеге келді.

Жүсіп ауызғы бөлмеде қалып қалды да Махмұд кабинетке кірді.

Қасымхан мен Давыдов алдарында жазылған қағазға үңіліп, кей тұстарын қаламмен шұқылап қарап қайталап оқып отыр екен. Махмұдты көріп жалт қарасты.

— Кел, Махмұд, отыр, — деп Қасымхан орнынан көтеріле тұрды. Махмұд бөркін қолына алып стол шетіндегі орындыққа жайласып отыра бергенде көз алмай қарап қалған Давыдов:

— Түн ішінде, мезгілсіз кезде сені мазаладық білем, — дегенде, Махмұд:

— Жұмыстан өзгешелігін, қиындығын түсінем, жолдас начальник, — деді.

— Сүйдіңге баруға қалайсың? Махмұд ойлаңқырап жауап қатты.

— Қашан жүруім керек?

— Қазір жүріп кеткенінді қалар едім.

— Солай шешсеңіздер менің қарсылығым жоқ.

Қасымхан алдында жатқан қағазды шетінен сілкіп ұстап тұрып:

— Мынау құпия хат, осыны аса маңызды, кісі білмейтін жасырын ғып Дутовтың өз қолына табыс етесің. Алдағы ойлаған ісіміздің жемісті болуы сенің осы сапарыңа байланысты. Әрине, Дутов бұл хатты оқығанда саған арада жүрген курьер ретінде қарамай, Жаркенттегі астыртың топ басшыларының бірі санап, әрқилы сауал қоюы мүмкін. Дутовпен арадағы әңгімені саған айтқанмын. Кәрі генерал содан жік тапқысы кеп сынап бағады. Қандай жағдайда болмасын екеуміздің сөзіміз бір жерден шығуға тиіс. Сәл

ғана күдік қалса бүкіл ісіміз күйреді дей бер. О жақтан өзіңнің аман қайтуың да неғайбыл. Мұны мықтап есіңе сақта, — деді.

— Дутовқа бір жетіп алсам, ар жағын көрер едім. Әй, соған жеткізбей діңкемді құртама деп қорқам. Алды толған солдат, солармен тіл табуым қиынға түсер деймін. Давыдов Махмұдтың күдігін қостады.

— Ондай кедергілер жасалуы ғажап емес. Барлық уақытта өзіңнің жағдайды шапшаң болжап, іле тапқырлық жасап кетуіңе байланысты. Мынаны былай ет, ананы олай жаса деп айта алмаймыз. Ойға келмеген оқиғалар болуы мүмкін, — деп шамамен қандай нәрсеге назар аудару керек екені жөнінде көп кеңестер беріп ескертті. Сөзінің соңында, — Қасымхан өте дұрыс айтты: сен Дутов үміт артып отырған «Астыртын құрылған қарулы отряд» басшыларының бірісің. Әңгіме үстінде өзіңді салмақтырақ ұстап, дәрежелі кісі екеніңді танытқан жөн. Құрақ ұшып, аңқаусып, бас шұлғи берме, мұндағы «астыртын қарулы отряд» тағдыры саған да байланысты екенін сездіріп қой.

— Жолдас начальник, сізді жақсы ұқтым.

Қасымхан:

— Саған қазір мына хатты оқып берейін. Керекті жолдарын есіңе сақтайтын бол. Дутов хатпен байланысты саған сұрақтар қоюы мүмкін. Бұған да дайын болғаның жөн, — деп хатты асықпай оқып шықты да қандай сұрақтар берілетініне тоқталды. Давыдов екеуі кезекпе-кезек қызықты кеңестер берді.

Сол күні таң алдында Махмұд Сүйдіңге жүріп кетті. Күн көтеріле жалдамалы пәтеріне тоқтап, қаладағы жағдайды біліп алған соң қамалға қарай беттеді. Сыртқы қақпада тұрған күзетшілер бөгемеді. Махмұдтың мұнда неменеге келгенін жөнді ұқпаса да «генерал», «атаман» деген сөздерді естігенде бастарын шұлғысып, ырсия суық күліп жол берді. Бірақ ішкі қамалдың күзетшілері мұны жібермеді. Сағыз шайнап тұрған көк көз, тығыз сары сақалды Бурков Махмұдтың алдына кесе көлденең тұра қалып:

— Сен киргиз мұнда неғып жүрсің? Қамалға кім жіберді? Мына домалақ басыңды допша қағып түсірмей тұрғанда тайып тұр! — деп қылышын жарқырата жартылай суырып, сарт еткізе қынабына қайта салды. Кімге қандай жұмыспен келгенін сұрағысы келмеді.

— Мен атаман мырзаға жолығуым керек. Оған аса маңызды жұмыспен келдім.

— Кімге дейсің? Атаманға ма? Мына жаманның атаманшылын қара! Кет шапшаң, алақанымды қышытпа! Әйтпесе...

Бұлардың қасына қарауыл бастығы Корюхин келді. Аяғын талтайтып, бүйірін таяна тұрып:

— Мұнда сені кім жіберді? Қалай тап болдың? Жаныңның барында шапшаң айт! — деді.

Бурков:

— Бұл киргиз атаманға барғысы келеді, — деп Махмұдқа ақырды.

— Қараңды өшір дедім ғой! Мелшиіп неге тұрсың? Жоғал шапшаң! Махмұд таймады.

— Мен Жаркенттен келдім. Атаманға жолығуым керек.

— Қане, атаманда қандай жұмысың бар? Соны айтшы! — деп Корюхин мысқылдай қарады.

— Оның сізге қатысы жоқ.

— Мынаны қарай гөр, маған қатысы жоқ дейді! Сен киргиз ит, менің кім екенімді білесің бе?

— Сіз не бары атаманның жауынгерісіз.

— Жоқ, сен дәл таба алған жоқсың. Жай ғана жауынгер емес, ең батыр офицері де! Қазір осы жерде басыңды қыршып, сылып тастасам, маған рақмет айтқаннан басқа дәнеңе демейді. Ұқтың ба?

— Егер менің Жаркенттен келгенімді мәртебелі тақсырға хабарламасаңыз, дәл қазір өз басыңыздан айрыласыз!

— Ах, иттің баласы, сенен келген кәрді көріп алдым! — Корюхин қылышын қынабынан суырып алып кеудесіне шаныша нұқып қалды. — Алдыма түс, қане аяғыңды шапшаң бас! Иона поп бұл көріністі анадайдан байқап

тұрған. Тек немен тынарын күткен секілді. Махмұдты алып бара жатқанын көріп жорғалай қастарына келді. Корюхинге қабағын шытып түйіле қарады да, шапшаң Махмұдқа бұрылып:

— Құдайым-ау, кімді көріп тұрмын! Бұл Махмұд мырза ма? Бұ жаққа қашан кеп қалдыңыз? Қайдан жүрсіз? Бұлай кездесе қоям деп ойлаған жоқ едім, — деп қастерлейтінін білдіргендей жалпылдап қалды. Махмұд аса маңызды жұмыспен келгенін сездіріп және өзінің кім екенін Корюхиндер білсін дегендей маңғаздана сөйледі.

— Бүгін ертелеп Жаркенттен шықтым. Қасымхан жіберді. Атаманға аса маңызды мәліметтер алып келем. Қасымханның хаты бар.

Иона поп Махмұдты қарынан ұстап оңашалап алып кетті де, Корюхинге алакөзімен қарап әмірлі үн қатты:

— Бұдан былай Махмұд мырзаға бөгет жасаушы болмаңыз. Бұл үшін басыңызбен жауап бересіз. Бұлар ар жақтағы біздің сенімді адамдар. Мұны есіңізде мықтап сақтайтын бол! Корюхин ықылық атқандай селт етіп басын қақшита қалды.

— Құп болады! Корюхин попқа естірте Буркозқа кіжінді.

— Осыны бастаған сен ит, саған ерем деп бәлеге қала жаздадым. Екінші жолы бұлай шатсаң, өкпелеме маған, ісім сенімен болады!

— Бұл киргиз итті қаңғып жүрген, тіміскіленіп жүрген біреу екен дедім. Өңшең қалың бет, қысың көз ноқайлардың арасынан кәдеге жарайтын, жөн білетін біреу шығад деп кім ойлаған, — деп ақталғансыды.

— Бурков, сен қызық адамсың! Сол қысық көз қазақтың екеуімізден асып тұрғанын көрмеймісің. Басыңмен жауап беретініңді естідің бе? Бұдан былай бұл бәлелерден аулақ жүр!

— Мақұл! Махмұдқа сөз арасында қысқа сұрақтар қойып, жауабына бас изеп, мақұлдап келе жатқан Иона поп Дутовтың үйінің қасына келгенде кенет тоқтап:

— Сіз осылай тұра тұрыңыз. Қазір Александр Ильичтің



қолы бос па екен, соны білейін. Атаман сізді тоқтаусыз қабылдайтынына кәміл сенем, — деп өзі үйге кіріп кетті.

Көп ұзамай басы мен тұла бойы тұтасқан біреу шықты. Желкесінен қарағанда шотпен шапқан келсап секілді. Мұны Қасымхан бұрын суреттеп берген болатын. Дутовтың адъютанты, оны қорғаушы капитан Бокор екенін білді. «Оның көзінше қолыңды қалтаңа салушы болма немесе койныңа тығып жүрме, ондай қимылыңды байқаса Бокор ойланбай атады. Оған жұрттың бәрі Дутовқа қастандық жасайтындай көрініп тұрады. Хатты бөркінің астарына салып жатқаным сол» — деп Қасымхан ескерткен. Бокор Махмұдтың қасына тақап келіп:

— Маған ілесіңіз! — деп қысқа әмір етті. Ауызғы бөлмеден өте бергенде алдын кес-кестеп бөгеді. — Өзіңізде бар қарудың бәрін осында қалдырыңыз. Қалтаңызда қатты зат қалмасын! Махмұд қонышынан қанжарын суырып ап стол үстіне тастай салды.

— Менде басқа қару болмайды.

Капитан Бокор: «Куланба, қалтаңдағының бәрін таста!» — дегендей тесіле қарады. Махмұд үнсіз қалыппен саусақтарының ұшымен қалтасының түбін айналдырып көрсетті. Капитан бір езуін шырқ еткізіп:

— Мұнда кіргін! — деп түкпірдегі қалың есікті ашты да өзі қоса кірді. Дутов жалғыз емес екен. Кабинетте онымен бірге Иона поп пен Янчис отыр. Махмұд адъютанттың ескерткеніне қарамай еркіндеу, батылдау басып стол басына тақап кеп тұрды.

— Атаман мырза, сізді сау-саламат көргеніме өзімді бақытты санаймын. Сіз жайында большевиктердің тепкісіне түскен ар жақтағы тілектес қауымыңыз Қасымхан мырзаның дәмді, маңызды әңгімелерін қызыға тындасады, ұзақ ғұмыр, денсаулық тілейді, — деп басын иіп тағзым етті. Дутов ауыр денесін көтере қомдана отырып:

— Қасымхан мырза қалай тұрып жатыр? Денсаулығы қалай? — деді.

— Ашық айтқаным кінә тақпайсыз ба?

— Жоқ, қайта мен соны тілеймін.

— Қасымхан қызметте кінәмшіл, ашушаң еді. Осында келіп қайтқалы бері және өзіңізбен жолыққаннан кейін мүлде жадырап, өзгеріп кетті. Өзіміз оңаша бас қоса қалғанда таусылмайтын қызық әңгімеміз сіз жайында болады. Поп ыржия күліп:

— Сонда атаманымыз жөнінде қандай әңгіме қозғалады, соны білуге бола ма? — деді.

Махмұд оң иығын бүлк еткізіп:

— Бостандықты аңсаған кісіге бәрі қызық: атаманның сырт пішіні қандай? Қимыл отырысы ширақ па? Өзі мейірімді ме? — деген сұрақтар қойылып жатады. Үлкен жеңіс жорығына қашан аттанатынын білгісі келеді. Атаманмен тезірек кездессек екен деп арман қылады. Көп тілегі көл. Оның қайсы бірін айтып тауысарсың, — деді.

Поп көтеріле сөйлеп:

— Біздің атаманды Жаркент ғана емес, бүкіл Жетісу өңірі, Россия жері күтіп отыр. Оны жақсы білеміз. Біздің жеңілмейтін күшіміздің сыры осында! Атаман жеңіс жорығына аттанады. Оған ешкім шүбә келтірмесін! — деді.

Махмұд бұрылып басын иді.

— Әулие әке, біз де соны күтеміз!

Дутов алдында жатқан қағазын сырғытып:

— Қандай да болмасын соғыс жорығы әзірлікті, мұқият дайындықты керек етеді. Бұл жөнінде сіздердің де қолқабыс жасауларың керек. Қасымхан мырза менің атыма қағаздар жібере алмады ма? — деді.

— Сіздің атыңызға оның арнаулы хатын алып келдім.

— Ол хат қайда?

— Қасымхан мырза оңаша, өз қолыңызға тапсыр деп бұйырған еді.

— Бұл үйде артық адам жоқ. Қасымхан мырза сізге қалай сенсе, мен бұларға солай сенем. Әулие әкемен бұрыннан таныс көрінесіздер. Ал полковник Янчис мұндай құпияларға қанық, әр адам аңғара бермейтін жайларды бұл бәрімізден бұрын біліп жатады, — деп Махмұдтың ұсынған хатын алып асықпай оқып шықты. Сәл ойланып

отырып хатты полковник Янчистің алдына қойды.

Ол шапшаң көз жүгіртіп попқа берді. Иона стол бетіне құлай түсіп, бетін қағазға тақап құмарлана оқыды.

Поп разы болған пішінмен күлімдей түсіп хатты Дутовтың алдына жылжытып қойды. Дутов қолына ұстап әрі-бері аударып қарады да:

— Сізге хаттың мазмұны таныс па? — деді.

Махмұд нық жауап қатты.

— Иә!

— Мұнда аса қызықты мәліметтер келтірілген. Большевиктердің иек артқан кедейі байдың ығында, жаңа өкіметтің жақсылығына сенбейді. Бархуздарда, Көксайда, Қаратау түбіндегі ауылдарда шаруалар көтеріліс жасауға талап қылған. Қазақ, орыстардың іші бірқалыпты емес. Олар бізге үлкен үмітпен көз тігетін көрінеді. Пішпек жақтан келе жатқан делегацияны шекара түбінде күзетшілер ұстаған. Бір сөзбен айтқанда, халық арасында толқу бар, олар большевиктердің үстемдігіне наразы боп отыр. Шынын айтсам, мұның бәрі жақсы. Аса маңызды хабары үшін Қасымхан мырзаға алғысымды айтамын, — дегенде поп пен Янчис мақұлдағандай бастарын изесті.

— Сіздің алғыс-ниетіңізді Қасымхан мырзаға жеткізем. Оны қуанышқа бөлейтініне кәміл сенем, — деп Махмұд көтеріле сөйлей бастағанда Дутов саусағын шошайтып, «тындағын» дегендей белгі берді.

— Өз тәжірибемнен байқағаным, халық кәрінен күшті қару жоқ. Бархуздарда, Көксайда, Қаратау түбінде шаруалардың толқуы байқалса, сіздің адамдар солардың арасына барып көтерілісті өршіте, үдете түсіп, бүкіл уезге неге таратып жібермейді? Біз бұдан артық көмек тілемес едік. Ал Қасымхан мырза мұндай көтерілістің өрістемеуіне кедергі боп тұрғандай пулемет, оқ дәрі сұрайды. Осы арасын түсінбей қалдым, — деп Махмұдқа тесіле түсті. — Сізді топ басшысының бірі деп таныстырған. Осыны түсіндіріп беріңізші!

— Желсіз шөптің басы қимылдамайды, атаман мырза. Әр тұста халықтың бас көтеріп, жасаған қимыл-қайратын

көтеріліс дейсіз бе, әлде толқу дейсіз бе, соның бәрі Қасымхан мырзаның қарауындағы кісілердің астыртын жұмыстарының нәтижесі деп біліңіз. Қаратау, Асы маңындағы жұрттың наразылығына қатысым бар десем, оным мақтанғандық болмас деп ойлаймын. Әрине, өзіңіз білесіз, бізге ашық көрінуге болмайды. Мәселен, Асыдағы жатақтардың көтерілісін Садық мырза бастады ғып көрсеттік...

Сөзімнің растығына Сүйдінде тұратын белгілі саудагер Адхам баласы Аптахун-ака куә бола алады. Шақырып сұраңыз, — деп Садық мырзаның жасамақ болған лаңын «Халық көтерілісі» ғып көрсетті.

Поп басын қисайта иіп:

— Александр Ильич Асыдағы оқиғаны біледі, оған кезінде баяндалған, — деді.

Махмұд сөзін жалғастырды.

— Қасымхан мырза пулемет, оқ-дәрі сұраса оның астыртын ұйымға топтасып жатқан жауынгерлер үшін үлкен мәні бар. «Міне, қараңыздар, атаманның өзі қару-жарақпен, оқ-дәрімен көмектесіп жатыр. Бұл қамқорлыққа іспен жауап берейік» — деп ұран тастауға жақсы. Бір пулеметпен Қызылдардың шекарадағы жойқын күшін жайпап тастай алмайтынымыз айқын.

— Пулемет жайындағы сырды ұқтым, — деп Дутов әңгіме желісін өзгерткісі келді. — Сіз Қасымхан мырзаны көптен бері білесіз бе?

— Бала кезінен танимын. Екеуіміздің де балалық шағымыз Жаркентте өтті. Қазірде сол қалада тұрып келеміз.

— Қасымхан мырзаның өмір жолы аздап болса да маған мәлім. Ол тілмәштық жұмыс атқарды. Ал сіз немен шұғылдандыңыз? Кәсібіңіз қандай?

— Жастайымнан әке-шешеден жетім қалдым. Әкпем Құлжада тұратын. Сол келіп алып кетіп, осында Мұсабай байдың интернатына орналастырды. Сонда сауатымды аштым. Сауда жасай алатын, тиын құрай білетін халге жеткен соң оқуды тастап Жаркентке кеттім. Ары-бері өтіп

сауда жасадым. Қазір ресми түрде уездік милицияның қызметкері атанам.

— Сауданы қойған екенсіз ғой?

— Жастай үйренген кәсібім, оны тастап тұра алмаймын.

Мұның астыртын жұмысқа пайдасы тиіп жүр.

Полковник Янчис қозғалақтап Дутовқа қарай берді.

Дутов еңсесін бұрып:

— Полковник мырза бірдеме айтқыңыз келе ме? — деді.

— Атаман мырза, бірер сұрақ қоюға рұқсат етіңіз!

— Мархабат етіңіз!

— Отряд қалай қаруланған? Соны айтып беріңізші.

Мүмкін болса, дәл айтыңыз! — деп Махмұдқа қабағын түйе қарады.

Осы бір сәтте Дутовтың жота тұсында қабырғаға құрулы тұрған шымылдық дірілдеп қозғалғандай болды. Махмұд еріксіз қарады. Шымылдықтың төгілген етегінен туфлидің үшкір тұмсығы, саңылаудан жылтыраған жалғыз көз көрінді.

Әйел сығалап тұрғанын сезді. Сірә, жас, сұлу әйел болар деп ойлады Махмұд.

Янчис қатқыл үнмен:

— Сіз менің сұрағыма жауап берген жоқсыз! — деді.

Махмұд шапшаң есін жиып:

— Ә, қалай қаруланғанын сұрайсыз ба? Бұл сауалыңызға жауап бермеуім де мүмкін. Шындап келгенде Қасымхан мырзаның рұқсатынсыз дәнеңе айта алмаймын. Сіз әскери адамсыз. Оның себебін менен гөрі жақсы білуге тиістісіз. Құпия, айту жарамайды! — деді.

— Атаманнан да жасырмақсыз ба?

Махмұд сөз астарын ұқты. Полковник Жаркентте астыртын қарулы отряд құрылған дегенге күмәндана қарайтын секілді. Ыңғайын тапса, атаманға шағыстыра отырып, жалғандығын әшкерелей түспек ниеті бар.

— Біз ғана емес, бүкіл ел-жұрты атаманға сенеді, оған үміт артады. Жоғары мәртебеліні асыға күтеді. Бірақ сіз атаман емессіз ғой! — дегенде, Дутов саусағын көтеріп Махмұдты тоқтатты. Бұл екеуін егестіргісі келмеді.

— Полковник мырза өте мәнді сұрақ қойды. Оны менің де білгім келеді.

— Айтқаныңыз болсын, тақсыр, — деп Махмұд қолын төсіне қойды. — Шынын айтсам, мылтықтан, нағаннан, қылыштан басқа мықты қару жоқ. Оның өзі де жете бермейді. Жалғыз оқпен оқталатын ши мылтықпен жарактанғандар да бар. Әйтеуір қарусыз болмасын дейміз.

Полковник киліге түсті.

— Маған жалпылама сөздің керегі жоқ. Дәлірек айтыңыз!

— Мылтықтың саны, — деп Махмұд ойланыңқырап жауап қатты, — жүзге жетпейді. Небары 89, 18 наған бар. 7 кісі өздерінің ши мылтығын әкелген. Қалғандары қылышпен, найзамен жарактанған. Мәртебелі тақсыр мейірбандығы түсіп пулемет, оған жетерлік оқ-дәрі берсе, бұл біздің жауынгерлердің рухын көтеріп тастар еді.

— Сіздің айтқан сандарыңыз дәл келмейді. Қасымхан мырза олай деген секілді еді.

— Мәселенки?

— Ол 98 мылтық бар деген болатын. Арада аз күн өтпей қалайша кеміп қалды? Әлде ойларыңа келген санды айта саласыздар ма?

Махмұд әлгінде ойланып бөгелгенде Давыдов пен Қасымхан айтқан сандарды есіне түсіріп алғысы келген еді.

— Байқауымша, полковник мырза сенбейтін секілді, — деп Махмұд басын шайқады. — Біздің түбімізге жетіп жүрген осындай сенбеушілік қой. Большевиктер тақыр кедейге, мұжыққа, қалың жалшы-малшыға сенгенде, сіздер өз адамдарыңызға күдіктене қарайсыздар. Күдік барда жеңіс болмайды.

— Сіз сұрақтан ауытқып кеттіңіз. Лағымай дәл жауап беріңіз!

— Мен астыртын қарулы отрядтың шаруашылық жөніндегі орынбасары, әрі Қасымхан мырзаның сіздерге жіберіп отырған сенімді кісісі болғандықтан отряд адамдарына үлестіріп берілген мылтық санын ғана айтып

отырмын. Қасымхан мырзаның қарауында 98 емес, 108, бәлкім одан да көп мылтық бар шығар. Оны қалай сұрасаңыз да дәл айта алмаймын. Бұл Қасымханның жеке құпиясы. Сонан соң «Сен Советті жек көреді екенсің. Мә, айналайын, саған қару, ала ғой!» — деп қолына мылтық ұстата салмаймыз. Тек өзім деген сыннан өткен сенімді кісілерге береміз. Сізге қолда 18 наған барын айттым. Ал бізде оның екі жәшігі жатыр. — Махмұд шытынай шалқая отырып, — Сіз бен біздің ортақ жауымыз біреу, сонымен күресу жөнінде кең пікір алысуға болады. Бұдан былай астыртын отрядтың тек өзіне қатысты мәселесі жөнінде сұрақ қойып әдеттенбеңіз. Ондай сауалыңызға жоқпын, полковник мырза, — деді.

— Махмұд мырза, — деді Янчис тістене сөйлеп, — Жаркент уезінде, оның ішінде сіздің отрядта не боп жатқанын толық білуге тиіспіз. Мұны есіңізден шығармағаныңыз жөн.

— Мұндай сұрағыңызға Чанышев мырза ғана жауап бере алады. Мен оның қарауындағы орындаушы кісімін.

Дутов екі алақанын жайып күле сөйледі.

— Сіздер бір-біріңізді жақсы ұғыныстыңыз білем. Онда әңгімеңізді тәмамдайық. Қасымхан мырзаны қатты құрметпен сыйлайтынымды, оған зор денсаулық тілейтінімді айтып барыңыз. Менен жеке сәлем айтыңыз.

— Мәртебелі тақсыр, сөзіңізді бұлжытпай жеткізетініме кәміл сеніңіз, — деп орнынан тұрды да түрегеп тұрып тәжім етті. — Аса маңызды хатты тапсырғаным жөнінде бірауыз сөз жазылмай ма екен? Чанышев мырза мұндайға өте қатал кісі.

— Жауапты жақын күнде аласыздар. Қасымхан мырзаға солай деп айтыңыз.

— Күп болады, мәртебелі тақсыр.

Махмұд сол күні Сүйдіңнен жүріп кетті. Жаркентте оны Қасымхан шыдамсыздана күткен еді. Давыдов екеуі әңгіменің қалай болғанын бастан аяқ қайталап сұрады. Қасымханның «200 қарулы отрядым бар» — деген ойдан шығара салған оспағына Дутов сенетін және оған үлкен

мән беретін сияқты. Әуелі полковник Янчистің күдігіне жол бермей тыып отырғаны байқалады. Дутов «Қыран ұясы» қарулы отрядынан айрылған соң сондай бандалар тобының қайта жанданып тірілгенін қалайды. Әуелі біреу соған күмән келтірсе ұнатпай, оған жауыға, өшіге қарайды, өзінің игі ниетіне кедергі келтіргендей көреді. Қайткенде, Дутовтың осы үмітін нығыздай түскен жөн деп келісті. Бұл бір жағынан кәрі генералдың жауап хатына да байланысты еді. Ол не жазады? Қасымханның алдына қоятын талабы қандай? Сондықтан да Қасымхан Дутовтың жауабын асыға күткен. Күндер өтіп жатты. Бұл кезде өзінің жаңа серіктерімен Домбай қазақ Жаркентке келген еді. Ол тобымен Иштай жырықтың үйіне тоқтады. Бұ жолы Домбай кәлпе Тойшыбек қажының қызметшісі ретінде жүр. Сырт түрі жуас, мүләйім, момын. Қажы қасынан бір елі шықпайды. Қойма бастығы Нұрмағамбетовпен кездесетін шығар деп күтіліп еді. Оған жоламайды, тіпті маңайлағысы келмейтін секілді. Хуа Дэнпидің бұ жаққа бекер жібермегені айқын. Әлде Домбай мол апиын сатып алудың басқа жолын тапты ма? Қасымхан соңғы күндері Құлжадан келген «қонақтардың» жүріс-тұрысын, кімдермен жолығып, араласқанын серіктерімен ұзақ талдау жасап үйге ылғи кеш қайтып жүрген. Бүгін де түн ауа оралды. Қақпаға кіре бергенде босағада кептеліп тығылып тұрған біреуді байқады. Атының басын тежей түсіп:

— Бұл қайсың? — деді зілді үнмен.

— Қасымхан мырза, ақырын сөйлеуіңізді өтінем, — деп қасына тақап келді де аттың жалын ұстап тұрып, — Сізге атаманның сәлемін алып келдім. Мынау сізге берген жауап хаты, — деп құлақшынының астарынан төрт бұрышты конвертті ұсынды.

Қасымхан алдында тұрған кісінің жүзін анық көрмесе де дауысын шырамытты. Осындай жағымсыз үнді бұрын естіген секілді. Қайда, қайсы жерде? Ие, енді есіне түсті. Дутовтың алдында көрген. «Нехорошко, аты-жөнімді созбай осылай қысқаша атасаңыз болғаны, соған ризамын»



— деген-тін. Қасымхан Нехорошконы менсінбегендей асқақ үнмен:

— Қашаннан бері бұлай тұрсың? — деді.

— Ымырт жабылғаннан бері осы маңды торып жүрмін. Үйге әйтеуір бір соғар деп ойладым.

— Жаркентке қашан келдің?

— Таңертеңнен бері осындамын.

— Күндіз қайда болдың?

— Бір адамға жолығуым керек еді. Соны іздедім.

— Таптың ба оны?

— Жаркентте жоқ боп шықты.

— Кім ол? Аты-жөні бар ма?

— Қажет десеңіз кейін айтармын.

Қасымхан Нехорошконың сыр шашқысы келмей тұрғанын сезді. Оны елемеген боп:

— Хат мазмұны саған таныс па? — деді.

— Иә. Жауабын таңертеңнен қалдырмаңыз?

Сізге қай уақытта жолығайын?

— Немене, соншама асығыс па?

— Александр Ильич тезірек хабарлауды өтінген еді.

Оны күттіріп қойғанымыз жарамайтын шығар!

— Мейлі, солай-ақ болсын. Бірақ бізде таңертеңнен сол күнге жоспар жасалады. Бұл жұмыс тәртібін бұзу келіспейді. Сағат 10-ға дейін кеңесті аяқтауға тырысам. Жиын бітісімен кабинетке кіре бер. Бастықтың өзінде жеке жұмысым бар. Соның тапсырмасымен жүрмін дегейсің. Сені тоқтаусыз жібереді. Ұқтың ба?

— Түсіндім.

— Жаным қалсын десең «Сіз», «Біз», «Мырза» деген сөздерді есіңнен шығар. Менімен көптен таныс кісідей «сен» деп сөйлес.

— Мұны ескерткеніңізге рақмет.

— Ертеңге дейін сау бол.

Қасымхан ақырға атын байлап жатып қақпа жаққа көз тастады. Жүрген адамның тысырын байқай қоймады. Нехорошко босағада тұрған секілді. Гүлшара ұйықтамаған екен. Шәлісін жамылып, веранданың есігін шалқайта ашып жүгіре шықты.

— Қасымхан, қасында біреу бар ма? Түн ішінде кіммен сөйлесіп жүрсің?

— Күзетші ғой. Кеңсенің кілті қалтамда кеткен екен. Соны алуға келіпті, — деп көңілді күймен даңғырлай сөйледі.

— Ал мен кешігіп қалған күні қатты қорқам. Бандалар ана жолғыдай мылтық атып жазым ете ме деп зәрем қалмайды. Кешіккеніңде біреуді жіберіп хабарлап қойсаң қайтеді?

— Мені біреу әдейілеп атты деймісің. Қаңғыған оқ тиіп кеткен де. Қорықпа, жаным, — деп жас жарын иығынан құшақтап қолтығына қыса түсіп үйге кірді.

Жұмыс бөлмесіне оңаша барып Дутовтың жазған хатын оқыды. Жырынды тарлан әлі сенбейтін секілді. Қасымханға жаны ашыған боп, оның аса қиын жағдайда анталаған большевиктің ортасында жұмыс жасап жүргенін, Отан мұндай ұлдарын ешқашан ұмытпайтынын, ондай ардагер ұлға көмектесу өзінің парызы деп білетінін, Советтің тылында көтеріліс жасауға көмектесу үшін сенімді адамдарының бірін жіберіп отырғанын айтқан. Тегі Нехорошко әскери өнерден бейхабар емес көрінеді. Оны Жаркентке, өз қасына жұмысқа қалдыруды сұраған.

Қасымхан оқып отырған хатты алақанымен столға сарт ұрды. Нехорошконы уездік милицияға орналастырмақ па? Сонда дәл көз алдында Дутовтың агенті отырмақ екен ғой! Уездік милицияда, бүкіл Жаркентте не боп жатқанын Дутовқа хабарлап жеткізіп тұрмақ қой! Қасымхан Дутовтан дәл мұндай «көмек» күткен жоқ еді. Нехорошконы Жаркентке қалдыру, оны қызметке алу қауіпті екені өзінен өзі түсінікті. Түбі бұл әшкереленуге әкеп соғады. Мұндай бәлесі мол әлектен құтылу үшін қандай сылтау тапқан жөн? Дутов осы агентті жіберу арқылы Қасымханның қаншалықты беделі, салмағы барын білгісі келгені айқын. Әлде... Әлде тәуекелге бел байлаған дұрыс па? Ақтардың атаманын аластау операциясы ұзаққа созылмайды. Таяу күндерде аяқталуға тиіс. Оны қызметке алып, кей жұмысты соның қолымен жасаса қайтеді? Бәлкім, бұл

«Соңғы соққы» операциясын тездетуге себебін тигізер.

Соңғы соққы... Ораз бір сөзінде атаманды аластау ақтарға берілген соңғы соққы болмақ деген еді.

Қасымхан ұзақ ойланды. Оның ұйықтай алмай жатқанын байқаған Гүлшара ақырын сыбырлады.

— Мазасызданып жатырсыз. Жұмысыңыз қалай, тыныш па? — деді.

Қасымхан бетіне бетін тақап, маңдайынан сипады:

— Бәрі жақсы. Ұйықта, жаным.

— Байқасаңызшы...

Қасымхан таңертең жұмысқа келісімен Давыдовқа телефон соқты.

— Василий Васильевич, «Құдаңнан» хат алдым. Адамы осында жүр, — деп шартты белгімен Дутовтың адамы келгенін білдірді.

— Білем, қасқа бас тапал ма?

Қасымхан таңырқады.

— Түнде оның бет-жүзін анық ажырата алмадым. Сырт кескіні сенің айтқаныңа келеді. Қортықтау кісі. Сен оны қайдан білесің?

— Дәл қазір кеңсеңе бара алмаймын. Себебін өзің біліп тұрсың. Ревкомға кел. Сонда сөйлесейік.

Давыдов есіктен сөйлей кірді. Қасымханның қолын алып амандасып жатып:

— Нехорошконың шекарадан жасырынып өтпек болғанын заставаның бастығы Грязновтан білдім. Күзетшілер оны өткізіп жіберіп, ішке кірген соң документін тексерген. Қорғаста тұратын әпкесін іздеп келдім деген. Грязновқа бөгет жасамаңдар, жөніне кете берсін деген едім. Ал ол Жаркентке келгеннен соң бір минут та тыным тапқан жоқ. Күні бойы базарды шарлады, дүкендерді аралады Шайханаға барды. Біреуді іздеп, сонымен жолыққысы келген түрі бар. Нехорошко сөйлескен, кездескен көп адамнан тек біреуіне күдік алдық. Ол қалалық почта бөлімінде істейтін боп шықты, — деп Нехорошконың күні бойы немен шұғылданғанын айтып берді. Ымырт жабылып, көз байланған шақта Қасымханның үйіне барыпты.

— Ол саған хатты тапсырғаннан кейін қақпа алдынан кете қойған жоқ. Ұзап кеткендей әрі-бері ойқастай жүріп, дуалдың бұрышына тығыла қалды. Сол жерде бір сағаттан аса уақыт тұрды. Үйдің шамы сөнгенде барып өз жөніне кетті, — дегенде Қасымхан:

— Соның бәрін көріп тұрдың ба? — деді.

— Тап жауы уездік милицияның бастығын өлтірмек боп бір рет оқ атты. Бақытыңа қарай оқ дарымады. Ал екінші жолы дұшпанның оқ атуына жол бере алмаймын.

— Қамқоршы боп жүрген ниетіңе рақмет. Бірақ, қаңғыған оққа соншама көп мән беріп қайтесің. Мені өлтіргенде не ұтады? Мен кетсем, менің орныма екінші біреу келеді. Бандалар коммунистердің бәрін жоя алмайды. Одан да Дутовтың мына агентіне не істейміз. Соны ақылдасайық. Нехорошконы уездік милицияға орналастыруды сұрайды, — деп Дутовтың хатын ұсынды.

— Милицияға дейсің бе? Мынаушы барып тұрған арысздық екен! — деп хатты шапшаң оқып шықты. — Бұл жөнінде өз ойың қалай?

— Алғаш менің де жынымды келтірді. Көз алдымда жаудың жансызын бақырайтып қойып қалай отырмақпын дедім. Ақыры толғана келіп, тәуекелге бел байлаған жөн-ау деп ойладым.

— Сонда қайда орналастырмақсың?

— Писарь ғып алсам қайтеді?

— Күпия документтерге үңіліп жүрмей ме?

— Ондай терең күпиялы қағаздар менің өз атыма келеді. Оны Нехорошко оқи алмайды. Мұның кім екенін айтып Ахметтің қарауына беріп қоям. Ол бұрылуға мұршасын келтірмейтін іс тауып беріп, діңкесін құртады. Нехорошко жұмысқа дағдыланам деп жүргенде біз «Соңғы соққы» операциясын жүзеге асырамыз.

— Күндіз Нехорошконың немен шұғылданатынын бақылап отырармыз. Ал түнде не істейміз? Оны үнемі күзетіп отыруға мүмкіндігіміз жоқ.

— Пәтерші ретінде біздің үйде тұрсын. Мен оны аттап бастыртпаймын. Бір нәрсе жасайтын болса менсіз істей алмайды. Бақылау деген осы.

— Табылған ақыл. Менің қарсылығым жоқ.

— Нехорошконы жұмысқа алған соң кәрі генералдың көңілі жай табады. Бізге оның бір сәт күдік алмай алаңсыз қалғаны жақсы.

— Сені жақсы ұқтым. Қасымхан кеңсеге келгенде таңертеңгі оперативтік жиналысқа қатысушылар оны күтіп тұрған еді. Солардың арасында Нехорошконы көрді. Қасымхан оны байқамаған боп өте берді де дәл есік алдында тұрған Махмұтқа:

— Ахмет қайда? Тез шақырыңыз! — деп кабинетіне кіріп кетті.

— Қазір ғана осында жүрген, — деп Махмұд сыртқа жүгіре шығып Ахметті ертіп келіп кабинетке кіргізіп жіберді де өзі есік алдына тұра қалды. Жүсіп қасына келіп иығынан қағып тұрып әзіл айтты:

— Өзің бастықты қорғауға лайықсың. Сені неғып күзетші қоймай жүр?

— Онсызда күзетіп жүрген жоқ па? Жағынып өссем деп жүр ғой! — деп тұрғандардың бірі шаншып өтті.

Махмұд милиционердің арасында бөгде адам тұрғанын байқап қабағын түйіп:

— Сөзді тоқтатындар! — деді де Нехорошкоға иегін көтере сөйледі. — Азамат сен мұнда неғып тұрсың? Жаныңның барында табаныңды жалтырат. Бастық бос емес екенін көріп тұрсың. Сенсіз де оған жұмыс жетеді!

Нехорошко Махмұдтың атаманға келгенін көрген еді. Дутовқа кірген және одан шыққан кезде бұл Янчистің айтуымен қарауыл бөлмесінде терезеден қарап отырған. Ол Махмұдтың кәрінен сескене қоймады. Қасымханның үйреткен сөзін қайталады.

— Бастықтың өзінде жеке жұмысым бар. Соның тапсырмасымен жүрмін!

Махмұд шұғыл ойланды. Өзгеше тапсырма болса оны Қасымхан бұған айтуы керек еді. Екеуінің арасында жасырын сыр болмақ емес. Егер Қасымхан мұндай құпияны бұған айтып үлгіре алмаса онда бұл оқиғаның түнде болғаны. Сонда бұл бейтаныс адам ар жақтан

Дутовтан келген боп шығады. Сактық керек. Ол қабағын түйіп:

— Өзің не оттап тұрсың? Бастықтың тапсырмасымен жүрген кісі солай жар сала ма екен? Бастық керек етсе өзі шақырып алады. Шапшаң шығып тұр! — деді.

Нехорошко еңсесі салбырап ақырын жылжып шығып бара жатты.

Бұл кезде Қасымхан мен Ахметтің арасында мынадай әңгіме боп жатқан. Қасымхан есіктен кірген сәтте Ахметті қарынан ұстап стол басына апарды да тез-тез сөйлей бастады:

— Ахмет, сен жақсылап тыңдап ал. Сұрақты кейін қоярсың. Қазір оған уақыт жоқ. Біздің оперативтік қызметкерлердің арасында Дутовтың бізге әдейі жіберген агенті тұр.

— Ахметтің сұрланып түсі қашқанын көріп, — үрейің ұшпасын. Сол жансызы бүгіннен бастап сенің қарауыңда писарь боп істейтін болады. Оның барлық қимыл-тұрысына сен жауап бересің. Қармағыңнан шығармай мығымдап ұста. Шаншылып отыратын жұмыс тауып бер. Ұқтың ба? Мәжіліс өткен соң оны шақырып сенімен таныстырам. Ал қазір оперативтік қызметкерлерді тез шақыр. Кірсін! — деді.

Мәжіліс бітісімен Нехорошко өзі кірді.

— Жолдас бастық, сізге кіруге бола ма?

Қасымхан оны көптен танитын кісідей жайдарлы қарсы алды.

— Нехорошко жолдас, төрлет! — деп саусағымен нұсқап орындық ұсынды. Орнынан тұрып шығып бара жатқан Ахметке, — жолдас Майлыбаев ұзап кетпегін. Маған керек боп қалуың мүмкін, — деді.

— Жолдас начальник, мен өзімде боламын. Ахмет шыққанда Нехорошкоға бұрылып:

— Түн қалай өтті? Жақсы дем алдың ба? — деді.

— Жаңа жерде алғашқы күндері ұйықтай алмайтын әдетім бар.

Қасымхан оның үрейі кетіп ұйықтай алмай шыққанын білсе де, оны сезбеген боп:

— Ондай әдет әркімнің басында болады, — деді де, көз алмай тесіле қарап, — қалай, жұмысқа кірісеміз бе? — деді.

— Мен сіздің қарауыңыздағы адаммын.

— Онда тіпті жақсы. Александр Ильич сені осында, жұмысқа қалдыруды сұрапты. Мұны білетін бе едің?

— Оны маған айтқан.

— Сонда қандай жұмысты қалайсың?

— Жұрт көзіне түсе бермейтін елеусіздеу жұмыстың болғаны жөн ғой.

— Мұнда отырып қажет кезінде бір-бірімізді іздеп жүргеніміз келіспес деп ойладым. Уездік милицияға писарь ғып алсам деймін. Бұған қалай қарайсың?

— Құптағаннан басқа қосарым жоқ.

— Онда қазірден бастап әлгі жігіттің қарауына көшесің. Байқа, ол өзі менің еркімнен тыс Ревкомның қойған адамы. Сондай тірегі болған соң кейде артық кететін солақайлығы бар. Оған мән бере берме, мойынсынғансып жұмысыңды істей бер. Егер қандай бір қиындық, кедергі туса маған айтарсың. Менсіз өз бетіңмен бірдемені жасаушы болма. Екеуімізге жүктелген басты мақсат қайткенде отрядты бүтін сақтау боп табылады. Оған қырсығы тиетін бәлені аяусыз жоямын. Отан мүддесі бәрінен жоғары. Бұл жай саған белгілі.

— Атаман ескерткен.

Махмұд кірді.

Қасымхан қабағын шытып:

— Сені шақырған жоқпын! — деді де. — Ақыры кірген екенсің, маған Майлыбаев жолдасты шақырып жібере ғой. Ол өзінде отыруға тиіс, — деді. Минут өтпей Ахмет келді.

— Тындап тұрмын, жолдас начальник.

— Жұмыс көп, қағаздан бас көтере алмай жатырмын деуші едің. Саған жаңа писарь беріп отырмын. Танысып қой, Нехорошко, сыннан өткен сенімді адам. Ахмет қикарлана сөйледі.

— Бұрын көрмеген адамым, фамилиясын бірінші рет естіп отырмын.

— Нехорошконы сен танымасаң, мен білемін. Сол мінездеме саған жарайтын шығар?

— О не дегеніңіз, мен жай сұраған соң айтып жатқаным ғой.

— Нехорошко жолдас қазірден бастап жұмысқа кірісетін болсын! Міндетін түсіндіріп, айқындап белгілеп бер. Екеуің ынтымақпен ұғысып жұмыс істейді деп сенем. — Қасымхан екеуіне кезек қарап: — Маған қоятын сұрақтарың бар ма? Жоқ болса, іске сәт! — деді де стол тартпасын ашып, қағаздарын іздестіріп өз жұмыстарымен шұғылданып кетті.

Ахмет Нехорошконы ертіп кабинеттен шықты. Оның қасында әккі жаудың агенті, тыңшысы келе жатты. Жауға кектеніп, іші өртеніп тас-талқан болғанымен дәл қазір қолданар шарасы жоқ. Бұйрық солай. Ахмет милицияда жұмыс істеудің қиындығын енді ғана сезіп аңғарғандай болды. Шарасыздықтан күйініп ауыр күрсінді.

## АЛҒАШҚЫ ТАПСЫРМА



«Бұл кезде мен Дутовтың сеніміне әбден ие болған едім. Және оны жою оңай болады деп ойладым...

6 январьдың (1921 жыл) өзінде Дутовты өлтіру үшін Қожамияров, Байсымақов және Жүсіп Қадыров жолдас-тарды Қытайға жібердім...»

*Қ. Чанышев.*

Күзаспанын қалың бұлт басқан. Күн райы желді ызғарлы боп тұр. Суық жауынның арты қарға айналып, желмен ұйытқып алай-түлей боп кетеді. Жұрт бұрынғыдай көк



базардың кең алаңына емес, Файзолланың шайханасына жиналады. Алыс-беріс саудасына осында келісіп, баға белгілеп жатады. Сол саудагерлердің арасында Әзиз де отырған. Көкнарға еліткен кісідей бұрышта өзінен сілекейі ағып қисайып жатыр. Домбай қазақ дәу табақтағы палау таусылғанда қозғалақтап, шегіне отырып:

— Күрішті қанша жесең де қарынның құрышы бос жатқан секілді. Шіркін, аузыңды толтыра асаған қазақтың етіне не жетсін! — деп, саусақ арасында сорғалаған майды тілінің ұшымен жалап алды да, етігінің қонышына қолын сүрте бастады.

— Жеңсік ас дейміз де. Әйтпесе мұның тары көже ғұрлы қауқары жоқ, — деп Үкібай дүкенші Домбайға қарай қисая түсті. — Тойшыбек қажы бүгін көрінбейді. Жарықтық сырқаттан сау ма?

— Кәрі сүйегі жолды көтере алмады білем. Бүгін көңіл күйі пәс. Көксайда жата тұрғын деп ем, өзі көнбеді.

— Жерімізге, елімізге келген құтты қонақ қой. Осында жүре берсін, тұра берсін дегіміз келеді. Ана жолы Құлжа қазақтарын аралап қайтсам ба деп отырған сияқты еді. Әзір жүрмей ме?

— Өзіңе тапсырған аманаты бар деп едім ғой. Сол не болды? Сірә, соған қарайлайды білем.

— Осында біреулермен сөйлесіп көріп ем. Биыл бәрінен озған мына қасында отырған қырғыз Бейшенәлі көрінеді. Адам аяғы тимеген кең жазық тауып, соған көкнар салып қарық болды деседі.

Домбай бет-аузы жыбырлап Бейшенәліге күлімдей қарап алақанын тізесіне салып:

— Өнім көп болды ма? — деп бүре қысып қойды. Бейшенәлі тамағын кенеп:

— Е, алла бергенін алдық қой, — деді.

— Оны сатасың ба, сақтайсың ба?

— Пұлына келіссек сатпағанда қайтем.

— Бағаңды айт, ақшанды қолма қол төлеймін.

— Мұны нөпір, құнсыз ақшаға сатпаймын. Патшаның алтын теңгесіне берем.

Домбай иығынан нұқып қалды.

— Ей, мені ақ патшаның қазынашысы деп пе ең. Алтын теңгені қайдан табам?

— Алғысы келген кісі табады да.

Әзиз бұлардың апиын жөнінде әңгіме қозғап отырғанын білді. Басын салбыратып құлағын түре түсті.

Үкібай дүкенші бұл екеуінің арасына делдалдық жасап ымыраға келтірмек болды. Бейшенәлінің тізесіне шынтағын батырып:

— Бәріне алтын теңге бер дегенің, тіпті қисынға келмейді. Сенікі жөн емес, — деді де сол сәт Домбайға қарап: — Нөпір ақшаға ала қоям десең, сенікі де қиянат болады. Қане, қолдарыңды әкелші. Бөгелме, әкел бері! — деп екеуінің қолын алақанына салып қысып ұстады. — Екі қадағы алтын теңгемен бағаланып үшінші қадағына қағаз ақша жүрсін. Екеуің де мұсылман баласысыңдар. Алланың бергеніне қанағат қылып, осыған келісіңдер.

Бейшенәлі мойынсынғандай:

— Алдымен алтын теңгесін көрсетсін. Сонан соң ар жағын көре жатармыз, — дегенде, Домбай:

— Әй, мені алдамшы біреу деймісің! — деп долдана түсіп қалтасына қолын салды. Көзі бақырайып, алақанымен қарнын, төсін сипалады. — Ойбай, қапшығым жоқ. Құрыдым-ау, енді! — деп айқайлап жіберді.

Әзиздің қасында жас жігіт қолын жеңінің ішіне тығып, басы салбырап қалғып отырған. Домбай оны желкеден бір қойып, жағасынан алып қылқындыра бастады.

— Мұны ұрлаған сенің серігің! Екеуің қосылып ап тонаған екенсің ғой! Жаныңның барында айт, қайда кетті ол!? Таппасаң қаныңды ішем!

Жас жігіт бүріп ұстаған мықты қолдан тұншығып бара жатқан соң жанталасып жүріп Домбайдың қолын қыршып тістеп алды. Жағасы сәл босап тыныс кеңейгенде Домбайдың тұмсығынан сүргілей періп жіберді. Шарт-шұрт төбелесіп жатқанда милиция келіп қалып екеуін бөлімшеге алып кетті. Үкібай дүкенші мен Бейшенәлі куә боламыз деп бұларға ере келді. Домбай бөлмеге кірген

сәтте бұрышта отырған Нехорошконы көрді. Ол танымаған кісідей қабағын шытып жұмысын істей берді, Қасымхан Ревкомға бара жатқан. Есік алдында бөгеліп:

— Бұлар неғылған адамдар? — деп сұрады.

Милиционер жауап қатты:

— Жолдас начальник, шайхана ішінде төбелес шығарды. Тәртіп бұзды.

Қасымхан Домбай мен жігітке кезек қарап:

— Төбелес шығарып жүрген қайсың? — деді.

Домбай түкірігі шашырай сөйлеп:

— Мына дәйіс серігімен екеуі қапшығымды ұрлап алды. Пұлымнан айрылған соң ашынбағанда қайтейін! Жолаушы едім, көмектесе көріңіз! — деді.

— Бұл жігіттің ұрлағанын қайдан білесің? Куәлерің бар ма? Бейшенәлі мен Үкібай:

— Біз қасында болғанбыз.

— Серігімен екеуінен басқа кісі болған жоқ. Бәле осыдан келді, — десіп Домбайды қуаттай түсті.

Қасымхан Ахметке қысқа әмір етті.

— Басқа жұмысты таста да мыналармен шұғылдан, қайсы кінәлі екенін анықта! Сонан соң маған баяндарсың!

Қасымхан Ахмет екеуі оңаша қалғанда бүгін қалайда Домбайды ұстап, тергеуге алу жөнінде нұсқау берген еді. Оның ізін аңдуды Әзизге жүктеген. Шайханадағы төбелес бұл істі тездетуге себепші болды. Домбайдың қожасы Хуа Дэнпидің Иона поппен байланысы болса Нехорошко Домбайды босат деп қолқа салатыны даусыз. Осыдан сақтану үшін Қасымхан мұны әдейі Ахметке тапсырған. Ахмет бұйрықты қабыл алған түрмен:

— Құп болады! — деді де бұған Нехорошконың өзін қатыстырмақ болды. — Жолдас Нехорошко, қағаз, қалам ал да мында отыр. Мыналардың жауабын жазасың, бір сөзін қалдырмайсың, — деп тергеуді жас жігіттен бастады. — Сонымен, кім боласың? Қайдан жүрсің? Шайханада не бітірдің? Бәрін ретімен айта бер.

Жас жігіт жалтақтай қарап:

— Менің ешқандай жазығым жоқ. Өзім ұзақ жолдан

шаршап келіп едім. Жылы жерде отырып көзім ілініп кеткен екен. Біреу қылғындырып түйгіштей бастағанда зәрем қалмады. Қапшығым жоғалған дей ме, сөзін жөнді ұқпадым. Домбай қопаң етіп атып тұрды.

— Бұл дәйістің дым білмегендей мүләйімсінуін қарай гөр! Қасындағы қара қатпа ұры қайда? Одан да соны айт!

— Бәсе десеңші, серігін тапсын. Екеуін мықтап тұрып камандар, — деп Үкібай қоштай бергенде Ахмет столды жұдырығымен қойып қалды.

— Тоқтат, бетіңмен сөйлейтіндей шайханада отырған жоқсың! — дегенде Домбай мен Үкібай жым бола қалды. Ахмет жас жігітке қарап:

— Аты-жөніңді айт, кімнің баласысың? Қайдан жүрсің? Шайханада отырғаның қалай? Сұрақ түсінікті ме? — деді.

— Бәрін ұғып тұрмын. Руымыз Суан ғой, Асанбай дегеннің баласымын. Атым Асқар. Әкем былтыр қайтыс болған. Шешеміз екеуіміз Бархуаздарда тұрамыз. Үйдің іші киім-кешектен жүдеген соң тайыншам бар еді. Соны сатып қалаға келіп едім. Мұнда қонатын таныс үй болмаған соң шайханада жылынып алайыншы деп отырғам. Қалғып кеткенде мынадай оқиғаға кезіктім. Бар әңгіме осы.

Ахмет Домбайға түйілді.

— Сен қайдан жүрсің? Аты-жөніңді айт!

— Менің тұрағым Құлжа, сол жақтың қазағымын. Осында Иштай Жырық деген жекжатым бар. Сол сырқаттанып қалды деген соң келіп ем. Домбай қазақ десе Қорғастың екі жағы түгел біледі.

— Әкеңнің атын айт.

— Елемес деген көрінеді.

— Ұрының Асанбай баласымен ымы-жымы бір екенін қайдан білесің?

— Бұлардан басқа қасымызда кісі болған жоқ. Екі сұмырай емей енді кім?!

— Бәлкім, қапшығыңды өзің жоғалтып алған шығарсың?

— Сен бүйтіп мені қорлама, есімнен әлі танған жоқпын. Қарақшының қолы сұғынбаса мен пұлымнан айрылмас едім.

— Жоғалтқан ақшаңыз көп пе!?

Домбай күмілжіп қалды.

— Қалай дейін. Аздаған алтын теңгелер, ақшалар бар болатын.

— Жалпы сомасы қанша?

— Қапшығымды тауып берсең өзім-ақ санап алам ғой. Жат көзді қызықтырып қайтесің.

— Жоғалған ақшаның қанша екені протоколға жазылуға тиіс. Сонымен...

— Құны он сомдықтан үш алтын ақша, бес сомдықтан алтау бар еді. Алтын мен күміс теңгелер өз алдына бөлек. Бір сомдықтан жетеу еді...

Үкібай дүкеншінің көзі бадырайып кетті.

— Алтын ақшам жоқ деп едің. Мынауың өлшеусіз қазына ғой.

— Ал маған ақша бермек болдың-ау, — деп Бейшенәлі де күбірлеп қалды.

— Сөзді доғарыңдар, сұраған кезде айтасың, — деп Ахмет қатқыл үнмен сөзін жалғастырды. — Бұл мол ақшаны мұнда не үшін алып келдің?

— Қалтаңда ақшаң болғанда кісі тоқ жүреді. Жастайымнан тырнақтап жиған қазынам ғой. Әп-сәтте мынадай кезәптің қолына түседі деп кім ойлаған.

Ахмет босағада қаздыып тұрған милиционерге әмір етті.

— Бөлімшеге Иштай мен Тойшыбек қажыны шақыр. Тек куә ретінде келетінін түсіндір. Мұнда көп ұстап әурелемейміз. Бірер сұраққа жауап бергеннен соң үйіне қайтарамыз. Келгісі келмей жауап беруден бас тартса өз ықтияры, зорламаймыз дегейсің!

— Бұл сөзіңізді екеуіне сөзбе сөз жеткізем.

— Шашпаң бар!

Домбай орнынан қозғалақтап:

— Қажы қарт кісі. Жүріс-тұрысы ауыр. Өзім барып ертіп келсем қайтеді? Милицияны шалға бола әурелемей-ақ қой! — деп еді. Ахмет:

— Отыр! Онда жұмысың болмасын. Милиция қарттың да бабын таба біледі. Ал екеуіміздің сөзіміз біткен жоқ.

Асықпағын! — деді. Сол күні кешінде Нехорошко үйге ашуға булыққан қалыпта келді. Есіктен кіре әлдекімді балағаттай бастады.

— Домбай емес, домаланған үлкен ақымақтың өзі! Бұған іс тапсырып жүрген Хуа да ақымақ. Бәрі өңшең есуастар! Қарғадай баланың алдында абыройлары айрандай ашылды. Анау жақта отырып алып мұндағыларды аңқау, алаңғасар, шетінен жетілмеген ноқай деп қарайды. Алдарын орап, астан-кестеңін шығаратынын білмейді. Бұл тергеудің немен бітетіні Қасымханға күнілгері мәлім болса да, ол дәнеңеден хабары жоқ кісідей таңғала сұрады.

— Не боп қалды? Саудагерлерді аяп тұрсың ба? Оған несіне таусыласың! — Бірақ оған мына бір жай мәлімсіз еді. Кеше Домбай арзан бағамен көп апиын сатып алып, соның қуанышына дүкеннен шарап алдырып ішеді. Әбден қызып алған соң Иштай жырыққа қойнынан қапшығын көрсетіп мақтанады. Мол ақшасы барын айтады. Қапшығын жастығының астына тығып жатып, солай ұйықтап кетеді де, ертеңіне оны ұмыт қалдырады. Милициямен барып, жастықты көтергенде қапшығының бүтін жатқанына қуанған Домбай қайта-қайта ақшасын санап «Ақшам түгел, тиынына дейін аман!» деп айқайлап жібереді. «Бұрын бұл үйге келіп пе ең? Қасыңда кімдер бар еді?» деген сұраққа өзінің айыр сақал қазақпен келгенін, әрі оның аты-жөнін айтып береді. Иштай жырық мұның бәрін растап протоколға қолын қояды. Қасымхан түсінбегенсіп:

— Мейлі, қағазға қолын қоя берсін. Онда тұрған не бар? — деді.

— Бар бәле осыдан басталды! — деп Нехорошко күйініп кетті. — Кісі өлтірген қылмыскер ретінде табанда қамауға алды.

— Кісі өлтірген дейсің бе? Қайдағы кісі!

— Домбай қасына еріп келген серігін өлтірген.

— Мұны өзі мойындады ма?

— Суреттерді алдына жайып тастаған соң мойындамасқа амалы қалмады.

— Шынында Домбайдың мынауы сұмдық екен.

Момын саудагерден үйдей бәле шығады деп күткенім жоқ.

— Ақша байлыққа, қуанышқа кенелтумен бірге кісіні далада жорытқан көк қасқырдай жыртқыш та етеді.

— Бұ бәле өзімен кетсін, күйзеліп қайтеміз.

— Сенің Ахметің өте залым бала, ақырын жылжып жүріп бізге жете ме деп қорқам. Айтпады демегін, түбі үлкен бәле ланды осыдан көреміз.

— Едірейген жас баладан соншама сескенгенің не! Домбай ұсталса, Ахметтің білгіштігінен емес, өзінің ақымақтығынан ұсталды, — деп мән бергісі келмей елеусіз калдырмақ еді. Нехорошко:

— Бас амандығында бұдан құтылған жөн! — деді.

— Ахметті Ревком тағайындаған. Одан қалай құтылмақсың?

— Өмірде әркілы оқиға болып жатады. Қызметтен тайдыра алмасақ, өмірден өшетін басқа амалын қарастырайық.

— Сен өйтіп лағыма! — деп Қасымхан ақырып қалды. — Кісі өлген соң тексеру, тергеу басталады. Қайдағы бір боқ мұрын бала үшін екі жүз жауынгерімнен айрылмақпын ба? Қарап отырып әшкереленбек екенмін ғой! Жоқ, бұған жол бере алмаймын. Табанда өз қолыммен атып тастаймын. Мұны мықтап есінде сақта!

— Сен, Қасымхан өйтіп қызбаламба, біз емес өкіметтің өз қолымен аластайтын амалын табамыз.

— Оның қандай амал?

— Мұсылман баласы Меккеге барған кісіні қажы деп қастерлейді, сыйлайды. Ахмет Тойшыбек қажыны кеңсеге шақыртқанын білесің. Ахмет қажыны кеңсеге шақырып алып әбден жәбірледі, қорлады. Мұны мұсылман қауымының Советке наразылығын қоздыру үшін әдейі жасап отыр. Шын мәнінде ол Садық мырзаның милиция ішіне қойып қойған жансызы, тыңшысы деген домалақ арыз түседі. Сондай қағаз қолыңа тиісімен әлгі Ревкомыңа айтып дереу қызметтен босатып жібер. Өкімет ол хаттың ақ-қарасын анықтағанша біз де бұл жақтан істі тындырып жөнімізге тайып тұрамыз.

— Ревком бастығы Ахметті жақсы біледі. Сенің домалақ арызыңнан нәтиже шыға қояды деп ойламаймын.

— Ахметті күнілгері аластамасаң, ол біздің түбімізге жетеді. Осыны есіңе мықтап сақта!

— Қайта соның қайдағы бір саудагерлердің ісімен шұғылданып алаң болғаны жақсы емес пе? Домбайды неменеге қорғаштайтыныңды түсінбеймін.

Нехорошко бұдан әрі ашылып сөйлемеді.

— Біз ұға қоймайтын, түсіне бермейтін жайлар көп қой, — дей салды.

Келесі күні Қасымхан бұл әңгімені Давыдовқа айтқанда, ол:

Домбай арада жүрген байланысшы ма, бұл қалай? — деді.

— Жаркент қаласына келгелі бері Домбайдан көз айырғанымыз жоқ. Ол Нехорошкомен кездескен емес.

— Оны білем, — деп бір сәт ойланып отырды да, — Нехорошконың сырын әлі аша алғанымыз жоқ. Дутов оған бекер сенбеген. Домбайдан жауап алғанда оның дутовшылармен қандай байланысы барын анықтауға тырысатын болсын. Мұны Ахметке айтып қой. Мені Верный шақыртып жатыр. Облыстан келгеннен кейін бұл істі өзім қолға алармын.

— Қашан жүрмексің?

— Ертең азанда.

— Соншама асығыс жұмыс па екен?

— Верный оны бізден сұрамайды. Шақырған соң дереу бару керек. Немене, сен бұған қарсысың ба?

— Дутовтың өзімен тікелей байланысқа көшкен соң бұл істі тындырғанша сенің Жаркенттен ұзағаныңды қаламас едім. Минут сайын мұнда көмегің керек боп қалуы мүмкін.

— Облыстағы басшымыз жаңа адам. Эйхмансты былай сыртынан естігенім болмаса, көрген кісім емес. Жүздесіп, кеңесіп тыңдап қайтқым келеді.

— Ораз маған Федор Иванович жөнінде айтқан. Өзі тым жас көрінеді.

— Сондықтан да кездесуге құштармын.



Қасымханның Давыдовпен кездесіп жүрген орны Ревкомның кеңсесі ғой. Ревком барлық мекеме басшыларын шақырып нұсқаулар беріп жатады. Бұл бір жағынан Нехорошкодан жасалған сақтық еді. Жаркентте ол жалғыз емес, агенті, тыңшысы бар деп жорамалдаған. Шынында бұл күдік дәл келді. Қасымхан Давыдовпен сөйлесіп барып кеңсеге кіргенде, Нехорошко оны асығып күтіп отырғандай кабинетке қабаттаса ілесті. Қасымхан қабағын шытты.

— Аса маңызды жұмыс болмаса кабинетке жолаушы болма дегенім қайда? Кеште үйде де сөйлесуге уақыт жетеді. Бұлай көлбендеп, сыбырлап жүргенінді қой. Аузыңа тыйым, аяғыңа тұсау салам! Нехорошко қаймықпады. Тұрған қалпы басын иіп, ақырын жымыды.

— Оны білем, начальник жолдас. Біздей пақырға бастықтың сөзін елемеу жарамайды, — деп қойнынан хатты алып Қасымханның алдына қойды.

— Бұл не?

— Хат екенін көріп тұрсың. Оқы!

Қасымхан хаттың Дутовтан келгенін сезді. Нехорошко күні-түні бақылауға алынған. Бұл хатты қайдан алды? Кім әкеп жүр? Оны жігіттердің көрмей қалғаны қалай?

Қасымхан сол сәт есін жиып, қуанған түрмен:

— Александр Ильич жазыпты. Қол таңбасынан танып тұрмын, — деп хатты жалма-жан ашып оқуға кірісті.

Нехорошко:

— Сен Александр Ильичтен хат күтпеп пе ең? — деп Қасымханның қолындағы хатқа көз қиығын тастады. — Өз қолыңа табыс ет деп бұйырды.

— Атаманның әр сөзі біз үшін қымбат. Түйінді күрделі істі шешу оның хатына, берген нұсқауына байланысты. Мұны Нехорошко мырза естен шығармағаны жөн!

— Оны жақсы түсінем. Сондықтан Жаркентте жүрмін.

— Хат мазмұны саған таныс па?

— Пакеттің сургучпен желімдеп асталғанын өзің көрдің. Онда не жазылғанын қайдан білейін.

— Байланысшы айтқан жоқ па?

— Атаманның қолымен жазылған қағаздар әркімге жария етіле бермейді. Нехорошконың жалған айтып тұрғанын Қасымхан сезді. Тегі бұл хат осының өзінің айтуымен де жазылуы ықтимал. Сондықтан Дутовтың хатынан күпия жасағысы келмеді.

— Мұнда қару жағының тапшы екенін білесің, — деп Қасымхан хатты жайған қалпы Нехорошконың алдына сырғытып қойды. — Жігіттердің бәріне мылтық жеткізе алмай жатырмыз. Ал Александр Ильич екі мылтық, бір наган беріп жіберуді сұрайды. Мұны қалай түсінуге болады?

— Өткен жолы Махмұд барғанда екі жәшік наганым бар деп мақтаныпты. Соны білгісі келген де, — деп хатты бүктеп Қасымханның алдына қойды. — Полковник сені Чинпанзеде күтіп отырған секілді. Оған қашан бармақсың?

Қасымхан Нехорошконың ар жаққа дереу хабар бергісі кеп тұрғанын сезеді. Оны аңғармаған боп:

— Кешеуілдетіп қайтем. Махмұдқа тапсырма берем. Резервте сақтап жүрген мылтық пен наганды алсын деймін. Ертең кешке ымырт жабыла жүріп кетем.

Кабинетке Ахмет кірді. Нехорошкоға шатынай қарап:

— Сумандап мұнда неғып жүрсің? Орнында неге отырмайсың? — деп ақырып қалды.

Нехорошко қатты сескеніп қалды.

— Өз бетіммен жүріп неғылайын. Жай, шақырған соң келіп ем, — деп Қасымханға жалтақтай қарады.

Ахмет өршелене түсті.

— Бастық сені керек етсе шен дәрежесі бойынша алдымен маған айтуы керек. Бұлай ішкі тәртіпті бұзсаң үстіңнен Ревкомға рапорт жазам. Қызметтен қуылсын деймін! Ұқтың ба?

Қасымхан езуіне күлкі жүгіріп:

— Біржолға кешір, мен кіре қой деп айтып едім, — деді.

Нехорошко Қасымханның қолдағанын қуат көріп:

— Ревкомға жазатындай жазығым жоқ, — деп ақтала бергенде, Ахмет тыйып тастады.

— Домбайдан алған жауапта қылмысты жерін өшіріп

бұрмалап жазғансың. Оны қайта қарап түзеп шықтым.

Осы жолы бір сөзін қалдыратын болсаң тура трибуналға берем. Совет жауын қорғап отыр деп көрсетем!

— Ойбай, айтқаның болсын, — деп Нехорошко бұғына түсіп, жорғалай шықты.

Екеуі оңаша қалғанда Қасымхан:

— Мынау Дутовтың хаты. Бұл Нехорошконың қолына қалай түсіп жүр? Кім әкелді? Жігіттердің байқамағаны қалай? — деді.

— Бүгін басқа біреумен жолыққанын көрген емеспін. Күні бойы конторда отырды. Тіпті оның әр қадамын қалт жіберген емеспіз.

Қасымхан телефонның жалтырауық құлағын бұрап-бұрап жіберіп Давыдовқа телефон соқты. Оның дауысын естігенде:

— «Құдаңнан» хат алдым, — деді.

— «Үндемес» әкелді ме?

— Иә.

— Оған беріп жүрген кім?

— Сол жұмбақты өзіңнен сұрағым келеді.

Давыдов сәл ойланып жауап қатты:

— Ол адамды білем. Кейін өзіңе айтармын. Ал хатта не жазыпты?

— Екі мылтық, бір наган сұрапты. Кісі шекарада күтіп отыр.

— Сынап, тексеріп бітпеген екен ғой?

— Мылтық сұрағанына қарағанда солай!

— Не істемек ойың бар?

— Ертең кешке жүріп кетсем деймін.

— Қазір застава жаққа барғалы отырмын. Уақытың болса солай қарай кел. Жолшыбай сөйлесейік.

— Жарайды.

Олар жарты сағаттан кейін Қорғасқа тура баратын жолдың үстінде кездесті. Давыдов атын шаужайлап жіберіп, Қасымханға қатарласа кеп:

— Қаруды кімге апарып бересің? — деді.

— Чинпанзеде полковник Янчис күтіп отыр, — деп

Дутовтың жазған хатын берді.

Давыдов хатты шапшаң оқып шықты да қалтасына салып жатып:

— Бұлар тұзақ құрып отырған жоқ па? Янчистің өзінің күтіп отырғаны ұнамайды. Сені Ревкомда шұғыл жұмыспен бөгеген боп, орнына Махмұдты жіберсек қайтеді?

— Хатта менің келуімді сұрапты. Бармай қалсам күдікті қоюлата түсерміз. Бұл негізгі нысананы орындауға бөгет боп жүрер.

— Олай болуы да ықтимал.

— Нехорошкоға хатты әкеп жүрген байланысшы кім деп ойлайсың?

— Почта бөлімінде істейтін біреуге күдік бар. Сен оны білесің, қитар көз Никита дейтін бар, фамилиясы Еремеев.

— Бұрын хат тасып жүрмеп пе еді?

— Соның өзі.

— Еремеев екенін қайдан білдің? Ол Нехорошкоға қалай жолығып жүр? Біздің адамдар бұл екеуінің кездескенін көрген емес еді.

— Олар дәретханада кездесіп жүр.

— Дәретхана дейсің бе? Қалай?

— Нехорошко отыратын ортаңғы бөлмеде телефон бар емес пе?

— Иә.

— Никита ар жақтан хабар алғанда Нехорошкоға телефон соғады. Трубканы біреу көтерген сәтте сөйлеспей тастай салады. Бұл Нехорошкоға берілген белгі. Дәл осы кезде Еремеев дәретханаға беттейді. Нехорошконың келе жатқанын көріп дәрет сындырған боп өз жөніне кете барады.

— Дутовтың хаты алдымен дәретханаға түседі екен ғой?

— Жорамал дұрыс десек, солай боп шығады.

— Ал Еремеевке хатты кім әкеп жүр?

— Оны анық білмейміз. Енді Еремеевтің кіммен жолығып жүргенін бақылауға тура келеді, — деді де әдетінше сәл ойлана тұрып сөйледі. — Янчиспен қай

жерде жолықпақсың? Нехорошко әдіріс берді ме?

— Нехорошко білгенін айта бермейді, тымырсық адам. Байқауымша Чинпанзеде Сидоровтың бандалары келіп-кетіп жүрген жасырын орын бар секілді. Біздің адамдар мұны дәл анықтады. Онда бару қауіпті. Сірә, Янчиске жолығатын жерді өзім айтам ба деймін. Сол жерде кездесетін шығармыз.

— Мұның өте дұрыс. Сәл қатер төне қалғандай болса дереу кет. Ондағы адамдар көмектеседі. Шекара тұсында күтіп аламыз.

— Дутов маған әлі сенетін секілді. Янчис күдіктенгенімен жалғыз өзі дәнеңе жасай алмайды.

— Байқа, сақтықта қорлық жоқ деген.

— Кеңесіңе рақмет.

— Осы жолы Дутовқа соғасың ба?

— Әлбетте, оған Янчиске айтқан қаруларды тапсырғанымды айтам.

— Сонан соң?

— Дутовпен жасырынбақ ойнауды тым ұзаққа созып жібердік пе деймін. Алғашқы танысу кезеңінен өттік. Енді шешуші іске кіріскеніміз дұрыс. Ораз уәде нәтижесін күтіп отырған болар.

— Тапсырманы орындау бар да, оған қатысқан кісілердің түгел аман қалуы және бар. Соңғысы біз үшін аса маңызды деп білем. Ораз Қиқымовичтің өзі мұны қатты ескерткен. Және мен облыстан ерекше нұсқау келгенше операцияны бастамауға нұсқау алдым. Дутовпен кездескендей болса ондағы жағдайды тағы анықтап, біліп қайтарсың. Өз бетіңмен көзжұмбай батырлық жасауға дос ретінде тыйым салам.

— Мынауың өтініш емес бұйрық қой, — деп Қасымхан күлді.

— Орталықтың бұйрығы солай екенін түсін.

— Онда дауым жоқ. Мейлі сенің айтқаныңдай-ақ болсын. Ал сәті түсе қалса жең ішінде браунингі кезеп тұрғанымды ұмытпағын. Отан мүддесін жеке бастың қамынан жоғары қоя білейік.

— Мені үгіттейін дедің бе?

— Үгіттеп қайтем, тек әр жолы зор қатерді арқалап шекарадан өту оңай емес. Оның үстіне Нехорошко да жүйкемді қажап бітті. Соңғы соққы операциясын бұлай соза берсек әшкереленіп қалуымыз ықтимал. Сонан соң Дутовпен сөйлесу былай тұрсын оны маңайлай алмаймыз. Операция күйреді дей бер.

— Мұны түсінем, қаупім де осы. Осы жолы өзін тағы бір барлап, байқап келші. Содан кейін жолдастармен ақылдасып отырып асықпай әңгімелесейік. Ал сен оған дейін өз бетіңмен ұрынам дегенді қой.

— Жарайды. Бұл сапардан Қасымхан шапшаң оралды. Көңіліне көп күдік ала келді. Давыдовқа айтқанындай Янчиспен өзі тоқтаған қазақ үйінде кездескен. Қасымхан уақытының тығыздығын және аса жауапты кезеңде «көтеріліс жасауға» дайын тұрған қарулы отрядты тастап, сыртта ұзақ жүре алмайтынын сылтауратып кетпек болғанын айтқанда Янчис аса бір сенімсіз түрмен «сіздің бұлай асығатыныңызды білмедім. Осында біраз күн болады деп сеніп едім» деген. «Мұнда неге қалуға тиіспін?» деген сұраққа жауап қатпаған. Қаруды алғаны жөнінде тілхатын беріп өз жөніне кете барған. Бұрынғыдай астыртын отрядтың жайын әуестеніп әңгіме қозғамаған. Қасымханның әңгімесін бөлмей тыңдап отырған Давыдов:

— Мұны қалай түсінуге болады? Өзің қалай жорамалдайсың? — деді.

— Полковник Янчис үлкен мектептен өткен кәнігі разведчик. Біздің Дутовты алдап жүргенімізді сезеді, байқайды.

— Сезетін болса атаманына неге айта қоймайды? Генерал Дутовтың сенімді кісісі ғой ол.

— Янчис Дудко-Мухиннің отрядының талқандалғанына өзін кінәлі санайды. Егер ол ешқандай астыртын қарулы отрядтың жоғын, мұның бәрі жалған екенін айтса, генерал Дутов алдымен Янчиске қаһарын төгеді. Табанда жойып жіберуден тайынбайды. Полковник осыдан сескенеді.

— Дутов қалай қарсы алды?

— Сырттай жаркылдап көрінгенімен оның мына бір сөзі таңғалдырды. Дәл жүрер алдында ол:

— Менің агентурам сізді большевиктердің қамамак болғанын хабарлады. Қатер төнсе о жаққа барып қайтесіз. Осында қалыңыз, — деді. Сол сәтте қалай жауап берерімді білмедім. Астыртын жұмыс жасап жүрген кісінің өмірі ылғи қауіп үстінде болса керек. Ал қазір көп уақыт машақаттанып құрған отрядымды тастап кете алмаймын дегенде ол «Отрядсыз-ақ бізге керек адамсыз» деді. Сондай отрядтың барына Дутов та күмәндана ма деп қалдым.

Давыдов біраз ойланып отырып:

— Қандай ұсыныс айтасың? — деді.

— Осы сапардан байқағаным, енді кешіксек операция жүзеге аспайды, күйрейді. Сол күні кешінде атаман Дутовты біржола жою жөнінде алғашқы жоспар жасалды. Оған Махмұд Қожамяров, Мұқай Байсымақов және Жүсіп Қадыров қатысты. 1921 жылдың 6 январь күні Махмұд бастаған топ Сүйдіңге аттанбақ. Қасымханның хатын атаманға апара жатқан боп Махмұд пен Мұқай қамалға кіреді. Ал Жүсіп қақпа аузында күзетшінің қасында қала тұрады. Соңғы кезде атаманды күзетіп тұрғандар сенімді кісі ретінде Махмұдты тінтімей ішке кіргізе беретін. Бұл жолы күзетшілердің осы бейқамдығын пайдаланып, хатты ұсынған боп Дутовты табанда атып тастау керек. Атаман тұрған үйде мылтық жиі-жиі атылып жатады. Солдаттар оған мән бере қоймайды, кәрі генералдың кәріне іліккен кісілердің ол үйден қайтпайтынын білетін. Қайткенде көп атыс жасамай, алғашқы оқпен Дутовты жайратып, қамалдан тез кету керек деп келісті. Дутовты жою жөніндегі алғашқы тапсырманың бар мәні осы еді.

1921 жылдың аязды таңында Махмұд өзінің серіктерімен Сүйдіңге жүріп кетті.

## СОҢҒЫ СОҚҚЫ



*«...1921 жылдың 31 январының  
1 февральға қараған түні шетелге  
жүріп кеттім...»  
Сүйдіңге 2 февраль күні кешінде  
келдім. 6 февральға дейін сәтті  
кезеңді күттім. Жаркенттен менің  
курьерім Әзиз Әшірбәкиев келіп  
бүгін қайткенде де тапсырманы  
орындау керектігін хабарлады.  
Қасымда конвойдың болатынына  
қарамай Дутовты өз пәтерінде  
өлтіруге бел байладым...»*

*К. Чанышев.*

Биыл Жаркент өңірі өзгеше түске енген. Айнала төңірек шымқай эптак қар. Көз жетер жерде қылау көрінбейді. Жағасы қоңыр жыра, терең сай, қалың қамысты боп жататын Қорғастың бойы, Басқұншақ пен Аяққұншақтың маңы тұтасып қалың қар астында қалған. Қардың бұлай мол жаууы бұл жақта бола бермейтін сирек құбылыс. Декабрь айының аяғына дейін күн бір қалыпты жылы боп тұрған. Январдың алғашқы күндері жылы жауын жауып арты жапалақ қарға айналды. Қар арты — борандатқан дауылға ұласып күн кенет суытып кетті. Қазірде ұлпа қар ұшқындап тұр. Жел көтерілгенде ұйқы-тұйқы ақ боранға айналып кетеді де сәтінде қайта басыла қалады. Қорғастың кең жазығын бетке ұстап келе жатқан Қасымхан мен Ахмет сүрлеу жолдан бұрылып сырық қадаған қарауыл төбенің басына шықты. Төңірекке көз тастады. Екеуінің де аттары тың. Қасымханның мінгені сұлу сары ат. Ахметтің астында ұшқыр көкбесті. Ұзақ, тынымсыз қатты



жүрістен денесі қызған аттар ауыздықпен алысып, тыным таппай тақыршып тұр. Махмұдтың тобы бұдан екі күн бұрын дәл осы уақытта оралуға тиісті еді. Әлі хабар жоқ. Қасымхан Сүйдіңге Әзизді жібермек болғанда, Давыдов «Кешіккендерін жақсылыққа жорымаймын. Махмұд қайткенде бір хабарын беруге тиісті еді. Әлде немелер бөгет болған секілді. Әйткенмен сабырлық жасап, ақырын күтелік. Келіп қалар» деген болатын. Қасымхан бүгін қасына Ахметті ертіп Махмұдтың алдын тосуға шыққан еді.

Осы кезде сол жақ тұстан, ақ жотаның бөктерінен карауытқан бірдемелер көрінді. Ақырын жылжып, қозғалып келе жатқан секілді. Ахмет қамшысын төбе жаққа нұсқап шошайтып тұрып:

— Қасымхан аға, анау жақтан біреулер көрінеді. Тура бізге қарап келе жатыр, — деді.

— Қайсы? — Қасымхан үзеңгіге аяғын тіреп, ат үстінен мойнын созып қадала қарады. Өздері үшеу, атты кісілерге ұқсайды. — Келе жатқан Махмұдтар шығар, дәл солай! — деп Ахмет атын тебініп қалып шаба жөнелді.

— Ахмет, тоқта, барма! Кейін қайт! Ахмет тұяқ дүбірінен естімеді ме, тоқтамады. Қасымхан амалсыз ілесе шапты. Бөктерді айналып көтеріле бергенде төбеден оқтар зуылдап өтті. Дутовшылар екені айтпай-ақ түсінікті еді. Ахмет сескенбеді. Мылтық даусын естігенде көзі жайнап, құтырынып кетті. Көкбестімен шыркөбелек айналып қайқая бұрыла беріп бесатарын басып қалғанда далақтап шауып келе жатқан алдындағы біреуі қалпақтай ұшты. Ана екеуі атының басын жалма-жан бұрып ылдиға түсіп каша жөнелді. Ахмет оққа ұшқан кісінің қасына келді. Аттан түсті. Етбетінен құлаған екен. Аударып қарап еді. Оқ маңдайына тиіпті. Қар үстін қан шайған.

— Қолынан атқан секілді едім. Жаңылысыппын. Ер үстінде еңкейіп бұғынғанда оң басына тиген ғой. Тірі қалғаны жөн еді! — деп Ахмет қынжыла орнынан көтерілді.

— Мылтық атқан өздері емес пе? Оған несіне қынжыласың. Өз жайымен жүре берсе біз оған тимес едік,

— деп Қасымхан атының басын Қорғасқа қарай бұрды. —  
Заставаға хабарлаймыз. Өздері көріп анықтап тексерер.

Ахмет атына мініп жатып:

— Бұлар құлқынсәріден мұнда неғып жүр? — деді.

— Ішке еркіндеу кіріп кетіпті. Тегінде қуғыншыларды  
қуа шыққан ба деймін.

— Кімді қумақ? Сонда Махмұдтардың ізіне түскен бе?

— Солай болуы да мүмкін.

— Ізіне түссе тірі екен де!

— Осы уақытқа дейін бір белгі бермегеніне таңғалам.  
Махмұд ойламаған оқиғаға кезігіп қалып, содан шыға  
алмай жүр-ау. Әйтпесе бұлай кешікпейтін.

— Сүйдің аттыға алыс емес. Мені жіберіңіз. Бәрін біліп  
қайтайын. — Бұрын Сүйдінде болған жоқсың. Дутовшылар  
ұстап алса қайтесің?

— Тағдырдың жазғаны солай дейміз де.

— Жібере алмаймын. Хақым жоқ. Күтейік. Келіп қалар.

— Қуғынға ұшыраса көмекке зарығып жүр ғой.

— Олай болуы да мүмкін. Бірақ Махмұдқа сенем. Ол  
бұдан қиын кезде де жол тапқан. Ал бұл жолы Махмұдтың  
жол табуы қиынға түскен еді. Сүйдіңге келісімен мұндағы  
жағдайды әбден анықтап білу үшін дереу барлау ісін  
жүргізген. Атаман Дутовтың үйінің маңында күзетте  
тұратын солдатпен танысып, оған екі-үш түйір көкнәр  
беріп көңілдендіріп қамалдың ішкі сырын білді. Рождество  
мейрамы басталғалы бері Дутов қамал ішіндегі алаңда бір  
мезгіл сейіл жасайтын көрінеді. Өзінің сыбайластарымен  
тілдесіп қалатын кездері болады екен. Солдат Махмұдтың  
атаманға келіп-кетіп жүргенін бұрын байқаған. Оны өз  
адамы санап сыр жасыра қойған жоқ.

— Мені қажап қайтесің. Ертең атаманның өзіне  
барасың. Бәрін сұрайсың, білесің, — дегенде, Махмұд:

— Атаманды көптен бері көрмедім. Шынын айтсам,  
сағынып қаппын. Сонан сұрап жатқаным ғой.

— Генералға қашан жолығайың деп едің?

— Қабылдаса, ертең барғалы отырмын.

— Ертең менің кезегім емес. Сен одан да бүрсүгіні

кел. Сол күні күзетке шығам. Анау соқырға кезіксең дым білмейтіндей, көрмегендей тәпкіштеп тергей жөнеледі. Туған әкесі келсінші, ол содан да документ сұрайды. Онымен байланысып қайтесің. Мен тұрғанда кел, тоқтаусыз жіберем.

— Сендей жақсы адамның көңілін қалдыру жарамайды, мейлі айтқаның болсын. — Махмұд сәл ойланған боп, — сен білесің бе, мен жалғыз емеспін. Қасымда жолдасым бар. Оны ала барсам қайтеді? — деді.

— Не бітірмек ол?

— Тірі атаманды көрген жоқ, алыстан болса сығалап карағысы келеді.

— Бұл өтінішіңді орындай алмаймын.

— Неге?

— Жолдасыңды мен жібергенмен адъютант ішке кіргізбейді. — Мейлі, үйге кіргізбей-ақ қойсын. Қарауыл бөлменің қасында тұрса да жарайды. Атаман сейілге шыққанда сол жерден де көре алады.

— Қарауыл үйінде дейсің бе? — Күзетші ойланды. — Қарауыл бастығы бұл қайдан жүрген киргиз десе не деймін? Інім немесе ағам деймін бе? Жоқ, бауырым, өйтіп басымды шатпа. Қазір тәртіп қатайып кеткен. Бірдемені сезсе, табанда атып тастайды. Менің әлі өмір сүргім келеді.

— Сен де қайдағыны айтады екенсің, — деп Махмұд қалтасынан кестелі дорбасын алып, көкнәрді алақанына салып екшеп отырды да бір түйірін солдаттың бармағының астына қыстыра салды. Қамал толған әскер, көп күзетшінің қоршауында жатқан атаманға кім тиеді?

— Бауырым, большевиктен бәрін күтуге болады.

— Өзің большевикті көріп пе ең? Қызылдармен соғыстық қой. Ал большевикін кім көрген.. Бәлкім, солардың арасында жүрген болар. Сұраған емеспін.

— Мен де көрмедім. Өздері шетінен жаужүрек дейді.

— Мұнда большевик туралы сөз айту жарамайды.

— Мейлі айтқаның болсын. Сонымен жолдасымның өтінішін орындайсың ба, жоқ па?

— Сен өз адамымыз екенінді білем. Бұрын атаманға

келгенсің. Әулие әкенің қасында жүргенінді байқағаным бар. Қарауыл бастығы сұрай қалса жолдасым деп айтарсың. Бірақ ол қарауыл үйін маңайламайды. Менің қасымда болады.

— Рақмет, бұл қызметінді ұмытпаймын.

Махмұд бұл әңгімеден соң алғашқы келісілген жоспарды өзгертті. Қамалдың сыртында, дуалға жапсарлас үй болатын. Мұқай күзетшінің қасында қалатын болғандықтан, енді Жүсіпті қамал сыртындағы үйдің төбесіне шығарып, қолына мылтық беріп атаманды аңдытып қоймақ болды. Мұндағы ойы егер өзі Дутовты өлтіре алмаса, қамал ішіне сейілге шыққан кезде бұл үкімді Мұқай немесе Жүсіп орындайды. Дутовқа мылтық үш жақтан бірдей кезеліп тұр, ол ажалдан құтылмайды деп жорамалданды. Махмұд келесі күні Дутовпен кездесуге жиналып жатып, сол түні кешінде Жүсіпті қамал түбіндегі ескі үйдің төбесіне орналастырып қайтқан болатын. Шатыр үстінен қамал алаңы жақсы көрінеді. Жүсіппен қоштасып жатып:

— Құдай кесірінен сақтаса, Мұқай екеуіңе салмақ салдыра қоймаспын, Дутовты өзім-ақ жайратармын. Ал менің пиғылымды адьютанты, не басқа біреуі сезіп қалып жолымды бөгесе, онда өздеріңе сенем. Қанішер Дутовты жайратпай кетпеңдер, — деп пәтеріне оралған.

Таңертеңгі айқай-шудан Мұқай екеуі шошып оянды. Сүйдің үсті азан-қазан. Жаяулар жанталаса жүгіріп, аттылар шауып жүр. Қылыштар жарқылдап, мылтық қосарлана атылады. Махмұд қамал жаққа көз тігіп тұрып:

— Сен осында қал. Не боп жатқанын біліп қайтайын, — деп Мұқайды қалдырды да жарты сағаттан кейін қайта оралды. «Бұл неғылған әбігерлік, атыс?» деген Мұқайдың сұрағына:

— Сүйдің-Күреде Хунгуз-Қытай полкінің солдаттары көтеріліс жасап жатыр. Дутовшылар қатты дүрліккен. Қамалға шабуыл жасап, басып кіре ме деп қауіптенеді. Бүкіл әскер аяғынан тік тұр. Маңайлатпайды! — деді.

— Жүсіп қоршауда қалды ғой. Енді қайттік? —

деп Мұқай ауыр денесімен сылқ түсіп отыра кетті.

— Құтқарамыз.

— Қалай?

— Әскерлер бұлай дүрлігіп, сап түзеп тұрмайтын шығар. Бір саябыр кезде күзетшіні жайратып, шатырдан түсіріп аламыз! Махмұдтар солай жасаған еді. Екінші күннің кешінде әбден тоңған Жүсіпті шатырдың үстінен әрең дегенде түсіріп алды. Үйге әкеліп, қол-аяғын спиртпен ысқылап жылытып ап, аялдамай жүріп кеткен. Сүйдіңнен шыға бере бұлар қуғыншыға ұшырады. Махмұдтар жолда ескі қорғанға тығылып іздерін адастырып кеткенде екпіндегі қуып келе жатқан қуғыншылар алыстан Қасымхандарды көріп, сол екпінмен солай қарай лап қойған еді. Мылтық атып, өрге шауып ұрынғаны сол еді... Қасымхан мен Ахмет ымырт жабыла оралды. Ахметті кеңсеге қарай жіберді де өзі үйге қарай бұрылды. Анадайдан қақпаның ашық қалғанын байқады. «Үйге арбалы қонақтар келген бе?» деп атын аяндай бастырып қақпадан кіре бергенде босағада Нехорошконың бүрісіп тұрғанын көрді.

— Қақпа ашық қапты. Қонақтар келді ме? — деді Қасымхан қатқыл үнмен.

— Сенің келе жатқаныңды көріп мен аштым, — деп Нехорошко тізгіннен ұстап ақырдың басына келді. Атты байлап жатып, еңкейіп ақырын сыбырлады.

— Бүгін көрінбедіңдер. Қайда болдыңдар?

Қасымхан үйге кіріп, шешініп жайласып отырған соң жауап қатты.

— Мені біреулер іздеп пе еді. Неге сұрадың?

— Жәй, білгім келді.

— Ел естіп жатқан нәрсені сенің білмейтініңе таңғалам.

— Оллаһи, дәнеңе ұқсам бұйырмасын! Уезд бүгін-ертенді Жаркентке Ораз Жандосовтың келуін күтіп отырған. Қоғалы тұсына дейін машинамен келіп, Алтын Емелді атпен аспақ. Қасында кісілері бар көрінеді. Соларды қарсы алу үшін кеше Давыдов Басшиге кеткен. Жаркентте жаңалық жатпайды, бүгін бүккенмен ертең

жұртқа мәлім болады. Қасымхан бұдан құпия жасағысы келмеді. Нехорошко ертең бәрібір білмей қоймайды. Соны казір жасырын сыр ғып айтты.

— Уезге бастықтар келе жатыр. Естімеп пе ең?

— Жок. Олар кімдер?

— Облыстық Ревкомның бастығы.

— Жандосов па?

— Иә. — Қасымхан бағдарлай қарады. — Оны қайдан білесің?

— Оны билетіндей құдам дейсің бе? Бұрын ол туралы естігем. Баяғы полковник Арановтың азғыратын қызыл большевик қой?

— Оның кімді азғырып жүргенін білмеймін. Әйтеуір председательдің өзі келе жатыр. Жергілікті өкімет орындарына көмектеседі білем.

— Тек сонымен шектелсе жақсы ғой!

— Басқа не жасай алады? Нехорошко алдындағы пілтелі шамға тесіле қарап ойлы пішінмен: — Мені үш күнге жұмыстан босат. Бірер істерді шұғыл тындыру керек боп тұр, — деді.

— Шын айтып отырсың ба?

— Иә!

— Сен Ахметтің қарауындасың. Осыны неге ұқпайсың! Облыстан үлкен бастық келетін кезінде әлдекімнің зымзия жоғалып кетуін ол жақсылыққа жорымайды, дереу күдік алады. Өзің білесің, бұлар күдік алған кісімен әурелесіп жатпайды. Желкенді оққа төсегің келсе, бара бер, — деп Қасымхан қолындағы белдігін стол үстіне сарт еткізіп тастай салды.

— Бекер ашуланба, жүйкенді күйзелтіп қайтесің. Бізге әлі көп жұмыстар жасау керек. Қарап жүріп таусылмайық, — деп Нехорошко қабырғадағы айнаға қарап тұрып бетін саусақтарымен айғыздап ысқылады. — Соңғы күндері Махмұд көрінбей кетті. Сенің көлеңке іспетті Жүсіп те жоқ. Оларды бір жаққа жіберіп пе ең? Қасымхан ертелікеш Махмұд жайында сұрайтынын білген еді. «Сен зымиян бәрін тіміскілеп, тінтіп жүруге жаралғансың.

Баяғыдай бұралқы иттей атып тастар едім» деп тұрды да, бірақ аузынан басқа сөз шықты.

— Нехорошко, сен тым әуесқой адамсың.

— Кешір, кәсібім сондай, құдай о баста әуесқой ғып жаратқан. — Тіміскек де!

— Қалай десең де мазмұны біреу, кекеткеніңе ренжімеймін. — Мақтанарлық бай мінез.

— Кісінің еркі өзінде болмаған соң әрнемені естуге әбден көнігеді екен. Мен де солай дағдылағанмын.

— Өткен жолы атаманға жолыққанымда қарауындағы жауынгерлердің Рождество мейрамы тұсында әзір тұруын қалаймын дегендей шырай білдіріп еді. Астыртын ұйымның негізгі күші Көксай мен Бархуздарда шоғырланған.

— Менің де со жаққа барып, көріп қайтқаным жөн еді.

— Сен де қызық екенсің, — деп Қасымхан күйінгендей болды.

— Көрсетпейін деп жүр ме екем! Махмұдтарды жағдайды біліп кел деп жіберіп едім. Не бәлеге ұшырағанын білмеймін, әлі жоқ. Солар Ревком бастығын қорғап келе жатқан күзетшілерге ұрынып қалды ма деп қорқамын. Бүгін Көксайды торып қайтайыншы деп шығып едім. Анау иттің күшігі желімше жабысып соңымнан қалмай қойды.

— Ахмет пе? — Басқа кім болушы еді!

— Бұлар саған сенбейді. Бай баласы деп қарайды. Солай ма?

— Көзімше дәнеңе демейді. Бірақ кім біледі...

— Барынша сақ бол.

— Әбден қажыдым. Бұл спектакльдің қашан бітетінін білмеймін. Әйткенмен жақсы ойнап шығамыз ғой деймін. Сен қалай ойлайсың? — деп көзін сығырайтып күлімдей қарады. Нехорошко иығын қозғап қойды.

— Білмеймін. Маған әзірге бәрі жұмбақ.

— Жұмбақ болған сайын кісі ынтыға, қызыға түседі.

— Бәлкім солай шығар.

Қасымхан келесі күні таңертеңмен Ревкомға барғанда көп жаңалықты білді. Махмұдтар өздерінен соң Жаркентке іле шала жетіпті. Нехорошконың үйде екенін сезіп хабар

бере алмаған. Давыдов түн ортасы ауа келген. Қонақтарды орналастырумен жүріп, Махмұдтармен о да сөйлесе алмаған. Ораз таныс учительдің үйіне тоқтаған. Жолшыбай істің барысымен танысып, Қасымханның тобына өзінің ризалығын білдірген. Давыдов бұл жаңалықтарды айтып отырғанда, Қасымхан:

— Махмұд тобы атаман Дутовты өлтіруге кеткенін, сондай шешімге келгенімізді айтпадың ба? — деді.

— Жок.

— Неге?

— Батылым жетпеді. Біріншіден, Махмұд сапарының немен аяқталғаны мәлім емес, екіншіден, егер бұл операция сәтсіз шыға қалған күнде бастықтарды келмей жатып ренжітпейін дедім.

— Бастықтар деп отырғаның кім?

— Уездік чеканың бастығы боп жаңа адам келді. Астыртын жұмыста ысылған большевик көрінеді. Фамилиясы Суворов.

— Операция сәтсіз шықты деп ойлайсың ба?

— Тапсырма орындалған болса, Махмұд өзі келген болар еді. Бұлар кедергіге ұшыраған.

Кабинетке Ораз бен Суворов кірді. Ахмет бұларды кіргізіп жіберіп өздері сыртта қалмақ еді, Ораз:

— Ахмет, ешқайда кетпе, қасымда бол, — деп шақырып, қасынан орын ұсынды. Қасымханға күлімдей қарап, — «Соңғы сокқы» операциясын қалай жүзеге асырғалы жатырсыңдар? Мен жол бойы Суворов жолдасқа алғашқы кездесулерімізді әңгімелеп келе жатсам, ол мұндағы жағдайды менен гөрі тәуір біледі екен. Бізге тек соңғы жаңалықтарды ғана айт. Қасымхан Давыдовқа көзінің астымен бір қарап алып:

— Жолдас председатель, «Соңғы сокқы» операциясын жүзеге асыру үшін әрекет жасап бактық, — дей бергенде, Суворов қатқыл үнмен сөзін бөлді.

— Адамдарды қашан жібердіңіздер?

— Бұдан бес күн бұрын.

— Топты кім басқарды?



— Махмұд Қожамяров.

— Оның кім?

— Уездік милицияның қызметкері.

— Ұлты?

— Ұйғыр.

— Қазір Махмұд Қожамяров қайда?

— Ар жақтан түнде оралды. Менің үйімде атаман Дутовтың шпионы тұрып жатқандықтан олармен ашық сөйлесе алмадым.

— Нехорошко ма?

— Иә.

— Ол сіздің үйде қашанға дейін тұра бермек? Жаудың жансызын қасында ұстап отыру маңдайыңа мылтық кезегенмен бірдей.

— Білем, жолдас начальник, «Соңғы соққы» операциясын орындаған күні Нехорошконы да жоямыз.

— Ол қанжарды бұрын сілтесе қайтесіз?

— Олай бола қоймас деймін.

— «Деймін» дегеніңіз жауап емес. Оқ ойламаған жерден атылса, оған қарсы қолданар шараңыз болмай қалады. Алдымен өз қауіпсіздігіңіз туралы ойлаған жөн. Сіз революция ісі үшін, Совет үкіметі үшін керек адамсыз. — Суворов қалтасынан папиросын алып шылымын асықпай тұтатып тартты. Қасымхан ашудың амалы екенін байқады. Суворовтың тарамыс қолдары діріл қағады. Суворов қабағын түйген қалпы иегін көтере: — Қазір Қожамяров қайда? — деді!

— Үйінде болуға тиіс. Суворов Ахметке қысқа бұйрық берді.

— Жолдас Майлыбаев, қасыңызға екі милиционерді алыңыз да Махмұдтың үйіне барып серіктерімен осында айдап келіңіз. Сіздің әрекетіңізді жұрт анығырақ көрсін. Орталық көшемен жүргізіңіздер.

— Түсіндім. Орындауға рұқсат етіңіз.

— Тез барыңыз! Ораз Суворовтың айласын түсінген тәрізді. Қара көзінен ұшқын атып:

— Большевик мектебінің жөні бөлек-ау. Мұндағы

жағдайды келмей жатып тез болжап, дұрыс шешімге келдіңіз. Ризалығымды білдірумен бірге, аздап қызғаншақтығым ұстап тұр. Мұны қуаныш қызғанышы деп біліңіз, — деді.

— Рақмет, Ораз Қикымович, өз адамдарымызды сақтау үшін кейде осындай амалсыз шаралар қолдануға тура келеді. Генерал Дутов осал жау емес, оның разведкасы қарап жатқан жоқ. Тыншысының біреуі Чанышевтің үйінде отыр. Бүкіл жау разведкасы аңғара аламай қалатындай шапшаң амал таппасақ өзіміз соққыға ұрынамыз.

— Эйхманс мұнда сізді бекер жібермеген екен.

— Федор Иванович бізге қарағанда алғыр, өткір әрі жас қой. Ахмет нағанын кезеген бойы Махмұдты серіктерімен айдап әкеп кабинетке кіргізді. Конвойлар шығып кеткенде Суворов Махмұд пен оның серіктеріне кезек қарап:

— Сіздерге тапсырма беріліп пе еді? — деді.

Махмұд жауап қатты:

— Иә. Менің тобыма Дутовты аластау жөнінде тапсырма берілген болатын.

— Оны орындадыңдар ма?

— Жоқ. — Неге? Махмұд оқиғаны бастан аяқ баяндап өтті. Сөзінің соңында Ораз бен Суворовқа кезек қарап:

— Біз өзімізге жүктелген ерекше тапсырманы орындай алмадық. Дүниежүзілік Революция алдында жасықтық, солқылдақтық жасадық. Әскери трибунал қандай жаза кессе де әділ санаймыз! — деді. Ораз өзінің шапшаңдығына басып:

— Болыневиктер партиясы жазалаумен бірге тәрбиелей де біледі. Сен большевиксің. Ал берілген тапсырманы орындамау большевикке үлкен мін, — деді.

Суворов сұсты жүзін өзгертпей алдында тұрған үшеуге тағы бір қарап алды.

— Революция алдында кінәлісің бе, жоқ па, оны тағы сөйлесеміз, — деді де Ахметке әмір етті.

— Мына үшеуін қазір түрмеге апар. Әр қайсысы жеке камераға қамалсын. Менің рұқсатымсыз басқа кісілермен

жолығуға тыйым салынсын. Күзетшілерге солай қатаң ескертіп қой. Ахмет қасына екі милиционерді ертіп Махмұдтарды айдап әкетті. Аяқ дыбыры басылғанда Суворов Қасымханға өткір көк көзін қадап:

— Нехорошко Махмұдтардың қайда жүргенін сұрады ма? — деді.

— Иә. — Мен де солай ойлап едім, — деп басын шайқады да, — мұны қашан сұрап жүр?

— Әңгіме кеше кешке таман болды. Мен Махмұдтардың алдын тосып қайтқан едім.

— Не деп жауап бердіңіз?

— Астыртын ұйымның негізгі күштері Көксай мен Бархуздарға шоғырланған. Сондағы жағдайды біліп келуге жіберіп едім. Сірә, облыстан келе жатқан бастықтарды қорғап жүрген күзетшілерге ұрынып қалды білем, — дедім.

— Қандай сәтті айтылған сөз! Нехорошко бұған сенді ме?

— Иланған секілді.

— Көрдініз бе, дұшпан мұндағы кісілердің әрбір қимылын бағып отырғаны байқалады. Сіздің кешегі Нехорошкомен арадағы сөзді тірілту үшін Махмұдтарды бастықтарды қорғап келе жатқан күзетшілерге шабуыл жасауға әрекет жасады деп кінәлаймыз. Нехорошко осындай дақпырт лақаппен малдана берсін. Ал сізді, Чанышев жолдас, бұдан былай атаман Дутовтың агентімен бірге бір үйде қалдыра алмаймын. Маған мәлімдегеніндей, ол мұнда жалғыз емес көрінеді. Оқ кез келген сәтте атылуы мүмкін. Сені, бұдан былай сен деп айтуға рұқсат ет. Сені де Махмұдтың қасына апарып қоссам деймін. Бұған қалай қарайсың.

— Революция ісі үшін бәріне дайынмын.

— Ал ұрансыз айқайламай айтсақ ше?

— Түрме қорған болады деп ойламап едім.

— Мұны көңілмен айтып тұрсың, сенем. Егер «Соңғы соққы» операциясы сәтті шықсын десең, жауды аз уақытқа шатастырғың келсе осындай қулыққа баруға тура келеді. Түрме қабырғасы қалың. Ондағы әңгімені ешкім

ести қоймайды. Алдағы жұмыстар жөнінде әлі асықпай отырып сөйлесеміз, — деді де Ахметке күле қарап, — тағы бір жайсыз тапсырма бергелі отырмын. Чанышевті түрмеге апар, кеңірек камераға орналастырсын. Стол, орындық қойылсын. «Түрмедегі кісіге мұның керегі не?» деп әуестене сұраушыларға «Уездік милицияның бастығы, ертең кім біледі...» деп екіұшты жауап берерсің.

— Құп, жолдас начальник, — деп Қасымханға есікті нұсқады. — Мархабат етіңіз! Күндер зымырап өтіп жатыр. Февраль айы да туды. Қалада әрқилы сыбыс өсек тарады. Қасымханның адамдары облыстан келе жатқан Ревкомның басшыларына қастандық жасапты, соларды өлтірмек болыпты десе, енді біреулері бұлар атаман Дутовқа астыртын қызмет жасапты, соның Совет тылындағы агенті көрінеді десті. Мұндай лақап Дутовтың штабына да жеткен-ді. Дутовқа мұны баяндағанда, ол Янчисті шақырып алып:

Нехорошкоға менің бұйрығымды жеткіз: қайткен күнде Қасымханның жағдайын білсін, онымен байланыс жасасын. Ақша аямасын, түрме күзетшісін сатып алсын. Астыртын қарулы отрядты кімге қалдырыпты? Соны анықтасын. Тапсырманың орындалуына басымен жауап беретінін ескерт. Осы аптаның аяғында жауап күтем! — деді. Нехорошкоға атаманның бұл кәрлі бұйрығы екі күннен кейін жетті. Көп ойланды. Ол бұдан бұрын да түрмені айналшақтап, Қасымханның жағдайын білуге әрекет жасаған. Күзетшілер мүлде маңайлатпады. Өзінің қалалық милицияда істейтінін сылтауратып көріп еді. Түрме бастығы булығы ашуланып:

— Сен мұндай қағазынды маған көрсетпе! Милицияда істеймін деп пәлсінесің. Онда кімдердің істейтінін білеміз. Бір тобы жеке камерада отыр. Бәлкім, сен де солардың қарасын көбейткің келген шығар? Бөлек бөлме тауып береміз. Қалай жатқың келе ме? — деп өзін тәлкек етіп қуып шықты. Енді о жаққа бара алмайды. Сонда атаманның бұйрығын ол қалай орындай алады? Есіне Гүлшара түсті. Соны азғырып түрмеге апарса қайтеді?

Қасымханды абақтыға апарған күні Гүлшара «Күйеуі жоқ үйде бөтен еркектің тұрғанын мұсылман баласы коспайды. Басқа үйге шығыңыз» деп Нехорошконы сыпайы шығарып салған болатын.

Жұмыстан кейін Нехорошко Қасымханның үйіне барды. Бұл үйдің босағасын аттамағанына жиырма күндей боп қалған. Гүлшара терезе алдында жалғыз отыр екен. Басына түбіт шәлі жамылған. Таныс кісіні көріп:

— Жоғары шығыңыз, — деп самаурын қоюға ауызғы бөлмеге шықты.

— Шай қоям деп әуре болмаңыз. Қазір ғана ас ішіп шықтым. Тоқпын. — Нехорошко Гүлшараның қолындағы самаурынын алып бұрышқа қойды. — Екеуміздің ортақ сүйіктіміз Қасымхан қалай? Передача бере алдыңыз ба? Дені сау ма екен? Гүлшара күрсіне жауап қатты:

— Қасымханды ұстап алып кеткелі бері жүзін көре алмадым. Апарған тамағымды да алмайды. Не хат арқылы тілдесе алмадық. Тек жаны қалса екен.

— Бұлар немене, әйелімен де жолықтырғысы келмей ме, бұл қалай?

— Онысын білмедім. Жазасы ауыр кісілерді солай қатты ұстайды дейді ғой. Нехорошко сәл ойланған боп:

— Сонда менің таныс күзетшім бар. Бүгін соның кезегі. Жүргенге жөргем ілінеді деген. Жүр, абақтысына барып қайтайық. Бәлкім, құдай оңдап Қасымханмен тілдесіп қаларсыз. Сіз сөйлессеңіз сол маған қанағат қой, — деді.

Нехорошконың сөзі Гүлшараға түрткі болды. Таныс күзетші болса, Қасымханның амандығын біліп қайтар. Онда ешқандай сөкеттік жоқ деп ойлады.

Қақпа алдындағы күзетші Гүлшараны таныды ма, өте сыпайы, жылы қарсы алды. Түрмедегілерді кешкі сейілге шығарған кезі екен. Нехорошко сақал-мұрты тығыздалып қалындап өскен Усковскийді жылтыраған көзінен, қабағынан таныды. О да мұны шырамытқан секілді. Күзетші Гүлшараны қарауыл бөлмесіне есік ашып кіргізіп жатқанда Усковский шиыршық қағазды Нехорошконың аяғына тастай салды. Нехорошко галошын түзеп киген

боп шиыршық қағазды табанына сала қойды. Аздан кейін Гүлшара шықты.

— Осылардың келесі аптасы таусылмайды. Тағы алдыңғы жұманы айтады, — деп қынжылғандай шырай білдірді.

— Ертең жұма, келесі апта да алыс емес. Бүгін күннің ызғары кешегіден қатты боп тұр. Тоңып қалған шығарсыз, үйге тезірек қайтайық, — деп үйге жетуге асықты.

Үйге келісімен терезені қараңғылап тастап, шамның түбіне шұқшия отырды. Хат майда әріппен анық, таза жазылыпты. Көп уақыт ойланып, асықпай жазғаны білінеді. Нехорошко алғашқы жолдарды оқығанда бетін жалын шарпығандай басын қайқаң етіп көтеріп алды. Қағаз бетіндегі әр жолды оқыған сайын түсі қашып үрейлене түсті. Хатта мыналар жазылған еді:

«Егер сенің Отчествоны сүйгенің рас болса, ардақты атаманды сатпасаң, оған шын берілгенің рас болса, менің мына сөзімді атаман Дутовқа жеткіз: «Қыран ұясы» отряды аяусыз талқандалды, көбі қапылыста, атыс кезінде қаза тапты, тірі қалғандарын милиция тергеуден кейін атып тастады. Екі адам тірі қалдық. Бізді әшкерелеген, қиратқан Махмұд Қожамияров.

Ұлты ұйғыр, биік бойлы, сұлу жүзді, қара мұртты, қара көз жігіт. Біз оның жылышыраған сыртқы пішініне алданып қалдық.

Ол большевиктің агенті, уездік милицияның бастығы Чанышевтің оң қолы. Бұрын Қожамияров Ионамен танысқан. Сол арқылы атаманның сеніміне кіріп, оны өлтірмек ойы бар. Қожамияровты түрме алаңында бір жолы көріп қалдым. Бұлар тағы да бір сиқырлық ойлап жүр. Сүйікті атаманды құтқарындар! Өтінем, сенен! Өзім өлсем балама, сенімді жолдасыма Махмұдты өлтір деп әмір етем. Бұл Отан жолында, бостандық жолында құрбан болғандардың үкімі! Үкімді орындаған кісіні бір тәңірімнің өзі жарылқайды. Әмин». Нехорошко есін жия алмай бір сәт отырды. Аздан соң шапшаң жинала бастады. Киімін, түсін өзгертіп әйел киімін киді. Қойнындағы сағатына қарады.

Қайткенде Сүйдінге, атаманға тез жету керек. Ол наганын жеңінің ішіне тығып үйден асыға шықты. Бұл кезде Қасымхан Сүйдінде жасырын пәтерде достарымен «Соңғы соққы» операциясын талқылап жатқан. Әзиз әлгінде ғана Жаркенттен келіп, Суворовтың хатын әкеп тапсырған.

Дутовтың штабындағылар ел арасында тараған жалған лақапқа ден қоятын секілді.

«Түрмедегі» Қасымханның жағдайын білуге агенттерін асықтырып жатқан түрлері бар. Бұған қарағанда Дутов әлі сенетін секілді. Операцияны орындауға қолайлы кезең осы депті. Қасымхан Суворовтың хатын көтеріп:

— Жолдастар операцияны бастауға Жаркент рұқсат берді. Таңертеңгісін іске кірісеміз, — деп серіктеріне жағалай қарап өтті. Бұл жөнінде кімде қандай ұсыныс бар?

Махмұд наганының ұңғысын үрлеп:

— Бұдан әрі кешігу жарамайды, тек, жарқыным, таңнан қалмайық! — деді.

— Қалай айтсаң, солай жасаймыз ғой! — деді Мұқай гүжілдей сөйлеп, — Мұнда талқылайтын дәнеңе жоқ. Ертерек болғаны бізге де жақсы. Әбден кісіні күпті ғып бітті! Қасымхан Мұқайдың иығына қолын артып:

— Бүгін біз жайбарақат әңгімелесіп отырмыз. Ал ертең мәңгі тілдесе алмайтын сапарға аттануымыз мүмкін. Өмір мен өлімнің қыл үстінде тұрғанын ерекше ескертіп өткім келеді.

Ертең қамалды анталаған қалың солдаттың қоршауына кіреміз. Сәл күдікті жат қимылды сезсе олар аяқ бастырмайды. Табанда атып тастайды. Егер бір кісідей ширақ, сом, батыл қимыл жасасақ жеңіс біздің жақта. Арамызда біреу солқылдақтық көрсетсе, үрейленіп берекесі қашса, онда бәріміз құрғимыз. Табансыздық жасайтындарың болса, осы бастан айтыңдар. Ол адамға өкпеміз жоқ. Құдай бетінен жарылқасын, біздің обалымызға қалмасын! — деді.

Махмұд орнынан тұрды.

— Қорқақтық жасасам қарғыс атсын! Сертімде тұратыныма анам атынан, туған жер атынан ант етем!

— Мен де анам атынан, сүйікті жарым атынан ант етем! — деп Мұқай Махмұдтың қасына кеп отырды.

— Мен де!...

— Мен де!.. Сұлтан бетін сипап:

— Құдай жолдарыңды оңғарсын! — деді.

— Құдай сақтанғанды сақтаймын деген, — деп Қасымхан Сүйдің қамалдарының картасын дөңгелек столдың үстіне жайып тастады.

— Әрқайсымыздың не жасайтынымызды, міндетімізді тағы бір рет анықтап алалық. Мұқай, сенің көздейтінің Дутов тұрған үйдің алдындағы күзетші. Іштен мылтық дауысы шыққанда ойланбастан күзетшінің көзін жоятын бол. Қолың қалт етпесін.

Әзиз бен Жүсіп, Көбек үшеуі қамал ішінде, тасада аттарды ұстап тұрады. Сұлтан ақсақал сыртта қақпаның қасында қалсын. Егер қамалдан шыға алмай қалсақ, елге хабар айтатын Сұлтан ақсақал, мына сіз боласыз.

Байқауымызша, Әзиз бен Жүсіп, Көбек, өз міндеттерін қомсына ма, қалай? Біздің қамалдан тез шығып кетуіміз, аман қалуымыз үшеуіңнің қолында! Біз тағдырымызды қолдарыңа ұстатып кетіп отырмыз. Осыны ұмытпандар. Үй ішінен мылтық атылғанда қарауылдағы солдаттардың дүрліге шығатыны бәріңе мәлім. Ең қауіпті жау солар. Қарауыл үйіндегі күзетшілерге өзім ие болам. Тірі тұрғанда аттап бастырмаймын. Тек менің өлігімнің үстінен ғана өтуі мүмкін.

Операцияның негізгі түйінін орындау Махмұдқа жүктеледі. Мен Дутовқа мынадай хат жаздым:

«Таксыр, атаман! Осыншама күткеніміз жетеді. Біз дайынбыз. Алғашқы сигналды күтіп отырмыз. Ондай күн туса, ұйқы көрмейміз. Қош болыңыз. Сіздің Қасымхан».

Дутов бізді қазір түрмеде деп есептейді. Мынадай хатты алып бара жатқан Махмұдты күзетшілер танып, тоқтаусыз жібереді деген үміт бар. Давыдов пен Суворов та осылай ойлайды. Дутов хатты оқыған сәтте оны жою



актісі орындалуға тиіс! Қане, тапсырманы орындаймыз, серттен таймаймыз деп ана атынан, туған жер атынан ант етейік!

— Ана атынан, туған жер атынан ант етеміз! Бұл кезде біреу алма-жұлмасы шығып Сүйдіннің шетін-жүгіріп келе жатты.

— Ойбай, өлтіретін болды! Атаманды құтқарыңдар! — деп сorasы ағып жылап келеді. Көшедегілер мұны көріп ығысып, есуас кісі ме деп таңғала қарасады. Бұл Нехорошко еді. Ол қамал ортасында атаман үйінің өртеніп жатқанын көріп:

— Құрыдым! Бәрі бітті! — деп жер құшақтап өкірді.

*Қасымхан Чанышевтің Ревкомның  
председателіне жазған  
рапортынан*

— Дутовтың пәтерінен үш рет атылған наган дауысын естіп Байсымақов күзетшіні атып салды. Қарауыл үйінен сыртқа қарай лап қойған солдаттарды наганмен есік пен терезені атқылап кейін ысырдым.

Қожамияров жолдас шығысымен біз дереу атқа отырып қамал қақпасына шықтық. Қақпа алдында қытай солдаттары — күзетшілері тұратын. Солай қарай бірнеше рет мылтық атқанымда олар үрейлері ұшып тым-тырақай қаашты.

Қамалдан ұзап шығып, қауіпсіз-ау деген жерге келгенде Қожамияров маған мынаны айтты: «Дутовқа кірісімен мен оған хатты бердім. Ол стол басында орындықта отырған хатты оқи бастады.

Хатты оқып жатқан кезде байқатпастан револьверімді суырып алып Дутовтың кеудесінен атып жібердім. Дутов орындықтан құлап түсті. Жүгіріп шыққан Дутовтың адъютанты маған қарай ұмтылды, оны қақ маңдайдан атып жібердім.

Ол құлаған кезде стол үстінде тұрған май шам жерге түсіп өшіп қалды. Қараңғыда Дутовты аяғыммен сипалап жүріп тауып алдым да желкесінен тағзы аттым.

— 7-ші февраль күні Жаркентке жүріп кеттім».



## МАЗМҰНЫ

*Ш.Елеukenov.* “Аты да, таланты да Кемел” ..... 3

Соңғы соққы

### БІРІНШІ БӨЛІМ

Оқшау хабарлар.....	14
Түнгі көлеңке.....	17
Ұтыс «Шытырдың тұзы» .....	31
Оқшау хабарлар .....	44
Қаптағы қан .....	46
Оқшау хабарлар.....	54
Арпалыс .....	56
Дәуір тынысы .....	69
Ауыр күндер .....	85
Қанды кек.....	98
Махмұд .....	114
Дүрбелең .....	136
Оқшау хабарлар .....	156
Жұмбақ жандар .....	159

Оқшау хабарлар.....	172
Ұрланған өлік .....	174
Қызыл командир.....	190
Қарлығаштар .....	211
Жолбарыс асуы.....	226
Оқшау хабарлар .....	240

## **ЕКІНШІ БӨЛІМ**

Ораз .....	243
Уездік милиция бастығы .....	258
Тұтқынның жауабы.....	271
Құлжаға сапар .....	288
Кездесу .....	305
Арбасу .....	327
Алғашқы тапсырма .....	347
Соңғы соққы .....	363

**Кемел Тоқаев**

**Шығармалары**  
**2-том**

*Құрастырған Жақау Дәуренбеков*

Редакторы *Ш.Рақымбекова*  
Корректоры *Ж.Шайкенова*  
Суретшісі *Е.Кожобаев*  
Техникалық редакторы,  
компьютерде беттеген *Ж.Дәуренбекова.*

ИБ №1025

Басуға 22.06.2018 ж. қол қойылды. Пішімі 84x108 <sup>1</sup>/<sub>32</sub> Офсеттік  
басылыс. Шартты баспа табағы 20,0. Көлемі 24,0 б.т.

Таралымы: Мемлекеттік тапсырыспен 5000 дана + баспа есебінен  
350 дана.

Тапсырыс №

«Ана тілі» баспасы ЖШС, 050009,  
Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.  
тел.: 8 (727) 394-38-20.

TOKŞAEB

Kemen

ISBN 978-601-251-137-6



9

7 8 6 0 1 2 5 1 1 3 7 6